



Арнайы «[Ислам діні](#)» діни сайты үшін \*.pdf форматында жасалынды.  
PDF форматында дайындаған: Аяғанов Нұржан

## МАЗМҰНЫ

1. Алғы сөз
2. Жүректерге жол тапқан
3. Ғибратқа толы ғұмыр
4. Пайғамбарлардың сұлтаны
5. Аудармашыдан
6. Кіріспе
7. КӨПТЕН КҮТКЕН ШҰҒЫЛА
8. БҰРЫН ДА БЕЙНЕ БІР ПАЙҒАМБАР-ДЫ
9. КЕЛЕТІНІ СҮЙІНШІЛЕНГЕН ПАЙҒАМБАР Ибраһимнің (а.с) дұғасы,  
Исаның (а.с) сүйіншісі
10. Тәурат сүйіншілері
11. ІНЖІЛДІҢ СҮЙІНШІЛЕРІ
12. ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ЖІБЕРІЛУ МАҚСАТЫ
13. 1. Құлшылық қасиеті
14. 2. Дінді насихаттау
15. 3. Өміршең өнеге
16. 4. Дүние мен ақырет теңдігін құру
17. 5. Қарсылық қақпасын жабу
18. ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 1. РАББАНИЛІК
19. 2. Хасбилік
20. 3. Ықылас
21. 4. Мәуғизатул-хасана (көркем үгіт-насихат)
22. 5. Тәухид
23. ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ СИПАТТАРЫ
24. Мадақ
25. Қараңғылық дәуірі оны «Әмин» (сенімді) деп таныған
26. Туралық
27. Уәдеге беріктік
28. Ақиқатты айғақтаған
29. Ғайып хақында
30. ҒАЙЫПТАН БЕРІЛГЕН ХАБАРЛАР
31. БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ ХАБАРЛАР
32. Бүліктер
33. Жеңіске деген жігерлік
34. Алғаш қауышарым сенсің
35. Бейбітшілік нышаны
36. Жүз жылдық ақиқат

37. Жақын болашақ
38. Ор қазу кезіндегі хабарлар
39. Қауіпсіздік пен байлық
40. Аммардың куәсі
41. Умму Харам
42. Бәну Қантура
43. Ыстамбулдың азат етілуі
44. Ұзақ мерзімді болашақ
45. Евфраттағы қазына
46. Егін шаруашылығында реформа
47. Теңсіздіктер
48. Білімнің жаппай өріс алуы
49. Құраннан қашу
50. Уақыт ұғымы
51. Өсімнің өршуі
52. Мұсылманның мүшкіл заманы
53. Талеқан мұнайы
54. Әһли кітап
55. Білім салалары
56. Дауасыз дерт жоқ
57. Алапес пен карантин
58. Қол тазалығы
59. Ауыз, тіс күтімі
60. Қанағат қарын тойғызар
61. Сүрме
62. Зере
63. Ішімдіктің өзі кесел
64. Сүндет
65. Сенімділік (әмин) сыры
66. Сенімділік Сардары
67. Пайғамбарлық міндеті
68. Баршаға көрсеткен сенімділігі
69. Үмбетін ел ішінде сенімді тұлға болуға тәрбиелеуі
70. Хижрәттағы сенімділік
71. Майдандағы сенімділік
72. Таңғажайып тәслимият
73. Дін насихаты (тәблиғ)
74. Үш негіз
75. Тәсіл

76. Қанында бар қасиет
77. Құштарлық
78. Әбу Талибті шақыруы
79. Уахши
80. Икрима
81. Тәблиғ оның ұйқысын қашыратын
82. Сахабалардың ынтасы мен ықыласы
83. Мемлекет басшыларына хат
84. Нәжаши
85. Ираклий
86. Өзге хаттар
87. Худәйбиядағы тәблиғ сыры
88. Арнайы насихат
89. Иләһи ілтипат
90. Тәблиғтың ерекшеліктері
91. Кісіні жақсы тани білу
92. Өз өмірінде іске асыру
93. Қайтарым күтпеу
94. Аштық ауыртпалығы
95. ФӘТӘНАТ
96. Соңғы елшінің фәтәнаты
97. Кейбір мысалдар
98. Пайғамбарымыз – сөз сұлтаны
99. БІР ШОҚ ХАДИС
100. 2. Адам деген жолаушы
101. 3. Туралық пен жалған
102. 4. «Адам өзі жақсы көрген жанмен бірге»
103. 5. Тақуалық тағылымы
104. 6. Өздерің қандай болсаңдар, солай басқарыласыңдар
105. 7. Ниет
106. Қол және тіл
107. 9. Ислам көркі
108. 10. Сабырлық сыры
109. 11. Алушы емес – беруші болу
110. 12. Үш топ
111. 13. Тіл бәлесі және ар-ұят
112. 14. Қателіктерін өшіріп, мәртебелерін көтеретін іс
113. 15. Салихалы құлдарға сый-сияпат

114. 16. Жәннат жайсыздықпен, жәһаннам құмарлықпен  
бүркемеленген
115. 17. Үш Хұқ: Аллаһ, мемлекет және дін хұқы
116. 18. Бір тесіктен екі мәрте шақтырмас
117. 19. Адамдар кен тәрізді
118. 20. Зұлымдық жазасыз қалмайды
119. 21. «Арыштың» көлеңкесіндегі жеті топ
120. 22. Дүние бір көлеңке
121. 23. Бұрынғыларға берілмеген бес нәрсе
122. 24. Жауапкершілік жүгі
123. 25. Кейбір харам мен мәкрүһтер
124. 26. Ихсан
125. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕСІ МЕН  
ОТАҒАСЫЛЫҚ ҮЛГІСІ
126. 1. Пайғамбардың отағасылығы
127. 2. Жұбайларына деген құрметі
128. 3. Жарларымен ақылдасуы
129. 4. Тахийр оқиғасы
130. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ ӘКЕЛІК МІНБЕРІНДЕ
131. 1. Балалары мен немерелеріне шапағаты
132. 2. Фатимаға деген сүйіспеншілігі мен құрметі
133. 3. Балаларын мәңгілік өмірге әзірлеуі
134. 4. Фатиманың қызметші сұрауы
135. 5. Бақытты шаңырақтағы тәрбие
136. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ АДАМДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУІ ЖӘНЕ  
ЖАЛПЫ ҰСТАЗДЫҒЫ
137. 1. Рух, нәпсі және ақылды биіктетуі
138. 2. Дін жаю ісінің әлемдік әлемдік ауқымды қамтуы
139. КІТАП ЖӘНЕ СҮННЕТ АЯСЫНДА
140. 2. Сауда, шаруашылық және дін насихаты
141. 3. Ілім жайлы ой-толғаныс
142. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗҒА ТӘН ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ
143. 2. Әйел затын бағалауы
144. 3. Арлылыққа тәрбиелеуі
145. 4. Қараңғылық дәуірінен үзінді
146. 5. Білім жүйесі
147. 6. Жомарттықтың «исар» дәрежесі
148. 7. Хансаның қаһармандығы

149. 8. «Инсибағ» қаһармандары  
150. КӨШБАСШЫҒА ТӘН СИПАТТАР  
151. 2. Бай-дәулеттілердің талаптары  
152. 3. Адам факторы  
153. 4. Келешек кепілі зиялы жандардың қолында  
154. АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ҚАБІЛЕТТІҢ ДҰРЫС БАҒАЛАНУЫ  
155. 1. Әбу Зәһр әл-Ғифари  
156. 2. Амр ибн Абәса  
157. 3. Жүләйб  
158. 4. Жаратқанның сүйген құлы атану бақыты  
159. 5. Пайғамбардың пәк жарлары  
160. УАХИДАН НӘРЛЕНГЕН ҰЛЫ КӨРЕГЕНДІЛІК  
161. 1. Қара тасқа төрелік  
162. 2. Хунейн олжасының бөлісі  
163. 3. Хижрәт проблемасы  
164. 4. Елші Осман  
165. АҚЫРҒЫ ПАЙҒАМБАРДЫҢ АМАНАТЫ  
166. Исламның аясында өскен кемеңгерлер  
167. Құқық саласы  
168. Тәпсір саласында  
169. Хадис саласында  
170. Жаратылыс ілімдері  
171. Рух әлемінің қаһармандары  
172. Сөз шеберлігі  
173. БЕЙКҮНӘЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ МАҒЫНАСЫ  
174. 2. Әрбір пайғамбар бейкүнә  
175. 3. Пайғамбарлардың үлкенді-кішілі күнәлардан пәк болуы  
176. 4. Пайғамбарлардың бейкүнәлігіне қатысты дәлелдер  
177. 5. Қарапайым жандардың бейкүнәлігі  
178. Бейкүнәлік және өзге пайғамбарлар  
179. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ КҮНӘДӘН ПӘКТІГІ  
180. 1. Құрандағы ескертулерден үзінді  
181. 2. Құрандағы ескертулер және Бәдір тұтқындары  
182. Пайғамбарымыздың хазірет Зейнеппен үйленуі  
183. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ТАҚУАЛЫҒЫ  
184. 1. Ши үстінде жатуы  
185. 2. Садақаға сақтығы  
186. 3. «Мені «Һуд» сүресі қартайтты»  
187. 4. Ақыретке сенімінің тереңдігі

- 188. 5. Иләһи назар алдында**
- 189. 6. Толғануы**
- 190. 7. Пайғамбарымыздың қайырлы іске асығуы**
- 191. 8. Сан күндер аш қалу**
- 192. Пайғамбарымыздың кішіпейілділігі**
- 193. Пайғамбарымыздың құлшылығы**
- 194. Аллаһ елшісінің дұға шуағы**
- 195. Дұғаларының бір шоғыры**
- 196. Қорытынды орнына**

## Алғы сөз

Құрметті оқырман! Қолыңызға алған бұл кітаптың ең алдымен атауына ой көзімен үңілуіңізді өтінер едім. “Ғаламның рақым нұры!” Қастерлі осы үш сөз оның бүкіл мазмұнын өзіне сиғызып тұрғандай.

Ғалам – күллі жаратылыс, Ұлы Раббымыздың шеті мен шегі жоқ ғажайып туындысы, жеті қат көк пен жұмыр жерді түгел қамтыған саналы адамның ақылы жетпес, тек танып, таңдану ғана қолынан келер жұмбақ әлем дүниесі. Оның бір-бірімен үйлесімі де еш мінсіз. Рақым – осы теңдессіз он сегіз мың ғалам Иесінің бір сипаты, шексіз мейірімділігінің нышаны. Нұр – Аллаһ тағаланың дара сипаттарының бірі.

Енді осы үш сипаттың мәніне келейік. Адам баласына ең қажеттісі – иман мен көркем мінезділік. Бұл екі қасиетті мықтап ұстанған халық та, қоғам да бақытты ғұмыр кешпек. Ал адам баласы болса, өздігінен аталмыш асыл қасиеттерге Аллаһ тағаланың пайғамбарынсыз қол жеткізуі өте қиын. Тіпті, мүмкін де емес. Олай болса, адамзаттың өсіп-өніп, өркениеттің одан ары ілгері басуы үшін пайғамбарлардың жіберілуі аса маңызды. Өз кезінде әрбір қауымға пайғамбарлардың жіберіліп отырылуы да сондықтан. Күллі пайғамбарлардың мақсаты – адам баласының жүрегіне иман нұрын құйып, рухына көркем мінезді сіңіру. Пайғамбар кім? Ол – әлемдегі ең мейірімді жаратылыс, яғни Аллаһ тағаланың ең таңдаулы сүйіктісі.

Исламның алты шартының бірі – пайғамбарларға иман, яғни әрбір мұсылман Адам атадан (ғ.с.) бастап, жер бетіндегі барлық қауымдарға жіберілген 124 мың пайғамбарларды қабыл етіп, мойындауға міндетті. Сонымен қатар, мұсылманның бес парызының бірі – кәлима-и шаһада, яғни Аллаһтан басқа тәңірдің жоқ екендігін және соңғы пайғамбар Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екендігін тілмен айтып, жүрекпен бекіту.

Бұған дейінгі сан мыңдаған пайғамбарлардың арасында ең соңғысы, бір қауымға ғана емес бүкіл адамзат пен жындыларға жіберілген ақырзаман пайғамбары хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) алар орны аса мәртебелі. Аллаһ тағала оны ұлықтап: “Біз сені әлемдерге рақым етіп қана жібердік”, – деуі де сондықтан.

Оның өзге пайғамбарлардан тағы бір ерекшелігі – өзінен бұрынғы Аллаһ тағаладан түскен барлық кітап пен парақтардың мазмұнын қамтып, жаңа үкіммен жеткен Құран Кәрімді адамзатқа түсіндіріп, насихаттауы. Ол осы мақсатпен келді де, өмірінің соңына дейін міндетін мүлтіксіз атқарды. Өмірінің соңында: “Уа, халайық! Міндетімді толық орындадым ба?” – деп қойған сұрағына Арафат тауына қажылыққа жиналған дүйім көпшілік: “Иә, толық орындадың”, – деп жауап берген. Ол осылайша қияметке дейін үмметіне өмірлік өнеге болып қалды.



Кәміл мұсылмандықтың алғы шарты, жүрекпен бекіткен иманды ақылмен жетілдіру десек, соның ең негізгі жолдарының бірі һәм бірегейі – Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбарымыздың бүкіл болмысын тануға ұмтылу болмақ. Оның өшпес өнегесін үмметі терең түсініп жатса, нұр үстіне нұр.

Бұл кітап сүйікті Пайғамбарымыздың теңіздей терең болмысының бір тамшыдай ғана бөлігін баяндауға арналған. Пайғамбарымыз басқа пайғамбарларға тән бес сипатымен қоса (сыдық – сөзі мен ісі тура; аманат – сенімді; фәтәнат – асқан даналық пен сөз қисынын тапқан; тәблиғ – иләһи бұйрықтарды айнытпай білдіруші; исмәт – ешбір күнәсіз) тағы да үш үлкен сипатқа ие. Біріншісі, ол – Аллаһтың ең сүйікті құлы, пайғамбарлардың ең абзалы, адамзаттың ең жоғарғы мәртебелісі. Екіншісі, ол бүкіл адамзат пен жындарға жіберілген. Оның ұлы мұғжизасы – Құран Кәрімнің күші қияметке дейін жалғасады. Үшіншісі, ол – пайғамбарлардың соңғысы және махшарда күнәһарларға шапағат ету мәртебесіне ие.

Бұл кітап Пайғамбарымыздың басқа адамдарда болуы мүмкін емес ғажайып сегіз сипатының әрбірін әлденеше тарау, тақырыптарға бөліп талдауды мұрат еткен. Соның әрбірін одан ары тереңдете зерттесе, алдағы уақытта әлденеше том-том кітаптарға жол ашпақ. Бұл – қаламгердің ұзақ жылғы ізденісінен туған бүгінгі оқырман үшін аса қажетті еңбек. “Адамзаттың ардақ тұтар тұлғасы” бөлімінде Исламнан бұрынғы қараңғылық дәуірдің суреттелуі арқылы Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбарымыздың адамзаттың бақыты үшін қаншалықты қажеттілігі ашып көрсетілген. Сол надандық дәуірде қыз балалардың туылысымен тірідей жерге көмілетіні қандай аянышты! Пайғамбарымыздың мұндай жан түршігерлік іс-әрекетке біржола тыйым салғаны белгілі.

Аллаһ елшісі хақында Тәурат пен Інжілде де айтылғаны Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбарлығының тағы бір дәлелі екеніне автор қалың оқырман назарын аударады. Кітаптағы “Пайғамбарлардың жіберілу мақсаты”, “Пайғамбарлардың сипаттары” бөлімдерінде жалпы пайғамбарлардың мақсаттары бір, мінез-құлықтарының да бір-біріне егіздің сыңарындай аса ұқсастығы нақты дерекпен шебер бейнеленген. Пайғамбарымызға елшілік міндет келгенге дейінгі кезеңдерді баяндайтын “Қараңғылық дәуір”, “Оны “Әмин” деп таныған” атты тараулар мен “Пайғамбарымыздың фәтәнаты” дейтін пайғамбарлықтың шырқау шыңына жеткен кезеңіндегі оқиғаларға қарай біртіндеп өрбіп отыратын шығарма желісі өз оқырманын шынайы да тартымдылығымен баурай түсері хақ.

“Таухид”, “Бір шоқ хадис” секілді тараулар, иләһи сөз бен Аллаһ елшісі сөзінің мазмұн бірлігін дәлелдеп көрсетудегі қисындылығымен ерекшеленеді. Кітапта: “Үлгі тұтар көркем мінез – Аллаһ тағаланың мінезі. Ендеше, адамның көркем мінезді болуы – Аллаһтың мінезінен үлгі алуы, мінезіне ұқсауы” деген

пайғамбарымыздың хадисімен тұжырым жасалады. Автор пайғамбарымыздың: “Қандай болсаңдар, солай басқарыласыңдар”, – деген хадисіне талдау жасай келе: “Сондықтан маңызды нәрсе – басқарылған халықтың мінез-құлықтары. Егер олар мінез-құлық жағынан өздеріне жүктелген мәселелерді тиянақты түрде шешсе, онда олардың бастарына би болған адамдарды да мазалар мәселе жоқ”, – деуі көптің ойын дөп басады. Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбарымыздың қиямет қайымға дейін қамти айтқан ғайып хабарлары жөніндегі тарауларды ұғыну, әрине, оқырманнан білімділікті талап етеді. Ондай терең пайымдарды кез келген оқырман бірден жеңіл әрі оп-оңай түсіне алады деуге болмас. Себебі, Ислам – шегі мен шеті жоқ терең дін, терең ілім.

Умми пайғамбарымыздың екі дүниені шарлаған мұндай теңдессіз білімге ие болуының кілті – тек Аллаһтың қалауы екені ізгі жүректі пендені иландырмай қоймайды. Пәни дүние ғұламасы саналған әйгілі ғалымдар да пайғамбар мұғжизасын еріксіз мойындауға мәжбүр болғаны кітаптың әр тұсында өз орнымен айтылған.

Еңбек ана тілімізге түсінікті де ұғынықты тілмен тәржімаланған.

Аллаһ тағала сіздерге һидаят бергей!

Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,  
Қазақстан мұсылмандары  
Діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти.

## Жүректерге жол тапқан

Аллаһтың ақырзаман пайғамбары етіп тандап алған сүйікті құлы Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) өнегелі өмір жолы жайында ата-бабаларымыз даламызға Ислам діні тарала бастаған сонау VII ғасырдың екінші жартысында-ақ қаныға бастаған. Ислам дінінің мың жыл бойы дәуірлеген тұсын айтпағанның өзінде, қазақ халқы кешегі Қазан төңкерісіне дейін Пайғамбарымыздың өмір жолынан жырлар, қисса-дастандар мен аңыз-әфсаналар арқылы хабардар болып келгені мәлім. Оның өмірбаяны бейнеленген түрік-шағатай, татар тіліндегі бірқатар кітаптардың да ел арасында болғаны анық. Бірақ Кеңес өкіметі билік құрған жетпіс жылда халқымыз бұлардан көз жазып қалды. Бүгінге дейін мектеп оқулықтарында «Мұхаммед саудагер болған», «Құранды ойдан құрастырған» деген жала пікір таратылып келді. Пайғамбарымыздың өмір жолы турасындағы шындық өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғында ғана там-тұмдап газет-журналдарда жариялана бастады.

Ол басылымдар батыстық зерттеушілердің еңбектерінен тікелей аударылғандықтан түрлі бұрмалаушылық пен қате түсінік, теріс ұғымдар да орын алды. Дегенмен, бұлар жұртшылықтың Исламға деген ынта-ықыласын тудырып, оны танып-білмекке құштарлығын оятуға себепші болды.

Бүгінгі күні өз ана тілімізде Мұхаммед пайғамбар жайында жан-жақты мағлұмат беретін, оқырман талабын толық қанағаттандыратын кітаптар жоқтың қасы. Жоғарыда айтқанымыздай, басқа діндегі батыс зерттеушілерінің еуропалық ұғым-түсінікпен жазылған еңбектерінде мұсылмандыққа қайшы келетін, жаңсақ ұғым тудыратын, оқырманды хақ жолдан тайдыратын тұстары да жоқ емес. Сондықтан, ондай аудармалардың пайдасынан зияны басым. Пайғамбарымыз жайында туыстас түрік тілінде шынайы жазылған кітаптардың орны бөлек. Бірақ кәсіпқой аудармашы жетіспегендіктен, ана тілімізге орашолақ тәржімаланған ондай бірлі-жарым жарияланымдар оқырманның, жалпы дінге бет бұра бастаған көпшіліктің рухани сұранысының үддесінен шыға алмай отырған жайы бар.

Осы орайда, қолдарыңыздағы «Ғаламның рақым нұры» деген кітап Пайғамбарымыздың екі дүниеге рақым етіп жіберілгендігін нақты дәлел, келісті қисын, бұлтартпас шындық арқылы алдыңызға жайып салады. Оның өнегелі өмір жолын сан қырынан талдап, түп-тереңінен алып, көркем тілмен кең түрде толғаған ана тіліміздегі тұңғыш басылым екенін айта кеткім келеді. Атап өтер бір жайт, мұнда автор құрғақ сандарға жүгініп, жалаң баяндаулармен шектелмей, поэзия тілімен көсіле сөйлеп, қара сөзбен жырлағандай әсер қалдырады.

Пайғамбар деп кімдерді түсінеміз? Олардың ұлы мақсаттарының сыры неде? Аллаһ тағаланың адамзатқа үлгі етіп, бөлекше жаратқан құлы Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) кім? Оның пайғамбарлыққа дейін-ақ «Мұхаммед Әмин», яғни Сенімді жан аталуында нендей ғибрат бар? Иә, бүгінгі оқырманның діни сауатына аса қажетті осы іспеттес мәселелер кітаптың алғашқы кіріспе бөлімінде тартымды әңгімеленеді.

Пайғамбарлардың ешбір нұқсансыз ғаділет жолы әрбір момынның құлшылығын арттыра түсері шындық. Кітаптың Мұхаммед әлейһиссаламға пайғамбарлық келгенге дейін көрген азапты күндері жайлы тұстары да көзі ашық оқырманды еріксіз ой құшағына бөлей отырып, жүрек көздерін аша түседі.

Иә, кітапта Аллаһ елшісінің сипаттары мен ерекшеліктері жан-жақты айғақты дәйектермен сараланған. Еңбектің «үш құқық: Аллаһ, мемлекет және дін құқығы» деген бөлімінде осы үш ақиқат Имам Тирмизидің риуаят еткен бір хадисі негізінде кеңінен сөз болады. Яғни, Аллаһтың құқығы – тақуалықты, мемлекет құқығы – билікке құлақ асуды, ал діннің құқығы – сүннеттен ажырамауды талап етеді. Осы үш қасиеттің қай-қайсысын да түйсініп, ой елегінен өткізу бүгінгі рухани азаттықтың мәнісіне бойлай алмай жүргендер үшін аса пайдалы болмақ.

Кітаптың пәлсапалық жүгін «Салих құлдарға сый-сияпат», «Фәтәнәт», «Пайғамбардың фәтәнаты», «Зұлымдық жазасыз қалмайды», «Дүние бір көлеңке» сынды бірнеше тақырыптар көтеріп тұр. Бұл тақырыптың кез келгенінде көптеген қайырлы істерге түрткі боларлықтай салмақ, дініміздің қасиеттілігін жан-жақты танытатын терең ой-пікір бар. Дүниелік істерді ақыретінен биік санау нағыз орашалақ ойдың, қала берді қарабайыр қараңғылықтың салдары екеніне көз жеткізу, аят, хадистің терең мағынасын жатық тілмен түсіндіру – бұл кітаптың басты ерекшелігі деуге әбден болады.

Иә, әр дәуірдің өзіне тән жетістіктерімен қатар, өзіне тиесілі шешілмеген түйіні мен алынбаған асулары болатыны тарихи шындық. Бүгінгі күні орын алып отырған діндер, ұлттар, түрлі әлеуметтік топтар арасындағы дүрдараздық исі адамзаттың басты індетіне айналып отыр. Алауыздықтың алдын алмаса арты даудамай мен сұрапыл соғысқа ұласары бесенеден белгілі жайт. Әрбір көзі қарақты қаламгер, саясаткер, ғалым үшін де басты, өткір де өзекті мәселе – әлемдік біртұтастықты, татулықты, бейбітшілікті қалыптастыру болып отыр. Қолдарыңызға ұстап отырған құнды дүниенің басты кейіпкері Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Жарастыру, татуластыру – намаз, ораза, садақа беруден де абзал амал», – дейді. Сонымен қатар, «Ислам» терминінің мағынасы «бейбітшілік», жеке адамға айтылар «муслим», яғни «бейбітшілікті қалаушы»

мағынасын беретінін шығарма иесі әсерлі жеткізе алған. Бүгінгі күні «Ислам терроршылдығы» деген ұғымдардың Исламмен үш қайнаса сорпасы қосылмайтындығы дәлелді айтылған.

Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) – айтқанын тек сөз күйінде қалдырмай, өз өмірімен де өрнектей алған дана да асыл жан. Шығарманың орта тұтасынан орын алған Хунейн соғысынан кейінгі олжа үлестіру сәтіндегі меккеліктер мен мәдиналықтардың арасына түскен сызатты Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) дипломаттық дарынды қабілетімен тез арада екі жаққа да тең төрелік айтып, орынды шеше алды. Егер Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) дауылға айналғалы тұрған бұл дауды орынды шеше алмаған болса, қаз-қаз басып келе жатқан мұсылман қауымы екіге жарылуы әбден мүмкін еді.

Хижраның екінші жылы Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбардың бірнеше араб тайпалары және еврей қауымымен қаланы ортақ басқару, пайдалану, қорғауға жасасқан келісім шарты діндер арасындағы диалогтың бастау бұлағы іспетті.

«Сынықты сына қағып жымдастырмайды, сылап жымдастырады» деген ғибратты сөздің дәлелі болар осы тәрізді дәнекерлікті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) ғұмырынан көптеп келтіруге болады.

Иә, нәсіліне қарамай бүкіл жұрттың жүректеріне жол тапқан, ғаламға рақым нұрын төккен сүйікті пайғамбарымыздың өмірі әрбір ақыл иелеріне үлгі болары хақ. Бұл еңбектің сол үддеден шыққан бірден бір туынды екені біз үшін үлкен олжа.

Қысқасы, бұл кітаптың қазақ қауымындағы қоғамдық көркем ойға әсері мен қосар үлесінің қомақты екендігіне оны оқып шықан адамның өзі көз жеткізер деген ойдамыз.

Рахманкүл БЕРДІБАЙ,  
Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі

## Ғибратқа толы ғұмыр

Ұсынылып отырған кітап – бүгінгі қалың оқырманның рухани сұранысынан туған еңбек. Себебі, бұл еңбекте Аллаһтың ғаламға рақым етіп жіберген Ақырғы Елшісінің ғибратқа толы өмір жолы кеңінен баян етіледі.

Американдық ғалым Майкл Харт өзінің «Адамзат тарихындағы ұлы жүздік» атты кітабында адам баласының тарихында (жағымды, жағымсыз) көп із қалдырған тұлғалардың өмірбаяндарын келтірген. Еңбекте Аристотель, Платон, Евклид, Архимед бастаған топтың алдында ең бірінші болып Мұхаммед пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) атаған екен. Иса пайғамбар үшінші орынға ие болған. Ньютоннан кейін, Мұса пайғамбарға 15-орын тиген екен. Бұлтартпас ғылыми тұжырым жасау үшін Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) өмір сүру тәжірибесін басқа тұлғалармен бірге компьютерге салған Майкл Харт таңданысын жасыра алмаған. Себебі, компьютерге түскен 100 адамның ішінен Пайғамбарымыздың есімі бірнеше қайтара бірінші болып шыққан. Ғалым компьютермен келісуге мәжбүр болған.

Мәскеудегі әдебиетті тереңдетіп оқытатын мектептің 2-сыныбына арналған орыс әдебиеті оқулығы бастан-аяқ Інжіл сюжетімен байланыстырылған. Бұл оқулықтың қолданылып келе жатқанына бір мүшел мерзім болды. Яғни, мұнда дүниежүзілік діннің қасиетті кітабының бірі – Інжілдің орыс әдебиетімен байланысы, ол мотивтердің тәрбиелік мәні зор екені алға тартылған.

Осы орайда, адамзатқа түсірілген ең соңғы дін – Исламның, оның басты кітабы – Құранның халықтың мәдениеті, ділі, тілімен байланысы бізде әлі зерттелмей келеді. Негізгі рухани бастауларымыз әлі де мойындалмай, бер жағымен ғана шектеліп отырмыз.

Ұсынылып отырған кітаптың осы ретте үлкен үлес қосатыны анық. Еңбекте дініміздің бірінші Уағыздаушысы Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бастан кешкендері «Қараңғылық дәуірден» басталып, пұтқа табынудың адамзатқа әкелген қасіреттері атап айтылады. Осы қараңғылық басқан кезде «Көптен күткен шұғыла» – Аллаһтың нұры Пайғамбарымыздың келуі болды.

Адамзат тарихындағы соңғы пайғамбарлық қалай және қандай қиыншылықтармен келгені туралы мәліметтер «Сенім», «Жетімдік сыры», «Абдулмутталиб», «Әбу Талиб», «Пайғамбардың ақша бұлты» т.б. тараушаларда көркем тілмен түсінікті берілген. Құранның алдындағы Тәурат, Інжіл, Забур кітаптарындағы адамзатқа Аллаһтың ақырғы елшісінің келуі туралы көркем

әңгімелер мен дәлелдер талданып берілген. Яғни, Құранның Аллаһтың алдыңғы кітаптарының жалғасы болып табылатыны айғақталған.

Кітаптың ең ұтымды жері – тек мұсылман дінін бөліп алып насихаттау емес, бүкіл адамзатқа тән діндердің даму жолын ретімен баян етуінде. Ол реттілік Ислам дінінің ерекшелігін ашып, қасиетті дініміздің Мұхаммед пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) әкелген ақырғы дін екенін алға тартады. Олай болса, кітаптағы көркем ойлар, руханилығы мол мысалдар, тура жол үлгілері бейнеленген тараулар – Ата-баба дінінің басты құндылықтарының ескіrmес дәлелдері. Сондықтан, бұл кітаптың барша оқырман қауымға, әсіресе, ғылыми ортаға аса қажет әрі бүгінгі қолға алынып келе жатқан бірқатар жаңаша зерттеулерге де негіз болары айқын.

Айгүл ІСІМАҚОВА,  
Филология ғылымдарының докторы, профессор



## Пайғамбарлардың сұлтаны

Қалың қазақ оқырмандарына һәм рухани өмірімізге алғаш жол тартып отырған ерекше адам сүйгіштік қасиеті мен дінтанушы ретіндегі ғұламалығымен белгілі, теолог һәм философ Мұхаммед Фетхуллаһ Гюлен мырзаның «Ғаламның рақым нұры Мұхаммед пайғамбар саллаллаһу алейһи уәсәлләм» атты еңбегі екен.

Фетхуллаһ замандасымыздың бұл еңбегінің ерекше әсерлі және айтқалы отырған тақырып жүйелігі мен оны игерудегі сүйіспеншілігіне риза болмау мүмкін емес сияқты. Себебі, хазірет пайғамбарымыздың ғұмырнамасы соншама сенімді де әсерлі етіп жазылуымен қызықты...

Хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбарлықтан бұрынғы және кейінгі өмір деректеріндегі таңқаларлықтай үлгілі ғұмыры, Құранды күллі адамзат қауымы үшін Ұлы Жаратушы түсіргендігін айғақтайды. Тіпті, пайғамбарлық қонбаған қырық жасына дейін-ақ оны меккеліктер «әл-Әмин» (адал, сенімді, әділ) атандырып, айтқандарының бәріне имандай сенген екен. Осының дәлелі ретінде бір мысал келтіріп көрелік.. Бірде Қағба қайыра жөнделіп, қасиетті Қара тасты орнына қоюға әр рудың адамдары таласып, тіпті бет жыртысып мәмілеге келе алмай тұрған сәтте, анадайдан Абдулмутталибтің немересі Мұхаммедті көреді. Оны келісе алмай тұрған меккеліктер қуана – «Мұхаммед әл Әмин» деп қарсы алып, мынау даулы істің үкімін айтуын өтінеді. Сонда, Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) ойланбастан үстіндегі шекпенін шешіп жерге төсейді де, соның үстіне «қасиетті қара тасты» салып, барлығы да қаумалай ұстап «қара тасты» орнына қояды. Бұған барлық ру басшылары риза болысады. Ел арасында әл-Әмин (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) лауазымына ие болып, иненің жасуындай да жалған сөйлеп көрмеген Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) қырықтан асқан шағында пайғамбарлық қонып, ендігі ғұмырында Ұлы Жаратушының атынан жалған сөйлеуі мүмкін бе? Әрине, жоқ! Үзілді-кесілді мүмкін емес!..

Кітап басы «Адамзаттың ардақ тұтар тұлғасы» деген ауқымды тақырыппен басталып, оның өзі «Көптен күткен шұғыла», «Қараңғылық дәуірі» секілді бірқатар тараушалардан тұрады. Әрбірінің рухани сипаттары аса терең де көркем етіп баяндалған. Мысал келтірелік: «Дүние тылсым нұрға малынып, көкжиектен таңғажайып сырлы жарық көріне бастады. Шуақты шапағаттың адам баласының сезімі мен жан дүниесіне сәуле жүгірткені соншалық – көптеген меккеліктер ақырғы пайғамбардың келетінін іштей түйсініп: «Келе салысымен оған асығындар! Рухымен бірігіңдер!» – деп, үгіт-насихат айтуда.



Күллі адамзат жаны шүберекке түйюлі, бар үміттері әне-міне келетін құтқарушыда ғана. Ата-аналар елшінің өз үрім-бұтағынан шығуын тілеп, барын салуда. Көпшілігі өмірге жаңа келген перзенттерінің атын «Мұхаммед» деп қояда.

Бірақ ол Ибраһимнен (а.с.) Исмайылға (а.с.) жалғасып, Абдулмутталиптен Абдуллаһқа өткен алтын текті нәсілден келетін. Ізгі жандар да осы уызы арылмас шежіреден үзбей жалғасар нұрды күтуде».

Міне, мәтін түсіндірмесіндегі логикалық тереңдік пен жүйелі ойдың мазмұны. Кітаптағы Құран мен Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) хадистерін түсіндірудегі ерекшелігі тым үздік те, оқырманның қызығушылығын шын ықыласты күйге түсіретіндігімен алабөтен құнды. Алланың ақырғы елшісі Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жарық дүниеге келуінің өзі 3500 – 4000 жыл бұрын Торы – Бытия – Евангелия кітаптарында айтылатындығы, бұл шын мәніндегі Аллаһтың бірлігін, Жаратушыдан түскен осы кітаптардың хақтығын айғақтаса керек.

Қорыта айтқанда, мұндай ғибратты еңбектің бізге берері мол. Хақ дініміздегі тәлімді тіршілігімізге дұрыс дарыта алсақ, ғылымда бар ескі мен жаңаны салыстыра сөз етіп, бүгінгі адам тәрбиесіндегі жіберіліп отырған ағаттықтарды кешеуілдете бермей, ең әуелі мемлекетіміздің деңгейінде шешіп, содан соң бірте-бірте адамзаттық мәселеге айналдыру арқылы туған еліміздің абыройын қаншалықты асқақтатқан болар едік. Тек бұған пендешіліктен биік, азаматтықпен астасқан сана керек. Мұндай телегей теңіз ізгі ниеттерге кері кеткендер керағарлық жасамаса орындалары анық ақиқат! Ендеше, Аллаһ жар болып, арманымыздың ақ жолын берсін!

Совет-Хан Ғаббасов  
Жазушы, дәрігер, фантаст,  
Медицина ғылымдарының кандидаты,  
Педагогика ғылымдарының докторы.

## Аудармашыдан

Жалпы ғаламзаттағы барша мадақ пен мақтаулар, алғыс атаулы мен марапаттаулар һәм жер мен көктерде жасалған күллі құлшылықтар – осынау жеті қабат әлемді шексіз құдіретімен жоқтан бар етіп, ұлы һәм әсем есімдерінің айнасы еткен, ғаламат арыштың Раббысы – Ұлы Жаратушы Жаббар Иеге тән. Әрі Оның күллі әлемдерге рақым етіп жіберген екі жаһан сардары, жәннаттың гүлзары, парасат падишасы, Құдай тағаланың сүйіктісі, әлемді Хақ дінімен нұрға бөлеген ғаламның рақым нұры, ақырғы ақиық пайғамбар – Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) сансыз салауат айтып, сәлем жолдаймыз!

Ұлы тұлғалар жайлы қалам тарту екінің бірінің қолынан келе бермейді. Әсіресе, әңгіме хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) хақында болса. Жазушының ол туралы ізденісі өз межесіне жетті деп және айта алмаймыз. Оған деген шексіз сүйіспеншілік, сол сүйіспеншіліктен туған өкінішке толы сұлу сағыныш, одан ары жалғасын тапқан ыстық ықылас пен терең құлшыныс қажет. Осы кітап авторының қолжазбасын оқыған адам осыны айқын аңғарады. Жазушы бейне бір жүрегінің түкпірінен хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) деген сарқылмас сүйіспеншілігінің сағыныш жалыны жарқылдап барып жанарынан жан шыдатпас ыстық жас төгіліп, қауырсын қаламын сол көз жастарына малып отырып жазғандай. Кітапта Пайғамбарымызға ғана емес, барлық сахабаларға деген шынайы махаббат бояуы әрбір парақ бетіне мөр етіліп басылған.

Иә, одан және сахабалары хақында терең ізденістен телегей теңіз сүйіспеншілік, сол сүйіспеншіліктен тағатсыз сағыныш, ал сағыныштан ақыр соңында мұңлы зар туады. Мінекей, жазушының олар жайлы ізденісі сонау жастық шағынан басталған. Ол өзінің айтуынша, бала күнінде жалғыз өзі қой бағып жүріп, ақырғы Пайғамбар мен оның достары жайында жазылған кітаптарды қолынан тастамай оқыған. Сондықтан болар, бір қолынан таяғы түссе де, бір қолынан кітабы түспеген баланың сол кезден-ақ оларға деген махаббат жүрегін шарпып өтіп, қос қарашығынан мөлдіреп жас төгілген. Сол сәттен бері итін айтақтатып қой қайтарып жүрсе де, оның бар есіл-дерті соларға ауып, Пайғамбарымыз тұрмақ жай бір сахабаның өзін тым құрыса түсінде бір рет көру асу алмас арманына айналған. Кейіннен жасы елуден асқан шақта сол бір сүйіспеншілік пен сағынышы әбден ұлғайып, жан шыдатпас дертке айналып, дертінің дауасы солармен тезірек қауышу болған.

Негізінде, Пайғамбар мен сахабаларға деген мұншалықты ыстық ықыластың түп төркіні – Ұлы Жаратушы Жаббар Иеге деген ұлы сүйіспеншіліктен туған еді.

Меккені бір көрген мұсылман сол жерге баруға неге сонша ынтық болып тұрады? Себебі, ол жерде қасиетті Қағба һәм иләһи шуақ бар. Осы қасиетті мекен мен оның таңғажайып әсерлі күші адамды баурап алып, жүрегіне Аллаһ тағалаға деген жақындық нұрын себе түседі. Қағбаға қараған адам одан Ұлы Жаратушының ұлылығы мен жаббарлығын әйтеуір бір сезінбей қоймайды. Яғни, Қағба арқылы Хақ тағала өзінің орасан зор ұлылығының шағыл-ұшқынын шашыратады. Сонда мұсылман сол ұшқынды қайта сезінуге тырысып, Қағбаға баруды көксеп тұрады. Оның Қағбаға деген сағынышы негізінде Аллаһ тағаланы тағы бір сезінсем екен деген ұлы сағыныштан туындайтыны белгілі.

Пайғамбарымыз:

«Нағыз мұсылман сол – оны көргенде, Аллаһ тағала еске түседі», – дейді.

Яғни олар – Ұлы Жаратушының жер бетіндегі жаршысы, айғақтаушы айнасы. Пайғамбармыз – осының кәміл куәсі. Оның сәжде еткен халіне қарап, Хақтың ұлылығын байқамау әсте мүмкін емес. Сондықтан да еврейлердің атақты ғұламасы Абдуллаһ ибн Сәләм оны алғаш көрген сәтте: «Жоқ, мына кісінің жүзінен иненің жасуындай да жалғандық нышаны байқалмайды», – деп мұсылман болған. Сондықтан да барлық сахабалар Пайғамбарымызды қатты сүйіп, оған ұқсауға бар қажыр-қабілетін жұмсаған. Олардың сүйіспеншілігі сол – ақырғы ақиық Пайғамбар бұл өмірден өткенде, Мәдинадағы сахабалар онсыз тұруға тағаттары қалмай, басқа өлкелерге көшіп кетеді. Солардың бірі – азаншы Біләл бірде Мәдинаға зиярат етіп, азан оқиды.

Пайғамбарымыз бақилық болғалы азан оқуды доғарған хазірет Біләлдің азанын естіген сахабалар бейне бір ол қайта оралғандай күй кешіп, көз жастарына ерік береді.

Мәдиналық бір сахаба: «Аллаһ елшісі алғаш Мәдинаға келгенде, қаланың қабағы жадырап, күлім қақты. Мен бұрын-соңды Мәдинаның дәл бұлай жадырап, қуанғанын көрген емеспін. Ол кеткенде, гүлдей солып, содан қайта қабағы бір ашылмады. Мәдинаның мұндай қасіретін де бұрын-соңды көрген емес едім», – дейді...

Жазушының да Аллаһ елшісіне деген сағынышы осындай еді. Ол Пайғамбарымыз һәм сахабалардың өмірін өнеге ету арқылы Хақты жақыннан тануға тырысқан. Оларды өнеге еткені сол – он мыңдаған сахабаларды ағайындарымен қоса жатқа біліп, жақыннан таниды. Сондықтан да бұл кітаптың басқа кітаптардан ерекшелігі – жазушы бейне бір солармен бірге емен-жарқын, қоян-қолтық өмір сүргендей әсер қалдырады. Тағы бір ерекшелігі – кітапты оқи отырып, оларды бұдан он бес

ғасыр бұрын емес, күні кеше ғана өмір сүрген жандардай сезінесіз. Автордың оларға деген өзекті өртер өкінішке толы сұлу сағынышы – соның айғағы.

Жазушы елуден еңіске қарай аяңдай бастаған шағында бойындағы сол зар-сағынышын басу үшін олар туралы жүрегіндегі жыр–дастанын қағаз бетіне түсірген. Сонда жазушының бұл кітабы сүйікті Пайғамбарымыз бен сенімді сахабаларына деген шамамен елу жылдық сүйіспеншілік-сағынышы мен ой-толғағынан туған.

Иә, бұл – жарты ғасырлық ауыр еңбек. Ал, менің аудармам – шамамен төрт жылдық еңбектің жемісі. Әрі бар-жоғы тәржіма ғана. Сондықтан көтерілген тақырыптың түпкі дертін дөп басып бердім деп те айта алмаймын. Әсіресе, терминдердің қазақша баламасын беру оңайға соқпады. Құран аяттарының мағынасын Халифа Алтайдың мағыналық аудармасын негіз етіп алғанмен, көбінесе арабша түпнұсқасымен салыстырып, қайта өңдеп жазуға тура келді. Кітаптың пәлсапалық салмағы қалың оқырманға ауыр келетіндіктен, неғұрлым жеңілдетіп беруге тырыстым. Ғалымның бұл кітабы араб, ағылшын, неміс, орыс, т.б. көптеген тілдерге аударылып, сол елдердің зиялылары, әсіресе, араб ғалымдары тарапынан жоғары бағаға ие болған.

Қысқасы, осы туынды қазақ халқының көкейінен шығып, Пайғамбарымызға деген жүректеріндегі сүйіспеншіліктің артуына арқау болып жатса, Абай атамыздың сөзімен айтқанда «өлсем орным қара жер сыз болмас» еді...

Ахмет ӘШЕН  
Дінтанушы ғалым

## Кіріспе

Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) адамзаттың азаттығы үшін арпалысқа толы өмірін, адам баласының жазылмас жараларын емдеудегі жанқиярлығын әрі осынау ұлы тұлғаның бітім-болмысын шынайы танытсам деген ниет - өзге де мүміндер сынды менің де бүкіл болмысымды билеп алды. Сондықтан бұл менің мәңгілік арман-аңсарымды басатын әрі жүрегімнің қалауынан тұратын тақырыбым іспетті...

Ол – адамзаттың ардақ тұтар тұлғасы.

Он төрт ғасырдан бері әлемдегі әйгілі кемеңгерлер, айтулы философтар мен ойшылдар, ғалымдар оның артынан қол қусыра ізетпен: «Сен – баршамыздың мақтан тұтар ұлы тұлғамызсың», – деп, осы бір сабағына іңкәрлік ұялаған асыл сөзге имандай ұйып, жұлдыздардың шоғырындай бой түзеп келді.

Бұған ғасырымыздағы мұншалық ойраннан кейін әлі де біздің айшықты мұнаралардан «Әшһәду әннә Мухәммәдәр-расулуллаһ» асқақ жаңғырығын естіп, Мұхаммеди рухтың әр жерде қанат жайғанына куә болып, күніне бес уақыт толқитынымыз дәлел. Адам нәсіліне қаны қас дін дұшпандарының қаскүнемдіктеріне қарамастан, буыны бекіп, бұғанасы қата қоймаған жастардың «Ахметтік ақиқатты» (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) толық түсіне қоймаса да, жарыққа алып-ұшқан көбелектей хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) қарай ұмтылуы теңдесі жоқ ерлік. Заман жан-жүрегімізден ойып тұрып орын тепкен ол әкелген ақиқаттардың ешбіріне қаяу түсіре алмады.

Иә, ол әлі таңғы шықтай мөлдіреп тұр. Мәдинаға жолым түсе қалса, оның таңғажайып сырға толы тылсым күші мені ыстық құшағына тартып алатыны соншалықты, сәл ұмсынсам, онымен қауыша кетіп мауқымды басатындай, оның «Қош келдің!» деген жұмсақ үнін естіп қалатындай елегізіп, алабұртамын.

Міне, оның жан-жүрегіміздегі тозаң шалмас тазалығы күн өткен сайын жапырақ жайып жаңғыруда.

Иә, заман ағымымен кейбір ойлар көнеріп, адам жадысынан өшіп ұмытылып қалып жатады. Ал адамдардың жан жүрегіндегі хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) айлар аунап, жылдар жылжыған сайын күннің алғашқы сәулесімен ұйқысынан оянған гүлдей мәңгі-бақи жасара бермек.

Әдетте, дара тұлғалар жыр-дастанның арқауына айналып жатады. Сол секілді біз де сүйікті елшіні қанша жырға қоссақ та, бәрібір төгілтіп, жеріне жеткізе жырлай

алмадық. Адамзатқа мақтаныш болған жанды дәріптеуді игі дәстүрге айналдырып, өнер, мәдениет ошақтары бір кісідей осыған атсалысқанда, бүгінгі ұрпақтың жүрегінен тек соның ғана есімі мен ақиқаты, түр-тұлғасы орын тебер еді. Десек те, барлық қиындықтарға қарамастан, әлемнің шығысынан батысына дейін күн сайын сан мыңдаған адам құмырасын көтеріп, сол бір кәусар бұлақтай тұп-тұнық, мөп-мөлдір, пәк қайнарға ұмтылып, Адамзат төресінің шексіз бақыт отауына асығуда екені сүйінерлік жайт.

Иә, бүгінгі таңда әлемнің барлық елінде (әсіресе, АҚШ, Англия, Франция, Германияда) Ислам дінінің қарқынды белең алып келе жатқаны байқалуда. Бұл аймақтарда мұсылмандық Пайғамбарымыз бен сахабалардың көзі тірісіндегі “Алтын ғасырды” бастан кешуде. Бұл жағдай ислам әлемінде де орын алуда.

Бір-екі ғасыр бұрын исламға да, мұсылмандарға да атүсті, мұрын шүйіре қарау басым еді. Бүгінгі күні ислами мәселелермен ғылыми тұрғыда шұғылданатын көкірегі ояу, көзі ашық жандар Мұхаммедтік (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) ақиқаттарға біртіндеп көз жеткізіп келеді.

Қалған ғұмырында көңіліне медеу іздеп шарқ ұрғандар неше ғасыр өтсе де солмай-қурамай, көк өскін балауса құрақ қалпында қалған Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) мектебіне ұмтылуда.

Міне, Морис Бюсей[1], Роджер Гароди[2] секілді жандар иман нұрына бөленді.

Бірақ біз осындай дара тұлғаларға дегдарлықты үйреткен Жүрек Сұлтанын жақын тани алдық па? Сіздерге осы тұрғыда не айта аламын? Бес жасымда басым сәждеге тисе де, мен оны жеріне жеткізе түсіндіріп бере алдым ба, яки білгенімді сіздерге толық жеткізе алдым ба?..

Иә, шынында да, біз, жиырмамыншы ғасыр адамдары өзіміздің тұла бойымызға тамыр жайып, жүрегіміз бен көңіл сарайымызға шұғыла шашқан Ғаламның рақым нұрын өзіне лайық түрде жеткізе алдық па?

Жоқ! Егер адамзат оны жақыннан танитын болса, тұла бойына нұр құйылып, көңіліне ерекше көктем орнар еді. Адамдар оның есімін құлағы шалған сәтте көздері жасқа толып, тебірер еді. Оның сүттен ақ, судан таза көңілі шынайы пайғамбарлық әлеміне енерде жұмыртқаны жарып шыққан балапандай жүрегі лүпіл қағар еді.



«Адам – өзі жете танымағанға жау» – деген сөз бар. Жаулыққа барып, өмір бойы бізбен күресіп келгендегі мақсаты – оның ұлы есімін ұмыттырып, жас ұрпақты екі әлем Сардарына жау етіп өсіру. Қаскүнемдердің оның есімін жүрегімізден өшірмек болған ниетіне қарамастан, оған бас-тап баратын жолдағы барлық кедергілер мен қиындықтар сең бұзып, сел ағызған бөгеттердей қирап жатыр. Әсіресе, жастар жағы бейне бір от-жалын шарпып тұрған ыстықтан тілдері ауыздарына сыймай ажалмен тайталасқан кезде қастарынан салқын сулы бұлақ табыла кеткендей оның көл-көсір мейірім құшағына қойып кетеді. Әлбетте, сол бір мейі-рім-шапағатқа толы жүрек сағыныштан сарғайып, көздері боталағандардың мауқын басады, оларды мейірім нұрына бөлейді.

Жұма күндері мешіттердегі ине шаншар жер қалдырмай иін тірескен қауымға көз салып көрдіңіз бе? Егер назар салсаңыздар, олардың басым көпшілігінің жастар екенін байқаған боларсыз. Адасу мен тағылықтың обыр өңеші жан біткенді сол қорқынышты ұйыққа тартқанына қарамастан, оларды қыстың қақаған аязында дәрет алдыртып, мешітке асықтырған ненің құдіреті? Әлбетте, ол – Мұхаммед аләйһиссәламның қасиетті тартылыс күші.

Әлем оған қол созады. Ғылым атаулы оны терең зерттеп, көкірек көзі ояу жандар да оған ілесуде. Иә, бұл күндері хазірет Мұхаммед аләйһиссәламның халық арасында салмағы артып келеді. Оның ұлылығын дұшпандары да мойындауда. Аллаһ елшісі бір хадисінде:

«Үмбетімнен он адаммен тартылып едім, мен ауыр бастым. Сосын жүз, сосын мың адаммен тартылдым. Мен тағы да ауыр бастым. Сол кезде уәзипалы екі періште: «Тоқта, егер ол барлық үмбетімен тартылса бәрібір ауыр басады», – деді.[3]

Айтқандай-ақ, ол да іс жүзінде көрініс тапты.

Пайғамбарымыз көрген бір түсін былайша баяндаған болатын:

«Таразының бір басына мен, екінші басына барлық үмбетім тартылды, алайда мен ауыр бастым».[4]

Иә, сахаба, табиғин[5], тәбәи-табиғин[6] және олардан кейін келгендер мен қияметке дейін келетін елден ерек тұлғалар, бүкіл әулиелер, асфиялар, әббар мен муқаррабиндер[7] барлығы таразының бір жақ басына, екінші басына Жүрек Сұлтаны – Мұхаммед аләйһиссәлам тартылатын болса, көзіміздің нұры болған Пайғамбарымыз ауыр басады.

Ол пайғамбарлық тұрғысынан алғанда, әлемнің жаратылу мақсатының бірден-бір себебі. «Егер сен болмасаң (тіршілікті) ғаламды жаратпас едім»-деген хадиске бергісіз даналық сөз бар[8].

Иә, мән-мағынасы айқындалмаған, ешкім түсінбейтін кітаптың жазылуы – бос әурешілік. Аллаһ тағала мұндай кемшіліктен пәк. Сондықтан да әлемнің мағынасын аңғарта алатын куәгер керек. Мына ұшы-қиыры жоқ аспан, ай, күн, жұлдыз, барлық болмыс не үшін жаратылды? Адам қайдан келді, қайда барады, оған сана не үшін берілді? – деген аса маңызды сауалдарға жауап бере алатын, ақыреттің бар екендігін жер бетіндегілерге жеткізетін, адамзатқа Аллаһтың аманатын түсіндіріп беретін елшісі болуы ләзім. Ендеше, ол ақырғы пайғамбар етіп жіберілмегенде ғаламның да, адамның да мағынасы болмас еді...

Хазірет Мұхаммед аләйһиссәлам – өмірге мән-мағына сыйлаған адам. Ол біз үшін сүйіктілерімізден әлдеқайда сүйікті.

Бұл жерде басымнан өткен мына бір жайтқа тоқталмай кеткенім жарамас. Аллаһ тағала маған сол бір киелі жерге (Мәдина) күнәһар жүзімді жуып қайту бақытын бұйырып барып қайттым. Сонда Аллаһ елшісінің ауылы маған жап-жарық нұр болып көрінді. Айрықша толқыдым. Ғажайып рухани ләззатқа бөленгенім сонша – егер сол сәтте жәннаттың барлық есігі айқара ашылып, мені өзіне шақырса, ешбіріне кірмей, сол жерден тапжылмас едім. Асылында, жәннат баршамыздың асқақ арманымыз ғой. Жұмаққа барғысы келмейтін адам жоқ шығар. Аллаһ тағаладан бізді жәһәннамнан сақтап, жәннатқа алуын тілемеуші ме едік? Міне, осы тілектеріміздің бәрі қабыл болып, алда-жалда жұмаққа шақырыла қалсам, сірә, Раббымнан рұқсат сұрап, Аллаһ елшісінің пәк Раузасында (пайғамбар мешіті) қалар ма едім, қайтер ем?! Бұл жерде мен сондай сыйға лайықпын дегендік емес, бар болғаны осы жайтты тілге тиек етіп, Аллаһ елшісіне деген махаббат пен сүйіспеншілігімді ғана білдіргім кеп отыр.

Дәл осы тіл жетпес ғажайып сезімді Қағбада да сезінген едім. Осы сезім мүмкін маған ғана таңсық емес шығар. Аллаһ елшісіне қаншама ғашық жан бар. Асылында, оның жанында менің жан тебіренісім тымық көлдің әлсіз шымырлағанындай ғана...

Аллаһ елшісі – пайғамбар. Бірақ, ол – бұрынғы өткен барлық пайғамбарлар келетінін сүйіншілеген пайғамбарлық мұнарасының ұшар шыңындағы пайғамбар.

Аллаһтың барлық елшілеріне сүйіншіленген осы Пайғамбарға иман етіп, жәрдем ету керектігін әмір еткені Құранда былай айтылған:



«Есіңе ал! Сол кезде Аллаһ пайғамбарлардан былай деп уәде алған болатын: «Сөзсіз, сендерге кітап пен хикмет бердім. Кейіннен қастарыңдағыны растайтын бір пайғамбар келген кезде, оған сөзсіз иман етіп, оған сөзсіз жәрдем етесіңдер. Осы шешімді мақұлдап, осы ауыр сөзімді қабыл етіндер ме?». (Бәрі бірауыздан) «Қабыл еттік», - деді. Олай болса, Мен де сендермен бірге куәгермін» (Әли-Имран, 3/81).

Міне, сол пайғамбарлар да Аллаһ тағалаға берген осы сертінде тұрды. Барлық іс-әрекеттерінде осы бағыттан айнымауға тырысты. Пайғамбарымыз Миғражға шыққан кезде, рухтарымен оның артында намаз оқыды[9].

Иә, әу баста Ибраһим (а.с.), Нұх (а.с.), Мұса (а.с.), Иса (а.с.) өздері пайғамбар бола тұрып, бейне бір оның азаншысы болуды қалағандай еді. Иса Мәсіх (а.с.) Інжілде «Заманның мырзасы келуі үшін мен кетемін» (Иоанн, 16/8) деп, сол Ұлы Пайғамбарға адамзаттың назарын аударған болатын.

Иә, ол ғарыш әлеміне көтерілген кезде, көктердің етегі гауһар тастарға толып, жұлдыздар түкті кілемдей аяғының астына жайылып, күн хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) тәжіне жаһұт боп қонуға асыққандай еді. Барлығы оны айналсоқтап, айналасында пәруана боп қалықтады.

«Ахмет шырағының нұрына Жәбірейілдер бөленер.

Мұхаммед көркінің нұрына періштелер кенелер!...

Ол – кемел адамның бойынан ғана кездестіруге болатын асыл қасиеттер мен ерекшеліктерге ие дара тұлға. Тоғыз әйелмен шаңырақ құрған тамаша отағасы да еді. Ғажабы сол – оның жарлары бір-бірінің бетіне жел боп тимеді, шәй деспей тату өмір сүрді. Пайғамбар тәрбиесін көрген сол шаңырақтың балалары әр ғасырда өмір сүрген болса, өз дәуірін нұрға бөлейтін мүжтәхид, мүжәддид болар еді. Оны бұл жағынан таныған қанша адам бар екенін біле алмаймын.

Ол – алғыр қолбасшы һәм ақылды әдіскер. Төңірегіне топталған шағын қолмен аузын айға білеген зұлымдыққа қарсы шапты, қаншама айбарлы да айлакер сұлтандардың тағын жермен-жексен етіп, талай әміршіні тізе бүктірді.

Әрі ол ғылымның кілтін қолына ұстап, қияметке де-йін болатын оқиғаларды көгілдір экраннан көріп тұрғандай ғайып тақтасынан жіпке тізіп кеткендей айтып кетті.

Дүниеден озғанына талай ғасыр өтсе де, осы заманғы техника мен технологияның арқасында адамзат қол жеткізген биік жетістіктерден хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) он бес ғасыр бұрын тіккен байрағын көріп, Жаратқанның хақ жолына түскен жандар тілін кәлимаға келтіріп, басын сәждеге қойып, иман нұрына бөленуде.

Мыңдаған мысалдардың бір мысқалы мынау:

Өз саласының білгір маманы, Канадалық педиатр, Торонто университетінде медицина ғылымының профессоры Кит Мур озық техниканың ғана көмегімен анықталатын баланың ана құрсағындағы даму сатыларына қатысты жаңалықты Құран аяттарынан естіп білген кезде, Әшһәду әл-ләә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә Мухәммәдәр-расулуллаһ (Аллаһтан басқа құдай жоқтығына, Мұхаммедтің оның елшісі екеніне куәлік етемін) деп, оған деген сенімін білдірген еді.

Осыған ұқсас оқиға: жапон физиолог ғалымы өз саласына байланысты жаңалықтарды Құран аяттарынан кезіктірген кезде, тілі жеткенінше Әшһәду әл-ләә иләһә иллаллаһ деп, екі сөзге келмей Исламды қабылдады.

Иә, жоғарыда көз жеткізгеніміздей ғылым тығырыққа тірелгенде Құран оған жол нұсқап отырған, ілім атаулының шырқау шыңы Аллаһ елшісінің ілімі бастау алған жермен түйіседі. Бірақ осының бәрін оған кім үйретті? Әлбетте, ол телегей теңіз дәрісін «Алим»[10], «Хабир»[11] сипатты Аллаһтан алған болатын. Ол оқыған мектептің артында әуелі мен ақыры болмаған ұлы Ұстаз тұрды. Сол үшін де оған тиісті мағрипат, зымырап талай заман өтсе де ескірмеді. Қайта күн өткен сайын жаңара түсті. Және тіршілік тоқтағанша осылай жаңарып жасара бермек.

Сондай-ақ достары оны көзінің қарашығындай көріп, қатты жақсы көрді.

Мысалы, «Ма'-у Рәж'и» ғазауатының соңында Хубәйб ибн Адииды (р.а.) дарға аспақ болған қанды көз кәпірлер одан қайтер екен деп: «Дәл қазір сенің орныңа Мұхаммедтің асылғанын қалар ма едің?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Жоқ, Аллаһ атымен ант етейін, аспақ түгілі менің азаттығым үшін оның табанына бір тікеннің батуына да риза емеспін», – деп қасқайып жауап береді. Сосын қолын жайып: «Я, Раббым! Бұл жерге сенің Елшіңмен қоштаса алмай келіп едім, менің сәлемімді оған жеткізе гөр!», – дейді. Дәл сол кезде Аллаһ елшісі сахабалармен сұқбаттасып отырған еді. Бірден тізерлеп отыра кетіп: «Сәлем саған, ей, Хубәйб!» – дейді. Жанындағылар не болғанын сұраған кезде, жанары жасқа толып: «Пұтқа табынушылар Хубәйбті шейіт етті. Ақтық сәтінде маған сәлем жолдады, мен сәлемін алдым», – деп жауап қайтарды[12].

Иә, арада талай су ақты, талай өзен құрғады. Сөйтсе де, адамның жігерін жанып, жанын жадырататын мына бір оқиғаның өнегесі әлі күнге өз маңызын жойған емес.

...Сумәйрә (р.а.) Ухуд соғысында Аллаһ елшісінің шейіт болғанын ести сала, Ухуд тауына құстай ұшты. Келген бетте оған «міне, әкең», «міне, ерің», «міне, балаларың» деп шейіт болған ет бауыр жақындарының өлі денелерін көрсетеді. Алайда ол «Аллаһ елшісіне не болды?» деп, алдымен пайғамбарымыздың атын ауызға алады. «Аллаһ елшісі мына жерде» деген кезде ғана сабасына түсіп, Рақым Пайғамбарына: «Сен тірі болсаң болды, қалған қайғы-қасірет жеңіл келер, Пайғамбарым», – дейді[13].

Аллаһ елшісі адамдардың жүрегінен, міне, осылайша орын алған болатын.

Және бір мысал.

Аллаһ елшісіне пәнидегі дәм-тұзының аяқталуға шақ қалғаны сездіріліп, 23 жыл бойы өмірдің ыстық-суығын бөліскен достарымен айырылысу мерзімі де таяғанды. Ғұмырының ақырғы күндерінде сахабалардың алдына мұңлы һәм жүдеу кейіпте шығып жүрді. Оның осы бір мұңлы кейпі сахабалардың жүрегіне қатты батады. Аллаһ елшісінің көзінше сыр алдырмаса да, ол бөлмесіне енісімен, әр сахабаның көңілі құлазып, сары уайымға батып жүрді. Аллаһ елшісі Муаз ибн Жәбәлге бір міндет жүктеп, Йеменге аттандырады. Ол сол жаққа жиі сапарға шығатын еді. Барарда Аллаһ елшісінің хабарын апарып, келерінде де шешімін күткен кейбір мәселелерді айта келетін. Соңғы сапарында Аллаһ елшісінің батасын алу ниетімен жанына келген еді.

Екі әлем Сардары:

«Бар, Муаз! Жолыңнан қалма. Бірақ оралғаныңда, менің мешітім мен қабірімді ғана зиярат етерсің», – дейді.

Муаз кенеттен үстіне бір шелек мұздай су құйып жібергендей теңселіп тұрып қалады. Буын-буыны босап, қолдары қалтырап, көзі жасқа толады. Сол сәтте оның Йеменге кетпек тұрмақ, орнынан тұруға да дәрмені қалмаған еді[14].

Және ол қоғамдық өмірге тиісті барлық проблемаларды сары майдан қыл суырғандай оп-оңай шешетін.

Одан 13 ғасыр кейін дүниеге келген Бернард Шоу мұсылман болмаса да, осы шындықты еріксіз мойындайды: «Қордаланған проблемалардан аяқ алып жүргісіз мына заманда барлық мәселелерді кофе ішіп отырғандай жеп-жеңіл шешкен

хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) адамзат қаншалықты мұқтаж десенізші?!».

Иә, адамзат оның атмосферасына енген кезде ғана көңілі жай тауып, нұрға шомады. Осылайша бес күндік пәни ғұмырға ойыншық болудан құтылып, адамзат көгіне көтеріледі. Негізінде, қазіргі уақытта атеистік уыттың беті қайтып, иман нұрының таңы рауандай бастағаны шындық.

Құран:

«Олар ауыздарымен Аллаһтың нұрын сөндіргісі келеді. Алайда, кәпірлер ұнатпаса да, Аллаһ нұрын толықтырады.. Ол мүшріктер[15] ұнатпаса да елшісін тура жол мен хақ дін арқылы барлық діндерге үстем ету үшін жіберді» (Саф, 61:8-9).

Иә, Аллаһ дінін үстем етіп, сусаған жүректер Пайғамбарымыздың кәусарынан қана ішіп, бұл ғұмырда бейне бір жәннатта жүргендей рахат күй кешеді. Сол күн туған кезде, күніне бес уақыт оның ұлы есімін әлемге паш етеміз, Сұлтандардың Сұлтаны, сөз жоқ, күллі жүректердің төрінен орын алып, әркімнің аңсарына айналады!

Ол, сонымен қатар, бейбіт өмірдің ұйытқысы бола білді. Біз оның әкелген ізгі хабарының да бейбіт өмірге бастайтынына қалтқысыз сенеміз. Бұған тарих куә.

Міне, қайтадан осы бейбітшіліктің бал дәмін таттырудың жалғыз жолы – адамдарға оны таныту және әкелген нұрын жеткізу. Өйткені ол танылған сайын адамдардың оған деген сүйіспеншілігі арта түседі де, осы сүйіспеншілік арқасында қоғамның бет-бедері өзгереді[16].

Аллаһ тағаланың шарапатына сүйеніп, терең қыр-сырларын тануды ниет еткен екі әлем Сардары – әлемнің ардақ тұтар Тұлғасы жайлы қысқаша ой-лебізімді осы кіріспе сөзімде айтып жеткізуге тырыстым.

Негізінде, ол жайлы айтылған әрбір сөз – інжу.. Ілуде олай болмай шықса, оған біз кінәліміз, біздің білместігіміз айыпты. Ал Ғаламның рақым нұрына тиісті нәрселерге келсек, ол – тек әсемдік пен тіл жетпес ғажайыптардан ғана тұрады.

[1] Морис Бюсей – Ислам дінін қабылдаған француз ғалымы, физик.

[2] Роджер Гароди – Француз коммунистік партиясының бұрынғы бас хатшысы. Кейіннен ислам дінін қабылдаған.

[3] Қады Иад, Шифа, 1:173.

[4] Муснәд, 2:76.

[5] Сахабаны көргендер.

[6] Сахабаны көргенді көргендер.

[7] Аллаһқа жақын болған аса тақуалы жандар.

[8] Ажлуни, Кәшфул-һафа 2/214

[9] Мухаммәд ибн Жәрир әт-Табари, Жамиу'л-Бәйан ән Тә'уили Ай'ил-Куран, 15:5; Ибн Кәсир, әл-Бидәйә, 3:139.

[10] Барлық нәрселерді білуші. Аллаһтың бір сипаты.

[11] Барлық құпия, жария нәрселерді білуші. Бұл да Аллаһтың бір сипаты.

[12] Ибн Кәсир, әл-Бидәйә, 4/76.

[13] Нурудин Али ибн Әби Бәкир әл-Хайсами, Мәжмау'з-Зауайд уә Мәнбау'л-Фауайд, 6/115; Ибн Кәсир, әл-Бидәйә, 4/54.

[14] Муснәд, 5/235.

[15] Пұтқа табынушылар.

[16] «Оның көркем мінезін іштей терең ұғып сұхбатына қатысқандар оны аса қатты жақсы көретін» Тирмизи, Мәнакиб, 8.

## КӨПТЕН КҮТКЕН ШҰҒЫЛА

Пайғамбардың келуіне санаулы күндер, бәлкім, сағаттар қалған. Дүние тылсым нұрға малынып, көкжиектен таңғажайып таң сыз бере бастады. Шуақты шапағаттың адам баласының сезімі мен жан дүниесіне сәуле жүгірткені соншалық – көптеген меккеліктер ақырғы Пайғамбардың келетінін іштей түйсініп: «Келе салысымен оған асығыңдар! Рухымен бірігіңдер!» – деп, бір-бірін асықтырып жатты[1].

Күллі адамзат жаны шүберекке түйюлі, бар үміттері әне-міне келетін құтқарушыда ғана. Ата-аналар елшінің өз үрім-бұтағынан шығуын тілеп, Жаратқанға жалбарынды. Көпшілігі өмірге жаңа келген перзенттерінің атын «Мұхаммед» деп қойып жатты[2].

Бірақ ол Ибраһимнен (а.с.) Исмайылға (а.с.) жалғасып, Абдулмутталиптен Абдуллаһқа өткен асыл текті нәсілден келетін еді. Ізгі жандар да осы уызы арылмас шежіреден үзбей жалғасар нұрды күтуде.

Тосын оқиғалар да бір мезет Аллаһ елшісін сүйіншілеп, маңызды сипат алып шыға келді. Түннің қоюлана түсуі де қара түнекті қақ жарар таңғы шұғыланың жақындағанын жар салып жатқандай еді.

Ол заманда адамзат асқақ арманның, жарқын идеяның не екенін білмейтін. Сол кездегі адамның іс-әрекеті Құранда былайша сипатталған болатын: «Сахарада сағым қуған жан секілді. Шөлдеген жан алыстан су екен деп ойлап, арып-ашып жеткенде, еш нәрсе таба алмас» (Нұр, 24/39).

Адамдардың да сана-сезімі қапаста тұмшаланып жатты: «Бейне бір телегей теңіздегі қою қараңғылық, буырқанған толқындар, көкте жөңкілген бұлттар. Бір-бірін қаптаған қабат-қабат қараңғылықтар. Адамдар тіпті сәл қалса өз қолын өзі көре алмас» (Нұр, 24/40).

Бұл дәуірдің атауы – «қараңғылық». Бірақ білімге емес, иман мен сенімге қарсы күпір қараңғылығы.

Сол заманның жиіркенішті қылықтарын күресінді қопарғандай қалам ұшымен түртіп ашып, жан-дүниеңізді жаралағым келмейді. Оғаш, ерсі әдеттерді суреттеу адамның ой-өрісін, сана-сезімін бұзады. Бұған себепкер болудың өзі күнә. Десек те, Аллаһ елшісінің әлемге рақым етіп жіберілуінің нағыз иләһи (құдайлық)

қайырымдылық екенін аңғарту үшін сол дәуірдің әдет-ғұрыптарынан аздап сөз ете кетейік.

Оның келуі – Аллаһ тағаланың адам баласына жасаған ең үлкен қайырымдылығы мен аса рақымдылығы.

Құранда: «Аллаһ олардың араларынан, өзінің аяттарын оқып, олардың бойларын (жамандық пен жағымсыз қылықтардан) тазартатын және оларға кітап пен хикметті үйрететін пайғамбар жіберіп, мұсылмандарға үлкен қайырымдылық жасады», – дейді. (Әли-Имран, 3/164).

Аллаһтың осы қайырымдылығы мен рақымдылығына бір сәт ой жүгіртіп көріңізші! Адамдарға өз іштерінен олармен сезімі мен ой-пікірін бөлісетін, Хаққа барар жолда олардың жолбасшысы әрі көсемі болатын, имамға мұқтаж болғанда жамағатқа имамдық ететін, хұтбашыны керек қылғанда хұтба оқитын, әмірге мұқтаж болғанда дөп түсіп мөр басатын, қолбасшыға мұқтаж болғанда майданда сан қырлы күрес-тәсіл жүргізе білетін бір «пайғамбар елші» жіберді.

Иә, адамдардың күнәсін кешіріп, оларды арсыздық пен азғындық батпағынан шығару үшін, көптеген қиыншылыққа кезігетінін біле тұра Аллаһ ең сүйікті құлы Мұхаммедті (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) «пайғамбар» ретінде жіберді. Пенделерінің адаспауын, шарасыз күй кешіп шашырап жоғалып кетпеуін, қайта адамгершілік көгіне көтерілуін қалады. Ибраһим Хаққының[3] сөзімен айтсақ:

Сыймаған Хақ[4] жер мен көкке

Сезілді құпия жүректе – деп, Жаратушыны іштей сезіп білуімізді қалады.

Жүрек – асыл қазыналардың бастауы. Жер мен көкке сыймаған Хақ тағала, ең құнды қазына дегендей әрдайым Өзін жүректе сездіреді. Кітаптар, дүниетаным, ой – тұжырымдары, пікірлер, жер мен көктегі барлық жаратылыс атаулы Аллаһтың ұлылығы мен құдіретін толық көрсете алмайды. Тек жүрек қана, сәл де болса, оны сезіп, «түсіндіре» алады.

Иә, жүректің қадір-қасиеті сондай – бүгінге дейін ешкім де дәл соның айтып жеткізе алғанындай сөзді естіген де, білген де емес. Олай болса, адам баласы жүрегіне терең бойлап, қалағанын содан іздеуге және Рабқа[5] шексіз беріліп, оған деген махаббатымен мендіктен арылып, құлшылықтың тереңіне бойлауға тырысуы керек. Негізінде, Аллаһ хазірет Мұхаммедті (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) арамызға сол үшін жіберген.



Пайғамбарымыз Аллаһтың аяттарын оқып, мұғжиза көрсету арқылы адамзатқа жаратылыстың мән-мағынасын үйретуге келді.

Иә, осы жаратылыс сырын түсінгенде ғана адам баласы ауыртпашылық кірбіңінен арылып, таңғы шықтай мөлдір күйге түсіп, кіршіксіз жүрек пен асқақ рухтың заңғар шыңынан орын алмақ. Солай болды да. Аллаһ елшісі біздерге күллі жаратылыстың мәні мен мақсатын таныту үшін келді. Адамзат сол кітап пен хикметтің нұрына малынып, өз болмысын табу арқылы ақырет әлеміне көз тігіп, мәңгіліктің баянды жолына түсу ниетінде еді. Ақыры барлығы да расқа айналды. Кейбір айтулы күндер біздер үшін берекет пен рухани ләззатқа тұнып тұрады.

Бұлардың кейбірі мұсылман жұртшылығының аса маңызды мерекелері. Әр апта қасиетті жұма күні осындай сезімге бөленеміз, ал, Ораза мен Құрбан айт мерекелерінде мұны тіптен тереңірек сезінеміз. Рамазан айты – бір ай бойына ораза ұстау арқылы Жаратушыға жақындау қуанышы мен шаттығын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес, аса берекелі мереке. Құрбан айты – Ибраһимнің (а.с.) Аллаһ тағала үшін құрбан шалған әрі мұсылмандардың да күнәларының кешірілуі үшін жол іздейтін, Қағбаға жүзін қаратып, Арафатта қол қусырып тұратын, хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) үмбетіне сай терең толғаныспен Ұлы Жаратушыға жалбарынып дұға оқып, бата қылатын күні. Бұдан басқа барлық адамзаттың, тіпті бүкіл әлемнің ортақ мерекесі бар. Ол – Аллаһ елшісінің дүниеге келіп, бізге қосылып жан-сарайымызды қуаныш пен нұрға бөлеген күн. Ахметтің туған күні[6]. Аллаһ тағала күн секілді Нұрды шырақ етіп, адамзаттың көгіне қондырды. Оның сәулесімен қараңғылықтың қара түнегі қак айрылып, әлем нұрға бөленді. Бұл, әлбетте, Жаратушы Жаппар Иенің жындар мен адамзатқа жасаған ең үлкен қайырымдылығы әрі шексіз рақымдылығы еді.

### **Қараңғылық дәуірі**

Бұл Таухид сенімінің[7] шаңырағы шайқалған кезең болатын. Жер мен көктердің асыл нұры – Аллаһ тағалаға деген шынайы сенім жүрекке ұяламаса, адам қара түнектің құрығынан құтыла алмайды. Оған қоса рух пен ар-ождан да азап шегеді. Осылайша ақиқаттан ажыраған пенденің әлемдегі шынайы құбылыстарға көзқарасы мүлдем керағарланып, қараңғылықты қалайтын жарқанаттай өмір бақи түпсіз тұңғыық ғаламда мән-мағынасыз ғұмыр кешеді.

Діндердің күллі ұстын-негізі құлап, көктен келген иләһи (құдайлық) діндер тікелей дін адамдарының қолымен бұрмаланған заманда, бірнеше муаххид[8] есімін атай алмай, қалай құлшылық ету керектігін түсінбесе де жалғыз

Жаратушыға іштей сенетін-ді. Бірақ олардың үні батқан күннің сәулесіндей тым әлсіз еді.

### **Пұтқа табынушылық**

Мүшріктер Қағбаның іші-сыртындағы қаптаған пұттарға табынғандарына тоқмейілісіп, көңіл жұбатты. Ештеңеден хабары жоқ кейбір жұмыр бастылар пұттарды Аллаһқа жақындататын арадағы делдал ретінде көрді.

Осы жайт аятта да айтылады: «Біз оларға Аллаһқа жақындатсын деп қана ғибадат етеміз» (Зумәр, 39/3).

Осылайша, адамның жаратылыс-табиғатына Жарату-шының аманат етіп жүктеген құлдық сезімі өз орнын таппай теріс арнаға бұрылып кетті. Оған тағы да опасыздық жасалды. Ағашқа, тасқа, топыраққа, күнге, айға және жұлдыздарға құлшылық ету етек алды. Тіпті халуа мен ірімшік секілді азықтардан өз қолдарымен пұттар жасап, оларға біраз уақыт табынып, қарны ашқан сәттерінде жеп қоятын жабайы һәм надан әрекеттер де кездеспей қалған жоқ.

Мұндай қаңсыған ой мен көнерген ұғым Құранда былай айтылады:

«Олар Аллаһтан өзге, өздеріне зиян да, пайда да бермейтін нәрселерге табынып, «Бұлар Аллаһтың қасындағы шапағатшыларымыз» деуде. (Мұхаммед): «Сендер Аллаһқа көктер мен жердегі Оның білмеген нәрсесінен хабар бересіңдер ме? Ол олардың ортақ қосқандарынан пәк те ұлы»-деп айт» (Юнус, 10/18).

«(Ей, адамзат) Зер салыңдар! Нағыз дін – Аллаһтың (діні). Одан өзгені дос тұтқандар: «Біз оларға бізді Аллаһқа жақындатсын деп қана ғибадат етеміз», – деуде. Аллаһ, сөзсіз, олардың арасындағы қарама-қайшылыққа түскен нәрселеріне үкім береді. Расында, өтірікші мен аса күпірлік еткенді Аллаһ тура жолға салмайды» (Зумәр, 39/3).

Мәселенің ең сорақысы, олар осы азғын ойларына желеу іздейтін. Олардың ең басты желеулері жайлы Құранда былай делінеді:

«Оларға (мүшріктерге) Аллаһтың түсіргеніне (Құранға) бойсұныңдар», – дегенде, «Жоқ! Біз ата-бабаларымыздан көргенімізге бойұсынамыз», – деді. (Яғни, бұл – «Біз Құранның жолымен емес ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолымен жүреміз» деген сөз). Ата-бабаларының санасына сәуле түспей, тура жолды таба алмаса да ма?» (Сонда да, соны біле тұра, солардың жолымен жүре ме?) (Бақара, 2/170).



### Қараңғы дәуір қасіреті

Қараңғы дәуірдің қасірет-кесапаты жайында Құран Кәрім былай дейді:

«Егер олардың біреуі қыз баламен сүйіншіленсе (әйелінің қыз тапқанын естіген сәтте), бойын ашу кернеп, жүзі қап-қара болып түнере бастайды. Естіген жаманаттан кейін ел көзіне түспеуге тырысады. (Қайтпек керек?!). Қорлыққа шыдап, сол нәрестені қолында ұстай ма? Әлде топыраққа көміп тастай ма? (Не істерін біле алмай дал болып, қатты ойға батар). Зер салыңдар! Олардың берген үкімі – неткен жаман үкім!» (Нахыл, 16/58-59).

Иә, олардың қай-қайсысы болсын қыз балалы болғанын естіген сәтте ашуға булығып, бір орнында безгек тигендей қалшылдап тұра алмайтын. Бет-жүздері түтігіп, жауар бұлттай қабарып, жұртқа көрінуді ар санайтын. Тіпті мұндай хабардың оларға жайсыз тигені соншалық – сол мезет қарасын батырып, ілуде тесік тапса, сол тесікке кіріп кеткілері бар. Миы айналып ауыр ойға шомғандар осы екі жолдың бірін таңдауға мәжбүр болып, бір байламға келе алмай діңкесі құритын. Ел арасында еңсесі түсіп, мына бір қапыда қапқан қақпанның қорлығына шыдап, нәрестені амалсыз тірі қалдырады немесе қыз баланы елдің көзінен жасырады.

Әйел заты қараңғылық дәуірде осылай жәбірленді. Қыз баланы қор санау тек қара күштің ықпалынан шыға алмаған қараңғы арабтарға ғана тән емес, Рим мен Сасан империясындағы жағдай да оңып тұрмаған болатын.

Кейіннен Исламның әйелдер әлемін нұрға бөлеу арқылы жасаған ғажайып төңкерісі – барша әйел заты үшін адамзат тарихындағы теңдессіз оқиға болған еді.

Құран содыр тағылыққа алғаш рет тосқауыл қойып, ата-ана қандай күйге ұшыраса да, балаларын өлтірмеуге әмір етті:

«Жарлы күй кешіп, тұрмыс-тіршіліктерің нашар болғандығы үшін балаларыңды өлтірмеңдер! Сендердің де, олардың да ризығын Біз береміз» (Өнғам, 6/151).

Аллаһ тағала оларды: «Балаларыңды не үшін өлтіресіңдер? Сендерді де, оларды да рызықтандыратын – Мен. Аз-кем ой жүгіртіп, маңайларыңа қарамайсыңдар ма? Жер жүзі сан-мың тағамын алдыңа жайып, аузыңа тосқан берекелі кең дастархандай. Күмбездей көгілдір көк керіліп кербезденбей, иіліп тағзым етіп, сендерге жәрдемдесуде. Сол көктегі бұлттарды сендер үшін желменен айдап әкеліп, жаңбыр мен қар жаудырған, содан кейін сол жауын мен қар арқылы сансыз жасыл желек пен көкорай шалғынды өсірген жалғыз Жаратушыдан өзге кім болуы мүмкін? Осылардың бәрін көре тұра, біле тұра, қалай ғана дәттерің

барып, ар-ождандарың шырқырамай, жан-жүректерің сыздамай, қара тастай қатып, «мен, сірә, аш қалармын» деп қарадай қорқып, уайымдап, қолдарың қалтырамай, өз балаларыңды қайтіп қана қиып өлтіресіңдер? Ей, адам баласы! Осындай қатыгездікке барып, зұлымдық жасаған жандарға Аллаһ қаһарын төгеді. Қайта ұлы Махшар[9] күні бейкүнә сәбилердің қандай кінәсы үшін өлтірілгені сұралатын болады. Бүлдіршінін өлтірген сол залымдар жасаған осы зұлымдықтарының жазасын сөзсіз тартады», – деп ақылға шақырады.

Міне, «Тірідей көмілген балаларыңа «қандай кінәларың бар еді, нендей күнә үшін өлтірілдіңдер?» – деп сұралғанда, (Тәкуир, 81/8-9) – деп баяндалатын аят бейкүнә сәбилердің ата-аналарына қатаң ескерту жасап, бізге де сол дәуірдің жан шошырлық хал-ахуалы мен тұрмыс-қалыбын көрсетеді.

Бір сахаба Аллаһ елшісіне келіп, қараңғылық дәуірінің тағылығы жайлы: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз қараңғы дәуірде қыз балаларды тірідей жерге көметін едік. Менің де бір қызым бар болатын. Бір күні мен оның анасына «Мынаны жақсылап киіндір, нағашысына алып барамын, – дедім», – деп әңгімесін бастайды.. Әрине, әйелі байғұс бұл сөздің астарын жақсы біледі. Еркелетіп, мәпелеп өсірген ботақаны тірідей топыраққа көмілетінін, жанталасып, тұншығып өлетінін де анасы сезіп тұр. Бірақ қолдан келер не шара, өйткені ол заманда әйел затының мұндай тағылыққа қарсы тұрар қауқары да, хұқы да жоқ еді.

«Әйелім айтқанымды екі етпеді. Қыз шынымен-ақ нағашысына барамын деп қатты қуанды. Мен оны жетектеп алып кеттім. Алдын-ала қазып дайындап қойған шұңқырдың жанына әкеліп, оған: «Шұңқырға қара», – дедім. Ол еңкейіп қарай бергені сол еді, артынан итеріп құлаттым. Ол жандәрмен жоғары ұмтылды. Шығуға тырысып, жанталасып, «Көкешім-ай, үстің-басың шаң болды ғой», – деп киімімді қағуға тырысты. Мен оған қарамадым, оны тірідей топыраққа көміп тастадым»,–деп әлгі сахаба сөзін тәмәмдады.

Осы оқиға айтылып жатқанда, Аллаһ елшісі мен жанындағылар көз жастарына ие бола алмай, қатты егіледі. Сол жерде отырған біреу: «Ей, пенде, Пайғамбардың көңіліне қаяу салдың», – дей беріп еді, Рақым Пайғамбары әлгі адамға: «Тағы айт», – деді. Ол оқиғаны бастан-аяқ қайталап айтып шықты. Екі әлем Сардарының жанарынан сорғалаған жас қасиетті сақалын жуып кетті[10].

Аллаһ елшісінің оқиғаны қайталатуында: «Міне, сендер Исламнан бұрын осындай едіңдер. Исламның сендерге әкелген адамдық ізгі-қасиетін тағы бір рет санада

жаңғыртып пайымдағандарың абзал» деген салмағынан жер ойылардай ауыр тағылым жатқан еді.

Әлгі бейбақтың жан сыздатқан мысалынан түсініп отырғаныңыздай, сол кезеңде адамзат аса қорқынышты өмір тауқыметін тартты. Күн сайын қараңғы сахараның шексіз шөлі мен елсіз жерлерінде терең-терең шұңқырлар қазылып, қаншама бүлдіршін сәбилер тұншығып, шыбын жаны шырқырап жан тапсыратын. Адамның тағылығы мен жауыздығы жыртықш аңнан да асып түсті. Артында сүйеніші жоқ әлсіз, панасыз адамдар өмір сүруден қалды. Олар азулының аузындағы «жемтікке» айналды. Осылайша қоғам қатты дағдарысқа ұшырады.. Тосқауыл қояр ешкім жоқ. Сол уақытта әлемнің жаратылысына арқау етілген хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) елден жырақ, аулақ кетіп, үмбетінің кейіннен «Нұр тауы» деп атайтын «Һира үңгіріне» барып, көкжиектен көзін алмай, терең ойға шомып, азаттық шұғыласын күтті. Сірә, ол сол уақытта басын сәждеге қойып, жалбарынып, Раббысынан адамзатты азат ететін бір құтқарушы тілесе керек.

Бұхари мен Мүслімде осы туралы сөз қозғалғанда «фәйятаханнасу фиһә» деген сөз тіркесі қолданылған. Бұл «өзін ғибадатқа беру, бөлек, оңаша қалу» деген мағынаны береді.

Иә, Аллаһ елшісі кейде бірнеше күн бойы Меккеге қайтпай, сол жерде түнеп қалатын. Тек азығы біткенде ғана келіп, қайта қайтатын[11].

Сірә, ол жаратылыстың мақсаты мен адамзаттың жүрек сыздатар қасіретін ойлап, тұңғыық ойға батқан шығар...

### **Өзгерген құндылықтар**

Бұл кезеңдегі қоғамның ахуалы – адамдар ақты қара деп, ізгі қасиеттерді жат қылықтарға балап, ал жат қылықтарды парасаттылық пен ізгілік санап, тағылық марапатталып, адамгершілік аяққа тапталған аянышты жағдайда еді. Қой терісін жамылған қасқырлар көбейді. Ал қойдан қоңыр момындар осы мейірімсіз, қатыгез «шопандардың» қол астында жапа шекті. Жезөкшелік, зина секілді жат қылықтардың етек алғаны сондай, көптеген адам өзінің шын әкесінің кім екенін де білмеді. Ата тек, шежіре түгелімен жойылып, шарап ішу мен құмар ойындары жаппай етек алды. Тіпті өзін-өзі өлтіру де жай дағдылы әдетке айналды. Қилы-қилы қисық жолдармен адамдардың қанын сүліктей сору аса көрегендік әрі ақылдылық саналды.

Сөздері дертке дауа, жанға шипа болар бір парасат падишасына қоғам зәру еді...

...Қоғамның нұр мен ақиқатқа бастар көсемге мұқтаждығы шегіне жеткенде, кенеттен Рақым иесі шапағатын төкті. Сол-ақ екен Екі әлемнің Шамшырағы пайғамбарлық уазипасын арқалай адамзатты қараңғылықтан құтқарып, азат ету үшін жіберілді. Әлбетте, оның келуімен түгел дүние бірден жадырап, күрт түлеп сала берді.

Ақиық ақын Ахмет Шәукидің жырлағанындай шын мәнінде:

«Тура жол туды да, күллі әлем жарыққа бөленді,  
Заманның жүзі парасат пен шаттыққа кенелді».

Қараңғы заман Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) әкелген нұрлы жарықтан көзін ұяла ашып, шешек жарған гүлдей құлпырды.

...Сан жыл артта қалды.

Пайғамбарымыз Мәдинаға хижрәт (көш) еткенде, Мәдина халқы оны өлеңдетіп, қошеметтеп қарсы алды:

«Уада төбесінен бізге Ай туды. Әрбір дұға етуші дұға етіп, әрбір Аллаһ жолына шақырушы адам баласын Аллаһқа шақырып жатқанда, бізге шүкір ету уәжіп болды»[12].

Пайғамбарымызға деген ыстық-ықыластан, шынайы сезімнен туған осы өлеңді олар осылайша әнмен жеткізді. Әсем ән тек қала үстінде ғана қалықтап қоймай, сонау көгілдір көкке самғап, көтеріліп жатты.

[1] Ибн Хишам, 1/203-204.

[2] Мұхаммед ибн Са'д, әт-Табақату'л-Кубра, 1/169.

[3] Ибрахим Хакқы Эрзурумлы (1703-1780) – Түркияда өмір сүрген белгілі мұсылман энциклопедист ғалым, ақын әрі сопы. Көптеген ғылыми еңбектердің, мұсылман жұртшылығына танымал «Мағрифатнама» шығармасының авторы.

[4] Аллаһ.

[5] Аллаһ.

[6] Бүгін 13 қазан, 1989 жылы, сәрсенбі; Бұл жолдардың жазылуы хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) туған күніне тура келіп, ғажайып бір сәйкестік болды.

[7] Жаратушыны жалғыз деп білу сенімі

[8] Бір Құдайға сенгендер (ауд.).

[9] Қиямет күнінде адамдардың қайта тіріліп, есеп беру үшін жиналатын жері. (ауд.).

[10] Дәрими, Мукаддима, 1.

[11] Бухари, Бәд'у'л-Уахи, 3; Муслим, Иман, 252.

[12] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 3/241; Бәйһақи, Дәлә'илу'л-Нубуа, 2/507.

## Б ҰРЫН ДА БЕЙНЕ БІР ПАЙҒАМБАР-ДЫ

### Сенім

Оның балалық, жастық шағы, қылыштай қайратты кезі пайғамбарлықтың баспалдақтары болатын. Сондықтан оны жастайынан танитындардың басым көпшілігі пайғамбарлығын жария етісімен-ақ сенім білдіріп, толық мойынсұнды.

Ол өмірінде жалған сөйлеп көрмеген еді.

Міне, сол адам енді Аллаһ тағаладан хабар алып, өзінің пайғамбарлық міндетіне кіріседі. Жайшылықта жалғыз ауыз жалған сөйлемеген жан ұлы да асқақ мәселеде қалайша жалған сөйлей алсын[1]. Бұл ақылға сыймайды ғой?! Осылай деп ойлаған сол кездің адамдарының бәрі болмаса да қырсықтық пен іштарлыққа баспағандары иманға келіп жатты.

Иә, ол өмір сүрген кезең «қараңғылық дәуірі» деп аталса да, ол оны ешқашан бастан кешірмеді, яғни оның қағынан аман қалған адам.

Өйткені ол – аса сенімді жан еді.

Барлық адамдар оны осылай қабылдады. Егер сіз сапарға шығар алдында әйеліңізді біреудің қамқорлығына қалдырғыңыз келді делік. Ойланбастан хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) қалдыра аласыз. Өйткені сіз қайтып оралғанға дейін оның жарыңызға көз қиығын да салып қарамайтынына сенесіз. Малыңызды біреуге тапсырып кеткіңіз келді ме? Бір шарасы жоқ па екен деп, ойланып-толғанып жатпай бірден Мұхаммед-Әминге (Сенімді) тапсыра аласыз. Тапсырып жатқанда малыңызға қандай да бір зиян тиеді-ау, деген түйірдей түйткіл ойыңызға кіріп те шықпайды. Сөздің турасын білгіңіз келсе, соған барып шындықтың шырайын ашып, сізге күндіз күлкі, түнде ұйқы бермеген сауалдың жауабын аласыз. Тегінде, оның өмірінде шаңның тозаңындай жалған сөйлемегені хақ.

Бірде ол Әбу Кубайс төбесінде тұрып жиналған қарақұрым халықтан: «Мына таудың арғы бетінен бір қосын әскер сіздерге шабуыл жасағалы келе жатыр десем, маған сенесіздер ме?»– деп сұрағанда, бәрі де бірауыздан: «Иә, сенеміз. Өйткені сенің ешқашан жалған сөйлегеніңді естімедік»,– дейді.

Бұл сөзді айтқандардың арасында Әбу Ләһаб пен Әбу Жәһил секілді дін дұшпандары да бар еді[2]. Бірақ бәрі де оның туралығын растап, сенімділігін мойындаған.

Ол ана құрсағында жатып әкесінен, бес-алты жасқа жеткенде анасынан айрылды. Осы кезде оны атасы Абдулмутталиб қамқорлығына алды. Сегіз жасына толар-толмаста атасы да көз жұмды. Аллаһ оны барлық жақынынан айырып, өзіне шексіз мойынсұндыруға дайындап жатқандай еді. Оған қол ұшын беретін барлық қолдап-қорғаушылары өмірден ерте өтіп кетті де, ол тікелей Жалғыз Жаратушының қамқорлығына алынып, оған тек Аллаһ тағаланың ғана қорған болу керек екені ескертілді. Өйткені ол «Таухид»[3] пен «Хасбун Аллаһ»[4] сөзін сонау кішкентайынан ар-ожданымен сезіп, Жаратушысынан басқа арқа сүйер тірегі, демеу болар сүйеніші болмауы тиіс еді. Осылай болды да...

Ол сенімді, шыншыл әйел мағынасындағы «Әмина» есімді сенімділіктің аманатшысы атанған ананың құрсағынан жарық дүниеге келді. Пайғамбарлығынан бұрын да ғибадатымен танылған осы қадірлі адамның әкесінің есімі – Абдуллаһ, яғни «Аллаһтың құлы» дегенді білдіреді.

Бұл кездейсоқтық емес.

Әрине, осының бәрін жазмышқа жазған Аллаһ болатын.

### **Жетімдік сыры**

Жастайынан жетім өскен ардақты пайғамбарымыздың болашақта арқалайтын ауыр жүгі мен қасиетті уазипасы бар болатын. Сондықтан, оған ерте бастан дайындалуы қажет-тұғын. Оған тәуәкелдің асқар шыңына шығып, шыңдалып, барлық қиыншылықтарға қарсы тұра алатындай өсіп-жетілуі керек. Ұлы Аллаһ оны байлықтың буына мастанудан, қайыршылық пен жоқшылықтың салдарынан, шарасыздыққа салынудан сақтады. Ғұмырының әр кезеңінде орта жолды көрсете отырып, тура бағытынан айырмай, астамдық пен кемшіліктен бойын аулақ ұстап жетілуіне жағдай жасады.

Ұлы адамның дәл осылай қиыншылық күндерді бас-тан кешіруі өте маңызды. Қарамағындағыларға әкелік мейірімнің ыстық құшағын танытуы үшін жетімдіктің де дәмін татып көруі аса қажет болды. Қол астындағылардың жағдайын түсініп, оларға жылы шырай танытып, қолынан келгенше көмек көрсетуі үшін жоқшылықты да көруі ләзім. Аллаһ елшісі жетім-жесір мен жоқ-жітіктерге қол ұшын беріп, қамқор болуы – ананың ақ сүтінен, туған өлкесінің топырағынан



сүйегіне сіңген мінезі. Кейін ол асқақ шындарға көтерілген шақтарда осы бір туа бітті мінезінен еш таймай, өмір бойы түп-түзу ғұмыр кешкен теңдессіз тұлға күйінде қалды. Өмірінде жетім-жесірге зекіп, қабақ шытып көрмепті.. Сұраушының да қолын бос қайтармады.

Өйткені, Аллаһ оған осылайша әрекет етуін әмір еткен.

«Ол (Аллаһ) жетім қалғаныңда, қамқорлыққа алмады ма? Қатты абыржып мұңайғанда, тура жолға салмады ма? Кедейлікке түскеніңде, дәулетке кенелтпеді ме? Ендеше, жетімді басынба, сұраушы, тіленшіге зекіме. Раббыңның ырыс-берекесін тоқтаусыз, толассыз айтып түсіндір» (Духа, 93/6-11)

### **Абдулмутталиб[5]**

Абдулмутталиб оның бойындағы пайғамбарлық нұрын күні бұрын сезген еді. Пайғамбарымызбен бірге болған күндері нұрлы да берекелі өтті. Оны үлкендердің салихалы мәжілісіне қатыстырып, құрмет көрсетті. Бойынан әрқашан адамзатты азат ететін ғажайып күшті көретін. Себебі, Аллаһ елшісінің жанарында ешбір пендеде жоқ терең сыр тұнып жататын. Бәлкім Абдулмутталиб пайғамбар болғандығы айтылып жүретін Луей атты ата-бабасының өз нәсілінен де бір пайғамбар шығатынын айтқан, сүйіншісін естіп осы сүйіншіге сүйене отырып, немересінің пайғамбар болатынын білген, сезген болуы бек мүмкін. Сондықтан да немересін жанындай жақсы көріп, тіпті өзінен де қызғанатын. Дүниеден өтерде осы бір алып тұлғалы адам жас балаша еңіреп жылады[6]. Әбу Талиб[7] неге жылағанын сұрағанда, ол: «Мұхаммедімді бұдан былай бауырыма басып, сүйе алмайтынымды ойлаған сайын өзегім өртеніп барады. Мен соған жылаймын», – дейді.

Ойлап қараңыздаршы, шүйлігіп келген Әбрәһа[8] әскерінің алдында селт етпеген әрі көп жылға созылған Фижар[9] соғыстары кезінде қаншама дұшпан руларға қасқая қарсы шығып, сүрен салып айқасқанда, көзі жасаурамаған осы кісінің берекелі немересінен айырылар сын сағатта жас балаша жылауында не сыр бар?

Абдулмутталиб соңғы өсиетін айтып, дүниеден озды. Енді сол бір «Тұлдыр Інжуді» Әбу Талиб қамқорлығына алмақ.

### **Әбу Талиб**

Әбу Талиб сөзінде тұрды. Аллаһ елшісіне қырық жылға жуық қамқор болып, қиын-қыстау кезінде жәрдемдесті. Оның жақсылығы текке кетпеді. Аллаһ тағала оған Әлиді (р.а.) берді. Әдетте әр пайғамбардың нәсілі өзінен тарайтын. Бірақ

Аллаһ елшісінің нәсілі хазірет Әлиден өрбиді. Тіпті бұл туралы кейбір ғалымдар Пайғамбарымызға барып тірелетін хадис те бар дейді[10].

Әли (р.а.) – екі дүние Шырағының әулиелігін жалғастырушысы әрі күллі әулиенің басы. Оның қияметке дейінгі мұсылмандардың құрметпен еске алатын сұлтандардың сұлтаны, «хайдар кәррар» (айбарлы арыстан), пайғамбардың күйеу баласы, Алиул-муртаза (Аллаһтың разылығына кенелген Али) болуы – Аллаһ елшісіне жасаған қамқорлығы үшін Әбу Талибке берілген сый кейпін танытқандай.

Негізінде, Пайғамбарымыздың өміріне жай көзбен назар салғанда, Әбу Талиб те атасы Абдулмутталиб секілді оның негізгі қорғанышы болып көрінетін. Бірақ оны тікелей тәрбиелеп, қорғаған күллі әлемнің жалғыз жаратушысы әрі қамқор иесі Аллаһ болатын. Біріншіден, сол бір Таңдаулы тұлғаны пайғамбарлықтың көгіне көтерсе, екінші жағынан, қоршаған ортаға, қоғамның тіршілігіне бейімдеді.

Күн өткен сайын оның пайғамбарлық белгісі анық біліне түсті. Хазірет Мұхаммед алейһиссәләм ізгіліктері арқылы қалың жұртшылыққа танымал болып, біртіндеп өзінің ұлық мәртебесінен арайлап атқан таңдай көріне бастады.

### **Пайғамбарлықтың ақша бұлты**

Сиәр[11] кітаптарында Аллаһ елшісі алғашқы сапарына әкесінің ағасы Әбу Талибпен бірге он екі жасында шыққаны баяндалған.

Бұл Шам сапары болатын. Жолда керуен түнемеге тоқтайды. Пайғамбарымыз керуенді қарауылдап қалады, ал басқалары тынығып алу үшін керуен сарайларына орналасады. Керуенді алыстан барлап тұрған монах Баһираны бір жағдай өзгеше қайран қалдырады. Керуеннің үстінде бір ақша бұлт не артта қалып қоймай, не алға да озып кетпей, я басқа жаққа ауып кетпей, қалықтай ілесіп келе жатты. Тіпті керуен тоқтаса, ол да тоқтап, қозғалса, ол да бірге қозғалады. Осыны көргеннен кейін тынышы кетіп, көкейін күпті ой билеген Баһира керуеншілерді өзіне қонаққа шақырады. Бұрын-соңды ешқашан керуеншілермен байланысы жоқ монахтың бұл әрекеті адамдарды айран-асыр қалдырады. Пайғамбарымыздан басқасының бәрі де қонаққа барады. Бірақ монах келгендердің арасынан іздеген адамын таба алмай, керуеннің басында әлдекімдер қалып қоймады ма деп сұрайды... Оған керуенді күзетіп бір адамның қалғанын айтады. Баһира оны шақыртып алады. Кіріп келген кезде, Баһира жас баланың болашақта Пайғамбар болатындығын салған жерден сезеді. Монах Әбу Талибтен оның кім екенін сұрайды. Оның «балам» деген жауабына Баһира толық сене



қоймайды. Бахираның пайымдауынша бұл бала «соның» нақ өзі. Бірақ пайғамбардың әкесі ол ана құрсағында жатқанда-ақ өмірден озуы тиіс еді. Содан соң Бахира Әбу Талибті оңаша шығарып алып, мән-жайды сұрап білгеннен кейін осы сапарынан бас тарту керектігін айтады. Өйткені ол яһудилердің[12] күншіл адамдар екенін білетін. Баланың бөлекше жаратылған таңғажайып бітімі мен нұр тамған жүзінен оның ақырғы пайғамбар екенін сезіп қойса, өздерінен шықпағандықтан, қастандық жасауы мүмкін еді. Әбу Талиб оның айтқанын құп көріп, қайтуға себеп тауып, Меккеге оралады[13].

Бахира шындықты айтқан еді. Алайда ол Аллаһтың оған қамқор болатынын, оны өмірінің соңына дейін Аллаһ қорғайтынын терең пайымдай алмады.

Осыған қатысты Құранда «Ей, Пайғамбарым! Аллаһ сені адамдардан (ішкі, сыртқы дұшпандардың жамандықтарынан) сақтайды», - делінген. (Мәида, 5/67).

### **Күн ілгері мойындау**

Екі әлемнің Сардары екінші сапарына жасы жиырма бес шамаларында Хадишаның (р.анһа) керуенін бастап жолға шықты. Бұл сапарында Бахирамен тағы кездеседі. Ол кезде әбден қартайған монах Аллаһ елшісін көріп балаша қуанады. Көп жылдан бері осы бір күнді зарыға күткен ол Аллаһ елшісіне: «Сен ұзамай пайғамбар боласың. Әттең-ай! Сенің пайғамбарлығыңды жариялаған күнге өмірім жетіп, аяқ киіміңді тасысам да, сенің қызметіңе жарағанымда ғой, шіркін! Беу, дүние-ай!» – деп ішіндегі шерін білдірген еді. Бахира сол күндерге жете алмады, дегенмен, оның Аллаһ елшісіне деген ыстық ықыласы сөзсіз ақыретте көптеген игілікке бөленуіне сеп болары анық.

### **Нышан**

Оны күтіп сүйіншілегендер көп еді.

Солардың қатарында Зәйд ибн Амр да бар болатын.

Жәннатпен сүйіншіленген он адамның бірі әрі әйгілі Сайд ибн Зәйдтің әкесі әрі Омардың туысқан ағасы болып келетін ол Ханифтік[14] сенімді ұстанатын.

Бұл кісі – пұт-мүсіндерге табынбай, олардың ешқандай пайда да, зиян да бере алмайтынын жаһанға жар салып кеткен, таңның атуына санаулы сәттер қалғанда өмірден өткен жандардың бірі.

Оның: «Жақында бір дін келеді. Тіпті сендерге көлегейленіп рақым көлеңкесі түсіп тұр. Бірақ мен ол күнге жете алар ма екенмін, әлде жете алмас па екенмін, оны білмеймін»,— деп, қаншама жүрекке үміт шырағын жағып кетті.

Зәйд – ар-ожданы Хақты таныған жан. Ол бір ғана Аллаһқа сеніп, мойынсұнатын. Бірақ ол сенген Аллаһқа «Аллаһым» деп те айта алмайтын әрі қалай құлшылық ету керектігін де білмейтін-ді.

Ұлы сахабалардың бірі болған Амр ибн Рәбианың хабарына қараңыз:

«Бір күні маған Зәйд ибн Амр: «Мен Ибраһимнен (а.с.) жалғаса келіп, Абдулмутталибтің ұрпағынан келетін бір пайғамбарды күтудемін. Бірақ оған дейін тірі боламын ба, жоқ па, көзім жетпейді. Бірақ пайғамбар екеніне иман келтіріп, растап, мойындаймын. Егер сенің өмірің жетіп кездессең, менен сәлем айт! Сондай-ақ, саған оның түр-түсінің қандай екенін айтайын. Байқа, жаңылысып қалма!» – деді.

Мен оған: «Тыңдап тұрмын, айт», – дедім.

Ол сөзін жалғастырды:

«Орта бойлы. Ұзын да емес, қысқа да емес. Шашы жатық та емес, бұйра да емес, сәл толқындау. Туған жері – Мекке. Есімі – Ахмет. Пайғамбар болып келетін орны – осы жер. Бірақ кейін елі әкелген дінін мойындай қоймай, өзін Меккеден қуады. Ол Ясрибке (Мәдина) хижрәт етіп (көшіп), әкелген діні сол жерден тарайды. Одан бейхабар қалма. Мен сан елді аралап, Ибраһимнің (а.с.) дінін іздедім. Кездесіп әңгімелескен яһуди мен христиан ғалымдарының бәрі маған «сенің іздегенің кейін келеді» деді. Барлығының сөздері: «Ол – ақырғы пайғамбар. Одан кейін ешқашан пайғамбар келмейді!» – дегенді айтатын».

Ал, Амр ибн Рәбиа әңгімесін: «Сол бір күткен күн де келіп, мұсылман болдым. Аллаһ елшісіне Зәйдтің айтқандарын түгелдей жеткіздім», – деп тәмамдады.

Осыны естіген кезде, ол ыңғайланып отырып, оның сәлемін алады. Содан соң «Мен Зәйдтің етегі жер сызған желбегей шапан киіп Жәннатта жүргенін көрдім», – деді[15].

Уарақа ибн Нәуфал христиан ғалымы, Хадишаның туысы болатын. Аллаһ елшісіне алғаш рет уахи[16] түскенде, Хадиша анамыз (р.анһа) мұның не екенін білуге келгенде, Уарақа: «Хадиша! Ол – турашыл адам. Көргендері – пайғамбарлық келерде байқалатын алғашқы белгілер. Оған келген – Намус Әкбар. Мұса мен Иса (а.с.) пайғамбарларға да сол келген. Демек жақында пайғамбар

болады. Егер мен сол күндерге жетсем, мен де иман келтіріп, оған міндетті түрде қол ұшын беруден аянып қалмаспын,— деп жауап берді[17].

Абдуллаһ ибн Сәләм – яһуди (еврей) ғалымы. Оның Исламға қалай кіргені жайлы өз сөзін келтірейік:

«Аллаһ елшісі Мәдинаға хижрәт еткенде, жұрт секілді мен де оны көруге бардым. Айналасы толған адам. Мен ішке кіргенде мүбәрак аузынан мына сөздер ақық секілді төгіліп жатты: «Алдарыңа келгендерге сәлем беріп, тамақтандырыңдар».

Айтқан сөздерінің сиқырлы әсері мен ойлы дидары мені қатты толқытып, іші – бауырым елжіреп кетті. Дереу сол жерде тілімді кәлимаға келтіріп, мұсылман болдым. Өйткені оның жарқыраған нұрлы жүзі тек пайғамбарда ғана кездеседі[18]».

Абдуллаһ ибн Сәләм (р.а.) – дара тұлға. Ибн Хажар (р.а.) «Исабәде»[19] жазғанына қарағанда, ол Жүсіп пайғамбардың ұрпағы[20]. Өзі аса парасатты адам еді. Оның куәгерлігі Құранның өзінде құрмет түрінде көрсетіліп, дәлел ретінде айтылды:

«Оларға айт: Сендер ойға салып саралап көрдіңдер ме? Егер бұл Құран Аллаһтан келе тұра, сендер оған қарсы шықсаңдар, сонда Израйыл ұрпақтарынан бір куәгер оның (тәухид, ақырет, т.б. иман негіздері секілді Құранда айтылған ақиқаттардың) ұқсасына иман келтіріп тұрғанда да сендер көкірек қағып иман етпесендер, сендерден артық залымдар болуы мүмкін бе? Аллаһ залым елді тура жолға салмайды» (Ахқаф, 46/10).

Аятта сөз болған адам – Израйыл ұрпағынан шыққан куәгер Абдуллаһ ибн Сәләм. Кейбір тәфсиршілер[21] бұл сүренің Меккеде түскенін ескере отырып, аятта айтылған кісінің Мұса (а.с.) екенін айтса да, аяттың Мәдинада түскені жайлы көзқарастар әлдеқайда басым. Яғни, «Ахқаф» сүресі меккелік болғанымен осы аят қана – мәдиналық. Демек, аят Абдуллаһ ибн Сәләм хақында деуге толық негіз бар.

### Тосқауыл

Жалпы барлық әһли кітап иелері Аллаһ елшісінің келетінін күні бұрыннан білетін. Бірақ иман келтіруге күншілдіктері мен кекшілдіктері жібермей, аяқтарына тосқауыл болды. Анық танып білетіндері сонша – иман келтіру үшін Аллаһ елшісіне бір сәт көз тоқтатып қарағандары жеткілікті еді.

Құран Кәрім осы ақиқат жайлы былай дейді:

«Өздеріне кітап бергендеріміз оны өз ұлдарын танығандай тани-ды. (Бұған қарамастан) олардың бір тобы біле тұра шындықты жасырады» (Бақара, 2/146). Аятта Аллаһ елшісінің есімі аталмай, «оны» деуі мынандай мағынаны меңзейді. Әһли кітаптармен таныс адамдар соңғы келетін пайғамбарды сөз еткенде «Ол» дегенді Тәурат пен Інжілде есімі жазылған кісі деп білетін. Ол, сөз жоқ, Ақиық елші Мұхаммед алейһиссәләм еді. Яһуди мен христиандардың соңғы пайғамбарды өз ұлдарынан да жақсы танитынының мәні осында жатыр.

Бір күні Омар (р.а.) Абдуллаһ ибн Сәләмнан:

- Аллаһ елшісін өз балаларың секілді танитын ба едің? – деп сұрады. Ол:
- Өз баламнан да жақсы танитын едім – деп жауап қайырды.

Омар (р.а.) екінші рет: «Қалай?» – деп сұрағанда: «Балама күмән келтіруім мүмкін. Бірақ Аллаһ елшісінің ақырғы пайғамбар екендігіне ешбір күмәнім жоқ», – деді. Бұл жауапқа дән риза болған Омар (р.а.) орнынан тұрып барып Абдуллаһ ибн Сәләмнің маңдайынан сүйді[22].

### **Қызғаныш**

Олар Аллаһ елшісін өте жақсы танитын еді. Алайда, тану бар да, иманға келу бар. Олар танып-білгендерімен, жоғарыда айтқанымыздай, қызғаныш пен күншілдіктері иман етулеріне кедергі жасады.

«Оларға Аллаһтан өздеріндегі Тәуратты растаушы Құран келген шақта, бұрыннан кәпірлерге қарсы жеңіс тілеп жүрсе де, сол білген еді (Құран) өздеріне келген кезде, оны теріске шығарды. Теріске шығарушыларға Аллаһтың лағынеті жаусын» (Бақара, 2/89).

Аятта олардың Аллаһ елшісін мойындамауының басты себептері баяндалған. Мәселенің төркіні соңғы пайғамбардың Израйыл ұрпағынан шықпағандығында жатыр. Соңғы пайғамбар Израйыл ұрпағынан шыққанда, олардың іс-әрекеттері де мүлдем басқаша сипат алар еді...

Айтқандайын, Абдуллаһ ибн Сәләм (р.а.) бірде Аллаһ елшісіне келіп:

«Уа, Аллаһтың елшісі! Мені бір жерге жасырып, Мәдинадағы барлық яһуди ғалымдарын түгел шақыр! Сосын олардан мен жайлы, әкем жайлы сұра! Сөзсіз, олар білгендерін жасырмай айтады. Сол кезде мен жасырынған жерімнен шығып, мұсылман болғанымды жария етейін», – деп ұсыныс жасайды. Аллаһ елшісі оның бұл ұсынысын мақұлдап, Абдуллаһ ибн Сәләм үйдің бір бұрышына жасырынды. Шақырылған яһуди ғалымдары келіп жайғасқанда, Пайғамбарымыз олардан:

«Сендер Абдуллаһ ибн Сәләм мен оның әкесі жайында не білесіңдер?» – деп сұрады. Олар: «Ол да, әкесі де арамыздағы ең мықты ғалым һәм ардақ тұтар ең абзал адамдар»,– деп жауап береді. Аллаһ елшісі: «Ол мені растап, мұсылман болса, оған сендер қалай қарайсыңдар?» – деген кезде, олар бірауыздан: «Жо-жоқ, олай болуы мүмкін емес!» – дейді.

Дәл осы сәтте жасырынған жерінен шыққан Абдуллаһ ибн Сәләм (р.а.) иман келтіріп, Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбарлығын растайды. Келгендер не дерін білмей абдырап қалады. Сөйтті де жаңа ғана айтқан сөздерінен айнып: «Ол – арамыздағы өте нашар адам, әкесі де оңып тұрған жоқ» десті. Пайғамбарымыз ендігәрі мұндай екіжүзділердің бетіне қарағысы да келмеді[23].

Бұл оқиға яһудилердің Аллаһ елшісін танитындарын толық растап берді. Бірақ шұғыл шешімге бару, мен алған бетінен қайтпау секілді қасиеттер олардың иманға келуіне кедергі жасады.

Бұл жайға Сәлман Парсының өмірі де дәлел бола алады. Бұрын ол мәжуси[24] еді. Бірақ кейіннен бойында хақ дінге деген құштарлық пайда болып, сол дінді тапсам, көрсем деп ынтықты. Сөйтіп, христиандықты қабылдады да, шіркеуден шықпай, қамалып отырды. Жан-тәнімен беріліп ұстаз тұтқан монахтан өлер алдында басқа бір ұстазға жөн сілтеуін өтінеді. Ол өзі сенім артқан бір монахқа баруын насихаттады. Ол осылайша көптеген монахтардың тәлімін көреді. Соңында көз жұмғалы жатқан қарт монахтан жөн сұрағанда, христиан ғалымы оған: «Балам, дәл қазір саған насихат айтатын ешкім қалмады. Бірақ соңғы пайғамбардың келетін заманы өте таяу. Ол Ибраһимнің ханиф дінімен келіп, Ибраһимнің хижрәт (көш) еткен жерінен шығады. Басқа жерге хижрәт етіп, сонда орналасады. Оның пайғамбар екеніне анық дәлелдер бар. Шамаң келсе, сол жерге жеткейсің.

Мен білетін үш айқын дәлелі мынау: Ол садақа алмайды, сыйлықты қабылдайды және екі иығының ортасында пайғамбарлығын дәлелдейтін мөрі бар», – дейді.

Әңгіменің жалғасын Сәлман Парсының өз аузынан тыңдайық:

«Монахтың айтқан жеріне бару үшін керуен іздедім. Ақырында сол жерге баратын керуен тауып, олармен жол ақысын келісіп, сапарға шықтым. Алайда, «Уадил-Қураға» келген кезде олар маған опасыздық жасап, мені бір яһудиге құлдыққа сатып жіберді. Барған жерімнің құрма толы бау-бақшасын көргенде,

бәлкім, монахтың маған айтқан жері осы шығар деп ойлап, сол жерде тұрақтап қалдым.

Бір күні Бәни Қурайза яһудилерінен біреу мені сатып алып, Мәдинаға апарды. Ол жердің де құрма өскен керемет бау-бақшасы бар екен, сол жерде жұмыс істеп қалдым. Алайда Аллаһ елшісі туралы ешқандай хабар ала алмай зарықтым.

Бір күні ағашқа шығып құрма жинап жатқанмын. Яһуди қожайыным ағаштың саясында отырған. Күтпеген жерден туыс ағасының яһуди баласы шыға келді. Өзі ашулы екен: «Құдайдың қаһарына ұшырағырлар! Бүкіл халық Қубаға[25] ағылып жатыр. Меккеден келген бір адам өзін пайғамбармын деп жариялапты. Ел-жұрт сеніп қалғанға ұқсайды!» – деді. Сол сәтте қатты толқып кеткенім соншалық – екі тізем өз-өзінен қалтырап кетті. Сәл қалса, қожайынымның үстіне құлап түскендей едім. Ағаштан лып етіп түскен бойы әлгіге: «Не дейсің? Не дедің? Бұл қандай хабар?» – дей беріппін. Қожайыным ашуланып, жағымнан салып кеп жіберді: «Елде не шаруаң бар? Сен өз жұмысыңды біл!». Мен не істерімді білмей күмілжіп: «Ешқандай. Жай әншейін, білгім келіп сұрап едім», – деп қипақтай бердім. Сөйттім де ағашқа қайта шықтым. Ымырт үйіріле, барымды алып, Қубаға тартып кеттім.

Қубаға жеткенімде, Аллаһ елшісі сахабаларымен бірге сұхбаттасып отыр екен. Мен оларға: «Кедей екендіктеріңді көріп тұрмын. Мен садақа беретін жер іздеп жүр едім. Мына құрмаларды алыңдар», – дедім.

Аллаһ елшісі жанындағыларға қарап: «Сендер жеңдер», – деді. Өзі ауыз тимеді де. Ішімнен: «Бұл Монахтың айтқан бірінші белгісі», – дедім. Ертеңіне тағы барып: «Бұл садақа емес, сендерге арнаған сыйым, дәмнен алыңдар», – дедім.

Аллаһ елшісі сахабаларға қарап: «Алыңдар», – деді. Өзі де жеді. Ішімнен: «Екінші белгі де анықталды», – дедім.

Бір күні сахабалардың бірі қайтыс болды. Аллаһ елшісі де жаназаға қатысып, «Бақиул-Ғарқадқа» (Мәдина мазараты) келді. Жанына барып сәлем бердім. Сосын арқа жағына барып, пайғамбарлық мөрін көруге тырыстым. Ол ниетімді сезе қойды. Онсыз да иықтары ашық болатын. Осылайша көзге ұрып тұрған пайғамбарлық мөрін де көрдім. Монахтың сан жылдар бұрын айтқанындай үшінші белгісіне де куә болдым. Өз-өзіме ие бола алмай қатты толқып, арқасынан қапсыра құшақтап, мөрінен сүйе бастадым. Аллаһ елшісі: «Тоқта, тоқта», – деді. Мен кейін шегіндім. Содан кейін жанына отырып, бастан кешкенімді бірін



қалдырмай түгел баяндап бердім. Оның қуанышында шек болмады. Тіпті айтқандарымды сахабалардың да естуін қалады..»[26].

Иә, қыңырлық пен күншілдікті тастап, жүрек лүпілін тыңдай білгендер оны тапты деуге болады. Тіпті тауып қана қоймай, жан-тәнімен оған ғашық болды. Кешегі мен бүгінгі күннің арасында мағына жағынан көп өзгеріс жоқ. Бүгін де сан мыңдаған жандар ақиқатты көріп, растауда. Соңғы елші екенін растап, әлемге жар салуда. Бірақ кешегі мен бүгінгінің арасында өзгермеген бір ғана жайт бар. Ол – қыңырлық пен күншілдігін тастай алмаған жандардың Ақиық елшінің пайғамбарлығын біле тұра әлі де мойындағысы келмеуі.

### **Бақталастық**

Муғирә ибн Шу'бә былай дейді:

«Бірде Әбу Жәһилмен бірге отырғанбыз. Аллаһ елшісі келіп, ақырын үгіт айта бастады.

Бұны естігенде Әбу Жәһил тұрпайылығына басып:

«Ей, Мұхаммед! Егер о дүниеде үгіт-насихат айтқаныңа куәгер таппай істеп жүрсең, арамтерлікті қой, керек болса өзім-ақ куәгерлік етемін. Тап қазір мені мазалағаныңды доғаршы»,– деді.

Аллаһ елшісі үндеместен тұрып кетіп қалды.

Мен Әбу Жәһилден:

– Расында, сен оған сенесің бе? – деп сұрадым. Ол сонда:

– Негізінде, оның пайғамбар екенін білемін. Бірақ Хашимилармен[27] бұрыннан бері арамызда бір бақталастық бар. Олар рифадә[28], сикайә[29] бізде деп ұдайы мақтанады. Енді «пайғамбар да бізден шықты» десе, онда бұған төзе алмаймын», – деді»...[30]

Бірде құрайыш атқамінерлері бас қосып, өзара ақыл-кеңес құрады. Соңында Аллаһ елшісіне Утбә ибн Раби'аны жіберуге шешім қабылдады. Утбә онымен тіл табысып, ойдағыдай көндіріп, дағуасынан (Аллаһқа шақыру) бас тартқызбақшы болған. Бұл кісі сол заманның зиялы қауымынан саналған һәм араб әдебиетін терең, жетік білген адам еді. Ол екі дүние Шамшырағының жанына барып, орға итеретін қитұрқы сұрақ қояды:

«Ей, Мұхаммед! Сен артықсың ба, әлде әкең Абдуллаһ па?».

Пайғамбарымыз бұл сұраққа жауап бермеді. Абзалы, ақымақтың сұрағына жауап бермей, үнсіз қалу болатын. Утбә сөзін ары жалғастырып:



– Егер әкем артық десең, ол сен қарсы шыққан құдайларымызға табынып өтті. Жоқ, егер өзінді одан артық санасаң, онда, қане, сөйле, уәжіңді тыңдайын, – деп тоқтады.

Әлгіден бері үнсіз тыңдап тұрған Аллаһ елшісі оған:

– Айтып болдың ба? – деді.

– Иә, – деп Утбә үнсіз қалды.

Сол сәтте Аллаһ елшісі жүгініп отырды да, «Фуссиләт» сүресін оқи бастады:

«Олар бет бұрса: «сендерге Ғад, Сәмуд елінің басына келген нажағай секілді апатты ескертемін», – де» аятына келгенде, Утбә одан ары төзе алмады. Бойы сеңдей сіресіп, аяқ-қолдары қалтырай бастады. Ары қарай тыңдауға шыдамы жетпей, қалтыраған қолымен Аллаһ елшісінің мүбәрак аузын басып: «Тоқта, Мұхаммед! Иман еткен Тәңірің үшін тоқта!» – деп жалынды. Көп ұзамай орнынан тұрып, кетіп қалды.

Меккенің игі-жақсылары соңын күтіп тұрған-ды. Әбу Жәһил Утбәнің жүрісін жақтырмады. Жанындағыларға «мынаның баруынан қайтуы жаман» деп күбірледі. Утбә ешқайда бұрылмай, үйіне тіке тартты. Тыңдаған аяттары оның тұла бойын жай отындай осып өткен болатын. Аздан соң шайтанға ақыл үйрететіндей қара ниетті Әбу Жәһил Утбәнің үйіне бет алды. Ол Утбәнің иманға келгенінен іштей қауіптеніп, ізін суытпай өзімен сөйлескенді жөн көрді. Оның осал жерін өте жақсы білетін. Салған жерден намысына тиіп былай деді:

– Утбә, естуімше Мұхаммед саған қатты ілтипат көрсетіпті. Сені қонақ етіп, қошеметтеп қарсы алып, ішкізіп-жегізіп, сыйлап, дән риза етіпті. Мұндай қошемет пен сый-сияпатқа масаттанып, көңілің иіп, оған иман келтіріпсің. Жұрт гу-гу етіп, осыны сөз етіп жүр», – деді.

Утбә ашуланып терісіне сыймай кетті.

– Мен оған ас-ауқат немесе қошемет іздеп барғаным жоқ. Мұны барлығың да білесіңдер. Араларыңда менен дәулеті асқан бай адам жоқ. Бірақ Мұхаммедтің айтқандары мені қатты толқытып, жүрегімді еріксіз шымырлатты. Өйткені оның оқығандарын өлең дейін десем, өлең емес, сәуегейдің сөзіне де ұқсамайды. Сондықтан дал болып, не дерімді білмей тұрмын. Әрі ол – тура сөйлейтін адам. Оқығандарын тыңдаған сәтте Ад пен Сәмуд халқының басына келген бәлелер бізге де келсе, қайттік?» – деп қорықтым»[31].

### Жала

Мойындау тек бір-екі адаммен ғана шектелмейді. Ар-ождандағы түсінік бірдей. Бірақ қорқыныш, ашкөздік және қырсық-қыңырлық тәрізді керітартпа әдеттер

кейбір жандардың иманға келуіне тосқауыл болды. Олар біле тұрса да, қасақана сенбеді.

Құран Кәрім олардың осы жайын баян етіп әрі Пайғамбарымызды жұбату үшін былай дейді:

«Олардың айтқандары сені мұңға бөлейтін. Біз, әлбетте, жақсы білеміз. Негізінде, олар сені өтірікші қатарына қоспайды. Бірақ біле тұра, қасақана Аллаһтың аяттарын теріске шығарады» (Әнғам, 6/33).

Олар саған әр түрлі ат тағып, жала жапты. Іс-қылықтары сені қатты мұңайтты. Абай бол! Жаман әдеттерін тастай алмай, нәпсінің құлына айналған бақытсыздардың сөздері сені кейітпесін. Негізінде, олар сенің жалған сөйлеуден пәк екенінді жақсы біледі. Олар саған жала жаба алмайды. Өйткені жалған сөйлемейтінін біледі. Сені «Әмин» (сенімді) деп атаған да өздері. Олардың санасыздығы сол – саған жапқан жалаларына өздері де сенбейді. Өздерінің не дегендерін ақылға салып көрген емес. Ендеше, мұңға берілме!

Иә, қос әлемнің тізгінін қолында ұстаған Жаратушының нұрынан мақұрым өткен бейбақтар ғана бақытсыз, сен емес солар мұңайсын...

[1] Бухари, Бәд'у'л-Уаһи, 3,6; Муслим, әл-Жиһад, 74.

[2] Бухари, Тәфсир, (111), 1; Тәфсир, (26), 2; Муслим Иман, 355.

[3] Аллаһтан басқа құдай жоқ.

[4] Аллаһ бізге жетіп асады.

[5] Абдулмутталиб құрайыш тайпасының көсемі әрі Меккенің билеушісі болған. Дегенмен билік жүргізуге қатысты түпкілікті шешімдер басқа да құрайыш руларының басшыларынан құралған алқалы мәжілістерде қабылданып отырған.

[6] Ибн Хишам, әс-Сирату'н-Нубуә, 1/178; Ибн Са'д, әт-Табақату'л-Кубра, 1/118.

[7] Әбу Тәліб – Абдулмутталибтің ұлы.

[8] Йемен басшысы Әшірұлы Әбрәһе Қағбаның зияратшыларын өзіне тарту үшін Санға қаласында «Куллайс» атты салтанатты бір шіркеу жасап, алпыс мың қол, он үш пілмен Қағбаны бұзуға келгенде танғажайып оқиға болып, аспаннан топ-топ құстар келіп, Әбрәһе әскеріне балшықтан жасалған кесектер жаудырып, жермен-жексен етеді.

[9] Фиһар соғысы – қараңғылық дәуірінде пұтқа табынушы тайпалардың тиым салынған айларда (харам) жасаған соғыстары

[10] Хадисте былай дейді: “Аллаһ барлық пайғамбарлардың нәсілін өз нәсілдерінен таратты. Ал менің нәсілімді Алидің нәсілінен таратады”. (Байһақи, Мәжма'уз-Зәу'ид, 9/172; Бағдади, Тариху Бағдад, 1/317.

[11] Пайғамбарымыздың өмірбаяны егжей-тегжейлі зерттеліп жазылған кітаптар

[12] Еврей

[13] Ибн Хишам, Сирә, 1/191-195.

[14] Исламнан бұрынғы дәуірде пұттарға табынбай, тек бір Құдайға сенген адам. (ауд).

[15] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 2/298.

[16] Аллаһтың Жәбірейіл періште арқылы пайғамбарларға жіберген хабары (ауд).

[17] Бухари, Бәд'у'л-Уаһи, 3.

[18] Муснәд, 5/451.

[19] Құран аяттарын талдап, түсіндірме жазушылар.

[20] Ибн Хажәр, Исабә, 2/320.

[21] Құран аяттарын талдап, түсіндірме жазушылар.

[22] Мухтасару Тәфсири Ибн Кәсир, 1/140; қараңыз; Суюти, әд-Дурру'л-Мәнсур, 1/357.

[23] Бухари, Тәфсир, (2),6; Ахмәд ибн Ханбәл, Муснәд, 3/108, 271-272.

[24] Отқа табынушы.

[25] Қуба – Мәдина маңайындағы елді мекеннің атауы

[26] Ибн Хишам, Сирә, 1/228-234.

[27] Пайғамбардың руы (ауд).

[28] Қараңғылық дәуірде кедей қажыларға ақша, азық-түлік, т.б. тарату (ауд).

[29] Сол дәуірде қажыларға су тарату (ауд.).

[30] Алауиддин Али әл-Муттахи әл-Һинди, Кәнзу'л-Уммал, 14/39-40; Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 3/83.

[31] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 3/80-81; Ибн Хишам, Сирә, 1/313.

## **КЕЛЕТІНІ СҮЙІНШІЛЕНГЕН ПАЙҒАМБАР Ибраһимнің (а.с) дұғасы, Исаның (а.с) сүйіншісі**

Бір күні сахабалардың бірі Аллаһ елшісіне:

«Уа, Аллаһтың елшісі, бізге өзіңіз жайлы аз да болса мағлұмат берсеңіз», – дейді. Аллаһ елшісі: «Мен – Ибраһимнің (а.с.) дұғасы, Исаның (а.с.) сүйіншісімін», – деп жауап қатады[1].

Құран Кәрімнің екі аятында осы ерекшелік туралы сөз болған:

1) Ибраһим (а.с.) былай деп дұға еткен:

«Раббымыз! Олардың өз араларынан өздеріне аяттарыңды оқитын, кітап пен хикметті үйрететін һәм оларды тазартатын елші жібер. Күдіксіз, жалғыз, азиз (аса үстем), хаким (өте дана) – Сенсің» (Бақара, 2/129).

2) Исаның (а.с.) сүйіншісі:

«Сол уақытта Мәриям ұлы Иса: «Ей, Израйыл ұрпақтары! Шын мәнінде, мен сендерге Аллаһтың елшісімін, менен бұрын келген Тәуратты растаушы әрі сендерді менен кейін келетін «Ахмәд» атты пайғамбармен сүйіншілеймін» деген еді. Бірақ (айтылған) Пайғамбар оларға айқын дәлелдермен келген кезде: «Бұл – барып тұрған сиқыршы», – деді» (Саф, 61/6).

Иә, Аллаһ елшісі адамзатқа кездейсоқ келген көлденең көк атты емес. Ол – келмей тұрып-ақ талай ғасырлар бұрын хабар беріліп, келуін барлық әлем күткен пайғамбар. Пайғамбарлығына ең үлкен дәлел мәңгілік мұғжиза – Құран Кәрім. Мұғжизалы Баян (таңғажайып баян) болып табылатын Құранның жүздеген аятында екі әлем Сардарының Хақ пайғамбар екені айтылған. Құранды түгелдей теріске шығара алмаған адам Пайғамбарымыздың пайғамбарлығын жоққа шығара қоймайтыны анық. Өз алдына жеке тақырып болатын бұл мәселені қазір қозғай алмаймыз. Реті келіп, сөз арқауына айналса, бұл жөнінде біраз мәселенің беті ашылады.

[1] әл-Һинди, Кәнзу'л-Уммал, 11/384.

## **Тәурат сүйіншілері**

Біз бұл бөлімде сан мәрте бұрмалауға ұшыраса да, ішінде әлі де Аллаһ елшісі туралы ишарат пен сүйіншілері бар Тәурат, Інжіл және Забурдың кейбір жерлерін келтіре кетуді жөн көріп отырмыз. Мәселенің егжей-тегжейін білгісі келгендерге осы тақырыпқа байланысты жазылған жеке ғылыми еңбектерге, әсіресе, Хусейн Жисридің «Рисала Хамидия» кітабына үңілуін өтіне отырып, біз маңызды-ау дегендерін ғана сөз етеміз.

### **Фаран таулары**

1944 жылында Лондонда басылған Тәураттың арабша аудармасының бір жолында: «Аллаһ адамзатқа Синада жақындады. Сайрда нұрландырды. Фаран тауларында көрініп, өзінің біртұтас толықтығын жария етті», – делінген (Второзаконие, 33/2). Бұл географиялық атаулар бізге нені ұқтыруда?

Яғни, Аллаһтың рақымдылығы, адамзатқа деген мейірім-шапағаты Мұсаның (а.с.) Аллаһпен тілдескен Сина тауында байқалды. Ол – сол дәуірдегі Мұсаға (а.с.) берілген пайғамбарлық.

Сайр – Палестина жері. Сол жерде уахи жолымен келген Аллаһтың рақымдылығына Иса пайғамбар мен оның айналасындағы жандар түгелдей бөленді. Сонымен қатар, Иса Мәсих (а.с.) – Аллаһ тағаланың ерекше сый-құрметіне бөленген ұлық пайғамбарлардың бірі.

Фаран – Мекке қаласы. Өйткені Тәураттың және бір жерінде Ибраһим пайғамбардың баласы Исмайылды Фаранда қалдырғанынан хабар береді. Олай болса, Тәуратта жазылған Фаран – қазіргі Мекке.

Бұл дәйектемеде жалпы үш пайғамбар туралы айтылады. Бұлардың біріншісі – Мұса (а.с.), екіншісі – Иса (а.с.), үшіншісі – ақырғы пайғамбар, екі әлем Сардары Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм).

### **Исмайыл нәсілі**

Тәураттың жоғарыдағы екінші жолында:

Аллаһ Тәуратта Мұса пайғамбарға былай дейді: «Олар үшін (Израйыл ұрпақтары) бауырларының арасынан сен секілді бір пайғамбар шығарамын да, сөздерімді көкейіне саламын. Ол әмірлерімнің барлығын оларға айтып жеткізеді» (Второзаконие, 33/2).

19-жол да осыны толықтыратын мағынада:

«Менің есіміммен айтылған сөздерге бағынбағандардан Мен өзім кек аламын» – делінген.

Тәураттағы «Израйыл ұрпақтарының бауыры» сөзімен Исмайыл пайғамбардың (а.с.) нәсілінен пайғамбар келетінін ишарат етілген. Ал, Исмайылдың (а.с.) нәсілінен шыққан жалғыз пайғамбар – хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм). Ол да Мұса (а.с.) секілді шарифатпен келеді. Сонымен қатар, бұл пайғамбардың умми[1] болатындығы айтылған.

Мойынсұнбағандардан алынатын кек, шамасы, шарифатқа тиісті ескерту мен қорқыту не жаза болса керек.

Тәуратта айтылған пайғамбардың Иса (а.с.) немесе Юша (а.с.) болу ықтималына келсек, бұл ақылға қонбайды. Өйткені сөз етіліп отырған пайғамбарлар – Израйыл ұрпақтары. Бұған қоса көптеген мәселеде Иса (а.с.) жаңа заң әкелмей, тек Мұсаның (а.с.) әкелген шарифатына ілескен. Ал Юшаның (а.с.) Мұсаға (а.с.) ұқсамағаны айдан анық. Өйткені ол да жаңа бір шарифатпен келмеген. Бұған қоса, «Расында, Біз Перғауынға пайғамбар жібергендей, сендерге де куәлік ететін пайғамбар жібердік», – (Мүззәммил, 73/15) деген аят та Мұса (а.с.) мен Пайғамбарымыз арасындағы ұқсастықты баяндап тұр. Негізінде, бұдан артық басқа дәлелдің қажеті де жоқ.

### Ерекшелік

Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас, Абдуллаһ ибн Сәләм және Ка'бул Ахбар (р.анһум) – үшеуі де Құраннан бұрынғы түскен кітаптарды жетік білуімен аты шыққан ұлы тұлғалар.

Олар өз заманында дәл қазіргідей өзгеріске ұшырамаған Тәураттан мынандай аятты бізге ұсынады: «Ей, Пайғамбар! Біз сені куәгер, сүйіншілеуші, ескертуші әрі арқа сүйер етіп жібердік. Сен – Менің құлым әрі елшімің. Сені «Мутәуәккил» (Аллаһқа толық мойынсұнған) деп атадым. Ол қатал да, дөрекі де емес. Базарларда айғайлап даусын көтермейді. Жамандыққа жамандық жасамайды. Бірақ кешіріммен қарайды, ғафу етеді. Аллаһ онымен қисық елді «Ләә-иләһә-ил-лаллаһ» дегізіп түзелткенге дейін, оның жанын алмайды»

Ойланып көрейік. Тәураттағы бұл сөз кімге айтылған? Сөйлемді талдап, тереңге бойлаудың қажеті жоқ. Мұның ашық мағынасына қарасақ, болашақта келетін

пайғамбарға, яғни пайғамбарлар арасында тікелей хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) қарата айтылғаны көрініп тұр.

Ол – барша адамзатқа жіберілген пайғамбар.

Жоғарыдағы жолда оған:

Сені барлық адамзатқа тура жолды көрсететін сүйіншілеуші әрі оларды бұрыс жолдан сақтандыратын ескертуші етіп жібердім. Сен жамандық атаулыға қарсы тұрып, адамдардың жәһәннам шыңырауына түсуіне тосқауыл боласың. Сонымен қатар, осы қисық та бұралаң, ойлы-қырлы жолдардан шыға алмай қараңғыда қалғандарға жарық болып, қолдарынан ұстап, оларды жәннат пен Аллаһты көруге апарасың, – деп жол көрсеткен.

Сені қараңғы дәуірдің умми халқына пана етіп жібердім. Сені түсініп, көздері ашылғанда, сені қорған етеді. Саған арқа сүйегенде ғана бақытты ғұмыр кешпек...

Сен – Менің құлым әрі елшімсің.

Иә, біз де әт-тахиятта (намаздағы дұға) әрқашан оның құл екендігі мен пайғамбарлығын айтамыз. Мен сені «Мутәуәккил» (Аллаһқа толық тәуекел етуші) деп атадым. Әлем саған қарсы шығып, сен олармен айқасуға тура келгенде, қорқу дегенді білмейтін боласың. Әр пайғамбардың өзіне сай тәуекел ету қасиеті бар. Бірақ сен бұл тұрғыдан мүлде өзгешесің. Сондықтан да, Мен саған «Мутәуәккил» деп ат қойдым.

Содан кейін ең соңғы сөздің бағыты басқа арнаға түседі. Мұның атын біз ілтипат дейміз.

Ол ашу шақырып, айналасындағыларды ренжітіп, жек көрінішті болатын адам емес. Керісінше, әдепті, салмақты, байсалды, ұстамды адам. Ол көшеде айқайлап, дауыс көтермейді. Өйткені мұндай қылықпен жұрт назарын өзіне аудару – осалдық пен өркөкіректіктің белгісі. Ол, әлбетте, мұндай жаман мінездерден бойын аулақ ұстайтын жан.

Ол жамандықты ешқашан жамандықпен қайтармайды. Бір бәдәуидің[2] оның шапанынан тартып, «Ақымды бер!» деген қылығы барлық сахабаның ашу-ызасын тудырса да, мұндай дәрекіліктерге мейірбан Пайғамбарымыз бар болғаны жай ғана жымыып, сахабаларына: «Мына кісінің сұрағанын беріңдер», – дейтін[3].

Иә, ол ең кешірілмейтін ағаттықты да кешіретін. Тек кісі шарифаттың заңына қарсы келетін іс-әрекет жасамаса болғаны. Меккені қоластына бағындырған күні өзіне кезінде күн көрсетпеген меккеліктерге: «Барындар, барлығың түгелдей азатсындар», – деген еді[4]...

Қате жолда қараңғы ғұмыр кешкен адамдар оның әкелген нұрымен дұрыс бағытын тапқанға дейін Аллаһ тағала сүйікті елшісінің дүниеден көшуін тағдырына жазбаған. Оның «Әр-Рәфикул-А'лаға»[5] көтерілуі діннің кемеліне жетіп, пайғамбарлық міндеті біткенде ғана жүзеге асатын-ды. Тәрбиелеген адамдары өзін жоқтатпайтын деңгейге көтерілген кезде ғана Ұлы досына қайтып оралмақ. Өйткені оның бұл дүниедегі ұлық міндеті сонда ғана аяқталады.

Пайғамбарымыз туралы Тәуратта осылайша баяндалған. Ол уақыты келгенде, дүниеге келген сәттен бастап, өзінің ұлағатты өмірімен осы айтылғандарды жүзеге асырды.

Турасына келсек, ол жерде Аллаһ елшісінің тікелей өзіне тән сипаттар айтылған. Сонда Тәуратта сөз болған бұл ұлы пайғамбар кім еді? Тарихта дәл осы айтылғандарды іске асырған басқа біреу бар ма? Әлбетте, жоқ! Олай болса, Тәуратта сөз болған адам, әрине, шүбәсіз хазірет Мұхаммед саллалаһу алейһ уә сәлләм!

[1] Оқымаған адам. Яғни, жазу-сызуды білмеген жан деген сөз. Бірақ «умми» мен «қараңғы адамның» арасында үлкен айырмашылық бар. Умми – тек қана жазу-сызу білмейтін, оқымаған адам болса, қараңғы адам – жазу-сызу білсе де, оқығанын тоқымаған сана-сезімі төмен адам (ауд).

[2] Шөл адамы.

[3] Әбу Дәууд, Әдәб, 1; Нәсә'и, Қасама, 24.

[4] Ибн Хишам, Сирә, 4/55.

[5] Аллаһқа қайтып оралуы.



## ІНЖІЛДІҢ СҮЙІНШІЛЕРІ

### Фарақлит

Иоанн Інжіліндегі бір аят: «Мәсих: (Иса) «Мен – менмін. Мен сендерге Тәуилді әкелетін Фарақлитті жіберу үшін сендердің Рабтарыңа кетемін» – деп баяндалған.

Фарақлит – хақтың рухы, оның мағынасы хақ пен жалғанды бір-бірінен түгелдей айырушы дегенге келеді. Аллаһ елшісі – ақиқаттың рухы. Өйткені өлі жүректер оның әкелген шындық шырынымен ғана тіріліп, бүршік жарды. Ол адамдардың тура жолға түсуі үшін аянбай күресті. Хақ пен жалған ұғымдары бір-бірінен тек осындай бір күрес пен күш-жігердің арқасында ажыратылады. Хазірет Мәсих хабар берген Фарақлит келіп жетті. Ол – Аллаһтың ақырғы елшісі екі әлем Сардары хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм).

Иоанн Інжілінде:

«Егер мені жақсы көрсеңдер, әмірлеріме бас иіңдер! Мен Раббыма жалбарынамын. Ол сендерге үнемі өздеріңмен бірге болу үшін менен басқа бір жұбатушы, ақиқат рухын (Фарақлитті) береді»,– делінеді (Иоанн, 14-бап, 15-16 аят).

Енді кезекпен төмендегі аяттарға назар аударайық:

«Фарақлиттің Рухул-Қудус болғанының ерекшелігі сонда – Рабб оны менің атыммен (яғни, пайғамбар етіп) жібереді. Ол сендерге барлық нәрсені үйретеді. Әрі менің сендерге үйреткендерімді де қайта еске салады» (Иоанн, 14-бап, 26 аят).

«Фарақлит келген кезде, мен үшін куәгер болады. Сендер де маған куәлік етіңіздер» (Иоанн, 14-баб, 26-аят)

«Мен сендерге хақты айтамын. Менің кетуім сендер үшін жақсы. Өйткені мен кетпесем, Фарақлит сендерге келмейді. Бірақ мен кетсем, оны жіберемін» (Иоанн, 16-баб, 7-аят).

«Фарақлит келген кезде, барлық әлемді жасаған қателіктері үшін кінәлап, оларды тәрбие етеді» (Иоанн, 16-баб, 8-аят).

Інжілдің негізгі түпнұсқасы көне еврей тілінде, кейін грек тіліне аударылды. Біздің қазіргі қолымыздағы арабша аудармалар грек тілінен тәржімаланған. Фарақлит – грек тіліндегі осы сөздің арабша баламасы, яғни араб тіліне аударылып, осы тілге енген сөз. Біз бұл сөздің астарына үңіліп, егжей-тегжейлі

тәптіштеп тергеп жатпаймыз. Керісінше, біздің мақсат – Інжілде сүйіншіленген пайғамбардың барлық қасиеттері Пайғамбарымыздың бойында болғанын дәлелдеу. Ойымыз нақты болу үшін алдымен, Пайғамбарымызға жан-тәнімен берілген адамның сөздерін келтірейік.

Иә, Мәулана[1] қалай тамаша айтқан!

«Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) сипаттары Інжілде бар еді,  
Ол пайғамбардың сыры һәм кіршіксіз таза еді,  
Аса ғажап мінездері, түр-түсі, ғазауаттары, оразасы, ас ішуі,  
Бәрі де Інжілде жеке-жеке баяндалған ғажайып бір саз еді»...

### **Әлем басшысы**

Иоанн Інжілінде:

«Мәсих (Иса) былай деді: Мен енді сендермен сөйлеспеймін. Өйткені бұл әлемнің басшысы келе жатыр. Онда бар нәрсе менде жоқ», – деп айтылған. (14/30).

Забурда, 72-бабтың 8-аятында әрі жалғасында былай айтылған:

«Ол теңіз бен құрлықтың шектесер шегіне дейінгі жердің бәріне басшылық етеді. Шөл халқы оның алдында тізе бүгіп, дұшпандары топырақ жалайды. Таршиш пен аралдардың патшалары салық төлеп, Шеба (Арабия) мен Шеба патшалары сыйсияпат жасайды. Барлық басқа патшалар да оған мойынсұнып, әр тайпа бас иеді. Өйткені ол еңіреген кедей мен шарасыз қалған жандарға азаттық әпереді. Жарымжан мен жарлыға мейірім-шапағат көрсетіп, кедейлерді азаптан құтқарады. Зұлымдық атаулыдан азат болғандардың қадірі артады. Ол өмір сүреді. Оған Шеба (Арабия) өзінің қазынасынан алтын береді. Ол үшін үнемі дұға етіп, күнде мадақтайды. Есімі мәңгілікке ұласып, күнмен бірге мәңгі бақи шамшырақ болып жанады. Адамдар ол арқылы мүбәрак болады. Барша адамзат оны «мүбәрак» деп айтады».

Жоғарыда ескерткеніміздей, бұларды адамдарға оймақтай ой салу үшін айттық. Қосымша мынаған тоқталсақ дейміз. Күншілдік пен кекшілдігі көкірегіне мүйіз боп қатқан яһуди мен христиандар қанша бұрмаласа да, әлі де Тәурат пен Інжілден Аллаһ елшісінің пайғамбарлығына тән көптеген ишарат пен сүйіншілер табылуы әбден мүмкін. Тәурат, Інжіл және Забурдан ең аз өзгеріске түскен нұсқалар табылса, сол кезде, шамасы, ешқандай жорамалды да, тәпсірді де қажет етпей, Аллаһ елшісіне байланысты көптеген ашық белгілер бар екенін қарапайым адам да анық аңғарады. Христиандықтың бұрыс түсініктерден арылып, тазаратынынан хабар берген хадистерде де осы мағынаға ишарат бар болар, сірә[2].

Тәурат пен Інжілде Аллаһ елшісі мен сахабалары жайлы айтылғандығын Құран мен сүннет бізге жеткізген[3].

### Абзал адам

Қазіргі заман адамдары рухани құндылықтардың көбісінен көз жазып қалды. Өткен-кеткен пайғамбарларға, әсіресе, пайғамбарлардың сұлтаны Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) деген көзқарастары түбегейлі өзгерген. Алайда оны қатардағы жұмыр басты пенде көріп баға беруіміз мүлдем дұрыс емес. Өйткені ол – жер бетіне өзгеше леп әкелген, адамзаттың дүниетанымын өзгертіп, нұрға бөлеген, ерекше рух иесі һәм айрықша қасиеттерге ие адам. Сол себепті де оған баға беруге біздің өреміз жетпейді. Оның қандай асқақ тұлға екенін тап басып түсіндіріп бере алмаймыз.

Оның атына ең жақсы мадақ айтқандардың бірі – ақын Хассан ибн Сабит[4]. Ол: «Сөздеріммен Мұхаммедті (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) мадақтай алмадым. Керісінше, Мұхаммед арқылы сөздерім мадаққа ие болды», – деген болатын.

Ол туралы айтылған сөзіміз оның есімі айтылғандықтан ғана терең мәнге ие болды. Ғасырымыздың алып ойшылы[5] да Құран жайлы осылай деген болатын: «Құранды сөзбен мадақтай алмадым. Керісінше, сөздерім Құран арқылы мадаққа бөленді».

Байқасаңыз, бәрінің ой-сезімі бір-бірімен үндесіп жатыр. Өйткені олардың қайнары бір. Бірінің сөзін келесісі өзінше толықтырады.

Оған үмбет болу біз үшін қай жағынан алып қарасаңыз да шексіз бақыт, мың да бір шүкір айтқызатын теңдесі жоқ ырыс-береке. Ендеше, біз осы шапағатты терең сезініп, жаһанға жар салайық. Раббымызға күні-түні хамд (мадақ) пен шүкір етсек те аз. Өйткені біз ең үлкен ырыс-берекеге бөленген Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) үмбетіміз. Бұл – Аллаһ тағаланың бізге рақымы мен есепсіз игілігі. Ол кімді жарылқағысы келсе, соған қалағанынша үйіп-төгіп береді. Бірақ бізге бергені ешбір таразы тарта алмастай мол қазына, шексіз берекет.

Осы жерде мына мәселені қозғағым келіп отыр. Біз осынау Сұлтанға лайық пейіл білдіре алдық па? Оған деген шынайы сүйіспеншілігімізде мін бар ма екен? Жан сарайымыз оған әрқашан айқара ашық па? Жатсақ та, тұрсақ та, бір сәт естен шығармай, ақыл-ойымыз бен жүрегіміздің төрінен орын бере алдық па? Ғұмырымыз Соның жолында ма? Егер осы сауалдарға оның үдесінен шығып,

жауап бере алсақ, онда төрт құбыламыздың түгел болғаны. Онда өзіміз де, асқақ-армандарымыз да оның нұр сіңген бейнесінің шуағына бөленіп, оған лайық жамағат болғанымыз. Асылында, өмірін Пайғамбарымызға тән тектілік тәрбиесімен өткізген жамағат – жер бетіндегі бейбітшіліктің алтын қазығы. Шамасы, әліге дейін осы тепе-теңдікті сақтайтын негізге ие бола алмауымыздың бір ғана себебі бар-ау деймін. Ол – Мұхаммеди рухтың, яғни оның жоғарғы адамгершілігі мен нұр шашқан сүннетін темірқазық ету деңгейіне көтеріле алмай жатқандығымыздан болар.

Ол – Аллаһтың ерекше жаратқан пендесі. Солай бола тұра оның адам ретінде арамызда болуы – ең зор бақыт. Жәннат ол келгенде жауыннан кейін шайдай ашылған аспандай мерейі тасып, нұр боп шалқиды. Сондықтан замандастарымызға оны өз тұғырына лайық түрде түсіндіру – басты парызымыз. Өйткені адам баласы сол бір Сұлтанды түкпірлей түсініп, оған ілескенде ғана нағыз адамдықтың ұшар шыңына жетеді. Оны түсіну әрі түсіндіру үшін жұмсаған қажыр-қайратымды ешқашан жеткілікті көрмедім, дегенмен осыған қол жеткізу асыл арманым...

Ұзақ уақыт өзімді оның есігіндегі «Қитмирге»[6] балап, қамыққан көңілімді жұбатып жүрдім. Бірақ күн өткен сайын үмітім де сұйылып, өз-өзіме: «Әттең-ай! Адам болып жаратылғанша, Пайғамбарымыздың мүбәрак тәнінде бір қыл болып жаратылсамшы! Сонда Аллаһтың ерекше рақымдылығына ие адамға әлдеқайда жақын болар едім-ау» деп, жатсам да, тұрсам да армандап, аһ ұрдым. Бірақ оған лайық емес екенімді Ғаламның рақым нұрын терең таныған сайын аңғара бастадым. Ал, қазіргі барлық арман-тілегім – Аллаһ елшісінің үмбетінің арасында болу ғана. Өйткені Аллаһ мұндай нұрлы жамағат арасында болғандарды оның шапағатынан құр қалдырмайды. «Ондай жамағатпен бірге болған жан да рақымнан мақұрым қалмас»[7] – деген Құран аятына сүйеніп, мені де сол топқа қосар деген үкілі үмітімді жаныма медет етіп келемін.

Сөйте тұра, сол бір заңғар тұлға жайлы айтуға бел будым. Барлық қайрат, күш-жігерім – оқырман жүрегіне ұшқын тастап, оған деген сүйіспеншілікті ояту ғана. Қолдан келер өзге шарам бар ма? Өзімді бейне бір қажылыққа баруға ниеттенген құмырсқа секілді сезінемін[8]. Бар арманым ғұмырымды осы жолға арнау ғана...

Ол – бізге мүлдем беймәлім басқа әлемдердің адамы. Біздің міндетіміз – бейне бір шексіз кеңістікте оның нұрлы толқындарын таба білу іспетті. Осы толқындарды тауып, осыған сай жан-дүниемізді жаңғыртып, бойымызды түзер болсақ ол көңіліміздің төріне тағын құрары сөзсіз. Екі әлем Сардары көңіл төрімізге нықтап

орын тепсе айтып жеткізу мүмкін емес, көк пен жердегі періштелердің өздері тамсанып қызыға қарайтын асқақ та заңғар биікке самғар едік.

Енді осы тұсқа дейін айтқандарымды айтпақ болғандарыма арқау етпекпін. Пайғамбарлар мен Ағзам Нәбиге[9] ой көзімен қараған кезде адамның көзқарасы мен ниеті маңызды орынға шығады. Пайғамбарларды былай қойғанда, әулие, асфия[10], әбрар[11], муқарраибндерді[12] «сезініп түсінем, терең ұғынам» деп талпынған адамның көңілі бұлақтай мөлдір, жан сарайы таза болуы керек. Әйтпесе онсыз оларды танып-біле алмаймыз. Зілмауыр нәпсінің қара бұлты мен қалың тұманында қалып қойып, одан тырбандап шыға алмай, қараңғыда қамалып ғұмыр кешкен адам пайғамбарларды қалай ұға алсын? Ал, оның көз тіккен адамы хазірет Мұхаммед әлейһис-сәләм болса ше? Онда зейіні мен зердесін мейлінше жұмылдыруы қажет болмай ма?! Әркім өзінің қабілетіне қарай кей жайттарды көріп, сезе алады... Бірақ Екі әлемнің шырағын ешкім түпкілікті түрде түсіне алмақ емес.

Иә, солай.

«Көрген түспен ғұмырларын жұбатумен өткізген ұйқыдағы бейбақтар, оның ақиқатын қайдан ұға алсын?!»

Бусайри[13]

[1] Мәулана – Жалалуддин Руми (Бәлх 1207- Кония 1273), әйгілі ақын, Мәуләуи тариқатының пірі, 26 мың бәйіттен тұратын «Мәснәуи» атты шығарманың авторы.

[2] Бухари, Әнбиә, 49; Муслим, Иман, 244-247.

[3] “Олар қолдарындағы Тәурат пен Інжілде жазылған “умми” нәби пайғамбарға сенеді...” (А’раф сүресі 7/157). Қараңыз: Фатх, 48/29; Сафф, 61/6. Бухари, Буйу’, 50; Муснад, 2/174. Қосымша үшін қараңыз: Суюти, әл-Хаса’ису’л-Кубра, 1/18-31.

[4] Хассан ибн Сабит (563-683 Мәдина) – Ғассанидтер кезеңінде сарай ақыны болып, 60 жасында Ислам дінін қабылдаған. Кейіннен Пайғамбарымызға арнап мадақ жырларын жаза бастаған ақын.

[5] Бәдиуззаман Саид Нұрси (1876-1960) – әйгілі мұсылман ғалымы, Құран тәпсіршісі.

[6] Қитмир; «Кәһф» сүресіндегі «Кәһф» (үңгір) достарының итінің аты. Сол сүреде осы ит жайлы да айтылған. Жазушы бұл жерде оны адалдықтың үлгісі ретінде алған (ауд).

[7] Бухари, Да’уа 66; Муслим, Зикр, 25; Тирмизи, Да’уа, 129; Муснад, 2/252,383.

[8] Бір құмырсқа қажылыққа баруға ниет етіп жолға шығыпты. Көрген жұрт: “Құмырсқа-ау, мына жүрісіңмен қажылыққа жете алмайсың ғой”, – дейді. Құмырсқа оларға: “Жете алмасам, қажылыққа бару жолында өлермін”, – деп жауап беріпті. Бұл мысал ниеттің өте маңызды екенін білдіреді. Пайғамбарымыз да бір хадисінде “Мұсылманның ниеті жасаған амалынан қайырлы” дейді (ауд).

[9] Ең үлкен пайғамбар (ауд).

[10] Пайғамбарымызға мирасқор болып оның ісі мен мақсатын жандандыруға, іске асыруға өмірін арнаған тура да шыншыл әрі салихалы тауа жандар (ауд).

[11] Сөзі мен ісі бір жерден шығатын турашыл жандар (ауд).

[12] Тақуалығы мен ғибадаты арқылы әулиеліктің шыңына жетіп, Аллаһтың айрықша қадір тұтқан адамдары (ауд).

[13] Шарафуддин Бусайри (1213-1295) – әйгілі араб шайыры, «Қасидатуль-бурда» атты танымал еңбектің авторы.

## ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ЖІБЕРІЛУ МАҚСАТЫ

Пайғамбарлар араларындағы дәреже айырмашылық-тарына карамастан, бәрі Жаратушының таңдаулы құлы әрі Аллаһ затының [1] шағылдарына қарай таңдалған. Олар Аллаһ тағалаға басқа жұмыр басты пенделерге қарағанда бір табан жақын. Жаратушы оларды бөгде адамдар бас сұға алмайтын қорғанда тәрбиелеп өсіріп, өзінен басқа өзге нәрселерге көз тастап, көңіл бөлуіне мүлдем жол бермеген.

Барлық пайғамбарлар секілді Пайғамбарымыз да өмір бақи Раббысынан басқаға мойын бұрмай, тек ол жайлы ойлап, Хақтың ақиқаты мен құдыретін паш етіп өткен. Ол есер ой мен есерсоқ ниеттен алыс болып, дүние қызығының соңына түспеген. Бөгде нәрсе сиқырлап өзіне тартып, қызықтырып басын айналдыра алмаған. Көзін ашқан сәтте-ақ Раббысын көріп, көзін жұмар сәтте де: «Аллаһым, Рәфиқу'л А'ланы (Ұлы Досымды) қалаймын», – деген болатын.

Енді осы жайды Айша анамыздан (р.а.) тыңдайық:

«Аллаһ елшісі сырқаттанған кезінде, маған «дұға ет» дейтін. Мен мүбәрак қолынан ұстап, қолының берекетімен шипа табуын үміт етіп, алақанымды мүбәрак басына қойып, дұға ететінмін. Өлім аузында жатқанда бұрынғыша дұға етейін деп ұмсынғанымда, ол қолын тартып алды да: «Аллаһым, Ұлы Досымды қалаймын», – деді»[2].

Аллаһ расулы осыдан соң өмірдегі достарын емес, шын Досы – Раббысымен қауышуға асыққан еді.

Өмірге таза келіп, таза кеткен, пәк ғұмыр кешкен пайғамбарлар, әсіресе, Пайғамбарымыз әлемге не үшін келді? Қандай мақсатпен жіберілді? Ендігі сөзіміз осы сауалдардың жауабынан өрбиді. Әсіресе, мына бастапқы екі негіз осы тақырыптың мәнін аша түспек:

Біріншісі: Пайғамбарлардың зеңгір де асқақ дәрежелеріне немқұрайды қарамай, оларға жай үстірт баға берушілерге бұлтартпас дәлелдермен жауап беруіміз қажет.

Екіншісі: Бүгінгі таңда пайғамбарлыққа тиісті міндетті арқалаған адамдарға қандай жолмен, қандай жүйемен жүру керектігін көрсету.

Мәселені қай жағынан алып қарасақ та, тақырыптың маңызы кемімейді. Ойымызды бірнеше тарауға бөліп қарастырамыз:

[1] Аллаһтың заты; бұл жерде “зат” сөзі тек Аллаһтың өзіне ғана тән деген ұғым (ауд).

[2] Бухари, Мәғазі, 83; Муслим, Сәләм, 46; Әбу Дәууд, Тыб, 19; Тирмизи, Да'уа, 76.



## 1. Құлшылық қасиеті

Пайғамбарлардың жіберілу мақсаты адамның жаратылыс мақсатымен бір арнада тоғысады. Ол – Аллаһ тағалаға құл болу.

Аллаһ Құран Кәрімде: «Мен жын мен адамзатты Маған құлшылық етсін деп қана жараттым», – (Зәрият, 51/56) деп, осы мәселенің басын ашып береді.

Яғни, негізгі жаратылу мақсатымыз – Аллаһты тану, лайықты құл болу. Бұл жерде ішіп-жеу, дүние-мүлік табу, отбасын құру секілді күйбең тіршілік айтылып тұрған жоқ. Бұлар жаратылыс мақсатымыз емес, жай ғана табиғи қажеттіліктер. Пайғамбарлар бізге осы нұрға бастайтын сырлы жолды көрсетуге келген.

Аятта: «(Мұхаммед) сенен бұрынғы барлық пайғамбарларды: «Күдіксіз, Менен басқа құдай жоқ. Маған ғана құлшылық қылыңдар» деген уахиден ғана жібердік» (Әнбия, 21/25), – делінген.

Басқа бір аятта да: «Расында, әр үмбетке: «Аллаһқа құлшылық жасаңдар, азғындардан аулақ болыңдар» дейтін елші жібердік. Олардың кейбірін Аллаһ тура жолға салды. Кейбірі азғындап адасып кетті. Ал енді жер жүзін шарлаңдар да, Хақты жоққа шығарғандардың ақыры не болғанын көріңдер» (Нахыл, 16:36) – делінген. Яғни, пайғамбарлардың жіберілу мақсаты – пұттарға табынудан сақтанып, Аллаһ тағалаға шынайы құл, адамдарға рухани жолбасшы болу.

Пайғамбарымыздың ерекшелігі

Екі әлем Сардарының жағдайы бұдан өзгеше. Ол барлық әлемге рақым ретінде адамзат пен жындарға құлшылық етуді үйрету үшін жіберілген.

Абдуллаһ ибн Мәсғуд (р.а.) басынан өткен жайды былай баяндайды:

«Бірде Пайғамбарымызбен бір жерге барған едім. Сонда ол айналама шеңбер сызып: «Бұл жерден кетпе», – деді. Содан соң өзі бір жаққа кетіп қалды. Аздан соң Пайғамбарымыз кеткен жақтан улаған-шулаған дауыстар естілді. «Аллаһ елшісіне не болды екен?» – деп қатты абыржи бастадым. Бірақ бұйрыққа мойынсұнып, тұрған жерімнен қозғалмадым.

Біраз уақыттан соң Аллаһ елшісі қайтып келді. У-шудың не екенін білгім келіп: «Пайғамбарым! Өлгі шыққан шу не еді?» – деп едім, ол:



«Жын тайпасы маған иман келтіріп, биат (серт) етті. Иман келтіргендер мен имансыздар арасында талас-тартыс шықты. Сен естіген шу – сол. Әрі маған дүниеден озатыным туралы хабар берілді», – деп жауап қайырды»[1].

Аллаһ елшісі соңғы сөзімен: «Менің жіберілу мақсатым – адамзат пен жындарға тура бағытты көрсету. Ал бүгін жындар да маған иман етіп, бағынған-ды. Демек, бұл өмірде қалуымның ешқандай мән-мағынасы қалған жоқ. Ендеше, бұл ғұмырмен қош айтыссам да болады», – дегенді меңзеген еді.

Осылайша ол пайғамбарлығының мақсатына тиісті сырларды паш еткен еді.

Хазірет Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) үмбетіне дүние мен ақырет арасында таңдау жасауға қатысты: «Аллаһым, өмір сүру мен үшін қайырлы болғанға дейін өмір бер. Өлім мен үшін әлдеқайда қайырлы болған сәтте жанымды ал», – деп дұға үйретті[2].

[1] Табәри, Жами'у'л-Баян, 24/33; Муснәд, 1/449.

[2] Бухари, Мәрда, 19; Муслим, Зикр, 10.

## 2. Дінді насихаттау

Пайғамбарлардың жіберілу мақсаттарының бірі – дінді тәблиғ[1] ету, насихаттау. Егер олар келмегенде, біз қалай ғибадат ету керектігін не иләһи заңдарды білмей, жауапкершілігімізді сезіне алмас едік. Намаз, ораза, зекет, қажылық, т.б. не екенін білмей, ішімдік, құмар ойындары, зина, өзін-өзі өлтіру, өсімқорлық секілді харам әдеттердің соңы неге апарып соқтыратынынан да білмес едік. Бірақ, бақытымызға орай, осы мәселелердің барлығын пайғамбарлар арқылы біліп, үйрендік. Мұны қысқаша «пайғамбарлық міндет» деп те айтамыз. Пайғамбарлардың бәрі бірдей хабар әкелген. Яғни, әкелген заңдарының кейбір тармақтарындағы аздаған айырмашылықтарды есептемегенде, бәрінің жеткізген діні бір[2].

Ұлы Жаратушы пайғамбарларға тиісті осы мақсат пен міндет хақында Құранда: «Олардың (пайғамбарлардың) өзіндік ерекшелігі сол – Аллаһтың бұйрықтарын тәблиғ етіп, Одан қорқады. Олар Аллаһтан өзге ешкімнен де қорықпайды. Есеп беруде Аллаһ жетіп асады» (Ахзап, 33/39), – дейді.

Осы ұлы мақсатты іске асыру үшін келгендіктен, оларға еш нәрсе бөгет бола алмаған. Дүниенің астаң-кестеңі шығып, аспан төңкеріліп жатса да, бұл көзсіз батырлар сескенудің не екенін білмеген. Өйткені олар күллі әлемді жаратқан Жалғыз Аллаһ тағаладан ғана қорқып, Соған ғана тағзым еткен.

Бұл жайлы Құранда Пайғамбарымызға былай дейді: «Ей, Расул! Раббыңнан саған түскендерді тәблиғ ет. Егер іске асырмасаң, онда жүктелген елшілік міндетінді орындамаған боласың. Аллаһ сені адамдардан сақтайды. Сөз жоқ, Аллаһ кәпірлерді мұрат-мақсатына жеткізбейді» (Мәида, 5/67).

Яғни, дінді жеткізу жолында жіберген әр кемшілігің – пайғамбарлық міндетінді орындау барысындағы кемшілік. Бұл сенің жеке өміріңе ғана емес, сонымен қатар, барша адамдардың өміріне өз зиянын тигізеді. Сенің міндетің – күллі адамзатты нұрға бөлеу. Егер бұл міндетті орындай алмасаң, онда барлық адамдар қараңғылықтан көз ашпайды.

Негізінде Әз елші өзіне берілген міндетін терең ұғып, сезінген жан болатын. Әйтпесе, мұндай ұлық міндет оның тағдырына жазылмас еді.

## Уазипа

Хазіреті Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбарлық міндет жүктелісімен, оның бар ғұмыры халыққа дінді насихаттаумен өтті. Әркімнің есігін қағып, өзіне құлақ түретін ақ жүректі, ақиқатқа ынтық жандарды іздеді.

Бастапқыда қалың жұртшылық айтқан сөздеріне құлақ аспай, теріс айналды. Келеке етіп, мазаққа айналдырды. Тіпті ауыр соққыға да жықты. Жолына тікен шашып, намаз оқыған кезде, басына түйенің қан-жынын ақтарды. Сан түрлі жәбір көрсетіп, жапа шектірді. Бірақ мұншалықты жан сыздатар жәбір көрсе де, екі әлем Сардары мойымады. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, тәблиғ етуден жалықпады. Өйткені дүниеге келу мақсатының өзі осы болатын. Жаналқымынан алған адуынды дұшпандарына да сан рет барып, иләһи (құдайлық) пәрмендерді жеткізуге мойымады. Әбу Жәһил мен Әбу Ләһәб секілді дінге қаны қас Аллаһ дұшпандарына да сан рет барып, түк өндіре алмай, сан мәрте сабылып қайтса да, тауы шағылмай, ақиқатты жеткізуден танбады. Ол адамдарды тура жолға шақыру ниетімен ел қалың жиналатын жәрмеңкелерге баратын. Әркімнің есігін қағып, аяғынан сабылатын. Алайда көпшілігі есіктерін тарс жауып, ақиқат нұрын көргісі келмей тыжырына қарайтын. Сонда да алған бетінен қайтпай, сол есіктерді қайта қағып, оларды туралыққа шақырды.

Меккеден үміт үзіп, кейін Тайыфқа кетті.

Тайыфтың халқы сауық-сайранды тәуір көретін. Рақат өмірге батып, асып-тасқан тайыфтықтар күпірлікте меккеліктерден де асып түсті. Азғын тобыр заңғар көкпен таласқан шың секілді Хақ пайғамбарға тас лақтырып, Тайыфтан қуып шықты. Олардың азғындап кеткені сонша – көк пен жердегі періштелер де тіктеп қарауға бата алмаған Ай мен Күннің Сұлтанына дәті барып, тас атты. Сол кезде Аллаһ елшісінің жанында «балам» деп бауырына басқан Зәйд ибн Харисә бар-тын. Зәйд лақтырылған тастарға өз денесін қалқан етіп, Сұлтандардың Сұлтанын қорғап бақты. Сонда да мүбәрак тәніне тиген тастар Пайғамбарымыздың тұла бойын қан-жоса етті.

Аздан соң осы мейірімсіз, қатыгез адамдардан аулақ кетіп, бір ағаштың саясына аялдағаны сол еді, кенеттен Жәбірейіл періште келе қалды. Ол егер рұқсат берсе, осы маңайдағы бір тауды әлгі азғын адамдардың үстіне төңкере салатынын айтып, ұсыныс жасады. Рақым Пайғамбары өзін қатты налытқан осы сәтте де «жоқ!» деп жауап қайырды. Көрген азабы мен шеккен жапасы шектен асса да, адасқан жандардың кейбірі, ең болмағанда, ұрпақтарынан біреуі үмбетінің қатарына

қосылып, иманға келетін күн туатын болса, қандай азап көргеніне қарамастан, «жоқ!» деп жауап қайтарды.

Содан кейін қолдарын жайып Раббысына жалбарынды:

«Аллаһым, Саған күш-қуатым болмай, әлсіз қалғаным мен адамдардың алдында қор саналғанымды айтып, мұң шағамын. Уа, Әрхамар-рахимиин! Сен қор болып төмен саналған бейшаралардың Раббысысың. Менің де Раббымсың. Мені кімге тастайсың? Сөзі мен ісі жаман алты аласы бес бересі жоқ әлдекімдерге ме, яки жүктелген ісіме киліккен дұшпандарға ма? Егер маған деген ашуың болмаса, онда шеккен жапа, көрген қиыншылықтарым мен үшін түк емес. Бірақ қашанда аса кең рақымдылығыңды қалаймын. Аллаһым, ашуыңа тұтылғаннан немесе разы болмауыңа душар болудан Сенің сол бір зұлматтарды жап-жарық етіп жарқыратып дүние мен ақырет істерін жөнге салған Нұр дидарыңа сиынамын. Аллаһым, Сен разы болғанға дейін, кешіріміңді күтемін! Кешіріміңе ынтызармын, ынтықпын! Аллаһым, барлық күш пен құдірет тек қана Сенің қолыңда».

Ол осылай дұға оқып жатқанда қасына біреу үнсіз жақындап келді де, табағындағы бір шоқ жүзімді Аллаһ елшісіне ұсынып, «өтінемін, дәмнен алыңыз» деді. Екі әлем Сардары қолын табаққа созып, Аллаһ атымен «Бисмиллаһ» деп бастайды. Жүзімді ұсынған Аддас атты әлгі адамға бұл тосын жағдай еді. Ол таңырқай: «Сен кімсің?» – дейді. Аллаһ елшісі сонда: «Ақырғы елші әрі ақырғы нәбимін! [3]», – деп жауап қатты. Аддастың сан жылдар бойы көктен іздегені жерден табылып, тап қазір қарсы алдында тұрғандай болды. Тіпті күтпеген жерден жарқ етіп шыға келгені қандай ғажап еді. Ол дереу иман етті [4].

Егер осы жайт болмағанда, Пайғамбарымыз Тайыфтан мұңайып қайтар еді. Бұл мұң өзіне жасалған жәбірден туған мұң емес. Бұл ең болмағанда, бір адамға болса да, ақиқатты саңылаулап жеткізе алмағаннан туған мұң болатын. Сөйтсе де оның қуанышы қойнына сыймады. Өйткені Аддас оның себепкерлігімен тура жолды тапты.

Ол бейне бір пайғамбарлардың дүлдүлі еді. Бір орнында тағат тауып тұра алмай, шарқ ұрып әр жерден ақиқатқа көзі ашық, көңілі пәк, көкірегі ояу жанды жанын салып іздеді. Ондай адам жолықса, оның жүрегіне бойлап, рухындағы інжу-маржанмен әлгі адамның жан дүниесін нұрға бөлейтін. Осылайша, айналасындағы нұрлы шеңбер күн өткен сайын кеңейе түсті. Есесіне күпірлік те үсік шалған адамның денесіндей ісініп, асқынып бара жатты.

Бүгінгі таңда әлемнің шығысы мен батысында Исламның өркендеп өріс жаюын көре алмаған күншіл күпірдің қазаны бұрқылдай қайнап тасығаны секілді, сол дәуірде де хазірет Мұхаммед аләйһиссәламның айналасындағы нұрлы шеңбердің күн озған сайын кеңеюі күпірліктің шоғын қоздатты.

Осы долы ашу оларды жаңсақ ойдың түпсіз құрдымына құлатты. Құлатты да, олар күнді демімен өшіруге тырысқандай, бәрі жұмылып иләһи (құдайлық) шырақты сөндіруге ұмтылды. Неткен бос әурешілік десеңізші! Көктегі күн жай ғана мысал. Керек болса, оның әкелген нұры күнге де жарық беретін қасиетке ие. Ол нұр – Аллаһтың нұры.

Аят олардың аянышты һәм күлкілі жағдайын былайша суреттейді: «Олар Аллаһтың нұрын ауыздарымен үпілеп өшіруді қалайды. Кәпірлер қаламаса да, Аллаһ нұрын тәмәмдаудан өзгені мақсат етпейді» (Тәубе, 9/32).

Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жиыrmасыншы ғасырда да шырақ жағып, жан сарайымызға ұшқын тастады. Мындаған жан оның тура жолына түсіп, Ислам байрағын әлемнің заңғар шындарына тігуге асығуда. Демек Аллаһ тағаланың мұраты – әлемде Мұхаммедтік рухты қайта оятып, оның шоқтығын бәрінен биік ету екен. Себебі мұны күпірліктің долдана көпірген ашуы да, шайтанның қитұрқы айла-шарғылары да тоқтата алмауда... Ықыласпен шашылған дақыл бүгін болмаса да, ертең сөзсіз өсіп-өнеді, өйткені Аллаһ расулы әкелген нұр мәңгілік жарқырай бермек.

Күн санап күпірлік күшейе түсті. Мекке Рақым Пайғамбарына пана бола алмады. Ол Мәдинаға хижрәт (көш) етті. Осыдан кейін иләһи нұрын сол жерден жайып, бұл жолы яһудилермен мұнафықтармен[5] күресті. Күпірге қарсы соғыста тікелей өзі қолбасшы болды. Соғыс алаңында тісі сынып, мүбәрак жүзі қанға боялды. Ас-сусыз қалған кездері де аз болған жоқ. Көбіне аштық азабын жеңілдету үшін ішіне тас байлап жүретін. Соған қарамастан тоқтап қалмай, жолын ары қарай жалғастыратын. Ол дінді тәблиғ етіп, насихаттауда бір сәт кідірмеді. Діннің ең ұсақ шарттарына дейін тынбай айтып түсіндіріп, толық айтып жеткізді. Ол Мәдинада өте үлкен еларалық, мемлекеттік мәселелермен айналысып жүрген кездерінде де жеке адамдарға тәблиғ жасауды еш уақытта тоқтатпады. Бір бәдәуи (шөл адамы) келіп, жүз мәрте айтылған бір мәселені және сұрай қалса, ерінбей-жалықпай, барлық ынта-ықыласымен жауап беретін.

Тәблиғ – адамдарды Хақ тағаланың түзу ақ жолына салу. Тәблиғ – барлық пайғамбарлар мен екі әлем Сардарының келу мақсаты. Осы ақ жолдың мақсаты

мен міндетін әр мұсылман өте жақсы біледі, білуге тиісте. Біз күніне, ең аз дегенде қырық рет намаз оқу барысында Раббымыздан бізді «сират мустақимға» (тура жол) салуын тілейміз. Пайғамбарлардың, сыдықтардың, шейіттердің жүрген жолымен жүріп, олар шыққан биікке бізді де жеткізуін өтінеміз. Бұл – аса үлкен, кең жол. Бұл жолдан әркімнің алатын белгілі бір нәсібі бар. Өйткені ақырғы Нәби-пайғамбар аятта айтылғандай, күллі әлемге рақым етіп жіберілген.

Ол – куәгер, сүйіншілеуші һәм ескертуші, Құранда: «Ей, Нәби! Сөз жоқ, Біз сені куәгер, сүйіншілеуші әрі ескертуші етіп жібердік», – делінген (Ахзап, 33/45).

Пайғамбарымыз – жиырма үш жыл бойы ауыр жауапкершілікті арқалап, дінді тәблиғ еткен, осы міндетін айрықша құлшыныспен орындаған ерекше жан. Ол осындай ауыр жүкті арқалап жүріп, өмірінің ақырына біртіндеп жақындай берді...

...Қоштасу қажылығы болатын.

Пайғамбарымыз ғұмырында бір-ақ рет қажылыққа барған. Умра[6] мен қажылықты біріктіргені үшін оны «Үлкен қажылық» деп атаймыз. Міне, осы соңғы қажылығында Аллаһ елшісі ақырғы рет түйесіне мінді де, айтқысы келгендерін айтып бітіруге тырысты. Құн дауы,[7] әйел құқықтары, өсім, қауым мен ру арасындағы қарым-қатынастарға дейін барлық мәселені назарынан тыс қалдырған жоқ. Сөз соңында жамағатынан: «Уа, халайық! Тәблиғ еттім бе?» – деп сұрады. Әрбір сұрағанында жамағатынан «Иә, тәблиғ еттің» жауабын алған соң, Аллаһты куә етіп: «Аллаһым, куә бол!» – деді[8].

Ол міндетін толық орындады. Сондықтан да ар-ожданы тыным тауып, көңілі жайланып, бірте-бірте Раббысына кетуге дайындалып жатты. Онсыз да Сардар өз-өзіне есеп беріп, өмірінің әр сәтін сергектікпен өткізген сезімтал жан еді. Сондықтан да күллі ғұмырын ақыретке дайындықпен өткізді. Ол өз-өзінен: «Раббымның мені жіберген асыл мақсатына сай өмір сүре алдым ба екен?» – деп жиі сұрайтын.

[1] Аллаһтан алған әмір мен заңдарды адамдарға дәлме-дәл қалтқысыз жеткізу (ауд).

[2] “Пайғамбарлар әке жағынан туысқан. Аналары басқа. Діні бір”. Яғни, пайғамбарлардың дін негіздері (таухид) бірдей. Ал өз заманына сай әкелген тармақтары әр түрлі.

[3] Пайғамбар (ауд).

[4] Ибн Хишам, Сирә, 2/60-63; Ибн Кәсир, әл-Бидәйә, 3/166; Бухари, Бәд’у’л-Халк, 7; Мұслим, Жиһад, 111.

[5] Сырт көзге мұсылман болып көрінетін кәпір, екі жүзді (ауд).

[6] Қажылықтан басқа уақытта Мекке мен Мәдинадағы қасиетті жерлерді зиярат ету (ауд).

[7] Құн дауы – кісі қолынан қаза тапқан адамның жақындары ризашылық білдірген жағдайда, қылмыс жасаған тараптың құн төлеуіне негізделген жаза түрі.

[8] Бухари, Хаж, 132, Мәғазі, 88; Мұслим, Хаж, 147; Ибн Мәжә, Мәнәсик, 84; Әбу Дәууд, Мәнәсик, 56.



### 3. Өміршен өнеге

Пайғамбарлардың жіберілу мақсатының бірі – үмбеттеріне қайталанбас үлгі-өнеге көрсету.

Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «Міне, солар Аллаһтың тура жолға салғандары (пайғамбарлар). Сен де олардың жолымен жүр!» – дейді (Әнғам, 6/90).

Бұл – әркімді толғандыратын мәселе. Өйткені аятта Пайғамбарымыздың өзіне де пайғамбарлардың есімдері айтылып, соларға ілесу нұсқалған.

Бізге де Құран Кәрім былай дейді: «Расында, сендерге Аллаһтан және ақырет күнінен үміт еткендер мен Аллаһты көп зікір еткендер үшін Аллаһтың елшісінде жақсы үлгілер бар» (Ахзап, 33/21).

Пайғамбарлар – біз үшін жолбасшы әрі имам. Намазда имамға ұйығанымыздай, өмірдің әр қадамында да оны үлгі тұтып, оның жолымен жүреміз. Бізге нағыз шынайы өмірді пайғамбарлар ғана көрсете алады. Исламның алғашқы дәуірін көргендер Аллаһ елшісінің қас қағым сәттерін де қалт жібермей мұқият қадағалап, одан үлгі-өнеге алып отырған. Сол үшін де екі әлемнің Сардары олар және олардан кейін келгендер жайлы мадақ сөздер айтқан:

«Бір заман келіп, бір жамағат ғазуатқа шығады. Сонда олардан:

– Араларыңда Аллаһ елшісін көргендер бар ма? – деп сұралады. Олар:

– Иә! – деп жауап қатады. Сол кезде жеңіске жету жеңілдетіледі. Кейіннен басқа бір жамағат ғазуатқа шығады да, олардан:

– Араларыңда Аллаһ елшісіне сахабалық еткен адамды көргендер бар ма? – деп сұралады. Олар:

– Иә! – деп жауап береді. Сонда оларға да жеңіске жету жеңілдетіледі. Көп ұзамай, басқа бір жамағат ғазуатқа шығады. Олардан:

– Араларыңда Аллаһ елшісінің сахабаларын көрген жандарға серік болғандарды көрген жан бар ма? – деп сұралады. Олар да:

– Иә! – деп жауап қайтарады. Сол сәт оларға да қорған қақпалары айқара ашылып, жеңіске жету жеңілдетіледі»[1].

Басқа хадисте Пайғамбарымыз: «Адамдардың ең жақсысы – менің замандастарым. Сонан соң олардан кейін келгендер, сонан соң олардан кейін келгендер»[2] – дей отырып, өзіне жақын дәуірлердің ерекшелігіне мән береді. Өйткені олар бар ғұмырында Аллаһ елшісіне еріп, бойы мен ойын соған қарап түзейтін. Негізінде, Аллаһ тағала үлгі-өнеге етіп таңдаған осы адамға ұқсау – әрбір пенденің мұраты болуға тиіс. Ақырында солай болды да.



Өйткені сахаба, табиғин[3], тәбәи-табиғиндер[4] бұл мәселеге өте сақ қараған жандар. Осы тұрғыдан алғанда, олардың басқа ғасырда өмір сүрген адамдардан мәртебесі әлдеқайда биік болды.

Иса Мәсих (а.с.): «Қасиеттілердің байрақтары қолдарында», – деген.

«Қасиеттілер» сөзімен Пайғамбарымыздың үмбетін меңзеген. Бұл – үлкен құрмет.

Әлсіз де болса, бір хадисте Аллаһ елшісі: «Менің үмбетімнің ғалымдары – Израйыл ұрпақтарының пайғамбарлары секілді», – деген еді[5].

Олар Пайғамбарымыздың жолымен жүруде заңғар бір шыңға жеткені сонша – одан ары қарай пайғамбарлық шыңының шекарасы басталатын.

Міне, құлшылықтың шыңына шыққан Омар (р.а.) – осының бірден-бір дәлелі.

Ол Пайғамбарды өзіне жолбасшы етіп, бар ғұмырында оған ұқсауға тырысты. Көшбасшының нұрына малынып, руханиятымен кемелденген. Сол себепті оның ғұмырымен өз өмірін айшықтап, өрнектеген теңдесі жоқ адам еді. Рим, Византия қақпалары оған айқара ашылып, өлкелер мен билеушілер қол астына топ-тобымен кіріп жатса да, өмір сүру дәстүрі өзгермеді.

Палестинадағы Құдыс қаласы Омар (р.а.) заманында алынған болатын. Мұсылман әскерлері билікті қолға алғанмен, шіркеу қызметкерлері кілттерін бермей, қарсыласып: «Ешқайсыңнан қала кілтін алатын адамның түр-сипатын көре алмай тұрмыз. Сондықтан кілттерді бере алмаймыз», – дейді. Бұл жайт жөнінде дереу орталыққа хабар беріліп, алып халифа жолға шығады. Өзіне тиісті түйесі болмағандықтан, «бейтулмалдан»[6] қарызға бір түйе алып, құлымен кезектесіп мініп, сонау шалғайдағы Иерусалимге жол тартады. Тағдырдың жазмышына қараңыз, қалаға жеткен кезде міну кезегі құлына келеді. Халифа түйеден түсіп, құлының бас тартып өтінгеніне қарамай, оны түйеге мінгізіп, өзі түйені жетектеп қалаға кіреді.

Мына көріністен шіркеу қызметкерлері тебірене толқып: «Міне, кітаптарымызда түр-түсі жазылған адам осы», – деп кілттерді тапсырады.

Сол заңғар да алып тұлға Омар (р.а.) бір күні пұтқа табынушы ирандықтың қанжарынан жараланып, өлімші халде жатқан-ды... Қызметшілері «Ас-су ішесіз

бе?» – деп сұрай қалса, кейде жауап бере алмай, үнсіз қалып, кейде көздерімен ғана «жоқ» деп, ишарат жасайтын. Бірақ «Ей, мұсылмандардың әміршісі! «Намаз», – деген кезде, «Міне, міне, тұрып жатырмын. Намаз оқымағандардың Исламнан алар несібесі жоқ», – деп жарасынан қан саулап тұрса да, елең етпей намаз оқитын[7].

Иә, осылайша Пайғамбар нұрымен боялған олардың ғұмыры кейінгі толқындарға баға жетпес үлгі-өнегеге айналды.

[1] Бухари, Фәда'илу'л-Асхаб, 1; Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 208-209.

[2] Бухари, Фәда'илу'л-Асхаб, 1; Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 212.

[3] Сахабаны көргендер.

[4] Сахабаны көргендерді көргендер.

[5] Әжлуни, Кәшфу'л-Хафа, 2/63; Шәукани, әл-Фәуа'иду'л-Мәжму'а, 286.

[6] Мемлекет қазынасы (ауд).

[7] Ибн Сад, Табақат, 3/450; Һәйсами, Мәжмау'з-Зәуә'ид, 1/295.

#### 4. Дүние мен ақырет теңдігін құру

Пайғамбарлар дүние мен ақырет тепе-теңдігін құру үшін келген. Адам баласы олар әкелген тепе-теңдіктен ауытқымай, астамдық пен кемшіліктен құтылып, дұрыс бағытын табады. Бұл – монахтардай дүниені тәрк етіп, монастырларға қамалып, елден бөлектену, тұмшаланып, жалғыздықтың құлы болу емес, керісінше, үнемі орта жолдан айрылмай, тура өмір сүру.

Бұл – уахидың (Аллаһтан келген хабар) нұрлы әлемінде ғана қол жететін табыс. Тек сана мен сезім арқылы ғана мұндай тепе-теңдік орныға салмайды. Әсіресе, жалаң білім ешқашан бұл деңгейге жеткізген емес.

Құран Кәрім осы тепе-теңдік жайында:

«Аллаһтың саған берген ырыс-берекетімен ақырет мекенін ізде. Бірақ дүниедегі несібеңді де ұмытпа. Аллаһ саған жақсылық еткендей, сен де жақсылық істе. Сондай-ақ, жер жүзінде бүлікке ілеспе. Күдіксіз, Аллаһ бүлікшілер мен содырларды жақсы көрмейді» – дейді (Қасас, 28/77).

Осы иләһи (құдайлық) тепе-теңдік «Раббыңның ырыс-несібесін тоқтаусыз, толассыз түсіндір» (Дұха, 93/11) ақиқаты айтылған мәселе таразының бір жағында, «Сол күні (дүниеде берілген) барлық ырыс-несібеден сұраққа тартыласыңдар», – (Тәкәсүр, 102/8) деп, қатаң ескерту айтылған мәселе екінші жағында тұрады. Тепе-теңдіктің Сұлтанына осы екі өлшем арқылы қол жеткізесіз!

Әбу Бәкір (р.а.) бар дәулетін Аллаһ үшін сарп еткен жан болатын. Өйткені ұлы жолдағы шыншылдық осыны қажетсінді.

Халифа болған шағында бір күні біреу кесемен салқын су берді. Ол кенет иығы селкілдеп, көзінен жас бұршақтайды. Оны көріп қасындағы серіктері де көз жастарына ерік берді. Тіпті ол басылса да, серіктері көз жастарын тия алмай қойды. Сірә, олардың өксігенін көріп қайта егілген де шығар. Сосын көз жасын сүртіп, өз-өзіне келді. Жанындағылар: «Сені мұншалықты жылатқан не нәрсе еді, Әбу Бәкір?» – деп сұрады. Сондағы берген жауабы:

«Бір күні Аллаһ елшісімен бірге болған кезімде, Пайғамбарымыз қолымен әлденені итеріп жатқандай болды. Бейне бір: «Менен аулақ тұр, менен аулақ тұр» дегендей.

Мен: «Пайғамбарым! Әлденені өзіңізден аластатып жатырсыз, бірақ мен ешнәрсе көрмей тұрмын», – дедім.

Ол сонда:

«Дүние барлық әшекейлі, әсем салтанатымен көз алдымда дөңгелене көрініп, өзін қабылдатқысы келді. Сонда оған: – Менен аулақ тұр, – дедім. Сол сәт ол кейін қарай шегініп жатып: «Уаллаһи, сен құтылсаң да, сенен кейінгілер менің уысымнан құтыла алмайды»,– деді.

Сол есіме түсіп: «бір кесе су мен сұм дүние өзін қабыл еттірді-ау», – деп соған налып жыладым»...

Иә, Әбу Бәкір (р.а.) секілді жандар тепе-теңдіктен қия баспай өмір сүрді. Өйткені адамзатқа теңдессіз өнеге, зеңгір жолбасшы Пайғамбарымыз да осылай өмір сүрген болатын.

## 5. Қарсылық қақпасын жабу

Пайғамбарлар ақыретте адам баласы Аллаһ тағалаға қарсы қандай да бір уәж айтпасын деп жіберілген.

Бір аятта бұл мәселе былай баяндалған: «Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа айтар желеуі болмас үшін пайғамбарларды сүйіншілеуші, қорқытушы етіп жібердік. Аллаһ – Азиз (аса үстем), Хаким (хикмет иесі)» (Ниса, 4/165).

Пайғамбарлардан басқа небір ойшыл ғұламалар, өздерін елден ерекше тұлға санаған көсемдер қоғамды басы бүтін соңынан ертіп, өзіне толық иландыра алмаған. Сендіргенімен, мақсаты мен мұраты иләһи[1] демеуден мақұрым болғандықтан, олар ұсынған идея мен жобалар мен көрсеткен үлгі-өнеге пендешіліктен аспаған. Сол себепті көп өтпей-ақ, олардың өнімдері күздің кара суығы ұрған жапырақтай тез сарғайып, төгіліп, көп ұзамай көзден де, көңілден де ұмыт болып жатады.

Алайда пайғамбарлардың жөні басқа. Жоғарыда айтып өткеніміздей, олар ерекше жаратылған. Олар әуелден-ақ, ана құрсағында жатқанда пайғамбар еді. Олардың өмірлері «құлақтан кіріп, бойды алатын» ғажайып әуен бе дерсің, ал ауыздан шыққан әрбір сөзі үйіріліп түсіп, бір-бірімен үндестік тауып жататын. Сөздерін жаратылыс атаулы түгелдей зейін қойып тыңдайтын. Пайғамбарлардың келуімен қаншама замана ағысы өз арнасын тауып, қаншама көңілдің көкірек көзі оянып, оларға ілесті. Әлемнің кейбір бұлжымастай көрінген заңдылықтары да бір уақыт тоқтап, пайғамбарлардың қалауы бойынша бағыт-бағдарын өзгертіп жатты.

Пайғамбарлар Сұлтанына бір көз салып қарасаңыз да жетіп жатыр. Тас, ағаш, топырақ, түрлі жан-жануарлардың әрқайсысы сол түрлердің атынан өз тілінде онымен тікелей байланыс құрып, пайғамбарлығын растады.

Бусайри айтқандай: «Ағаш жақындап келіп, өзіне тән тілде: Сен – Аллаһтың елшісісің», – дейтін еді[2].

Өйткені әрбір нәрсе пайғамбардың келуі арқылы ғана мән-мағынаға ие болып, болмыс атаулы қара түнектен құтылды.

Ол Құранның тілімен: «Оны пәктеп, мадақтамайтын еш нәрсе жоқ. Бірақ сендер олардың тәсбихтарын (пәктеулерін) түсіне алмайсыңдар», – (Исра, 17/44) деп, бейне бір күллі жаратылысқа өмір сыйлағандай болды.

Біз барлық нәрсені содан үйрендік. Заттар мен құбылыстар сол арқылы ғана хикмет тағына отырды[3]. Әлбетте, адам өзінің бекерден-бекер жаратылмағанын аңғарды[4].

Әрбір пайғамбар адамдардың иман етуі үшін, сондай-ақ иланбағандардың күпірлікте сылтауы қалмасы үшін мұғжизалармен келген. Парасат Падишасы барлық пайғамбарларға тиісті мұғжизаларды түгелдей көрсету арқылы, өзіне барлығының бағынатынын ұқтырды. Әрбір үмбет өз пайғамбарларына тиісті мұғжизаларды көрді, тыңдады. Біз де Аллаһ елшісінен мыңдаған мұғжизаларды тамашаладық. Құрандай мәңгілік мұғжизаны әрдайым оқып, тыңдап келеміз. Бұдан кейін ешкімнің де қарсылық білдіріп, дау айтуға құқы жоқ. Аллаһ иман етуімізге қажет ақиқаттарды әр дәуірде жіберген пайғамбарлары арқылы өте анық та айқын түрде алдымызға жайып салды. Бұған қоса Аллаһ: «Біз пайғамбар жібермейінше, ешкімге азап етпейміз», – (Исра,17/15) деп айтқан. Демек, пайғамбарлар жіберілгені үшін ақыретте таразы орнатылады әрі бүкіл адамзат есепке тартылады.

[1] Құдайлық (ауд).

[2] Қараңыз:Муслим, Зухд, 74; Муснәд, 1/223; Ибн Кәсир, әл-Бидәйа, 6/135.

[3] “Іштеріңе өздеріңе аяттарымды оқитын, сендерді тазартып, Құран мен хикметті үйрететін, сондай-ақ білмегендеріңді үйрететін елші жібергеніміз секілді...” (Бақара 2/151 Қосымша қараңыз: Бақара 2/129; Әли-Имран 3/164, Жұма 62/2; Муснәд, 1/202.

[4] Бұл аяттар осы мәселені жақсы түсіндіруде: “Адам баласы ешбір сұраусыз бос қоя берілеміз деп ойлай ма?” Қиямет 75/36) “Біз сендерді босқа жараттық па, тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп ойласыңдар ма?- дейді” (Муминун, 23/115).



## ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 1. РАББАНИЛІК

### Раббанилік[1]

Ешбір пайғамбар міндетін өз бетінше орындап, осы негізде жер бетінде қандай да бір жүйе орнатуды көксемеген. Пайғамбарлыққа лайық кісіні Аллаһ тағаланың өзі таңдап алады. Мерзімі жеткенде, пайғамбарлық үшін жаратылған сол адамға пайғамбарлық міндетін жүктейді. Сол сәттен бастап ол ел-жұртқа пайғамбарлығын жария етеді. Әрбір пайғамбарға дәрежесіне қарай уахи (Аллаһтан келген хабарлар) келіп, олар сол уахиден ғана өмір сүреді. Біздің өміріміздің арқауы: ауа, су, нан тәрізді негізгі нәрселер күнделікті өмірімізде қандай қажет болса, пайғамбарларға «уахи» да сондай қажет. Олар бейне бір Хақтың «жақындық» самалынан нәр алады. Ұлы Жаратушыдан үнемі таңғы самалдай ғажайып нұр есіп тұрады да, олар сол нұрдың қуатымен ғұмыр кешіп, төзімділік танытады. Уахидың келуі тоқтаған сәтте-ақ Раббысына қауышуға асығып, арғы әлемге қанат қағар сәтті зарыға күтеді.

Олар Раббыларына толықтай мойынсұнғандықтан, Аллаһ қалағанды ғана айтып, өздеріне рұқсат етілген аяда ғана әрекет етеді. Себебі, дінді Аллаһ тағала жібергендіктен олар міндеттерінде раббани болып саналады. Иә, оларға осындай ұлық міндет жүктелген.

Сөздеріне адамдардың құлақ асуы немесе теріс айналуы олардың ықыласына сызат түсіре алмайды. Пайғамбарлардың міндеті – тәблиғ ету, бұйрықты қаз-қалпында жеткізу ғана. Оларға қарсылық көрсеткендердің сөздері мен наразы іс-әрекеттері шыбын шаққан құрлы әсер етпейді. Дінді жаю жолында табандылық танытып, дұшпандарының айтқан дүниелік ұсыныстарына көз қиығын да салмады.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Айды бір иығыма, Күнді бір иығыма қойса да, уаллаһи, бұл дағуадан бас тартпаймын», – дегені бұл ұлық мақсат жолында жүргендердің ең басты ұстанымдары болып табылады[2].

[1] Аллаһқа шын берілгендік

[2] Қараңыз: Ибн Ышам, Сирә, 2/285.

## 2. Хасбилік

### Хасбилік[1]

Пайғамбарлар жасаған игі істері үшін қандай да бір сый күтпейді. Құран Кәрім олардың осы ерекшеліктерін көптеген аяттарда ескерткен. Барлығының сөздері: «Жасағандарымның қарымын тек Аллаһтан күтемін» ақиқатында түйіскен. Біз істеген ісіміздің қарымы ретінде материалдықты былай қойғанда, тым болмаса рухани сый күте аламыз. Пайғамбарлар мұны да күтпейді. Барлық іс-әрекеттерін Аллаһтың қалауына сай жасайды. Нәтижесінде жәһаннамның отына тасталса да, бұл олардың ой-санасы мен шынайылықтарына зәредей әсер етпейді. Әрдайым өз міндеттерін іске асыруды ғана ойлайды...

Пайғамбарлар – пенделік һәм рухани ләззаттарын да осы жолда құрбан еткен. Олар осы жағынан да адам баласы жете алмайтын шырқау биікте. Пайғамбарлар өз міндеттерін жәннатқа деген құштарлығынан немесе жәһаннамнан қорыққандықтарынан емес, жаратқанның разылығына ие болу үшін ғана орындайды.

Әрбір пайғамбар – хасби. Бірақ хасбиліктің заңғары нәбилер (пайғамбарлар) Сұлтанына тиісті. Туған сәтте «үмбетім» деген ол Махшарда да «үмбетім, үмбетім» дейтін болады[2]. Неткен хасбилік, қараңыздаршы! Жәннат есіктері айқара ашылып, оның кіруін күткен кезде, Расул үмбетін де сол жерге апару ниетімен махшардың ең қиын сәттерін жәннаттан артық санаған. Бұл неткен хасбилік десеңізші?! Ағайын, туысына, достарына ғана емес, сонымен бірге барлық үмбетіне де жаны ашып, ең ауыр күнәға батқан күнәһарларымен қоса, олардың бірі қалмай пейішке баруын қалайды.

Ия, олардың рухани дүниесінің қақпасы бір-ақ нәрсеге ашық ол – «Аллаһтың разылығы». Бұл қақпа өзге ештеңеге ашылмайтындай етіп нық жабылған.

Әсіресе, қазіргі таңда пайғамбарлардың міндеті саналған тәблиғ-насихат пен дінге шақыруды мақсат-мұрат еткен мирасқорлары осы мәселеде өте мұқият болулары керек. Өйткені сөздің әсері мәнерлеп немесе көркемдеп айтылуында емес, шынайылығында. Яғни, жүректен жарып шыққан сөз ғана жүрекке жетеді. Бұл, әлбетте, хасбилікті қажет етеді.

Осы хақында Құран Кәрімде: «Сендерден ақы сұрамайтын кісілерге еріңдер. Олар тура жолдағы адамдар» – делінген (Ясин, 36/21).

Олар тура жол көгінде шарықтағанда, сендер де олардан қалмаңдар. Өйткені сендерден дүние талап етпейді. Бірақ мойынсұнып, артынан ілесуді қалаған кісілерінді жақын танып біліңдер. Күні-түні «дағуа-дінім» деп, тұла бойы жалын атқан адамдарға еріңдер. Ол болашақ ұрпақтың жеңіс көліктері өтетін жолдарын дайындауды сол дәуірдің салтанатты күндерінен артық санайтын болсын. Хасбилікке бөленген көңіліне ешбір дүниелік көлеңке түспейтіндей бекем болғаны абзал. Осындай жолбасшы, сардар таңдап соңынан ілесіңдер!

Хақ пайғамбар хасби еді. Өмірінде тойына ас ішпеді. Кейде апталап, айлап осы бір құт қонған шаңырақтың ошағынан түтін шықпайтын. Ол ол ма, бойға нәр берер сылдыр сорпа да қайнамайтын[3].

Әбу Һурәйра (р.а.) айтады:

«Бір күні Аллаһ елшісінің қасына бардым. Барсам, намазын тұрып оқуға шамасы келмегендіктен отырып оқып жатыр екен. Құлшылығын бітірген соң:

– Пайғамбарым, сырқаттанып қалдыңыз ба? – деп сұрадым.

– Жок, аштық қой, Әбу Һурәйра, – деді.

Мен шыдай алмай жылап жібердім. Ол:

«Жылама, Әбу Һурәйра! Бұл дүниеде аштық азабын тартқан кісі о дүниеде Аллаһтың азабын тартпайды», – деп жұбатты...[4]

Ансардан[5] бір әйел оған арнайы көрпеше әкеліп береді. Оны Айша анамыз (р.анһа) Аллаһ елшісінің бір уақыт бел жазып тыныққанда қолданып жүрген шиінің үстіне төсейді. Ардақты елші оны босағадан аттамай жатып байқайды. Мән-жайдың төркініне қаныққан соң:

– Айша! Оны тез иесіне қайтар. Аллаһқа ант етейін, қаласам, Аллаһ мен үшін оң мен солыма алтын мен күмістен тау тұрғызар еді, бірақ мен ондайды қаламаймын, – дейді...[6]

Иә, қаласа, патшадайын шалқып өмір сүре алатын еді, бірақ оны қаламайтын.

Бірде бір періште Аллаһтың сәлемімен келіп, оған:

«Уа, Пайғамбар! Аллаһтың сәлемі бар. Сенен: Патша пайғамбар болуды қалайсың ба, әлде құл пайғамбар болуды қалайсың ба? – деп сұрап жатыр», – деп сауал тастайды.

Дәл осы сәтте Жәбірейіл періште: «Аллаһтың елшісі (Раббыңа) кішіпейіл бол!» – деп кеңес береді.

Аллаһ елшісі сонда: «Бір күн аш қалып жалбарынған, бір күн тоқ болып шүкір еткен құл пайғамбар болуды қалаймын», – деп жауап қайтарды...[7]

Ол құлдармен де қызметшілерменде бірге отырып тамақтанатын еді. Бір әйел осы көрініске куә болып: «Өзін құл сияқты ұстап, жалшылармен тамақтанғаны несі» деген сөзіне, әлемнің Ұлы Тұлғасы: «Менен асқан жақсы құл бар ма? Мен Аллаһтың құлымын», – дейді...[8]

Аллаһ елшісінің күллі ғұмыры хасбилікке толы. Пайғамбарымыз жайлы жазылған том-том кітаптарға сілтеме жасай отырып, әзірге бұл тақырыпты қысқартамыз. Негізі барлық пайғамбар хасбилікпен күн кешіп, жасаған еңбектерінің қарымына бұл дүние мен ақырет үшін ештеңе талап етпеген. Сол үшін де оның сөздері адамдардың жүрегінен орын тапты. Олай болса, кім өз сөзінің басқалардың жүрегіне жол тапқанын қаласа, әуелі жасаған еңбегі үшін ешкімнен ештеңе сұрамауды үйренуі керек..

[1] Істеген ісі үшін ештеңе дөметпеген, ешқандай да қарымын күтпей, тек Аллаһтың разылығы үшін істеген жан (ауд.).

[2] Бухари, Таухид, 36; Муслим, Иман, 326.

[3] Бухари, Рихак, 17; Муслим, Зухд, 28.

[4] Кәнзу'л-Уммал, 7/199.

[5] Әнсар: Көмектескендер. Мәдина сахабалары (ауд.).

[6] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 6/60.

[7] Муснад, 2/231; Кәнзу'л-Уммал, 7/191; Мәжмау'з-Зәуә'ид, 9/19-20.

[8] Мәжмау'з-Зәуә'ид, 9/21.

### 3. Ықылас

#### Ықылас

Ықылас – барлық істі Аллаһ үшін жасау немесе жасамау дегенге саяды. Пайғамбарлар – әу бастан-ақ осындай шынайы ықыласқа ие тұлғалар. Негізінде, адам құлшыныс пен талпыныс арқылы ықыластың белгілі бір биігіне шыға алады. Алайда өзгелер қол жеткізе алатын ең биік шың пайғамбарлардың алғашқы баспалдағынан аспайды. Олар – бейне бір ықыласпен біте қайнасып, оның ұшар шыңына шыққан жандар.

Құран Кәрім олардың осы ерекшеліктерін былайша сипаттап көрсетеді: «Кітаптағы Мұсаны есіңе ал. Шындығында, ол – ықыласқа жеткізілген елші әрі пайғамбар еді» (Мәриям, 19/51).

Жүсіп пайғамбар жайлы «Күдіксіз, ол – ықыласқа жеткізілген құлдарымыздан еді», – делінген (Юсуф, 12/24).

Аллаһ Пайғамбарымызға да: «Күдіксіз, бұл кітапты хақ етіп түсірдік. Олай болса, сен де дінді тек қана оған хас қылып, Аллаһқа ғибадат ет!» – (Зумәр, 39/2) дей отырып, жалпы адамзатқа құлшылықтың құндылығын танытады.

Басқа бір аятта Аллаһ Пайғамбарымызға былай дейді: «Дінімді тек қана оған арнап, Аллаһқа құлшылық қыламын», - деп айт» (Зумәр, 39/14).

Құлдығының себебі – Аллаһтың әмірі, нәтижесі – Аллаһтың разылығы, жемісі – Рабтың ақыретте көз көріп, құлақ естімеген аса ғажайып сыйы.

Ғасырымыздың алып бір ойшылы: «Аллаһ үшін істеңдер, Аллаһ үшін бастандар, Аллаһ үшін еңбек етіңдер. Әрқашан Оның разылығы шеңберінде іс-әрекет етіңдер», – деп ықыластың анықтамасын айтып, маңызын көрсетіп береді.

Ықылас – саф, таза адам болмысының бір сипаты деуге болады. Ықыласты адам өмірінде бұралаң жолға түспейді. Рухани сапары әрқашан көкке қарай тартылған сымдай түзу болады. Сол үшін де олар алғашқы ісін қолға алған кездегі жақсы қасиеттерін заңғарға шыққан кезде де сақтап қала алады. Бірақ олар некен-саяқ!

Адамзат тарихында заңғар шың басына шыққан тек қана бір-ақ адам бар. Ол – Аллаһтың елшісі Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм). Өйткені

оның дінді алғаш жая бастаған кездегі қарапайым жүріс-тұрысы мен Меккені алған кездегі мінезі арасында ешқандай да айырмашылық, алшақтық болмады.

Мекке бейбіт жолмен алынды. Кейбір кішігірім оқиғаларға қарап, оған жалпылама баға беру дұрыс емес. Екі әлем Сардары жылдар бұрын өзін сыйдырмай жіберген осы көне әрі қасиетті қалаға кірген кезде, жеңістің буынан масайраған қолбасшыдай болып кірмеді. Түйесіне мініп, басын төмен иіп кірді[1].

Ол Мәдинада өмір сүрген кезінде де қарапайымдылығынан жазбады. Ол ішке енген сәтте, сахабалар жапатармағай орындарынан тұратын. Тұрғандары дұрыс. Ол құрмет-қошеметтің барлығына лайықты. Бірақ Аллаһ елшісі сахабалардың өзіне жасаған ізеттіліктеріне қатты қысылып, әрқашан: «Бөгде ел адамдарының (үлкендері келгенде) орындарынан тұрғаны секілді, мен келгенде, орындарыңнан тұрмаңдар»[2] ,– дейтін.

Ол қасиетті міндетін қалай бастаса, дәл солай аяқтады. Өмірі бейне бір әуен үйлесімділігі ішінде өтті. Ісін бастаған пернеде бітірді. Ол осы иләһи (құдайлық) әуенді жай ырғақпен бастап, ақырында жер мен көкті жаңғыртқан зор дабылға жеткізген болатын.

Ол өмір – бақи дінді Аллаһқа хас санап, жалғыз Жаратушыға ғана құлдық ұрды. Жан-жүрегі Жаратқанды танудың ләззатымен толып-тасыды. Қайда көз тіксе де қос Жасағанның ұлықтығын жар салған дәлелдерді ғана көрді. Тұла бойы Жаратқанның нөсерлете төккен рухани ләззаттарымен толқып шалқыды. Хақты танып, ақиқатқа желкен ашып, қиырдан келіп, қиядан шалатын шабытпен әрқашан «Аллаһ» деп шартарапты шарлады. Өйткені ол – ықыласты адам еді.

Оның «ихсан» санасы да ықыласқа өзіндік бояу төкті. Өзінің анықтамасы бойынша ихсан – Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық ету[3]. Мәселені бір теңеумен қортындылайтын болсақ, өзге жандар намазды құбылаға қарап оқыса, ол намазды Қағбаның ішінде оқитын.

[1] Ибн Ышам, Сирә, 4/47-48; Мәжмау'з-Зәуә'ид, 6/169

[2] Әбу Дәууд, Әдеб, 152; Муснад, 5/253.

[3] Бухари, Иман, 47; Муслим, Иман, 5,7.



#### 4. Мәуғизатул-хасана (көркем үгіт-насихат)

##### Мәуғизатул-хасана (көркем үгіт-насихат)

Пайғамбарлар дағуаларында әрқашан құрғақ сөзділіктен ұзақ тұрған. Олар адамдарға «мәуғизатул-хасана» және «хикметпен» айтқан.

Құран Кәрімде Пайғамбарымызға былай деп айтады: «Адамдарды Раббыңның жолына хикмет пен көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен ең жақсы түрде күрес» (Нахыл, 16/125).

Оларға ғаламның жаратылуы мен күллі болмыстың сырын мақұлдайтындай етіп сыпайылап жеткіз! Көңілін ренжітпей, жүрек пен санасын жаңғыртуға күш сал!

Пайғамбарлар демагогия, диалектикалық, пәлсапалық тәсілге жүгінбеген. Өйткені кеше де, бүгін де демагогия кейбір ақымақтардан басқа ешкімді қанағаттандыра алмады.

Олардың міндеті – хикмет пен «көркем үгіт» арқылы ғана дінді жаю.

Адам жаратылысы тек ақыл мен санадан тұрмайды. Жүрегі, рухы, сыры, жан-сарайы, сезімдері бар. Бұлардың барлығы да қанағат табуы тиіс. Пайғамбарлар Жаратқанның пәрмендерін адамдарға олардың табиғи болмысын ескеріп, санасы мен сезімін қанағаттандыра отырып, жеткізген. Адам баласының қандай да бір ерекшелігін назардан тыс қалдырмай, күдік-күмәнға жол бермей, тыңдаушысын иман әлеміне жеткізген. Бұл да адамның жаратылыс мақсаты.

Олардан тікелей білім алған жандарда біз білмейтін ерекше «иәкин сезімі» (көзбен көргендей терең иман сезімі) пайда болады. Ол мынадай сезім: білім алған адамдар олардың сұқбатын тыңдап, дәріс алып отырған сәттерінде, көңіл-көздері ашылып, басқа жан көре алмайтын, біле алмайтын мәселелер оларға апанық аян болады. Мұнан соң күллі әлем күдіктің батпағынан шыға алмай, күпірліктің ішінде малтығып жүргенде, олар елең етпейді. Неге десеңіз, олардың ар-ождандарында пайда болған мағрипат қазынасына ешқандай күмәнның шаңтозаңы қона алмайды.

Аллаһ олардың білген бір нәрсесін мыңға айналдырып, білмеген нәрселерін үйретеді[1]. Көктен ескен шабыт самалдары жүректерін бейне бір көгілдір аспан

секілді тұнық қылады. Олар да үйренгендерін түгелдей іске асырып, «жақсы сөз» арқылы көкке қарай самғайды[2].

Тіпті олардың арасында Әли (р.а.) секілді жандар шығып, «ғайыптың пердесі түрілсе де иманым артып-кемімейді», – деп, сырлы әлемнен сыр шертеді. Яғни, «ғайыптың пердесі ашылып, әлемнің арғы жағын көрсем, дәл қазіргі сенгенімнен артық басқа бір мағрипат шыңына жетемін деп ойлай алмаймын, өйткені ғайыпқа иманның шыңындамын» дегені болатын[3].

Әлидің (р.а.) айтқан бұл сөзі – «ырыс-несібеге шүкір» дәрежесіне сай айтылған сөз. Мұхаммед Мұстафа Хақтың жазмышымен оны қияметке дейін келетін әулиелердің әкесі етті. Бақыт отауына кіргізіп, әйел затының хас сұлуы, ең нәзігі әрі ең әсемі, тіпті хор қыздарынан да сұлу сол бір пайғамбарлық бақтың гүлі – Фәтима анамызбен үйлендіріп, осы құтты некеден көркем де көрікті ұлдары, яғни Хасан мен Хұсейін (р.а.) дүниеге келді. Әрі күллі әулиелер де осы қайнардан шыққан.

Иә, хазірет Әли осындай дара тұлға атанып, одан өрбіген алтын текті шежіреден атасына тартып, дүниені дүр сілкіндірген көптеген қаһармандар шықты[4].

Иә, мұндай даралық Ислам мен иман арқылы «ихсан» сырына ие болған жандарда ғана болады.

Олар бұл дүниеде жүрген кезінде-ақ: «Саған пердені аштық. Міне, бүгін көзің өткір» (Қаф, 50/22) дәрежесіне ие болады.

Батыстықтар интуиция деп атаған осы бір күй адамның ар-ожданында пайда бола бастаған кезден-ақ сыртқы әлем үнсіз қалып, ішкі сезімдердің дүлейі тұла бойын жаңғыртады да, рухы мен жан-сарайы дүркін-дүркін түлеп, жанданып, жаңарған бір күйге енеді. Өйткені мағрипат Сұлтаны сол көңілдің төрінде еді. Оны сырттан іздеудің ешбір қажеті жоқ.

Міне, шәкірттерін осындай деңгейге жеткізген Пайғамбарымыз тәсіл ретінде көркем үгіт-насихатты негіз етіп алып, тәблиғ ғимаратын да осы негіздің үстіне орнатқан.

Біз қозғаған осы мәселе мына аятта өте түйінді сөзбен әрі мұғжизалы бір тәсілмен айтылады: «Сендерге өз араларыңнан аяттарымызды оқитын әрі сендерді тазартып Құран мен хикметті үйрететін елші жібердік» (Бақара, 2/151).

Екі әлем Сардарының осы мәселеге берген маңызын, ұстанымын жоғарыда айтып кеткендіктен, мұнан ары қозғауды жөн көрмедік. Сондықтан сөзімізді былайша қорытындылайық: Ол әрқашан тыңдаушысының жағдайы мен дәрежесіне қарай сөйлейтін. Яғни, ой-санасы мен жүрегін, ар-ожданы мен жан-сарайын қанағаттандыра алатын хикметке негізделген тәсілді пайдаланатын. Сондықтан да оны тыңдағандардың басым көпшілігі қайтарда иман нұрына бөленіп қайтатын.

Уәлид ибн Муғира, Утбә ибн Рәби'а секілді адамдарға келсек, олар хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) сөздеріне сенгенімен, оның растығын мойындағанымен, тәкаппарлықтың бұғауын бұлқынып бұзып, иманға келе алмады. Бұл – тыңдаушының кемшілігі. Арасында шайыр А'ша тәрізді адамдар хақты қабыл етсе де, бұрынғы үйреншікті әдеттерін тастай алмай, уақытша шегінгендері де бар. Кейбірі қорқыныштың құрығынан құтылып кете алмай, хақты теріске шығарды. Егер һидаятқа (тура жол) жете алмай өлсе, бұны олардың алдын-ала жазылған жазмышына қатысты деп қабылдау керек. Бұл жерде Аллаһ расулына байланысты ешбір кемшілік те, ағаттық та жоқ. Болуы да мүмкін емес.

[1] “Кімде-кім білгенін іске асырса, Аллаһ оған білмеген ілімін үйретеді” (Әбу Нуаим, Хилиә, 10/15).

[2] “Жаксы сөз Аллаһқа қарай шығады, жаксы амал (іс) оны көтереді” (Фатыр, 35/10).

[3] Алиу'л-Кари, әл-Әсрару'л-Марфу'а, 286 бет.

[4] Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 61.

## 5. Тәухид

### Тәухид[1]

Осы ерекшелік Құран Кәрімде көптеген пайғам-барлардың өз еліне айтқан сөздерінде негізгі мәселе ретінде көтерілген: «Ей, елім! Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Сендер үшін Одан басқа құдай жоқ!» (Һуд, 11/84).

Әр пайғамбардың дағуасы осы ұлы ақиқатпен басталып, осымен аяқталады. Әрқайсысы өзінше бір төбе болған, әр уақытта әр түрлі өлкелерге келген пайғамбарлардың бір мәселе төңірегінде жұдырықтай жұмылып, ақиқатты паш етулері Рабтарынан алған хабарларды тәблиғ еткенін көрсетеді. Өйткені әр түрлі дәуір мен өлкелерде өмір сүргендеріне қарамастан, өзара бірлесіп, бір келісімге келмесе, оны жүзеге асыру мүлде мүмкін емес еді. Сіздер бастауын бір қайнардан алған кейбір пәлсапалық ағымдар мен бір дәуірде өмір сүрген адамдардың араларында ұсақ мәселелердің өзіне келісе алмай, көптеген қарама-қайшылықтарға түсіп жатқанына куәсіздер. Адам ақылынан бастау алған осы ағымдардағы әлгіндей қарама-қайшылық пен иләһи (құдайлық) уахимен таңдалған кісілердің құрған жүйелеріндегі үйлесімділікті бір арнада тоғыстырып, саралап қарағанымызда, алдыңғысының өз бастауын адами сана-сезімдерден алғандығына, соңғысының өз бастауын жер менен көкті жаратқан Ұлы Жаратушыдан алғанына көз жеткіземіз. Пайғамбарлардың сөзінің бір жерден шығуы және тәухид ақиқаттарымен келуі де пайғамбарлықтың өзіне тән ерекшелігі болып табылады.

Сондықтан да Хақ пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Менің және менен бұрын келген бүкіл пайғамбарлардың айтқан ең қайырлы сөзі: Ләә-иләһә иллаллаһу уахдаһу ләә шәрикә ләһу (Аллаһтан басқа құдай жоқ. Ол жалғыз. Оның серігі жоқ) болған», – деген[2].

[1] Тәухид: Құдайға ортақ қоспау. Оны бір деп тану, Оның дара, жалғыздығын жария ету. Аллаһтан басқа құдай жоқ деу (ауд).[2] Муатта, Хаж, 246; Кәнзу'л-Уммал, 5/73.

## ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ СИПАТТАРЫ

### ТУРАЛЫҚ

Туралық – пайғамбарларға тән асыл қасиеттердің бірі. Олар әрқашан осы туралықтың шеңберінде әрекет етеді. Пайғамбарлардың барлық сөздері туралықтың ақ туын желбіретеді. Олар ешқашан болған жайды бұрмалап айтпайды. Құран Кәрім кейбір пайғамбарлардың ұлылығын сөз еткен кезде, осы асыл сипаттарын айтып кетеді: «Кітаптағы Ибраһимді есіңе ал. Ол турашыл пайғамбар еді» (Мәриям, 19/41).

Яғни, сен заңғар пайғамбар Ибраһимді (а.с.) «Ләухы махфузда» (тағдырда) немесе тағдырдың «айқын ақиқаты» мен «көшірмесі» болған Құранды есіңе ал. Ол – өзі мен сөзі, іс-әрекеттері мен ой-пікірлері түп-тура пайғамбар дегенге саяды.

«Кітапта Исмайылды есіңе ал. Шынында, ол уәдесіне берік елші әрі нәби (пайғамбар) еді» (Мәриям, 19/54).

«Кітаптан Ыдырысты есіңе ал. Ол турашыл пайғамбар еді. Оны биік дәрежеге көтердік» (Мәриям, 19/56-57).

Жүсіп пайғамбарға (а.с.) қарата айтылған зындандағы жолдастарының сөзін Құран бізге жеткізгенде, оның да турашыл жан екенін білеміз: «Ей, өзі де, сөзі де турашыл Жүсіп!» (Юсуф, 12/46).

Аллаһ жай қарапайым адамдардың да турашыл, шыншыл болуын қаласа, пайғамбарлар қалайша турашыл болмасын.

Құранда турашыл болғандарға үлкен баға береді:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқып, турашылдармен бірге болыңдар» (Тәубе, 9/119).

«Нағыз мұсылмандар – тек қана Аллаһ пен елшісіне иман етіп, иман жайлы қандай да бір күмән келтірмей, Аллаһ жолында дүние-мүліктерін жұмсау арқылы және жандарын беріп соғысқандар. Міне, солар турашылдар» (Хұжұрат, 49/15).

## Мадақ

Мәрт сөзді турашылдар Құранда былай деп мадақталады:

«Мұсылмандар арасында Аллаһқа берген сөздерінде тұрған қаншама ерлер бар. Кейбіреуі сөзінде тұрып, сол жолда жандарын құрбан етті. Кейбірі (шейіт болуды) күтуде. Олар берген серттерін ешқашан да өзгертпеді» (Ахзап, 33/23).

Осы аятқа аз да болса тоқтала кетейік:

Әнәс ибн Мәлік[1]: «Бұл аятта меңзелген кісі туысқан ағам Әнәс ибн Надыр және соған ұқсас жандар», – дейді.

Әнәс ибн Надыр Ақабада[2] Аллаһ елшісін көрісімен, сиқырланып қалғандай жіпсіз байланып, оның қасынан кеткісі келмейді. Алайда, оған Бәдір шайқасына қатысу бұйырмады. Бәдір шайқасының Ислам тарихында ерекше орны бар. Тіпті Бәдірге қатысқандардың сахабалар арасындағы орны қалайша ерекше болса, сол соғысқа қатысқан періштелердің де көктегі періштелер арасындағы орны бөлек болды. Бұл Бәдірге қатысып, періштелерге қолбасшы болған Жәбірейілдің сөзі еді[3]. Әнәс ибн Надыр осы мүмкіндікті өткізіп алғанына іштей өкініштен өзегі өртеніп, дөңбекшіп, ұйықтай алмай жүрді. Содан ол Сардарға барып: «Пайғамбарым, егер тағы да олармен шайқасудың сәті түссе, онда кәпірлер менен сазайын тартады», – деп, өкінішін білдіреді. Әнәстің осы ықыласты дұғасы қабыл болып, Ухудта ұрысқа қатысты.

Ухуд деген кезде адамның көңілі босап сала береді. Өйткені сол жерде жетпіс сахаба шейіт болды. Кім білсін, сірә, Ухудтағы осы бір жан сыздатар оқиғадан кейін кейбіреулер сол тауға қарсы ұнамсыз сөз айтып жүрмесін деген болар, Аллаһ елшісі бір күні Ухудтың жанынан өтіп бара жатып: «Ухуд тауы – бізді жақсы көреді, біз де оны жақсы көреміз», – деген еді[4].

Ухуд – асуы қиын тау. Бірақ Ухуд соғысының асуы сол таудан да қиынға соқты. Сахабалар босаңсып, қырағылық таныта алмай, Аллаһ елшісі көрсеткен бекіністі бір сәт ұмыт қалдырған-ды. Бұл күйреу емес стратегиялық тәсіл болатын. Біздің ардақ тұтқан сахабаларға деген көзқарасымыз, міне, осындай.

Осы соғыста Аллаһ елшісі де жараланып, мүбәрак тісі сынып, дулығасы жүзіне батып, денесі қан-жоса болды. Бірақ осыған қарамастан, кешірімшіл Рақым пайғамбары қолдарын жайып, дұға етіп: «Аллаһым, елімді кешіре гөр. Өйткені олар білмейді», – деп жалбарынды[5].



Әнәс ибн Надыр сол соғыста жанқиярлықпен айқасып, бір жыл бұрын Хак пайғамбарға берген сөздің үдесінен шығуға жанын салды. Арғы дүниеге бірге аттанатын серіктерімен бірге өмірінің соңына жақындай берді. Денесінің сау тамтығы қалмай жараланып, ажал құшты. Соңғы рет күлімсіреп, жанына жақындаған Са’д ибн Муазға: «Аллаһ елшісіне менен сәлем айт. Уаллаһи, дәл қазір Ухудтың арғы бетінен жәннаттың жұпар иісін сезіп тұрмын»,—деді.

Сол күні қылышпен қидаланған шейіттерден кімнің кім екенін түстеп тану мүмкін болмады. Солардың ішінде Баһадүр Хамза (р.а.), Мус’аб ибн Умәйр (р.а.) секілді арыс-тандай айбарлы тұлғалар бар еді. Абдуллаһ ибн Жахштың парша-паршасы шыққан денесінің бөліктері жиналғанда ғана оның Абдуллаһ ибн Жахш екені анықталды. Әнәс ибн Надыр да дәл осындай адам танымас күйде еді. Қарындасы келіп, қылыш ұстаған қолынан (сол жері ғана жарақаттан аман болса керек) танып, көздері жасқа толып, «Бұл Әнәс ибн Надыр, Пайғамбарым!» – деуге шамасы жеткен еді[6].

Аят осы қаһарман жайлы айтқан. Ол берген сөзінде тұрды. «Өлгенше айқасамын» деді және айқасып жүріп өлді. Өлім екеш өлім де оның берген сертін жоққа шығара алмады.

Аяттың ол жайлы айтылуының себебі: иманды адамдарға оны үлгі-өнеге ету. «Ләә-иләһә-илләллаһ» деген соң, дін ойынға, иман сағымға айналмауы, ал діндік рәміз аяқ асты болмауы үшін әр адам осы сөздің қадірі мен қасиетіне сай сенімді де тұрақты болуы керек.

Әнәс ибн Надыр және сол сықылды жандар сөздерінде тұрды. Сөзге мәрт әрі тура да шыншыл екенін дәлелдеді. Өйткені олар дәрістерін әлемнің ұлы тұлғасы Мұхаммед Әминнен (сенімді) тікелей алған еді. Ол қандай тура, әділ болса, достары да сондай болды...

[1] Аллаһ елшісінің қызметшісі. Пайғамбарымыз Мәдинаға келгенде, анасы он жасар Әнәсті қолынан жетектеп Аллаһ елшісіне әкеліп:

«Пайғамбарым! Ұлым саған ғұмыр бойы қызмет етсін», – деп, баласын сол жерге тастап кетеді

[2] Әнсарлардың хазірет Пайғамбарға биәт (сенім) білдірген Меккеге жақын жердің аты (ауд).

[3] Бухари, Мәғәзи, 11, Ибн Мәжә, Муқаддима, 11.

[4] Бухари, Зәкәт, 54.

[5] Муслим, Жихад, 101, 105; Бухари, Әнбиә, 54.

[6] Муслим, Имарә, 148.

## Қараңғылық дәуірі оны «Әмин» (сенімді) деп таныған

Меккеліктер Пайғамбарымыздың есіміне «әл-Әмин» сипатын қосып атайтын. Ол осы сипатымен әйгілі еді. Біз қандай бақыттымыз. Таң мен ақшам уақытындағы құт-берекелі зікірімізде оны былай деп еске аламыз:

Аллаһтан басқа құдай жоқ Ол – Мәлик, Хак, Мубин, Мұхаммед Аллаһтың елшісі тура сөзді, сенімді.

Қағба қайта жөндеуден өткен соң «қара тастың» (біз оған Ес'ад: «Бақытты тас» дейік) қайтадан өз орнына қойылуы меккеліктер арасында үлкен тартыс тудырды. Тіпті қылыштарын қынабынан суырмаққа ыңғайланды. Өйткені осы үлкен абыройға әркімнің де ие болғысы келді. Ақырында, ортақ бір мәмілеге келіп: Қағбаға алғаш келген адамның сөзіне тоқтауға уағдаласты. Бәрі іштей не болар екен деп қобалжып, толқи күтті. Бір уақытта табалдырықтан Екі әлемнің Шамшырағы аттады. Әлбетте, Аллаһ елшісі олардың келісімінен бейхабар-тын. Оның дос пен дұшпанға сенім шашқан гүлдей жайнаған нұрлы жүзін көргенде, сол жерде тұрғандар қуанғанынан төбесі көкке бір елі жетпей: «Әмин», – келе жатыр, «Әмин» – деді де, төрелігіне риза екендіктерін білдірісті...[1]

Өйткені оған толық сенетін. Аллаһ елшісі ол кезде пайғамбар емес, бірақ жұрттың сеніміне ие шыншыл адам еді. Пайғамбарға тиіс барлық сипаттар тұла бойында тұнып тұрған кезі-тұғын.

Нағыз парасатты адам – дұшпаны да парасаттылығына тәнті болған жан.

Сол күні әлі мұсылман болмай, күдік пен күмәннің торына шырмалып ең адуынды дұшпан аталған Әбу Суфиян оның туралығын былайша баяндайды:

Аллаһ елшісі көршілес елдің патшаларына хат жолдайды. Осындай хаттың біреуі Рим императоры Ираклийге арналған. Ираклий[2] хатты басынан аяғына дейін оқып шығып, Шам аймағында жүрген Әбу Суфиянды шақыртып алады. Екеуінің арасында мынандай әңгіме өрбиді:

- Оның соңынан еріп жатқандар кімдер: байлар ма, әлде кедейлер ме?
- Кедейлер.
- Оған иман еткендердің ішінен бас тартқандар болды ма?
- Қазірге дейін бола қойған жоқ.
- Қатары көбейіп жатыр ма, әлде азайып жатыр ма?
- Күн сайын артуда.
- Өмірінде жалған сөйлегенін естіп көріп пе едіңдер?
- Жоқ, оның жалған сөйлегенін ешқашан естімедік.

Хаттың ғажайып әсерімен қоса, сол кездегі мұсылмандардың қас дұшпаны Әбу Суфиянның жоғарыдай жауаптарына тап болған Ираклий өзінің салмақты қалпын сақтап:

– Осы уақытқа дейін адамдарға жалған сөйлеуден бойын аулақ ұстаған жанның Хақ тағалаға жалған сөйлеуі әсте мүмкін емес, – дейді[3]...

Тек тақырыбымызға байланысты болған соң ғана келтірген осы әңгімеде Аллаһ елшісінің туралығына екі дәлел бар. Біріншісі, жоғарыдағы сөздерді айтқан – Византия императоры Ираклий. Екіншісіне келсек, ол күндері әлі Исламмен нұрлана қоймаған Әбу Суфиянның берген жауабы. Бірақ амал нешік, Ираклий мансап пен тақты тәрк ете алмай, басына қонған баға жетпес бақты уысынан шығарып алды. Мұсылмандықты қабылдап, бақытты жандардың қатарына қосылмады. Дегенмен, Аллаһ елшісінің пайғамбарлығын мойындап құрмет көрсетіп, үлкен парасаттылық танытты.

Зер салып қарасаңыз, Ираклийдің сөздерінде терең ой жатыр. Қырық жасына дейін жай қарапайым адамға әзілдеп те болса да жалған сөйлемеген адам өлімге қарай бет алған шақта, бүкіл ғаламзатты жаратқан Аллаһ тағалаға қалайша жалған сөйлесін?

Ясирдің әлі мұсылман болмаған кезі. Өз ұлы Аммардан қайда бара жатқанын сұрады. Аммар:

– Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жанына, – деді.

Осы жауап Ясирге жеткілікті еді.

– Ол – Әмин (сенімді) адам. Меккеліктер осылай таниды. Егер пайғамбармын десе, онысы рас. Оның жалған сөйлегенін жан баласы естіп көрген емес...

Оның сенімді екенін мойындағандар санаулы адам ғана емес. Нұрлы дәуірде де, одан бұрын да таныған жанның бәрі бірауыздан оның туралығын растайтын.

[1] Муснәд, 3/425; Ибн Һишам, 1/209.

[2] Ираклий (575-641) – Византия императоры болған (610-641). Ол парсылардың патшасы Құсрауды (Хосров) жеңіп, империяның Сирия, Палестина, Мысырды қамтитын шығыс шекараларын бекіткен болатын.

[3] Бухари, Бәд'у'л-Уахи, 6; Муслим, Жиһад, 74.

## Туралық

Ол әрқашан туралықпен өмір сүрді, үмбетіне де үнемі туралықты насихаттады. Төменде солардың бірқатарына мысал келтіруді жөн көріп отырмын:

«Маған мына алты нәрсе туралы кепілдік беріңдер, мен де сендерге жәннатқа кіруге кепілдік берейін:

- Сөйлегенде рас сөйлеңдер!
- Уәделеріңді орындаңдар!
- Аманатқа «әмин» (сенімді) болыңдар!
- Ұятты жерлеріңді сақтаңдар!
- Көздеріңді харамға салмаңдар!
- Қолдарыңды харамнан аулақ ұстаңдар!»[1]

Иә, ол әрқашан атқан оқтай тура өмір сүріп, туралықты насихат етті. Өзіне тән туралықта жаратылыс пен Жаратушы арасындағы бір межеге қол жеткізді. Ол меженің ерекшелігі сол – оның арғы жағында Аллаһтың ғана туралығы бар. Хақ пайғамбар туралықта Құранда аталған «Тіпті садақтың екі басының арасындай, әлде одан да жақынырақ» (Нәжім, 53/9) дәрежесіне дейін шарықтады. Ия, ол бір жағынан, мүмкіндік шегінде болса, екінші жағынан, мүмкіндік шегінен де асып кеткен еді.

Миғражға[2] байланысты Қады Ияздың[3]: «Ол бір жерге келді де, аяғын қайда қоярын білмеді. Сонда оған, «бір аяғыңды тұғыр етіп, екінші аяғыңды соның үстіне қой» деп айтылды» дегеніндей, туралық оны осындай биік дәрежеге шығарды. Бізге де ол дәл осыны насихаттап: «Жөн сөйлеуге, өмірлеріңе өтірікті араластырмауға сөз беріңдер. Мен де сендерге жәннатқа кепілдік берейін», – деуден жалықпады.

Басқа бір хадисінде:

«Күмән туғызар нәрсені таста (күмәнсыз түрде ғұмыр кеш). Туралық көңілді хош етіп, жанды рақатқа бөлейді. Жалғандық көңілді жайсыз етіп, мазасыздық тудырады», – дейді[4].

Және бір насихаты:

«Әрдайым туралықты іздеңдер! Туралықта құрдымға бататындарыңды білсеңдер де, сөзсіз, онда сендер үшін азаттық бар», – делінген[5].

Басқа бір хадисте:

«Туралықтан айырылмандар. Туралық сендерді жақсылыққа, жақсылық жәннатқа апарады. Кісі тура болып, туралықты іздесе, Аллаһ әмірімен турашылдардың қатарына жазылады.

Жалғаннан сақ болыңдар. Жалғандық адамды күнәға, күнә жәһәннамға апарады. Кісі үнемі жалған сөйлеп, жалғанды іздесе, Аллаһ жарлығымен өтірікші кәззаптардың қатарына жазылады», – деп әмір етеді[6].

Мәңгілік бақытқа бөлену – туралықта. Шындықты айтқан адам бір-ақ рет өлсе, өтірікші мың рет өледі.

Ка'б ибн Мәлик (р.а.) «Мен туралығымның арқасында азат болдым»,– дейді.

Иә, туралық жайлы сөз болғанда, оны еске алмау мүмкін емес.

Ка'б ибн Мәлик – сөзі қылыштай, қылышы да сөзіндей өткір адам еді. Өзі ақын болатын. Ақындығы арқылы кәпірлердің көңіл-күйін алай-дүлей етіп кететін.

Ақабаға келіп, Аллаһ елшісіне сенім білдіріп ант еткен, екі дүние Шырағының әкелген нұрына бөленген алғашқы мәдиналықтардың бірі болды. Бірақ Тәбук жорығына қатыса алмады. Тәбук аса қиын жорықтардың бірі еді. Сол соғыста сахараның шыжғырған ыстығында шағын қолмен Рим империясының қалың әскерімен айқасқа түспекші. Әскер сондай оймен аттанды. Ізгі ниет айқындалды. Бірақ соғыс ниет күйінде қалып қойды. Ұрыс болған жоқ.

Екі әлем Сардары бүкіл әскери әдіс-тәсілдерін құпия ұстайтын. Бірақ бұл жолы барлығын жария түрде шақырды. Соған карамастан Ка'б осы әскери жорыққа қатыса алмады.

Енді «сиәр» (тарих) кітаптарындағы оның басынан өткендерді өзінің аузынан тыңдайық:

«Барлығы соғысқа шақырылды. Өйткені алда аса ауыр айқас болмақшы. Бірақ Аллаһ соғысты болдырмады, тек әскери дайындықпен шектеліп қалды. Осындай болатынын сезді ме, жоқ па, ол жағын біле алмадым, бірақ Аллаһ расулы осы соғысқа ерекше дайындалды.

Жұрттан қалмай, мен де баруға бел будым. Тіпті сол күнге дейін ешқандай соғысқа дәл мұншалықты дайындық жасамаған едім. Екі әлем Сардары қозғалуға бұйрық беріп, әскер жылжи бастады. Мен өз-өзіме: «Қайткен күнде де арттарынан

куып жетемін ғой», – деп, бірақ олармен бірге шықпадым. Айналып қалатындай ешқандай ісім де жоқ еді. Бүгін-ертең, арғы күні деп жүргенде, күндер зуылдап өтіп те кетті. Бұдан кейін Аллаһ елшісіне жетуім мүмкін емес тұғын. Амалсыз күтуге тура келді. Күттім де. Тіпті әрбір сағатым бір күнге татып, тағатсыздана күттім.

Ақырында, Аллаһ елшісі жорықтан қайтып келе жатыр деген хабар дүңк етіп, жан-жаққа тарады. Әр кез осылай болып, Пайғамбарымыз Мәдинаға жақын қалғанда қайта жанданып сала беретін. Бүгін де жұртшылықтың жүздері қуаныштан бал-бұл жанып: «Қарсы алыңдар! Аллаһ елшісі келе жатыр!» – деп жаһанға жар салып жатты.

Ақырында күткен уақыт та келді. Әскер Мәдинаға оралды. Пайғамбарымыз да өзінің әдеті бойынша әуелі мешітке кіріп, екі рәкәт намаз оқыды да, жұртпен жүздесе бас-тады. Ел-жұрт топ-топ болып мешітке барып, сәлем берді. Жорыққа қатыспағандар да не үшін бармаған себебін айтып, кешірім сұрады. Жағдайы маған ұқсас кейбір адамдар да себебін айтып, ғафу өтініпті. Аллаһ елшісі олардың осы себептеріне түсіністікпен қарады. Менің де солар секілді кешірім сұрауыма болатын еді. Сөзге ұсталығым да бар. Бірақ себепсізден себепсіз Аллаһ елшісіне қалайша жалған сөйлемекпін? Батылым барып айта да алмадым. Кездескен сәтте, Екі әлемнің Сардары өңменімді тесіп өтердей қарап, салқын қарсы алды. Сосын маған: «Қайда болдың?» – деді. Бар жайды түгелдей жайып салдым. Басын бұрды да, естілер-естілмес: «Кет!» – деді.

Сыртқа шыға сала, жұрт мені қаумалап: «Сен де бір себеп айтып, құтыл», – деп, кеңес берді. Олардың сөздері әуелі көңіліме қонғандай болды. Бірақ бірден есімді жидым да: «Менің жағдайыма ұқсас басқалар бар ма?» – дедім. «Бар», – деп екі адамның аттарын атады. Олар: Мурара ибн Рәби мен Хилал ибн Умәйиә. Екеуі де Бәдірге қатысқан атақты да әйгілі сахабалар еді. Олар да шындығын айтыпты. Астапыраллаһ! Сөйтіп, олар да менің кебімді киген екен ғой. Екеуі де маған өнеге болған жандар еді. Мен де оларға ілесуге іштей шешім қабылдап, себеп айтудан бас тарттым.

Үшеумізге бірдей жарлық шықты. Енді бұдан кейін ешбір мұсылман бізбен жүздесіп, тіл қатпайды. Екі серігім осыны естіген соң, үйлерінен шықпай, өкініштен өзектері өртеніп, жүректері қан жылап жатты. Мен оларға қарағанда әлдеқайда жас әрі қуатты едім. Көшеге, базарға шығып, намаз уақыттарында мешітке барып жүрдім. Бірақ менімен ешкім сөйлеспейді. Уақытымның көбін мешітте өткізетін едім. Аллаһ елшісінің бір күліп қарағанын көрем бе деп



армандап, ұзақ уақыт күткен кездерім болды. Бірақ, амал қанша, күнде үйіме мұнайып қайтатынмын. Ол мен жаққа назар салмайтын болды. Алдынан арнайы шығып, сәлем беремін. Сәлемімді ала ма екен деп көзімді айырмай қараймын. Бірақ, маған жылы қабақ танытар сыңайы байқалмады.

Көбінесе намаз оқып жатқан кезінде көз қиығымды тас-таймын. Мен намазға тұрғанда, ол да маған қарайтын. Бірақ намазымды бітірген сәтте, дереу көзін басқа жаққа бұрып әкетеді. Барлық адамдардың жат болып кеткені соншалық – мен өзімді бөгде бір жат елде жүргендей сезіне бастадым.

Бір күні Әбу Қатада, иә, айтқандай, ол менің туысқан ағамның баласы еді, өзін өте жақсы көретінмін. Ол да мені жанындай жақсы көретін. Бау-бақшасының дуалынан асып түсіп, жанына барып сәлем бердім. Бірақ ол сәлемімді алмады. Одан: «Аллаһ үшін, айтшы, менің Аллаһ пен расулын жақсы көретініме сенесің бе?» – дедім. Үн жоқ. Сөзімді үш рет қайталап айттым. Үшіншісінде барып: «Аллаһ пен елшісі біледі», – деді де, қасымнан кетіп қалды. Аспан төбеме төңкеріліп түскендей болды. Әбу Қатададан мұндай сөзді күтпеп едім. Көздерім жасқа толып, еңіреп жібердім.

Бір күні Мәдина көшелерін жалғыз аралап жүргенімде, бір адамның мені іздеп жүргенін естідім. Сұраған адамдар маған қарай жол сілтеп жіберіпті. Бейтаныс жан маған келіп, беймәлім хатты беріп, кетіп қалды. Ғассан[7] патшасынан келген хат екен. Патша мені өз мемлекетіне шақырыпты. Хатында: «Естігеніме қарағанда, иең сені жалғыз тастаған көрінеді. Бізге кел. Сендей адам біз үшін аса қадірлі..» деген сөздер жазыпты. «Бұл – сынақ» дедім де, хатты жыртып отқа тастадым.

Қыркыншы күні Аллаһ елшісі бір адам жіберді. Келген адам бізге әйелдерімізден бөлек тұруымыз керек екенін айтты. «Талақ етейін бе, не істейін?» – дедім. (Аһ! Пайғамбарды жанындай сүйген, сертіне берік жан осындай-ақ болар!) «Тек бөлек тұр», – деді де, кетіп қалды. Әйелімді төркініне жібердім. Осы уақытта Хилалдың әйелі барып, «тек қасында болып қызмет етейін», – деп рұқсат сұрапты. Аллаһ елшісі оған рұқсат беріпті. Кейбіреулері менің де дәл солай рұқсат алуымды жөн көрді. Бірақ мен бұл ұсынысты құптамадым. Өйткені Аллаһ елшісінің мұндай ұсынысқа қалай қарайтынын білмеймін.

Сонымен, арада біршама уақыт өтіп, елуінші күн де жақындаған еді. Бұдан артық төзуге шамам қалмады. Дүние қап-қараңғы, аспан төңкеріліп, әлем қабір тәрізді тар қапас болып кетті. Күнделікті әдетім бойынша үйімнің төбесіне шығып, таң

намазын оқып отырғанмын. Біреудің айқайлап атымды атағанын естідім. Дауыс: «Сүйінші Ка'б!» – деп, жаңғырған еді. Мән-жайды бірден сезе қойдым да, дереу сәждеге жығылдым. Сол күні таң намазынан соң Аллаһ расулы бізді кешіргенін жария етіпті. Мешітке қарай тұра жүгірдім. Кірген сәттен-ақ бәрі орнынан тік тұрып маған құттықтау айтты. Талха мойнымнан құшақтап, бетімнен сүйді. Бейне бір өзімді жаңадан Ақабада тұрғандай сезіндім. Аллаһ елшісінің жанына жетіп барып, мүбәрак қолын сүйдім. Ол да менің қолымды қысты. (Сол сәтте, сірә, ол жәннатпен сүйіншіленсе де, мұншалықты қуанбайтын шығар). Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Аллаһ сендерді кешірді», – деді. Сөйтті де, біз туралы түскен мына аятты оқыды:

«(Аллаһ) артта қалған үш кісінің де тәубелерін қабыл етті. Жер жүзі кеңдігіне қарамастан, оларға тар келіп, ар-ождандары өздерін қысқан сайын қыса түсті. Ақыр соңында олар Аллаһтан басқа ешбір пана жоқтығын аңғарды. Содан соң қайта өздеріне келу үшін Аллаһ олардың тәубесін қабыл етті. Өйткені Аллаһ – Тәууәб (тәубелерді әрдайым қабыл етуші), Рақымды» (Тәубе, 9/118).

Осы аятты оқығаннан кейін Аллаһ елшісіне: «Пайғамбарым! Мен туралығым арқылы азат болдым. Бұдан кейін өмір-бақи шындықтан басқа еш нәрсе айтпайтыныма сөз беремін», – дедім»[8].

Пайғамбарлық ақиқаты әрқашан туралықтың шеңберінен қия басып шықпайды. Әр пайғамбар тура да шынайы сөйлейді. Әрі солай болуға тиіс. Өйткені ғайып әлемінен келген әмірлерді адамдарға тәблиғ еткен осы шексіз нұрлы тұлғалардың қай-қайсысы да сәл шалыс басса, пайғамбарлық болмысының мән-маңызы қалмайды. Адамзат үшін үйренуіміз қажет болған барлық ақиқаттар бізге солар арқылы жетеді. Сондықтан, бұл – иненің жасуындай да жаңылысты көтере алмайтын өте нәзік мәселе. Сол үшін де Аллаһ тағала бұл жайында:

«Егер (пайғамбар) сөзді өз жанынан шығарып айтса, Біз оны күшпен ұстап, күре тамырын қияр едік те, (Оның жанын алатын едік) сендердің ешқайсың бұған тосқауыл бола алмайтын едіңдер», – дейді (Хаққа, 69/44-47).

Иләһи әмірлердің алдында ол мәйіт сияқты еді. Мәйітті жуушы оны қалаған қырына жатқызып жуады емес пе? Дәл осылай уахи оны қалаған жағына бұратын. Ол әрқашан сол бағыттан ауытқымады. Ұлы Жаратушыға жақындау құрметіне ие болып, ең асқақ мәртебенің шыңына жеткен кезде де, қырағылығын жоғалтпады. Жоғалту былай тұрсын, тіпті одан да тереңдей түсіп, қол жетпес қырағылыққа ие болған-ды.

[1] Имам Ахмәд, Муснәд, 5/323.

[2] Пайғамбарымыздың Режеп айының 27-сіне қараған түнінде Аллаһқа рухы әрі тәнімен баруы. Бұл – Пайғамбарымыздың ең үлкен мұғжизаларының бірі (ауд).

[3] Қады Ияз ибн Мұса ибн Умран ас-Сабти (1083-1149) – ғықх хадис саласының әйгілі ғалымы. Гренада (Испания) қаласының қадысы болған. 20-ға жуық ғылыми еңбектің авторы.

[4] Тирмизи, Қиамә, 60; Муснәд, 1/200.

[5] Кәнзу'л-Уммал, 3/344; Мунауи, Фейду'л-Қадир, 3/232

[6] Бухари, Әдәб. 69; Муслим, Бирр, 105; Әбу Дәууд, Әдәб, 80.

[7] Ғассандықтар – Сирияны басқарып, христиан дінін ұстанған әулет

[8] Бухари, Мәғәзи, 79; Муслим, Тәубә, 53.

## Уәдеге беріктік

Қырық жасына дейін жалған сөйлеп, яки сөзінен тайғанын ешкім көрген де, естіген де емес. Кейіннен сахаба дәрежесіне жеткен бір кісі былай дейді: «Қараңғы дәуірде Аллаһ елшісімен бір жерде кездесетін болып келістік» Жоғарыда айтып өткенімдей, «қараңғылық өмір» – оның өмір сүрген дәуірінің аты. Ол түнек дәуірдің қараңғылығынан алыс болып, нұр аясында өмір сүрді. Әрқашан пайғамбарларға тән өмір жолында жүрді. «Мен берген сөзімді ұмытып кетіппін. Үш күннен соң барып есіме сап ете түсіп, солай қарай жүгіре жөнелдім. Барсам, Аллаһ елшісі сол жерде әлі күтіп тұр екен. Маған ашуланған да, ренжіген де жоқ. Тек: «Ей, жас жігіт! Мені әуреге салдың. Үш күннен бері сені осы жерде күтіп тұрмын»,– деді[1].

[1] Әбу Дәууд, Әдәб, 82 ( Бұл Абдуллаһ ибн Аби'л-Хамза еді).

## Ақиқатты айғақтаған

Ол туғаннан Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) еді. Сол үшін де пайғамбарлығын жариялаған кезде де жұрт оған сеніп, сөздерін растады. Иә, барлық әлем оған: «Дұрыс айтасың, Аллаһтың елшісі» деп туралығын паш етіп жатты. Адамдар түгіл, мұғжиза тілімен жаратылыстың әрбір түрі өз атынан уәкіл жіберді. Оған бият (серт) еткендей еді.

Сөз арасында мынаны айта кеткен абзал: Құран мен Пайғамбарымыздың нұрлы баяндарының мінсіздігі соншалықты мұндай дәрежеге философтар ақылымен, әулиелер жүрек «көзінің тереңдігімен тақуа, салиқалы жандар рухани сезімдерін жетілдіру арқылы мұншалықты терең түсінік пен баяндау тәсіліне жетуі мүмкін емес.

Ақылын яки жүрегін кемелдендіру жолында талай шыңдарды бағындырған алыптар қаншалықты биік дәрежелерге қол жеткізгеніне қарамастан түптің түбінде Құранның және Аллаһ елшісінің ақиқатпен көмкерілген нұрлы баяндарының алмас қылыштан да өткір туралығы мен ақиқаттығын қабылдауға мәжбүр болады. Ардақты пайғамбарымыздың Аллаһ туралы айтқандары осы саланың білгірлері тарапынан расталып, айтқандарының әрбірі негіз болып қабылдануда. Сонымен қатар Аллаһ тағалаға тән сипаттар, өлгеннен соң қайта тірілу мен тағдырға байланысты терең мәселелерді тыңғылықты түрде тепе-теңдікті сақтай отырып, өзі айтып түсіндірмегенде, ғұламалар бұл мәселелерді түсіну былай тұрсын, бұл туралы бір ауыз сөз де айта алмас еді.

Омар (р.а.) былай дейді:

«Бір күні Аллаһ елшісі таң намазынан кейін мінбеге шығып, түскі азан оқылғанға дейін уағыз айтты. Бесін намазынан кейін қайта жалғастырды. Өңгімесі ақшамға дейін созылды. Нендей нәрсеге тоқталды? Қандай нәрседен хабар берді? Бәрін қамту қиын, бірақ сол күнге дейін айтылмаған көп мәселе тілге тиек етілді. Алғашқы жаратылыстан бастап, адамның жаратылысына дейінгі кезеңдер туралы сөз болды. Содан кейін дүние-жалғанды түгел қамтып, қияметке дейінгі адамдардың басына келетін жағдаяттарды баян етті»[1].

Өткеннің тереңіне сүңгіп, Адам атаға дейін барлық пайғамбарларды түр-түсімен суреттей отырып, одан әрі болашаққа көз тастап, махшар, жәннат пен жәһәннамға дейінгі хабарларды алдарына жайып салды.

Алайда ол кітап оқыған не біреуден дәріс алған жан емес. Олай болатын болса, бұлардың барлығын қалай білген? Әрине, осы ғажайып ілімді үйреткен – күллі ғаламның падишасы Аллаһ еді...

Басқа бір жолмен үйренуінің мүмкін еместігін бүгінгі күннің адамдары таңдана растап отыр. Бұл да туралығына бір дәлел.

Өзі өткен-кеткен пайғамбарлар жайында, олардың мінез-құлқын сөз етіп, түр-тұлғаларына дейін бейнелеп айтып берді. Сол күннің «Әһли Кітабы»[2] оның осы айтқандарына қарсылық білдірмей, бәрін растады: «Иә, кітаптарымызда олар дәл сіздің айтқаныңыздай жазылған»,– деді[3].

Тәурат, Інжілді оқи алмайтын немесе басқа ақпарат алмаған адамның сол кітаптарда аталған, тіпті аталмағаны да бар, бүкіл бұрынғы өткен пайғамбарларды түр-түсімен сипаттап айтып беруі, бұл жайдан хабары бар дін ғалымдарының сенімді түрде растаулары Аллаһ елшісінің туралығы мен дағуасының айқын куәсы, бұлтартпас дәлелі емес пе!?

Мұндай мәселелерді түсініп айта білу үшін адам алдымен оларды білетіндей бір деңгейге жетуі тиіс. Біз осы деңгейге жеткен сенімді тұлғалардың сөздерін негізге алып, осы ойымызды қуаттаймыз. Баспалдақтан баспалдаққа шығып, жоғарыға көтерілген сан мың әулие, тақуалар мен ақыл-ойларын ғылыммен нұрландырған хакімдер, даналардың Пайғамбарымыз айтқан баяндарды жоққа шығармауы Пайғамбардың дұрыстығы мен туралығын дәлелдей түседі. Даналардың оны құптауы Расулдың ешқандай жалған сөйлемегеніне көзімізді жеткізеді. Нәбидің айтқандары өз жанынан шығарған немесе жүрек тереңінен жұлқынып шыққан өз сөздері емес. Ол әрқашан иләһи хабарларды ғана айтып, уахидың «жеткізушісі» болған. Сол үшін барлық кезеңдер мен мекендердің Сөз Сұлтаны атанды...[4]

Біз мұнда он бес ғасыр бұрын болашақ туралы айтқан хабарларының ақиқатқа айналып, әрбіреуі оның туралығына дәлел бола алатынына баса назар аударғымыз келеді.

Тақырыпты қозғамай тұрып, ғайып жөнінде айта кетуді жөн көрдік. Себебі, ғайыпқа байланысты түрліше пікірлер сақтықпен қарауды қажет ететін қылдай нәзік мәселелер болып табылады.

[1] Муслим, Фитән, 25; Муснәд, 5/341.

[2] Христиан, еврей.

[3] Муслим, Иман, 271.

[4] “Ол өз ойынан сөйлемейді. Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана” (Нәжм, 53/3-4).

## Ғайып хақында

«Ғайып» жайлы Құран Кәрімдегі аяттарда көптеген түсініктер берілген:

«Ғайыптың кілттері Оның жанында. Ғайыпты тек өзі ғана біледі. Ол құрлықтағы, теңіздегі нәрселердің барлығын біледі. Одан хабарсыз жапырақ та жерге түспейді. Жердің қараңғылықтарындағы құрғақ, ылғалды нәрселер түгелдей ап-анық Кітапта бар» (Әнғам, 6/59).

Осы аятта «ғайыптың» түгелдей Аллаһтың жанында болғанын айтуда. Әрі Одан өзге Пайғамбарымыздың да ғайыпты біле алмайтынынан хабар беруде.

Негізінде, Аллаһ Пайғамбарымызға:

«Оларға былай де: «Жанымда Аллаһтың қазыналары бар демеймін, ғайыпты да білмеймін. Әрі сендерге мен бір періштемін деп те айтпаймын. Мен тек өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін. Көр соқыр мен көзі ашық тең бола ала ма? Ой салмайсыңдар ма?» (Әнғам, 6/50)

«Оларға былай де: «Аллаһтың қалағандарынан басқа өзіме ешқандай да бір пайда немесе зиян келтіретін күшке ие емеспін. Егер мен ғайыпты білетін болсам, онда, әлбетте, өте көп жақсылық істейтін едім, сондай-ақ маған ешқандай жамандық та жуымайтын еді. Мен – тек иманға келе алатын елге ескертуші әрі сүйіншілеуші (елші) ғанамын» (Ағраф, 7/188).

«Жын» сүресінде былай деуде:

«Ол барлық ғайыпты біледі. Ғайыптың сырын ешкімге ашпайды. Тек қалаған пайғамбарына ғана білдіреді. Сондай-ақ, Раббысынан алынған хабарлардың айна-қатесіз, толық жеткізілгенін білу үшін Аллаһ өз елшісінің алды-артына күзетші қояды. Негізінде, Аллаһ олардың жағдайын толық біліп, барлық нәрсені жеке-жеке санап, жазып қойған» (Жын, 72/26-27).

Осы аяттардың нұрлы аясынан шықпай, талдау жасайық: «Аллаһ елшісі ғайыпты толық біледі» деу – астамдық, «білмейді» деу – нұқсандық. Ол ғайыпты өздігінен емес, Аллаһ-тың білдіруі арқылы ғана біле алатын. Білгені сол – бейне бір экранға қарап тұрғандай, қияметке дейін болатын барлық оқиғаларды негізгі мәселелерімен қоса түсіндіріп, адамдарға жайып салатын. Біздің абайлап қарайтын мәселеміз – осы. Ол өздігінен еш нәрсе айтпайтын. Айтқанының бәрі де уахи арқылы жеткен Аллаһтың хабары. Аллаһ кейде пайғамбарға ғана емес, үмбет арасында салиқалы, жүрек көзі ашық кейбір жандарға да керемет[1] ретінде ғайыпты білдіре алады. Аллаһ елшісі де: «үмбетімнің арасында (иләһи) шабытқа



ие адамдар бар»[2], – деген болатын. Бұл Аллаһтан келетін шабытқа ие жан дегенге саяды.

Мысал ретінде айта кетейік:

Бір күні мінберде хұтба оқып тұрып, сонау алыстағы алты қырдың астында соғысып жатқан Ислам әскерін арт жағындағы тауды қалқалап, дұшпан әскерінің жасырын қоршап келе жатқанын көрген Омар (р.а.) қолбасшы Сарияға: «Ей, Сария! Тау жаққа» деп үш рет айғай салады. Мұны естіген Сария артына жалт қарап, ту сыртындағы дұшпанды байқап қалып, қоршауды бұзып-жарып шығады[3].

Алып ғұлама Мухиддин ибн Араби[4] да көп ғасырдан кейін болатын жайттарды ишаратпен айқын баян етіп жазып кеткен. Міне, сол секілді Мәулана, Имам Раббани[5], Муштак Ефенди[6] іспетті жүздеген ірі ғұламалардың болашақ жайында хабар беріп тұрып, Аллаһ елшісіне шынайы берілгендіктерін растауы һәм осы қасиеттердің Мұхаммед шырағының жарығы екенін мойындауы – Пайғамбарымыздың Аллаһтың рұқсатымен қаншалықты ғайып сырларына ие болғанын көрсетеді. Оның тәрбиелеп өсірген шәкірттері асыл нұрдан, иләһи самалдан нәр алып, ғайып әлемін көре алатын болса, барлық үмбеті таразының бір басына қойылса да, жалғыз өзі ауыр басатын екі дүниенің Сардары мұғжиза ретінде ғайыпты неге көре алмасын?...[7]

Хадис кітаптарында Пайғамбарымыздың үш жүзге жуық мұғжизалары жазылған. Ғайыптан алған хабарларының басым бөлігі расқа шықты, қалғандары уақыты келген кезде болады. Біз бұл кітапта барлығын қамтып айта алмаймыз. Тек бірді-екілі ой сала кету мақсатында сөзімізді нақтылауды жөн көрдік.

Ғайып хабарлары үшке бөлінеді:

Біріншісі – өз дәуіріне байланысты айтқан ғайып хабарлар.

Екіншісі – алыс пен жақын келешекке байланысты.

Үшіншісі – «Сәһл-и мумтәни»[8] тәсілмен айтқандары. Яғни, тың ғылыми жаңалықтармен ғана ақиқаты білінетін мұғжизалы баяндар.

[1] Әулие адамдардың жаратылыс заңына теріс кереғар ғажайыптар көрсетуі. (ауд.).

[2] Бухари, Әнбиә, 54; Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 23; Тирмизи, Мәнакиб, 17.

[3] Кәнзу'л-Уммал, 12/571.

[4] Мухиддин ибн Араби (Севилья 1165- Димашқ 1240) – әйгілі мұсылман ойшылы, сопы.

[5] Имам Раббани немесе Ахмад Фарук Сақанди (Сарқанд 1563 - 1624) – Үндістандық атақты мұсылман ғалым. Үш томдық «Мәктубат» кітабының авторы.

[6] Мустафа Муштак (Битлис 1758 - Муш 1831) – Түркиялық танымал ғалым, каллиграфия мен сопылық жолының өкілі

[7] Әбу Дәууд, Сунна, 8; Муснад, 2/76.

[8] Айтылуы тілге жеңіл, бірақ мағынасы өте терең сөздер.



## ҒАЙЫПТАН БЕРІЛГЕН ХАБАРЛАР

Өз заманындағы мұғжизалар

1. Бухари[1], Муслим[2] барлық хадис кітаптары бір ауыздан мына хадисті жеткізеді:

Бір күні Аллаһ елшісі мінберге шықты да көздерін ғайып әлеміне тігіп, қабағы қатуланып жамағатына ғайыптан құшақ-құшақ хабар жаудырып жатты. Бір кезде: «Бүгін менен қалаған нәрселеріңді сұраңдар!» – деді. Әркім қалағанын сұрап, жауабын алып жатқан. Бір кезде бір жас жігіт орнынан тұрды да: «Аллаһтың Елшісі, менің әкем кім?» – деді. Жұрт арасында аз да болса оның әкесі жайында алып-қашпа сөз бар еді. Мұндай сөздерден жас жігіттің көңіліне қаяу түскен. Ол сол күні реті келіп тұрғанда, әрқашан Хақтың рұқсатымен ғайыпқа көздері ашық Хақ пайғамбардан әкесінің кім болғанын сұрады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Сенің әкең Хузәфа», – деді. Албырт жастың көңілі жай тапты. Бұдан кейін әкесіне толық сеніп, өзін Абдуллаһ ибн Хузәфа әс-Сәһми дейтін болады. Аллаһ расулының сол сәттегі көңіл-күйін байқаған алып тұлғалы Омар (р.а.) кенеттен орнынан атып тұрып:

«Біз Раббымыз – Аллаһқа, дініміз – Исламға, пайғамбарымыз – Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) разы-мыз», – деді.

Оның осы бір жүректен шыққан сөзі Аллаһ елшісінің жан сарайына таңғы самалдай жайлы әсер етіп, қатулы қабағы жібіп сала берді.

Бұл жайт мешіт толы сахабалардың көз алдында болған еді. Бүкіл сахаба Аллаһ елшісінің айтқандарын үнсіз растап, бейне бір «Дұрыс айтасың» деп жатқандай еді[3].

2. Муслим, Омардан (р.а.) жеткен хадисте былай дейді:

«Бәдірде Аллаһ елшісі соғыстың стратегиясын анықтап, айқас өтетін жерде жүрген болатын. Бір уақытта ғайып әлем пердесінің арғы жағына көз тастап, қолымен кейбір жерлерді ишарат етіп: «Мынау – Әбу Жәһилдің өлетін жері, анау – Утбәнің, мынау – Шәйбенің, ал мына жерге Уәлидтің иығы тиеді...», – деп, басқа да көптеген адамның қай жерде жан тапсыратынын айтып берді». Соғыстан кейін Омар (р.а.) ант ете тұрып: «Аллаһ елшісі қай жерді көрсеткен болса, бәрі де тап Пайғамбарымыз айтқан жерлерде жан тәсілім еткеніне куә болдық», – дейді[4].

Көзі тірісінде Аллаһ елшісін мойындамаған сол адамдар, өлі денелерімен оның туралығы мен дұрыстығын дәлелдеген болатын. Өйткені айтқан хабарлары дәлме-дәл жүзеге асты.

3. Ахмад ибн Ханбал[5] «Муснәд» кітабында бір оқиғаны бізге былай жеткізеді: Аллаһтың сүйікті Пайғамбары сахабаларымен мешітте отырған. Бір кезде: «Бір шамадан соң бұл жерге маңдайы мен жүзі нұрға толы бір адам келіп, мына есіктен ішке енеді. Ол – Йеменнің ең абзал игі жақсыларының бірі. Маңдайында періштенің сипаған ізі бар»,– деді.

Көп өтпей, дәл Аллаһ елшісінің айтқанындай бір адам кіріп келді де, алдына тізерлеп отырып, мұсылман болғанын жариялады. Нұрлы жүзі айдай жарқыраған осы бір көркем, әдепті, ізетті тұлға – Жәрир ибн Абдуллаһ әл-Бәжәли болатын[6].

4. Бәйхақидің[7] «Дәләилу’н-Нубууә» атты кітабындағы хадистен: Әбу Суфиян Меккенің алынуы кезінде сәждеге бас қойса да, иман жүрегіне толық орнықпаған болатын. Рақым Пайғамбары Қағбаны тауап етіп жатқан заматта Әбу Суфиян да сол жерде еді. Бір кезде оған: «Қайтадан қол жинап келіп, мұсылмандарға қарсы шықсам ба екен?» – деген ой келді. Дәл сол сәтте Аллаһ елшісі Әбу Суфиянның жанына тақап барып, құлағына: «Бәрібір қайта жеңеміз», – деп сыбырлайды. Әбу Суфиянға бұл сөз бишікпен осып жібергендей әсер етіп, иманы жүрегінен толық орын алды. Сол-ақ екен ұйқыдан ояңғандай селк етіп: «Аллаһқа тәубе етіп, кешірім сұраймын», – деді[8].

Әбу Суфиянның бір сәттік санасын шарпып өткен ойларын Аллаһ расулына кім жеткізді? Әбу Суфиянның осы әрекеттері екі әлем шырағының пайғамбарлығына көз жеткізер көп дәлелдердің бірі ғой.

5. Хадис кітаптарына үңілсек:

Умәйр ибн Уәһб сахабалар арасында «Исламның тақуасы» деп аталған. Алайда қараңғылық дәуіріндегі аты «шайтан адам» болатын[9]. Ол Сафуан ибн Умәйямен келісті де, мұсылман сықылды көрініп, Мәдинаға бармақ болады. Ниеті – Аллаһ Сүйіктісін өлтіру. Ақысына Сафуан ибн Умәйя Умәйр ибн Уәһбқа бірнеше түйе атайды.

Умәйр қылышын қайрап жолға шықты. Мәдинаға келгенде, мұсылман екендігін әрі Аллаһ елшісіне бият[10] еткісі келгенін айтады. Оны ертіп мешітке апарды. Бірақ сахабалар Умәйрге сенбейтін. Сол үшін оны Аллаһ елшісімен жалғыз қалдырмады. Барлығы еттен, сүйектен жасалған қорған болып, Аллаһ елшісінің айналасында кірпіштен қаланған дуалдай бақылап тұрды. Умәйр мешітке кіргенде, Хақ Сүйіктісі не үшін келгенін сұрады. Умәйр бірталай сөйлеп, ауыз шаршатса да, ешбір сөзімен Аллаһ елшісін сендіре алмады. Соңында екі дүние

Сардары: «Ақыры шындықты айтпайды екенсің, онда мен айтайын: Сен Сафуан екеуің пәлен жерде сөйлесіп, келісіп, сен мені өлтірмек болып, осы жерге бел байлап келдің. Қарымына Сафуаннан мұншама түйе алатын едің», – деп, маңайындағыларды да таңдай қақтырды.

Умәйрді мына сөздер шоқтай қарып, балықтай шоршытты. Сосын өзіне келіп Аллаһ елшісінің қолынан ұстап, мұсылман болды[11]. Кейіннен ғибадатқа терең беріліп, сахабалар арасында «руһбан» (тақуа) деп атанды.

Умәйр мен Сафуанның арасындағы осы әңгімені Аллаһ елшісі қайдан естіді? Айшылық алыс жердегі әңгімені оған кім жеткізді? Сенгені бар, сенбегені бар адамдар осы жайттарды ой елегінен өткізе берсін, ал біз басқа бөлімге өтейік.

[1] Әбу Абдуллаһ ибн Исмаил әл-Жуфи әл-Бухари (810-869) – хадис ілімінің шоқтығы биік ғалымы. Ең негізгі алты хадис жинағының біріншісі саналған «әл-Жамиус-сахих» кітабын жинастырушы.

[2] Муслим ибн әл-Хажжаж немесе Әбул-Хусәйн әл-Қушайри ән-Нисабури (817-875) хадис ілімінің мәшһүр ғалымы. Бухаридің кітабынан кейін келетін «Сахих Муслим» хадис жинағының авторы.

[3] Бухари, Фитән, 15, Да'уа, 32, Муслим, Фада'ил, 134.

[4] Муслим, Жәннат, 76-77; Нисә'и, Жәна'из, 117.

[5] Ахмад ибн Ханбал немесе Әбу Абдуллаһ Ахмад ибн Ханбал әш-Шайбани (Бағдад 780 - 855) – Фикһтық (мұсылман құқығы) Сунни төрт мәзһабтың ішіндегі Ханбали мәзһабының құрушысы. «Муснәд» атты хадис жинағының авторы.

[6] Муснәд, 4/360-364.

[7] Бәйһақи Әбу Бәкір Ахмад ибн Хусәйн (XI ғ) – Шафии мәзһабын ұстанған атақты мұсылман ғалымы, бірнеше сүбелі ғылыми кітаптардың авторы

[8] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 4/348. Бәйһақи, Дәлә'илу'н-Нубуә, 5/102.

[9] Халид Мұхаммед Халид, Рижәлун Хаулә'р-Расул, 401 бет.

[10] Сенім білдіру.

[11] Ибн Хажәр, Исабә, 3/36.

## БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ ХАБАРЛАР

Жақын замандарда

1. Бухари мен Муслим Усамадан (р.а.) жеткізеді:

(Усама – Зәйд ибн Харисаның ұлы.)

Аллаһ елшісі Усаманы жақсы көріп, қасынан тастамайтын. Хасан немесе Хусейнді (р.а.) бір тізесіне отырғызса, екінші тізесіне Усаманы отырғызатын[1].

Бір күні бәрін бірдей меңзеп: «Аллаһым! Бұларға рақымдылық ет! Өйткені мен де бұларға мейіріммен қараймын», – деп дұға еткен еді[2].

Аллаһ елшісі өмірінің соңына таман Усаманы Визан-тияға қарсы жасақталған әскерге қолбасшы етіп тағайын-дады. Усаманың әкесі көп жыл бұрын сонда шейіт болған еді. Алайда күннен-күнге пайғамбарымыздың денсаулығының ауырлап бара жатқанын көрген Усама әскерді тоқтатып, әз Елшінің көзі жұмылғанша орнынан қозғалған жоқ[3].

Міне, сол Усама (р.а.) былай дейді:

«Бір күні Аллаһ расулымен бірге отырған едім. Сол күні ол Мәдинаның биік үйлерінің бірінің төбесіне шығып, айналаға барлай қарап тұрып, бір мезет:

«Дәл қазір үйлеріңнің арасына бүліктің нөсердей жауғанын көріп тұрмын», – деді[4].

Осыдан көп ұзамай ол арамыздан кетті. Кетісімен, расында да көшелерде бүлік қаптап, селдей ағып жолын-дағысын жайпап жатты. Омар, Осман, Әлилер (р.анһум) – бәрі сол кезде қатты белең алған бүліктің құрбаны еді. Қайғы-қасырет әкелген бұл бүліктер де Пайғамбарға «айтқаның рас» дейтіндей...

[1] Бухари, Әдәб, 22; Мәжмау'з-Зәуә'ид, 9/286.

[2] Бухари, Әдәб, 22, Муснәд, 5/205.

[3] Бухари, Мәғәзи, 87.

[4] Бухари, Фәда'илу'л-Мәдина, 8; Муслим, Фитән, 9.

## Бүліктер

Омар (р.а.) өмір бойы осындай алдын-алу қиын бүлік шығуынан қорқатын. Бір күні мешітте дүйім жұрттың арасында отырған кезде: «Бұл жерде Аллаһ елшісінің бүлік жайлы хабарларын естіген жан бар ма?», – деп сұрайды. Хузәйфа: «Мен бармын», – деген соң, Омар (р.а.): «Сен батыл адамсың, айт», – деді. Ол: «Адамның бүлігі отбасында, дүниесінде, өзінде, баласында және көршісінде. Бұларға ораза ұстау, намаз оқу, садақа беру, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю кепіл болады», – деді. Омар: «Жоқ, оларды сұрап тұрғам жоқ. Теңіз толқынындай ірі бүліктер жайында сұрап тұрмын», – деді.

Хузәйфа: «Омар! Олардың саған ешбір қатысы жоқ. Сені мен оның арасында жабық есік бар», – деді. Омар (р.а.): «Бұл есік ашыла ма, әлде қиратыла ма?» – деп сұрады. Хузәйфа: «Қиратылады», – деп жауап қатты. Омардың жүрегі дір етті; еріндері кемсеңдеген күйі: «Онда ол есік қайта жабылмайтын болғаны», – деді[1].

Сахабалар кейіннен: «Омар әлгі есіктің өзін меңзеп тұрғанын білетін бе еді?» – деп сұрағанда, Хузәйфа: «Иә, білетін, тіпті кешегі өткен түнді анық білгендей білетін», – деп жауап қайырды.

Ол өзі бұл ғұмырдан кетісімен, Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) үмбетінің бірлігі ыдырап, түрлі бүлік пен жамандық атаулы ішке ақтарылатынын, үмбет арасында пікір қайшылықтары белең алып, жат ағымдардың пайда болатынын жақсы білетін...

Омар (р.а.) мұны сезді. Өйткені оның хабарын екі әлем Шырағы Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) өзі алдын ала айтқан болатын.

Сол күн туғанда айтқандары айдай келді.

Омар (р.а.) отқа табынушының қанжарынан қаза болды. Омарды жаралағандар Ислам бірлігінің жүрегіне де қанжар сұққандай еді. Олар оңтайлы сәтті қапы жібермеді. Омар (р.а.) қалай көз жұмды, солай бүліктер бейне сел боп ақты да, Ислам әлемін шайып кетті. Әлбетте, бұл – адам айтқысыз ауыртпалық еді. Бірақ осы оқиғалар өз тілімен бейне бір көк жүзіне жұлдыздардан «Ләә-иләһә-иллаллаһ, Мухаммадур-расулуллаһ»[2] деп жазғандай, Пайғамбардың туралығына айқын дәлел еді.

[1] Бухари, Саум, 3; Муслим, Фитән, 26-27.

[2] Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед – Аллаһтың Елшісі (ауд).

## Жеңіске деген жігерлік

2. Бухари мен Әбу Дәуудтың[1] «Сунән» атты кітабында Хаббаб ибн Әрат (р.а.) баяндаған мына оқиғаны ықшамдап айтайық.

Аллаһ елшісі қағажу көріп қатты қиналған уақыттарының бірінде басын бүркеп, Қағбаның көлеңкесінде отырған еді. Кім білсін тағы да елдің мазағына душар болды ма екен. Бұл қараңғы дәуірдің тағылықтары мұсылмандарға қарсы жұмсалатын өте ауыр әрі азапты кезең еді. Ол кезде мен әлі азат бола қоймаған едім. Қожайыным мен Мекке билеушілерінің маған көрсеткен азаптарына шыдай алмайтын халге жеттім. Аллаһ елшісінің жалғыз отырғанын көріп, жанына бардым да:

– Пайғамбарым! Аллаһқа дұға етіп, жеңіс пен жәрдем тілесейіші? – дедім.

Сахаба Аллаһ елшісі дереу қолын жайып, дұға етеді деп ойлаған-ды. Тіпті Құрайышқа қарғыс айтса екен деп карап тұрды. Бірақ Аллаһ елшісі оған былай деді:

«Аллаһ атымен ант етейін, сендерден бұрынғы өткен үмбеттер бұдан да қиын азап шекті. Олардың кейбірі қазылған орларға тасталып, темір аралармен денелері қақ айрылатын. Бірақ сонда да діндерінен бас тартпады. Еттері мен сүйектері ажыратылып жатса да қыңқ етіп осалдық көрсетпейтін. Аллаһ бұл дінді сөзсіз кемеліне жеткізеді, бірақ сендер асығыстық жасайсыңдар. Сол заман келгенде бір әйел Хирадан Хадрамауытқа дейін жалғыз өзі сапарға шығады. Ол жолда жыртқыш аңдардан басқа ештеңеден қорықпайды». Хаббаб бізге айтқан әңгімесін жалғастырып:

«Ант етейін, Аллаһ елшісінің айтқандары дәл келді, мен бұлардың барлығын өз көзіммен көрдім», – деді[2].

[1] Әбу Дәууд, Сулейман ибн әл-Әшас әс-Сижистани (Бағдад ш.817- Басра 888) – Әйгілі мұсылман ғалымы. Хадис саласында айрықша орны бар алты жинақ авторларының бірі.

[2] Бухари, Мәнакиб, 25; Әбу Дәууд, Жихад, 97.

## Алғаш қауышарым сенсің

Пайғамбарымыз сырқаттанып жатқан күндердің бірінде жүріс-тұрысы, нұрлы жанары өзінен аумаған қызы Фатиманы (р.анһа) қасына шақырып алып, құлағына сыбырлайды[1]. Сол мезет Фатиманың еңіреп жылағаны сонша – жұрт әбігерленіп қалды. ртынша Аллаһ елшісі оның құлағына тағы да әлдене деп сыбырлады. Бұл жолы Фатима қатты шаттанды, бұны көрген жұрт көз алдында «жәннаттың есіктері айқара ашылды ма екен?» деген ойға барды. Себебі, оның жүзі сол мезет айрықша қуаныштан бал-бұл жанып шыға келген-ді.

Бұл жайды байқап қалған Айша анамыз (р.анһа) оның мәнісін білмек боп сұрағанда, Фатима анамыз: «Бұл Аллаһ елшісінің сыры», – деп, айта қоймады. Пайғамбарымыз дүниеден озғаннан кейін арада біраз уақыт өткен кезде Айша анамыз әлгі өтінішін тағы қайталайды. Сонда Фатима анамыз: «Бірінші шақырған кезде ол өзінің көз жұматынын айтты, сол үшін жыладым[2].

Екінші рет шақырғанда, отбасының ішінде алғашқы боп менімен қауышатынын айтып сүйіншіледі. Мен соған қуандым», – деп жауап береді[3]. Алты ай өткенде Фатима (р.а.) да іле көз жұмды. Бұл да өз кезегінде пайғамбарымыздың пайғамбарлығын растап, «садақта» (рас айттың) деп тұрғандай.

[1] Осы сырқаты ақыры Пайғамбарымыз дүниеден өтуіне себеп болған еді.

[2] Бухари, Мәғазі, 83; Муслим, Фәда'илу'с-Сахаба, 98.

[3] Бухари, Мәнакиб, 25; Муслим, Фәда'илу'с-Сахаба, 98, 99.



## Бейбітшілік нышаны

«Кутубу-ситтә» (Ең сенімді алты хадис жинағы) адамдарының басым көпшілігі риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі бір күні хұтба оқып тұрып, Хасанды (р.а.) меңзеп былай деді:

«Бұл – менің балам Хасан, ол – сейіт[1]. Аллаһ онымен екі үлкен жамағатты бір-бірімен татуластырады»[2].

Иә, ол сейіттің баласы – сейіт. Аллаһ елшісінің ұрпағы. Бір күні өзіне тапсырылған халифат пен патшалықты халық арасында алауыздыққа жол бермеу үшін тастап, өзінің қандай сейіт екенін дәлелдейді. Арада жиырма бес-отыз жыл өтпей жатып, Хақ пайғамбардың айтқандары айнымай келеді. Әлиден (р.а.) кейін Әмәуилер Хасанға (р.а.) қарсы шықты. Бірақ осы бейбітсүйгіш адам барлық міндеттерінен құтылғанын жария етіп, бір-бірімен айқасуға шақ қалған Ислам әскерін татуластырып, уақытша болса да, қорқынышты бүліктің бетін қайтарады[3].

Бір ақын мұны майын тамыза жырға қосады:

«Ол (Хасан) сейіттің баласы – сейіт. Қалайша сейіт болмасын. Өйткені атасы – адамдардың ең жақсысы, жаратылыстың мақтанышы».

Пайғамбарымыз осы хабарды айтқан кезде, Хасан әлі кішкентай бала болатын. Сірә, сол кезде атасының не жайлы айтқанын білмеген де шығар. Яғни, жоғарыдағы жайтқа Аллаһ елшісінің айтуымен барған жоқ. Керісінше, Аллаһ елшісі оның солай істейтінін білген. Білгендіктен айтты. Хасан (р.а.) да атасының сөзін растап, талай жылдан соң, оған: «Сен рас айтасың», – деп жатты.

[1] Сейіт – Хасаннан (р.а.) тарайтын Пайғамбарымыздың ұрпақтары, салих күлдар.

[2] Муснәд, 1/6

[3] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 8/45.

## Жүз жылдық ақиқат

Пайғамбарымыз бірде Абдуллаһ ибн Бусрдың басына мүбәрак қолдарын қойып: «Бұл бала дәл бір ғасыр жасайды», – деген соң: «Жүзіндегі мына сүйкімсіз сүйелдер де кетеді», – деді.

Сахабалар: «Ол кісі дәл жүз жыл өмір сүрді. Жүзіндегі сүйелдер де жоғалып кетті», – деп, кейін оның сөзін расқа шығарды[1].

Аллаһ елшісі «Сен үшін соңғысы алдыңғысына қарағанда әлдеқайда жақсырақ» сыры бойынша[2] әр сәт сайын шыңнан шыңға көтеріліп, үнемі бұрынғы биігін жаңа шыққан шыңынан төмен көріп, сол үшін күнде жүз рет «истигфар» (Аллаһтан кешірім сұрау) еткені секілді[3] күн өткен сайын үмбеті де оны терең танып, болашаққа тиісті айтқан хабарларының жүзеге асқанын көрген сайын имандары күшейіп: Оған: «Сен – Аллаһтың елшісісің», – деуде.

[1] Мәжмау'з-Зәуә'ид, 9/404-405; Хаким, Мустәдрәк, 4/500.

[2] Духа, 93/4.

[3] Қараңыз: Муслим, Зикр, 42, Муснад, 4/211.

## Жақын болашақ

Аллаһ елшісінің өз дәуірінен әлдеқайда ұзақ, қайта біздің дәуірімізге жақын, тіпті дәл қазіргі күнімізге байланысты әрі бізден кейінгі ғасырларда да болатын қаншама хабары бар. Енді солардан мысал келтіре кетейік.

## Ор қазу кезіндегі хабарлар

Шамамен барлық хадис пен «сиәр» (тарих) кітаптары сахабалар арқылы мына жайдан хабар береді:

«Ор қазылып жатқан. Үлкен бір тасқа кезігіп, барлық күш-жігерімізді салғанмен, орнынан қозғай алмадық. Пайғамбарымыз да бізбен бірге ор қазып жатқан еді. Тіпті кейде бізге дем беріп, рухтандырып:

«Аллаһым, ақырет өмірінен басқа өмір жоқ. Сен ансар (Мәдина сахабалары) мен мұхажирлерді (Мекке сахабалары) кешір»[1], – деп, сахабалар да осы сөздерінен қуат алып, өршелене түсіп:

«Аллаһым, Сен болмағанда, біз тура жолды таба алмайтын едік. Сен бізге сәкинә[2] түсір. Дұшпандармен кездескен сәтте бізді табанды ете гөр!», – дейтін[3].

Олар өздерін толғандырған ең ұсақ мәселелерге дейін Аллаһ елшісіне айтатын. Осы үлкен тас жайында да оған жеткізді. Қолында қайласы бар, келді де, тасты ұра бастады. Тасты соққан сайын, жан-жаққа ұшқын шашырады. Бейне бір Аллаһ елшісінен уахи мен шабыт ұшқындары жарқылдағандай. Әр ұрған сайын Пайғамбарымыздың аузынан:

«Маған дәл қазір Византияның кілттері берілді. Сасани қорғандарының жығылғанын да көріп тұрмын. Иранның кілттері де маған берілгенін көріп тұрмын..» – деген қасиетті сөздер төгіліп жатты[4].

... Арада бірнеше жыл өтті.

Аллаһ Са’д ибн Әбу Уаққас, Халид ибн Уәлид секілді үлкен қолбасшылардың қылышымен сол жерлерге мұсылмандардың жеңіс туын тігіп, кілттері Аллаһ елшісінің рухани тұлғасына тапсырылды. Бұл – оның туралығын растады. Растамауы мүмкін емес-ті. Өйткені пайғамбар туралықты бейнелеуге келген. Егер ол болмайтын нәрсені айтса да, Аллаһ іске асыратын еді. Әйгілі сахаба Бәра (р.а.) үшін де «Егер ол қандай да болсын бір мәселе жайлы ант етсе, Аллаһ антын жоққа шығармайды» – деген болатын[5]. Бәра (р.а.) болмайтын нәрсеге ант етсе де, Аллаһ оны іске асыратын. Осыны жақсы білетін сахабалар әр соғыста оны алғы шепке қойып, жеңістерін кепілдікке алуға тырысатын[6]. Мұндай ерекшелік Пайғамбарда неге болмасын?! Хақ тағала өз елшісіне білдіретін. Ол да өзіне білдіргенді бізге айна-қатесіз жеткізген.

[1] Бухари, Мәнакибу’л-әнсар, 9; Муслим, Жиһад, 127.

[2] Мұсылмандар қиыншылыққа душар болған сәттерде Аллаһ жарылқап жүректеріне құйылатын сезім. Көңіліне мұндай күй құйылған мұсылман қас дұшпанның арасында жүрсе де, қорыққан, абыржыған көңілі бірден пышақ кескендей тыйылып, жүрегі әлдебір рақат сезімге бөленеді. (ауд).

[3] Бухари, Мәғазі, 29; Муслим, Жиһад, 123-125.

[4] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 4/116; Ибн Хишам, Сирә, 3/230. Муснәд, 4/303.

[5] Тирмизи, Мәнакиб, 55 (Хадистегі Әнәс ибн Мәліктің інісі Бәра ибн Мәлік болатын.)

[6] Ибн Хәжар, Исабә, 1/143,144.

## Қауіпсіздік пен байлық

Адии ибн Хатәм айтады. (Адии – Хатәм-и Тайдың баласы. Христиан еді. Көп іздеп, Аллаһ елшісін тапты да, азат болды). Осы бақытты сахаба айтады: «Бір күні Аллаһ елшісінің алдында кедейлік, жоқшылық, қарақшының жол торуы жөнінде сөз қозғалды.

Ол былай деді: «Бір күн келеді. Сол күні Хирадан Хадрамауытқа бір әйел жалғыз сапар шегеді. Жолда жабайы аңдардан өзге еш нәрседен қорықпайды»

Адии былай дейді: Бұларды тыңдағанда, қатты таңдандым. «Тай руының қарақшылары болса да ма?» дедім өз-өзіме. Пайғамбарымыз сөзін жалғастырды: «Бір күн келеді. Сол уақытта Шахтың қазыналары сендерге таратылады». Мен сонда: «Пайғамбарым! Иран шахының қазыналары ма?» – деп сұрадым. «Иә, Иран шахының қазыналары», – деді. Одан сайын қайран қалдым. Өйткені осы сөздерді айтқан заманда Иран ешкімге дес бермейтін ең бір мықты күйде еді. Пайғамбарымыз әңгімесін: «Бір заман туады. Ол күні адам қолына зекетін ұстап сыртқа шығып, көше аралап, зекетін беретін жан таба алмайды..», – деп түйіндейді.

«Мен, – дейді Адии, – Бұлардың алғашқы екеуін көрдім. Өмірім жетсе, үшіншісін де көремін»[1].

Адии үшіншісін көре алмады. Бірақ сол күнді көргендер де болды. Омар ибн Абдулазиз дәуірінде Аллаһ елшісінің айтқан ақиқаттары жүзеге асты. Қазіргі Түркиядай отыз өлкені қамтыған сол бір алып мемлекеттің жалпы кірісі артты. Дәулеті шалқыған елге айналып, бірде-бір жарлы адам қалмады. Шамасы, бүгін «Америка мен кейбір батыс елдеріндегі өмір стандарты сол дәуірмен салыстырғанда әлдеқайда төмен», – десек, сөзіміз артық болмас. Әрі қазіргі мемлекеттерде ешқандай теңдік жоқ. Бірі бай болып шалқыса, енді бірі көшенің қуыс-қуыстары мен қала сыртындағы лашықтарда жан сақтауда. Ол заманда мұндай теңсіздік мүлдем жоқ-ты[2].

[1] Бухари, Мәнакиб, 25.

[2] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 9/225.

## Аммардың куәсі

Барша мұсылмандар жұмысқа жұмыла кірісіп, Пайғамбар мешіті салынып жатқан. Біреулері кесек күйды, бірі тасыды. Әлбетте, Аллаһ елшісі де солардың арасында иығына салып кесек тасып жүрген болатын. Аммар бір кезде Аллаһ елшісіне жақындады. Иығында екі кесек бар еді. Бәлкім, еркелеп: «Пайғамбарым! Қараңызшы, маған екі кесек артып жіберді», – деді. Аллаһ елшісі күлімсіреп қарады да, жүзіндегі шаң-тозаңды мүбәрак қолдарымен сүртті. Сүртіп жатып, тура отыз жылдан кейін басына келетін қайғылы оқиғаны «Әй, байғұсым-ай, сені бүлік шығарушы топ өлтіреді»[1] деп, оның Әлиге (р.а.) қарсы шыққан бүлікшілердің қолынан шейіт болатынын ескертеді.

...Сиффинда Аммар Әли (р.а.) жағында болатын. Сол шайқаста осы бір мәртебелі сахаба шейіт болды. Тіпті Әлидің (р.а.) жақтастары осыны қарсы жақтың теріс әрекетіне дәлел ретінде қолданып, оларға «сендер бүлікшіл, содыр адамсыңдар», – деді[2]. Сиффинда Аммардың қаны жерге төгілді. Жерге аққан әрбір қан Хақ пайғамбарға: «Рас айтасың» деп, тіл қатып жатқандай көрінді.

Құрметті оқырман! Аллаһ білдірмесе, бұларды Пайғамбарымыз қайдан біле алады? Бүгінгі таңда адамдар қиял-ғажайып фильмдер түсіріп, болашақ туралы сәуегейлік жасауда. Оның пәлендей қиындығы жоқ. Өйткені бастау-лары бар. Аздап оқиғаларды барлап, бақылау арқылы көптеген нәрселерге жорамал жасауға болады. Алайда Пайғамбарымыздың ғайыптан хабар берген нәрселерінің ешқайсысында бастама мен баспалдақтың ұшы да жоқ еді. Осы тұрғыдан алғанда, Хақ пайғамбардың айтқандарының оннан бірін де кемеңгерлік пен өткір көрегенділікке ие жанның айтуы әсте мүмкін емес. Қолымыздан келмейтін жағдаяттар. Ғайыпқа көзі ашық болмай, уахи демеу бермей, мұндай мәселелерді білу шындыққа жанаспайтыны хақ. Демек, Аллаһ Сүйіктісі өздігінен емес, Аллаһтың білдіруі арқылы білетін де, айтқандары әрқашан дұрыс шығатын...

[1] Кәңзу'л-Уммал, 13/536; (қар: Бухари, Салат, 63; Муслим, Фитән, 70,72,73; Муснад, 12/161,164.

[2] Кәңзу'л-Уммал, 13/539; Ибн Кәсир, әл-Бидәйа, 7/296.

## Умму Харам

Умму Харам бинт Милһан – бір риуаят бойынша Аллаһ елшісінің сүт апасы, басқа риуаятта анасына туыс болғандықтан, нағашы әпкесі саналатын. Пайғамбарымыз оның үйіне қалаған уақытында кіретін, кейде дем алу үшін сонда аялдап қалатын.

Бір күні әдеттегідей тынығып жатқан. Күлімсіреп оянды. Умму Харам бинт Милһан: «Аллаһ елшісі, неге күлімдедіңіз?» – деп сұрады.

Ол: «Үмбетімнен бір жамағаттың патшалар секілді кемелермен жиһатқа шыққанын көрдім», – деп жауап берді.

Әйел: «Дұға етіңіз, мен де солардан болайын», – дегенде, Аллаһ елшісі: «Сен солардың қатарындасың», – деді.

Жастыққа қайта бас қояды. Біраздан соң тағы күлімсіреп оянады, Умму Харамға дәл сол сөздерді қайталап айтты. Ол қайтадан: «Дұға етіңізші, мен де солардан болайын», – дейді. Пайғамбарымыз: «Сен алғашқылар арасында боласың» – деп жауап қайырды[1].

...Жылдар өтті.

Умму Харам жұбайы Убадә ибн Самитпен бірге Кипр сапарына шықты да, сол жерде ауырып қайтыс болды[2]. Сол күннен бүгінге дейін мұсылмандар олардың басына барып, көз жастарын төгіп қайтады. Әлбетте, аққан әрбір жас, сонымен қатар, Аллаһ елшісін растау мағынасына да келетін. Өйткені ғайыптан берілген хабар айна-қатесіз шыққан болатын. Осы ақиқатқа Кипр тарихы мен Кипрдың қабірлері айқын куә.

Аллаһ елшісінің хабарлары уақыты келгенде, бірінен кейін бірі жүзеге асып жатты. Біз де тарих сахнасынан тамашалап, оған деген шәһадатымызды (иман) жаңғыртып: «Дұрыс айтасың, Аллаһтың елшісі»,– дейміз. Ол жайлы айтуға шамамыз жетер ме екен? Бірақ әрбір мұсылманның жан-дүниесі мен ішкі жан-сарайында естілген дауыстың күркірей жаңғырғаны соншалық, оны естімеу, жоққа шығару мүмкін емес.

[1] Бухари, Та'бир, 12, Жиһад, 3, 8; Муслим, Имарә, 160, 161.

[2] Ибн Хажәр, Исабә, 4/441.

## Бәну Қантура

Пайғамбарымыз ақырзаманда Ислам әлеміне шапқыншылық жасайтын Бәну Қантура деген бір ұлттың шығатынын айтып олардың түр-әлпетін суреттеп берген[1].

Негізінде, Аллаһ елшісінің айтуы бойынша Ислам әлемі тап болатын екі үлкен нәубет бар: Бұлардың бірі – Андалусияда Фердинанд[2] шапқыншылығы. Бұлар – адамдарды өлтіріп, кітапханаларды жермен-жексен етіп, өртеп жіберген батыс варварлығы. Екіншісі – Монғол шапқыншылығы. Олар да Орталық Азия, Мысыр, Сирия, Анатолияда барлық мәдени орталықтарды жермен-жексен етіп, жүрген жерін ойрандап кеткен.

Хақ пайғамбар үмбеті тап болуы мүмкін мына жайсыз хабарды алдын ала ескертіп:

«Мұхаммед үмбеті жазалануға лайық болғанда, Аллаһ жазалау үшін залымдарды жібереді. Залым – Аллаһтың қылышы. Ұлы Жаратушы, алдымен, сол арқылы өшін алады. Сосын қайта айналып, залымнан өшін алады», – деген.

Яғни залым да зұлымдығында тұрақты бола алмайды. Аллаһ осы залымдарды мұсылмандардың бастарына бәле етеді. Содан кейін оларды кері тартып сілکیدі, де жер түбіне батырады. Осындай нәубеттен сақтануы үшін сол бір мейірімділік қаһарманы үмбетіне алдын-ала ескерте келе, бастарына келетін тауқымет пен ауыртпалықтарды бейнелей отырып, Аллаһтың қаһарына ұшырайтын қылықтардан бойларын аулақ салуға шақырады.

Хабарлары өзінен кейін дәл алты-жеті ғасыр өткенде, жүзеге асып, оның нағыз елші екенін жаһанға жария етті...

[1] Бухари, Жиһад, 95,96; Әбу Дәууд, Мәлахим, 10, Ибн Мәжә, Фитән, 36; Муснад, 5/40,45.

[2] II Фердинанд Арагонский немесе Фердинанд V Католик (1452-1516) – біріккен Испания королдігінің біріншісі. 1480 жылы инквизицияны енгізген. Оның кезінде еврейлер мен маврлар (арабтар) ол елден қуғындалған.



## Ыстамбулдың азат етілуі

Ыстамбул азат етілетін еді. Сол күннің атауы бойынша Константинополь сөзсіз мұсылмандардың қолына өтетін. Хаким[1] «Мустадрак» атты кітабында Аллаһ елшісі хабарды бізге былайша жеткізді: «Константинополь бір күні сөзсіз алынады. Оны алған қолбасшы – неткен керемет қолбасшы, оны алған әскер де неткен тамаша әскер!»[2].

Әр дәуірдің алып қолбасшылары мен жау жүрек батырлары сонау сахаба дәуірінен бастап, осы бір құтты хабарға лайық болу үшін сан рет Ыстамбулдың түбіне дейін келіп, оның іргесіне ат басын тіреп тұрып, ала алмай кері қайтқан.

Әбу Әйюб әл-Әнсари да келіп, кері қайтпай, Ыстамбулдың бауырында қалып қойған еді. Ол бейне бір Ыстамбулдың аса бағалы інжу-маржаны тәрізді.

Мен бұл жерде әркімге аян бір-екі мәселеге тоқтала кетейін.

Ыстамбул алынған күні қамалға шығып, ту тіккен Улубатлы Хасан қатардағы жай бір сарбаз емес болатын. Ол – Ендерунда[3] өскен офицер әрі Фатихпен бірге оқыған жан еді.

Ол дәуірде олар бірнеше адам болатын. Ыстамбулдың алғашқы қазысы – Хызыр Челеби. Улубатлы Хасан мен Жиһан жеңіскері Мұхаммед Хан – бұлардың тек үшеуі ғана. Бірге өсіп, бәрі бір жерден білім алған.

Улубатлы қамал алынған күні көп жерінен жарақатта-нып, тұла бойын қан жуып кеткеніне қарамастан, байрақты қамалға тікті. Біраздан соң Фатих осы бір қаһарман теңіз сарбазының жанына келді. Осы сәтте Улубатлы өлім аузында жатқан еді. Оның жүзіндегі күлкі Фатихті таңғалдырды. Оның: «Неге күлімсіредің?» – деген сұрағына Улубатлы: «Әлгінде ғана осы жерлерді Аллаһ елшісі бақылап, тексеріп жүр еді. Мен оның нұрлы жүзін анық көрдім. Соған қуанып жатырмын», – деп жауап қайырды.

Ыстамбулдың алынуы да – туралыққа куәлік еткен өзге куәлардай Аллаһ елшісінің туралығын көрсеткен айқын дәлел. Әрі Әбу Әйюб әл-Әнсари да осындай тамаша куәнің бірі. Өйткені сол жердің алынатынын алғаш естігендердің бірі еді. Сондықтан өзі сонау Мәдинадан келіп, денесін Ыстамбулға жерлеуін өсиет еткен[4].

[1] Имам Хаким немесе Әбу Абдуллаһ Мухаммад ан-Нисабұри (933-1014) – хадис ілімі саласында белгілі ғалым. Оңға тарта құнды ғылыми еңбектің авторы.

[2] Мустадрак, 4/422; Муснад, 4/335.

[3] Ендерун – Осман мемлекетінің таңдаулы қызметкерлерінің тәлімі, діни тәрбиесі мен әскери дайындығымен айналысатын арнайы мекеме.

[4] Ибн Хәжар, Исаб, 1/405

## Ұзақ мерзімді болашақ

### Уәһн (дүние сүйіспеншілігі мен өлімнен қорқу)

Пайғамбарымыз қазіргі күнге жақын жайлардан да хабар берген. Солардың бірі: «Ұлттар бір-бірін дастарқанға шақырған адамдардай, сендерге қарсы шығу үшін жиналады». Бір сахаба былай деп сұрады: «Біздің аздығымыздан ба?». Ол: «Жоқ, керісінше, сендер сол күні құжынаған құмырсқадай көп боласыңдар. Бірақ сел басқан шөп-шалам секілді... Аллаһ дұшпандарыңның жүрегінен сендерге деген қорқынышын алып тастайды да, сендердің жүректеріңе «уәһнді» салады», – деді. Сонда біреу: «Пайғамбарым, «уәһн» деген не?», –деп сұрады. Ол былай деп жауап қайырды: «Өлімді қаламау және дүние сүйіспеншілігі!»[1].

Осы сөздерден бір қарағанда-ақ мына мағыналарды аңғарамыз:

Бір күн туады, сол кезде ұлттар топ-топ болып, бізге қарсы жиылады. Дастарқандағы тамақты бөліскендей, жердің асты-үстіндегі қазыналарымызды өз араларында бөліске салады. Тапа-тал түсте, көз алдымызда дастарқанымызды тонайды. Біз де қарап қалмай, тәтті тағамдарымызды түр-түрімен алдарына қоямыз. Олар шайнамай жұтатын болады. Мұндай күйге түсуіміздің себебі не? Өйткені ол кезде біз тамыры бір ағаш емеспіз. Сел алған шөп-шаламдай боламыз. Мінезіміз бен көзқарасымыз бір арнаға тоғыспай жік-жікке бөлініп, бір-бірімізді жеп бітіруге айналғанда, олар бас пайдалары үшін бір-бірімен ауыз жаласып, жұдырықтай жұмылып, бізді тықсыра бастайды. Бұрын олар бізден қорқатын. Өйткені олар өлімнен қалай қашса, біз өлімге солай жүгіретінбіз. Ол кезде біз дүниені кір-қоқысқа балайтынбыз. Қазір біз өлімнен қашып, дүниені олардан да жақсы көретін жағдайға жеттік. Олар осы осалдығымызды пайдаланып, жанды жерімізден, талмау тұсымыздан буындырып отыр.

Кресшілер жорығын еске түсірген хадистің астарына үңіліп ой жүгіртсек, бергі тарихтағы оқиғаларға да ишарат еткені анық көрінеді.

Раиф Карадағ[2] «Мұнай дауылы» атты кітап жазды. Кейін өзі сол дауылды тұрғызғандардың қолынан қаза тапты. Кітапта XIX-XX ғасыр түрік халқының бақытсыз жағдайы мен залымдардың бүліктері айтылған.

Ұлы Осман мемлекетіне (мен «империя» деп атауға қарсымын. Өйткені ол мемлекет империя емес. Сахабалар мен табиғин (сахабаны көргендер) дәуірінен кейінгі ең мықты мемлекет саналады. Оған «Ұлы Мемлекет» деу ғана жарасады) бейне бір дастарқанға жиналғандай келді. Барлық дерттері – түрен тимеген

өлкенің байлығына қол жеткізу. Иә, ақыр соңында, бір мемлекеттің қазынасын өз араларында бөліскен еді.

Сол дәуірдің қанішерлері Осман мен Әлидің (р.анһума) түбіне жетіп, «Алтын ғасырды» қанға бояды. Осман ұрпағына пышағын қадаған да, Ислам әлемін жетімсіретіп, басшысыз қалдырған да солардың ұрпағы болатын.

Түрлі-түрлі тағамдар толы дастарқанға қолдарын сумаңдатып, Акифтің[3] сөзімен айтсақ: «Бірі үнді, бірі адам жегіш, енді бірі кім білсін қандай бәле» дегендей, жиылып келіп, Ұлы Осман мемлекетін ойран-топан етті...

Айтайын дегенім, Аллаһ елшісінің осы жайындағы хадистеріндегі нәубет емес, тарихтың кешегі сұрапыл дауылы мен әлі де күшінде тұрған күпір әлемінің өзара келісімі. Ислам әлемі әлі күнге дейін оларға дастарқан болудан құтыла қойған жоқ. Мінекей, Пайғамбарымыздың он бес ғасыр бұрын айтқандарының бәрі бүгінгі таңда айдай анық келіп, көктегі жұлдыздардай жарқырап белгі беруде.

[1] Әбу Дәууд, Мәлахим, 5; Муснад, 5/278.

[2] Раиф Карадаг (1920-1973) – түрік жазушысы.

[3] Мехмет Акиф Ерсой (1873-1936): Түркияның ән-ұранын жазған түрік халқының бетке ұстар ақыны (ауд).

## Евфраттағы қазына

Ғайып Иесінің хабаршысы былай дейді:

«Евфрат суы тартылуға жақын қалды, тартылған кезде, алтыннан тау шығады. Кім сол жерде болса, еш нәрсе алмасын»[1].

Бүгінге дейін Евфрат басында көптеген адам қырғынға ұшырады. Кешегі тарихтан тартсақ, Евфратқа жақын жерде Ирак пен Иран қырғыны болып өтті. Бірақ жоғарыдағы хадистен осы екі оқиғаны өрбіту сәйкес келе қоймайды. Керісінше, одан кейін болуы ықтимал оқиғаларға белгі іздеу дұрыс па деймін. Мысалы: Евфраттың суы алтындай бағалы дәуірге ауыспалы мағына ретінде ишарат етумен қатар, жасалатын бөгеттен келетін табыстарды да «алтын» сөзімен айтқан болуы мүмкін. Сонымен қоса, Евфраттың суы түгелдей тартылып, астында аса мол алтын қазынасы, яки мұнай кенінің табылатынын меңзеуі де ғажап емес. Топырақтың шөгуі нәтижесінде осындай кеннің де табылуы мүмкін. Бірақ қандай нәрсе, не зат болса да, сол аймақтың Ислам әлемінің бірлігіне динамиттей аса қауіпті екендігін білдіргенінде күмән жоқ. Бұлар бүгін болатын нәрселер емес, келешекте орын алатын оқиғалар...

Сол күндерді көрген адамдар Аллаһ елшісіне тағы бір мәрте шын жүректерімен «дұрыс айттың» деп, имандарын жаңалайды...

[1] Бухари, Фитән, 24; Муслим, Фитән, 30; Әбу Дәууд Мәлахим, 12-13.

## Егін шаруашылығында реформа

Егін шаруашылығында реформа жасалады. Бұл реформа нәтижесінде біреуінің өзін жиырма адам әрең жеп тауыса алатын анарлар пайда болады, анар қабығының астында адам көлеңкелейді[1]. Бидай дәндері де сол секілді шамадан тыс іріленеді. Бұларды қазіргі уақытта көре алмағанымызбен, ілгеріде жүзеге асатыны күмәнсіз. Сонда Пайғамбарымыздың осы айтқаны расталып, «Сен Аллаһтың елшісісің» деп мойындаған сенім арта түседі. Өйткені Пайғамбарымыздың хабарлары айтқан уақытында айна-қатесіз шығып жатыр.

[1] Муслим, Фитән, 110; Термизи, Фитән, 59; Муснәд, 4/182.

## Теңсіздіктер

Енді қайтадан бүгінгі күнге байланысты белгілерге көз салайық.

Іңкәр жүректі Хақ пайғамбар:

«Қияметке жақын қалған заманда кісі таңдап сәлем беру (яғни, танығанына ғана амандасу) етек алады, сауда кең жайылады. Тіпті әйелі күйеуінің саудасына көмектесетін болады. Туыстық қатынас үзіледі. Жалғанға, жалаға куә болу белең алып, шындыққа келгенде, куәлік жасырынады. Қаламның беделі артады», – дейді[1].

Бұл хадис бүгінгі таңдағы барлық келеңсіз жайттардың түңлігін түруде.

Сауда өрістеп, тек жарнамалар үшін миллиондар, триллиондар жұмсалады. Көбінесе әйел заты саудамен айналысады. Бұл сөздерімнен кейбіреулер саудаға қарсы екен деп ойлап жүрмесін, мен тек Пайғамбарымыздың айтқан хабарының дұрыстығын ишарат ету үшін айтып отырмын.

Иә, туыстық қатынас үзіледі... Ата-ананың ақысы аяққа тапталады әрі туыстық қатынас үзіледі. Ата-ана қартайып, жұмысқа жарамай, мейірімділік пен жәрдемге мұқтаж болып қалғанда қарттар үйіне тасталып, әр үйдің даналары өз үйлерінен таппаған тыныштықты сол жерден табуға тырысады... Аллаһ тағала өзінен кейін ең үлкен құқықты соларға бергеніне қарамастан[2], әміріне құлақ аспай оларға жабайы тағылардың да қолынан келмейтін ең дөрекі, өрескел қылықтар жасайды. (Бұл айтылғандар бүгінгі күнімізге сәйкес келе ме, келмей ме, оны өздеріңіз бағамдай жатарсыздар).

Қалам-қағаздың беделі артып, жауыннан кейінгі саңырауқұлақ тәрізді баспалар көбейеді. Жазу-сызудың күні туады. Ол сәнге, кәсіпке, қажеттілікке айналады. Жалғанға куәлік ету кең етек алып, шындыққа куә болуға келгенде, ешкім аяқ баспайды. Қоғам бейне бір жалған фабрикаға ұқсап, өмір жалпы алғанда, опасыздық пен арамзалықтың ордасына айналады.

Әрбір мәселе ап-анық баян етілгені соншалық – тіпті кейбіреудің ойына «шынымен-ақ осы сөздерді Пайғамбарымыз айтқан ба?» деген күдік те тууы мүмкін.

Мұның жауабы да жеңіл. Бұл сөздер, ең аз дегенде, бұдан XIII ғасыр бұрын жазылған хадис кітаптарында бар. Егер бұл сөздерді Аллаһ елшісі айтпаса, өзінен мұншама ғасырдан кейінгі оқиғаларды, көзбен көріп тұрғандай кім айтуы мүмкін?

Оның үстіне, Пайғамбарымызға тиісті сөз болмаса, бұл сөздердің иесінде, ең кемінде, Аллаһ елшісі секілді өткір жүрек көзі болуы керек емес пе? Осы ақиқаттарды пәленшенің сөздері дей алатындай, тарихта Аллаһ елшісіне тең келетін басқа бір адам бар ма екен? Жоқ. Онда, ғайыпқа тиісті бұл сөздер, күмәнсыз, Аллаһ Сүйіктісіне тән сөздер. Раббысы оған үйретіп, бізге хабар берген.

[1] Муснәд, 1/407, 408; Мустәдрак, 4/98,446.

[2] Қараңыз: Бақара, 2/83; Ниса, 4/36; Исра, 17/23.

### **Білімнің жаппай өріс алуы**

Бір қасиетті хадисте[1] Пайғамбарымыз Аллаһтың жарлығын: «Ақырзаманда білімді кең жаямын. Оны еркек те, әйел де, азат та, құл да, кіші де, үлкен де – бәрі жаппай үйренеді,[2] – деп жеткізеді».

Ашылған түрлі сапалы мектептерде білім алып, адамдар бір-бірімен бәсекелесетін жағдайға жетеді. Бүгінгі таңда ашылған мұншама мектеп пен университет, әлемде кең тараған ғылым мен байланыс құралдарының да осы бағытта жұмылуы Пайғамбарымыздың ғылым шарықтап дамитын заманды меңзегенін ұқтыруда.

Осы саладағы оң өзгерістердің барлығы өз тілімен Ақиқат қыранына: «Айтқаның рас» деп жатқандай. Ғылым салалары түптің түбінде шынайы келбетіне оралғанда, осы ақиқатты өздері-ақ паш ететін болады...

[1] Қасиетті хадистің мағынасы Аллаһқа, сөзі Пайғамбарымызға тән болған хадистер (ауд).

[2] Дарими, Мукаддима, 27.

## Құраннан қашу

Аллаһ елшісі осы күнімізге дәл сәйкес келетін бір хадисінде: «Құран ұят саналып, Ислам ғаріп болмай, қиямет орнамайды», – деп ескертеді[1].

Кәпір күпірін ашық жария еткен кезде, мұсылман мұсылман болғаны үшін ұялатын дәрежеге дейін құлдырайды. Олар өз ой-пікірлері мен еңбектерін қоғамдық орындарда қымсынбай-қымтырылмай, ашық талқылаған кезде, мұсылмандар керісінше, Құранды ашып оқуға арланатын болады. Өзінен-өзі ұялып, психологиялық қысым көріп, ашық тыйым салынбаса да, Құранның жақтаушысы болуды ар санап, жұртқа көрсетпей тығып ұстайды. Дәл қазір осы туралықты жоққа шығаратын мүмкіндік бар ма? Бұл күнде мұсылманның бір қасіреті осы емес пе? Ислам толығымен бейшара халге келмеді ме?

Сөзімді түйіндейін. Осы айдай келген ақиқатты Аллаһ елшісі сан ғасыр бұрын айтып кеткен. Уақыты келгенде, түгелдей көрініп, Ақиқат Қыранын растады.

Айтыңдаршы, күллі осы ақиқаттар қайта бұрылып, сол ұлы тұлғаға бият (серт) етуімізге жетпей ме?..

[1] Кәнзу'л-Уммал, 14/244.



## Уақыт ұғымы

Құранның ұят саналатыны жайлы хадисінде хазірет Ахмет (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) сөзін ары жалғастырып: «Уақыт пен кеңістік бір-біріне жақындамайынша, қиямет-қайым болмайды», [1] – дейді.

Хадисте өткен «тәқарруб» сөзі екі нәрсенің бір-біріне жақындауы деген мағынаны білдіреді. Мұнымен Аллаһ елшісі уақыттың салыстырмалы екеніне және сол дәуірде көп уақыт кететін нәрселердің осы заманда өте қысқа мерзімде жасалынатынына ишарат еткен.

Бүгінгі таңда өнеркәсіп пен технологиядағы төңкерістер арқылы, барлық сала шапшаң алға басып, өркендеп жатқанын жасөспірімдер де біледі. Сонымен қатар, жоғарыдағы хадис ара қашықтарды қысқартқан бүгінгі таңның ұшқыр көліктеріне де ишарат етуде. Астрономия мен астрофизика мамандары түсіне алатын бір мәселеге де белгі бар. Жер жүзі уақыт өткен сайын эллипс түріне енуде. Бұл өзгеріс уақыт ұғымына да әсер етеді. Осы хадистен басқа бір мағына өрбітуге болады: Негізінен уақыт ұғымы салыстырмалы болып табылады. Бірақ қайда болмасын, уақыт қашанда уақыт қой. Мысалы, Торпақ шоқ жұлдызына барып, сол жерден қырық миллион жарық жылдамдығындай жерде секундына жүз елу мың шақырым жылдамдықпен жүзген жұлдыздарға көз салсақ, мүлдем басқа уақыт ұғымына куә боламыз. Жарық жылдамдығының жартысындай жылдамдықпен алыстаған жұлдыздардағы бұл өлшем – уақыт өлшемі. Әрқайсысы өз жылдамдығын сақтауда. Одан төмен деңгейдегілер үшін де...

Иә, бір күні адам баласы күн жүйесінің сыртына шығуға мүмкіндік тапса, бәлкім дәл қазіргі заман ұғымы ол жерде түгелдей басқаша сипат алар.

Сырға толы екі ауыз сөзбен келешектегі заман жайындағы түсінгенімізден басқа көптеген заман өлшемдерінің бәріне тұтас Аллаһ елшісі «тәқаррубуз-заман» деген сөзімен ишарат еткен.

Осы ақиқат адамның сөзі болуы мүмкін бе? Заман мен мекенді күдіретті қолымен ұршықтай иірген Ұлы Жаратушыдан басқа осы ақиқатты кім білуі мүмкін? Көз салып, ой жүгіртіп қараңыздаршы! Бұл сөздер «умми» (оқу-жазу білмеген) бір адамның, умми бір дәуірде біле алатын нәрселері ме? Әлбетте, жоқ. Оған барлығын білдірген – Аллаһ. Ол бар болғаны Аллаһ тағаланың білдіргендерін бізге жеткізген.

... Күндер, айлар, жылдар бір-бірін арқалап, ғасыр атты асулардан асуда.

Білім мен технология қарыштап қадам басып, алға жылжуда. Бірақ бәрі де ақыр соңында, өз межесіне жеткенде, Аллаһ елшісінің соған қатысты ғасырлар бұрын айтып кеткен ақиқатына көз жеткізіп, таңданыстарын жасыра алмай, тұла бойларын ток ұрғандай, Хақ пайғамбарды растап: «Сен біз үшін әділдік пен туралықтың дәл өзісің!» – дейді.

[1] Мәжмау'з-Зәуә'ид, 7/324.

### Өсімнің өршуі

Бір күн туады, өсім жүйесі (пайыздық өсім) жаппай белең алып, өсім жемеген жанға да оның шаң-тозаңы жұғады. Иә, дәл бүгін бұл мәселе ең үлкен індеттің біріне айналып, күн өткен сайын жан түршіктірер қара бұлт болып, қоғам тынысын тарылта түсуде.

Бұл індетке Аллаһ елшісі хадистерінде ишарат еткен:

«Адамдарға бір заман туады. Сол кезде өсім жемеген адам қалмайды. Жемегенге де шаң-тозаңы жұғады[1].

Хадисте екі мәселе көзге түседі:

Біріншісі: Мемлекеттің барлық қаражаты өсім қазанында қайнағандықтан, банктер мен банк тектес ұйымдармен қатысы болғандықтан, адам қаншалықты сақ әрекет еткенімен, осы бір жұқпалы дертке шалдықпай тұрмайды. Шаң-тозаңы жұғады. Бұл жағдайда адам ниетімен ғана құтыла алады.

Екіншісі: Арабшада шаң-тозаңға батудың басқа да мағынасы бар. Кейбір адамдар өсім жейді, жемегендері шаң-тозаңына былғанады. Капиталистік қоғам өсім арқылы қазынасын көбейтсе, пролетарият қоғамы да дәл осындай жағдайдан ары аса алмай, екі қоғам арасындағы текетірес қоғамды шаң-топыраққа, яғни, дау-жанжалға көміп, бір күні адамзатты беймаза күйге түсірмек. Шамасы, бұлардың бәрі де болып өтті деп ойлаймын. Әлі де болып жатыр. Хадистің көрсеткеніндей, аталған екі қоғам адамдарының бойынан осы жиіркенішті әдеттер мен қылықтар қылаң беруде. Қазір де өсімді (әр түрлі жолдармен немесе тікелей) жұқтырмаған сауда орны қалмады десе де болады. Әлемдегі барлық сауда осы ұғымның дөңгелектері арасында шыр айналып, бүкіл әлемде өсімқорлық сауда-саттық тәрізді «табиғи» өң алып келеді.

Екі дүние Шамшырағы қазіргі заман адамдары душар болған өсім дағдарысына ғасырлар бұрын үмбетінің назарын аударып, сақтықпен әрекет етіп, өсім батпағына түспеуін қатаң ескертіп кеткен. Бірақ, амал не, бүгін бүкіл Ислам әлемі кеңірдегіне дейін өсімқорлық батпағына батып, енді одан шыға алмай бұлқынып бағуда. Бірақ әлі күнге дейін осы кірден арылу жолында айта қаларлықтай талпыныс жоқ. Алайда Ислам – өсімге қарсы аяусыз соғыс жариялаған дін[2].

Әттең, мұсылмандар Құранның осы мәселе жайында қорқыту, ескерту сөздерінің, тым құрыса, мыңнан бірін түсінгенде ғой, бүгін әлемнің ең төмен елдері қатарында болмас еді!..

[1] Ибн Мәжә, Тижарәт 58; Муснәд, 2/494; Нәсаи, Буйу', 2.

[2] “Ей, мұсылмандар, Аллаһтан қорқыңдар! Мұсылман болсаңдар, өсімнен қалған (аласыларыңды) алмаңдар. Істемесеңдер, мұны Аллаһ пен Пайғамбарына қарсы соғыс деп біліңдер. Егер тәубе етсеңдер, онда малдарыңның басы өздеріңдікі. Сонда сендер зұлымдық етпейсіңдер, зұлымдыққа да ұшырамайсыңдар” (Бақара, 2/278-279)

## Мұсылманның мүшкіл заманы

Қазіргі уақытты бейнелеген хадисте:

«Адамдардың басына бір заман келеді. Сонда сол күннің мұсылманы бүгінгі мұнафықтардың мүміндердің араларына жасырынғанындай бөгденің арасына жасырынады», – делінген[1].

Ол дәуірде мұнафық өзінің шын бейнесін сездірмеу үшін қандай әрекетке баратын еді? Мұсылман да сол сияқты әрекетке көшіп, өзін жасырып, ғибадаттарын көрсетпей, шын бет пердесін қорғауға тырысады. Өйтпесе, оған маза бермейді. Аузынан зұлымдықтың жалыны атқан аждаһалар ондай мейірман жандарды маңына жолатқысы келмейді. Жұмыс орындары мен кейбір мемлекеттік мекемелердің есігі оларға түгелдей жабылып, қоғам ішінде қор әрі төмен саналады.

Басқа бір хадисте дәл осы мәселені толықтырып: «(Селдей асып тасыған) бүліктер болады. Сол күні адам намазы үшін айыпталады. Осы күнгі бір әйелдің зина жасағаны үшін айыпталғаны тәрізді»[2], – деген дәлелдер келтіреді.

Әлбетте, хадисте зина жасаған әйелдің айыпталуы теңеу ретінде сол күннің түсінігіне сай етіп алынған. Алайда бүгінде бұл індеттің бірқатар жерлерде әдеттегі мамандыққа айналғаны ащы шындық болып отыр.

Егер белгілі бір дәуірде келіп-кеткендерді есепке алмасақ, иманды жандардың намазға жығылғаны жат қылықтай айыпталып, жауыз күштің қол астында зар илейтін зұлмат күндер келіп, шынайы мұсылман осы апат заманында жасырынып жүріп өтеді.

[1] Кәңзу'л-Уммал, 11/176.

[2] Кәңзу'л-Уммал, 11/180.

## Талеқан мұнайы

Аллаһ расулы былай дейді:

Арабшада «Уәйһ» сөзі көңілсіз күлкіге ұқсас сүйінші үшін қолданылады. Аммардың (р.а.) шейіт болатынынан хабар берген кезде де Пайғамбарымыз осы сөзді қолданған[1].

«Талеқан» – Казвиндегі бай мұнай қорына ие өңірдің аты. Хадисте Пайғамбарымыз: «Сүйінші Талеқанға! Сол жерде алтын мен күміске ұқсамайтын Аллаһтың қазыналары бар»[2],– деген.

Келешекте сол жерден өзге кендер де, уран немесе алмас кендері де шығуы мүмкін. Бірақ мұнымен нәтиже өзгермейді. Пайғамбарымыз алтын мен күмістен өзге қазынаны сөз еткен. Ол бүгінгі таңда табылған.

Демек, Талеқанда шыққан мұнай да Аллаһ елшісін растап, туралығын әлемге танытуда.

[1] Бухари, Салат, 63; Муслим, Фитән, 70,72,73; Муснәд, 2/161,164.

[2] Кәңзу'л-Уммал, 14/591

## Әһли кітап

Ислам әлемі өзінен бұрынғы үмбеттерге, яғни, христиан мен яһудилердің әрбір басқан қадамын қалт жібермей бағып, оларға көзсіз еліктейді. Пайғамбарымыз осы жайды:

«Сендер бұрынғылардың соңынан еріп, бір елі қалмай еліктейсіңдер. Тіпті олар бастарын бір кесірткенің ініне тықса, сендер де дәл солай істейсіңдер»[1], – деген қанатты сөздерімен баяндап кеткен.

Сахаба: «бұрынғылар» христиан мен яһудилер ме?, – деп сұрайды. Аллаһ елшісі: «Басқа кім дейсің?» – дейді.

Бүгін Ислам әлемінің жағдайы қандай екені бәрімізге бесенеден белгілі. Бәріміз де белгілі бір жағдайда, діни әрі ұлттық болмысымыздан айрылдық. Халіміздің хадистің сөзімен айтқанда, екі отардың арасында шөре-шөре күй кешіп адасқан қойдан айырмашылығымыз шамалы. Бір замандары өзге мемлекеттердің түбіне жеткен нашар қылықтар бүгін келіп бізді шырмауықтай шырмап алды. Біреудің қаңсығы біреуге таңсық демекші, біз де есіміз шыға еліктеп, осы аждаһаның ауторын жаңалық әрі мәдениет санайтын болдық. Батысқа еліктеуде алдына жан салмайтын әлемде дәл біздер секілді ел жоқ шығар. Олардағы жылт еткен әрбір «жаңалық» жаман үйді қонағы билейді дегендей, баса-көктеп, билеп-төстеп төрімізге озатын болды. Оның ақ-қарасын ажыратып жатқан жан болсайшы. Елге енгізу жылдамдығына келгенде, басқа да батыс мемлекеттерін артта қалдырамыз. Алайда Аллаһ елшісі ұсақ-түйек секілді көрінген мәселелердің өзінде де сақтық танытатын[2].

Амал не, тақырып басқа болғандықтан, ол тақырыпты қозғауды жөн көрмедік.

Қазір біздің қозғап отырған мәселеміз – Аллаһ елшісінің сөзсіз болатын осы жайттардан ғасырлар бұрын хабар беруі және әрбір хабардың уақыты келгенде, жүзеге асуы. Әр оқиға Пайғамбарымыздың сүйіншісі мен ескертушісі секілді мерзімі жеткенде, сол айтқан ақиқаттары айдай анық келіп, туралығына куә болуда.

[1] Муслим, 'Илм, 6; Бухари, Әнбиә, 50.

[2] Қараңыз: Әбу Дәууд, Салат, 88; Муснәд, 5/264-265..

## Білім салалары

Бұл бөлімде Аллаһ расулының түрлі білім салаларына байланысты айтқан сөздеріне тоқталмақпыз.

Ол осы сөздерін осыдан XIV–XV ғасыр бұрын айтып кеткен. Ал одан бері ғылым шапшаң ілгерілеп, кісі таңғаларлық деңгейге көтерілді. Нәтижесінде, Ақиқат Хабаршысының осыған қатысты сөздері түрлі ғылым саласында көрініс тапты.

Бүгінде орасан жетістіктерге жеткен жаратылыстану ғылымдары, техника мен технология білімді пір тұтқан білімпаздардың болғанына қарамастан Аллаһ елшісінің алдында әдеп сақтап, құрметпен бас иіп: «дұрыс айттың» деп әлемге жар салуда. Бұдан басқаша болуы да мүмкін емес. Өйткені ол – Аллаһтың хақ елшісі.

Енді мәселенің ғылыми маңызын арнайы кітаптар мен журналдарға тапсыра отырып, бірнеше мысалды келтіре кетуді жөн көріп отырмыз.



## Дауасыз дерт жоқ

Бухаридың риуаят еткен хадисінде Аллаһ елшісі:

«Аллаһ бір ауру жіберсе, сөзсіз артынша шипасын жаратады!»[1] – деп хабар береді. Қаншама аурудың түрі болса, Аллаһ тағала соншама ем жаратқан. Медицина мен ғылымды алға жетелейтін сөздердің ішіндегі ең терең сөз – Аллаһ елшісінің осы сөзі. Ауру болса, оның емі де бар. Бір күні бүкіл дертке (әлбетте, Аллаһтың жарылқауымен) шипа табылатын күн де туар.

Әбу Дәуудтың риуаятында: «Әр дертке дауа бар»,– деп анық айтылады[2].

Басқа хадис шарифте:

«Сақ болыңдар! Емделуге немқұрайды қарамаңдар! Аллаһ бір ауру жіберсе, сөзсіз артынан емдеу жолын да көрсетеді. Тек бір аурудың емі жоқ. Ол – кәрілік»[3] дейді.

Ғылым адам өмірін ұзартудың шарасын тапса да, тіпті өлімді кешіктірсе де адамзат керуенінің сапарын бәрібір тоқтата алмайды. Ол жол – рухтар әлемінен келіп сәбилікке, балалыққа, жастыққа, кәрілікке, содан қабірге дейін барып, одан ары сонау қайта тірілер күнге дейін созылады. Қайта жалғасып, жәннат не жәһәннамға барып бір-ақ тоқтайды... Бұл жолдың алдына тосқауыл қою мүмкін емес, адамдар туады, өседі, қартаяды, өледі. Бірақ мұның бергі бетінде барлық дерттерге дауа бар. Әрине, ізденгенде ғана...

Екі дүние Шамшырағы осыған ұқсас сөздерімен күллі адамзатты ғылымға ынталандырып, ғалымдарды, зерттеушілерді жігерлендіріп ізденіске шақыруда: Бюджеттеріңнен қаражат бөліп, зерттеу институттарын ашыңдар! Ауруларды емдеудің бүкіл жолдарын зерттеп, өлімнен басқаның бәріне шипа табуға талпыныңдар!

Негізінде, Құран Кәрім де әрдайым осы мәселені насихаттай отырып, адамзаттың ғылымға ынтасын арттыру үшін пайғамбарлардың мұғжизаларын үлгі етіп ұсынған. Пайғамбарлар адамзатқа рухани өмірлерінде жол көрсете отырып, оларды бұралаң жолдардан тура, бейбіт жағаға шығара білді. Сол секілді жаратылыстану ғылымдары да адамзатты алға бастап, әрбіреуі жеке-жеке саланың ұстазы мен данасы атанды. Адамзат осы бақытқа кенелудің және дүниелік һәм рухани шарықтаудың кілттерін пайғамбарлардан алған. Құрандағы пайғамбарларға тиісті мұғжизалар – адамзатты таным, білім шыңына көтеретін бағдаршам.

Иса пайғамбар (а.с.) Аллаһтың құдыретімен өлілерді тірілткен. Құран оның осындай мұғжизаға ие болғанын айтады. Адамзаттың шарықтауы сол биікте тұрақтайды. Табиғат заңдылықтары тоқтап, одан ары таңғажайыптар басталады. Адамның мүмкіндігі мен қабілеті, ерік-жігері арқылы жасалынатын нәрселер жаратылыс заңының шегінен асып кете алмайды. Ғылым мен технология жетістіктері қандай биік деңгейге жетсін, бәрібір мұғжиза шегінен аса алмайды. Бұл шектер ұлық пайғамбарларға ғана тән. Олар сол биікте мәңгі-бақи қалады. Мұның бергі жағындағы мұғжизалар басталатын шекараға дейінгі межеге адамзат орасан зор күш-қуат, қажыр-қайрат жұмсап, табандылық танытып қана жете алады. Негізінде, барлық жігерлендіру осы мақсатта айтылған. Мысалы: Иса Мәсихтың мұғжизалары арқылы Құран адамзатты ынталандырып, кез келген дертті ауыздықтауға болатынын айтады. Ауруларды емдеу жолдары сонау өлім шегіне дейін ашық. Тіпті қатерлі ісік, СПИД секілді әлі күнге дейін емі табылмаған аурулардың да сөзсіз бір шарасы бар, ізденіңдер де табыңдар! Кешегі емі жоқтай көрінген аурулар бұл күндері оп-оңай емделіп жатқан жоқ па?! Онда не тұрыс. Ізденсеңдер, оларға да шара таба аласыңдар!

Тағы бір мысал, Мұса пайғамбардың (а.с.) қолымен адамзатқа ұсынған мұғжиза арқылы кейбір жансыз нәрселердің өзіне міндеп жүктеп, оларды да пайдалануға болатынын көрсетуде. Қазіргі күнімізде оған есік ашылған. Бірақ бүгін де, ертең де адамзат ешқашан қолындағы аса таяғын лақтырып жіберіп, оны нағыз жылан етіп көрсете алмайды. Өйткені ол таңғажайып әлемде болған оқиға, біздің қолымыздан келетіні жаратылыс заңының шеңберінде ғана жүзеге асады.

Осы жерде адамзат үшін Құраннан сөз қозғай кеткеніміз жөн.

Құран – басынан аяғына дейін ой жетпес мәңгілік өре. Сондықтан да оның тереңіне бойлау мүмкін емес. Аса көркем жазылған қара сөздер мен өлеңдер адамзатты өзіне үйіріп, қанша жерден баурасын мейлі, олар бар болғаны Құран табалдырығына дейін ғана жақындай алады. Одан ары Құранның ақиқатын танып, оның жанында өзі жазған дастанның түкке тұрмайтынын аңғарады. Құран – көркем сөздің мұғжизасы. Ал, адамзаттың сөздері қашанда көркем келіп, мағынасы терең болғанымен, олар бәрібір жаратылыс алаңынан айналсоқтап шыға алмайтын сөздер. Бұл мәселе – өз алдына бөлек тақырып.

Пайғамбарлардың мұғжизалары белгілі бір шекті көрсете отырып, адамзатты сол шыңға жетелейді[4].

Адамзат ізденуі керек. Іздену арқылы өзінің шырқау шегіне жетуге тиіс. Жаратылыс заңының шеңберінде барлық нәрсенің есігін ашып, таңғажайып

шегіне жақындауы тиіс. Осылайша адамзат мұғжизалардың жемістері төгілген өрелерде жүруі қажет.

Адамзат медицина саласында өлімнен басқа барлық ауруға ем табуы мүмкін. Алайда өлімге келгенде, ол да шарасыз. Өлім өмірдің өзіндей Аллаһтың жаратқан бір болмысы.

«Өлім мен өмірді жаратқан» (Мүлік, 67/2) аяты да осыны меңзейді.

Иә, өлім құрдымға кетіп, шіріп жоғалу яки өшіп бұға айналу емес. Ол – Аллаһтың әмірімен белгілі бір уақытқа берілген аманаттың кері алынуы.

Пайғамбарлардың мұғжизалары – адамзаттың ынта-жігерін жанып, алға жетелейтін үлгі-өнеге. Барлық зиялы қауым мен ғұламалар оның құпия-сырларын аша отырып, өздері тапқан жаңалықтарды адамзаттың игілігіне ұсынуы қажет.

Пайғамбарымыздың медицина жайлы, әсіресе, соның ішінде «салауатты өмір салтын қалыптастыру медицинасына» байланысты айтқан көптеген құнды кеңестері бар. Медицинаның тұтас бір бөлімін осы сала қамтыған. Қамтуы да тиіс. Өйткені негізгі мәселе – адам ауырмай тұрып, аурудың алдын алып, өзін қатерден сақтап қалу. Әрі бұл қиындық туғызбайды. Ал, бір сырқатқа шалдыққан адамды аяғынан тік тұрғызу немесе бұрынғы сау-саламат қалпына келтіру аса қиын. Сол үшін Пайғамбарымыз алдын ала осы мәселеге, медицинаның маңызды бөлігін құрайтын «салауатты өмір салтын қалыптастыру медицинасына» айрықша мән беріп, оны адам өмірінің негізіне айналдырған.

«Алтын ғасырда» сырттан келген емшілер Мәдинада өздеріне жұмыс таба алмайтын. Себебі, халық Хақ пайғамбардың осы мәселеде қалыптастырған негізгі қағидаларын ұстанды.

Аллаһ елшісі, бір жағынан, адамдардың жан дүниесін емдесе, екінші жағынан, олардың денсаулығын қаперде ұстап, рухани әрі тән сырқатынан сақтандырып отырған.

Оба ауруы – Пайғамбарымыздың заманында шара табылмаған қорқынышты дерт. Бүгінгі таңда СПИД қандай болса, ол кездегі оба да дәл сондай еді. Оба дертіне сахабалар өте сақтық танытты. Өйткені Пайғамбарымыз оларға үнемі осы озбыр ауруды ескертіп, қадағалап отыратын. Осы нұрлы жамағат өздерін мейлінше мұқият қадағалап, тазалық сақтап, осы кеселден аман болды. Алайда Шам, Сирия, Халеп және Антакия секілді жерлерге жорыққа шыққанда, Византия аймағына

тараған обаға душар болды. Амуэста жайылған оба ауруынан отыз мың сахаба шейіт болды[5].

Ол күні үмбетінің сенімдісі Әбу Убәйда ибн Жәрраһ (р.а.) да Амуэста болғандардың арасында еді. Әбу Убәйда (р.а.) – Омардың (р.а.) көп жыл өтіп бауырынан қанжарланып төсекке таңылып жатқанда: «Егер Әбу Убәйда тірі болғанда ғой, оны өз орныма тағайындауды өсиет етер едім» деген адамы[6].

Нәжрандықтар Аллаһ елшісіне келіп, өздеріне сенімді бір адам жіберуін сұрайды. Аллаһ елшісі сол кезде оған қарап: «Сен мыналармен бірге бол», – деген еді[7]. Ол – өте сенімді, әрі жәннатпен сүйіншіленген он адамның бірі. Атақты сахаба да обаның қанды құрығынан құтыла алмай, өмірден озды.

Ол уақытта Омар (р.а.) халифа еді. Аллаһ елшісінің халифасы бағындырылған жерлердегі жағдаяттарды жақыннан қадағалап отырды. Амуэсқа да баратын еді. Бірақ сол жерде оба ошағы бар екенін естіген соң кері қайтуға бет алады. Әбу Убәйда алдынан шығып: «Омар! Аллаһтың тағдырынан қашып барамысың?», – дейді. Омар: «Иә, Аллаһтың тағдырынан – Аллаһтың тағдырына қашып барамын», – дейді[8]. Бұл да Омардың парасаттылығы.

«Дұрыс шешім қабылдадым ба? Кері қайтуым жөн бе еді?» деп Омар абыржып тұрғанда, Абдурраһман ибн Ауф көмекке келіп:

«Егер бір жерде оба ауруының бар екенін естісендер, ол жерге жақындамандар! Егер тұрған жерлерінде шыға қалса, одан қашып, басқа жерге кетуші болмандар»[9], – деген бір хадисті жеткізді.

Мұны енді осы күнгі дамыған медицинаның «карантині» емес деп көріңіз. Осы ақиқатты сан ғасыр бұрын айтқан Ақиқат Қыранына бүгінгі күннің медицинасы да: «әл-хақ, дұрыс айтасың» деуде.

[1] Бухари, Тыбб, 1.

[2] Әбу Дәууд, Тыбб, 10; Муслим, Сәләм, 69.

[3] Тирмизи, Тыбб, 2; Ибн Мәжә, Тыбб, 1; Муснад, 4/278.

[4] Қосымша үшін қараңыз: Бәдиуззаман, 20-сөздің 2-мақамы, Муқаддима.

[5] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 7/90,91; Ибну'л-Әсир, әл-Кәмилу фи'т-Тарих 2/560.

[6] Ахмет ибн Ханбел, Китабу Фәда'или'с-Сахабә, 2/742.

[7] Бухари, Фәда'илу'л-Асхаб, 21; Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 53-54.

[8] Бухари, Тыбб, 30; Муслим, Сәләм, 98.

[9] Бухари, Тыбб, 30; Муслим, Сәләм, 98.

## Алапес пен карантин

Ахмад ибн Ханбәл риуаят еткен бір хадисте Пайғамбарымыз:

«Алапеске ұшырағаннан арыстаннан қашқандай қашыңдар!» – деп ескертеді[1].

Бұл хадис шәріптегі сөздердің микробқа да, арыстанға да қатысы жоқ. Кей кісілер алапес микробы арыстанға ұқсағаны ғой деп жаңсақ тұжырым жасаған. Алайда Аллаһ елшісінің меңзеген ойы мүлдем басқа. Бұл жердегі қашуды да тікелей қашу деп түсінбеген жөн. Екі дүние Шамшырағы хадисте алапес деген аурумен күресуді, одан сақтану жолдарын қарастыруды бізге насихаттаған. Былайша айтқанда, карантин арқылы жұқпалы аурудың жайылуына жол бермеу мәселесі қозғалған. Адамдар арыстанның тырнағына ілікпеу үшін қандай сақтық танытса, алапеске де қарсы сондай сақтықпен қарап, өте мұқият болуы керек. Аллаһ елшісінің барлық сөзі терең, сондықтан әрбір сөзін екшеп, мәні мен мазмұнына мұқият үнілгенде ғана оның нені түспалдағанын ұға аламыз.

[1] Бухари, Тыбб, 19; Муснәд, 2/443.

## Қол тазалығы

Тирмизи мен Әбу Дәууд риуаят еткен бір хадисте Аллаһ елшісі: «Тамақтың берекеті – тамаққа дейін және тамақтан кейін қол жуу»,– деп ескертеді[1].

Егер асыңыз таза әрі берекетті, бойға сіңімді болсын десеңіз, әр тамақтанардың алдында және артында қол жууға міндеттісіз.

Аллаһ елшісі бұл хадисте тазалыққа, гигиенаға көңіл аудартқан. Ол кезде жай адамдарға бұны ақылмен біле қою қиын болатын. Әсіресе, сол дәуірде өмір сүрген адам тырнақ астында миллиондаған микробтың болатынын білген жоқ. Ол күн тұрмақ, бүгіннің өзінде мұның ғылыми жағын қанша адам пайымдап жатыр дейсің?!

Аллаһ елшісі қол тазалығына қатты мән берген. Ұйқыдан тұрғанда қандай да бір ыдысқа қол тигізбей тұрып, алдымен қолды жақсылып жуу қажеттігін ескерткен. Оның мәнісі: адам ұйықтап жатқанда қолын қайда жүгірткенін білмейтіндігі[2].

Дәрігерлер бұл жайдың маңыздылығын бүгін ғана түсініп, дабыл қағып отыр. Адам ұйқы кезінде қолын еріксіз әрлі-берлі қозғап, байқамай микроб жұқтырады. Ал, қол жумай тамақ жегенде ішке не кететінін айтып жатудың өзі артық.

Аллаһ елшісі мұның бәрін қайдан білген? Ол заманда микроскоп, рентген сәулесі яки лаборатория секілді осы заманғы ең озық техникамен жабдықталған, технологиялық құрал-саймандар бар ма еді? Жоқ. Алайда, осындай ілімнің бәрін пайғамбарына үйретіп отырған құдіретті Ұлы Ұстаз бар еді. Осы Ұлы Ұстаздың арқасында Пайғамбарымыз барлық үйренгендерін үмбетіне жеткізіп отырды. Сол себепті, оның айтқандарында қылаудай өтірік кездеспеді.

[1] Бухари, Уду', 26; Әбу Дәууд, Әт'имә, 11; Тирмизи, Әт'имә, 39; Муснәд, 5/441.

[2] Муслим, Тахара, 87; Әбу Дәууд, Тахара, 49; Тирмизи, Тахара, 19.

## Ауыз, тіс күтімі

«Кутуб ситта»[1] тегіс риуаят еткен әрі қырық сахабаның қолы бар «мутәуәтир» хадистерінде Аллаһ елшісі былай деген:

«Үмбетіме ауыр тиеді-ау демесем, әр намаздың алдында мисуәк[2] қолдануын әмір ететін едім»[3].

Ол үмбетіне ауыр тиетінін ойлап, жоғарыдағыдай әмір беруден тартынған. Егер міндеттегенде, мисуәк те дәрет секілді намаздың бір парызы болар еді. Алайда бұл дін негіздеріндегі жеңілдікке томпақ.

Осыдан барып мисуәк қолдану парыз болмаса да, бірақ маңызды сүннет екенін сақтап қалды. Бұрынғылар бұл жа-йында том-том кітаптар жазып кеткен. Тіпті қазіргі ғалымдар да мисуәкті ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеу үстінде.

Тісті саусақпен, түзбен, тіс пастасымен де, т.б. тазалауға болады, әркім өзі қалағанымен тазалайды, оған ешкім ештеңе демейді. Бірақ мисуәктің өзіндік қасиеттерге ие екеніне көз жұмып қарауға болмайды.

Ал енді мынадай дінге көңіл аударыңыз, оның хабаршысы (Құрушы емес, діннің құрушысы – Аллаһ тағала. Пайғамбарымыз бар болғаны жеткізуші) күніне бес-он рет мисуәк қолданып, оны әдетке айналдыру керектігін айтқан. Демек, тіс тазалығына, тіс саулығына қатысты жайттарды дін баяғыда-ақ талқылап, бүгінгі ғылымнан әлдеқайда озып кеткенін көреміз. Халықты былай қойғанда, тіс дәрігерлерінің өзі күніне бес уақыт тістерін тазалап тұрады деп ойламаймын. Пайғамбарымызға келсек, ол ең аз дегенде күніне тісін бес рет тазалайтын. Түнде бірнеше рет тұрып намаз оқып, намаз алдында мисуәк қолданатын еді[4]. Таң, күншығыс және сәске, бесін, намаздыгер, намазшам, құптан намаздарында, әрі намазға тұрар алдында һәм дәрет алған кезде үнемі мисуәк қолданып, тамақтанған соң да тістерін тазалайтын. Мұның бәрін санамалайтын болсақ, Аллаһ елшісінің күніне бес-оннан да көп мисуәк қолданып, тістерін тазалағанына куә боламыз.

[1] Ең сенімді іргелі еңбектер қатарына жататын әйгілі алты хадис кітабы жинағы

[2] Мисуәк; Тіс тазалау үшін қолданатын хош иісті сексеуілге ұқсас жеміс салмайтын ағаш. Тіс, асқазан, т.б. үшін аса пайдалы (ауд).

[3] Бухари, Жум'а, 8; Муслим, Тахара, 42; Әбу Дәууд, Тахара, 25; Тирмизи, Тахара, 18; Нәса'и, Тахара, 6; Ибн Мәжә Тахара, 7; Муснәд, 1/80.

[4] Бухари, Уду' 73; Муслим, Тахара, 46,47.



## Қанағат қарын тойғызар

Салауатты өмір салтын қалыптастыру – ең алдымен медицинаның міндеті. Аллаһ елшісі: «Ауқаттанған кезде асқазанның үштен бірін – тамаққа, үштен бірін – суға, үштен бірін – ауаға қалдырыңдар. Асқазан толып тұрса, Аллаһтың ашуы келеді», – дейді[1].

Осы мәндес басқа хадистер де бар:

«Үмбетім жайында ең қорқатын нәрселерім: қарын салу мен көп ұйқы. Жалқаулық пен «яқин» әлсіздігі»[2].

Өмірін бақыламай, өз-өзіне есеп бермей, ғұмырының көбін ұйқымен өткізген адамның семіретіні белгілі. Адам толған сайын тамақсау болады. Нәтижесінде, мешкей адам маубасқа айналады әрі салғырттыққа, бойкүйездікке бой алдырады. Мұндай адамда сөзсіз «яқин»[3] болмайды...

Осындай жаман әдеттерге Аллаһ елшісі қырын қараған. Сөздің төркінін шипагерлерге қалдырып, сіздерді олардың ғылыми жағымен таныстырайын. Оларды оқысаңыз, Аллаһ Сүйіктісінің сан ғасырлар бұрын айтқан сөздерінің шындық пен ақиқаттан ғана тұрғанына көзіңіз жетеді.

[1] Тирмизи, Зухд, 47; Ибн Мәжә, Әт'имә, Муснәд, 4/132.

[2] Кәнзу'л-Уммал, 3/460.

[3] Терең иман.

## Сүрме

Басқа хадиске өтуді жөн көріп отырмын, Аллаһ елшісі: «Көзді сүрмемен емдендер. Өйткені ол көруді жақсартып, кірпіктеріңді қоректендіреді»[1], – дейді.

Бұны ары таза дәрігерлеріміз де қостап: «Кірпік күтіміне қолданылатындардың ең пайдалысы – Пайғамбарымыз ұсынған сүрме», – дейді. Демек, жақын жылдарда опа-далапта «сүрме жылы» арнайы өтуі мүмкін деп топшылауға болады.

Теріні сақтау қасиеті басым әрі антибиотиктің орнын алмастыра алатын сүрме секілді аса бағалы пайғамбар хадисінде келтірілген тағы бір зат ол – қына[2]. Қынаның залалсыздандыру күші бүгінде қолданылып жүрген йод тұнбасы мен мерофсилон заттардан әлдеқайда басым түсетіні ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр.

[1] Муслим, Сәләм, 88; Әбу Дәууд, Тыбб, 14; Тирмизи, Тыбб, 9

## Зере

Бухариде, Әбу Хурәйрадан риуаят етілген хадисте:

«Зере[1] – өлімнен басқа аурудың бәріне ем», – делінген[2].

«Басқа аурудың бәріне» деген сөз тіркесі – арабшада «көпшілігінен» деген де мағынаны білдіреді. Егер осы бір өсімдіктің емдік қасиеті жан-жақты зерттелсе, ол қаншама дертке шипа болар еді.

Хадис-шәріпте екі мәселеге назар аударылған.

Біріншісі, Зеренің ем екендігі.

Екіншісі, оның да өлімге дауа бола алмауы.

Біз мәселенің ғылыми жағын мамандарға тапсырып, өзге қырын қозғайық.

Ауырғанда, әсіресе, сырқаттан айығып келе жатқан уақытта ағза протеинді көп қажетсінеді. Сондай-ақ нәрлі тағамдар мен витаминдер де адамның тез сауығып кетуіне көмектеседі. Дәрігерлер сырқат кісілерге әдетте осыларды қолдануға кеңес береді. Өйткені олар ауырған адамның күш-қуатын қалпына келтіреді әрі тағамды тез сіңіруге көмектеседі. Ғылыми зерттеулер осы ерекшеліктердің барлығы зере өсімдігінде кездесетінін анықтаған.

Бұның барлығы да Пайғамбарымыздың растығын дәлелдейді.

[1] Чёрный тмин

[2] Бухари, Тыбб, 7; Муслим, Сәләм, 88.

## Ішімдіктің өзі кесел

Тарық ибн Сууәйд (р.а.) былай дейді:

«Бір ауруым бар еді. Тыйым салынбай тұрғанда, ауруымды арақпен емдейтінмін. Тыйым салынғаннан кейін, Аллаһ елшісіне бардым. Жағдайымды айтып, ішімдік ішуге рұқсат сұрағанымда: «Жоқ, ішімдіктің өзі кесел, ол ем болмайды», [1] – деді.

Бүгінгі күні ішімдік проблемасына қатысты әлемнің түкпір-түкпірінде түрлі басқосулар өтуде. Ғалымдар арақтың бір тамшысының өзі адамның физикалық әрі рухани болмысында кінәратқа (деформация) жол ашатынын енді-енді ғана сөз ете бастады. Ал, Пайғамбарымыз осы проблеманы қанша ғасыр бұрын көтеріп, ішімдіктің өзі жатқан ауру екенін ұқтырған.

[1] Муслим, Азриба, 12; Ибн Мәжә, Тыбб, 27.

## Сүндет

Аллаһ елшісі он нәрсе адам табиғатына тән дейді. Соның бірі – сүндеттелу[1].

Ал қазіргі ғалымдар не дейді? Олар бұл пікірді мақұлдай ма?

Жыныс терісінің үш қабаты – микроб жиналатын, қатерлі ісікке жол ашатын лас ағза. Ал одан сақтанудың бірден-бір жолы – сүндетке отыру.

Зер сала қарасақ, батыс бұл тұрғыда біздің прогресшілдерімізден оқ бойы алда келеді. Бүгін Америка мен Англияда сүндетке отырғандардың саны миллионнан асып жығылады.

Осы жерге дейін біз Соңғы елші мен басқа да пайғамбарлардың шыншылдығына тоқталдық. Әр пайғамбарды туралық пен ақиқаттың шыңына балауға болады. Өмірінде жалған сөйлеу дегенді білмеген олар сондай пәк ғұмыр кешті. Негізінде, оларда титтей кінәрат, зәредей бұралаң, мысқылдай мін болатын болса, олар ешкімді де тура жолға сала алмайтын еді. Задында, олар адамзатты тура жолға салу мен жәннатқа баратын жолды көрсету үшін келген. Егер туралық заттық денеге айнала қалса, пайғамбарлардың нұрлы бейнесі жарқырап алдымен көзге түсер еді...

Пайғамбарымыздың туралығын сансыз мысалдармен растауға болады. Мұнда біз Аллаһ елшісінің туралығын үш негізгі бөлімге бөліп топтастыруға тырыстық. Оқырманға түсінікті болу үшін тақырыпты бөлімдерге бөлуге тура келді. Болмаса, оның туралығын жүз мыңдаған дәлелдермен сан қилы сырларына терең сүңгіп айтса да жарасады. Негізінде, бұл тақырыпты кім толық аша алады дейсің?! Пайғамбарымыздың айтқандары Қияметке дейін айна-қатесіз орындалатынына, айтқаны орындалған сайын әр жаңа дәуірдің адамы оның ақиқатына терең көз жеткізе түсетініне біз сенімдіміз.

Ақырет әлемінде Аллаһ елшісінің туралығы барлық жанға көрінеді. Жаратушы Иенің өзіне тән ұлық сипаты мен есімдері туралы айтқандарын әркім өзінің рухани деңгейіне қарай көріп, сөздерінің ақиқатын аңғарады.

Жәннат пен жәһәннам Аллаһ елшісінің айтқанындай кейіпте алдымыздан шығып, олар да мәңгілік тілімен «сөздерің рас» дейді...

[1] Муслим, Тахара, 49,56; Әбу Дәууд, Тахара, 29.

## Сенімділік (әмин) сыры

Пайғамбарларға тән екінші сипат – аманат (сенімділік). «Аманат» – араб сөзі, «иман» сөзі екеуі бір түбірден шыққан. «Му’мин» – (момын, мұсылман) сенген, сенімділік танытқан адам дегенді білдіреді. Му’миндік пен сенімділік көрсетуде де пайғамбарларға жететін ешкім жоқ.

Пайғамбарлардың осы сипаттары көптеген аяттарда сөз болады: «Нұхтың елі де пайғамбарларды жалғанға шығарды. Сол кезде олардың туысы Нұх: (Аллаһқа қарсы шығудан) «Қорықпайсыңдар ма?» – деді. «Рас, мен сендерге сенімді елшімін. Аллаһтан қорқып, маған бағыныңдар» (Шұғара, 26/105-108).

Нұх еліне: «Әлі де қорқып сақтанбайсыңдар ма? Мен сенімділік ұялатқан, барлық жағынан сенімнен шығуы тиіс, жан атаулыға қиянаты жоқ елшімін», -дейді. Аятта пайғамбардың сөзімен пайғамбарлықтың «сенімділік» сипаты көрсетілген.

Сол секілді: «Ад елі де елшілерді жалғанға шығарды. Сол кезде оларға туыстары Һуд: (Аллаһқа қарсы шығудан) «Қорықпайсыңдар ма?» – деді. «Рас, мен сендерге сенімді елшімін» (Шұғара, 26/123-125).

Және: «Сәмуд елі де пайғамбарларды жалғанға шығарды. Сол кезде туыстары Салих: (Аллаһқа қарсы шығудан) «Қорықпайсыңдар ма?» – деді. «Рас, мен сендерге сенімді елшімін» (Шұғара, 26/141-143).

Сол секілді: «Лұт елі де пайғамбарларды жалғанға шығарды. Сол кезде туыстары Лұт: (Аллаһқа қарсы шығудан) «Қорықпайсыңдар ма?» – деді. «Рас, мен сендерге сенімді елшімін» (Шұғара 26/160-162).

Құранда сенімділік пен аманат жайында айтылған бұдан басқа да көптеген аяттар бар.

«Му’мин» – Аллаһ есімдерінің бірі. Әрі Оған иман еткендердің де аса маңызды есімі. Аллаһқа неге Му’мин дейді? Өйткені Ол – сенім мен үміт қайнары. Сенімді берген де Өзі. Бізге үнемі Хақтан сенім нұры құйылып жатады. Пайғамбарларды сенімділік сипаттарымен таңдаған да Сол. Сенімділік, сенім, аманат пен иман бізді пайғамбарлармен, пайғамбарларды Аллаһпен жалғастырады. Соңында осы ақиқаттар бізді Жаратушы мен жаратылғандардың мәңгілік байланысына апарады. Барлық мағына аманат (сенімділік) сөзінің түбірінен шыққан. Оның мәнін ұғынудың маңызы зор.

Пайғамбарлар мен соңғы Нәбидің ең маңызды сипаты – сенімділік (аманат).

Жәбірейіл-Әминнің де ең маңызды сипаты – осы.

Құран: «Періштелер оған бағынған, сенімді бір елші» – дейді (Тәкуир, 81/21).

Иә, Жәбірейіл – Аллаһқа қалтқысыз мойынсұнған әрі міндетін мінсіз іске асырған сенімді елші. Құран да бізге осы сенімділік қайнарынан келген. Аллаһ – «Му’мин». Оның сөзі – сенімділік нұрын шашқан мәңгілік баян. Құран Аллаһтың сенімді Жәбірейіл арқылы бізге келген. Құран сенім Пайғамбарының сенімділігіне лайық қасиетті үмбетіне түскен.

Құран Кәрімнен әркім өз дәрежесіне қарай нәр алған. Жәбірейіл де солардың бірі еді.

Бір күні ол Аллаһ елшісіне келіп: «Аллаһ Құранында мен үшін «Әмин» (сенімді) деп айтқанға дейін, ақырымның не боларын білмей қатты уайымдаушы едім. Осы сөзден кейін көңлім тыншып, тұла бойым түгел сенімге толып ақтарылды...»[1], – деп ішкі сырын паш етеді.

[1] Қады Ияз, әш-Шифа, 1/17

### **Сенімділік Сардары**

Пайғамбарымыз, ең алдымен, Аллаһтан алған хабар-ларға сенімді. Оның аманатқа қиянат жасауы мүмкін емес. Содан кейін жаратылыс атаулыға сенімді. Барлығы оған сеніммен қарайды. Өйткені әуелі жұртқа деген сенімділігін көрсетіп, өзінің сенімді жан екенін танытқан. Сенімділік пен сенімнің қаншалықты қажет екенін түсіндіріп, өзіне сендірген. Осы жерде оның ерекшеліктері жайында сөз ете кетейік.

## Пайғамбарлық міндеті

Аллаһ тағала пайғамбарын аманатқа беріктігі үшін таңдағандықтан, ол осының жауапкершілігін ғұмыр бойы сезіп өткен. Әсіресе, уахи келген заматта оның әр сөзін жаңсақ естімесем екен деп немесе байқамай қағыс қалдырмасам екен деп алабұрта толқып, Жәбірейіл әкелген уахиын оқып бітірмей жатып, аяттарды жадында тоқу үшін тоқтаусыз үсті-үстіне қайталайтын.

Тіпті осы мәселеге сақтық танытып, жауапкершілікпен қарағаны сонша – Құран былай дейді: «(Елшім!) Құран түскенде, жаттаймын деп, асығып қобалжыма. Шын мәнінде, оны жинау, оқу – Бізге міндет. Ал оны Біз оқығанда, оқылуына ілес. Сосын оны түсіндіру – Бізге міндет» (Қиямет, 75/16-19).

Құран оған аманат етіп тапсырылған. Ол осы қасиетті аманатқа байқамай қиянат жасап алудан қорқып, жел өтінде қалған күзгі жапырақтай қалтырайтын. Сонда елшісін жұбатып, аманатта сенімді ететініне Аллаһ кепілдік берді.

Аллаһ елшісі аманатқа сенімді болу үшін көп қайрат жұмсап, өзіне жүктелген осы бір ауыр жүктің салмағын терең сезініп өтті.

«Қоштасу қажылығында» күн көкжиекке батып бара жатқан... Ол да өмірінің ақыры жақындағанын сезіп, сертіне берік достарына: «Жақында мені сендерден сұрайды. Сол сұрақтан бұрын мен сұрайын. Міндетімді толық атқардым ба?» – дейді. Сахабалар бірауыздан жер мен көкті жаңғырта дауыстап: «Иә, сен міндетінді толық атқардың әрі айна-қатесіз бұлжытпай орындадың!» – деді. Осыдан кейін екі әлем Сардары қолын көтерді де, «Аллаһым, куә бол!» – деді[1].

Аманатта сенімді болу тікелей Аллаһтан басталып Жәбірейілге, одан кейін Аллаһ елшісіне барып тоқтаған. Одан бел асып үмбетіне жеткен. «Қоштасу қажылығында» үмбетінен қайта куә алып, қайтадан Аллаһқа барып тоқтайды.

Ең сенімді хадис кітаптарының риуаятына сүйенсек, Аллаһ елшісінің сенімділігіне байланысты Айша анамыз (р.а.) былай дейді: «Егер Аллаһ елшісі өзіне келген аяттардың кейбірін жасырмақ болса, сөзсіз мына аятты жасыратын еді: «Хабибім! Сол кезде өзіне Аллаһ та бақ берген, сен де бақ берген Зейдке: «Жұбайыңмен ажыраспа, Аллаһтан қорық!» – деп, Аллаһтың жариялайтын әмірін көңілінде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде, қорқуға Аллаһ лайық» (Ахзаб, 33/37)[2].



Аят мына себепке байланысты түскен. Көз алдында өскен, азат етілген құлы Зейд ибн Харисәні туысқан әпкесінің қызы Зейнеп бинт Жаһшпен үйлендірген болатын. Бірақ олар жарасып кете алмады. Негізінде Зейнеп анамыз (р.а.) Аллаһ елшісінің әміріне бағынып, Зейдке (р.а.) үйленген болатын. О бастан өз еркімен және өзінің қалаған адамына үйленбегендіктен, еріне тиісінше құрмет, жылы ықылас көрсете алмады. Негізінде, Аллаһ оның Зейдтен ажырасып, «пәк ханымдар» арасына қосылуын көптен әмір еткен. Бірақ ол күнге дейін арабтардың әдет-ғұрпы бойынша адам біреудің баласын «балам» деп атаса, ол ендігі жерде оның баласы саналатын. Оның әйелі де, бір жағынан, келіні саналатын. Зейнеп бұрын анасы арқылы Аллаһ елшісіне ұсыныс жасаған-ды. Бірақ Аллаһ елшісі бұл ұсыныстан бас тартқан еді. Осы некелікке Аллаһ тікелей әмір берді. Зейнеппен шаңырақ көтеру екі әлем Сардарына өте ауыр тиді. Амал нешік, бұл иләһи әмір болатын.

Айша анамыз (р.а.) осыны меңзеп: «Егер Аллаһ елшісі өзіне келген уахидың қандай да болсын бір аятын жасырғысы келсе, осы үйлену жайлы айтылған аятты жасыратын еді» деген. Бірақ өзіне келген уахиға ол өте сенімді еді. Сондықтан ұсақ мәселені де ел көзінен жасырып қалуды ойға алмайтын.

[1] Бухари, Хаж, 132, Мәғазі, 77; Муслим, Хаж, 147; Әбу Дәууд, Мәнастик, 56; Ибн Мәжә, Мәнастик, 84. Ибн Кәсир, Бидәйя, 5/173

[2] Бухари, Таухид, 22.; Муслим, Иман, 288.

## Баршаға көрсеткен сенімділігі

Мұхаммед пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Раббысынан жіберілген елшілік міндетке адал әрі өте сенімді болатын. Бұл оның табиғатына сіңісті болғаны соншалық, тіпті баршаға сенімділік ұялатуға тырысатын.

Иғтиқафта[1] болған бір күні Сафия анамыз (р.а.) Пайғамбарымызға келген-ді. Біраз отырған соң, үйге қайтуға рұқсат сұрайды. Аллаһ елшісі зайыбын шығарып салуға сыртқа шығып, бірнеше қадам басқаны сол еді, бір-екі сахаба жандарынан өте шығады.

Екі әлем Сардары дереу оларды тоқтатады. Сафия анамыздың жүзін ашып: «Қараңдар, бұл – менің зайыбым Сафия», – дейді.

Сахабалар төбелерінен жай түскендей дағдарып қалды. «Аллаһ сақтасын, Пайғамбарым! Сіз туралы кім теріс ойлай алады дейсіз?» – дейді.

Бірақ Аллаһ елшісі әр іс-қимылымен үлгі көрсетіп отыратын, осы мінезімен де сабақ беруді қалаған. Сондықтан: «Шайтан үнемі адамның қан тамырында айналып жүреді»[2], – деді.

Мұншалық жақын болғанына қарағанда, шайтан адамның ойына көп күмән тастай алады. «Пайғамбарымыздың жанындағы әйел кім болды екен?» деген кім-кімнің де ойына мыңнан, тіпті миллионнан бір ықтимал күмән келсе, Аллаһ сақтасын, бұл күдік адамның мәңгілік өмірін жермен-жексен етіп, иман нұрын сөндіріп тастар еді. Сондықтан Ұлы Нәби дереу алдын алып, әрі өзінің сенімділігін көрсетті әрі жамағатының иманын сақтап қалды.

Ол сенімді болуға осыншалықты көңіл бөлетін. Себебі, онсыз да пайғамбар емес кездегі есімі «Әмин» (сенімді) емес пе еді?[3] Кейіннен өзінің адуынды, азулы дұшпандарына айналғандар да оның сенімділігіне шүбә келтірмейтін. Сенімге ие болғаны соншалық – Әбу Жәһилге біреу келіп: «Ар-намысыңа қоса ең бағалы нәрселеріңді кімге аманат ете аласың? – деп сұраса, «әл-Әминге», – деп, жауап береді деп ойлаймын. Иә, ойына алғаш алған адам Мұхаммедүл-Әмин (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) еді. Аллаһ елшісі бүкіл ғұмырын осындай сенімділіктен ажырамай өткізген болатын.

Бірде бір әйел баласын: «Келе ғой, мә!» деп шақырады. Аллаһ елшісі одан: «Балаға не ұстатпақсыз?» – деп сұрады. Әйел: «Бірнеше құрма беретін едім», –

дегенде, Аллаһ елшісі: «Егер берем деп шақырып алып еш нәрсе бермегеніңізде, жалған сөйлеген болар едіңіз»[4], – деді.

Өйткені Аллаһ елшісі өтірік сөйлеуді екіжүзділердің белгісі санап, одан мүлде бойын аулақ салатын. Жалғандық – мұнафықтың үш белгісінің бірі. Қалған екеуі – сөзінде тұрмау, аманатқа қиянат жасау[5]. Мұнафықтық Аллаһ елшісінен қаншалықты алыс болса, аманатқа қиянат етуден соншалық алыс еді.

Хақ пайғамбардың сенімділік рухы мен сенімділік түсінігі адамдармен ғана шектелмейді. Оның сенімділік сарайына бүкіл атаулы болмыс сыйып кететін.

Бірде бір сахаба алақанында жемі бардай өтірік қимыл көрсетіп, мініс атын шақырады. Пайғамбарымыз сахабаның бұл әрекетіне қатты күйінді. Дереву қатаң ескерту жасап, жан-жануарларды да алдамау керектігін ұғындырады[6].

Бірде олар жорықтан қайтып келе жатыр еді... Бір-екі сахаба құстың балапандарын қызық көріп, ұясына қол салды. Дәл сол замат ұшып келген енесі балапандарын ұядан көре алмай, айнала ұшып шыр-пыры шықты. Мұны байқаған Аллаһ елшісі дереу балапандарды ұясына қойдыртып, сахабаларына құсты ренжітпеуді ескертті. Яғни мұсылмандарға, жер бетіндегі сенімділік өкілдеріне бұндай ерсі әрекеттің жараспайтындығын ұқтырған еді[7].

Аллаһ елшісінің нұрына малынған, тәлімін көрген сахабалар да сол ізден аумады.

Үмбетінің сенімдісі Әбу Убәйда ибн Жәррах Омар (р.а.) заманында Шамда әкім болатын. Қалың қолмен келген Ираклий Шамды басып алмақ боп елге қауіп төндірді. Әбу Убәйданың жанында аз ғана әскер болғандықтан қаланы қорғауға дәрменсіз болатын. Сондықтан Әбу Убәйда Шам халқын жинап, мәселені былай деп түсіндірді:

«Өздеріңізден «жизия» (салық) жинағандықтан, сіздерді қорғау бізге міндет еді. Бірақ дәл қазір сіздерді жаудан қорғайтындай шамамыз жоқ. Сондықтан да алған жизияны өздеріңізге қайтармақпыз. Кері жағдайда мұны алу бізге дұрыс емес».

Әп-сәтте жизия салығы иелеріне қайтарылды. Мұсылмандардың мұндай әділдігіне көңілі босаған дін қызметкерлері шіркеулерге жиналып, «бізді мұсылмандардан жырақтатпа», – деп Хақ тағалаға көп жалбарынады. Мұсылмандарды шығарып салып тұрғанда да: «Құдай қаласа, қайта айналып кеп, бізді Ираклийдің зұлымдығынан құтқарарсыздар», – дейді[8].

Әбу Убәйда сенімділікті ту етіп, христиандардың да сый-құрметіне бөленген тақуа болатын. Бүгін батыс біздің сөзімізді тыңдамаса не бізден Еуропаға барған адамдардың да сөздеріне құлақ аспай жатса, бұған өзіміз кінәліміз. Кемшілігіміз – сенімділік мәселесіне атүсті қараймыз. Осы ерекшелікке қайта ие болған кезде исі адамзатты соңымыздан ерте аламыз. Бұл – әлемдік деңгейде орнымызды қайта табу үшін жасалған ең маңызды қадамымыз болады.

[1] Бір жерде оңаша қалып ғибадат ету. Әсіресе, Рамазанның ақырғы он күнінде, мешіттерде не осыған ұқсас жерлерде ғибадат, иман ілімі Құран, зікір секілді ғибадаттармен айналысу (ауд).

[2] Бухари, И'тикаф, 8; Ибн Мәжә, Сыйам, 65.

[3] Ибн Хишам, Сирә, 1/209.

[4] Әбу Дәууд, Әдәб 80; Муснәд, 3/447.

[5] Муснәд, 3/447; Әбу Дәууд, Әдәб, 80.

[6] Бухари, Иман, 24; Муслим, Иман, 107.

[7] Әбу Дәууд, Жиһад, 112, Әдәб, 164; Муснәд, 1/404.

[8] Әбу Дәууд, Әдәб, 164; Муснәд, 1/404

## Үмбетін ел ішінде сенімді тұлға болуға тәрбиелеуі

Пайғамбарлар Сұлтаны Хақтан келген хабарларды сенімділікпен ұстанып, сенімді болудың аясын барынша кеңейткен болатын. Үмбетін де дәл осы мінезден үлгі алуға шақырды. Ел ішінде ешкімнің ала жібін аттамайтын сенімді кісі болып өмір сүруді насихат етті. Оның жанында ұсақ қиянат та жасалмайтын, бірде-бір мұсылман ғайбатталмайтын. Ондайда дереу сөз иесіне ескерту жасап, бойына ғайбат кірі жұқпауын қадағалайтын.

«Пәленше әйелдің мойны қандай ұзын» деген Айша анамызға (р.а.): «Сыртынан ғайбат айтып, оның етін жегендей болдың», – деуі[1], Муаздың сыртынан сөйлеген бір сахабаға да дәл осылай айтуы[2] – оның әрқашан сенімді екенін тағы бір мәрте дәлелдеп береді. Сондықтан да екі әлем Сардарының сенімділікке бөленген нұрлы шуағы айналасындағыларды түгел баурап, рухани кеселдерден қорғап отырды.

Өзі үнемі мына дұғаны үмбетіне насихаттады: «Аллаһым, аштықтан Саған сиынамын, ол – неткен жаман серік. Қиянаттан да Саған сиынамын; ол – неткен жаман сырлас»[3].

Сенімділік пен қиянат – бір-біріне мүлде қарама-қайшы ұғым болғандықтан, сенімділікпен өмір сүру де, қиянат жасамау да аса маңызды.

Сертіне берік болмай, опасыздық жасаған адамдар жайында айтылған жан түршігер сөзді де Аллаһ расулынан естідік: «Аллаһ қиямет күнінде әуелгі-ақырғы күллі адамды бір жерге жинағанда, әрбір опасыз үшін ту тігіліп, «Міне, пәленұлы пәленшенің опасыздығы осы», – деп бетке басылады»[4].

Хақ пайғамбардың жамандық атаулыға көңілі жабық болатын. Ал жақсылыққа аса құштар еді. Тіпті аса көзге түспейтін жақсылық болса да елеусіз тастамайтын. Ол әрқашан сенімділікпен өмір сүрді. Адамзат та оған сеніп, арқа сүйеді. Ал одан теріс айналғандар алданып, жолда қалды. Ол әрқашан мүмінді желеп-жебеп, қорғап жүретін періште іспетті үмбетін қанатымен қалқалады. Кім, қашан, қай уақытта болсын, тіпті беймезгіл шақта да есігін қақса, оның қуанышты «ләббәйк» деген сөзін еститін.

Әр пайғамбар Хақ тағалаға сенімі арқылы таңдалған. Бұл – олардың ажырамас ерекшеліктері мен ұлы сипаттары. Құран мұны өте анық көрсетеді: «Оларға Нұхтың хабарын оқы. Бір заманда ол еліне былай деген еді: «Уа, ел-жұртым!

Араларыңда болып, Аллаһтың аяттарын үгіт-насихат етуім сендерге ауыр келсе, онда мен Аллаһқа тәуекел етіп арқа сүйедім. Ал енді сендер де серіктеріңмен жиналып, не істейтіндерің жайлы бір шешім қабылдандар. Кейін сан соқтыратын іштеріңде бір дерт қалып кетіп жүрмесін. Бұдан соң маған ешқандай да мүрсат бермей-ақ, қолдарыңнан келгендеріңді жасаңдар» (Юнус, 10/71).

Нұх пайғамбар (а.с.) Раббысына сеніп, арқа сүйеп, өзіне қарсы шыққан кәпірлерге: «Егер араларыңда болғаным, тұрғаным, мәртебем, тәблиғ етуім сендерге ауыр келіп, көре алмасаңдар, онда қалағандарыңды істеңдер. Осы халіммен Аллаһқа сеніп, арқа сүйедім. Сендер мың, мен жалғызбын. Бірақ Аллаһ мені сендерге жәбірлетіп қоймайтынын біліңдер. Сендер қазір бір жерге жиналып, маған қарсы небір құйтырқы айла-шарғыға барыңдар, барлық серіктеріңді, ортақтарыңды, көмек бере алатын бүкіл жақтастарыңды жинаңдар. Жинаңдар, кейін тағы іштеріңде бір өкініш қалып: «Өттең-ай, былай істегенімізде ғой», – деп жүрмеңдер. Қалағандарыңды жасаңдар. Ойлаған нәрселеріңді түгел іске асырыңдар! Сендерден келетін барлық пәлені көтеруге әзірмін».

Нұх пайғамбар (а.с.) осы сөздерді айтқан кезде, Аллаһқа терең сеніммен айтқан. Ол сөзсіз Раббысы қорғап, сақтайтынын білетін. Кемесіне қанша адам мінгенін біле алмаймыз. Бірақ Ибраһим пайғамбар (а.с.) да, өзге пайғамбарлар да оның нәсілінен келген.

Өйткені Құран Ибраһим пайғамбарды оның нәсілінен таратады: «Күдіксіз, Ибраһим де Нұхтың ұлтынан еді» (Саффат, 37/83).

Һуд (а.с.) да дәл осы Нұх (а.с.) секілді еді: «Мен тек қана Аллаһты куәгер етемін, сендер де куә болыңдар. Мен сендердің Аллаһқа серік қосқандарыңнан мүлде аулақпын. Ал, қане, енді бәрің жабылып, маған тұзақ құрыңдар. Содан соң маған ешқандай да мүрсат бермей-ақ, (қолдарыңнан келгендеріңді жасаңдар). Мен менің де Раббым, сендердің де Раббтарың болған Аллаһқа тәуекел етіп, арқа сүйедім. Өйткені Ол барлық тіршілік иелерінің тағдырын ұстаған. (Күллі жаратылыстың билігі Соның қолында). Күдіксіз, Раббым тура жолда» (Һуд, 11/54-56).

Ал, Ибраһим пайғамбардың (а.с.) халі, Аллаһқа деген тәслимияты (бағыныштылығы) мен тәуекелі былайша айтылған:

«Расында, сендерге Ибраһим де, онымен бірге болғандар да көркем өнеге. Сол кезде олар елдеріне былай деген еді: «Сендерден де, Аллаһтан өзге табынғандарыңнан да мүлдем аулақпыз. Сендерді танымаймыз да. Сендер бір Аллаһқа иман келтіргенге дейін арамызда үнемі дұшпандық пен өштік болады».

Алайда Ибраһим әкесіне: «Сөзсіз, сен үшін жарылқау тілеймін. Бірақ Аллаһтан келетін қандай да болсын нәрсеге күшім жетпейді», – деген. Олар: «Раббымыз, Саған тәуекел етіп, арқа сүйедік, Саған бет бұрдық, қайтатын жеріміз Сен жақ», – деді». (Мұмтахина, 60/4).

Ибраһим мен жанындағылар күпірге қарсы тұрып, кәпірлерді жекпе-жекке шақырды. «Біз,– деді олар, – сендердің Аллаһтан басқа табынған барлық нәрселеріңнен мүлдем аулақпыз. Сендердің барлық азғындықтарыңды құптамаймыз. Арамыздағы дұшпандық асқына түсті».

Негізінде, бұл дұшпандық Адамнан (а.с.) осы заманға дейін бір толастаған емес. Иман мен күпір – нұр мен түнектей алғашқы күннен бері бір-бірімен сыйыспайтын екі бөлек әлем. Сондықтан күпір иманды ұрымтал тұстан бір сүріндіріп қалудың оңтайлы сәтін аңиды. Көздері жарыққа үйренбегендіктен, жарқанаттай қараңғылыққа тығылып иман мен пайғамбарлық жарығын көргенде құты қашады.

Өйткені күпірдің өзегінде азғындық пен өшпенділік жатыр. Имансыз барлық жаратылысқа жауыға қарайды. Мұсылманның рухында кең пейілділік пен имандылық бар. Ол барлық әлемді бауырластықтың алтын бесігі деп қарайды. Әркіммен бірігу арнасын, тіл табысу жолдарын іздейді. Керісінше, имансыз кім көрінгенмен таласудан ләззат алады. Алайда әркім бір ғана Аллаһқа иман етіп, шын жүректен сенген кезде ғана жалпыға ортақ бейбітшілік пен тыныштық орнайды.

Сол үшін де Құран Кәрім Ибраһимнің (а.с.) әкесіне айтқан сөзіне жеке тоқталған. Хазірет Ибраһимнің сөздері оның аса мейірімділігінен туған тілек болатын. Бірақ ол да Аллаһтың алдында әкесі үшін ешбір қайран істей алмайтынын ашып айтады. Сондықтан Ибраһим (а.с.): «Саған арқа сүйедік. Саған бет бұрдық», – деп Аллаһқа тәуекел етеді. Барлық пайғамбарлардың өміріне мұқият көз салсақ, оларда Хақ тағалаға тәуекел ету мен арқа сүйеуде таразыларының ауыр басқанын көреміз. Олардың тәуекелі жай қарапайым адамдардың тәуекелі емес. Әсіресе, Пайғамбарлар Сұлтанының тәуекелі. Екі әлем Сардарының тәуекел сенімі барлық пайғамбарлардан әлдеқайда терең еді.

Аллаһ оған бірде «Хасбиаллаһ» (Аллаһ тағалаға бел байлау) деуді үйретті. Ал Аллаһ елшісі бүкіл ғұмырын Жаратқанға тапсырып, тәуекел мен сенімділік аясында өткізді. Ойлап қараңыздаршы! Әли (р.а.) секілді «хайдар кәррар» (атылған арыстан) қаһарман адам: «Біз соғыс майданында қыспақта қалып, қорқа



бастаған кезімізде дереу Аллаһ елшісінің арқасына тығылып, өзімізді қауіпсіз сезінетінбіз», – деген[5].

[1] Ибн Кәсир, Тәфсир, 7/359; әт-Тарғиб уә’т-Тәрһиб, 4/285.

[2] Муслим, Худуд, 22-23.

[3] Әбу Дәууд, Уитр, 32; Нәсә’и, Истйазә, 19-20; Ибн Мәжә, Әт’имә, 53.

[4] Бухари, Жизия, 22; Муслим, Жихад, 9; Әбу Дәууд, Жихад, 150.

[5] Муснәд, 1/86

### Хижрәттағы сенімділік

Аллаһ елшісінің қай күні Меккеден көшіп кететінін білген қаскүнемдер сол күні жиылып, үйін төрт бұрышынан торуылдады. Мақсаттары – өлтіріп көзін жою. Сол кезде ол: «Біз олардың алдарына да, арттарына да тосқауыл қойдық» (Иасин, 36/9) аятын оқып, жүздеріне бір уыс топырақ шашып, еш қобалжымастан араларынан өтіп кете барған-ды[1]. Қарасаңыз, ол қысалтаяң шақта да қорқу дегенді білмеген. Іле Сәуір үңгіріне жолы түседі. Сәуір үңгірі жас жігіттің өзі зорға шыға алатын зау биікте болатын. Елу үш жасына қарамастан ол осы биікке қиналмай шықты. Негізінде, бар ғұмыры ауыртпалықпен, қиыншылықпен өткен еді. Бұл оның ақырғы сапары болатын. Бақ қонған үңгірге бірнеше күн түнеп, үңгір ішінің берекесін тасытты, үлкен абыройға бөледі.

Мекке мүшріктері үңгірдің аузын бағып тұрған болатын. Арасы бір-екі адым бола ма, жоқ па?! Әбу Бәкір (р.а.) Аллаһ елшісінің өзіне аманат екенін ойлап: «Бұл аманатты діттеген жеріне жеткізе алар ма екенмін, оған еш нәрсе болмас па екен..» деп қатты абыржиды. Қорыққанынан жүзі қуарып кетті. Алайда Аллаһ елшісінің жайма-шуақ, күлімсіреген жүзінен ешқандай өзгеріс байқалмады. Сенім адамы досы Әбу Бәкірді жұбатып: «Қорықпа! Аллаһ бізбен бірге», – деді. Сосын: «Екі кісі жайында ой-пікірің қандай еді. Олардың үшіншісі Аллаһ болатын», – деген аятты оқыды[2].

[1] Ибн Һишам, Сирә, 2/127.

[2] Бухари, Тәфсир (9), 9; Муснәд, ¼

## Майдандағы сенімділік

Хунәйн[1] жорығында дұшпан жағы Ислам әскерін тықсыра бастайды. Барлық сахабалар бет-бетіне тарап, жеңіліске ұшырадық деп үмітсіздікке берілгендей еді. Осы сәт күтпеген жағдай болды. Аллаһ елшісі Аббастың (р.а.) ойнақшыған атына мініп, тізгінді кері тартқанына қарамастан дұшпан әскеріне құйындай тиіп, қырандай шүйлігеді. Ол бейне бір найзағайдай күркіреп, бар даусымен айқай салып барады. «Менің Әбдулмутталибтің немересі екенім қандай шындық болса, Аллаһтың елшісі екенім де сондай шындық!»[2].

Оның осы бір көзсіз қимылынан соң, аз уақыттың ішінде Ислам әскері дереу ес жиып, жұдырықтай жұмылып, бой түзейді. Жеңіліс көп ұзамай жеңіске ұласады.

[1] Хунәйн – Меккенің солтүстік-шығысында (16 шақырым қашықтықтағы) шөлейтті жазық дала.

[2] Бухари, Жиһад, 52; Муслим, Жиһад, 78.

## Таңғажайып тәслимият

### Таңғажайып тәслимият[1]

Ол ағаштың саясында тынығып отырған-ды. Сол кезде Ғаурас атты кәпір екі әлем Сардарының мызғыған сәтін пайдаланып, бұтақта ілініп тұрған қылышты алып тамағына тіреп, мазақ еткендей: «Ал, қане, көрейін, сені менің қолымнан кім құтқарады?» – дейді. Бұл тосын әрекетке Хақ пайғамбар еш қобалжымайды, өйткені оның Жаратушыға деген сенімі нық еді. Іле: «Аллаһ!» – дейді күндей күркіреп. Кәпірдің өті жарылып, талағы айырылып кете жаздайды. Сасқанынан қолындағы қылышын жерге түсіріп алады. Тұрған жерінде қаққан қазықтай қалшиып қатып қалады. Дәл осы сәтте қылышты Аллаһ елшісі қолына алады да: «Ал енді сені кім құтқарады?» – деп сұрайды. Әлгі адамның зәре-құты қашып, қалшылдап кетеді. Бұл кезде Аллаһ елшісінің дауысын естігендер сол маңға қаракұрым боп жиналып қалады. Бұл жағдай оларды таң-тамаша қалдырған еді. Осыдан соң Аллаһқа деген иман, Пайғамбарға деген сенімдері одан да арта түсті. Ғаурас сенім Пайғамбары «әл-Әминге» сенім сөзін беріп кетеді[2].

Танымал драматург Бернард Шоу былай дейді: «Хазірет Мұхаммед – кісіні барлық қырымен таңғалдыратын адам. Осы бір ғажайып сырға толы жанды түгелдей терең түсіну мүмкін емес. Әсіресе, оның біз түсініп, ұғына алмайтын өзгеше бір ерекшелігі – Аллаһқа деген сенімі мен сүйеніші».

Оның сенімі мен тәслимиятының өзіндік ерекшелігіне өзіміздің өлшемдеріміз бойынша баға беру әбестік. Аллаһ жанындағы орны, қадірі, назы да Аллаһқа деген сенімі мен сүйеніші деңгейінде болатын. Хақ пайғамбардың дұғасымен, тілегімен, сенімімен түндер күндізге айналып, зұматтар нұрдай жарқырап, көмір де алмасқа айналып, қайыршыларға сұлтандық мал-мүлік беріледі. Осыған орай табиғиндық құрметті Хасан Басриден мына жайтты айта кетпекшімін. Бұған хадис талаптары тұрғысынан сын тағуға болар, дегенмен Пайғамбарымызға байланысты болғандықтан, меніңше, маңызды оқиға.

Оқиға былай:

Басралық бір жас жігіт әкесімен бірге қажылыққа баруға ниет етеді. Меккеге барар жолда әкесі қайтыс болады. Қайтыс болып қойса бір сәрі, мүрденің түрі адам танымастай өзгеріп, жиіркенішті мақлұққа ұқсап кетеді. Бұл жағдай бейшара жас жігітке өте ауыр тиіп, не істерін білмей дал болады. Енді, кімді шақырып, оның жаназасын кімге шығартады? Кенеттен тұла бойы көтертпей зіл тартып, оны ауырлық басады. Өң мен түстің арасында тұрған сәтте, кенеттен шатырдың есігі ашылып, жүзі күндей жарқыраған нұрлы бір адамның ішке енгенін көреді. Осы нұрлы кісі әкесінің жаназасының басында тұрып, қолымен денесін түгел сипайды. Сол сәт алақаны тиген барлық жері бұрынғы түріне қайта еніп, әкесінің жаназасы нұрлы адамның кейпіне айналып шыға келеді. Жас жігіт аң-таң. Келген кісі шатырдан шыға бергенде, орнынан тұра ұмтылады: «Аллаһ үшін айтшы, сен кімсің?» – дейді. Әлгі адам: «Сен мені танымадың ба? Мен Мұхаммедпін», – деп жауап қайтарады. Бұл сөзді естіген жас жігіт қуаныштан бір орында тұра алмайды. «Уа, Аллаһтың елшісі, неге әкемнің түрі өзгерді?» - деп сұрайды. Аллаһ елшісі: «Ол үнемі ішімдік ішетін. Түрі өзгеруінің себебі сол», – дейді. Жас жігіт: «Келуіңіздің себебі?» – дегенде: «Өйткені сенің әкең қай уақытта да менің атым аталса, салауат айтатын еді..», – деп жауап береді.

Хақ пайғамбар – ел арасында көп сенімге ие болған халқы арқа сүйеген тұлға. Үмбеті де дәл сондай сенімге лайық болуға тиіс.

Бір аятта былай айтылады:

«Расында, Аллаһ сендерге аманаттарды лайықты орнына тапсыруларыңды, адамдардың арасына билік етсеңдер, әділдікпен билік етулеріңді әмір етеді. Расында, Аллаһ сендерге неткен жақсы өсиет айтады. Күдіксіз, Аллаһ – барлық нәрсені естуші, күллі нәрсені көруші» (Ниса, 4/58).

Бұл аяттың түсу себебі жайлы Әли (р.а.) былай дейді:

«Мекке азат етілген соң, Пайғамбарымыз Қағбаның кілттерін сол күні әлі мұсылман бола қоймаған Осман ибн Талхадан алып, Қағбаны өзі ашты. Дәл сол кезде Аббас (р.а.) келіп кілттерді сұрайды. Бірақ Қағбаның кілттері қайтадан Осман ибн Талхаға берілді. Аздан соң осы үлкен кісі мұсылман болды[3]. Бірақ аяттағы үкім жалпы адамзат үшін айтылған. Өйткені Хақ пайғамбар аманаттың жоғалуын қияметтің белгісі санайды: «Аманат жоғалғанда, қияметті күтіңдер!»[4].

Иә, аманаттың жүгі ауыр. Әрі істі өз шеберіне беру де – аманат. Бұл әлем жүйесін ұстап тұратын негізгі себептер. Аманаттың жоғалуы жалпы тепе-теңдік пен жүйенің бұзылуына апарып соқтырады. Ол сақталмаса, әлемнің бары не, жоғы не, бірдей.

Басқа бір хадисте де осыған байланысты Аллаһ расулы былай дейді:

«Әрқайсысың жауапкерсіңдер. Баршаң да қарамағыңа жауаптысыңдар: Ел басшысы – жауапкер; ол – қарамағыңа жауапты. Ер адам – отбасының басшысы; ол – отбасына жауапты. Әйел – ерінің үйіне басшы; ол – меншігіне жауапты. Қызметші – мырзасының мал-мүлкінің басшысы: иелігіне жауапты. Әркім – жауапкер: әрбірің қарамағыңа жауаптысыңдар»[5].

Мұнан шығатын қорытынды: әркімнің бір-біріне аманат болуы, біз бәріміз де бір-бірімізге аманатпыз. Болмыс – толық Аллаһ тағалаға аманат. Құран – әуелі Жәбірейілге, сонан соң Мұхаммед алейһиссәләмға аманат. Құран ақиқаттары мен Мұхаммед алейһиссәләмның пайғам-барлық дағуасы – үмбетіне аманат. Сонан соң барлық үмбет – Хақ тағалаға аманат.

Қоғам өмірін құрайтын жайттардың барлығы бір-біріне жалғанған шеңберлер тәрізді. Бұлардың біреуінде пайда болатын ақау қалған шеңберлерге дереу жайылады. Бұған ешкімнің күмәны болмас деп ойлаймын. Адамның жеке басында кездесетін кемшілік түзелмесе, ол аз уақытта асқынып, қатерлі ісікке айналатынына дау жоқ. Ондай болса, әлемнің әрбір шеңбері ақаулардың алдын алып, тиесілі аманатты толық орындауы шарт.

Хадис шәріпте осы бір-біріне қатыстылық мәселесі терең қозғалған. Негізінде, етікшіден елбасына дейін ұлтты құраған әр адам аманат мәселесінде өз жауапкершіліктерін ұғынған сәтте адамзат утопиядан арылып, іздегендерін «әминдер» (сенімділер) қоғамынан табады.

Аманаттың қаншалықты маңызды екенін Аллаһ елшісі былай аңғартады: «Аманатқа сенімі жоқтың иманы да жоқ»[6]. Иелігіндегі аманатқа ие болып, аманаттың құқын қадағаламаған жанның иманы да толық емес.

Аманатқа қиянат еткен адамды кәміл мұсылман дей алмаймыз. Ондай мұсылманда аманатқа деген жауапкершілік сезімі болмайды. Кәміл мұсылман – аманатқа сенімді. Аманатқа сенімсіздің иманы кәміл емес.

Басқа бір хадисінде Аллаһ елшісі мұсылманның анықтамасын былайша береді: «Нағыз мұсылман – адамдардың дүниесі мен жандарына сенімділік көрсеткен адам»[7].

Пайғамбарымыздың туралығы жайында айтылған бір хадисті осы жерде қайталауды жөн көріп отырмын. Аллаһ расулы былай дейді: «Сендер маған алты мәселеде уәде беріңдер, мен де сендерге жәннатқа кепілдік берейін! Сөздерің мен істерің бір жерден шығып, атқан оқтай түзу болыңдар!

1. «Тек қана шындықты айтыңдар!».
2. «Уәделеріңде тұрыңдар!». Негізінде, уәдеден таю – мұнафықтың белгісі.
3. «Аманатқа сенімді болыңдар!». Сенімге ие болғандарың үшін сендерге бір нәрсе аманат етіп берілсе, абай болыңдар!
4. «Ар-ұятты болыңдар!». Ар-ұяттарыңды сақтаңдар, басқалардың ар-ұятына да дәл өздеріңдікіндей қараңдар!
5. «Көздеріңді харамнан сақтаңдар!». Сендерге қатысы жоқ нәрсеге, тыйым салынғанға назар салмаңдар!  
Харамға көз тастаған адамның жүрегіне құрт түседі. Бір құдси хадисте Хақ тағала былай дейді: «Харамға қарау – шайтанның улы оқтарының бірі. Кім мені құрметтегендіктен харамға қарамаса, жүрегіне бір иман саламын. Сонда оның ләззатын іштей терең сезінетін болады»[8].
6. «Өзгелерге зиян тигізуден қолдарыңды аулақ ұстаңдар!». Ешкімге де, еш нәрсеге де жамандық жасамаңдар![9]

Сенімді адам болудың шарттары саналатын осы баптарды ұстанған жан ақыретін де кепілдікке алады. Мұнымен қоса, Аллаһ елшісі әлгі мәселелерде сақ болған берік жанға жәннатты уәде етуде.

Жер шарының сенім аясына бөленуі, мына дүниенің амандығы сенімді, уәдесіне берік жандарға байланысты. Егер бүкіл Ислам әлемі өзіне жүктелген аманатқа ие болып, жер жүзінде сенімділік пен сенімнің өкілдігі салтанат құрған деңгейге жетсе, қоғамдық тыныс-тіршілігіміз де қайтадан тепе-теңдікке иелік етер еді. Ал, бүгінде бүкіл әлемнің хал-ахуалы жүрек сыздатар ауыр жағдайда.

Осы көріністі Акиф шайыр қандай тамаша сипаттайды:

Ар-ұят тастап мекенін,  
Алапес, қулар әр жерде  
Жалын шашқан жауызды,  
Бүркелепті нәзік перде.  
Опа құлап, сөзге тұрмай, аманаттар тапталып,  
Хақ қалып, жалған озып, қиянаттар қаптады ұқ...  
Адам жаны түршігер,  
Я, Құдай!  
Жалмауыздар бәрін жұтып жалмапты,  
Дін құлап, иман да топыраққа шын батты.  
Өттең-ай! Қайттім енді...  
Дін де, иман да қалмапты.

[1] Тәслимият: Хаққа шексіз берілу.

[2] Бухари, Мәғазі, 31; Жиһад, 84; Муслим, Фәдә'ил, 13; Мустәдрак, 3/29

[3] Ибн Хажәр, Исабә, 2/460; Ибн Ыишам, Сирә, 4/55.

[4] Бухари, 'Илм, 2; Муснәд, 2/361.

[5] Бухари, Жума, 11; Уасайа, 9; Муслим, Имара, 20; Әбу Дәууд, Имара, 1.

[6] Муснәд, 3/135.

[7] Тирмизи, Иман, 12; Ибн Мәжә, Фитән, 2.

[8] Кәнзу'л-Уммал, 5/328.

[9] Муснәд, 5/323

## Дін насихаты (тәблиғ)

Пайғамбарлардың үшінші сипаты саналатын тәблиғ – Ислам ақиқаттарын түсіндіру, яки жақсылыққа баулып, жамандықтан тыю.

Тәблиғ – әр пайғамбардың жаратылыс мақсаты. Пайғамбарлардың ешбірі тәблиғсыз жіберілмейді. Аллаһ өзінің адамдарға жарылқауы мен рақымын пайғамбарлармен жандандырып, олардың өмірлері арқылы өзінің рахмандық, рақымдылық сипатын көрсетті. Бұл сипаттың басқа адамдарда шағылысып көрінуі тек тәблиғ арқылы ғана болады.

Хақ тағала күн сайын күлім қаққан күнді көгімізге іліп, бізге рақымдылығының сәулесін сыйлайды. Күн әрі жылу, әрі жер бетіндегі әсемдік атаулыны жаңартушы міндетін атқаруда. Ағзам пайғамбарлар да бейне күн тәрізді Аллаһ тағаланың рахмандығы мен рақымдылығын танытады. Әсіресе, «Сені әлемдерге рақым етіп қана жібердік» (Әнбия, 27/107), – деп айтылған Мұхаммед Мұстафа – (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) адамзат үшін әлемдегі Аллаһтың рахмандылық һәм рақымдылығының өкілі. Яғни, ол келіп бұрынғы пайғамбарлардың дағуасын жаңаламағанда, біздің Аллаһ тағаланың рақымына ие болуымыз мүмкін емес еді. Қараңғылық пен күпірдің, арсыздықтың аптап шөлінде не істерімізді, қайда барарымызды білмей, сенделіп адасып жүре берер едік.

Адамзат тағылық батпағында жанталасып жатқан кезде, кенеттен Пайғамбарымыздың тынысын сезді. Сол тыныстан өзге пайғамбарлардың да жылылық лебі есе бастады. Сол сәтте айналасы көгілдір көктемдей құлпырып, бұлбұлдары тынбай сайраған жәннат бағына айналып шыға келді. Болмаса, адамзат тағылықтан, жалғыздықтан адасып өлетін еді.

Біз кімбіз? Қайдан келдік? Қайда барамыз? Осы сұрақтар үнемі ойымыздан шықпай, мазамызды қашырап еді. Бірақ қаншама мазасызданып, шарқ ұрып ізденгенмен, ешқандай да жауап таба алмай, осы бір ауыр азапты өмір-бақи тартуға тура келеді. Әсіресе, қабірдегі қураған сүйектерді айтсаңшы... Оларды көз алдымызға елестеткен сайын тұла бойымыз түршігіп, жан-сарайымызды сұп-суық үрей жаулап алатын. Бұдан да жаманы – жоқтық, жоқтыққа жұтылу. Онда сәт сайын бізді құрдымға тартқан үрей, қалың тұмандай тұла бойды тұмшалап, ғұмырымызды у заһарға айналдырып жіберетін еді.

Пайғамбарлар бізге өмірдің мән-мағынасы мен мақсатын, өлімнің ақиқатын түсіндірді. Біз солар арқылы дүниеге келуіміздің мақсаты мен фәни-ғұмырдан көшуіміздің өзі хикмет екенін білдік. Өлім – жоқ болу, құрдымға кету емес,



керісінше, тек мекен ауыстыру, берілген міндетін өтеу, аманатын тапсыру. Қабір – ақырет әлеміне өтетін есік, күту залы. Біз осылардың бәрін пайғамбарлардан естіген соң, үрейіміз тарқап, көңіліміз жай тапты. Жүрек пен санамызды тұмшалған қорқыныш тұманы сейіліп, оның орнын жан рақаты мен қуаныш басты.

Бізге осындай қуанышты хабарлар әкелгендер – пайғамбарлар. Бұл – олардың жаратылыс мақсаты. Біз тәблиғ міндетін хақ, уәжіп санап орындаймыз. Пайғамбарларға келсек, сол істі саналы түрде өмірге келу мақсаты ретінде орындайды. Олар: «Біздің дүниеге келуімізде тәблиғ етуден өзге ешқандай мақсат жоқ. Аллаһ бізді адамзатты әр түрлі қараңғылықтардан толықтай құтқарып, ғұмырларын нұрға бөлесін, жарық етсін, осы жарық жолда адаспай жүріп, рухын шайтанның билеуіне жол бермей, осы бір ұзақ жолда дағдарып, бөгеліп қалмасын деп жіберді», – деп, өздерінің ұлы міндеттерін айқындай түседі. Біз тәблиғты міндет ретінде орындасақ, олар уазипасын жаратылыстарының мақсаты ретінде жүзеге асырған.

## Үш негіз

Пайғамбардың хабар әкелуі, әкелген хабарларды басқаларға жеткізуі, әлбетте, басқа адамдардан мүлдем өзгеше. Негізінде, хабар әкелу жағынан өзгенің пайғамбарларға ұқсауы мүмкін емес. Олар тәблиғ ете отырып, бізге де тәблиғты үйретеді.

Тақырыпты үш негізгі бөлімге жіктеп баяндайық.

**1. Тұтастық.** Пайғамбар Хақтан әкелген хабар мен елшілік міндетіне арналған мәселелерді адамдарға ұсынған кезде оны арнайы жол мен тәсілді қолдана отырып, сол істің ұстасына айналады. Ол адамды өзінше жеке әлем ретінде қарап, хабарларды да адам болмысына сай ұсынады. Сондықтан пайғамбардың тәблиғ міндетінде ақыл, логика, жүрек, көңіл, сезімнің ешбірі ешқашан қалтарыста, яғни уахидың жарығынан мақұрым қалған емес. Өйткені әр пайғамбар уахи алдында сап түзеген сарбаздай. Уахи оларды қалаған жағына жіберіп, бағыт-бағдар көрсетеді. Тіпті олар ең елеусіз, ұсақ көрінген мәселелерде де Аллаһтың қалауына сәйкес қимыл жасайды. Олар осылай істеуге мәжбүр. Сондықтан да пайғамбарлар бұл іске аса сақ қарайды...

Осы тұрғыдан алғанда, тәблиғын пайғамбарлардың тәблиғына сәйкес жасамаған жандардың ісі тура жол көрсету жолында жеміс бере алмайды. Мәселен, ақыл қалтарыста қалған жағдайда тәблиғ өз нәтижесін бермейді. Сезім де тәрк етілген заматта, дәл сондай теріс нәтиже туады. Әсіресе, уахидың шегінен асқандар ешқашан діттеген межесіне жете алмайды.

Пайғамбардың тәблиғында ақыл, қисын және сезімдер бір-бірімен тығыз байланысқан. Ол дүйім жұрттың сезімдерін ғана пайдаланып, дүрліктіріп ереуілге шақыруды ойға алмайды. Түгелдей өзіндік көзқарастардан мақұрым етіп, не десең, соған бас изейтін қарақан басына бола ғұмыр кешкен жеке адам халіне де келтірмейді.

Бұған қоса пайғамбар халықтың соқыр сезімдерін ғана оятып, содыр-сотқар күшке де жетелемейді. Ол Аллаһтан келген хабарларды адамдардың жүрегіне енгізу арқылы күш-жігер рухын оятып, адамзаттың көгіне шығарады да, періштелермен теңестіреді.

Құран Кәрім бұл жайлы айтқан кезде, Аллаһ расулына:

«Менің жолым – осы. Мен және маған ергендер адамдарды көрегенділікпен Аллаһқа шақырамыз», – де» (Юсуп, 12/108) – деп тура жолды нұсқайды.

Бұл жол – пайғамбарлық жол. Ақыл мен қисын, сана-сезім мен жүрек, ар-ождан секілді адам бойындағы барлық қасиеттердің қамтылып, ешбірі де қалтарыста қалмаған тура жол. Бұл бағыттың өзіндік ерекшелігі сол – пайғамбар және оған ергендер адамзатты даналық пен көрегенділік арқылы хаққа шақырады.

**2. Қарымта күтпеу.** Пайғамбар тәблиғ үшін ешкімнен еш нәрсе күтпейді. Ол тәблиғын тек бір міндет ретінде орындайды. Негізінде, бүкіл пайғамбарлар: «Менің ақымды тек Аллаһ береді» деп, осы ақиқатқа ишарат еткен[1].

**3. Нәтижені Аллаһ тағалаға тапсыру.** Пайғамбар тәблиғының нәтижесін Хаққа тапсырып, ешқашан оның нәтижесі жөнінде бас қатырып жатпайды. Өйткені міндетінің тек тәблиғ ету екенін біледі, нәтижесін Аллаһтан күтеді.

Осы үш мәселеден кейін тәблиғтың пайғамбарлыққа тиіс қандай сипат екенін, әр дәуірде осы міндетті орындаған адамдардың, қандай тәсіл арқылы тәблиғ еткендерін әрі қалай жүзеге асыру керек екендігін айтуға тырысайық. Біз Раббымыздан өзімізге жүктелген тәблиғ міндетін разылығы үшін орындап, тура жолдан ауытқымауды тілейміз. Жүрегімізге шынайы тәблиғтың ынта-жігерін салатын да, ақыр соңында табысты ететін де – Аллаһ. Сондықтан Хаққа сенеміз, Соған ғана арқа сүйейміз.

[1] Қараңыз: Худ 11/29; Шуара 26/109, 127,145,164,180; Сәба' 34/47.

## Тәсіл

Пайғамбар берілген міндетін ғана ойлайды дедік. Уазипаларын орындап, олар да өмірден озды. Кейбір пайғамбарлар күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, жұртын өмір бойы жақсылыққа шақырып, тәблиғ етсе де, олардың сөзіне сеніп, соңынан ерген бірде-бір жанның болмағаны ащы шындық[1]. Бірақ олар сонда да мойымай, сенімді күй кешкен. Өйткені міндеттерін толық орындады. Олар ғұмырында: «Неге қызмет ете алмадым? Неге маған сенген жан жоқ? Бұл іс неге нәтижесіз аяқталды? Жаңсақ іс-әрекет неге тоқтамайды?» – деп абыржуды білмеді.

Әр пайғамбар өз міндетін қалай орындайтынын ойлайды. Әрбір оңтайлы сәтті қапы жібермейді, жағдайға қарай әрекет етті. Ал, басқалардың ақиқатты қабылдауы немесе қабылдамауы, олардың өз еркі, оған пайғамбарлар жауапты емес. Соңғы үкімді Аллаһ тағала белгілейді.

Бір аятта Хақ пайғамбарға: «Сен қалағаныңды тура жолға сала алмайсың. Бірақ Аллаһ қалағанын тура жолға салады», – дейді (Қасас, 28/56).

Осы тұрғыдан алғанда, пайғамбарлар дағуаларын ешкім қабыл етпесе де, жан адам мойын бұрып құлақ аспаса да, ерінбей-жалықпай, бөгеліп, дағдарып қалмай, өзгелерге кінә артпай, өз міндетін ары қарай жалғастыра береді. Сондықтан барлық пайғамбарлар әр түрлі қорлыққа, зорлық-зомбылыққа, келекеге ұшыраса да, өз міндетіне адал болып қалды. Тәблиғ етудің осындай тұтастай күйін пайғамбарлар болмаса, өзгелерден ұшырастыру мүмкін емес. Мұндай жағдайда өзгелердің беті тез қайтып қалады. Адами тұрғыдан қанша кемелденсе де істеген ісіне қайтарым дәметеді. Кері жағдайда реніш білдіріп жатады. Тек пайғамбарлар ғана кею, ренжу, жасу дегенді білмейді. Бұл соларға ғана тән ерекшелік.

Ухуд соғысын алайық. Сол шайқаста қаншама ауыртпашылық көре тұра, Аллаһ елшісі қабағын да шытпады. Тісі сынып, дулығаның шығыршықтары жүзіне қадала кіріп, бетін қан жуып кетті. Пайғамбарымызға болысып Әбу Убайда бұларды тістеп суырмақ болғанда, өз тістері де сынып кеткен еді[2].

Сонда да, екі әлем Сардары қаймана елін ойлап: «Аллаһым, еліме тура жол нәсіп ет. Өйткені олар білмейді!»[3] – деген.

Білмейді, егер менің пайғамбар екенімді білсе, бұлай істемейтін еді). Айтқанындай-ақ, кейін оны біліп таныған кезде, олар да Аллаһ елшісі үшін

малдарын да, жандарын да аямады. Бұл оқиғалар бізге Аллаһ елшісінің кеңпейілділігін көрсетеді.

Пайғамбарымыз бен ізбасарлары – «ұрғанға қолсыз, сөккенге үнсіз қалар кеңпейіл жандар». Бастары жарылып, тістері сынып жатса да, «уф» деп шағым етпейтін сабыр иелері.

Міне, солардың бірі – Нұх (а.с) Құранда еліне былай дейді: «Ей, елім! Менде ешбір адасқандық жоқ. Алайда мен әлемдердің Раббы жіберген елшімін» (Ағраф, 7/61).

Нұхтың (а.с.) осылай деуіне жұрттың өзіне азғын деп жала жауып, айып таққаны себеп болды. Олар пайғамбарға құрмет көрсетудің орнына, надандыққа салынып : «Біз сенің ап-анық адасқаныңды көреміз», – деген еді (Ағраф, 7/60).

Бұл күнде де өзгере қойған еш нәрсе жоқ. Сол баяғы таз кепешін тастамаған жаман әдет, лас қылық: пайғамбарларға жала жабу әлі толастаған жоқ. Сен азғынсың, сен кертартпасың, сен ғасырдың ең артта қалған адамысың, т.б. Қысқасы, айтпағандары жоқ!

Аяттың жалғасында Нұх (а.с) халқына былай дейді:

«Сендерге Раббым уахи еткен ақиқаттарды тәблиғ етіп, сендерге насихат етемін. Және мен сендердің білмеген нәрселеріңді Аллаһтан келген уахи арқылы білемін» (Ағраф, 7/62).

...Жөңкіліп өткен ғасырлар кәпірлерді өзгерте алмады. Бұл жолы да Худ пайғамбар дінсіз халқына былайша үн қатады: «Ей, халқым! Мен ақылсыз емеспін. Бірақ мен әлемдердің Раббысы жіберген елшімін. Сендерге Раббымның жіберген ақиқаттарын тәблиғ етемін һәм сендер үшін сенімді насихатшымын» (Ағраф, 7/67-68).

Өзгерген еш нәрсе жоқ. Пайғамбарлар және елдері. Халқының оларға жапқан жаласы мен пайғамбарлардың еліне берген жауабы. Кейбір сөзінде айырмашылық бар демесең, бәрінің мағынасы бір.

Пайғамбарлар жайлы айттық. Ал енді сөзді Пайғамбарлар Сұлтанына берейік: Аллаһ тағала Пайғамбарымызға қарата былай дейді: «Ей, жамылушы! Тұр да, адамдарға ескерт! Раббыңды ұлықта! (Муддәсир, 74/1-3).

«Ей, бүркеніп жатушы (расулым)! Түннің түгелін емес, жартысын немесе жартысынан азын немесе көбін ғибадатпен өткіз. Құранды анықтап оқы! (Мүзәммил, 73/1-4).

Дәл қазір бүркеніп жатудың заманы емес, тұр! Қараңғылықта қалғандарға жәрдем ет! Мына абдырап дағдарысқа түскен адамдарға бұралаң жолдың құрдымға апаратынын ескерт. Жер мен көкті күркіретіп, ұлы Раббыңның ұлылығын бар күшіңмен жар сал! Жер мен көк сенің даусыңмен жаңғырсын! Жын мен адам осы әз үніңнен Раббыңның қандай ұлы екенін тағы бір рет естісін.

Ей, түнде жамылғысына оранған Дос! Пайғамбарлық секілді ауыр жүк сені күтуде, тұрып ғибадат ет! Сенің Аллаһтан қуат алуың қажет. Саған айтылатын барлық нәрсені адамзатқа жеткізуің керек. Мұндай ауыр істі Раббыңның демеуі болмаса, еңсере алмайсың. Бұған ғибадат, шынайы құлшылық қажет.

Пайғамбарымыз секілді әрбір пайғамбар да тәблиғ үшін келгенін жар салып әрі қарымын күтпей, жоқтан өзгеге құмартпай, көңілі дүниеге аумай, көзқарастары өзгермей, адамдарға ақиқатты айтып кетті. Олардың нұрлы хабарлары болмағанда, адамзат қараңғылықтан көз ашпай, хайуаннан айырмашылығы болмас еді. Сондықтан да адам баласының тағдыры пайғамбарлардың пайғамбарлығымен тығыз ұштасқан. Пайғамбар жіберілмеген жердің адамдары о дүниеде жауапқа тартылмауы мүмкін. Алайда, пайғамбар жіберілді ғой. Ендеше, олардың сөзіне құлақ аспағандар сөзсіз есепке тартылады.

Міне, иләһи жарлық: «Біз пайғамбар жібермейінше ешкімді азаптамаймыз» (Исра, 17/15).

Басқа аятта:

«Раббың өздеріне аяттарымызды оқитын бір пайғамбарды мемлекеттерінің орталығына жібермейінше, ол жерлерді жермен-жексен етпейміз. Негізінде, Біз халқы залым болған елдерді ғана жермен-жексен етеміз» (Қасас, 28/59).

Хақ тағала әуелі пайғамбар жібереді. Пайғамбар өз міндетін орындап, халқына дінді айтып жеткізген кезде елі оған құлақ аспай, сөзін теріске шығарса, Аллаһ сонда ғана оларды азапқа салады. Әр дәуірде осылай. Аллаһ өздеріне тиісті тәблиғ міндетін толық орындамаған мұсылмандарды жазасыз қалдырмайды. Өздеріне тәблиғ етілгенімен, қасарысып, қарсылық көрсетсе ғана жазаға лайық.

Сол үшін де әрбір пайғамбар шаршамай-шалдықпай, тәблиғтың барлық тәсілін қолданып, тура жолға шақырған. Нұх (а.с.) Құранның тілімен сөйлейді:

«Раббым! Расында, мен елімді күндіз-түні шақырдым. Бірақ шақыруым олардың қашуын ғана арттырды. Расында, мен оларды Сенің кешірімің үшін шақырған сайын саусақтарымен құлақтарын бітеп, киімдерін бүркеніп алып, қасарысып, панданған үстіне пандана түсті. Сосын оларды жар салып жариялап шақырдым. Одан кейін оларға ашық әрі жасырын түрде де айттым. Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Өйткені Ол – аса жарылқаушы», – дедім» (Нұх, 71/5-10).

Нұх (а.с.): «Раббым, халқымды күндіз-түні ақиқатқа шақырдым. Есіктерін қағудан шаршамадым. Бірақ мен шақырған сайын олар қашқанымен қоймай, менен безіп кетті. Қасарысып, сөзіме құлақ аспады. Мені тыңдамау үшін әр түрлі сылтау айтып, жаңа тәсілдер ойлап тапты. Кейде құлақтарын тығындап, сөзімді естігілері келмеді. Кейде киімдерін бүркеніп алып, жүздерін де ашқысы келмеді», – деп, Жаратушыға мұңын шағады.

[1] Қараңыз: Бухари, Рихақ, 50; Муслим, Иман, 374; Тирмизи, Қиямә, 16.

[2] Ибн Хишам, Сира, 3/85

[3] Қади Иад, Шифа, 1/105. Бухари, Әнбиә, 54; Муслим, Жиһад, 105:



## Қанында бар қасиет

Тәблиғ – екі әлем Сардарының туа бітті қасиетіндей еді. Біз жеуге азық, ішуге су таппаған, яки тыныс ала алмаған кездерімізде қалай қиналсақ, ол тәблиғ етер жан таппағанда, солай қиналатын. Тіпті ас-суға зауқы соқпайтын. Кейде апталап, айлап ораза тұтатын[1]. Кейде аштығын басатындай ғана аз жейтін. Бейне бір тәблиғ толғағы тәбетін қашырғандай. Зікірден ғана «қорек» әрі ләззат алатын періштелердей Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) тәблиғ арқылы өмір сүрді. Хабар-дағуасын көңілі ояу бір жанға айтса, сол күні ерекше қуанышқа бөленетін.

Құран Кәрім осы жағдайын былай баян етеді:

«Елшім! Олар иман келтірмеді деп, өзінді-өзің жеп бітіре жаздайсың» (Шұғара, 26/3).

Басқа аятқа қарасақ:

«Бұл Құранға сенбеді деп арттарынан қалмай, аз қалса, өзінді-өзің жеп бітіре жаздайсың» (Кәһф, 18/6).

Ол қай жерде қап-қара, сәждесіз бір маңдай көрсе, қабырғасы қайыса күйзеліп, көңілі құлазып сала беретін. Көзіне түскен әрбір имансыз адам Адамзаттың асыл тәжінің ішкі дүниесінде бейне бір мұң дауылын тұрғызатын. Бұл Аллаһ елшісінің рухында әу бастан бар өзгешелік. Пайғамбарлық келгенде, бұл өзгешелігі одан сайын тереңдей түсті. Негізінде, оның ізбасарлары да соған ұқсап, діннің әмірлеріне бар жан-тәнімен берілуі керек.

Осындай иманы терең сертті кісілердің бірінен: «Неге үйленбедің?» – деп сұрағанда, ол: «Мұхаммеди үмбеттің мұншалық дерті мен ауыртпалығын ойлаумен күн кешіп жүріп, үйленуді ойлауға мұршам болмады!» – деп, тереңдігіне әркім бойлай алмайтын жауап қайтарған екен.

Міне, Пайғамбар мен оның ізбасарының халі! Бүгінгі әлем де осындай еңіреген ерлерді күтуде.

Осы тақырыптың ажарын аша түсетіндіктен, осыған қатысты бір мысал айта кетейін.

Германияда бір шаңырақ астында үй иесімен бірге тұрған иман жүзді бір бауырымыздың бойындағы Мұхаммеди тәрбие сол үйдің адамдарына әсер етіп,

Аллаһ оларды иман нұрына бөлейді. Алдымен отағасы, кейін зайыбы, содан соң бала-шағасы да дәл сол атмосферадан тыныс ала бастағанда, үй жәннат сарайының біріне айналып шыға келеді. Бір күні отағасы әлгі бауырымызбен әңгіме-дүкен құрады. Жан-дүниесінде һидаяттың сезімдері енді-енді ояна бастаған ол бауырымызға: «Бауырым, сені жақсы көремін. Тіпті жүрегімді жарып, сені сол жерге қойғым келеді. Өйткені сен менің Хақ жолға түсуіме арқау болдың. Маған да, отбасыма да мәңгілік бір өмір әкелдің. Бірақ сөйте тұра, саған қатты ашуланамын. Тіпті дәл қазір жағаңнан ұстап алып, жерден алып, жерге салғым келеді. «Неге? Не үшін? – деп сұрайтын шығарсың. Айтайын: «Сен келмей тұрып, жақында менің әкем қайтыс болды. Алайда ол мұсылман болуға менен әлдеқайда лайық болатын. Бізге қарағанда рухы пәк әрі шынайы ғұмыр кешті. Егер сен ол өлмей тұрып келгеніңде ғой, оның да һидаятына себеп болар едің. Сен кешіктің. Менің саған қатты ашуланатынымның мәні сол», – деп сырын ашады.

Иә, сол кісінің риясыз ашуы маған Еуропаның, тіпті бүкіл әлемнің сыңсуындай көрінеді. Мен жағадан алып, есепке тартылатын махшар күнінің азабынан қатты қорқамын. Өйткені Ислам дінін өз деңгейінде айтып жеткіздім дей алмаймын.

[1] Бухари, Саум, 20; Муслим, Сыйам, 56.

## Құштарлық

Аллаһ елшісі тәблиғқа аса құштар еді. Ол әлемде бірде-бір адамның ақиқаттан хабарсыз қалуын қаламайтын. Сол үшін тебірене толқып, аса бір шынайы құштарлықпен кездескен әркімге лайық тәсілмен Жаратқанның жарлықтарын айтып жеткізетін. Міне, көз жұмуына санаулы сәттер қалған туысқан ағасының басында тұрғандағы халі!

## Әбу Талибті шақыруы

Әбу Талиб – қырық жылдан астам уақыт Аллаһ елшісін қамқорлығына алған адам. Хақ елшісі пайғамбарлығын жария еткенде, бүкіл Мекке мүшріктері қарсы шығып, түтіп жеп жіберердей жапа-тармағай ұмтылды. Бірақ алдарынан алынбас қамалдай Әбу Талибке тап болып, одан аттап кете алмаған. Оны таптап өтпей, Аллаһ елшісіне жетуі неғайбыл. Аллаһ елшісі үшін барлық ауыртпалықтарды көтеріп, жоқшылық пен тапшылығын тартқан, үш жылға созылған байкот уақытында да қаймықпай күрескен Әбу Талиб енді өлім төсегінде ажал жастығына әні-міне бас қояйын деп жатыр. Аллаһ елшісі оңтайлы сәтті қапы жібермей, жанына келіп, қоярда қоймай: «Ләә-иләһә иллаллаһ» деуін қалап: «Осы сөзді айтшы, ақыретте саған шапағат етейін», – дейді.

Бірақ Әбу Талибтың айналасын қаумалап тұрған қараниетті адамдар бұған жол бермейді. Ол ең соңғы сәтінде: «Абдилмутталибтің дініне», – дейді де, жүріп кетеді. Аллаһ біледі, сірә, иман кемесіне қол іліктіре алмаған шығар. Аллаһ елшісі көз жасын тыя алмай, сұртуге де шамасы келмей қалады. Ол: «Тыйым салынбайынша, саған кешірім тілей берем», – дейді[1]. Бірақ кейіннен түскен бір аят оның жан-жүрегін сыздатқан осы бір ащы азапқа тыйым салады. Ол енді Әбу Талибке истиғфар ете алмайды, өйткені аятта:

«Пайғамбар мен мұсылмандарға жәһаннамдық екені өздеріне айқындалғаннан кейін өз жақындары болса да, мүшріктер үшін жарылқау тілей алмайды» (Тәубе, 11/113), – делінген еді.

Ол Әбу Талибтің һидаятқа жетуін жан-тәнімен қалады. Пайғамбардың бұл тілегіне Әбу Бәкір қанық болатын. Ол Мекке азат етілгенде, Хақ пайғамбардың алдында иманға келсін әрі қасиетті қолын алсын деген ізгі ниетпен кәрі әкесі Әбу Куһафаны ертіп әкеледі. Қос жанары суалған қарт тілін кәлимаға келтіргенде, Әбу Бәкірдің көзінен жас парлап қоя берді. Аллаһ елшісі себебін сұрағанда, үңгірде бірге болған серігі: «Пайғамбарым, рас әкемнің тура жолға түсуін қатты қалаушы едім. Сол тілегіме бүгін мені Аллаһ жеткізді. Бірақ мен Әбу Талибтің иманға келгенін өз әкемнен де артық қалар едім. Неге десеңіз, бұл сіздің тілегіңіз еді. Өкініштісі, оған һидаят нәсіп болмады. Осыны ойлағанда еріксіз көңілім босады, – деп жауап береді[2].

Аллаһ елшісі Әбу Талибтің һидаятқа жетуін қаншалықты қаласа, өз туысқан ағасы Аллаһтың арыстаны Хамзаны шейіт еткен Уахшидің мұсылман болуын содан кем қаламайтын. Сол себепті де оның иманға келуі үшін барынша табандылық көрсетті. Төменде сол жайлы тарихтың дастанына үңілейік.

[1] Бухари, Жәна'из, 80; Муслим, Иман, 24; Нәса'и, Жәна'из, 102; Ибн Кәсир, әл-Бидаиа, 3/153.

[2] Ибн Хишам, Сирә, 4/48; Муснәд, 3/160; Ибн Хәжәр, Исабә, 4/116.

## Уахши

Хақ пайғамбары туысқан ағасын өлтірген Уахшиға біреу арқылы хат жолдап, хақ дін Исламға шақырады. Хатта төмендегі аят жазылған:

«Олар Аллаһпен бірге басқа тәңірге жалбарынбайды. Аллаһтың өлтіруін харам еткен кісіні орынсыз өлтірмейді. Зина да жасамайды. Кімде-кім осы айтылғанды жасаса, күнәға батады» (Фұрқан, 25/68).

Бірақ Уахши келген адамнан жауап қайтарады. Әлгі аяттың астына: «Сен мені мұсылман болуға шақырасың, бірақ мен осы аятта айтылған барлық күнәларды жасадым. Күпірліктен бас алмай өмір сүрдім. Зина да жасадым. Көзіңнің нұры болған туысқан ағанды (Хамзаны) өлтірдім. Мен мұсылман болатындай, осыншалықты күнә кешіріле ме?» – деген жүректі қан жылатар ауыр сөздерді жазуды да ұмытпапты.

Аллаһ елшісі екінші мәрте хат жібереді. Бұл жолы мына аятты келтіреді: «Аллаһ өзіне ортақ қосқанды кешірімес. Бұдан өзге қалағанын кешірер. Сондай-ақ, кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, ең үлкен күнә жасап, орынсыз жала жабады» (Ниса, 4/48).

Уахши бұл жолы да аятта кешірімнің анық еместігін Аллаһ елшісіне жеткізеді. Мейірім Пайғамбары үшінші рет хат жібереді. Ол хатта мына аят жазылған: «Ей, өздерін шектен шыға зияндыққа ұрындырған құлдарым! Аллаһтың рақымдылығынан үміттеріңді үзбеңдер. Аллаһ барлық күнәларыңды кешіреді. Өйткені Ол – тым жарылқаушы, аса мейірімді де рақымды» (Зумәр, 39/53).

Уахши осы үшінші хаттан соң ғана Аллаһ елшісіне биат (серт) етеді. Ол енді сахаба қатарынан саналып, соңына «радиаллаһу анһу» қосылмай есімі еске алынбайтын болады. Бірақ ол Хамзаны өлтірген адам еді. Өзінің де, басқалардың да мұны ұмытуы мүмкін емес. Уахши ақыретте осы бір күнәның есебін бермейтіні анық еді. Өйткені ол қылмыс жасаған күні мұсылман емес-тін. Әрі Исламға кірген соң, барлық күнәлары кешірілген еді[1]. Бұл жағынан алғанда бақытты. Бірақ қалай болғанда да, өлтірген адамы Хамзаның өзі болатын!..

Хамза орманда арыстандардың үрейін ұшырып, батылдығы ел аузында аңызға айналып, атағы дүрілдеп, жер жарып тұрған шағында, Аллаһ елшісінің алдына келіп, тізерлеп отырып, мұсылман болған адам еді. Тіпті екі әлем Сардарымен бір ананың сүтін тел емгендіктен, ол Аллаһ елшісіне сүт бауыр ағайын еді[2]. Ол Исламға кіргенге дейін мұсылмандарда қорқыныш басым болатын. Хамза

мұсылман болған соң, олардың күркіреген зор даусы Араб түбегін жаңғыртып жіберді. Тағылықтың аты ойнақтаған осындай заманда Уахши Хамзаның қанын төкті. Ухудта кесірлі найзасын толғап, Хамзаға қадайды. Ғұмырында «Аллаһтан басқа құдай жоқ» дегеннен басқаға жоқ деп көрмеген Хамза өзіне қадалған найзадан екі бүктетіліп барып «Лә»[3] тәрізді сұлқ ете құлайды. Біраздан соң Аллаһ елшісі оның сау тамтығы қалмай парша-паршасы шыққанын көріп, басында отырып, балаша еңіреп жылайды. Шейіттер жуылмайтын. Бірақ Аллаһ елшісі Хамзаны жуды. Су орнына кәусардан да қымбат көз жастарымен шайғандай еді... Аллаһ елшісі оның басында жұбана алмай көп жылады. Қылмысты жасаған Уахши Аллаһ елшісіне қанды қолын ұсынып, биат етіп жатты. Хақ пайғамбардың қалай тәблиғ еткеніне көз салып қараңызшы. Ол осы қолды қысып тұрып, Уахшиды Исламға кіруімен құттықтады. Негізінде, Уахшиді тікелей өзі шақырған болатын[4].

Уахши иман еткен соң, Аллаһ елшісі оның құлағына: «Мүмкін болса маған көп көрінбеуге тырыс! Өйткені сені көрген сайын Хамза есіме түсіп, саған жылы жүзбен қарай алмаймын. Бұлай етсек, маған да, өзіңе де жеңіл. Әйтпесе, сен өзінді бақытсыз сезінесің. Мен де өз міндетімді толық орындай алмай қалармын», – деп сыбырлайды.

Уахши сахабаға тән парасатталық танытып, Аллаһ елшісінің осы өтініші мен әміріне қарсы келмеді. Оның көзіне көрінбеуге тырысты. Бірақ сағат санап, сәт санап, Аллаһ елшісі қасына шақырса екен деп күтті. Ол бір тіреудің артында тұрып, Аллаһ елшісінің жанарымен жанарын түйістіруге тырысып, өз-өзіне «шіркін-ай, бір күні маған: «енді көріне берсең болады» – дер ме екен?». Уахши сол күнді күтіп жүргенде, Аллаһ елшісі дүниеден озып кетеді. Қайғылы хабарды естіген кезде Уахши төбесінен жай түскендей есенгіреп қалады. Аллаһ елшісімен бір тілдессем деген оның үміті де сөнді.

Уахши осыдан кейін күнәсынан арылудың жолын жатпай-тұрмай іздейді. Ақырында іздегенге сұраған, Ямамә соғысы бұрқ ете қалды. Бұл – екі айналып келмейтін мүмкіндік еді. Өйткені Исламның ең үлкен қаһарманын өлтіріп, күнәға кірген-ді.

аншалықты кешірілсе де, Уахшидың ар-ожданы тыныш таппай, іштей оттай күйіп-жанумен болды. Бұл отты сөндіретін мүмкіндік те туды. Ол – өзін пайғамбармын деп жариялаған Исламның ең үлкен дұшпаны – Мусәйләмәні жайрату. Уахши бір кездері Хамзаны түйреген, тот басқан найзасын алып, сахабалармен бірге Ямамә соғысына аттанады. Соғыс бірнеше күнге созылды.

Мүсәйләмә мен әскері өліспей беріспей жанталасып жатты. Бір уақытта қамалдан шыға қашқан Мүсәйләмәні күзетте тұрған бір сахаба көріп қалады. Ол дереу Уахшиға қарап: «Әне, Аллаһтың дұшпаны кетіп барады», – деп айқай салды. Мұны естіген Уахши дереу тот басқан найзасын қолына алып, оның қыр соңынан қалмай, өкшелей қуып жетіп, Хамзаның бауырына қадағандай Мүсәйләмәнің бауырына шаншиды. Ол аттан омақаса жығылған кезде, Уахши дереу сәждеге барады[5]. Жанарынан жас сорғалап, өксігін баса алмай, еңкілдейді. Аллаһ елшісінің рухына: «Енді көрінсем бола ма, Аллаһтың елшісі!» дегендей. Біз Хак пайғамбардың оған қалай жауап бергенін білмейміз. Кім білсін, сірә, Аллаһ елшісінің рухы да Ямамәда болып, Уахшидің осы бір мұңға толы жанары мен жалбарынуы көңілін босатып әрі оның ерлігіне риза болып, Уахшиді құшақтап тұрып: «Енді көрінсең болады» – деген де болар. Ол жағы біз үшін беймәлім. Бұл – әулие-әнбиелерге ғана тән тылсым. Осы оқиғаны айтудағы негізгі мақсатымыз – Аллаһ елшісінің дінге тартудағы шеберлігі жайында ой қозғау еді.

Әңгімеде байқалғандай, екі әлем Сардары өз бауырындай жақсы көріп, өзіне жақын тартқан Хамзаны өлтірген адам үшін де рақым етіп, мәңгілік бақытты ғұмырына себепкер болды. Ол сансыз тәсіл қолданып, Уахшидай адамның өзін сахабаға айналдырды. Егер дін насихаты табиғатына осыншалықты сіңісті болмаса, Аллаһ елшісі Уахши секілді адамды Ислам қаһарманына айналдыра алар ма еді? Жоқ. Оның осы бір құштарлығында, тәблиғтың пайғамбарға тән сипаты мен ақиқаты жасырынып жатты. Сол себепті ол басқаша әрекет ете алмайтын еді.

[1] “Ислам өзінен бұрынғыны (күпір мен күнәні) түбегейлі жойып жібереді” Муснад, 4/119.

[2] Ибн Хәжар, Исабә, 1/353; Ибну’л-Әсир, Усду’л-Ғабә, 2/51.

[3] «Жоқ» («лә») сөзі арабша жазылуында құлап бара жатқан адамды елестетеді.

[4] Мәжмау’з-Зәуә’ид, 7/100-101.

[5] Бухари, Мәғәзи, 24; Ибн Хишам, Сирә, 3/76-77.



## Икрима

Икриманың дұшпандығы Уахшиден де сорақы. Ол – Исламның жеке дұшпаны. Яғни, ол саналы түрде жаулық істейтін. Икриманың туып-өскен үйі Исламға қаны қас, Исламға қарсы дұшпандық жайлаған үй еді. Бұл үйдің қожайыны – Әбу Жаһил. Оның бойындағы қараңғылықтан үйін күпірдің қою тұманы басырдай басып, жәһәннамға айналғандай. Ол үйден Исламға кірген әрбір адам ең ауыр жаза мен жапаға душар болып, байыз тауып отыра алмай, кеткенше асығатын.

Икрима бейне Исламға қастық етуде әкесімен жарысып, бәсекеге түскендей. Әкесі қатысқан барлық опасыздық әрекеттерде айрықша белсенділік танытып, әкесінен де асып түсті. Күпірлік көзін көр еткен болатын. Мекке алынған кезде қасарысуда болатын. Қаншама жан Меккенің алынуымен бірге дереу мұсылман болып, нұр шеңберіне кірсе, Икриманың дұшпандығы қозып, мұсылмандарға қылыш жұмсап, артынан Ямамәға қашады.

Уммул Хакам – Икриманың әйелі әрі туысқан ағасының қызы. Осы қаһарман әйел жұбайылық борышын өтеу үшін Ямамәға дейін барып, ерін көндіріп кері қайтарады. Бірақ Икриманың Рақым Пайғамбарына көрінетін беті жоқ еді. Өйткені оған жасамаған дұшпандығы, көрсетпеген зұлымдығы қалмаған болатын. Жүрген жолына тікен шашарда елден бұрын жүгіретін. Басына топырақ шашарда, алдымен білегін түретін. Бірақ Аллаһ елшісі Икриманың да тура жолға түсуін жан-тәнімен қалап, Уахшиды кешіргендей оны да кешірді.

Икрима Аллаһ елшісінің алдына келгенде, өзіне жарасымды қалпын сақтап: «Ей, хижрәт (көш) жолаушысы, қош келдің!» – деді. Ислами мағынада хижрәт біткен болатын. Бірақ Аллаһ елшісі оның алыс жолдан келгенін ескеріп, осылай деген еді. Осы сөздің өзі Икриманың жүрегіндегі мұзды ерітіп жіберді. Ақ Пайғамбардың қолын құшақтап: «Дұға ет, Пайғамбарым! Барлық істеген дұшпандықтарым үшін маған жарылқау тіле!» – деді. Екі әлем Сардары қолын жайып дұға еткен кезде, көңілі босап, Икриманың көзіне жас үйірілді. Өйткені ол мұндай құрметті, мұндай қошеметті күтпеген болатын. Өйткені сол сәтке дейін Аллаһ елшісін өзге жұмыр басты пенделермен бірдей көріп, одан қатардағы жай адамның қолынан келетін іс-әрекетті күткен. Одан мұндай ізет-ілтипатты көрген соң өз ойының қаншалықты жаңылыс екенін аңғарды. «Пайғамбарым, бұдан бұрын Саған және Исламға дұшпандық үшін қаншалықты дүние-мүлік жұмсасам, ендігі жерде Исламның ақ жолы үшін мұның екі есесін жұмсауға уәде беремін», – деді.



Ол Йермукте айтқан сөзінде тұрды. Бірақ бергенінің арасында өз жаны да бар еді. Икрима Йермук соғысына әйелі, баласымен бірге қатысады. Сол соғыста жараланып, шатырға әкелінеді. Әйелі басын құшақтап, көз жасын төккен кезде, Икрима: «Жылама», – дейді, –мен жеңісті көрмей өлмеймін». Бұл – Икрамаға тән әулиелік керемет. Аз уақыттан соң шатырға туысқан ағасы Хишам кіріп: «Сүйінші, Аллаһ бізді жеңіске жеткізеді», – дейді. Сол кезде Икрима: «Мені тұрғызыңдар. Ішке Аллаһ елшісі кірді», – дейді. Хақ пайғамбардың рухына: «Пайғамбарым! Саған берген уәдемде тұрдым ба? Уәдемді орындадым ба?» – дейді де, ақтық рет: «Раббым, мұсылман күйімде жанымды ал әрі салиқалы жандармен бірге ет!» (Юсуп, 12/101) аятын оқып, Аллаһқа рухын тәсілім етеді[1].

Адамдардың тура жолға түсуіне Аллаһ елшісі аса құштар болды. Ол тәблиғтың шыңына шықты. Жүз мыңдаған жанға мүбәрак қолын созып, оларды жарыққа шығарып, бақытты етсе де, тоқмейілсіп, тоқтап қалмады. Өйткені шексіз рақымдылығы өзінің нұрлы сәулесінен бірде-бір жанның құр қалмауын қалайтын. Ол адуынды дұшпандарына да мейі-рім қолын созып, тәблиғтың қол жетпес өресін көрсетумен болды.

[1] Мустәдрәк, 3/241-242-243; Ибн Хажер, Исабә, 2/496.

## Тәблиғ оның ұйқысын қашыратын

Күллі адамзаттың қайғы-қасіретіне қабырғасы қайысқан Рақым Пайғамбары ғұмырында алаңсыз ұйықтай алмады. «Өмірінде ұйқысы қанып ұйықтаған емес» сөзі екі әлем Сардарына ғана арналса, нағыз өз орнын тапты деуге болар. Өйткені ол бар ғұмырын тәблиғпен өткізді.

Мекке кезеңінің алғашқы жылдарында жәрмеңке мен көшелерді аралап, қай жерде базар құрылса, дереу сонда барып, халықты хақ дінге шақыратын. Ақиқаттан теріс айналғандар оны келеке-мазақ етіп, төмен саналып, қасиетті әз басына шаң-топырақ шашатын. Алайда бұлардың ешбіріне бөгеліп қалмай, тоқтамай, мақсатын бетке алып, сапарын жалғастыра берді. Періштелердің өзі жүзіне қарауға бата алмай жүргенде, Мекке мүшіріктері сол нұрлы жүзге түкіретін. Күннің өзі көлеңкесін түсірген екі әлем Сардарына кәпірлер көрсетпегенді көрсетіп, мазақ етіп жатты...

«Ең жақын туысқаныңа ескерт» (Шуара, 26/214) аяты түскен кезде, ол дереу өзіне жақын барлық туыстарының басын қосып: «Аллаһ маған ең жақындарыма ескертуімді әмір етті. Сендер маған ең жақын туысқансыңдар. Бірақ «Ләә-иләһә иллаллаһ» демейінше, Аллаһ жанында сендерге көмектесе алмаймын. Бірақ осы сөзді айтсаңдар, ақыретте куә боламын», – дейді.

Алайда туыстары Аллаһ елшісіне ләм-мим демей, тоң-торыс отырып қалады. Тек туысқан ағасы Әбу Ләһәб үнсіз қалмай: «Қап, мынаны-ай! Осыған бола бізді шақырдың ба?» – дейді. Осы сөзден кейін барлығы тарқап кетті[1].

Хадишаның (р.а.) бар дүниесі Мекке үлкендеріне сый-сияпат көрсетумен ақыр-тақыр болды. Аллаһ елшісі оларды қонақ етіп, ішкізіп-жегізіп, сөз арасында «осыларға бір нәрсе түсіндіре алар ма екенмін» деп үнемі тырысып бағатын. Осындай жиылыстың бірін Әли (р.а.) бізге былайша жеткізеді:

«Әдеттегіше Аллаһ елшісі Мекке үлкендерін үйіне дәмге шақырды. Тамақтан кейін Аллаһ елшісі сөз бастады. Өзінің Хақ пайғамбар екенін және ең жақындары болғандықтан, ақиқатты алдымен бізге жеткізетінін айтты. Сөзінің соңында: «Осы мәселе бойынша араңызда маған жәрдем ететін кім бар?» – деді. Мен ол күні әлі жеті жастағы қуқыл жүзді, арық денелі бала болатынмын. Сол сәтте елге су таратып, қызмет көрсетіп жүргем. Аллаһ елшісінің сөздеріне ешкім жауап бермеген соң, шыдай алмадым. Құмыраны қоя салып: «Мен бармын, Аллаһтың елшісі!» – дедім. Хақ пайғамбар осы ұсынысын үш рет қайталады. Әр айтқанында, менен басқа ешкім жауап қатпады»[2].

Міне, осылай жылдар бойы Аллаһ елшісі ерінбей-жалықпай, шаршамай-шалдықпай тәблиғын жалғастырды. Алайда оған құлақ асқан жақындары болмады. Ол осыдан кейін өзіне зейін қоятын жандарды іздеді. Алайда ақ жүректі жандарды да табу оңай болмады. Тайыфта тас лақтырылып, келеке болды[3]. Бірақ шынайы ықыласы оны кенеттен шаттыққа бөлейтін қуаныштарға жетелеп отырды. Негізінде, солай болды да. Тағдыр оны Ақабаға апарып, көкірегі ояу, таза жандармен жолықтырды.

қабада алты адаммен танысты. Олар келесі жылы Ақабаға жетпіс адаммен келді. Аллаһ елшісі кейбір мәселелерді тәблиғ етті. Олар сенімін осы шарттар арқылы қабыл етуі керек еді. Сонда олар Ахметтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) барлық ұсыныстарын ойланып-толғанып жатпастан, бірден қабылдады. Осы кезде Аббас (р.а.) оларға түпкілікті шешім қабылдас бұрын әбден ойланып барып, кесімді сөздерін айтуына кеңес берді. Егер мұндай ұсынысты қабылдайтын болса, күллі әлем өздеріне қарсы шығатынын айтып, түгелдей түсіндірді. Десе де, ешкім бас тартпады. Қандай қиын жағдайға кезіксе де, Аллаһ елшісін өздерінен де артық көретініне серт берді. Екі әлем Сардары оларға дінді үйрету үшін Мус'аб ибн Умәйрді (р.а.) жіберді[4].

[1] Бухари, Тәфсир, (111), 1; Муслим, Иман, 355.

[2] Муснәд, 100/159; Мәжмау'з-Зәуә'ид, 8/302-303.

[3] Ибн Ышам, Сирә, 2/60.

[4] Ибн Ышам, Сирә, 2/73.

## Сахабалардың ынтасы мен ықыласы

Мус'аб – Меккедегі ең бай отбасының жалғыз баласы. Исламды қабылдағанда, жасы он жетіде болатын. Ол көшеден өткенде, жас қыздар терезеден үңіле қарап, бет орамалдарын бұлғайтын. Жүріс-тұрысында өте ұқыпты еді[1]. Алайда Исламға кірген соң, үйінен жақсылық көрмеді. Мәдинаға бір-ақ көйлекпен кетті. Одан басқа іліп алар заты жоқ. Қалған ғұмырын да жоқшылықта өткізді. Тіпті Ухудта шейіт кеткенде, барлық дене мүшесін Аллаһқа берді. Сол күні еттей туралып, үстіне жабатын кебін де табылмады[2].

Аллаһ елшісінің шәкірті болған осы бір атақты сахаба Мәдинаға барысымен дереу тәблиғ етуді бастады. Мәдинада қақпаған есігі қалмады. Ол шынайы әрі жүрегі ықылас тұнған тұлға болатын. Оның әңгімесіне құлақ түргендер аз уақытта күпірден алыстап, Исламның нұрлы әлеміне кіретін. Оның келуімен Мәдина жамылғысын сыпырып, жанданып сала берді. Сахаба бейне қараңғы жан-сарайларды жап-жарық еткен нұр іспетті еді. Әс'ад ибн Зурара (р.а.) оны өзінің құрметті қонағы етіп күтті. Әс'ад ибн Зурара жұма намазы әлі парыз болмауына қарамастан Аллаһ елшісі Мәдинаға келмей тұрып адамдарды бір жерге жинап, жұма намазын оқытқан адам еді[3].

Мәдинадағы барлық жан оның шаңырағына жиналып, Мус'абтың аузын бағатын. Ол үйдің есігін теуіп кіргендер қайтарында мүлде өзгеріп, жаны жадырап, нұрлы шуақтың шуда жібін тарқатып шығушы еді. Са'д ибн Муаз да солардың бірі. Ол бір күні: «Мәдинада ешкімнің бүлік шығаруға қақысы жоқ», – деп терісіне сыймай ашуланады. Өйткені оған Мус'абты «бүлік салушы» деп жеткізген еді. Ол осы бүлікті табан астында басып тастауға бекініп, табалдырықтан аттайды. Бұл кезде Мус'аб маңында отырған жандарға қыр астынан баяу ескен қоңыр самалдай жағымды даусымен әлденені айтып жатқан болатын. Са'д сол сәтте омыраулай кіріп, өрескел әрекеттерге барады. Бірақ Мус'аб аспай-саспай былай дейді: «Алдымен отырып сөзімді зейін қойып тыңда. Айтқан нәрселерім саған ұнамаса, еш кідірмей қолыңдағы қылышпен мойнымды шап. Ант етейін, мен саған қарсы шықпаймын». Осы сөздер Са'д ибн Муазды ерітіп жіберді. Періштелер қонақ болып, құт дарыған үйдің табалдырығынан аттап ішке кірді де, таухид сөзін жүрек түкпірінен жұлқынып шыққан даусымен жар салды. Иә, Са'д ибн Муаз Мус'аб ибн Умәйрдің алдында тізерлеп отырып мұсылман болды[4]. Сол күндері Мәдинада Омардың Меккеде мұсылман болған кезіндегідей толқыныс, тербеліс пайда болды. Са'д ибн Муаздың Исламға кіргені туралы хабардың жаңғырығы бие сауым уақыт шамасында шартарапты шарлап, оның мұсылмандығы үлкен оқиғаға айналды.

Аллаһ елшісі тоқтаусыз, демалмай, ақиқатты жайғанындай, шам-шырақ шәкірттері де шартарапқа тарап, хақты жаю міндетін мейлінше мінсіз орындауға тырысты. Әлем осы шырақтардан жанған нұрлы жүректермен жап-жарық асқақ әлемге айналды. Негізінде, Мус'абты Мәдинаға, Талханы Думетул-Жәндәлге, кейін Бәра мен Халидті Йеменге жетелеген дәл осындай сана-сезім емес пе?

Кейде сахаба тапсырылған істі орындай алмаған кезде оның орнын басқа біреумен ауыстырады. Бұл әрекеті сәтті жүзеге асып, өз жемісін бермей қоймайтын. Мысалы, Халид ибн Уәлид (р.а.) тәблиғ үшін Йеменге жіберілді, бірақ ісі жемісті болмады. Аллаһ елшісі кейін оның орнына Әлиді жібереді. Халидті Нәжрәндағы христиандар тұрған жерге тағайындады.

Бәра ибн Азиз осы жайды былай жеткізеді:

«Халидпен бірге Йеменде біраз уақыт болдық. Әли келгенге дейін ешкім иман келтіріп, қатарымызға қосылмады. Бірақ Әли (р.а.) келген соң, ахуал өзгеріп сала берді. Адамдар топ-тобымен Исламға кіріп, мұсылман бола бастады»[5].

Йеменде Әлидің (р.а.) ісі жемісті болды. Өйткені ол Аллаһ елшісімен көп жылдар бойы бірге болған. Сонымен бірге Әли (р.а.) Хасан мен Хусейннен келетін алтын нәсіл мен қияметке дейін келетін барлық құтыптардың, муқаррабиндердің, әулиелер мен асфиялардың әкесі саналатын. Бүгін де ақиқат олардың бастап кеткен жолымен қанат жайып келеді. Әли (р.а.) осылайша барлық йемендіктерді жүрек жібітер сөздерімен баурап алды. Уақыты келіп, Мекке алынғанда, оның үнін тыңдағандардың бәрі жаппай Исламға қосылды[6].

[1] Халид Мухаммад Халид, Рижәлун Хаулә'р-Расул, 42. бет.

[2] Бухари, Жәна'из, 28.

[3] Ибн Ыишам, Сирә, 2/77.

[4] Ибн Ыишам, Сирә, 2/78-79.

[5] Ибн Кәсир, әл-Бидәйа, 5/120-121.

[6] Ибн Кәсир, әл-Бидәйа, 5/120.

### **Мемлекет басшыларына хат**

Аллаһ елшісі, бір жағынан, қабілеті мықты адамдарды жан-жаққа жіберіп, тәблиғ міндетін атқарып, бір жағынан, елбасылар мен патшаларға жіберілген хаттар арқылы оларды хақ дінге шақырды. Бұл да тәблиғтың тағы бір ерекшелігі.

## Нәжаши

Нәжаши – Хабәш әміршісі болатын. Ол Аллаһ елшісін жүзбе-жүз көрмеген сахаба еді. Аллаһ елшісі оған Амр ибн Умәйрді аттандырады.

Нәжашиге жіберілген хатта екі әлем Сардары былай деген еді:

«Аллаһтың елшісі Мұхаммедтен Хабәш Нәжашиі (әміршісі) Ашамға:

«Сәлем саған! Мен сенің арқауыңмен Мәлік, Құддыс, Мумин, Мухәймин болған Аллаһқа мадақ айтамын. Мен Исаның Рухуллах әрі Аллаһтың ар-намысты, кіршіксіз тап-таза да пәк әйел Мәриямға берген сөзі екеніне куәлік етемін. Сені серігі болмаған жалғыз Аллаһқа шақырамын».[1]

Екі әлем Сардары, алдымен Нәжашиға алыстан орағытып жатпай «Сәлем саған» деу арқылы одан жақсы нышан байқағанын білдіреді. Бейне Аллаһ елшісі оның тура жолға түсетінін ғайыптан анық көріп, сенімді болып осылай айтқандай. Екіншіден, хаттың жазылу тәсілдері де ғажап. Аллаһ елшісі оны хақ дінге шақырғанда, ол пір тұтатын хазірет Мәриямды қозғай отырып шақырған. Негізінде, біз үшін Мәриям үлкен құрмет иесі. Мәриям – үлкен пайғамбарды дүниеге әкелген әйел және иләһи (құдайдық) шабытқа ие болған әулие жан.

Бұл жерде мына мәселеге қырағы болу керек. Нәжаши христиан болатын. Аллаһ елшісі хатында Құраннан сол тақырыпқа қатысты аяттарды келтірген. Бұл – Нәжашидің көңілін табу үшін ең әсерлі, ең төте жол. Айтқандай, солай болды да.

Нәжаши хатты тағынан түсіп өзі алды да, сүйіп маңдайына басты. Хатты оқыған соң, мұсылман болғанын жария етіп, уақыт өткізбей, Екі әлем Сардарына мына хатты жаздырды:

«Аллаһтың елшісі Мұхаммедке Хабәш патшасы Нәжашиден:

Мен сенің Аллаһтың елшісі екеніңе куәлік етемін... Егер әмір етсең, дереу сенің қасыңа барайын. Бірақ мен өзіме ғана жауап бере аламын. Дәл қазір мен қол астымдағыларға бұл мәселеде құзыретім жүрмейді. Айтқандарыңның бәрі де рас екеніңе куәлік етемін», – дейді[2].

Нәжаши – иманның не екенін жақсы білген адам. Бір күні жақындарына былай дейді: «Әттең-ай! Патша болып ел билегенше, Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жанында болсам ғой».

...Арада көп жылдар өтеді. Бір күні Аллаһ елшісі мешітке келіп, сол жердегілерге: «Тұрындар! Бауырымыз Нәжашидің жаназа намазын оқимыз», – дейді[3].

Ғалымдар арасында ғайыптан жаназа намазын оқу көзқарасы әр түрлі. Ханафи мәзхабынан басқа мәзхаб имамдары мұндай намазды оқуға болады десе, ханафи мәзхабы кері пікір айтады. Өйткені олардың айтуынша, мұғжизалы түрде Нәжашидің табыты Аллаһ елшісінің алдына әкелінді де, оның жаназасы шығарылды. Ол Исламдағы ғылық іліміне қатысты мәселе болғандықтан, бұл жерде оны қозғаудың реті жоқ[4].

[1] Ибн Кәсир, әл-Бидәйа, 3/104.

[2] Ибн Кәсир, әл-Бидәйа, 3/105

[3] Бухари, Жәна'из, 4,65; Муслим, Жәна'из, 62-67

[4] Жазири, Мәзаһиб, 1/522-523.



## Ираклий

Аллаһ елшісі екінші хатын Дихиәтул-Кәлби арқылы Ираклийге жіберді. Ираклий – Рим императоры. Ираклийге жолданған хатта мыналар жазылған-ды:

«Аллаһтың елшісі – Мұхаммедтен Рим патшасы Ираклиге! Аллаһтың сәлемі тура жолға түскендерге болсын! Мен сені Исламға шақырамын. Мұсылман бол да, саламат тап. Сонда Аллаһ саған сауабыңды екі есе береді. Егер теріс қарасаң, онда барлық ақиқатты жоққа шығарғандардың обалы сенің мойныңда.

Ей, Кітап елі, келіндер, арамыздағы ортақ сөзде бірігейік. Аллаһтан басқасына құлдық етпейік, Оған ешқандай да ортақ қоспайық және Аллаһты қойып, бір-бірімізді құдай орнына қоймайық. Егер олар сонда да жүздерін бұрса, онда: «Біздің мұсылман болғанымызға куә бол!» – дендер»[1].

Бұл сөздер Ираклийге айрықша әсер етеді. Сол күні жақын жерде Әбу Суфиян жүрген болатын. Император мен Әбу Суфиян арасындағы әңгіме былайша өрбиді. Ираклий:

- Бұл адамның нәсілі қандай?
- Текті, ақсүйек нәсілге ие.
- Бұрынғы ата-бабаларынан осындай пікірде болғандар бар ма еді?
- Жоқ, болған емес.
- Ата-бабалары арасында патша болғандар бар ма?
- Жоқ, болған емес.
- Оған ілескендер әлсіздер ме, әлде бай-бақуаттылар ма?
- Көбісі әлсіз жандар.
- Жамағаты азаюда ма, әлде көбеюде ме?
- Күн өткен сайын көбеюде.
- Жалған сөйлеген жері болды ма?
- Жоқ, оның ешқашан жалған сөйлегенін көрмедік.
- Опасыздық жасаған жері болды ма?
- Бұдан кейінгісін қайдам. Бүгінге дейін жасаған жоқ.

Міне, Әбу Суфиян ол кезде әлі мұсылмандықты қабылдамаған әрі Аллаһ елшісінің адуынды дұшпаны болатын. Осы әңгімелесудің соңғы сөзінде ғана көңілге аздап күмән ұялатар сөз айтты.

Ираклий Әбу Суфиянның берген жауабын қайталап, осы айтылғандардың бәрі Аллаһ елшісінің пайғамбарлығына дәлел екенін айтады. Содан өзінің епископын шақырып алып, одан да осы жайды сұрайды. Сонда екеуінің пікірі бір жерден

шығады. Император иманын жариялап: «Көп ұзамай, мына менің аяғым басқан жерлердің барлығы түгелдей соныкі болады»,– дейді. Көп кешікпей айтқаны айдай келді[2].

Бірақ поптардың келіспеуінен қорыққан Ираклий сөзін өзгертіп: «Мен сендердің қаншалықты діндеріңе берік екендеріңді білейін деп, әдейі сендерді сынадым»,– дейді. Епископқа келсек, иман келтіріп, Аллаһ елшісіне алыстан серт береді[3].

[1] Бухари, Бәд'у'л-Уаһи, 6

[2] Бухари, Бәд'у'л-Уаһи, 6

[3] Нәйсәми, Мәжмә'у'з-Зәу'ид, 8/236. Исабә, 2/216

## Өзге хаттар

Пайғамбарымыз басқа өлкелерге де хат жіберген. Бұлардың кейбірі шақыруға жауап беріп, мұсылман болды, кейбірі мұсылман болмаса да, Аллаһ елшісіне құрмет көрсетті. Мысалы, копттардың патшасы Мұқауқыс Аллаһ пен пайғамбардан теріс айналғандардың бірі болды. Аллаһ елшісі оған Хатиб ибн Әби Бәлтаны жіберді. Мұқауқыс мұсылман болмаса да, Хатибке құрмет көрсетіп, сыйсипат тарту етті. Аллаһ елшісіне де сыйлықтар жіберді. Мария анамыз – да осы сыйлықтардың бірі. Аллаһ елшісі онымен үйленіп, одан Ибраһим деген бала дүниеге келді. Және осы сыйлықтардың арасында ақ қашыр бар еді[1]. «Дүлдүл» атты осы қашыр арабтардың көрген алғашқы қашыры.

Иран шахы Аллаһ елшісінен келген хатты жыртып тас-тайды. Иран осы паршаланған хаттай көп өтпей-ақ жермен-жексен болды[2].

Аллаһ елшісі патшаларға, мемлекет басшыларына және басқа да ықпалды ақсақалдарына хат-хабар жіберіп, тәблиғтың ауқымын кеңейтті. Ол күн сайын алға жылжып, көңіл-сарайларының төрінен орын алып, тақ орнатып жатты. Бейне бір қасиетті тартылыс күшіне ие болып, сол күш арқылы адамдарды өзіне баурап жатқандай. Оның тартылысына түскен әрбір адам мен қоғам нұрлы әлеммен кірігіп, біртұтас болып жатты. Ол көңіл-сарайлардың төріне алтын тақ орнатқаннан кейін, оған қарсы күресу көктегі күнді қара лаймен сылаймын деумен бірдей еді.

Айтқандай-ақ, көп өтпей солай болды да. Ол күнге дейін қасарысқандардың дені бәрі де босқа әуре болғандарын анық аңғарып, арнасын енді тапқан бұлақтай оған жарыса, жамырай қосылып жатты...

[1] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 5/324.

[2] Бухари, ілім, 7; Муснәд, 1/243.

## Худәйбиядағы тәблиғ сыры

Худәйбия – Ислам дінін насихаттауда айрықша маңызы бар мекен. Сол жерде меккелік мүшріктер ауыр шарттар қойған болатын. Аллаһ елшісінің мұндай шарттарды қамтыған келіссөзді қабылдауы әуел баста Омар секілді Аллаһ елшісіне берілген жандардың да наразылығын тудырған болатын. Өйткені ол сырттай қарағанда, жеңіліске апаратын келіссөз болып көрінді. Бірақ келесі жылы мұсылмандар Меккеге емін-еркін барып кірді. Олардың келуі Меккеде бір жыл бойы сөз болды. Осылайша жүректер Исламға біртіндеп жақындай түсті. Меккенің бетке ұстар үлкендерінің бірі Халид ибн Уәлид, Амр ибн Ас және солар секілді жандар да осы арада өз жүрек қалауымен Исламға кірді[1]. Олардың Исламды қабылдауы келешекте ақиқаттың өркен жаюына, нығаюына көп септігін тигізер еді. Солай болды да.

Серт берген сахабалардың Ақ Пайғамбарға адалдығына меккеліктер айрықша тәнті болды. Бұл да меккеліктердің Исламға жақындауын тездетті.

[1] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 4/272.

## Арнайы насихат

Аллаһ елшісі жеңістен жеңіске жетіп жүрген шағында да жекелеген адамдармен қарым-қатынасын үзген емес. Ол бір-екі жылдың төңірегінде Меккенің барлық халқы өзіне қосылатынын білетін. Бірақ осыған қарамастан, Халид ибн Уәлид пен Амр ибн Астың тура жолға түсуін айрықша қалады. Әуелі жанындағы сахабаларды осы екі кемеңгерді алдарынан шығып күтіп алуға жіберген еді. Халид мұсылман болу үшін қолын созған кезде, Аллаһ елшісі ілтипат көрсетіп: «Мен Халидтей саналы адам қалайша күпірлікте жүр деп таңырқаушы едім. Бір күні келіп мұсылман болатыныға толық сенетін едім»[1] деген болатын. Аллаһ елшісінің айтқан осы сөздері – ілтипаттың ең үлкені. Өзіне көрсетілген мұндай ілтипаттан Халидтың қалай толқығанын кім білсін?

Осы кезде Амр ибн Ас та Аллаһ елшісінің қолынан ұстап жібергісі келмеді. Қайта-қайта: «Ей, Аллаһтың Расулы, күнәларым үшін жарылқау, кешірім тіле, Аллаһқа дұға ет», – деді. Екі әлем Сардары оған да ілтипат көрсетті: «Білмейтін бе едің? Ислам бұрынғы жасаған барлық күнәларды кешіреді. Адам алғаш Исламға кіргенде, анасынан жаңа туғандай тап-таза болады», – деп, оларға шынайы үміт сыйлады[2].

Аллаһ елшісі жүректерге көктем шуағын шашып, өзіне деген халықтың құрметін дінді таратуға арнады. Адамдар топ-тобымен алдына келіп, дінді қабылдады. Тіпті сол күннің толқыны біздің де күнімізге жетті. Пайғамбарымыздың осы қасиетті хабары бұдан кейін де қияметке дейін толқынды қуалаған толқындай жалғасатынына сенеміз.

[1] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 4/273; Кәнзу'л-Уммал, 13/374. Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 4/273; Кәнзу'л-Уммал, 13/374.

[2] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 4/271

## Иләһи ілтипат

Аллаһ тағала сүйікті Пайғамбарына бір аятта былай дейді:

«Ей, Расул! Раббыңнан саған түскендерді тәблиғ ет. Егер іске асырмасаң, онда жүктелген елшілік міндетіңді орындай алмайсың. Аллаһ сені адамдардан сақтайды. Күдіксіз, Аллаһ кәпірлерді мұрат-мақсатына жеткізбейді» (Мәида, 5/67).

Аллаһ тағала ешбір пайғамбарға дәл осылай ілтипат білдірмеген. Өзге пайғамбарлардың есімдерін ғана атаса, Мұхаммедті (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) «елшім» деп ардақ тұтқан.

«Ей, Расул!» сөзі – Хақтан хабар әкелген, иләһи жалғастығы бар адам дегенге саяды. Осылайша Аллаһтың оған ерекше қасиет дарытуы бізге де сол Пайғамбардың абыройы мен қадірін еске түсіреді. Бұны оның беделінің паш етілуі деп те айтуға болады. Ол осындай абыройға ие бола отырып, бізге жеткізуі тиіс хабарларды жеткізеді. Яғни, пайғамбарлардың үлкендік ерекшелігі сол – бейне бір Аллаһ оған құрмет көрсетіп, «Ей, Ахмет, ей, Мұхаммед, ей, Мұстафа, ей, Махмұд» демей, «Ей, ұлы расул!», яғни, сана-сезім мен жүректі тірілтіп, иләһи хабармен адамзатқа жәрдемдесуге ұмтылған пайғамбар дейді. Өйткені Ұлы Аллаһ көкке шарықтаған нұрдың шыңына шығарып, оны өзімен тікелей жүзбе-жүз дидарласатын адамы еткен. Әлемнің Ұлы Жаратушысы пайғамбарын құзырына шақырып, жүзбе-жүз сөйлескен. Айтқандай-ақ, кейбір зерттеушілер Пайғамбарымыздың Миғражда Аллаһпен тікелей сөйлескенін айтады. Басқа уақытта уахи арқылы перде артынан көрінбей сөйлессе, ал Миғражда тікелей жүздескен[1].

Міне, Мұхаммед Мұстафа осындай адам. Аллаһ пайғамбарын өзге ешкім жете алмайтын биікке шығарып: сен өзіңе жүктелген хабарларды адамзатқа тоқтаусыз жеткізуің керек. Және осы істе еш нәрсе саған бөгет болмауы тиіс. Иә, сен жолыңда бөгеліп қалмауың қажет. Қорқу да, абыржу да, тосқауылдар да, шөл мен аштық та, атақ, мансап та сенің дінді жаюыңа кедергі жасамауы керек, – дейді.

Аллаһ елшісі бір сәт тоқтап қалмай, өзіне жүктелген міндетті орындаған. Оған пайғамбарлықтың есігі ашылған соң көп ұзамай соның төріне озады. «Қаб қаусайни әу аднә» (Нәжім, 53/9) аятын да осылай түсінуге болады... Оған арнайы шарықтау шегі берілген болатын. Пайғамбар осы шектен көп асып кеткен еді. Миғражға көтерілгенде белгілі бір шекке жеткенде Жәбірейіл оған: Ары қарай жүр, Мұхаммед! Бұдан кейінгі жол – сен ғана жүре алатын жол. Мен сәл ғана

ілгері бассам, Раббымның ұлы нұры мені күйдіріп күлге айналдырады! – деп қасиетті жолды нұсқады.

Бұл – мүмкіндік әлемінің шегінен асу.

Бұл сөздер Аугусте Комтені еске түсіреді. Француз ойшылы Аугусте Комте (1798-1857) – позитивизмді құрушылардың бірі. Өмір бойы дінге жауығып өткен адам. Оның ойынша, білімнің тәжірибе саласына жатпаған барлық нәрсе тек сандырақ қана. Бірақ «Тарихи мұратта» оған байланысты мына жай айтылады. Бір кездері Комте Андалусияға барып, сол жердегі Ислам өнер туындыларын таңырқай тамашалап, осы дін жайында тереңірек білу үшін, кейбір адамдарға сұрақтар қойыпты. Алған жауаптарына, әсіресе, Пайғамбарымыздың умми болғанына қайран қалыпты. Сонда да сеніңкіремей Римге барып, IX Папамен кездесіп, осы жайлы сұраған екен. Ол да айтылған жайттардың шындық екенін растаған кезде, философ таңданысын жасыра алмай: «Мұхаммед құдай емес, бірақ адам да емес», – деуге ғана шамасы келіпті.

Негізінде, біздің Бусайриіміз де осылай демейтін бе еді?

«Ғылымның жеткен ең қиыр нүктесі мынау: ол – адам, бірақ Аллаһтың жаратқан болмыстарының ең жақсысы».

Яғни, ол Әминадан туған Абдуллаһтың ұлы, Абдулмутталибтың немересі. Ол пайғамбарлық көгінде шарықтаған қыран құс. Сол себепті біз оны терең тани алмаймыз. Біздің сөзіміз бен ісіміз үнемі оның айналасында өрбіп, одан ары асып кете алмауда. Сардар миғражда көтеріліп қиянға жеткені соншалық – аяғын қайда қойғанын біле алмаймыз. Өйткені оны адами ұғыммен немесе адами санамен түсіну мүмкін емес.

Тәблиғ аса маңызды міндет болғандықтан, Аллаһ өзінің сүйікті құлына осы міндетті жүктеген. Әрі осы берілген уазипаны орындамаса, пайғамбарлық міндетті іске асыра алмаған болып есептелетінін айтып, қатаң ескерткен.

Ендеше, оның үмбеті болып саналатындықтан маңызды міндетіміз – дінді тарату міндеті. Иісі адамзат Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) әкелген ақиқат пен ізбасарларының абылқаят емінің арқасында ғана өмірдің барлық саласында жан-жақты өркен жаятынын әсте ұмытпайық.

[1] Бухари, Салат, 1; Муслим, Иман, 259; Ибн Кәсир, Тәфсир, 7/424.



## Тәблиғтың ерекшеліктері

Тәблиғтың кейбір маңызды ерекшеліктері бар. Бұлардың біразын жоғарыда айтып өттік. Солардан қысқаша қорытынды жасай отырып, айтылмаған жақтарын да осы қорытындыға сыйдырып, тәблиғ тақырыбын тәмәмдалық.

Біріншісі: Тәблиғтың «фәтәнәт» жағы бар. Мұны біз пайғамбарларға тән қисын не парасат деп айтсақ та болады.

Екіншісі: Тәблиғ еткен адам тәблиғ мәселесін өте жақсы меңгеруі тиіс. Сөзі мен ісі бір жерден шығуы тиіс. Шақырғысы келген адамдарды шынайы ықыласымен, ісімен шақыруы керек.

Үшіншісі: Тәблиғта көзделетін нәтиже – Аллаһтың разылығы ғана болуы тиіс. Әрбірден соң ақиқатты жаннат үшін уағыздамау қажет, яғни жәннат та тәблиғтың мақсаты болмауы керек. Бұл, өз кезегінде, әрине, дүниелік және рухани ләззаттардан бас тартуды қажет етеді.

Біріншісі: Ішкі фәтәнәт; Аллаһ елшісінің тәблиғының да фәтәнәт жағы бар. Бұл құрғақ қисын емес. Ол – сыртқы әлем мен ішкі әлем және дүние мен ақыретке дейін жалғасқан қисын. Адам қисынға сүйеніп қана қоймайды, сонымен бірге сезіміне де құлақ асады. Адамның сезімін ескермей, тек бірыңғай ақыл-ойына әсер ету арқылы ақиқатты ұғындырғысы келетіндер толық жетістікке қол жеткізе алмайды. Ал, адамның сезіміне ғана ықпал ете отырып, тәблиғ еткен адам да сәтсіздікке ұшырайды. Алайда, Мұхаммед алейһиссәләм адамның ойы мен санасын және ішкі сезімдерін түгел есепке ала отырып тәблиғ еткен. Көзбен көрінетіндерді мысал ете отырып, адамның рухына, жан-дүниесіне осы жолдармен есік ашқан. Ақылды қолдана отырып, сөйлескен адамының да өмірдегі құбылыстарды ақыл-ойымен саралап қарауына жағдай жасайды. Ойлаудың маңызына да мән беріп, ақиқатты осы жағынан жеткізуге күш салады. Ар-ожданымен Оның нұрын сезген барлық жан бір сәтте ақиқатқа көзі ашылады. Болжам арқылы яки қисын жолымен Аллаһты табуға тырысқан Паскаль мен Бергсон тәрізді адамдар Мұхаммед алейһиссәләмнің тәрбилеп өсірген мұсылмандарынан қай жағынан алсаң да, көп артта қалады. Оларды мұсылмандардың ең әлсізімен де салыстыра алмайсыз.

## Кісіні жақсы тани білу

Қай жағынан да Мұхаммед алейһиссәләмға жету мүмкін емес. Фәтанат мәселесінде де оның деңгейіне ешкім жете алмайды. Дұшпандарын әуелі ақиқатқа көздерін жеткізу арқылы тізе бүктірген... «Мына тастан, ағаштан, топырақтан қандай үміт күтесіңдер?» – деп, алдымен адамға ой салып, содан кейін мұғжиза көрсету арқылы өзіне тартып, жан-жүрегін баурап алатын.

Мысалы, Омарды (р.а.) алайық. «Сен секілді ақылды адам қалайша басқа жерде жүр? Сендей адамның тастан, топырақтан, ағаштан бір нәрсе күткені ақылыма сыймайды», – деген. Әуелі осы сөздерде Омарды дәріптеу бар. Аллаһ расулы алдымен ой тастап, қисынға сүйене отырып Омарды (р.а.) өзіне тартқан. Содан кейін ғажайып мінезімен Омардың жүрегін баурады. Үшінші кезеңде құлшылықтағы тереңдігімен оны өзіне үйіріп әкетіп, нәтижесінде түйелерді мойнынан бұрап жерге жығатын Омар Аллаһ елшісінің алдында әдепті баладай тізерлеп, басын төмен салып, құрмет көрсететін болды.

Енді осы тақырыпқа байланысты бір мысал келтіріп, басқа ерекшеліктерге өтуді жөн көріп отырмын.

Аллаһ расулының алдына бір жас жігіт келеді. Сахабалар бұл жігіттің есімін ашық айтпайды, бірақ кейбір риуаяттардан бұл жігіттің Жуләйбиді (р.а.) екенін байқаймыз. Бұл жігіт: «Пайғамбарым, маған зина жасауға рұқсат бер, төзімім таусылып барады», – дейді. Сол жерде отырғандар бірден өретүрегеліп, бұған қарсылық білдіреді. Кейбірі қабағын түйіп: «Аллаһ елшісіне бұлай сөйлеме!» – деп доқ көрсетеді, енді бірі етегінен ұстап кейін тартады. Тағы біреуі шапалақпен тартып жібергісі келеді. Алайда мейірім Пайғамбары жігіттің сөзін бөлмей, үнсіз тындайды. Содан соң жанына шақырып, қасына отырғызады. Осы көрсеткен құрметімен оны өзіне баурап алды. Содан соң кезек-кезегімен сұрай бастайды:

- Мұндай зинаның анаңа жасалуын қалар ма едің?
- Әке-шешем Сен үшін пида болсын, Аллаһтың елшісі, қаламаймын.
- Ешкім де анасына мұндай жат нәрсені қаламайды!
- Сенің қызың болса, оның зина жасағанын қалар ма едің?
- Жаным Саған құрбан болсын, Аллаһтың елшісі, қаламайтын едім.
- Ешбір адам қызына мұны тілемейді!
- Әпкелеріңе жасалуын қалар ма едің?
- Жоқ, Аллаһтың елшісі, қаламаймын.
- Біреу қарындасыңмен зинаға барғанын қалар ма едің?
- Жоқ, жоқ, қаламаймын!

– Ешбір адам әпкелеріне де, қарындастарына да зина жасалуын қаламайды!..  
Бұл ең соңғы сөзі еді.

Пайғамбарымыз әлгі жігітті әңгімеге тарта отырып, қисынға салып баурап алған кезде, ол бас білген аттай жуасып үнсіз қалды.

Сонда Рақым Пайғамбары қолын жас жігіттің көкірегіне қойып: «Аллаһым, мұның күнәларын кешір, жүрегін тазалап, ар-намысын сақта!» – деп дұға етті[1].

Жуләйбиб осы дұғадан кейін арлы тұлғаға айналады. Бірақ өткен өміріне қанық жұрт оған қызын бермейді. Сөйтіп жүргенде, Аллаһ елшісінің тікелей араласуымен Жуләйбиб үйленіп, шаңырақ көтереді[2]. Көп ұзамай, соғыста шейіт болады. Соғыстан кейін Аллаһ елшісі сахабалардан: «Араларыңда жоғың бар ма?» – деп сұрайды. «Жоқ, Аллаһтың елшісі, бәріміз түгелміз!» – деп жауап береді. Бірақ Рақым Пайғамбары: «Ал менің жоғым бар», - дейді. Содан кейін Жуләйбибтің жансыз денесіне жақындайды. Дәл жеті адамды жер жастандырып, артынан өзі де көз жұмған екен...

Басын тізесіне қойып: «Бұл Жуләйбиб менен, мен де Жуләйбибтенмін» деп күбірлейді. Жуләйбиб осы әзиз атаққа ие болып мәңгілік әлемге аттанады[3].

Аллаһ расулының ағзам фәтәнаты зинақор жасты да аз уақытта Ислам қаһарманына айналдырады. Санамен мұны ұғу мүмкін емес.

Бүгінгі күннің барша тәрбиешісі мен ұлағатты ұстаздары Араб түбегіне барып, Аллаһ елшісінің өте қысқа мерзім ішінде адамдарды тәрбиелеп шығарудағы шеберлігін былай қойғанда, ол өсиет етіп кеткен ұстанымдардың жоқ дегенде бірекеуін іске асыра алар ма екен?

Алайда, бүгінгі күннің шындығы ондай нәтижеге қол жеткізе алмағанымызды көрсетіп отыр.

Ол күллі әдепсіздік әспеттеліп, оспадарлық пен о жарлық омыраулаған, жамандық атаулы әдетке айналған дәуірде өмір сүрді. Аллаһ елшісі адамзаттың бойынан осы жаман әдеттерді жойып қана қоймай, оларды әдепті болуға үйретті. Адамзат мұндай ғажап адами қасиетті бұрын-соңды көрмеген болатын. Тіпті одан кейін де көрмеді. Бұған Ислам тарихынан мындаған мысал келтіруге болады. Айталық, қандай да бір мемлекет темекі тарту секілді жаман әдетке қарсы күрес жүргізіп, әкім-қаралар осы мәселеге бас қатырып, қоғамдық ұйымдар атсалысып, ғалымдар түрлі зерттеулерімен сан алуан ғылыми мәжілістер өткізіп, қаншама кітаптар

жазылып, көптеген жалынды ұрандармен темекі тартуды қойдыру жолында жұмыла кіріскенімен, бірақ нәтижесі нөл!

Хазірет Ахмет (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) тәрбиелеген жамағатқа бір қарасаңыз жетіп жатыр. Екі әлем Сардарының өсиеттері аузынан шықпай жатып қалай жүзеге асқанына таңданып, еріксіз бас шайқайсыз.

Бір оқиғаны Әнәс (р.а.) былайша жеткізеді:

«Мен Әбу Талханың үйінде ішімдік ішіп отырғандардың кеселерін толтырып, оларға қызмет көрсетіп жүрген болатынмын. Бір кезде сырттан «Абай болыңдар, ішімдік ішуге тыйым салынды», – деген дауыс естілді. Сол сәтте кеселері толылар ыдысындағыларын төкті, ішімдікке бас қойғандар аузындағысын ақтарып тастады. Содан, бөшкелерін де, көшеге төңкеріп төкті. Тіпті Мәдина көшелерінде көп күн бойы ішімдік суша ақты[4].

Жарлық бұлжытпай орындалды. Осыны көргісі келмегендерге Араб түбегін меңзеп тұрып: «Ал, қане, оның істерінің миллион да бірін істеп көріңдер», – дейміз. Ешқашан істей алмайтынын да іштей түйсінеміз.

[1] Муснәд, 5/256-257.

[2] Муснәд, 4/422.

[3] Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 131

[4] Бухари, Тәфсир, (5), 10; Муснәд, 3/217.

## Өз өмірінде іске асыру

**Екіншісі:** Мұхаммед аләйһиссәләмнің сөзі мен ісі және жүріс-тұрысы өзі насихаттаған ақиқатқа толықтай дәлме-дәл сәйкес болды. Ол адамға күдік тастайтын қайшылыққа жол берген емес. Насихаттағандарын алдымен өзі іс жүзінде көрсететін. Сондықтан да, оны білетін адамдар басқа бір дәлелге жүгіріп не жүгініп жатпай, оның айтқандары арқылы Аллаһтың барлығына көз жеткізетін. Оның пайғамбар екеніне көз жеткізу үшін онымен бір-ақ рет жүздессеңіз жетіп жатыр.

Абдуллаһ ибн Рәуаха:

«Егер ол ап-анық мұғжизалармен келмеген күннің өзінде, оны көрудің өзі иман келтіруіңізге жеткілікті»[1], – деп тамаша айтқан.

Оны мойындап, ғашық болғандар, «Уа, Аллаһтың елшісі!» – деп үн қатқандардың барлығы – өзінен кейін әлемнің екі тізгін, бір шылбырын ұстады. Яғни, ол өзін бес-алты тақуа пенделерге ғана танытып қойған жоқ. Ілім берген адамдарының арасында Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли (р.анһум) секілді салиқалы жандар да болды. Олардың әрбірі барша адамзатты басқарып, соңынан ерте білген заңғар тұлғалар. Олардың ешқайсысы алдына келген адамға немесе кім көрінгенге бас иетін жай адамдар емес. Егер анық пайғамбар болмағанда, олардың ешқайсысы оған бағынбас еді.

«Егер перде түрілсе, яқиным (иманым) осыдан артық арта қоймас»[2] деп, иманның «хаққал-яқин» дәрежесіне жеткенін жария еткен Әли (р.а.) секілді адам оны Хақ пайғамбар ретінде мойындап жатса, мұның өзі өз алдына бөлек, дара, айрықша дәлел бола алады.

Оның әр қимыл-қозғалысы Аллаһты еске түсіретін. Абдуллаһ ибн Сәләм секілді яһуди ғалымы оны бір-ақ рет көріп: «Бұл жүзде ешқандай жалған жоқ. Мұндай нұрлы жүз иесі тек анық пайғамбарда ғана кездеседі», – деп иман еткен[3].

Оған бір назар салудың өзі екі әлем Сардарының пайғамбарлығын мойындауға жеткілікті. Өмірін басқалар үшін сарп еткен, оларға ақиқатты жеткізу үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеген адамдар Аллаһқа мойынсұнып, пайғамбарды мойындаудың қаншалықты қиын екенін жақсы біледі. Өйткені осы жандардың көпшілігі өмір бойы қанша тырысқанымен, саусақтың санына да толмайтын адамдардың жан-дүниесіне дендей алмай жатады. Алайда Аллаһ елшісі жатқан бір ғибрат емес пе! Дәл қазір бір миллиардтан астам халықтың ыстық ықыласына

бөленген рақым иесінен өзге кім бар екен? Күніне бес уақыт күллі әлемді жаңғыртып, есімі мұнаралардан қайталанатын басқа кім бар? Барша адамзат күнде бір емес, бірнеше рет оған деген адалдығын әлемге паш етуде. Шындығында, барлық қиыншылық пен кедергілерге қарамастан, Мұхаммед алейһиссәләмнің адамдардың көңіл сарайларына алтын тақ орнатуы жалғасын тауып жатыр. Өйткені ол халыққа уағыздағанын әуелі өз өмірімен көрсетіп кеткен. Сол үшін де әрбір сөзі халықтың жүрегіне жетіп, ел сеніміне бөленді.

Адамдарды Аллаһқа құлшылық етуге шақырған кезде қалай терең құлшылық етуді алдымен өзі көрсететін.

Айша анамыз (р.анһа) Пайғамбарымыз жайлы:

«Бір күні маған: «Айша, рұқсат бересің бе? Бұл түні Раббыммен бірге болайын», – деді де намазға тұрды», – деп еске алады.

«Сол түні таңға дейін «Шәксіз, көктер мен жердің жаратылуында түн мен күндіздің өзгеруінде, әлбетте, ақыл иелері үшін дәлелдер бар...» (Али-Имран, 3/190) аятын күбірлеп, намаз оқыды. Намаз кезінде бетін жас жуып кетті. Көз жасын тия алмай, ұзақ оқыды. Тіпті жайнамазы сығып алардай су болды»[4].

Ол аяқтары ісінгенге дейін намаз оқитын...

Бір күні оған өткен-кеткен барлық күнәларының кешірілгенін еске түсіріп: «Өзіңді неге сонша қинайсың?» – деп сұрағанда, ол: «Раббыма шүкір еткен құл болмайын ба?» – деп жауап берген еді[5]. Оған шүкір есігі айқара ашылып, мұншама күш-жігер жұмсалғаны содан.

Айша анамыз мына бір оқиғаны да айтады:

«Түннің бір уағында оянып кеттім. Аллаһ елшісінің жанымда жоқ екенін білген кезде, «басқа жарларына кетті ме екен» деген қызғаныш пайда болды. Содан төсектен тұра бергенім сол еді, қолым аяғына тиді. Анықтап қарағанымда, оның сәждеде екенін аңғарып, сөздеріне құлақ салдым. Ол былай деп дұға оқып жатқан еді: (Раббым! Сен барша кемшіліктерден пәксің, саған шүкір етемін, Сенен басқа Тәңір жоқ[6].)

Ол қаласа патшадай шалқып өмір сүрер еді. Негізінде, мұндай ғұмыр оған (дағуасынан бас тартпау шартымен) Меккеде өмір сүрген кезінде ұсынылған. Бірақ ол дағуасы үшін қиындыққа толы ғұмырды рақат ғұмырдан артық көрген[7]. Ол бір күн аш қалып жалбарынған, бір күн тоқ болып шүкір еткен және құл пайғамбарлықты патша пайғамбарлықтан артық санап, Хаққа адал да тұрақты болған жан[8].

Омар (р.а.) да, шынтуайтында, өте жұпыны өмір сүрген. Бірақ Аллаһ елшісінің өмірі сүйікті сахабаның да жанарын еріксіз жасаурататын.

Бір күні Пайғамбарымыздың: «Омар, неге жылайсың?» – деген сұрағына ол: «Пайғамбарым, дәл қазір әміршілер құс төсектерде жатқанда, сен ши үстінде ұйықтайсың. Ши, әне, денеңе батып із тастапты. Алайда, сен Аллаһтың елшісісің. Рақат өмірге бәрінен де лайықсың!» – деп жауап береді. Сонда Рақым Пайғамбар: «Омар, дүние олардікі, ақырет біздікі болуына риза емессің бе?» – деді[9].

Иә, дүниенің тізгіні мұсылмандардың қолында болуы тиіс. Мұны елден бұрын Пайғамбарымыздың өзі қалаған. Бірақ, ол өзінің жеке тіршілігінде қарапайым өмір сүрді. Анығырақ айтсақ, ол өзі емес, өзгелердің бақытты өмір сүруіне жағдай жасайтын. Рақымның барлық адамның жан-сарайына еніп, жүректердің төрінен тақ орнатуының сыры да осында жатқан жоқ па?!

Тәблиғ міндетін мойнына алғандар үшін Аллаһ расулының мінез-құлығы мен іс-әрекетінің берер тағлымы мол. Басқаға әсер етудің, жүрек төрінен орын алудың жалғыз шарты – Аллаһ елшісіне ұқсап бағу, сөзің мен ісіңді ұштастыру.

Біреуге Аллаһтан қорқып, тәубаға келуді насихаттағың келсе, ең әуелі өзің түнде тұрып, жайнамазың су болғанша көз жасыңды төккенің абзал. Міне, сол кезде күндіз айтқан сөздерің өзіңді де таңғалдырып, әсері болғанын байқайсың. Болмаса, «Істемеген нәрселеріңді неге айтасындар?» (Саф, 61/2) аятында ескертілгендей, ешқашан жүректерге жол таба алмайсың...

[1] Саид Хаууа, әр-Расул, 1/19; басқа риуаят үшін қараңыз: Ибн Хажәр, Исабә, 2/307.

[2] Али'ул-Кари, әл-Әсрар'ул-Мерфуа, 286.

[3] Ибн Хишам, Сирә, 2/163-164

[4] Ибн Касир, Сира, 2/163-164

[5] Бухари, Тәһәжжуд, 6; Муслим, Мунафиқин, 81.

[6] Муслим, Салат, 223; Әбу Дәууд, Салат, 148, Уитр, 5.

[7] Ибн Кәсир, әл-Бидәйа, 3/80.

[8] Муснад, 2/231; Кәнзу'л-ммал, 7/191; Мәжмау'з-Зәуә'ид, 9/19-20.

[9] Бухари, Тәфсир (66), 2; Муслим, Талақ, 31



## Қайтарым күтпеу

**Үшіншісі:** Аллаһ елшісі осы дүниеде не ақыретте қандай да бір сый алу немесе игілікке кенелу үшін міндетін атқарған жоқ. Бұл – оның пайғамбарлығының және бір дәлелі. Осылай әрекет ету пайғамбарлық мінезден келіп шығады. Өзінен кейін осы мінез арқылы әрекет еткендерге келсек, нағыз тәблиғшы әрі дағуа ізбасарлары – солар. Құран ешкімнен қарым күтпеген адамдарға ілесуді әмір етіп, «оларға ілесіңдер»[1] дегенді айтқан.

Хадишаның (р.а.) байлығы хақты жаю жолында жұмсалғанда, Аллаһ елшісі өзі үшін ешкімнен бір сабақ жіп те талап етпеді.

Пайғамбарымыздың ең жақын досы – Әбу Бәкір (р.а.) хижрәтте де ең жақын серігі болған. Сол Әбу Бәкірдің түйесін қысылтаяң шақта, ақысын төлеу шартымен ғана Пайғамбарымыз қабыл ететінін айтқан болатын[2]. Міне, осы мінезі Ақиық елшінің қаншалықты шынайылықпен әрекет еткенін дәлелдемей ме? Мұндай қиын-қыстау кездің өзінде де осындай қаперге алуға тұрмайтын елеусіз нәрсені ескерген адам ел аман, жұрт тынышта одан да қиынына үлгі болмай ма? Осы үлгі-өнегенің өзі тәблиғ иесіне жетіп жатыр.

Әбу Һурәйра (р.а.) айтады:

«Бір күні Аллаһ елшісін мешітте көрдім. Намазын отырып оқып жатыр екен. «Пайғамбарым, сырқаттанып қалдыңыз ба?», – деп сұрадым. «Жоқ, Әбу Һурәйра, ашпын. Аштықтан түрегеліп оқитын дәрменім қалмады», – деді. Тамағыма өксік кептеліп, көзіме жас үйірілді. Ол сонда мені жұбатып: «Жылама, Махшарда есеп беру қиыншылығы аш болғандарға тимейді», – деді[3].

[1] “Сізден ақы сұрамайтын кісілерге еріңдер. Олар тура жолда” Ясин, 36/21.

[2] Бухари, Буиу’, 57, Мәнақибу’л-әнсар, 45; Муснәд, 6Һ198; Ибн Кәсир, әл-Бидайа, 3/218.

[3] Әбу Нуайм, Хилиә, 7/109; Кәнзу’л-Уммал, 7/199.

## Аштық ауыртпалығы

Осыған ұқсас тағы бір мысал келтіре кетейік: Бір күні Хақ пайғамбар Әбу Бәкір (р.а.) және Омармен (р.а.) түн ортасында Мәдинаның бір қалтарысында ойламаған жерден кездесіп қалады да, бір-бірінен жөн сұрайды: «Түн жарымында сыртқа неге шықтыңыз?». Үшеуінің де жауабы бір жерден шықты: «Аштықтан»...

Иә, үшеуі де Аллаһ үшін барын беріп, енді азық боларлық бір тілім нан таба алмай дөңбекшіп, ұйықтай алмай сыртқа шыққан еді[1].

Сол заманда тәблиғтың ауыр жүгін осы қуатты қолдар көтерген. Бүгін де сол жүкті көтеруге міндетті адамдар көзді жұмып, белді буып тәуекелге баратындай күшке ие болуы тиіс.

Өз қызы Фатима жайында Аллаһ елшісі: «Фатима – менің бір бөлшегім. Оны қуантқан адамның мені де қуантқаны, оны ренжіткен адамның мені де ренжіткені», [2] – деген.

Міне, осы Фатиманың шаруашылығына жәрдемдесер ешкімі жоқ болатын. Су тасудан, диірмен тасын айналдырудан қолдарын күс басып, иықтарына жара шыққан болатын. Осыны көріп, Әли (р.а.) істер қайраны жоқ, іштей мұңайып жүрді. Бұл ауыртпалық ұзақ уақыт жалғасты.

Негізінде, оның мінезі әкесінің мінезіне тартқан. Жүріс-тұрысына дейін әкесінен айнымайтын[3].

Бір соғыста қолға түскен тұтқын мен олжаны бөліскенде, барша жұрт Пайғамбарымызға қажеттілігін айтып, жағдайына қарай үлестен алып жатқан. Фатима анамыз да барды. Бірақ әкесі үйде жоқ екен. Неге келгенін Аллаһ елшісінің зайыптарының біріне айтты да, келген ізімен кері қайтты.

Пайғамбарымыз оның келгенін ести сала дереу қызының үйіне барады. Фатима ол сәтте жатып қалған-ды. Аллаһ елшісі ішке кіргенде, төсегінен тұруға ыңғайланды. Алайда ол дереу төсектің шетіне отырды. Тіпті тізесінің суығына шейін сезді. Ол: «Қызым, Суффә[4] сахабаларын қажетті нәрселермен қамтамасыз етпей тұрып саған бір сабақ жіп те бере алмаймын. Бірақ бұдан да қайырлы істі үйретейін. Жатарыңда 33 рет Субһаналлаһ, 33 рет Әлһамдулиллаһ және 33 рет (Бір риуаятта 34) Аллаһу-әкбар де. Бұл ақыретің үшін сенің сұрағандарыңнан әлдеқайда қайырлы», [5] – деді.

Бірде Аллаһ елшісі Фатиманың қолынан білезік көрді: «Қызым, адамдар Пайғамбардың қызы білегінде жәһәннамнан бір шығырық тағып жүр деп айтқанын қалайсың ба? Дереу оны шығар», – деді.

Фатима (р.а.) сол білезікке бір құл сатып алып, оны Аллаһ үшін азат етті. Кейін осы жайды әкесіне айтқанда, Аллаһ елшісінің қуанышында шек болмады! [6]

Сондай-ақ, Аллаһ елшісі ақиқатқа өзі үндеген жұртынан еш нәрсе талап етпеуімен қатар, олардан көрген зорлық-зомбылыққа да төзуге мәжбүр болды. Талай рет үсті-басы шаң-топыраққа көмілген кезде, Фатимадан басқа ешкім көмек қолын созбады. Сан рет жүрер жолына тікен шашылып, мүбәрак аяқтары қанға боялды.

Бір күні Қағбада намаз оқып жатқанда, мүшріктер айналасын қаумалап, жан-жағынан жұлқылай бастайды. Сол маңда жүрген Әбу Бәкір (р.а.) дереу көмекке ұмтылып: «Раббым – Аллаһ» дегені үшін өлтіресіңдер ме?» – деп, Аллаһ елшісіне араша түсті [7]. Осындай жайлар жиі қайталанатын. Бірақ көрген жәбірі мен шеккен азабы оған бөгет болған жоқ. Ол: «Жылама, қызым, Аллаһ әкенді далаға тастамайды», [8] – дейтін. Аллаһ оған миллиондаған жанның жүрегінің төрінен мәңгілік орын әперді.

Сөзімізді қорытындыласақ, қозғаған мәселеміз – пайғамбарлардың жаратылу мақсаты. Олар тәблиғ үшін жаратылған. Біз осы міндетті тек жауапкершілік түрінде орындасақ, Пайғамбарлар оны жаратылыс мақсаты ретінде жүзеге асыратын.

Біз осы тақырыпқа талдау жасағанда, Аллаһ елшісінің әкелген нұрлы хабарларынан «Мұхаммед – Аллаһтың елшісі» деген жазуды былайғы жұртқа көрсетуге тырыстық. Тәблиғында қолданған тәсілдер оның Аллаһтың елшісі екендігін айқындап, өзінен кейінгі ізбасарларға адаспайтын жол болатынын айтуға ұмтылды. Біз Аллаһ елшісінің дінді айтып жеткізудегі тәсіліне жүгінбесек, жетістікке жетуіміз мүмкін емес. Мұның мүмкін еместігі тәжірибе жүзінде көрсеткен мыңдаған оқиғалар бар. Жол көрсетуші мен имам болуды қалағандар осы жолдың мәңгілік имамы хазірет Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) қалтқысыз бағынуы керек. Ол – нағыз сардар. Салған жолы да нағыз һидаят жолы. Хабарды өз жанынан шығарған емес. Оның айтқандары ақиқаттың нақ өзі – иләһи уахи болатын [9].

- [1] Муслим, Әшриба, 140; Тирмизи, Зухд, 39; Кәңз'л-Уммал, 7/196.  
[2] Бухари, Фәда'илу'л-Асхаб, 12,16; Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 93-94.  
[3] Бухари, Мәнакиб, 25; Муслим, Фәда'илу'с-Сахабә, 98-99.  
[4] Пайғамбарымыздың мешітімен қатар орналасқан үйде өмір сүріп, көбінесе оның жанында болып, келген уахиларды жазып, Құран, хадис үйренетін арнайы адамдар (ауд).  
[5] Бухари, Фәда'илу'л-асхаб, 9, Муслим, Зикр, 80-81; Әбу Дәууд, Әдәб, 100  
[6] Нәсә'и, Зинә, 39; Муснәд, 5/278.  
[7] Бухари, Фәда'илу'л-Асхаб, 5; Муснәд, 2/204.  
[8] Мәжмау'з-Зәуә'ид, 6/21.  
[9] Қараңыз: нәжм сүресі 53/3-4

## ФӘТӘНАТ

Фәтәнәт – барша адамдардың ақыл-парасатынан асып түсу дегенге саяды. Мұны пайғамбар қисыны деп те атауға болады. Бұл қисын – сана, рух, жүрек, сезім һәм имани сезімдердің бәрін қамтиды әрі жан-жақты ойлауды білдіреді.

Фәтәнәт ақыл мен қисын ғана емес. Исламды ақыл мен қисынға ғана теліп, «Ислам – ақыл діні», «Ислам – қисын діні» деу – Исламды білмеумен қатар, үлкен қателікке бастайтын қадам. Жоқ. Ислам ақылдың да, қисынның да діні емес, ол – тікелей иләһи уахи діні.

Ислами мәселелердің ақыл мен қисынға қайшы келмеуі бұл – «Жаратқанның шексіз ілімінен келіп әрбір мәселені ақылмен растау, сонымен қоса, иләһи уахиға сүйенген парасат тұнған пайғамбар қисыны деген сөз. Яғни, пайғамбар шабыты мен пайғамбар қисыны. Бұл қисын уахиды ұғына алатындай асқан парасатпен жаратылған. Осынау қисын сезімді, ой-сананы, жүректі, имани сезімдерді және хикмет мағынасындағы пәлсапаны да қамтиды. Ол – кәдуілгі біз білетін қисыннан да жоғары тұрған қисын немесе бір сөзбен айтсақ, «Ағзам фәтәнаты».

Аллаһтан келген әр уахидың әуелі осы қисыннан орын алуы аса қажет. Бұл қажеттілік – адамдарға арналған қажеттілік. Өйткені уахи алғашқыда осы қисынға келіп, сол жерде адамдар ұға алатындай деңгейге түспесе, онда бейне бір трансформаторға соқпай тікелей берілген он мың вольт токтың алапат күшіндей көктен тікелей ағып келген иләһи уахи адамдарды сол сәтінде күйдіріп жіберер еді.

Пайғамбарлардың фәтәнаты уахидің күйдіріп жағып жіберетін метеориттерге атмосфера қызметін атқарады. Дін дегеніміз де осы. Иләһи уахи адамзат ұғына алатындай деңгейде түскен. Мұны істеген пайғамбарлыққа тән қисын, яғни фәтәнәт. Сол үшін де фәтәнәт – әр пайғамбарда болуға тиіс сипат.

Бұл – пайғамбарға тән қисын. Сондықтан оған «кеменгер» деп анықтама беру дұрыс емес. Пайғамбар қисыны барлық қисындардан әлдеқайда жоғары. Ол – фәтәнат.

Егер пайғамбарларда фәтәнат болмаса, дұшпандардың қарсылықтары мен достарының сұрақтарына бәрін қамтып, толық жауап беруі неғайбыл. Жауап бере алмаудан туған шарасыздық діннің түсініксіз болуына әкеп тіреді. Бұл тұрғыдан алғанда, дінді насихаттаудың ешқандай маңызы қалмайды, ал дін жоқ жерде адам жаратылысының мағынасы қалмайды. Кері тартатын, құрдымға құлататын қайшылыққа, кереғарлыққа жол бермес үшін пайғамбарлар таңғажайып қисынмен жарақтандырылған. Сол себепті пайғамбарларға барлық мәселелерді жаңғақша шағып, шеше алатын фәтәнат тарту етілген.

## Соңғы елшінің фәтәнаты

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) өмір сүрген дәуіріне ойша тағы бір мәрте көз жүгірткеніміз артық болмас. Бір жағынан, сахабалар өздері шеше алмаған мәселелерде Аллаһ елшісінің төрелігіне жүгінген. Сол секілді Исламға кіруді қалаған кейбір адамдардың ойындағы күмән мен күдіктерді сейілту мәселесі өз шешімін күтуде. Мұнымен қоса Аллаһ елшісін көре алмаған, «Әһли кітаптың» (христиан, яһуди) әдейі ойдан құрастырып, халық арасына жайған күмәндары да бар еді. Осы мәселелердің бәрін шешіп, сұрақтарға дұрыс та нақты жауап беру тек пайғамбар қисыны, яғни, фәтәнаты арқылы іске аса алады.

Пайғамбарымыздың әмірлері мен насихаттарын тыңдаған адамдардың дәрежесі әр түрлі. Олардың бір бөлігі – дін адамдары. Өзінің және басқалардың рухына терең бойлаған осы адамдар діни ілімдерде жоқ дегенде білдей бір маман болып, өз салаларын терең меңгерген жандар. Тыңдаушыларының бір бөлігі хикмет іліміне басы бүтін беріліп, бейне бір қисын мен санамен біте қайнасып кеткендей еді. Сол сияқты олардың ішінде сауда мен экономиканы терең меңгерген, майдан алаңында жетіліп, соғыс стратегиясын терең игерген қолбасшылар, саяси көсемдер, тіпті мәдениеті төмен бәдәуилер де бар. Олардың бәрінің өздеріне тән сұрақтары болатын. Аллаһ елшісі бәдәуилерден бастап, ең заңғар тұлғаларға дейін барлығы түсіне алатындай тілде сөйлеуі тиіс. Бұл сөз әлемдік діннің ерекшеліктерінің бірі болып, қияметке дейін өз қадірін жоғалтпауы қажет...

Адам – сөйлейтін, ойлайтын болмыс. Бұл жағынан да Аллаһтың бір сипатын бейнелейді. «Тіл қаруы сөз, ой қаруы тіл» демекші ой сөйлемге айналып, хатқа түскенде ғана сақталады. Айтылмаған, жазылмаған ойлар ұмыт болып иесімен бірге фәни топыраққа көміліп кете бармақ. Ойлау қабілеті – Аллаһтың адамдарға тарту еткен үлкен таралғысы, сөйлеу арқылы ойын жеткізу де дәл сондай сый. Сондықтан да Құран Кәрім Аллаһтың рақымдылығын білдіру үшін адамның жаратылуы туралы айта келе оған сөйлеу қабілетінің берілгенін еске салады: «Аллаһ адамға баянды үйретті» (Рахман, 55/4), – дейді. Адам атадан (а.с.) бері адамдар ойлауда, сөйлеуде және қияметке дейін осы қабілеттерін қолданатын болады. Бұл да Жаратқанның шексіз рақымдылығының бір белгісі. Міне, сол рақымдылыққа, әсіресе пайғамбарлар ерекше бөленді. Олардың арасында ең жоғары дәрежеге ие – хазірет Мұхаммед алейһиссәләм. Пайғамбарлардың, хазірет Ахметтің (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) осы маңызды ерекшеліктерін фәтәнат арқылы ғана түсіндіруге болады.

Әр пайғамбардың сана-сезімі аса жоғары. Олар адамдарға ақиқатты жеткізудің қыр-сырын жақсы білетін тәблиғ майталманы. Ең қиын да күрделі мәселелердің өзін майдан қыл суырғандай оңай шешеді. Жеңіл, жатық тілмен түсіндіреді. Барлық баяны «сәһли-мумтәни». Яғни, оның сөзін тыңдағандар ол сияқты сөйлей аламын деп ойлайды, бірақ жеме-жемге келгенде қолынан келмейтінін аңғарады. Өйткені, аса күрделі мәселелерді айтып түсіндіруді Аллаһ оларға жеңілдеткен.

Иә, Пайғамбарлар – сөз зергерлері. Олар қолданатын айшықты теңеулер ешкімнің қолынан келген емес.

Пайғамбардың алдында қозғалған әрбір мәселе сөзсіз шешімін табатын еді. Ол мәселе қаншалықты қиын болса да, Пайғамбар сол тақырыптың бейне бір қырық жылдық маманы секілді сөйлейді. Сондықтан да, Бернард Шоу Аллаһ елшісі жайлы:

«Шешімін күткен мәселелер тау-тау боп жиылып қалған қазіргі таңда күрмеуі күрделі мәселелерді кофе ішіп отырғандай қиналмай, еркін шешкен хазірет Мұхаммедке басқа дәуірлерге қарағанда біз қазір ең көп мұқтажбыз..» – деп ағынан жарылды.

Ғасырымызда көптен бері өз шешімін күткен экономикалық, қоғамдық әрі саяси мәселелер бар. Жалпы адамзат Аллаһ елшісінің мөп-мөлдір баян-бұлағынан сусындамай тұрып, осы проблемаларды шеше алмайтынын аңғарды.

Оның фәтәнаты жайында айтылатын сөз көп. Жазылса үлкен кітап болар еді. Біз бұлардың бір-екеуін ғана айтып, осы шет-шегі жоқ тақырыпты қорытындылайық.

Мұсылман үмбетінің «фақиһы» аталған ең білгір ғалым Абдуллаһ ибн Аббас: «Адамдардың ең парасаттысы әрі ең ардақтысы біздің пайғамбарымыз – Мұхаммед алейһиссәләм», – дейді.

Тәурәт пен Інжілді терең білген «табиғин» ғалымдарының бірі Уәһб ибн Мунәббих те Аллаһ елшісі фәтәнатының өзгешелігі жайлы:

«Аллаһ елшісінің санасы мен фәтәнатының жанында барлық адамдардың санасы сахарадағы тау-тау құмның ішінде бір түйір құм тәрізді», – деп түйіндеген[1].

[1] Қаді Иад, Шифа, 1/67; Әбу На’им, Хилиә, 4/26.



## Кейбір мысалдар

### Қағбаның жөнделуі

Қараңғылық адамы бүліктің бел баласы тәрізді. Олардың міндеттері мен жаратылыс мақсаттары бейне бір бүлік шығару іспетті. Үш адамның басы қосылса, сөзсіз сол жерден бүлік шығатын. Міне, осы адамдарды бір жерге топтастырып, күллі әлемге, исі адамзатқа ұстаз ретінде тәрбиелеп шығару – тек Аллаһ елшісіне тән мұғжиза. Осылардың бәрін ол фәтәнаты арқылы жүзеге асырды.

Қағба Пайғамбарымызға пайғамбарлық міндеті берілуге жақын жылдарда жөнделді. Қағба жөнделіп, кезек «Хажәрул-әсуәдты» (қара тас) орнына қоюға келгенде, рулар арасында талас шықты. Әркім осы абыройға өзі ие болып қалғысы келді. Сол кезде Аллаһ елшісіне әлі пайғамбарлық міндет беріле қоймаған. Мұнымен қатар, осы міндет әлі толықсып жеміс бере қоймаса да, оның рухында түйін тастаған ұлы міндет бүр жарып келе жатты. Алайда оның бүршік ату сәті көгілдір көктемді күтті. Қылыштар қынынан суырылып, қорамсаққа қол салынып, егер бір шарасы табылмаса, қанша жылға созылатынын, қанша адамның опат болатынын болжау қиын соғыс өртіне шақ қалған еді. Осындай сын сағатта біреу тығырықтан шығар жол тауып кетті: «Қағбаның мына есігінен алғаш кірген адамның төрелігіне жүгінейік. Ол не десе, соған көнейік», – деді.

Бұл ұсынысты бәрі мақұл көрді. Барлығы демдерін іштеріне алып, соңы не болар екен, табалдырықтан кім бірінші боп аттар екен деп тағатсызданды. Дәл сол кезде алғаш көрінген адам – хазірет Мұхаммед Мұстафа. Тұрғандар: «әл-Әмин» келе жатыр, – десті. Сосын жағдайдың мән-жайын оған мәлім етеді. Аллаһ елшісі ойланып жатпады. Дереву «Үлкендеу мата әкеліңдер», – деді. Іле «Хажарул-әсуәд» осы матаның ішіне салынып, әр рудың үлкендері матаның бір шетінен ұстап, қойылатын жерге дейін апарды. Аллаһ елшісі сол жерден тасты өзі алып, орнына қойды[1]. Осылайша, сыздауықтай жарылғалы тұрған ішкі соғыстың алдын алды.

Арты шиеленіске соқтыра жаздаған, ширыққан мәселені сары майдан қыл суырғандай оңай шешуін пайғамбар қисыны демей не деуге болады? Уахimen түсіндіретіндей ол кезде пайғамбар бола қоймаған. Бұл – пайғамбарлық биік парасат қана еді. Сондықтан кез келген мәселені оп-оңай шешкен. Онда қисыннан да жоғары қисын, ойдан да жоғары ой, санадан да жоғары сана бар. Негізінде, Құранға жауапты адамға бұл шарт болатын.

## Тыңдаушысын тануы

Құсайын Әбу Имран бірде Аллаһ елшісінің алдына келеді. Ниеті – ақыл-кеңес беру. Аллаһ елшісін көндіріп, дағуасынан бас тартқызбақ еді. Екі әлем Сардары тыңдаушысын тану мен оның дәрежесінің қандай екенін анықтауда мұғжизалық ерекшелікке ие. Ойламаған жерден тыңдаушысына ұнап, оны сөзімен өзіне баурап алатын. Әдетте адамдардың ой-ниеті, қылығы, таным-түйсігі мен мінез-құлқы әр түрлі, әр деңгейде болғандықтан, олардың бәрінің талғамынан шығып, көңілін табу қиын мәселе. Ал, Пайғамбарымыз кез келген адаммен тіл табысып, шүйіркелесе кететін бауырмал әрі ақжарқын адам болатын. Қажетті сөзді айтуда, тыңдаушысының дәрежесі мен жағдайын анықтауға келгенде, Аллаһ елшісіне теңдесер ешкім жоқ. Оған ұқсас адамды табу мүмкін емес. Кіммен қай жерде, қалай сөйлесетінін бірден біле қоятын. Сөздерінде мақсатсыз, керексіз нәрсе болмайтын. Оның сөзіне жіті үңілсеңіз де, артық сөз таба алмайсыз. Бұл фәтәнат емей не енді?

Құсайын айтарын айтып біткенде, Аллаһ елшісі байыппен сөзге тартты:

– Құсайын, сен қанша құдайға құлшылық етесің?

– Жетеуі – жерде, біреуі – көкте, барлығы сегіз құдай.

Көкте дегендері – жүректерінен өшіре алмаған Аллаһ. Аллаһ түсінігі – ар-ождандарда тамыр жайған сенім. Оны тіпті сол бір аш ішекше созылған қараңғылық дәуірі де өшіре алмаған. Ар-ождан жалған сөйлемейді. Тек тіл ар-ожданның үнін дұрыс аударып жеткізе алса болғаны. Аллаһ елшісімен Құсайынның арасындағы әңгіме былайша өрбіді:

– Басыңа бір қиыншылық келе қалса, кімге жалбарынасың?

– Көктегіге.

– Малыңа жұт келсе, кімге жалбарынасың?

– Көктегіге.

Аллаһ елшісінің қойған сұрақтарына Құсайынның барлық жауабы бірдей шықты. Ол не сұраса да, Құсайын «көктегіге» деп жауап берді. Екі әлем Сардарының не дегелі отырғанынан бейхабар. Аллаһ елшісі соңғы рет:

– Ол сенің дұғаларыңа жалғыз өзі жауап береді, ал сен болсаң Оған ешқандай керегі жоқ ортақ қосасың! Менің халыққа уағыздап жүргенімнің өзі осы. Исламды қабылда, ақыреттің азабынан құтыл! [2] – деді.

Сөздері өте қарапайым. Бірақ тыңдаушысының жағдайы мен ақыл өрісін дөп басып білген. Құсайын осы сөзден кейін ләм дей алмады. Аллаһ елшісінің соңғы сөзінен тыңдаушысына: – «Ләә иләһә илл-лаллаһ Мухаммадур-Расулуллаһ» деп айтудан басқа жол қалмады. Тыңдаушы не осы сөйлемді айтып мәңгілік азаттыққа жетеді, не қасарысуын жалғастырып, ләм-мим демей қайтып кетеді. Басқа жолды тандауы мүмкін емес.

## Әркіммен оның түсінік деңгейіне қарай сөйлесуі

«Бәдәуи» – шөлде өмір сүретін адам. Олар жиі түйесін жоғалтады, заттарын әр жерде ұмытып кетеді немесе құмды дауылға тап болғанда үрейленеді. Мұндай адамдардың ішкі күйі қандай жағдайда жүреді, ойланып көріңіз. Қатты қысылғанда аузынан қандай сөз шығады? Сірә, Хамзаның (р.а.) келіп Пайғамбарымызға айтқанынан асырып ештеңе айта қоймас. Баһадур Хамза (р.а.) мұсылман боларда Аллаһ елшісіне: «Уа, Мұхаммед! Шөлдің тас түнегіне тап болғанымда барып түсіндім, Аллаһ төрт қабырға арасына сыймайтындай ұлы екен»,– деп тебіренген еді.

Иә, Латтың, Уззаның, Хубәлдің[3] түкке тұрғысыз, жарамсыз екенін аңғарған әркім дәл осы сөзді айтады. Өйткені жансарайларында осы ақиқатты паш ететін ар-ождан бар. Ар-ождан қашан да шындықты айтады. Аллаһ елшісінің (с.а.у) алдына ұнжырғасы түсіп келген қаншама адам өздерін мазалаған сұрақтарына жан дүниесіне жылу мен жарық сыйлайтын жауап алып, тура жол тауып, көктегі самсаған жұлдыздардың біріне айналып кетіп жатты[4].

Ахмад ибн Ханбәл Әбу Тәммимәдан (р.а.) риуаят етеді: «Пайғамбарымыздың алдында отыр едік. Бір бәдәуи кіріп келді. Тіке Аллаһ елшісіне қарап: «Сен Мұхаммедсің бе?» – деді. Аллаһ елшісі байсалды қалпымен: «Иә, мен Мұхаммедпін»,– деп жауап қайырды.

– Неге үгіттейсің?

– Аса ұлы әрі құдіретті Аллаһ тағалаға сенуге үгіттеймін. Жаратушының жалғыз екендігіне, басқаға сыйынбауға. Өзің ойлап қарашы, басыңа бір іс түссе, кімге жалбарынасың? Аллаһ тағалаға жалбарынбайсың ба? Неге? Өйткені сені қиыншылықтан құтқаратын Сол. Қуаңшылыққа тап болып, көмек тілегенде көктен жаңбыр жаудырып, жерге от бітіретін де сол. Шегі жоқ шөл далада қандай да бір затыңды жоғалтып алып, қол жайып, жалбарынғанда, жоғалтқан нәрсеңді табуыңа көмектесетін де Аллаһ тағала емес пе?

Бәдәуиге айтылған осы сөздер неткен ғажап! Айтылғандар бәдәуидің жанына жақын тиді. Қуаңшылық, қиыншылық дейсің бе, ұшы-қиыры шөлде көрген ауыртпалық дейсің бе, осындай мың бір бәленің ортасында жүрген бәдәуиге барлық осы басқа түскен жағдайларда жалғыз сиынатын, сүйеніші болатын бір шексіз Құдірет жайында айтылуда. Негізінен бәдәуи іштей осыны түсінетін, бірақ мәнін толық түсіне бермейтін. Аллаһ елшісі осылайша оның жан сарайындағы үнінің мәнін айқындап, ақиқатты түсіндіріп берді. Сол себепті де, айтқаны бәдәуиге айрықша әсер етіп, оны жіпсіз матап тастады. Бәдәуидің:

«Аллаһтың елшісі, әкел қолыңды, саған бият[5] етейін!»[6] – деуден басқа сөзі қалмады. Айтар уәжі таусылып, серт беріп, сахаба болу абыройына жетеді. Былай қарасаң, айтылған сөздері өте қарапайым, шешендік пен көркемдік те жоқ секілді. Бірақ сөзінде шындық бар. Сол шындық оның жан-дүниесімен үндесіп, жылдар бойы өзіне не жетпейтінін білмей, алыстан арып-ашып келген бәдәуидің іздегені алдынан шығып, көңілі орнығады.

Тас жүрек адамдардан періштедей бір қауым ел шығару жер бетінде хазірет Мұхаммед алейһиссәләмнан басқа кімге нәсіп болған? Ол Аллаһтың берген барлық мүмкіндіктерін өте шебер қолданды. Сондықтан оның аз уақыт ішінде мұндай ұлы істерді қалай үлгеріп, орындап кеткені – әлі күнге дейін тарихшылар мен социологтардың түсіне алмаған жұмбағы. Аллаһ елшісінің өмір дариясына жіберген асыл тастарынан пайда болған толқындар легі осынау жиырмасыншы ғасырдың жағалауына жетіп, жартастан бой асыруда. Ол бастаған істің қияметке дейін жалғаса беретініне күмән жоқ. Бүгін әлемнің түкпір-түкпірінде көзі ашық жандар көкірегіне сәуле құйылып, Исламға топ-тобымен кіріп жатыр. Әсері ғасырларға желкен керген қасиетті тартылыс күші одан басқа кімге лайық? Мұхаммед алейһиссәләмнан басқа мұндай тартылыс күшке ие болған адам бар ма? Жоқ! Ешқашан болуы да мүмкін емес.

Хақ пайғамбар – әлем мен заманның қайталанбас дара тұлғасы.

### **Хүнәйінде мұхажир мен ансарға айтқаны**

Сұңғыла адамның өзі күтпеген қиындықтан не істерін білмей, шақшадай басы шарадай болатын сәтте Пайғамбарлар Сұлтаны абыржымай немесе әбігерге түспей, тығырықтан жол тауып кететін. Сөзі мен ісін мұқият барлап қарағанда, оның әрбір әрекеті, әр қадамы таразының екі басындай тең түсіп жатады. Неге кіріссе де, нені қолға алса да, іс-әрекетін бір секунд артық та емес, кем де емес, дер уақытында жүзеге асыратын ғажап дәлдігі де қайран қалдырады. Осындай күрмеуі қиын түйткілді жағдайда бір сәт кешіксе немесе қажет сөздердің біреуін айтпай қалса, мұншалықты табысқа қол жеткізе алмас еді. Бір қызығы, Аллаһ елшісінің ұзақ уақыт ойланып-толғанып жатуға да мұршасы болмаған. Мұның бәрі оның ағзам фәтәнатқа ие болуының жемісі. Ол – пайғамбар болатын. Оның ойы пайғамбарлық қисыннан өрбитін. Әр қадамын пайғамбарлық қимылмен басатын. Сондықтан да іс-қимылында ешқандай қателік кездеспеді. Табысы әрқашан биікте. Басқа жанның оның шыққан шыңына жетуі әсте мүмкін емес. Бұған қатысты мың-сан мысал бар. Соның ең маңыздысының біріне тоқталайық.

Бұл оқиға Хунәйн соғысынан кейін болды. Ибн Исхақ жеткізген осы риуаятты Бухариден де көреміз.

Хунәйн соғысы Мекке алынған соң болды. Аллаһ елшісі қолға түскен олжаның біразын кейбір адамдарға олардың жүректерін Исламға жылыту, жібіту үшін берді. Басым көпшілігі ру арасында дүйім жұртты аузына қаратқан беделді, абыройлы адамдар. Мекке алынғаннан кейін олардың жаңа дінге бой үйретіп, адалдықтарын сақтап қалу үшін белгілі бір уақыт қажет еді. Көпшілігінің еріксіз мұсылман болған жайы бар. Сондықтан олардың ішіне қатқан мұзды жайлап ерітпесең, ертең күпірлік кезіндегісінен бетер қауіпті жауға айналуы ықтимал. Осы жағынан да Аллаһ елшісінің фәтәнаты анық көрінеді.

Сол күні 6000 тұтқын бар-тын. Алынған түйелердің саны – 24000; қой-ешкілердің саны – 40000; мұнымен қоса 4000 оққа (Оққа 1.248 кг.-ға тең салмақ өлшемі) салмағында алтын мен күміс бар[7].

Олжаны таратқан кезде, Аллаһ елшісі меккеліктердің көңілін табу үшін оларға көбірек ұстатып, осы қаланың тұрғындарына айрықша ықылас танытқан түр көрсетті. Жоғарыда айтып өткеніміздей, олардың дінге оң қабақ танытуы Ислам үшін аса маңызды әрі олар үлкен пайдасы тиетін аса қажет ықпалды адамдар болатын. Мысалы, Әбу Суфиянның отбасына 300 түйе, 120 оққа күміс; Хаким ибн Хизамға 200 түйе, Нусайр ибн әл-Харисәға 100 түйе; Қайс ибн Адиге 100 түйе; Сафуан ибн Уммәйяға 100 түйе; Хууайтиб ибн Абдилузаға 100 түйе; Акра ибн Хабиске 100 түйе; Уяәйнә ибн Хиснға 100 түйе және Мәлик ибн Ауфқа да 100 түйе берілген еді. Бұлардан басқа кейбір үлкендерге жағдайына қарай елуден, қырықтан түйе берді[8].

Берілгені – түйе, алтын, күміс. Бірақ қорғағысы келгені – дін, жекелеген жандардың жүрегін Исламға бұру. Мекке кеше ғана алынғандықтан, жергілікті тұрғындардың кейбірі бұл жаңа жағдайға көндіге қоймаған болатын. Жеңілгендеріне намыстанды. Ал, ар-намыс – меккеліктердің бірінші орынға қоятын, аса қадір тұтатын басты қасиеті. Аллаһтың осы мүмкіндігін Аллаһ елшісі мейлінше пайдаланып, олардың жаралы жанын осылай емдеді. Бірақ ансардың жастары өздеріне тиген үлесті азсынып, кейбіреулері: «Әлі қандары қылышымыздан тамшылап тұр. Сөйте тұра, ең үлкен үлесті де солар алып жатыр», – деп наразылық танытты.

Бұл бір бүліктің нышаны еді.

Мұны бірен-саран адам айтты. Алайда, оны қанша адамның айтқаны маңызды емес. Маңыздысы – бой бермей кететін өртке айналмай тұрғанда дереу алдын алу.

Әрі Аллаһ елшісіне титтей де қарсылық білдіру адамды діннен, иманнан шығарып, мәңгілік қасіретке душар етеді. Бұл – бүліктен де ауыр қасірет.

Са'д ибн Убадә болған жайды Аллаһ елшісіне шұғыл жеткізді. Бұл мәселенің шетін қылтитқан жастар жағы болатын. Үлкендердің қаперіне мұндай нәрсе кіріп те шықпаған. Бірақ бүліктің алдын алмаса, іс насырға шабуы ықтимал.

Аллаһ елшісі дереу ансардың бір жерге жиналуын, араларында өзге біреулердің болмауын әмір етті. Ансардың бас-аяғы жиналған кезде, Хақ пайғамбар:

«Уа, ансар халқы! Естуімше, жүректерінде маған деген салқындық пайда болыпты»,– деп сөз бастады.

Сөзін осылай бастағанда ғана дүйім жұрттың психологиясына әсері күшті болады. Өйткені басым көпшілігі не үшін жиылғанынан хабарсыз болғандықтан, осылай басталған сөз оларға оқыс тиген шапалақтай әсер етіп, естерін бірден жиып алды. Задында, сахабалар Аллаһ елшісіне қарсылық көрсетпек тұрмақ, қабақ шытқан емес. Көп болса, жүректерінде кірбің пайда болуы мүмкін. Оны екі әлем Сардары алысқа ұзатпай, пайғамбарлық парасатымен тарқатып отыратын. Айтқандай–ақ, алғашқы сөз ә дегеннен–ақ әсер етті. Бәрі көздерін одан алмай қарап қалыпты. Келесі сөз маңызды. Барлығы зейін қойып, не айтар екен деп күтті. Аллаһ елшісінің алғашқы сөзі нысанасына дөп тиюін тиді, алайда, осы әсердің табы суымай тұрғанда әрі шеге нық қағылуы үшін оттай қарып түсетін сөздер айтуы тиіс. Екінші сөзі нысанаға дәл тимесе, жағдай одан бетер өршіп кетуі мүмкін.

Аллаһ елшісі сөзін былай жалғастырды:

«Мен келгенде, сендер адасқан ел емес пе едіңдер? Аллаһ мен арқылы сендерді һидаятқа (тура жол) жеткізбеді ме?».

«Мен келгенде, сендер жоқшылықтың зардабын тартып жүрген жоқ па едіңдер? Аллаһ мен арқылы сендерді молшылыққа кенелтпеді ме?».

«Мен келгенде, сендер бір-бірлеріңе жау емес пе едіңдер?».

Пайғамбарымыз әр демін алған сайын ансарлардың: «Иә, иә, алғыс Аллаһ пен елшісіне!» деген даусы жер-көкті жаңғыртып жатты.

Пайғамбарымыз сөзін дер уақытында басқа арнаға бұрды. Олардың сезіміне қозғау салған соң, ансар атынан өзі сөйледі. Олардың ішінде наразылыққа толы



сөздер кездесуі ықтимал. Сол сөздерді де Аллаһ елшісінің өзі айтты. Мұсылман өз пайғамбарына қарсы сөз айтса, ауыр азапқа тап болар еді. Екі әлем Сардары сөзін былай жалғастырды:

«Уа, ансар халқы! Қаласандар, маған басқаша жауап бере алатын едіңдер. Мысалы былай дей алар едіңдер: Меккеден қолдау таппай бізге келген едің, біз саған еріп сенім білдірдік, тәрк етіліп келген едің, біз саған қорған болдық. Жеріңнен қуылып келген едің, біз саған төрімізден орын бердік. Маған осылай жауап қайтарғандарыңда, тура сөйлеген болар едіңдер. Сендерге уәж айта алмас едім.

Уа, ансар халқы! Мұсылман болсын деп, кейбір адамдарға әжептеуір дүние бергенім үшін маған өкпе артсаңдар, әркім үйіне түйемен, қоймен қайтып бара жатқанда, сендер үйлеріңе Аллаһ елшісімен қайтуды қаламайсыңдар ма? Жанымды құдіретті уысында ұстаған Аллаһқа ант етейін, адамдардың бәрі бір жаққа кетіп, ал ансар басқа бағытқа бет түзесе, мен еш ойланып жатпай, ансардың артынан кетер едім. Егер хижрәт мәселесі болмаса, өзім ансардың бірі болуды қалар едім. Я, Аллаһым! Ансардың балалары мен немерелерін қорға!»[9].

Осы сөздер аузынан түйдек-түйдегімен төгілгенде, жыламаған жан қалмады. «Бізге Аллаһ пен елшісі қымбат, басқаның қажеті жоқ», – деп күбірлеп жатты.

Аллаһ елшісінің қысқа әрі нұсқа тегеурінді сөздері лап етіп тұтанайын деп тұрған бүлікті дер кезінде басып, тыңдаушыларының жүрегін тағы бір мәрте өзіне баурап алды. Бұны тек «Фәтәнәт» деп қана түсіндіруге болады.

Әрбір сөйлеміне жеке тоқталып, талдау жасап көріңіз. Істің уақытын да есепке алыңыз. Алғашқы сөйлемімен бес-он жолдан кейінгі соңғы сөйлемінің аралығындағы сахабалардың жан-дүниесіне шым-шым сіңген жылы ағыстың тереңдігін бағамдап көріңіз. Содан кейін осы айтылғандардың бәрін есепке алмай, сол сәттегі бірден суырылып, сөз сөйлегенін әрі сөзді қалай бастағанын жоғарыдағы ерекшеліктердің бірі екенін мойындап, ар-ожданыңыздан осындай теңдесі жоқ сөз сұлтанының кім екенін сұраңыз. Алатын жауабыңыз – «Мухаммаду’р-Расулуллаһ». Ар-ожданы таза әрбір адам осы жауапты алары сөзсіз. Қасарысуын қойып, оқиғаларға нақты талдау жасаса болғаны...

Осы сөздің мәнін егжей-тегжейіне дейін анықтауды болашақтың бақытты психологтары мен социологтарына қалдырайық. Олар оқиғаларды өз заманына сай түсіндіріп, анализ жасап, Пайғамбарымыз фәтәнатының басқа қырлары мен ерекшеліктерін адамзатқа ұсынсын.



**Бірінші,** оның сөзі ансар халқына бағытталған. Өйткені меккеліктер мен мұхажирлер мұндай сөздің айтылуына себеп болатындай қандай да бір оғаш немесе өрескел әрекетке барған жоқ.

**Екінші,** тек ансарлардың бір жерге жиылып, Пайғамбарымызбен бірге болуы және басқалардың осы жиналысқа қатыспауы оларға психологиялық тұрғыдан жағымды әсер етті.

**Үшінші,** тілге тиек болған мәселелер арасында меккеліктер мен мұхажирлерді кейітетін сөздер болуы мүмкін. Мысалы, «Ел түйелерімен, қойларымен үйіне қайтқанда» сөзі солардың бірі.

**Төртінші,** сөз соңында ансар марапатталып, оларға дұға етілген. Елі мен жерін тастап, хижрәт еткен мұхажирлерге мұндай ерекшелік ауыр тиюі мүмкін.

**Бесінші,** бұл сөздің төркіні (араб тілінде) шешендік өнердің және көркем сөздің тамаша үлгісін білдіреді.

**Алтыншы,** сөз басында тыңдаушыларын тықсырып алып, содан кейін олардың көңілін иіп жібітуі әрі олардың атынан да сөз алуы, тыңдаушы етіп қоюы – таңғажайып жайт.

**Жетінші,** уақыт ұту үшін емес, арнайы мәнді –мақсатты етіп, ыстық ықыласпен айтқаны соншалық - тыңдаушылардың айтар уәжі қалмаған. Бұл да нәтиженің толымды болуы жағынан өте маңызды.

**Сегізінші,** айтылған сөздердің суырып салма ақындардың аузынан төгілген өлеңдей бірден ағытылуы да сөздің әсерін күшейтті.

Осы жайттар және басқа да мысалдар Аллаһ елшісінің өздігінен емес, керісінше, ол өзіне берілген фәтәнаты арқылы уахи мен шабытқа сүйеніп, қиындықты шешкенін көрсетеді.

[1] Муснәд, 3/425; Ибн Хишам, Сирә, 1/209.

[2] Ибн Хажар Исабә, 1/337

[3] Мүшріктердің қолдан жасап табынған тәңірлері (ауд).

[4] Ажлунй, Кәшфу'л-хафа, 1/147.

[5] Бият – серт беру

[6] Муснәд, 4/65, 5/64; Һәйсәми, Мәжмә'у'з-Зәуаид, 8/72.

[7] Уакиди, Китабу'л-Мәғазі, 3/943-993.

[8] Уакиди, Китабу'л-Мәғазі, 3/943-993; Ибн Хишам, Сирә, 4/413-414; Ибн Кәсир, әл-Бидәиә, 4/359-360.

[9] Бухари, Манакибу'л-Әнсар, 1,2; Муслим, Зәкәт, 132-141.

## Пайғамбарымыз – сөз сұлтаны

Аллаһ елшісінің фәтәнатының өзге бір ерекшелігі «жәуәмиу’л-кәлимге»[1] ие болуынан білінеді.

Ол – сөз сұлтаны. Аллаһ оны Өз сөзіне «аудармашы» етіп жіберді. Ел арасында шаршы топты жарып, дүйім жұртты аузына қаратқан небір ділмар, шешен жандар болған, бірақ екі әлем Сардарының сөздерінде мүлде басқа рең, айрықша ләззат, өзгеше өлшем, бөлекше шырын бар.

Оның сөзі балдай, тыңдаған жанды ерітіп, өзіне баурап алатын. Ол сөйлеген кезде, оның сөзін естіген жан ішпей-жемей мас болып, мүлдем ғажайып күйге еніп, жүректері дүрсілдей соғып, ішкі сезімдері құйындай ұйытқып, рухтарына қанат бітіп, көгілдір көкте қалықтап жүргендей күй кешетін. Аллаһ оның тіліне естіген жанның тілі байланып, дуаланып қалатындай аса ғажайып күш дарытқан. Хақ елшісінің бал тамған тілінен сөз інжуі төгілген кезде ой-санасы толысқан адамдардың өзі айрандай ұйып қалатын. Ол көркемдік пен әсемдік жайлы сөз қозғаса, тілінің бал-шәрбаты тыңдағанның жан-дүниесін баурап алатын және қашан да тиген жерін ойып түсетін оқтай сөздерімен жамандық атаулыны, күпірлік пен теріс әдет-қылықтарды өзінің жылан аяғындай жылымға тартқан жиіркенішті ұйығына тұншықтырып тастайтын. Әсіресе, дағуасы үшін дәлел, айғақ көрсетіп, күндей күркіреген кезінде, ойы қарау, сезімі жадау қара ниетті жандардың тіліне бұғау салып, отты найзағайдай қара түнекті қақ жаратын.

Ол өзіне берілген осы қасиеттерді түгел түйсініп, іштей терең ұғынатын. Сондықтан ол Аллаһқа шүкіршілік ету мақсатында: «Мен умми пайғамбар Мұхаммедпін. Менен кейін пайғамбар жоқ! Мен «жәуәмиу’л-кәлимге» ие болдым» – дейтін.[2]

«Ей, адамдар, мен «жәуәмиу’л-кәлим-ге», яғни барлық нәрсені дәл жеткізетін тілге ие болдым»[3] – деген нұрлы сөздерімен де өзінің өткен заман мен болашақтың қайталанбас сөз зергері екенін айтатын.

Расында, парасат Падишасы нәр беріп жандандырап тілімен Хақ бағының әсемдігін жырға қосқан мақпал үнді бұлбұл еді. Ол қай уақыт сайрай қалса, адамның жанын нұрға бөлеп, естіген жанды өзіне баурап алатын. Оның балауса бағында бүршік жарған тың тіркестер басқалардың күн сәулесінен күліп оялатын бәйшешектеріне мүлде ұқсамайтын. Хазірет Ахметтің сөз-дастарқанында күллі нәрсе бейне бір көгілдір көктемде ерте уылжып піскен жемістей пәк болатын.

Пайғамбарымыздың замандастарына осы ырыс-берекенің дәмін татып көру бақыты бұйырды.

Сөз Сұлтаны сөздің асылынан ғажап қылыш соғып, сол қылышпен қара түнді қақ тілгенде, жай отындай жарқылдаған ұшқынынан күллі жалған мен сырттай бұралқы боп көрінген бұқпантай ой Қап тауына барып тығылды. Хақ пайғамбарының сөзі қаңсыған сахараны жәннат бағына айналдырды. Оның сөзі иманға есіктерін айқара ашқан барлық жанды сарқырама суындай өзімен бірге мәңгілік мұхитқа ілестіре кетті. Иманды жандар осы ағысқа қалай ілескенін алғашқыда аңғармай да қалды.

Екі әлем Сардарының сөздері иләһи қайнардан бастау алатын. Егер уахи білтесінде жарқырап жанған сөздері болмағанда, әлем қара түнектің қапасында қала беретін еді. Ол қылыштай өткір сөздерімен табиғат пердесін қақ айырды. Әрі ол жаратқанның жарлықтарын ел естімеген, жұрт көрмеген, әлем аяғы тимеген өрнектерімен айшықтады. Сөз – оның қазанатының қанжығасына байланған қазынасы, садағының алтын қанатты жебесі. Ол жүрген жерінде сөздің қадірін білетін көкірек көзі ояу жандарды соңынан ертіп, садағын керіп, қараңғылық әлемге қарай «айт, жануар, шу!» деп тас тұяқты қазанатына қамшы басатын. Аллаһ сөздерімен ғаламды айшықтау үшін сөз Сұлтанының қолына сөз бен мөрді берген-ді.

Ғайыпқа жүрегі түрулі сөз ерлері Ұлы Жаратушыны әнге қосқан хор мүшелері болса, ол – осы бұлбұлдар тобының жетекшісі. Пайғамбарлар мен әулиелер дүниеде жиылып алқа құрып отырған сәтте ол осы қасиетті топтың зікір басшысы болып келе қалды. Жар салып, жер мен көкті жаңғыртып жіберді. Оның адамзатқа жайылған иләһи дастарқандағы әрбір жемісі – дос бағының жасырын жерінде көздің қарашығындай сақталып, оған берілген, адамның көзі де, көңілі де тоймайтын, таңдайда еріп, тіл үйіретін жемістер еді. Бұрын-соңды мұндай жемістерді адам баласы татқан да, көрген де емес.

Әсіресе, Жаратқанның көкорай шалғынында осы Бұлбұл төгілдіре құйқылжытып сайрай бастағанда, барлық тілдер үнсіз қалып, көңіл-сарайларда қонақтаған құстар осы әнмен ерекше күйге бөленіп, көкте қалықтап, адам жаны оның осы зәмзәм-сөзінен бұрын-соңды ешкім бастан кешпеген, өзінен басқа ешкім сезінбейтін бір күй кешетін.

Сөз дүлділі Расул сөйлеп кеп бергенде, оның сөзі бірыңғайда сонау шың басынан құдия құлап аққан сарқырама мен жер қойнынан шапшып атқылаған фонтанға

ұқсайтын. Алайда сол бір телегей теңіз бен шалқар көлге терең бойлап, оларды сипаттауға, не болмаса сол бір тоқтаусыз құлап аққан сарқырамаларды бейнелеуге шама келмес.

Бүгінге дейін атағы жер жарған ғалымдар мен әдебиетшілер оның гауһар-сөзінің сырлы астарына үңіліп, құпиясын ашуға тырысты. Алайда оның сөзінің айналасынан ары ұзап бара алмады. Сан мыңдаған ойшылдар да сол бір жанға дәру, тәнге шипа бұлақ қайнарынан шөлін қандырып, көздері шырадай жанып, кеменгер ғұмырын оның тереңіне бойлаумен һәм таңданумен, тамсанумен өткізді. Ақырында талпынып жеткен жері – оның шексіз теңізінің жағалауы ғана болды.

Иә, тамшы телегей теңізді түгел сипаттап бере алмайтынындай атом да күнге тән ерекшелікті толық көрсете алмайды. Сол сияқты әрбірі Мұхаммедтік ақиқаттың бір-бір бөлігі саналған ғалым, әулие, асфия да оны өз дәрежесінде көрсете алмайды.

Аллаһ елшісі – біздің ұғымдағы мектеп, медресе көрмеген кәміл ұстаз. Заттық және рухани болмысының болаттай беріктігімен, сезімдерінің кіршіксіз пәктігімен, ойларының тұрақтылығымен және ғайып әлеміне ашық ар-ожданының шексіздігімен қоса, өзіне келген Хақтың хабарларын адамзатқа қаз қалпында жеткізуге лайық жаратылып, жүрегі мен рухын таза ұстап, адам ойлап тапқан тәлім-тәрбие жүйесінің ықпалына түспей, уахиден «жабдықталған», аса ғажайып ұстаз.

Оның табиғаты мен жаратылысы, сыртқы және ішкі сезімдері, ақылы мен ой-санасы пайғамбарлық міндетіне сай болатын. Сондықтан да, Хақтан келген хабарлар мен шабыт самалы ине жасуындай да өзгеріске ұшырамай, сол бір нұрлы тұлғаның бойына барып құйылып, одан ары адамзат ұғына алатын деңгейге түсіп, діттеген межесіне жететін.

Осы бір саф қайнардан атқылап ағып, пәк көңілге құйылған, сосын өте нәзік, аса көркем тілмен адамның ой-санасына жеткен иләһи хабарлар – оның пайғамбарлығының дәлелі. Сонымен қатар, дағуасы үшін жүріп өткен қиын-қыстау жолдағы азығы, нұр-қуаты һәм пырағы және дұшпандарына қарсы қолданған бұлтартпас айғағы еді. Ол тыңдаушыларына Хақтың хабарларын ұсынған сәтте өзінің пайғамбар екенін жар салып, елшілігін жария ететін. Алдына келгендердің мәселесін шешерде, қажеттіліктерін орындауда уахидың сырлы асыл қазыналарын қолданатын. Сондай-ақ, жауына да осы алмас қылышын жұмсайтын.

Құран – ол үшін бәрін қамтитын: су да, қару да, сауыт та. Қорған да, қорғанның мұнарасы да еді. Мұнараларда желбіреген байрақ та еді. Құранмен тыныс алып, онымен бұлт боп көкке көтерілетін. Көтерілетін де сол арқылы рақым тамшыларындай қайтадан жердегілерге, олардың көмегіне ұмтылатын. Онымен бірге зұлымдықпен айқасып, онымен жамандық, кесапаттардан сақтанды. Онымен күліп, онымен жарық болып, қалтарыста қалып қойған қараңғылықты да нұрға бөлейтін.

Алайда, даналықтың қызыл тілі болған сөз Сұлтаны ешқашан түгесілмейтін, бітпейтін иләһи ілім қазынасы (Құран) болғанымен өзінен сұраған қат-қабат діни және қоғамдық, экономикалық, саяси мәселелерді де шешуі қажет еді. Шексіз ілімнің айнасы болған пәк жүректі Ахмет, жұмсақ тілді Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) сүннеті арқылы осы мәселелерді шеше отырып, Құран аяттарының астарын түсіне алмаған адамдарға оның мәнін таратып түсіндіріп, Құран хабарымен бірге өзінің де үкім айтуға құқылы екенін көрсетті. Күллі адамзатты өзіне қаратқан жол көрсетуші кемеңгер ұстаздың бұдан басқаша болуы мүмкін емес.

Хақ елшісіне пайғамбарлық міндеті жүктелген уақытта көркем тіл мен шешендік өнердің аты озып, жұлдызы жарқырап тұрған болатын. Өте зеректігімен, сөзге шешендігімен, ерекше қабілет-қарымымен кейінгі дәуірлерде әлемді бағындырған осы бір ел мейлі Құран мейлі хадис не дін насихаты, хұтба, бұйрықтары болсын хақ хабаршысын сүйсіне тыңдап, оны барынша қадір тұтқан. Ол өзін тыңдата білді және басқалар тарапынан бірде-бір рет сыналған емес. Егер оның сөзі мен ісі қабыспай жатса, тырнақ астынан кір іздейтін жаулары жаңалық ашқандай әлемге жар салып, елді алаятайдай бүлдіріп, шулатар еді. Оны құлатудың жолын сан рет іздестіріп, ойластырып, бір тұқыртып қалу үшін, тіпті сүріндіру үшін жылан аяғын таптырмайтын, ну жыныстан жылымшы қуалайтын, жымысқы әрекеттің кез келген түрінен бас тартпайтын, оңай олжа іздегендердің құдайы беріп, бір жасап қалар еді ғой. Алайда оның нұрлы сөздерінен ешқандай мін тапқан жоқ, болашақта да таппайды....

Оның «Мені Раббым тәрбиеледі. Әрі аса көркем етіп тәрбиеледі» – деген тұғырдан айтқан сұлу қоңыр және нұр шыңынан күндей күркіреген зор даусы бар еді. Досы да, қасы да оның үніне таңырқай құлақ салып, адамзаттың санасы жете алмайтын сол сөздің алдында дәрменсіз қалатын.

Сахабалар арасында Ләбид, Ханса, Қа'б, Хассан және Ибн Рәуаха (р.а.) секілді сөзден түйін түйген жүздеген шеберлер, хазірет Әбу Бәкір, Омар, Әли, Муауиз, Амр ибн Ас және Ибн Аббас (р.а.) секілді жүздеген ділмар, хикмет иелері барлық мәселеде оны ұстаз, мұршид және жол бастайтын көсем ретінде қабылдаған. Одан кейінгі ғасырларда өмір сүрген хадис алыптары мен түсіндірушілері тәфсир ілімінің кемеңгер имамдары, фикһтың теңдессіз заңғар мүшәһидтері[4] рухани әлемнің мыңдаған әулие, асфия мен муқаррабиндері, кәлам[5] қисын, әр түрлі саладағы мыңдаған ғалымдар да оның теңіздей түгесілмейтін сөздерін әрқашан аса пәк, өте берекелі, мөлдір де тұнық қайнар санап, оған бет бұрып, оны пана тұтып, сол бір иләһи дастарқаннан рухани азық алып, жүректері жай тапқан.

Оның сүннеті – кешегіден бүгінгі күнге дейін мүшәһидтердің түзу аққан қайнары, мағрипат (Аллаһты танып білу) көгінде қалықтағандардың ең серпінді қанаты, ғалымдардың бал-қаймағы, әулие мен асфияның да шымырлаған ең нұрлы мөп-мөлдір бұлағы. Шариғаттың түрлі ілімдері, тасаууыфтың сан ғажайып жолдары, жаратылыс ғылымдарының түйіні әрқашан оның сол бір нұрлы гауһар-сөзімен жарқырап шыққан.

Екі дүние Шамшырағы жаратылыстың басынан соңына, адам баласының жаратылысынан жәннат немесе жәһаннамға жетуіне, ар-ожданның мағрипатқа жетуінен ақыретте Аллаһты көруіне, иман мен иман негіздері және ғибадаттың егжей-тегжейіне дейін көптеген тақырыпты көтеріп, олардың өзіне тән тіл мен тәсілді қолдана отырып аса ғажайып түрде айтып жеткізген. Осы мәселелерге қатысты Құраннан басқа оның сөзіне тең келетін сөз бар деу әсте мүмкін емес.

Аллаһтың заты, сипаты және есімдеріне қатысты мәселелерді, қиямет пен махшарды, қайта тірілу, жәннат пен жәһаннамды үміт сыйлай отырып үрей аралас, қорқынышты жағдайлардың руһани ләззаттарға ауысуын аса сақтық пен тепе-теңдікті сақтай отырып баяндап берген. Періштелер, рух, жын мен шайтанды ғайыптың тылсым әлемі етіп, иман мен ізгі істерді және сол істегі ықыласты – дәннің қабілеті мен топырақтың құнары, жаңбырдың берекеті мен көктемнің құлпырған кезеңі етіп суреттеген. Адам оның сол бір салған ғажайып тылсым суреттерін тамашалағанда, таза жандардың иманмен қалай бүршік жаратынын, Исламға қарай бойлап өсетінін, ықыласпен көктеп жәннат ағашына қалай айналатынын көргендей болады.

Оның сөздеріне құлақ түрсеңіз, намаздың адамға сенімді серік болып, оны жалғыздықтан құтқарып, жолын жарық ететінін, дәреттің қан секілді адамның тамырында айналып, яки есігінің алдында өзен секілді ағып, барлық кір-қонды шайып, түрлі ластықтардан арылтатынын түсінесіз. Ал, азан, тәкбірдің ақ



қайындай жайқалып, дауыс салып, шайтандардың зәре-құтын қашырып, райхан болып, намазға бара жатқандардың рухын құшатынын, зекет пен садақаның бейне бір көпірдей бір-бірінен қол үзіп қалған топтардың басын қосатынын ұғасыз. Ораза қалқан болып иесін қорғайды, оның жұмаққа кіруіне көмектесу үшін жәннат қамалдарының сырлы есігіне айналады және қызметші болып, кәусар суын ұсынады. Қажылық тігіншідей жыртықты бүтіндеп, сүйекке түсушідей кірден арылтып, жалпы жиналыс орнындай күллі адамзаттың басын қосады. Жиһад (Аллаһ разылығы жолында табандылық таныту) жанқияр қаһармандай көкірегімен жәһәннамға бастап баратын жолдарды жапқан яки қарсы алушы секілді жәннат жолдарын ашып, адамдарға «қош келдіңіздер, ішке кіріңіздер» дейтін немесе мейірімді әке секілді қырсыққандарды шынжырлап, жәннатқа қарай сүйрейді. Зікір, дұға сымсыз телефондай Жаратушы мен жаратылғанды бір-бірімен табыстырған, бір-бірімен тіл-дестірген, жақсылыққа баулып, жамандықтан тыятын, жол басында, есік аузында тұрып, жолдан өтуді, есіктен кіруді бақылайтын, жөн сілтейтін көше сақшысындай. Туыстық қатынас теріс жолдан қорғайтын, түзу жолға түсуіне көмектесетін, құшағына тартқан аяулы анаң секілді.

Оның барлық осы ерекшеліктерді хас суретшідей мінсіз бейнелеуі, қолданған сөздерінің ерекшеліктері, баяндауларындағы ишарат, сурет және әуез, бүкіл әдеби шеберліктерді өз орнымен шебер қолдануы – әрқайсысы өз алдына бір-бір томға айналар тақырыптар.

Оның әр түрлі тақырыптарға байланысты терең талдауға сұранып тұрған сөздерін болашақтың тілші ғалымдарына тапсырып, тек жұртшылыққа аян бірнеше сөздің мазмұнына терең бойлауды жөн көріп отырмыз.

[1] Пайғамбарымызға тән асқан ділмәрлық пен шешендік, аз сөзбен көп мағынаны ұқтыруы қасиеті (ауд).

[2] Кәһз'ул-уммал, 11/412; Ахмәд, Муснәд, 2/250, 412.

[3] Бухари, Жиһад, 122; Муслим, Мәсәжид, 6; Кәһз'л-уммал, 11/425.

[4] Құран мен хадистерге сүйене отырып, діни үкімдер шығарған ғалымдар (ауд).

[5] Ислам негіздерін зерттейтін ғылым (ауд).



## БІР ШОҚ ХАДИС

Пайғамбарымыздың барлық сөздерінде көзге ұрып тұратын бір ерекшелік бар. Ол – әр сөзінің тереңдігі. Бұл жайында мыңдаған мысал бар. Бірақ біз әр дәуір адамдарының «Жәуәмиу’л-кәлим» дегендерінің кейбірін ғана қозғаймыз. Әйтсе де Расул сөздерінің бәрі осы мағынаға саяды.

### 1. Тәухид шыңы

Тирмизи Ибн Аббастан риуаят етеді:

«Ей, жас жігіт! Саған бірнеше сөз үйретейін. Аллаһтың алдындағы борышыңды орында. Сонда Аллаһ та сені сақтайды. Аллаһты үнемі есінде тұт, сонда Ол қай кезде де сенімен бірге болады. Не қаласаң да Аллаһтан сұра. Көмек сұрағың келсе де, Аллаһтан сұра және мынаны жақсылап жадында сақта: барлық үмбет жиналып саған жақсылық жасағысы келсе, Аллаһтың жазғанынан аспайды. Сондай-ақ, барлық адамдар саған қастық ойласа, бәрібір Аллаһтың жазғанынан артық жасай алмайды. Қаламның сиясы құрғап, жазу тоқтаған»[1].

Міне, осындай қысқа ғана сөйлемдерге тағдырға, жазмышқа бағыну секілді аса күрделі мәселелерді сыйғызғаны таңғаларлық. Тәсілі де өте қарапайым.

[1] Тирмизи, Қиямә, 59.

## 2. Адам деген жолаушы

Тағы да Тирмизи Ибн Омардан риуаят етеді:

«Дүниеде жат жұрттық адамдай ғұмыр кеш немесе жолаушыдай бол. Өзіңді (өлмей тұрып) қабір халқынан сана!»[1].

Бар-жоғы үш-ақ сөйлем. Десек те, осы үш ауыз сөз – зүһд пен тақуалыққа, дүние мен ақырет теңдігіне қатысты қайталанбас терең мағыналы сөздер. Бірақ бұдан басқа қанатты сөз ұшыратсаңыз, ол да соған тиісті екеніне күмәніңіз болмасын!

Адам – мына дүниенің қонағы. Бүгін бар, ертең жоқ. Мәулананың сөзімен айтқанда: «Адам – қамыстан жасалған сыбызғы тәрізді». Шын иесінен жырақтағандықтан үнемі сыңсып, мұңайып, көз жасын сығымдап өтеді. Оның зары ғұмыр бойы тоқтамайды.

Адам – жолаушы. Рухтар әлемінен басталған осы сапары: ана құрсағында жалғасып, дүниеге келеді, балалық, жастық шағы одан ары қарттық, қабір, содан соң жәннат немесе жәһәннамға дейін созылатын сан қырлы сапар. Бірақ адам өзінің жолаушы екенін терең сезіне ала ма екен? Өзін үнемі жолаушыдай сезінсе, аяққа тұсау осы дүниенің алдамшы қызығына алданбай, жазбай-жаңылмай, сапарын түзу жалғастырар еді ғой.

Адам өзін қабір халқынан санамаған соң, яғни, бұрынғылардың «Өлмей тұрып өліңдер»[2] деген өсиетін өмірде іске асырмаған соң шайтанның құрған торына түспей қайтеді?! Ішкі ар-ожданы мен рухын тірілтіксі келген адам нәпсісін тізгіндеуі керек. «Бақыт – тәннің бабын табуда» деп ұғатындар нәпсіге құлдық ұрған тоғышар бейшаралар емес пе?

[1] Бухари, Рикақ, 3; Тирмизи ,Зуһд, 25; Ибн Мәжә, Зуһд, 3.

[2] Қараңыз: Әжулуни Кашфу'л-Хафа, 2/291

### 3. Туралық пен жалған

Бухари, Муслим және Әбу Дәууд Абдуллаһ ибн Мәсудтан (р.а.) риуаят етеді: «Сендерге туралық жарасады. Туралық адамды жақсылыққа, жақсылық жәннатқа апарады. Адам туралыққа бет бұрып, сол жолда жүруге бір мәрте ниеттенсе, үнемі тура сөйлеп, шындықты іздейді. Осылайша, ол адам Аллаһ алдында «турашыл» деп жазылады.

Жалғаннан сақтаныңдар. Жалғандық адамды жамандыққа, жамандық жәһәннамға сүйрейді. Адам бір қате жіберіп, өтірікке іліксе, үнемі өтірікті судай сапырып, ең соңында, Аллаһ алдында «кәззап»[1] болып жазылады»[2].

Туралық – пайғамбарлардың қасиеті, суайттық – кәпір мен екіжүздінің белгісі. Туралық – бүгінгі күн мен ертеңгі күннің іргетасы. Суайттық – замана бетіне жүкқан қара дақ. Суайттықпен шат-шадыман ғұмыр кешіп, мәңгі бақытқа қол жеткізген бір де бір адам жоқ, ал мәңгілік бақытқа бастайтын турашылдықтың нұрлы жолына түскендерден бақытсыз болып сорлаған жанды кезіктірмейсің.

Жалғандық – күпірдің негізі, екіжүзділіктің ең ашық белгісі. Ол – Аллаһқа қарсы теріс пікір айту. Әсіресе, қазіргі таңда жалғандық кең етек алып, адамды бұзып, мына дүниені жалғаншылардың мекеніне айналдырған. Бұл – өте қорқынышты қоғамдық індет. Мұндай дертті елемей, оған отбасында, көшеде, базарда, мәртебелі салтанат сарайларында «емін-еркін жүріп-тұруына» мүмкіндік берген ешбір ел діттеген межесіне жетіп, бақытты бола алмаған және бола алмайды да.

Исламның ең маңызды негізі, иманның ең анық белгісі, Мұхаммедтік көркем мінездің ірге тасы, пайғамбарлар мен әулиелердің ең таңдаулы сипаты, дүниелік және рухани дамудың тұрақты жалғыз темірқазығы – туралық.

Бірі – періштелердің, бірі – жын-шайтандардың, бірі – Хаққа жақын құлдардың, бірі – қарғыс атқандардың; бірі – адамзаттың мақтан тұтар тұлғасы болған Соңғы елшінің ең ерекше болмысы; бірі – тажалдардың сипаты.

Хадисте бір-біріне қарама-қарсы мағынада берілген сөздерден «бирр» сөзі – бүкіл жақсылықты қамтыған, өте кең, ауқымды терең сөз. Оны тура ой, тура сөз, тура ниет, тура қимыл және тура өмір секілді көптеген тақырыптың, тіпті барлық жақсылық атаулының қайнар көзі деп алуға болады. Екінші, «фужур» – жамандық атаулыны тегіс қамтитын, салихалы өмірден алыс әр түрлі азғын ой мен нашар қылықтардың бастауы дегенді білдіретін сөз. Бейне бір жәһәннам дақылындай.

Иә, туралық пен жалған: Бірінен – мөп-мөлдір, пәк бұлақ екіншісінен – жәһәннамның заққум ағашының ащы жемісіндей ірің ағар.

Хадистегі «сыддық» – турашыл мен «кәззаб» – жалғаншы сөздері бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар. Алғашқысын адамның табиғатына айналған нағыз турашыл жан деп аударатын болсақ, екіншісіне табиғаты жалғанмен біртұтас «туа біткен жалғаншы» деп түсінген дұрыс. Екі сөз де әсірелеу тәсілімен берілген. Бірі – өзін туралыққа арнап, дұрыс ойлап, жөн сөйлеген, тура жүріп-тұрып, дұрыс жүрген адам. Оның бүгін болмаса да ертең сөзсіз жер мен көктерде және Хаққа жақындықтың рәмізі болатындығы; екінші бірі – өзін қулық пен сұмдыққа арнап, жалған ойлап, жалған сөйлеген, өтірікпен күн кешіп, жер жүзіндегі бүкіл жалғандық атаулымен ауыз жаласатын адам. Ол ерте ме, кеш пе, түбінде жалғанның бір «қызметшісіне» айналатынын меңзеген.

Бұл екі жол жәннат пен жәһәннамға барып тіреледі. Оның бірінде бақытқа кенелесің. Екіншісінде мәңгі-бақи азап тартасың. Бұл хадиске Пайғамбарымыздың туралығын айтқанда тоқталып өткенбіз. Біздің айрықша назар аударғымыз келген мәселе – туралықтың дүние мен ақыретке қатысты нәтижелерін, жалғанның жеке адамға да, қоғамдық өмірге де келтіретін зияндарын қысқа да нұсқа қанатты сөздермен Пайғамбарымыз ғана жеткізе алатынын айту. Оны жіліктеп шағып, талдап көрген адам аталмыш қабілеттің Аллаһ елшісіне ғана тән ерекшелік екенін аңғарады. Басқалар бұл мәселені жеріне жеткізе айтып бере алмайды.

[1] суайт

[2] Бухари, Әдәб, 69; Муслим Бирр, 105; Әбу Дәууд, Әдәб, 80.

#### 4. «Адам өзі жақсы көрген жанмен бірге»

Бухари мен Муслимнің Абдуллаһ ибн Мәс'удтан бізге жеткізген хадисі: «Адам жақсы көргенімен бірге болады»[1].

Осы хадистің өзіне ғана түсіндірме жазылса, көлемді кітап болып шығар еді. Жүре алмай, жолынан қалып немесе сүрініп, орта жолда қалған, жолбасшысын пір тұтса да артынан ере алмаған, қанша қарманса да, ойындағысын іске асыра алмай, діттеген межесіне діңкелеп жете алмаған, бет алған асқақ арманының шыңына шыға алмаған қапалы жүрегін қайғы басып, жабыққан жандарға бір кесе кәусар тіпті абылхаят ұсынған осы хадис – адамның екі дүниеде де жақсы көрген жандарымен үнемі бірге болатынын айтып өткен.

Кісі бұл дүниеде де, арғы дүниеде де үнемі көңілі сүйген жандарымен бірге. Пайғамбарлармен, турашылдармен, шейіттермен бірге болуды қалаған жан әуелі оларды жақсы көруі керек. Басқалай айтқанда, ақыретте пайғамбарлармен, турашылдармен, шейіттермен бірге болатындар – бұл пәниде де оларды жақсы көріп, жүректерінен орын берген жандар. Жамандық атаулыны аттап кете алмағандар үшін де осы хадистің үкімі мен мағынасы бірдей.

Хадис қатпары көп терең мағынаны бір ауыз қанатты сөзге сыйғызған. Мұндай сөзді айту – уахиға, иләһи шабытқа ие ашық фәтәнаттың жемісі.

Нуайман кейде ішімдік ішетін. Аллаһ елшісі оған тиісті жазасын беретін. Бірде сахабалардың бірі Нуайманды жазғыра сөйлегенде, Пайғамбарымыз қабағын түйіп: «Бауырларыңа зекіп, шайтанға болыспандар. Аллаһқа ант етейін, ол Аллаһты да, пайғамбарды да жақсы көреді», [2] – деді. Аллаһ пен Оның елшісін жақсы көру – солардан айрылмауды білдіретіндіктен, мұндай адам қаншалықты күнә жасаса да, жаман сөз естуге лайық емес, өйткені ол Аллаһ пен елшісін жақсы көреді. Осы сүйіспеншілікпен қоса парыздарды орындау, үлкен күнәлардан бойын аулақ салу адам үшін Аллаһ елшісімен бірге болуға жеткілікті. Әркім жақсы көргенімен бірге болады.

[1] Бухари, Әдәб, 96; Муслим Бирр, 165.

[2] Бухари, Худуд, 4-5; Әбу Дәууд, Худуд, 35; Муснәд, 2/298-299.

## 5. Тақуалық тағылымы

Ахмад ибн Ханбәл Муаз ибн Жәбәлден риуаят етеді:

«Қайда болсаң да Аллаһтан қорық! Күнәларыңның артынан дереу оны жуып-шайтын жақсылық жаса. Адамдармен қарым-қатынаста көркем мінезді бол!»[1].

Адамның жақсы мінезіндей қадір-қасиетін арттыратын еш нәрсе жоқ. Үлгі тұтар көркем мінез – Аллаһ тағаланың мінезі. Көркем мінез – Аллаһтың мінезінен үлгі алуы, мінезіне ұқсауы.

Талай кітапқа арқау боларлықтай осы хадис тақуалық өмірдің де жолдарын көрсеткен. Тек мысал ретінде келтіргеніміз болмаса, бұл тақырыпқа терең тоқталмаймыз.

[1] Тирмизи Бирр, 55; Муснәд, 5/153.

## 6. Өздерің қандай болсаңдар, солай басқарыласыңдар

Бір хадисінде Пайғамбарымыз: «Қандай болсаңдар, солай басқарыласыңдар»,[1] – дейді.

Өз сиықтарың қандай болса, басшыларыңның да сиқы сондай болады дегені. Бұл сөздің мағынасының тереңдігі соншалық, тіпті басшылыққа қатысты көптеген еңбектер жазуға болады. Біз қысқаша айтып өтейік: «Барлығың шопандай өз қарамағыңдағыларға жауаптысыңдар»[2] дегендей қарапайым адамнан бастап мемлекет басшысына дейін әркімнің өз жауапкершілігі бар. Елбасы елге жауапты. «Сендер қандай болсаңдар, басқарушылар да сондай болар» сөзі ойға ой қосатын, санаға түрткі салатын ғибратты пікір.

Осы хадисті өзімізше таратсақ: «Сендер өздеріңді басқаратын адамды таңдауда аса маңызды рөл атқарасыңдар. Өйткені сендерді басқаратындар қандай жолмен жүрсе де, өз үйірінен алысқа бармайды. Басшының сендерге қалай қарайтыны өздеріңе байланысты.

Физика, химия, астрономияның өзіне тән бұлжымас заңдылықтары тәрізді қоғам дамуының да өзіндік заңдары бар. Бұлар қияметке дейін жалғасады. Сондықтан адамдар жамандыққа жол беріп, өз арасында арам шөптердің қаулап өсуіне мүмкіндік жасаса, өздерін қара ниеттілер мен алаяқтар басқарады. Бұл – Аллаһтың өзгермейтін заңы.

Адамдар жамандыққа салынып, жан-дүниесінде шырмауықша арамдық қаулай бастаса, міне, сол кезде Аллаһ олардың бастарына дәл сол қара лайдан иленген қарау ниетті адамдар әкеліп, тізгіндерін солардың қолдарына береді».

Екіншісі, осы хадис былай дейді:

Заңдар, жүйелер, кітапта жазылған ой-тұжырымдар мәселенің теориялық жағы ғана. Көпшілікке айтарлықтай әсері жоқ. Адамдар ақылдаса отырып ең мықты заң жинағын шығарса да әңгіменің төркіні заңға бағынып-бағынбауында жатыр. Сондықтан, маңыздысы – басқарылған адамдардың мінез-құлқы. Егер олар жүріс-тұрысын түзеп, өздеріне жүктелген тапсырмаларды тиянақты шешсе, онда оларды басқарып отырған адамдардың да көңілі тоқ.

Тағы бір мысал:

Омардың (р.а.) әділдігін үлгі етіп айтқан адамға Хажжаждың[3] қайтарған жауабы аталмыш мәселені түсіндіру жағынан өте маңызды. Ол: «Сендер Омар



заманындағы халық секілді болғандарыңда, сөзсіз, мен де Омар секілді болар едім»,– деген екен.

Үшінші, әрбір адам кінәні өзінен іздеуі керек. Өз кінәсін басқалардан көрген адам ешқашан алға баса алмайды. Адамдар жан-сарайын өзгертпейінше, Аллаһ оларды өзгертпейді[4]. Егер адам іштей ірісе, ол сөзсіз басқаларына да әсер етпей қоймайды. Адамдардың ішкі дүниесі де сол секілді. Басқарылғандардың жағдайы басқарғандардың жағдайына байланысты. Осы хадисте басқа біз ұқпаған қаншама мағына барын кім білсін? Қоғам құрылысы жайлы, оның бүтіндігі мен саулығының жолдары төңірегінде тамаша пікір айтқан басқа бір пенденің сөзін есту мүмкін емес. Бұл да Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) пайғамбардың асқан парасаттылығынан туындаған.

Ол – барлық адамдар арасында сөз сөйлеуде ең заңғар шыңға ие. От ауызды, орақ тілді шешен де, сөзден түйін түйген әдебиетші де, ең кемел жазушы да оның деңгейіне жете алмайды. Сөздері Құран емес, бірақ иләһи шабытқа толы. Сол үшін де барлық ділмарлар, жазушылар мен әдебиеттанушылар ары асса оның тыңдаушылары ғана бола алады.

Хассан ибн Сабит ақиық ақын болатын. Аллаһ елшісінің ерекше дұғасы мен ілтипатына кенелген әрі Жәбірейілдің мадақтаған шайыры. Осыған қарамастан, Ханса оның төрт жолды өлеңінен сегіз қате тапқан. Өлең сөздің қадірі мен сырын өте терең білген осы әйел Аллаһ елшісін тыңдап, Исламды қабылдап, одан кейінгі өмірі сөз Зергеріне ұюмен өткен. Пайғамбарымыздың сөздерін ұйып тыңдайтыны соншалық сиқырланғандай күй кешіп, көңілі ерекше толқитын. Ол ол ма, қараңғы дәуірде бауырының өліміне арнап жазған жоқтауымен жұртты тегіс жылатқан осы әйел Қадисияда төрт бірдей ұлы шейіт болғанда, мұң шағу былай тұрсын қайта: «Қатарынан төрт ұлы бірдей шейіт болған мен неткен бақыттымын. Аллаһым, Саған шүкір, мақтау айтамын!» – деп, өзінің тақуалығын паш етеді[5].

Ханса – иләһи шабытқа ие ерекше әйел. Ұлдарына жебе қадалғанда, өзіне оқ тигендей қиналды. Бірақ Пайғамбарымызға деген беріктігі мен адалдығынан таймай, бір ауыз реніш білдірмеді.

[1] Кәңз'ул-Уммал, 6/89

[2] Бухари, Жума, 11; Муслим, Имарә, 20.

[3] Хажжаж – Омаядтар кезеңіндегі зәлімдігімен халықты қан қақсатқан басшы

[4] “Расында, бір ел өзін өзгертпейінше, Аллаһ оларды өзгертпейді” (Ра’д, 13/11).

[5] Ибн Хажәр, әл-Исабе, 4/288.

## 7. Ниет

Бухари, Муслим және Әбу Даууд Омардан (р.а.) төмендегі хадисті жеткізеді: «Әркімнің ниеті қандай болса, табысы да сондай. Кімде-кім Аллаһ пен елшісі (разылығы) үшін хижрәт жасаса, оның хижрәты Аллаһ пен елшісіне бағытталады. Кімде-кім қандай да бір дүние немесе үйлену, үйлі-баранды болу үшін хижрәт жасаса, оның хижрәты де сол көздеген мақсатта болады»[1].

Аллаһ елшісінің бұл сөздерді айтуына хижрәт себеп болғандықтан, хадис мағынасынан шығатын негізгі мәселе де – хижрәт. Өйткені риуаят бойынша екі әлем Сардары мұны мына оқиғаға байланысты айтқан.

Мұсылмандар Аллаһ үшін Меккеден Мәдинаға көшіп (хижрәт) жатты. Алайда, есімі беймәлім бір сахаба жақсы көрген Умми Қайс деген бір әйел үшін хижрәт еткен еді[2]. Ол адам мұсылман адам болатын, бірақ хижрәттағы ниеті мен ойы басқа еді.

Ол да бір мұхажир (көшуші) еді, бірақ Умму Қайстың мұхажирі болып саналды. Тек Аллаһ үшін төзуі тиіс қиыншылыққа ол бір әйел үшін бел буды. Есімі айтылмай, осы жай Аллаһ елшісінің жоғарыда біздің айтып өткен мүбәрак сөздерінің айтылуына түрткі болған-ды. Себептің жекешелігі үкімнің жалпылығына кедергі емес. Оқиғаның үкімі – бәріне ортақ.

Хижрәт қана емес, барлық іс ниетке байланысты. Адам хижрәт жасауды қалағанда, ниеті тек қана Аллаһ пен елшісі үшін болса, ол солардың разылығына бөленеді. Намазда да, оразада да, зекетте де. Жоғарыдағы бір хадисте айтып өткеніміздей, Аллаһтың алдындағы борыштарын орындаған адам Раббысын үнемі алдынан табады. Бұл табу – Оның рақымдылығы мен жарылқауы. Адам осыған кенелгенде, қатты толқып, сәждеге бас қойып, Раббысына жақындауға тырысады. Раббысына жақындаған сайын тұла бойына осы сезім мен ой ұялайды. Бұл иелік арқылы басқа бір әлемге өткенде, яғни қабірде, хашырда, сиратта да Раббысын алдынан табады. Егер істері оны «Лиуаул-Хамдқа»[3] жеткізсе, сол жерде Екі әлем Сардарына жолығып, қиял жетпес табысқа кенеледі.

Ниетінде Аллаһ жоқ адам қанша тырысса да, егер хижрәттағы мақсаты әйел болса, онда жұмсаған күш-жігері, көрген қиыншылықтары тән қызығынан аспай, тасқа ұрылған шыныдай жасаған еңбектерінің талқаны шығады.

Үнемі өмірін тәнқұмарлықпен өткізіп, еш уақытта ар-ождан мен рухының үніне көңіл аударып, құлақ салмаған адам ғұмырын босқа өткізеді. Өмірін Аллаһ

разылығына арнаған пенделердің қол жеткізген табыстарынан мүлде құралақан қалады.

Басқа хадисінде Пайғамбарымыз: «Мұсылманның ниеті жасаған ісінен қайырлы», – дейді[4].

Өйткені адам қанша тырысқанмен де, бәрібір ниетіндегі амалға қол жеткізе алмайды. Аллаһ тағаланың істелген іске қарағанда, көкейдегі ниетке қарай сауап жазуы шексіз рақымдылығын көрсетеді. Сондықтан, қол жеткен табысқа қарағанда ниет әлдеқайда артық. Мұсылманның ниеті жасаған ісінен әлдеқайда қайырлы.

Тақырыпқа байланысты төмендегі хадиске зейін қойыңыздар.

Пайғамбарымыз бір хадисінде:

«Абай болыңдар! Адам денесінде бір кесек ет бар. Егер ол жақсарса, бүкіл дене жақсарады, егер ол бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Мұқият болыңдар! Ол – жүрек»[5], – дейді.

Шын ықыласты болсаңдар, қаққан қазықтарыңыз ағашқа айналып, шашқан дәндеріңіздің барлығы өнеді. Алғашқыда қылтанақтай көрінгенмен, кейін бәйтеректей алып болып өседі. Ақыретте осылардың көлеңкесінде өмір сүресіздер. Олар сіздердің ниеттеріңізге қарай үлкейіп, көркейеді де, жәннат жемістері болып алдарыңыздан төгіледі.

Ниетіне қарай адамдардың іс-әрекеттері де жеке-жеке ғибадатқа айналады. Жатарда түнгі ғибадатқа ниеттеніп жатқан адамның ұйқыдағы тыныстары да зікірге айналады. Негізінде, мұндай болмаса, аз уақытта мұншалық аз іспен жәннатқа қалай қол жеткізе алатын едік? Мұсылманда Аллаһқа деген мәңгілік құлдық ниет болғаны үшін, мәңгілік жәннат өмірі тарту етіледі. Кәпір үшін де жағдай осы іспетті. Яғни, ол да Аллаһқа мәңгілік қарсыласу ниетінде болғаны үшін мәңгілік жәһаннам беріледі.

Біз ниетіміздегі мәңгілік құлдық ниетіміз арқылы жәннатқа лайық болатынымыздай, кәпір де ниетіндегі мәңгілік қарсылығымен жәһаннамға лайық болады. Істердің ең кішкентайынан ең үлкеніне дейін барлығына баға беріп, бейне бір оларға жан бітіретін тек ниет қана.

Жақсылықтарда ниеттің әкелетін пайдасы ұшан-теңіз. Біреу бір жақсылық жасауға ниет етсе, жасай алмаса да, дәптеріне бір сауап жазылады. Егер оны іске асырса, жағдайына қарай кейде он, кейде жүз, кейде одан көп сауап жазылады.

Жамандықтар ниет етіліп, бірақ іске аспаса, күнә болып жазылмайды, жүзеге асқан күннің өзінде тек қана бір күнә жазылады[6]. Әлбетте, әрбір жамандықтың күнәсы да көлеміне қарай берілетіні белгілі.

### **Хижрәт хақында**

Осы жерде хадисте хижрәтқа өзгеше маңыз бергенін ұмытпайық. Негізі, ерекше тұрғыдағы хижрәт аяқталған.

Аллаһ елшісі: «Мекке алынған соң хижрәт жоқ»[7] деген еді. Бірақ жалпы мағынада хижрәт қияметке дейін жалғасады. Хижрәт пен жиһат – бірге туған, бірге өмір сүретін егіздер. Жиһаттың қияметке дейін жалғасатыны хақында Пайғамбарымыз: «Жиһат қиямет күніне дейін жалғасады»[8], – деген болатын.

Ата-анасы мен сүйіп қосылған қосағынан, одан қалса кішкентайдан бірге өскен достарынан айырылып, ақиқатты аңсаған жүректерге ақиқатты айтып жеткізу үшін ел мен жерін тастап, сонау жырақта жүрген әрбір дағуа адамы, әрқашан да түгесіліп бітпейтін бір хижрәт кеңістігінде күй кешеді. Әрине, ол осы істерінің сауабын да сөзсіз алады.

Айтылған хадисте дін жолында жасалған хижрәтқа тарту етілетін арнайы сауап жайлы сөз етеді. Істердің сауабы ақыретте сыйлық ретінде берілетініне ишарат етсе керек. Періштелер бұл істің сауабын емес, жасалған істі ғана жазады. Істердің қарымын Аллаһ өзі береді.

Хадистің басындағы сөз (иннама) «тек қана» деген мағынаны білдіреді. Істер ниетпен ғана жүзеге асады. Ниетсіз ешқандай ғибадат қабыл болмайды. Адам ниетсіз мың бас намаз оқып, көп жыл ораза тұтып, дәулетінің барлығын жұмсағанымен, қажылыққа тиісті парыз, уәжіптердің барлығын ниетсіз орындаса, істерінің барлығы босқа кетеді. Ол намаз оқыған, ораза тұтқан, зекет берген, қажыға барған жан болып саналмайды. Барлық іс-әрекеттерді ғибадатқа айналдыру адамның ниеті арқылы ғана жүзеге асады.

### **Тосқауыл**

Хадиске көз салсақ, Аллаһ елшісінің ең көлемді деген әуелі ниет, кейіннен хижрәт тақырыптарын екі-үш сөзбен-ақ түйіндеп өткенін көреміз. Күнәларды тәрк ету мағынасына келетін хижрәттан бастап, барлық көшушілерді, «сәһлі-мумтәни» (күрделі мәселені өте жеңіл, оңай түсіндіру) тәсілімен бір-екі ауыз сөзге сыйдырып айту – Аллаһ елшісіне ғана тән нәрсе. Мәселені тағы да тереңірек айтуда пайда бар. Ең үлкен мұхажир (көшуші) – жасаған күнәларынан жырақ

кетіп, жүрегін Аллаһқа деген сүйіспеншіліктен өзге нәрсенің бәрінен арылтқан адам[9].

### **Қасиетті көш**

Күнәлардан қашып, Жаратқанның есігін қағу, Одан кешірім келгенге дейін табалдырықтан тапжылмау да хижрәт. Мына жалбарыну осыны қандай тамаша жеткізген:

«Аллаһым, келді алдыңа күнәһар құлың.

Кеше гөр,

Күнәлармен күн кешіп ем.

Кешсең мені, Сенің шексіз ұлылығың

Қусаң мені, Сенен басқа кім кешірер?!»

Бұрынғы жасаған күнәларын тастаған соң, соны қайталаудан жерінген адам – шын мағынада үнемі хижрәт жолында жүрген жан.

Адалдық аумағынан тыс жерлерді миналы алқаптай көріп, ол жерлерге жақындамаған, қол-аяғы мен құлағына, аузына абай болып, сақтық танытқан адам өмірінің соңына дейін үнемі хижрәт аясында күй кешеді. Ол мейлі адамдардың арасында, мейлі ғұмырын елден жырақ жерде өткізсін, қасиетті көш оның жүрегінің түбінде әрқашан жан жолдасы болады. Бірақ қылуғеттей елден тысқары жерде өмір сүруде де хижрәттың өзіндік бір ерекшелігі бар. Адам ол жерде мағрипатқа жетіп, иләхи шабытқа кенеледі.

Осыған қосымша хадистегі ишараттар:

а. Ниет – амалдың рухы, ниетсіз амал өлі саналады.

ә. Ниет – жақсылықты жамандыққа, жамандықты жақсылыққа айналдыратын нұрлы да сырлы абылхаят.

б. Істің іс болуы ниетке байланысты; ниетсіз хижрәт – туристік саяхат, жиһат – бұзақылық, қажылық – алдамшы саяхат, намаз – гимнастика, ораза – диета деген сөз. Ғибадаттардың адамды жәннатқа ұшырып апаратын қанат болуы – тек қана ниетінде.

в. Мәңгілік жәннат – мәңгілік құлдық ниетінің жемісі, мәңгілік жәһәннам – мәңгілік мойындамау мен мәңгілік күпір пиғылының кесірі.

г. Адам ниетінің арқасында аз күш, аз шығынмен өте үлкен әрі зор бағалы нәрселерге қол жеткізе алады.

ғ. Ниетін жақсылыққа бұра алғандар көптеген игіліктерге кенеледі.

д. Дүние игілік ретінде жаратылғанмен, оларды ізгі мақсатта қолданбау не оларды діни өлшемдерге сай бағаламау Аллаһ пен елшісінің разылығына қайшы. Мол табысқа кенелуге мүмкіндігі бар адам өзінің теріс істерімен мұндай мүмкіншіліктен құр алақан қалады.

Хадисте сырға толы терең мәселелер қамтылған. Әрбірінің өз алдына жеке-жеке кітапқа жүк боларлық салмағы бар. Атомның күнді көрсете алғанындай, дарияны тамшыға сыйдыра алған сөз Сұлтаны терең мағыналы мұндай мәселелерді бір ауыз сөзбен жеткізгеніне қайран қалмасқа не шара?!

[1] Бухари, Бәд'у'л-уахи, 1; Муслим, Имарә, 155; Әбу Дәууд, Талақ 11.

[2] Ибн Хәжар, Фатху'л-Бәри, 1/24-25.

[3] Мадақ байрағы. Пайғамбарымыздың байрағы. Махшарда мұсылмандар осы байрақтың астында жиналады (ауд).

[4] Нәйсами, Мәжмә'у'з-зәуәид, 1/61,109.

[5] Бухари, Иман, 39; Муслим, Мусақат, 107; Муснәд, 4/280.

[6] Бухари, Рикақ, 31; Муслим, Иман, 206-207.

[7] Бухари, Жиһад, 1, Муслим, Имара, 85.

[8] Мәжмау'з-зәуә'ид; 1/106.

[9] Бухари, Иман, 4; Ибн Мәжә, Фитән, 2.

## 8. Қол және тіл

«Жәуәми'ул-кәлими» сөз етейік. Бухаридің жеткізген хадисінде Пайғамбарымыз былай дейді:

«Хас мұсылман – басқа мұсылман жандар оның қолынан, тілінен жамандық көрмеген адам. Нағыз мұхажир – Аллаһтың тыйым салған нәрселерінен бойын аулақ ұстап, оларды тәрк еткен адам»[1].

### Хас мұсылман

Осы хадиске қысқаша түсініктеме бере кетейік.

«әл-Муслим» яғни, мұсылман сөзінің басында анықтық хал бар. Бұдан басқа, «әл-Муслимуунә» (мұсылмандар) сөзі де анық халмен айтылған. Екі анықтық халдің білдіретін өзіндік мағынасы бар. Хас мұсылман – расында да, амандық пен сенімділік кеңістігіне кіріп, сонда өзін жібіте алған, өзіндей мұсылмандарға қолымен де, тілімен де жамандығы тимеген жан. Өзі мұсылман болып көрінген немесе төлқұжатында мұсылман деп жазылған адамдар емес, ой-саналарда үлгі-өнеге болған нағыз, шын мұсылман жайлы айтып отыр. Біз мұны анық халден байқаймыз. «Мұсылман» деген кезде, адамның көкейіне оралатыны – кәміл мұсылман.

Жай адамдар осы хадистегі айтылған сөздің тереңдігіне жете алмайды. Өйткені мұны тек қана медресеге барған немесе бір ұстаздың алдында отырып сабақ алу арқылы тіл білімін және грамматикасын игергендер ғана жақсы түсініп, ұға алады. Оның айтқандары өз ойынан шығарылған нәрсесі емес. Ол әуелі мен ақыры жоқ мәңгілік бар Ұлы Мұғалімнің сөздерін бізге жеткізуде. Сол үшін де Аллаһ елшісінің сөздерінде тілге байланысты терең байлықтар жатумен қатар, тілге тиісті бірде бір кемшілік жоқ.

Жоғарыдағы хадиске оралайық.

Нағыз мұсылман – ел сеніміне бөленген жан. Сондықтан да, басқа мұсылмандар оған ешқашан күдікпен қарамай, оның қасында өзін әрқашан еркін, қауіпсіз сезінеді. Өйткені одан ешқандай зиян келмейтінін біледі. Егер олар отбасын біреуге аманаттағысы келсе, дереу соған тапсырып аманат ете алады. Ондай сенімге бөленген жанмен бас қосып, сұхбаттасқан адам қоштасарда, оған деген берік сеніммен айырылысады. Өйткені ол өзі кеткен соң, артынан әлгі адамның ғайбаттамайтынын жақсы біледі. Ол өз абыройына, намысына өте жауапгершілікпен қарайтындай, басқа жандардың да ар-намысын өте жоғары



бағалайды. Ел сенімін иеленген мұндай жан өзім ғана ішіп-жесем екен демейді, қайта басқалар жеп, басқалар ішсе екен деп күн кешеді. Өзі жақсы өмір сүруге емес, өзгелердің бақытына жағдай жасайды. Қажет болған жағдайда солар үшін өзіне тиесілі ләззаттарынан да бас тартады.

### **Бейбітшілік**

Басқа жағынан алып қарасақ, бұл сөздерде ұйқастық та бар. «Муслим» сөзі мен «сәлимә» етістігі де «силм» түбірінен шыққан. Кейбір әріптерінде ұқсастық бар болғандықтан, жартылай ұйқастық та бар. Бірақ бұл екеуінің бабы екі басқа. Осы ұқсастық пен өзгешелік бір мағынаны береді: Мұсылман – бейбіт, саламат және мұсылмандық орбитасынан ауытқымай, тұп-тура жүрген адам. Мұндай адам өзін иләһи тартылыс күшке байлайды да, бүкіл ғұмырын солай қарай бейімдеп жүріп отырады. Ол танысын, мейлі танымасын, алдынан шыққан жанның бәріне де сәлем беріп, есен-саулық тілейді. Осыдан кейін ел жүрегінде оған деген сүйіспеншілік пайда болады[2].

Намазын да сәлеммен бітіреді. Адам, жын, періште барлық саналы тіршілік иелері оның сәлемін алады. Осылайша көзге көрінбейтін болмыстармен де сәлемдеседі. Мұсылманнан басқа ешкім де сәлемдесуді кең жайған емес.

Исламға адам намаз, ораза, зекет, қажылық және шаһадат сөзі секілді Ислам негіздерін орындау арқылы кіреді. Бұл – Аллаһтың «Түгелдей силмге (бейбітшілікке) кіріңдер!» – деген (Бақара, 2/208) әміріне бағынып, силм (бейбітшілік) мен саламат дариясында желкен жайып, қанат қақты деген сөз. Сол дарияда қанатын көкке жайған құстардай желкенін жайып болашаққа қадам басқан адамның әрбір жүріс-тұрысынан көгілдір көктемнің жылы самалымен құлпырған қызғалдақтардай бейбітшілік пен Исламның жұпар исі аңқи бастайды. Бұл дәрежеге жеткен адамдардан тірі жан жақсылықтан басқа ештеңе көрмейді.

### **Басқа бәле тілден**

Пайғамбарымыздың осы хадистегі қолданған әрбір сөзі ерекше таңдалған. Бұл жерде қол мен тіл туралы айтқан. Басқа мүшелер емес осы екі мүшені ғана айтуында айрықша терең мән бар. Себебі, адам баласының басқа жанға тигізер зияны осы екеуі арқылы болады. Бетпе-бет келгенде қол арқылы, ал өзі жоқта ғайбаттаған тілі арқылы кесірін тигізеді. Бірақ осы екі жиіркенішті нәрсені әлгі айтқан кәміл мұсылманнан таба алмайсың. Өйткені ол мейлі жүздескен адамға да, мейлі алыстағы адамға да ұдайы кең пейілмен, мейіріммен қарайды.

Пайғамбарымыздың осы хадисте тілді қолдан бұрын айтуында да ғибрат бар. Өйткені қолдан келетін зиянға адам белгілі бір дәрежеде қарсылық білдіруге мүмкіндігі бар. Алайда сыртынан сөз сөйлеп ғайбаттап, жала жауып жатқан сәттен хабарсыз адам қарсылық білдіре алмайды. Сондықтан да оп-оңай жасалынатын мұндай іс-әрекет, жеке адамды, қоғамды, тіпті ел мен ұлттарды бір-біріне айдап сала алады. Тілден келген бәлені қайтару қол жұмсауға қарағанда әлдеқайда қиын. Пайғамбарымыз сондықтан да тілді қолдан бұрын айтып, сөзге қатты мән беруді уағыз еткен.

Мұсылман болу – Аллаһ алдында құрметті дәреже. Сондықтан, әрбір мұсылман басқа мұсылмандарға қолымен де, тілімен де ешқандай зиянын тигізбеуі тиіс.

Әлемге сенімділік әкеліп, бейбітшілік орнату үшін келген Исламның маңызды бір ерекшелігі – мұсылмандардың бойын қауіп-қатерден аулақ салу болса, басқа бір ерекшелігі – өзге жанға зәредей зиянын тигізбеу. Зиян тигізу былай тұрсын, қоғамның әрбір саласында, сенімділік туын желбіретуге тиіс. Мұсылман – бойында сенімділік сезімі тасып, жүрегі Аллаһ деп соққанда ғана нағыз мұсылман болмақ. Нағыз мұсылман жүрген жерінде әрқашан өзінің «сәлем» қайнарының елшісі екенін танытып, оның жаршысы атанып жүреді. Ол қашан да адамдарға жолыққанда сәлем беріп, сенімділік көрсетеді. Олармен қоштасқанда да, инабаттылықпен амандық, сау-саламат тілейді. Ол өзінің намазын сәлеммен әшекейлеп безендіріп, сәлеммен аяқтайды. Ғұмырын сәлем аясында өткізген жан адалдық пен амандықтан, заттық және рухани, дүниелік пен ақыреттік ізденістерінде тура бағыттан ауытқып, тайып, өзіне яки өзгеге де кесірін тигізбейді.

Хадиске осылайша түсінік берген соң оның мынадай сырлы астарларына назар салайық:

а. Нағыз мұсылман – жер бетіндегі бейбітшіліктің ең сенімді өкілі.

ә. Мұсылман – өз рухының тереңіндегі осынау құндылықты барлық жүрген жерінде паш етіп, айналасын үнемі иман мен тыныштық нұрына бөлейді.

б. Ол біреуге жапа шектіру, зиян келтіру былай тұрсын, барлық жерде жақсылық пен шарапат шуағы ретінде еске алынады.

в. Ол үшін қолмен жасалған зұлымдық пен біреуді сыртынан ғайбаттау арасында айырмашылық жоқ. Тіпті кей жағдайларда соңғысы алдыңғысынан әлдеқайда үлкен күнә деп саналады.

г. Мұсылман осы күнәлардың кейбірін істесе де, діннен шықпай мұсылман болып қалады. Бірақ сеніміміз бойынша, күпір мен иман бір жүректе сыйыспайды.

ғ. Иман мен Ислам мәселесінде де барынша күш-жігер көрсетіп, адам болуға, яғни жай ғана мұсылман емес, кәміл мұсылмандыққа жету қажеттілігі оның мұғжизалы сөздерінің бір жолына ғана сыйып кеткен.

[1] Бухари, Иман, 4; Нәсә'и, Иман, 9; Әбу Дәууд, Жиһад; Ибн Мәжә, Фитән, 2.

[2] Бухари, Иман, 20; Муслим, Иман, 63.

## 9. Ислам көркі

Бір нұрлы сөзінде екі әлем Сардары (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм):

«Мағынасыз бос нәрселерден арылу – мұсылманның Исламдық көркі», – деген[1].  
Өкінішке орай хадистің осы аудармасы пайғамбарымыздың айтқан сөздерінің кең көлемділігі мен терең мағыналығын бере алмайды.

Хадисте мұсылманның ихсан[2] мен итқанға[3] жету сыры сөз болған. Сыртқы тағат-ғибадатымен мықты, табанды, кемшіліксіз дәрежеге жеткен, іштей ихсан сырының шыңына шыққан мұсылман мән-мағынасыз бос нәрселерден арылуы керек.

### Байсалдылық

Үп еткен желдің өзінен шашырап кететін бақбақ секілді ұшқалақ, жеңілтек адамдардың ғибадаттарында салмақ болмайды. Мұндай адам намазға тұрған кезде салмақты да байсалды көрінуі мүмкін, жан сарайында, жүрек пен ар-ожданында тұрақтылық болмаса, онда ол тек жұлдыз болып көрінуге тырысатын жылтырауық қоңыздан ешбір айырмашылығы жоқ. Оның көзбояушылығы ұзаққа бармайды. Әрбір адам ерте ме, кеш пе, түбінде өзінің қандай екенін көрсетеді. Байсалдылық адам мінезінде терең орын алса ғана баянды бола алады. Осындай биік дәрежеге тек өз-өзіне жіті бақылау арқылы қол жеткізуге болады. Егер адам өзіне есеп бере отырып іс-әрекетіне жауапкершілікпен қараса, «болу», «көрінуден» маңызды болмақ. Бір адам ұзақ уақыт өзін тауыс құсы етіп көрсете алмайды. Яғни кісі өзінің түпсанасы мен түйсігінің баласы, одан қашып құтыла алмайды.

Сырттай көркем көріну үшін де іштей ихсан, сыртта итқан болуы тиіс. Адамның сыртқы пішіні оның ішкі мазмұнына байланысты қалыптасады. Адамның ішкі байсалдылығы – оның сыртқы көрінісі.

Хазірет Омар халифалыққа ұсынылған үлкен бір сахаба жайында: «Ол кісі барлық жағынан халифалыққа лайық. Дегенмен, аздап әзілге жақындығы бар. Ал, халифалық – толықтай байсалды болуды қажет етеді», – деген[4].

Адамдарды басқарудың өзі байсалдылықты қажет қылғанда, жер бетінде Аллаһтың өкілі болу міндетіндегі халифалық, байсалдылықты қажет еттірмейді дейсіз бе?

Аллаһ тағалаға лайық құл болудың өзінде байсал-дылыққа қол жеткізе алмаған адам басқа тірлікке қалай байсалды да салмақты болсын?

## **Ихсан санасы мен салмақтылық**

Хадистің басындағы «мин» жалғауы ихсан сырына қатысты көп жайтты аңғартады әрі осы арқылы мұсылманның ихсан сырына қалай жету керектігін айтады. Ол – жеңілтектікті тастау. Байсалды болып, жеңілтектікті тастамайынша, адам ихсан дәрежесіне жете алмайды.

«Жәбірейіл хадисінде» ихсан мәртебесі ең соңғы шың екені айтылады. Аллаһ елшісіне келген Жәбірейіл әуелі иманды, содан кейін Исламды сұрап, берген жауаптарын растаған соң, «Ихсан не?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз:

«Ихсан – Аллаһты көріп тұрғандай Оған құлшылық етуің. Негізінде, сен оны көрмесең де, Ол сені көруде», – деп жауап береді[5].

Осы мәртебеге қол жеткізу үлкен тақуа, зүһд, жаратқанға ықыласпен берілу арқылы ғана жүзеге асады. Адам әуелі сол дәрежеге жетуді арман, мақсат етуі керек. Содан кейін ғана соған апаратын жолдардан адаспау ниеті туады.

Аллаһ адамға күре тамырынан да жақын.

Бір ақын айтқандай, «Мен алыстан іздеп жүрсем, Ол жан ішіндегі жан екен ғой».

Басқа бір ақын:

«Арғы жақтан күткенімде бір хабар

Перде ашылып солай көрдім өзімді», – деп толықтырады.

Адам Оның құдіретімен қырық құбылады. Задында, күллі ғалам Оның сипаттарының шағылдарынан ғана тұрады. Оны сырттан іздеу – бос әурешілік. Өйткені Ол адамға өзінен де жақын. Осы сырдың ашылуы әлгі айтқан ихсан арқылы жүзеге асады.

## **Әрбір істі мінсіз орындау**

Адамның ар-ожданын ихсан санасы баурап алған кезде, іс-әрекеттерінен кемшілік жоғала бастайды. Негізінде, Аллаһ істің мінсіз, мүлтіксіз орындалуын қалап, қалтқысыз көңілден, шын жүректен істелгенін ұнатады.

Ол тұрғысында Құранда:

«(Расулым) оларға: «Еңбек етіңдер. Істеріңді Аллаһ пен Пайғамбар, мұсылмандар көреді. Сондай-ақ, көрінбеген, көрінген барлық нәрсені білуші Аллаһқа қайтасыңдар, сендерге істегендеріңнің қарымы беріледі» – де», (Тәубе, 9/105) – деп айтылған. Барлық істер Аллаһ пен елшісінің, ар-ождан мен көкірек көзі ояу мұсылмандардың тексеруінен өтеді. Сол үшін де иесін ұятқа қалдырмауы үшін істің мүлтіксіз орындалғаны абзал. Мұндай іске ие болу іштей «ихсанға» жету арқылы жүзеге асады. Адам ішкі дүниесін осылай өзгерткенде ғана жеңілтектікке

жол бермейді. Осылайша Исламның көркемдігіне қол жеткізе отырып, оның ғажайып кеңістігінде өмір сүріп, асқар шыңына тағын орнатады.

«Мәлайани» – адамға ешқандай игілігі жоқ, оның бүгіні мен ертеңіне пайдалы емес, қажетсіз нәрселермен айналысу. Сондықтан да мұндай іс не өзіне, не отбасына, не еліне ешқандай жақсылық әпермейді. Исламның асыл қасиеттерін бойына сіңірген адам осы секілді бос, мағынасыз әрекеттер мен әдеттерден де аулақ болады. Хадис адамға ғұмырлық дұрыс бағыт көрсетуде. Адам үнемі ұлы да асқақ істермен айналысуы керек. Айналысқан ісі не тікелей, не жанама түрде өзіне, әрі отбасына, әрі қоғамға да пайдалы болуы тиіс. Байсалды да салмақты адамның анықтамасы – осы.

Осы жерде хадистегі мынадай терең мәселені айта кеткім келеді.

«Мәлайаниат» дегеніміз не?

«Мәлайаниат» – бос нәрсемен шұғылдану. Үнемі өзіне қажетсіз іспен, ойлармен жүрген адам өзіне аса қажетті мәселелермен айналысуға қайдан уақыт таба қойсын?

Белгілі бір жасқа келсе де әлі өмірден орнын таба алмаған адам елге пайдасы тиетіндей істі аяғына дейін жеткізіп, тындыруы мүмкін емес. «Мәлайани» бекершілікпен күн өткізген адамның пайдалы іспен айналысуы мүмкін бе? Жүрегі, ақыл-ойы бос адам қалай ұлы істермен айналыса қойсын?

Аллаһ елшісі осыларды үш-төрт сөзге сыйғызған. Біз осы сөздерді қаншама түсіндіруге күш салғанымызбен, тереңін бойлап, кеңінен талдап, түсіндіріп бере алмаймыз. Оның гранит сөздерінен өзімізше түсіндірме қашаған боламыз. Сіздерге жеткізеріміз де солардың бірер бөлшегі ғана. Бір өкініштісі, ар-ождандарыңыз бен жүректеріңізде терең орын алатындай етіп баяндай алмадық. Бірақ мен секілді пенделердің осы осалдығы Аллаһ елшісінің сөздерінің қаншалықты терең екенін көрсетеді.

Сардардың аузынан шыққан қандай да бір сөзінің түбіне бойлап, оның астарына үңілуге шама-шарқымыз жетпейді. Ол осындай терең мәнді сөздерді тосылмай тосыннан айтатын. Біздің түсінуге қиналған бұл сөздер оның жайшылықта айтқан сөздері еді. Әрине, ол бұл қабілетке фатанаты арқылы ие болды. Небір көсемдер мен ой дүлдүлдері мұндай мән-мағынасы бөлек сөздердің жанында әлдеқайда пәс көрінеді.

[1] Тирмизи, Зухд, 11; Ибн Мәжә, Фитән, 12

[2] Аллаһ тағаланы көріп тұрғандай құлшылық ету.

[3] Істі тиянақты да сапалы жасау; бұлтартпас дәлелдерге сүйенген иман.

[4] Табари, Тарихул-умам уәл-мулук, 2/581; Ибн Асакир, Тарихуд-Димашқ 44/438 Ибнул-Әсир, ән-Ниһайә фи ғарибил-хадис, 2/118

[5] Бухари, Иман, 37; Муслим, Иман, 1.

## 10. Сабырлық сыры

Бухари мен Муслим екеуі бірдей мына хадисті жеткізеді:

«Шынайы сабыр – алғашқы соққы тигенде...»[1].

### Мазаратқа зиярат

Пайғамбарымыз мазаратқа қатысты қараңғылық дәуірде салтқа айналған кейбір жаман әдеттердің жалғасқанын көрген кезде мұсылмандардың мазаратқа баруына тыйым салды. Бірақ кейіннен рұқсат беріп: «Мен сендердің қабірді зиярат етулеріңе тыйым салған едім. Ал енді мұнан былай қабірлерді зиярат етулеріңе болады!»[2] – деп, рұқсатын берген болатын. Өйткені адам баласы өзін өлмейтіндей көріп, бейғам өмір сүреді. Қабірлер адамға ой салады. Пайғамбарымыз сол үшін рұқсатын берді. Өзі де жұмасына бір мәрте Ухуд шейіттерінің басына барып тұратын еді. Сондай күндердің бірінде әлдебір әйелдің қабірге басын қойып, бет-тырнап, оғаш сөздерді қарша боратып, дауыс салып жатқан кезіне тап келеді. Ол әйелге жақын келіп, оған басу айтып, сабырға шақырады. Бірақ әйел Пайғамбарымызды танымайтын еді. «Аулақ жүр менен, Сен менің қандай қайғыға тап болғанымды білмейсің!» – дейді. Пайғамбарымыз үн-түнсіз бір ауыз тіл қатпай әлгі әйелдің жанынан кетіп қалды. Сол маңдағы адамдар әйелге әлгі адамның Аллаһ елшісі екенін айтқанда, ол одан сайын күйзеліске түсіп, жаны ышқынады. Басы қайғыға душар болып, байқаусызда Аллаһ елшісіне тіл тигізгеніне өкінеді. Дереу есін жиып, Пайғамбарымыздың үйіне барады. Есікті де қақпай, ішке еніп, Пайғамбарымыздан кешірім сұрайды. Сол сәтте Аллаһ елшісінің аузынан: «Шынайы сабыр – алғашқы соққы тигенде» – деген қасиетті сөз құйылып түсті[3].

Том-том кітаптармен ғана айтып жеткізе алатын мәселені Аллаһ елшісі осы төрт-ақ ауыз сөзбен, мұғжизалық ділмарлықпен жеткізді.

### Сабыр түрлері

Қайғыға сабыр ету, күнә жасамау үшін сабыр сақтау және ғибадат етуге сабыр...

Күнде бес уақыт намаз, жылына, ең аз дегенде, бір ай ораза, өлшеулі зекет пен парыз, уәжіп тәрізді барлық әмірлер тек сабыр арқылы ғана жүзеге асады. Бұлар адам ғұмырын белгілі бір тәртіпке келтіріп, жүйеге салып, ақыреттік өміріне жағдай жасайды. Мұндай өмір түгелдей нұрлы жолда өтеді де жәннатқа барғанда өз жемісін береді. Сондықтан, адам табандылық көрсетіп, құлшылық жасауға сабыр етеді. Осылайша өз өмірін нұр мен шаттыққа бөлейді.



Сабыр мен «Сабыр шөбі» екеуі бір түбірден шыққан сөздер. Сабыр шөбінің удай ащы екендігі айтылады. Бұл шөптен, негізінде, адамға шипа болатын дәрі-дәрмек дайындалады. Сабыр дегеніміз – ол алғашқы сәтте ғана ащы, алайда нәтижесі қашан да тәтті.

### **Жағдай өзгерту**

Сабыр ету, төзімді, табанды болу, күйзелмеу, іркіліп тоқтап қалмау, белгілі бір ойдың жетегінде кетпеу, әлбетте, оңай емес. Алайда мұндай төзімділік қиындық туып, адамның есі шыққан алғашқы сәтте көрсетілуі керек. Өйткені кейіннен орын ауыстыру яки көңіл күйдің өзгеруі психологиялық тұрғыдан қайғыны сейілтп, ұмыттырады. Мысалы, басымызға күн туып, қайғылы жағдайға тап болған алғашқы сәтте бұл оған төтеп беріп, төзім таныту мүмкін еместей көрінеді. Бойымызды оттай қарып өткен осы бір өртті көңілімізді басқа нәрсемен жұбату арқылы сөндіруге тырысуымыз керек. Сол үшін де түрегеліп тұрсақ, отыра кетіп, отырған болсақ, жата кетіп немесе сол кездегі жағдайымызды өзгертіп, мысалы, дәрет алып, намаз оқып немесе әңгіме еткен тақырыбымыздан басқа бір тақырыпқа ауысып, яки тұрған жерімізден басқа бір жерге орын ауыстыру керек. Кейде тіпті мызғып алу да іштегі өртті сөндіре алады. Қандай да болсын, көңіліңді немесе тұрған орныңды өзгерту іштегі жалынның бетін қайтарып, адамды езіп жіберетіндей көрінген қайғыны сәл де болса жеңілдетеді.

Сабыр – ғибадаттарды тастамай жалғастыру үшін де аса қажет. Намаз алғаш оқи бастағанда қиын соғуы мүмкін. Бірақ сәл сабыр етіп, жаны намазбен біртұтас болып кетсе, намазын қаза етудің өзі оған ауыр тиеді. Ораза, зекет, қажылық, т.б. ғибадаттар туралы да осылай деуге болады.

Ойлап қараңыздаршы, қажылыққа бір барған адам қажылыққа тағы барсам деп армандайды. Жолы түспесе қиналып, қайтсе де осы арманын жүзеге асыруға тырысады. Кейде алдарына қойылған бөгет олардың жанына қатты батып, қайтсем өтем деп жанталасады. Оның ғибадатқа деген сүйіспеншілігі алғаш тиген соққыға шыдап, содан алған ләззаттан туады. Барлық ғибадаттар да осындай.

Адам харам істер жасамауы үшін де сабыр сақтауы керек. Күнәға итермелейтін жағдайларда төзімділік танытса, сол күнәдан келетін жамандықтардың бетін қайтарып, оның ауыр соққысынан аман қалады.

Сол үшін Пайғамбарымыз Әлиге (р.а.): «Алғашқы қарауыңның ешқандай оқасы жоқ, ал одан кейінгілеріне жауаптысың»,[4] – деген.

Адам күнәға кезікпей тұрмайды. Ондай сәтте көзін жұмып, жүзін басқа жаққа бұрса, алғашқы сәттегі осалдығы күнә болып саналмайды. Ол ол ма, күнәлы әрекеттен бас тартқаны үшін сауап та жазылуы мүмкін. Алайда оған бір кірген адамның шығуы қиын. Улы жебедей адамның жүрегін жаралап, санасын тұмшалап, рухани қуатын кемітеді. Харамға көз салу харамға түсу жолдарын жеңілдететін жеке-жеке шақыру қағазындай. Әрбір көз салу келесі көз салуға ықпал етеді. Ақырында, ол адам харамға қарай қалай желкенін көтеріп, желіп кеткенін сезбей де қалады. Ал харам жебесінің алғаш қадалған сәтінде сабыр сақтап, харамнан теріс айналу Аллаһ елшісінің үмбетіне өсиет етіп кеткен үлгісі.

Эпиктеттің былай дегені бар:

«Жаман ойлар есіл-дертіңді билеп алғанда, дереу одан арылуға тырыс. Өйтпесең, барған жеріңнен кері қайта алмайсың».

Адам харамға қарсы ұдайы табандылық танытса, бертін келе ол оның үйреншікті мінезіне айналады. Осылайша жүрегіне ұялаған иман нұры жәһаннамның жалынындай күнәларға қарсы қорған болады. Одан кейін харамға қарамау оның негізгі және табиғи іс-әрекетіне айналып кете барады. Сана-сезіміне жаман бір ой келе қалса, дереу саусағын жүректің иман балына батырып, ерекше нәр алып, жамандыққа бұрылып та қарағысы келмейді. Ол содан айрықша күйге бөленіп, өзін осы бір рухани әлемнен алыстататын нәрседен аулақ тұрады. Мұндай жан өзінің құнанын өзгенің тұлпарынан артық санап, өз еркімен күнәға батпайтын болады.

Әрбір қайғының өзіне тән соққысы бар. Соққыдан аман өткенде қайғы – рақымдылыққа, мұң – ләззат пен қуанышқа айналады. Көңілдегі жан азабы басылып, орнын мәңгілік шаттық басады. Осындай терең тақырыпты Аллаһ елшісі бар-жоғы төрт ауыз сөзбен түйіндеген.

«Шынайы сабыр – алғашқы соққы тигенде».

[1] Бухари, Жәнә'из, 43; Муслим, Жәнә'из, 14, 15

[2] Муслим, Жәнә'из, 106; Нәсә'и, Жәнә'из, 100; Ибн Мәжә, Жәнә'из, 47.

[3] Бухари, Жәнә'из, 32; Муслим, Жәнә'из, 14, 15.

[4] Әбу Дәууд, Никах, 43; Тирмизи, Әдәб, 28; Дәrimi, Рикак, 3; Муснад, 5/353.

## 11. Алушы емес – беруші болу

Бухари, Муслим және Ахмад ибн Ханбал риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз былай дейді: «Жоғарғы қол – төменгі қолдан жақсы»[1].

«Иәдул-улияның» (жоғарғы қол) берген қол, «иәду’с-суфләнің» (төменгі қол) алған қол екенін басқа хадистерінде Пайғамбарымыздың өзі айтып кеткен[2]. Берген қолдың жоғары, алаған қолдың төмен тұруы да, берген адамның сауап пен ізгілік жағынан алда болатынына ишарат етеді. Адамның абыройы, арнамысы жағынан алып қарасақ, бұлардың бірі – «жоғарылық», кейбір жағдайда екіншісіне – «төмендік» деп айтылады. Ал бұл жерде ізгі, қайырымды жандарды беруге ынталандырып, алудан бойын аулақ ұстау тұрғысынан сөз тәсілі өте сәтті қолданылған.

Қамқор жанның қайырымдылығы жүзеге асуы үшін сөзсіз сондай бір адамның болуы керектігін білдіріп, берген қолдың жақсы екенін айтып барып сөзін аяқтаған. «Алған қол жаман» деген. Және алған қолдың белгілі бір жақсылығы бар деген мағынаны білдіріп, кейбір жағдайларда алуға болатынын да білдірген[3].

Сөйтсе де хадисті «берген қол – алған қолдан жоғары» – деп аудару – нұқсандық. Хадистегі сөздер – аударған сөздеріміздің арабшасы. Пайғамбарымыз бұл сөзін ишарат ету арқылы астарлап жеткізген. «Берген қол» немесе «алған қол» сөздері – бір жағы ғана, бірақ мағынаны түгел қамти алмайды.

Бөлшекті тұспалдау арқылы тұтастықты меңзеп отыр. Қол деп отырғаны – жеке адамның өзі. Осылайша, «берген адам, алған адамнан жақсы» деген мағына меңзелген.

### Кейде алушы орнында болу

Екіншіден, арабшада «берген» «әл-мути»; «алған» «әл-ахизу» сөзімен айтылады. Аллаһ елшісі осы сөздерді «әл-яду» «қол» сөзіне сипат ретінде қолданса, онда «берген қол – алған қолдан жақсы» деуіміз жөн болар еді. Алайда Ол «берген» немесе «алған» қол жайында емес, «жоғары» немесе «төмен» қол туралы сөз еткен. Бұл сөздерден төмендегідей мағына шығады: «Әрқашан берген қол – алаған қолдан жақсы емес. Кей жағдайларда алушы беретін адам сауапқа ие болсын деп алып, орнымен жұмсаса немесе берген адам міндетсініп көкірек қақса, мұндай жағдайда жақсы әрі жоғары қол – алған қол болып саналады. Берген жоғары болса да, шындығына келгенде, ол төменде».

Таршылық тақсыретін тартып жүрсе де, барына қанағат, жоғына сабыр етіп жүрген салихалы адамдар бар. Жүрген жерлерінде төмен саналып, оларға ешкім құшағын жайып, есік ашпайды. Екі әлем Сардарының сөзімен айтсақ, кез келген жағдайда егер Аллаһқа ант етер болса, Аллаһ анттарын жоққа шығармайды. Бәра ибн Мәлик бұлардың бірі болатын[4]. Алушының осындай адам болуы ықтимал ғой.

Сахабалардың бірі Сәубан кедей адам болатын. Сөйте тұра, Аллаһ елшісі оған ешкімнен еш нәрсе сұрамауына кеңес берді. Ол сол күннен бастап ешкімнен еш нәрсе сұрамады. Тіпті түйемен кетіп бара жатып, қамшысын байқаусызда жерге түсіріп алса, айналасындағылардан қол созып жіберуін өтінбей, өзі дереу түйесінен түсіп, қамшысын өзі алатын[5]. Міне, кейде сол секілді адамға да бір нәрсе берілуі мүмкін. Бұл бейне адам кейпінде көрінген Жәбірейілге бір нәрсе бергеніндей. Еш уақытта алушы орнында болған Сәубан секілді кедей һәм тақуа кісілер берушіден төмен саналмайды. Өйткені Айша анамыз (р.а.) және Әбу Һурайраның риуаят еткен бір хадисіне қарағанда, мұндай адамдарға бір нәрсе берген кезде, алдымен, сол берілген нәрсе – біз үшін қандай екені беймәлім болған, жаратылысқа ұқсаудан пәк – Аллаһ тағаланың «қолына» беріледі. Содан кейін Аллаһ тағаланың өзі әлгі нәрсені адамға берген болады[6].

### **Үлгі насихаттар**

Аллаһ елшісі бұл мәселе хақында төмендегідей сөздерімен үлгі-насихат еткен: «Еңселерінді үнемі тік ұстандар. Қайыр тілеп өздерінді қорлатпаңдар. Жеке өзіңе келгенде де, мемлекеттік деңгейде де ешқашан алушы қол болмаңдар. Әрқашан беруші қол болуға ұмтылыңдар. Сонда ғана әрқашан жоғары болып, арнамыстарыңды қорғап қала аласыңдар. Мынаны жақсылап еске сақтаңдар! Жоғары жақ үнемі шалқып-тасып дүниесін шашады, ал төменгі жақ табыс табамын деп, ғұмырын абыржумен өткізеді. Сендер басқарушы қол болыңдар. Біреудің қолына қарап күн кешкен, бағынышты, жалынышты қол болмаңдар. Жоғарыда тұрсаңдар, сонда ғана басқарушы қол бола аласыңдар».

### **Әлемдік деңгей**

Бұл хадис бізге мемлекетаралық қатынаста бағыт-бағдарымызды дәл белгілеген өлшем. Біз жоғарғы қол бола алсақ, әлемдік жоғары деңгейден орын ала аламыз. Билік осындай жолмен келген жағдайда ғана үстем күштердің қол астында езілгендер азаттық ала алады. Әйтпесе осы көрген күнімізден көз ашпаймыз. Осының ең үлкен айғағын күнделікті өмірден көреміз.

Үстемдік еткен билеуші күштер сырт көзге бола бергендерін дабыра қылады. Ал, шындығында, сол елдердің қанын сүліктей сорып отыр. Сондықтан да бізге «алушы қол» болу қорлығы жанымызға шеңгелдей батып, шарасыздықтан не істерімізді білмей, дал болып езіліп, еңсе көтере алмай отырмыз. Бұдан құтылу үшін ынтымақтасып, жүгімізді жұмыла көтеруіміз керек. Демек, бәріміз бірігіп, жұмыла еңбек етіп, қайрат танытып күллі Ислам әлемінің, тіпті барлық адамзаттың бізден күткендерін іске асырып, әлемге бақыт әкелуге тырысу қажет.

Әрі қысқа, әрі нұсқа қанатты сөзбен жеткізген Аллаһ елшісінің осы сөздерінде біздің түсінгенімізден басқа ашылмаған аралдай әлі талай сырға толы қазына жатыр десеңізші.

[1] Бухари, Уасайа, 9, Зәкәт, 18; Муслим, Зәкәт, 94; Муснәд, 2/4.

[2] Дәrimi, Зәкәт, 22; Бухари, Зәкәт, 18.

[3] Қазақта “алған жомарт” деген мақал бар (ауд).

[4] Тирмизи, Мәнәкиб, 55.

[5] Әбу Дәууд, Зака́т, 27; Ибн Мәжә, Зәкәт, 20; Муснәд, 5/275.

[6] Бухари, Зәкәт, 8; Муслим, Зәкәт, 63-64..

## 12. Үш топ

Имам Муслимнің риуаят еткен бір хадисінде Аллаһ елшісі:

«Қиямет күні Аллаһтың тіл қату бақытынан мақұрым қалған үш топ бар. Аллаһ тіпті олардың жүзіне де қарамайды. Әрі күнәларынан арылтып тазартпайды да. Оларға жан түршігерлік азап бар. Олар: киімдерінің етегін жерге жайып жүруші, жасаған жақсылығын бұлдаушы және жалған ант етіп, саудасын жүргізуге тырысқан адамдар»,– дейді[1].

### Мағына

Жоғарыдағы хадистің аудармасы оның тек жалпы мағынасын ғана білдіреді. Мағына – айнадағы сұлба ғана. Бірақ одан ақиқатты іздеуге болады. Сөйте тұра, ол ешқашан ақиқаттың өзі бола алмайды. Түсінігі мен мағынасын ғана берген Құранның аудармасынан Құдайдың сөзін іздегендер үлкен қателікке ұрынады. Бұл – жалғанға ақиқат деп караумен тең. Мәселен, Құранда Аллаһ тарапынан түскен есепсіз мұғжизалар бар. Ал сол мұғжизалардың аудармада негізгі мәнінен айрылып сұлбасы ғана қалғанын байқайсыз. Сол үшін Құран мен хадистің ең абзалы – түпнұсқадағы үлгісі. Жоғарыда айтқан хадистің сөзіне азырақ тоқталып өтіп, мәселені тереңнен тануға тырысайық. Бұл талпынысымыз – ақиқаттың айналасында шыр айналған ақылдың саяхатынан ары аспайды. Біздің міндет – терең түсінуге тырысу ғана. Аллаһ тағаладан осы жолда табысқа жеткізуін сұраймыз.

«Сәләсатун» – «үш» сөзі жалпылама түрде айтылған. Оны қаласаңыз, еркек, не әйел, топ немесе жамағат деп те қарауыңызға болады. Осы үш топқа ғалымдарды да надан адамдарды да жатқызуыңызға болады. Себебі, хадисте мұндай адамдардың кім екенінен бұрын сипаттары негізге алынған. Сондықтан хадисте бұл мәселе анық айтылмай жалпылама берілген.

«Сәләсатун» – беймәлім сөз. Соңындағы «тәнунин», беймәлімділікті білдіреді. Олар – беймәлім адамдар. Олардың кім екенін білдіретін дерек жоқ. Сондықтан олар – қор болған адамдар. Сол беймәлім жандардың қор саналған қарабеттігі сонша – оларға адам деп баға берудің өзі артық. Аллаһтың оларға мүлдем назар салмағаны секілді, сіздер де олармен тілдесудің өзін орынсыз көресіздер. Олар – түрлерімен емес, жүректерімен жеңіліп, тәнқұмарлыққа салынып, ар-ождандары тәнінің қыспағында езіліп қалғандар. Заңғар шындарға шыға алар бойдағы бүкіл қасиеттерін түбегейлі жоғалтқандар осылар. Үнемі шыңырау шұқырлардан шыға алмай, шығамын деген ойы да болмай мехнат шегіп қалғандар нақ солар.



«Үш» сөзінен кейін осы және келер шақты білдіретін үш етістік берілген. Үш етістік үш топтың тұңғыш қараңғылықта қалғанын білдіреді. Кісі осы «үш» деген сөзді естіген кездің өзінде сол үш топты тұмшаланған қараңғылық ішінен байқағандай болады.

### **Үш нәрседен мақұрым қалу**

#### **1. Сөйлесуден мақұрым қалу**

«Аллаһ оларға тіл қатпайды» сөзінің басындағы етістік – осы шақта тұр. Осы шақ етістігі келер шақ пен осы шақтың мағынасын қатар білдіреді. Өзіне арнайы кітап жіберілген, Аллаһпен сөйлесуге қабілеті бар бұл пендемен Аллаһ сөйлеспейді. Қайғы мен азаптың басы осы екі сөзде басталған. «Рахман» сүресінде Аллаһ адам баласына сөйлеу қабілетін бергенін ырыс-береке ретінде айтса да, Аллаһ осындай адамдармен тілдеспейді. Адамда сөйлеу қабілетінің болуы – Аллаһтың сөйлеуші сипатының дәлелі. Яғни, Аллаһтың сөйлеуші сипатына дәлел бола отырып, сол бір бейшара жан ауыр қайғыға душар болады. Аллаһ онымен «сөйлеспейді».

Адам басына іс түскенде іштегі шерін тарқатып, мұңын шағатын біреуі болмаса, одан асқан азап бар ма? Ол қанша жерден көмек сұрап, жалбарынып, жанталасып аласұрғанмен, оған жәрдемдесе алатын жалғыз Жаратушы оның сөздерін тыңдамайды да. Құран Кәрімде бұл көрініс былай баяндалған: «(Аллаһ) Тоқтатындар сөздеріңді, бұдан кейін Маған ешқандай да тіл қатушы болмаңдар!» (Муминун, 23/108). Өйткені сендердің сөз сөйлейтін жерлерің дүние болатын. Сол жерде сөйлесіп, Аллаһқа жақын бола алатын едіңдер. Дүниеде болған кездеріңде, Аллаһқа жақын болмадыңдар. Сондықтан да бүгін Ол сендердің жақындарың емес.

#### **2. Аллаһтың назар салуынан мақұрым қалу**

Екінші көрініс «Аллаһ оларға қарамайды» мағынасында айтылады. Рақымдылық назарына мейлінше мұқтаж болған сол күні Аллаһ оларға мүлдем қарамайды. Кейбір жандар шат-шадыман жүздері нұр шашып тұрғанда, өзге бір топ қабағы түсіп, жүздері күйген күлшедей қап-қара болады. Иә, бұлар Аллаһтың рақым назары бұйырмаған екінші топтың адамдары еді.

Әркім өз атымен шақырылып жатқанда, әркім бір себеппен құтылып, мәңгілік қуанышқа бөленіп жатқанда, қараусыз қалған осы адамдардың жағдайы неткен қорқынышты еді!

Аллаһ елшісінің Ка'б ибн Мәликке аз уақытқа жаза беріп жалғыз қалуы әрі оған, әрі осы жайды естіген жандардың да жанына батқан қандай ауыр сынақ еді[2].



Алайда әлгі топтағы адамдар мәңгі-бақи осындай жазаға душар болуда. Аллаһым мұндай азаптан Өзі сақтасын! Жәһәннам да мұншалықты қорқынышты болмас. Рақымдылығы шексіз Рабтың адамға бір сәт болсын қарамай қоюы неткен ауыр азап, неткен қорқынышты жаза десеңізші?!

Не дей аламыз? Адамдар жасағандарының қарымын сол күйінде қайтып алады. Жақсылық жақсылықпен, жамандық жамандықпен қайтады.

### **3. Тазарудан мақұрым қалу**

Үшінші жағдайда «Аллаһ оларды тазартпайды» мәселесі айтылған. Адамдар бақиға тірі күнінде тазаланып баруы тиіс. Тазалану үрдісі осы фәни дүниеде жүреді. Ақыретте адамды тек жәһәннам тазалайды. Адамдар сынақ әлеміне бір-ақ рет келеді. Сол себепті нысанаға дөп тигізу мүмкіншілігі де бір-ақ рет беріледі. Өзіне берілген осы мүмкіншілікті тиімді пайдаланғандар табысқа кенеледі де, жүрдім-бардым жеңіл қарағандардың қоржыны құр қайтады. Бұдан өзге жол жоқ.

Әйюб пайғамбардың үсті-басын жара қаптап ауырғаны секілді рухы, ар-ожданы, рухани және ішкі сезімдері мен жан сарайындағы нәзік сезімдері күйзеліске түсіп, шұрқ-тесік болған бейшара жан сол күні осы адам айтқысыз азапты күйге түскен түріне қарап, «тазара алар ма екенмін?» деген үмітпен жаутаңдайды. Бірақ амал не? Хадисте айтылғандай, Аллаһ осы үш топқа жататын адамдарды қиямет күні тазартпайды.

### **Ақыры – ауыр азап**

Хадистің соңына таман: «Олар үшін жан түршігерлік азап бар» делінген. Оларды ілгері қарай бір қадам баспай жатып, алдарынан қарсы алатын жалғыз-ақ нәрсе бар. Ол – үрейден адамның аза бойы қаза болар жан түршігерлік азап. Азап болғанда да түскен сәтте-ақ күйдіріп, жалын шашып, жалмап-жұтып жіберетін ауыр азап. Міне, олар осындай бір жан шыңғыртар азаптың шыңырау түбіне тасталады.

Мұндай ашық азапқа душар болатын осы үш топ кімдер? Жан түршігерлік ауыр азап отына тасталынған кімдер еді олар?

Аллаһ елшісі сөзінің жалғасында: «Етектерін жерге жайып жүруші», – дейді. Бұл сөзімен ол, әлбетте, тәкаппар жандарды меңзеген.

Рим, Грек тарихтарында етектерін жерге жайып жүрген адамдардың суреттерін көресіздер. Осы жайында түсірілген фильмдерде бұл көріністер айқын бейнеленген. Етегімен жер сыпырып жүретін адамдарды емес, өздерінің

тәкаппарлықтарын, яки өздерін өзгелерден биік санайтындар туралы айтылып отыр. Негізінде, хадистің айтпақ мәселесі – осы.

### **Өркөкіректік пен тәкаппарлық**

Өркөкіректік пен тәкаппарлықтың қаншалықты кесапат екендігі көптеген аят пен хадистерде айтылып кеткен.

Мысалы, бір хадисте Пайғамбарымыз: «Жүрегінде зәредей тәкаппарлығы бар адам жәннатқа кірмейді», – деп ескертеді[3].

Өйткені жүрегінде зәредей өркөкіректік пен тәкаппарлық бар жанға Аллаһ тура жолға бастайтын есіктердің бәрін жауып тастайды. Аллаһ Құранда былай дейді: «Жер жүзінде орынсыз көкірек қаққандарды аяттарымнан аластатамын. (Оларды түсінбейді). Тіпті барлық мұғжизаларды көрсе де, сенбейді. Сондай-ақ, олар тура жолды көрсе, оны жол етіп алмайды. Ал егер қисық жол көрсе, соны жол етіп алады. Бұл аяттарымызды – теріске шығарып, одан мақұрым қалғандықтарынан» (Ағраф, 7/146).

Өркөкіректік – адамның көкірек көзін көр ететін перде. Көкіректіктің тас қамалында қалып қойған ар-ождан еш уақытта да ғаламда жазылған сансыз мұғжизаларды көре алмайды, терең біліп ұғына да алмайды. Өйткені көкірек көзі тұмшаланып, саңылауына сәуле түспеген соң, көз де ешбір кәдеге жарамайды ғой.

Ұлылық Аллаһқа ғана жарасқан. Күніне бес рет мұнаралардан әлемге атын ұлықтаған осы бір ақиқатты басқа біреудің иемденіп, онымен таласқанға Аллаһ қалай ғана ризашылық танытсын?

Бір қасиетті хадисте Аллаһ:

«Кибрия (тәкаппарлық) менің ридам (шапаным), Ұлылық болса, изарым (ішкі киімім). Кім менімен бұл жайында таласқысы келсе, Мен оны жәһәннамға лақтырамын», – дейді[4].

Тәкаппарлық (кибрия) – Аллаһтың бір сипаты. Адамға ішкі, сыртқы киімдер қандай қалыпты нәрсе болса, бізге қандай екені беймәлім Аллаһтың да кибрия мен ұлылығы сол іспетті. Осы екі сипатты өзімен бөлісуге тырысқанды Аллаһ жәһәннамға лақтырады.

Өркөкірек жүрекке иман тұрмайды. Басқаша айтсақ, егер бір жүрекке Аллаһтан өзге нәрселер өз патшалықтарын құрып алса, ондай жүректен иман орын тебе алмайды. Жүріс-тұрысында өркөкіректігін көрсеткен адамның жағдайы да дәл

осындай. Хадисте мұндай адам «етектерін жерге жайып жүруші» деп бейнеленген.

### **Міндетсіну**

Екінші адам немесе топ – «мәннан». «Мәннан» деген – Аллаһтың өзі де ішіп-жесін, басқаларға да жәрдем етсін, сонда сол жасаған жақсылығының әрбірін мың етіп қайтарайын деп артықтау етіп мал-мүлік берген адамы. Бірақ ол – шын мәнінде ондай бола алмаған адам. Ешқандай жақсылық жасамағанымен қоймай, кейде бергенінің өзін міндетсініп көкірек керіп, сол бергенін де жоқ еткен адам. Алайда оның қолында болған мал-мүлік те, өзі де Аллаһтың мүлкі еді. Оның барлық міндеті Аллаһтың мал-мүлкін жұртпенен бөлісу бола тұра, ол өзін сол мал-мүліктің нағыз иесі көріп, адамдарға аз ғана дүние беріп, сол үшін көкірек қағып, панданып, өзін өзгеден жоғары ұстайтын адам. Иә, бұл неткен ақымақтық десеңізші! Бұл дегеніңіз өзін-өзі түбі терең тұңғық шыңырауға тастау емес пе?!

Аллаһ оған мал-мүлік берді. Бірақ осы мал-мүлікте басқа жандардың да үлесі бар. Алайда бұл адам сараңдық жасап, Аллаһтың мүлкін ешкіммен бөліскісі келмейді. Берсе де міндетсініп, береді. Мұндай ақыры қасіретке түсіретін садақа берушіден ғибратты сөз сөйлеген адам әлдеқайда көп сауап алады.

Құран Кәрім: «Көркем сөз және кешірімділік, артынан бұлдану, кейіту араласқан садақадан жақсы», – дейді. (Бақара, 2/263).

«Мәннан», сонымен қатар, сараң адам деген сөз. Ал сараңдық адамды Аллаһтан, жәннаттан және басқа игі жақсылықтардың бәрінен алыстатып, жәһәннамға жақындатады.

Пайғамбарымыз бір хадисінде сараңдық жайлы:

«Сараң – Аллаһтан алыс, жәннаттан қашық, адамдардан ұзақ. Жәһәннамға жақын»,– дейді[5].

### **Жазаға лайық іс**

Хадисте көркем сөз тәсілі тұрғысынан алғанда «сөздердің симетриясын» ерекше атап өтуге болады. Яғни, бұл тіркес «Аллаһ тіпті олардың жүзіне де қарамайды» деген мағынаны білдіреді. Ол «Мәннанмен» (жасаған жақсылығын бұлдаушы) байланысты. Өйткені екеуі де сөз ортасында. Бірінші мен соңындағы сөздер де бір-бірімен тығыз байланысты. Осы жағынан алып қарағанда, осы хадистен төмендегідей мағына шығаруға болады. Мәннан бұл фәниде міскіндерге жаны ашымаған, тіпті оларға көз қырын да салып қарамаған және берген күннің өзінде онысын міндетсігендіктен ақыретте жазаға ұшырайды. Ол бұ дүниеде қалайша

адамдардан алшақ тұрып, оларға көмек қолын соз-баса ақыретте Аллаһ тағала да оған солай қарайды.

Өркөкірек, басқалармен сөйлесуді ар санаған адамдар да ақыретте өздерінің Аллаһпен сөйлесе алмайтынын білуі тиіс.

Білгеннен соң, сол жазаға апаратын жолдармен жүрмеуге тырысуы керек.

Жайшылықта ант-су ішу дұрыс емес. Сөйте тұра бас пайдасы үшін өтірік ант етіп, заттарын асыра мақтап, артық бағасына сатуға тырысу да адамды тұйық бір түнекке апаратын үшінші көрініс.

«Өрі күнәларынан арылтып тазартпайды да» деп ескертуі осы мәселеге байланысты.

Үшінші топтағылар «Жалған ант етіп, саудасын жүргізуге тырысушы адамдар» деп берілген.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұлар – саудада бас пайдасын көздеп, жалған анттарымен жұртты алдауға тырысқан адамдар. Иә, азапқа душар болатын үшінші топ та, міне, осылар.

Екі әлем Сардарының мына (жәуәмиу'л-кәлиміне) өнегелі қанатты сөздеріне қараңыздар да, былай деңіздер: «Садақа расулуллаһ» (Аллаһ елшісі рас айтады). Әрбір хадистен кейін бізге осылай айту – борыш. Оның әрбір сөзі бізге «Мухаммадур-Расулуллаһ» дегізеді.

[1] Муслим, Иман, 171-174; Тирмизи, Буиу', 5; Нәсә'и, Зәкәт, 69; Муснәд, 5/162-168.

[2] Бухари, Мәғәзи, 79, Тәфсир, Сүре (9) 14; Муслим, Тәубе, 5.

[3] Муслим, Иман, 149; Тирмизи, Бирр, 62; Әбу Дәууд, Либас, 26; Ибн Мәжә, Зухд, 16.

[4] Муслим, Иман, 136; Әбу Дәууд, Либас, 26; Ибн Мәжә, Зухд, 16.

[5] Тирмизи, Бирр, 40.

### 13. Тіл бәлесі және ар-ұят

Имам Бухаридің «Сахих» атты кітабында риуаят еткен бір хадисте Аллаһ расулы: «Кімде–кім маған екі ұртының арасындағыға (тіл) мен екі шап ортасындағыға (ұятты жері) ие бола алатындығы жайлы серт беріп, сөзінде тұрса, мен де оған жәннат үшін кепілдік берер едім», – дейді[1].

Бұл сөзді айтқан – Аллаһтың Хақ пайғамбары. Ол адамның қандай нәрсеге кепіл болатынын яки, бола алмайтынын бәрінен жақсы біледі. Жәннатқа кепіл болатынын айтса, сөзсіз айтқанында тұрады. Өйткені Осман ибн Мазун өмірден озғанда бір әйел жоқтап: «Жәннаттың құсы болып ұшып кеттің» дегенде: «Мен Аллаһтың елшісі болсам да, біле алмаймын, сен оның жәннаттық екенін қайдан білдің?»[2] – деген болатын.

Демек, тілі мен екі шап арасына ие болатынына сөз берген және сол сөзінде тұрған жанға Аллаһ елшісі жәннатқа кепіл болатынын айтса, Пайғамбарымыз мұны ойынан шығарып отырған жоқ. Сөзсіз, Аллаһ бұл туралы осылайша уәде еткен.

Негізінде, ол ешқашан өз бетінше сөйлемейтін. Мұндай нәрседен ол әрқашан да пәк. Демек, айтқандары айқын ақиқат және уәде еткендері де уақыты келгенде, сөзсіз орындалады.

Егер сіз екі ұрт арасындағы мен екі шап арасындағыны тыйып ұстап, ардан аттамай өмір сүре алсаңыз, онда сізге мынаны ойланбай, бөгелмей, толық айта аламын. Егер ақыретте зәбанилер, яғни жәһәннамның күзетші періштелері, сіздің аяқ-қолыңызды байлап, жәһәннамға сүйрелеген кезде бар дауысыңызбен айқайлап, Аллаһ елшісінің сізге кепіл болғанын айтсаңыз, сізге сол мезетте хазірет Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) шапағаты тиеді.

#### Сөйлесу де берекет

Негізінде, тіл – айтып жеткізу үшін, сөйлеу үшін берілген қасиеті ерекше ағза. Оны да өз орнымен қолданбаса, адамды құрдымға құлататын құралға айналып, бақытсыздыққа душар етеді. Тілдің өзгешелігі сол – адам сол арқылы Аллаһты еске алып, мадақ айтады. Тілмен адамды жақсылыққа да шақыруға болады, жамандықтан тыюға да болады. Адам аузымен әлем кітабын және оның мәңгі «аудармасы» Құранды оқи алады. Сол оқыған аяттарын басқаларға түсіндіреді. Кейде сенбеген адамды сөздің құдіреті арқылы иманға келтіреді. Осылайша жақсылыққа қызмет етеді. Сондай-ақ адам тілімен адамзаттың көгіне шығып, турашылдардың шырқау шыңына өз тағын орнатады.

Алайда дәл осы тіл адамның ауыр қасіретке ұшырауына да себеп. Барлық күпір мен кәпірлікке арқау болатын да – осы тіл. Мысалы, Аллаһқа және Оның ұлы Пайғамбарына тіл тигізсең, күнәға батасың. Адам жалған сөйлеп, біреуді сыртынан ғайбаттап, жала жауып, Мусәйламаның[3] кебін құшады.

Хақ пайғамбар бір ауыз сөзбен осы ағзаға назар аудартады. Осы бір сөздің өзінде басқа да көптеген айтылмаған ақиқат бар. «Тілді өз орнында қолданыңдар, сонда мен де сендерге жәннатқа кепілдік етейін», – дейді.

Бұл «дымдарыңды шығармай, бір шетте отырыңдар» дегенді емес, керісінше, сөзді өз орнымен, белгілі бір шектен шықпай пайдаланыңдар дегенді білдіреді.

### **Екі шап арасы**

Кім кімнің әкесі? Кім кімге мирасын қалдырады? Кім кімнен ақысын сұрай алады? Отбасы қалай сақталып, ұлт қалай ұлт боп қала алады? Адам осы тектес барлық сұрақтардың дұрыс жауабын зина жасап күнәға батпай, ар-ұятын сақтап, салауатты өмір сүргенде ғана таба алады. Ар-иманы бар адамдардан құралған қоғам өмір сүру үрдісін қияметке дейін жалғастыруға шамасы келіп жатса, ал зинақорлықтың батпағына батқан ұлттар бірер ұрпақ жалғасқан соң, ілгеріге аяқ баса алмайды.

Задында, жыныстық құштарлықты қанағаттандыру үшін ерлі-зайыптылардың ақ неке аясы жеткілікті. Харамға кірудің қажеті жоқ.

Екі әлем Сардары: «Үйленіңдер, көбейіңдер. Өйткені сендердің көптіктерің арқылы мен өзімді басқа үмбеттердің алдында мақтан тұтамын»[4], – деген болатын.

Яғни, Аллаһ елшісі басқа үмбеттерге өз үмбетінің көптігін мақтаныш етеді. Оның үмбеті көп болғаны соншалық – басқа үмбеттер оның қасында көрінбей, көлеңкеде қалып қояды. Міне, үмбетінің көбеюі сол екі шап арасындағы ұятты жерді қалай ұстағанға байланысты.

### **Әулиелік шыңы**

Әсіресе, осы жерде ең маңызды бір мәселеге назар аударуларыңызды сұраймын. Хақ пайғамбар екі жақ және екі шап немесе екі бұт арасы жайлы сөз бергенге жәннатты уәде етуде. Көзі тірісінде жәннатпен сүйіншіленген ерекше жандардың



аты-жөні мәлім. Демек, олардан басқа адамдар да қол жеткізген мәртебелері мен Аллаһқа жақын болу арқылы осындай жетістікке қол жеткізе алады. Ауыз бен екі шап ортасына ие болу адам үшін ауыр сынақтардың бірі. Өйткені құмарлық бойынды билеген сәтте ой-санаң тұманданып, өз-өзіңе ие бола алмай қалуың мүмкін. Адам осындай сәтте Аллаһ үшін өзінің асау сезімін жүгендей алса, оның бұл ерлігі ескерусіз қалмайды. Мұндай ерлік – адамның бірден шыңдарға шығуына себеп болады. Ал, жан тазалығы мен ар тазалығына ие адам, әлбетте, Аллаһ елшісінің шапағатына ие болып жәннатқа кіреді.

Қайталап айтайын: нәпсінің дауыл ұрған теңіздей асып-тасуына тосқауыл қойып, сабыр сақтап күнәға батпаған, өзіне тоқтау салған адам басқалардың жылдар бойы аңсаған ғажайып сезіміне бір-ақ сәтте қарғып, қол жеткізе алады. Және басқа біреудің әр түні сәждеден бас алмай оқыған мың бас намазынан да артық сауапқа кенеледі. Осылайша көкке тік көтеріліп, әулиелік шыңнан бір-ақ шығады. Мұны жұрт нәпіл намаз бен нәпіл оразаны жеңіл санап отыр деп ойламасын. Олар, әлбетте, қашан да өз биіктерін сақтап қалатын аса маңызды ғибадаттар. Біз бұл жерде адамды адамзат шыңына шығаратын себептің біреуін еске сала кетуді жөн көрдік.

Аллаһтан былай деп тілейік: бізге бес-он адамның қуатын берсін де адамды адамдықтың шыңына шығаратын мол қасиеттер дарытсын, бірақ оны әр түрлі жаман жолға қолданудан да сақтасын! Ал күнә жасап қою о бастан адам табиғатына тән, соған қарамастан, көңіл аздыратын күнәлі істерге тап келгенде өз-өзін тежей білуі ерлік.

Иә, «шығысына қарай кірісі» дегендей, тартқан қиыншылықтары қандай болса, мәртебелер де сондай жоғары. Қиын қыстау сәттердің өзінде мойныңызға үлкен жауапкершілік алып ізгі іс жасай алсаңыз, алатын сыйыңыз да соншалықты болады.

Түсінікті болу үшін кеңірек тоқталайық: Мысалы, Аллаһ сіздің болмысыңызға ашу-ыза, өшпенділік, жиіркену әрі құмарлық секілді жаман әдеттердің де ұрығын тастаған. Бірақ бұлардың ешқайсысына еш уақытта сізді билеп-төстеуіне жол бермеңіз. Сіз керісінше оларды өз ырқыңызға бағындырсаңыз, ерікті де парасатты адам болып, байыпты өмір сүре аласыз. Осылайша, сіз оларды өз ырқыңызға көндіру арқылы парыз бен сүннетті орындайсыз. Жүрек пен рухты алдымен ойлап, жәһаннам жолының адамның көзін арбап, көңіліне құрт түсіретін сиқырына бөгеліп қалмай, жәннат жолының ауыртпалықтарына төзіп, раббанилықты сақтауға, яғни, Рабқа шексіз мойынсұнуға тырысасыз. Сонда сіз



күндердің бір күнінде өзіңіздің пайғамбарлармен, турашылдармен және шейіттермен бірге жүргеніңізді байқайсыз. Сірә, ақырзаманға таяған кезеңде, сансыз бүлік ішінде жүріп-ақ, дін дағуасы үшін жанын салған жамағатқа хазірет Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) ерекше сүйіспеншілікпен қарауында осы сыр жатса керек... Ғұмырдың қара құйыны ұйтқып, жолында кезіккенді өзіне үйіре тартып жатқанда, өз бойын таза сақтап, барлық ауыртпалыққа төзе білгендер, шындығында, сахабалардың қатарына жатуы мүмкін. Сахабалар – Аллаһ елшісінің достары, бұлар да оның бауырлары. Өйткені ол көп ғасырдан кейін келетін осы адамдарға өз дәуірінде сағынышын білдіріп: «Бауырларыма сәлем!» – деген болатын[5].

Иә, бейне Аллаһ елшісі осы ғасырдың адамына «Екі жақ арасы (тіл) мен екі шап арасына ие болатындығына уәде берсе, мен оған жәннат үшін кепіл боламын» деуде.

Бұл сөз – жәннатқа баруға жаны құштар және Хақ пайғамбармен кездесуге де көңілі құлаған жандарға қарата айтылған сөз. Олар – Аллаһ елшісінің сүйіншіге толы сөздеріне сәйкес әрекет етіп, діттеген межесіне жетуге бел байлаған жандар. Міне, ақиық елші Ахмет (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жәннатқа баратын жолдарды осылай көрсеткен. Осы қанатты, өнегелі сөзбен кәміл адам мен ізгі қоғамның көрінісін бейнелеген. Мұншалықты ауқымды ақиқатты мұншалықты қысқа сөзге сыйдыру Ағзам Фәтәнат иесінен басқа кімнің қолынан келеді дейсіз?! Иә, пайғамбарымыз – Сөз зергері. «Жәуәмиул-кәлим» деп те соның сөздеріне ғана айтылады.

[1] Бухари, Рикақ, 23.

[2] Тирмизи, Бирр, 40.

[3] Жалған пайғамбар (ауд).

[4] Мунауи, Фәйду'л-Қадир, 3/269; Кәнзу'л-уммал, 16/276.

[5] Кәнзу'л-Уммал, 12/183.

## 14. Қателіктерін өшіріп, мәртебелерін көтеретін іс

Муслимнің бізге жеткізген бір хадисінде екі әлем Сардары былай дейді: «Жасаған қателіктеріңді Аллаһ өшіретін әрі сендерді биік мәртебеге көтеретін жайтты айтайын ба? Сахабалар: «Иә, Пайғамбарым»,– деді. Ол сонда былай деді: Қиындықтарға қарамастан жақсылап дәрет алу, мешітке қарай көп жол жүру, сосын намаздан соң келесі намазды күту. Міне,Рибат (шекарада күзетте тұрғандай өзін Хақпен) байланыстыру» деген – осы[1].

Үш ғибадат адамның істеген қателіктерін өшіріп, келешекте оны қайталауына тосқауыл болады және оны Жаратушысына ықыласпен құлшылық қылуға жетелейді.

Біріншісі, су мен ауа-райына байланысты еркін дәрет алуға мүмкіндігі болмаған; судың да, ауа-райының да жайсыз суықтығы әрі су мүлдем тапшы болған сәтте (әлбетте, аса қажеттілік жағдай бұдан тыс) дәрет алу – терең ықыластан, сауап алуға деген ынталылық пен құлшылыққа деген шынайы сүйіспеншіліктен туындайды. Егер адам барлық кедергілерді бұзып өтіп, аса қиын сәтте дәрет алатын болса, онда оның ыстық ықыласын Аллаһ қабыл етеді. Негізінде, мұндай жанның рух әлеміне қылаудай сызат түссе де, одан арылу оған зәредей қиындық туғызбайды. Ал дәрет адам бойындағы жағымсыз энергияны алып, жүйкесін босатады және рух күнде бес рет жанданып жаңаратындығы көпшілікке мәлім болғандықтан, оған тоқталуды жөн көрмедік.

Екіншісі, Аллаһқа жақын болу жолында ұдайы мешітке бару, жан мен тән тазалығына мән беру. Рухтың адам ұға алмас ләззатқа бөленуі, жүректің намаз оқудан бұрын ол жайлы ойға батып, Аллаһ алдында тұру болып саналатын сол намаз ғибадатының шәрбетіне қануы. «Көп қадам» сөзімен айтылған осы ұзақ жолда ерекше әлемнің нұрына малынып, терең ойларға шомуы, сол арқылы өзгеруі. Өзгеру арқылы өткен ғұмырының қара дақтары өшіріліп, сол қара дақтар көзден парлап аққан жастарымен ағарып, жақсылықтың жалғасуына арқау болуы. Мұның бәрі адамды құлшылық әлеміне жетелейді.

Үшіншісі, ғашығын күткендей, намазға асық болу. Сол мүбәрак намаз уақыттарын бейне бір «уақыт кестесіне» айналдырып, өмірі мен өмірдегі істерін соған жүйелеп құру – ғажап бір заман ұғымы. Адам сол арқылы көңіліндегі заман ағымына еруден пайда болған бойкүйездіктің орнын осындай бір ізгі ниетпен ғана толтыра алады. Намаздағы көңіл рахаты мен Хаққа жақындығын намаздың тысында да сақтай алады. Сөйтіп, барлық дүниелік істерін Аллаһпен

байланыстырып, түгелдей ғибадатқа айналдыра алады. Сондықтан да осындай ынтызар көңілмен оқылған намазды да дәл рухани және дүниелік жиһат секілді «рибат» сөзімен белгілеп оны адам баласының Раббысымен байланысының атауы еткен.

Бұл да дәретпен қанаттанып, намазбен көкке самғаған мұсылманның нұрлы әлемінен үзінді етіп бізге ұсынған бір мысалы.

Осы айтылатын қасиетті хадистің мағынасы Аллаһтан, сөзі Пайғамбарымыздан болғандықтан «құдси хадис» деп аталған.

[1] Муслим, Тахара, 41; Тирмизи, 39

## 15. Салихалы құлдарға сый-сияпат

Бухари риуаят еткен бір хадисте Аллаһ:

«Мен салихалы құлдарыма ақыретте көз көріп, құлақ естімеген, ешкімнің ойына да, қиялына да келмеген (таңғажайып) нәрселер дайындадым»,– дейді[1].

Хадисте – күтпеген сый жайлы айтылған. Негізінде, Құранда жәннатқа қатысты кейбір нәрселер сөз болады. Олардың аты мен атаулары ғана осы дүниедегіге ұқсас болғандықтан олардың қандай екенін елестету мүмкін емес.

Ибн Аббас (р.а.) «Оларға ұқсас нәрселер берілді» (Бақара, 2/25) аятының тәпсірінде былай дейді: «Жәннатта сендерге берілетін ризықтардың тек аты ғана бар»[2]. Дәмін татып көрген кезде, «мынау ана нәрсеге ұқсайды екен» деп айта аларсыздар, бірақ ешқашан дәл соның өзі бола алмайды. Өйткені жәннат ризықтары да дәл жәннаттың өзі секілді оның мәңгі болуы үшін жаратылған. Яғни, бұл дүниеге тән қауын-қарбыз бен алмұрт, алманы сол жақтан іздеу – аңғалдық.

Жәннат – тосын сыйлар мен таңғажайыптар мекені. Ол – қараған жанды таңғалдырып, бейне бір не істеп, не қойғаныңды біле алмайтын рахат халге түсіретін, ішінде барлық ризық жайылған ақырет дастарқаны. Алайда ондағы мыңдаған жылғы өмір Аллаһтың дидарын бір көруге жетпейді. Яғни, мұсылмандар жәннатқа кіргенде, Раббыларын да көреді. Алайда Аллаһ уақыт пен кеңістіктен тыс. Өйткені заман мен мекен жаратылғандарға тән. Сөйте тұра, уақыт пен кеңістіктен тыс Жаратушы Жаббар Ие салихалы құлдарына Өзінің дидарын тамашалау бақытын сыйлаған.

«Салих» – істі кемшіліксіз, мінсіз орындаушы деген сөз. Салихат болса, кемшіліксіз, мінсіз істелген істі білдіреді. Істелген істердің салихатқа жатып-жатпауы тек иләһи өлшемдер арқылы білінеді. Яғни, Аллаһтың өлшемдеріне сай намаз қалай өтеледі, оразаны қалай ұстау керек, зекет қалай беріледі, бойды қалай тізгіндеуге болады? Ар-ожданға қалай қарау керек? Рух қайтсе күшейеді? Ерік қалай шыңдалады? Рухани сезімдер қайткенде жетіледі? Олардың барлығы иләһи өлшемдер негізінде бағаланады. Сондықтан Аллаһтың әмірлеріне сай адамның өз бойын түзеуі, соған сай бейімдеуі – салихатқа басқан алғашқы қадамы саналады.

Иә, күйші күйін тартпай тұрып алдымен домбырасының құлағын күй бабына келтіргеніндей, адамдар да Ұлы Жаратушының ұнататын хорға қосыла алатындай

бір үн шығарғылары келсе, өздерін Құранға сай түзеуі керек. Әйтпесе, Аллаһ олардың жүздеріне назар салмайды! Аллаһ – Естуші де Көруші. Бірақ адамдардың үндері сол мәртебеге лайық болмаса, Аллаһ тағала тыңдамайды. Ол тыңдамаған соң естірту мүмкін емес.

Салихат – қолға алған адал ісін Аллаһтың өзі тікелей қадағалайтынын ойлап, бар ықыласымен орындау. Олай болса, адам істейтін барлық жақсылықтарын тиянақты жүзеге асыруы тиіс. Өйткені ақыретте тозақ отынан құтылуына қандай істің арқау болатыны белгісіз. Сол үшін де Аллаһ елшісі: «Аллаһтан қорық және ешқандай жақсылықты ұсақ көрме», [3] – дейді.

Осы хадисте: «Менің салихалы құлдарыма» деуде. Демек, салихат, яғни мінсіз іс, оларды Аллаһқа жақындатып, Аллаһ жақсы көрген сүйікті жандардың қатарына қосқан.

Бір қасиетті хадисте Хақ тағала жақсы көрген жандарды:

«Ал оны жақсы көрген сәттен бастап, оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүрген аяғы боламын!» – деп бағалаған [4].

Яғни, құл мінсіз ісі арқылы Аллаһқа барынша жақындап, Оның сансыз сипаттарының бояуымен боялады. Одан соң сүйек жуушының қолындағы өлік секілді болады. Оны солға да, оңға да аударатын Аллаһ тағала. Рабтың оны тура бағытқа салуы айтып жеткізгісіз бақыт! Мұндай жолға бір түскен адамның Хақтан теріс айналуы мүмкін емес. Өйткені ол: «Менің құлдарым» деп аталатын мәртебеге жетіп, Аллаһқа жақын болғандардың қатарына қосылған. Мұндай адам әрбір тынысында: «Тастама мені, Аллаһым! Тастама, мен Сенсіз не істей аламын?» – деп дұға етеді.

Ол шама-шарқы жеткенше жақсылық істеп, өзінің әрбір амалынан жәннатқа апаратын себеп іздейді. Өйткені өзін қандай ісі о дүниелік азаптан құтқаратынын білмеген соң, жолында кездескен барлық сауапты істі орындауға тырысады. Орындаған ізгі амалдары ақыретке тосын сый қоржыны ретінде жолданады. Жәннатқа кірген сәтте сол қоржындар кезек-кезек ашылып, көз көріп, құлақ естімеген күйге бөлейді.

Кейде шөлдеген итке су беру секілді елеусіз жақсы-лықтың да жәннатқа жетелейтінін [5], кейде қарауындағы мысығына су бермей қою жәһаннамға тасталуға түрткі [6] екенін ескере отырып, жәннат та, жәннатта берілетіндер де түгелдей таңғажайыптан тұрады деген байламға келеміз.

Адам көзімен көрген, құлағымен естіген нәрселерді ғана қиялдай алады. Өйткені адам өмірінің өзі шектеулі. Сондықтан оның сезімдері де шектеулі. Ал шексіз әлемдегі несібелерді сезіну адам баласының мандайына жазбаған.

«Ұғып түсіну кішкене ақылға қажет емес,  
Өйткені бұл таразы мұншалықты ауырлықты көтере алмас» (Зия Паша).[7]

Оның тағы бір мәні мынадай болуы мүмкін. Жасалған жақсылықтар үшін Аллаһ кейде он, кейде жүз, кейде жеті жүз, кейде жүз мың, кейде миллион, кейде санын тек Өзі білетін сый береді. Ешқандай құл өзіне нендей сый берілгенін біле алмайды. Ақыретте істерінің қарымы адам ойына келмейтін таңғажайып сый түрінде алдынан шыққанда, таң-тамаша қалады. Осылайша, оның қиялына да келмеген нәрселер шындыққа айналады.

Міне, осыншалықты терең ақиқатты бірнеше-ақ сөзге сыйғызған Пайғамбарымыз біз жіліктеп барып әрең түсінген мәселені ойланып жатпастан табан астында айтқан. Осы бір сөзінің өзі оның қаншалықты елден асып түскен фәтәнәт егесі екенін дәлелдеуге жетіп артылғандай. Біз ол кісі жайында сөз қозғаудың терең ләззатынан бас ала алмағандықтан, тағы бірнеше сөзін келтіруді жөн көрдік.

[1] Бухари, Таухид, 35; Муслим, Жәннат, 4-5.

[2] Ибн Кәсир, Тәфсир, 1/91.

[3] Муслим, Бирр, 43; Әбу Дәууд, Либәс, 25; Тирмизи, Өт'имә, 30; Мунәуи, Файду'л-қадир, 1/121, Кәнзу'л-уммал, 6/576.

[4] Бухари, Рикақ, 38

[5] Бухари, Әнбиә, 54; Муслим, Сәләм, 153.

[6] Бухари, Мусәкат, 9; Муслим, 151; Дәrimi, Рикақ, 93; Муснәд, 2/507.

[7] Зия Паша (1829-1884) – Түріктің белгілі мемлекет қайраткері, ақын.

## 16. Жәннат жайсыздықпен, жәһәннам құмарлықпен бүркемеленген

Бухари мен Муслим риуаят еткен бір хадисінде Пайғамбарымыз: «Жәннат адамға ұнамсыз көрінген нәрселерімен тозақ, ұнамды көрінген нәрселермен бүркемеленген», [1] – дейді.

Жәһәннамның бүркемеленген бетін түрлі тәнқұмарлықтар жауып тұр. Жәннаттың беті сырттай қарағанда жанға жайсыз, кісіге ұнамсыз көрінген амалдармен бүркемеленген. Өмірдің мәнін материядан іздеушілерге жәннатқа баратын жолдағының ешқайсысы ұнамды көрінбесі анық.

Негізінде, жәннат та, жәһәннам да біз үшін жақсылық. Өйткені тура бағыттан адаспай жүруіміз үшін біреуі ынталандырса, екіншісі сақтандырады. Адам жәннатқа ұмтылып, жәһәннамнан қашу арқылы тура жолдан ауытқымауға тырысады. Екеуінің де біз үшін рақымдылық болуының мәні осы.

Аллаһ жәннатты да, жәһәннамды да екі бөлек түйіп, адамдардың амалына салды. Адам өз еркімен осылардың бірін таңдауы керек. Таңдауына қарай мәңгі бақытқа кенеліп кісі жәннатқа барады немесе сормандайлықпен тозақтың жолына түседі.

Иә, жәһәннамның айналасын құмарлықтың атмосферасы қоршаған. Бұл атмосфера сырттай қараған жанның көз жауын алып, ақыл-есін жадылап тастайды: жаман мінез, жат қылық, бір сөзбен айтқанда, адамның тән құмарлығына майдай жаққан не нәрсе болсын, барлығы, зерлеп тоқылған жібек кілем секілді сусылдап сылаң қағып, өз ұйығына тартып әкетеді. Қысқасы, жәһәннам жолы – адамның тәнін қытықтаған құмарлық мозаикасы.

Жәннат болса, дәрет алу, намаз оқу, қажылыққа бару, зекет беру, Аллаһ жолында қиыншылықтарға төзу секілді тек қана «Раббым – Аллаһ» дегені үшін өзі өмір сүрген қоғамнан өгей баладай тепкі көріп, қуғын-сүргінге ұшырап, ит жеккенге айдалу сияқты адамға ұнамсыз амалдармен бүркемеленген. Үстірт қарағандардың көбісі түгі тікелейген осы пердені көріп, кедергілер торлап тастағандай іркіліп қалады. Осылайша жәһәннам көз тартатын, жәннат үрей туғызатын мекен болып көрінеді. Адамдар олардың сыртқы көрінісіне алданып қалып жатады. Сондықтан да жәннатты ұнататындардан гөрі жәһәннамды қалайтындар көбірек.

Адамдардың көбісі тәннің бабын табу үшін ұсақ себептерден аса алмай күйкі тірліктің етегіне оралып күн кешеді. «Намаз жақсы-ау, бірақ күнде бес рет оқу



маған қиын соғады», – деп, намаздағы кішкене ауыртпалықты көтере алмауда. Кейбіреуі қыстың қақаған суығында дәрет алуды қиынсынып, орта жолда қалып қояды. Алайда жоғарыдағы хадисте, сол дәреттің аз қиыншылығына төзген жан бірте-бірте жәннатқа жететінін айтпады ма?! Оразаны, зекетті, қажылықты, және Аллаһ разылығына жетелейтін өзге амалдарды да қиын деп ойлауы мүмкін. Бірақ аз қиыншылықтан қашу мол бәлеге жетелейтінін олар ескермеуде.

Жәһәннам болса, адамның осал жерінен ұстайтын болмашы құмарлықты тұзақ еткен сиқыршы. Көбісі жарға омақаса құлайтынынан бейхабар, бейне шыбындардың балға қарай ұшқаны секілді. Иә, құмарлық у қосылған бал іспетті. Мұндай адамдарды оттың айналасында шыр айнала ұшып жүріп, ақыр соңында сол отқа құлаған көбелектерге ұқсатсақ болады. Жәһәннамның айналасын қоршаған құмарлыққа ұмтыламын деп, өздерінің жәһәннамнан бір-ақ шыққанын байқамай қалады. Перделердің ар жағын біле алмағандықтан адамның тән құмарлыққа көзсіз ұмтылып, жәһәннам пердесіне зер-оқа боп тоқылған қызылды-жасылды түрлі қызықтар жылы тартып әкетеді[2].

Өмір жолдарының торабында бағыт-бағдар сілтеп тұрған Кісімен танысып, соның нұсқауы бойынша жүріп, жүрегі ақиқатты аңғарған адамдар жәннатты екі шетінен қоршаған жеккөрінішті нәрселердің мән-мағынасын ұғып, ешқашан оның сыртқы көрінісіне бола алданып қалмайды. Қайта олардың ар-ождандарында дән тәріздес жәннат бүршік жарып, олардың рух әлемін баурап алған. Басқа жандар жәннатты сырттан іздеп жүргенде, олар бейне бір жан-сарайындағы жәннатта жүргендей, рақатқа толы қуанышты күн кешуде. Алайда тіршіліктің жәннатын қалағандар жүректегі жәннатпен өмір сүргендердің бір сәтіне де фәни ғұмырында жете алмайды. Иман – ішінде жәннаты бар дән, күпір – ішінде жәһәннамы бар дән. Бұлар о дүниеде бүршік жарады да, шын мағынада жасыл жайлау жәннат пен жалын шашқан жәһәннамға айналады. Демек, мұсылман бұ дүниеде де жәннат өмірін сүруде. Бірақ тірлігі сырттай қарағандарға ұнамсыз болып көрінуі мүмкін.

Жәннатқа жетуді көздеген пенделердің кейбіреуі әрбір белесі бақытқа толы осы жолда кейде өзі ұнатпайтын дәрет, намаз, ораза секілді тәндік ғибадаттардан туған қиыншылықтардан тосылады. Зекет, садақа және басқа да салық түрлері тәріздес ауыр жауапкершіліктерден жүрегі шайлығады. Қажылық секілді дүниелік һәм тәндік сын сағаттарға төзімі жетпей, ақыр соңында осы ауыртпалықтар оған бейне бір аса алмас асудай болып көрінеді. Сондықтан да кейбірі дәрет пен намазға, енді бірі аштық пен шөлге, енді біріне келсек, мал-жан сүйіспеншілігіне, басқа бірі болса, бұлардың бірнешеуіне қатар дағдарып, таяқ тастам жерде тұрған жәннатқа жете алмай жолда қалады.

Иә, жәннат – сан түрлі кедергілерден сүрінбей өткенде ғана қол жеткізуге болатын ғажайып әлем. Адам қиялы жетпейтін шалқып толқыған түстер әлемі. Жәһаннам да – адам нәпсісін пайдаланып, тәндік сезімдерді арбайтын бір күндік ләззатымен осы фәни ғұмырдан жолай өтіп бара жатқан жолаушылардың алдынан күлімдеп шығып, иманы әлсіз жандарды бейне бір ғарыштағы қара құрдымдардай ұйығына үйіре тартып, тұңғыығында тұншықтырған түпсіз қасірет шұңқырлары.

Жәһаннамның әшекейіне көз сүзіп, сыртқы жылтырағын қызықтаймын деп жүріп, өзін сол шұңқырға тастаған, жәннатқа да тек сырттай көз тастап, оның ғажайып сый-сияпатынан бойын аулақ салған қаншама жан бар!

Ой салып қарасақ, негізінде жәннатты сезіп білгендердің оған ынтық болмауы, жәһаннамды танығандардың да оған жолауы мүмкін емес.

Ал енді Пайғамбардың сөзіндегі қуат пен тылсым мазмұнға ой салып көріңізші! Өте ұзақ екі үлкен жолды (жаннат, жаһаннам) бақыты мен қасіреттерін, соның нәтижесінде баратын жердің қорқынышы мен қуанышын айтып жеткізуде өзіне тән өзгешелікпен осы үлкен мәселені бар-жоғы төрт-бес ауыз сөзбен түйіндеп берген.

Біз тақырыпқа қатысы болғандықтан Пайғамбарымызға тиіс осы сөздердің әрбіреуі жарқыраған бір алмас екенін айтуды жеткілікті санап отырмыз. Болмаса, осыған ұқсас хадистердің шешендік өнер және тілдік тұрғыдан басқа да небір терең жақтары бар десеңізші?! Осы жағынан Аллаһ елшісінің қасиетті сөздерін зерттей түскенде, қаншама терең мағыналардың кенін тапқан болар едік! Бірақ бұл өз алдына бөлек тақырып.

[1] Бухари, Рикақ, 28; Муслим, Жәннат, 1.

[2] Бұл мәселені Пайғамбарымыз былай түсіндіруде: «Мен және үмбетім от жаққан адамның мысалына ұқсаймыз. Көбелектер көзсіздікпен жанған отқа ентелейді. Мен оларды кері жасқап әлекпін. Ал сендер отқа ұмтыласыңдар». (Бухари, Рикақ, 26; Муслим, Фәда'ил, 17-18; Муснад, 1/39).

## 17. Үш Хұқ: Аллаһ, мемлекет және дін хұқы

Имам Тирмизи жеткізген бір хадисте:

«Сендерге Аллаһтан қорқуды және басшыларың қара құл болса да, құлақ салып бағынуды насихат етемін. Ғұмыры жеткендер алда қилы-қилы талас-тартыстарға кезігеді. Сендер менің және жөн сілтеген халифалардың жолымен жүріңдер. Әрі осы жолдан азу тістеріңмен тіс-тегендей тастай қатып, айрылмаңдар. Бидғаттардан[1] сақтаныңдар. Сөзсіз, әрбір бидғат – адасқандық»[2]

Аллаһ елшісі үш ақиқат жайында айтып отыр. Біріншісі – тақуа. Ол – Аллаһтың хұқы. Екіншісі – құлақ салып, бағыну. Бұл да – мемлекет басқарушыларының хұқы. Үшіншісі болса, сүннетті берік ұстау. Бұл – діннің хұқы.

Тақуа – «уикая» сөзінен шыққан. Былайша айтқанда, ол жаратылыс заңдарының ұстанымдарына бағынып, Аллаһтың қамқорына кіру деген сөз.

Сіздерге басшы болып бекітілген адам, яғни, өздерің таңдаған, тағайындаған басшыларыңның шаштары бұйра қара құл болса да, оған құлақ асып бағыну шарт. Бұл – біз сөз етіп жүрген демократиядан да әлдеқайда кең жүйе. Адамдар ұзақ уақыт қол жеткізе алмай келе жатқан демократия жайында ол осыдан он төрт ғасыр бұрын айтып кеткен. Бірақ пайғамбар арқылы жеткен осы жүйені демократия деп айтуға да болмайды. Өйткені бүгінгі күннің демократия ұғымы әлі күнге дейін бұл белеске көтеріле алған жоқ. «Бүгін діндеріңді толық кемеліне келтірдім» (Маида, 5/3) мағынасындағы аятпен дін толық кемеліне жетіп аяқталған. Бұдан кейін айтылатын сөз де жоқ. Дінге қандай да бір жаңалық ене алмайды. Өйткені дінге кіретін әрбір бидғат – бір сүннеттің өлтірілуі деген сөз. Сол үшін де Аллаһ елшісі мен халифаларының сүннетін берік ұстау қажет. Оның сүннеті – бақыт құсы. Оны қолға бір түсіргеннен кейін қайта ұшырып алмауды ойлау керек. Мұнымен қатар, пайғамбардың сүннетін дұрыс насихаттау керек. Ал сүннетке тіл тигізгендерге тиісті жауап беріліп, олардың бұзық ойларының тарауына мүмкіндік бермеу керек.

Шама-шарқым келгенінше айтуға тырысқан бұл мәселелерді, сол сөз Сұлтанының өз аузынан естіп түсіну мүмкіндігіміз болғанда, ой-өрісіміз кеңейер ме еді, қайтер еді?! Оның әрбір сөзінде бойлай алмайтын терең мағыналар бар. Біз де сөз соңында растап «Аллаһ елшісі дұрыс айтты» деп құптар едік және құптап та жатырмыз, құптай береміз де.

Сөздерінің ғажайыптылығы сол – сәл алға басса, Құранның мұғжизалық көгіне көтерілер еді.

[1] Дінде жоқ, кейін ойдан құрастырылған нәрселер (ауд).

[2] Тирмизи, 'Илм, 16; қараңыз: Ибн Мәжә, Мукаддимә, 6, Муснад, 4/126-127; Әбу Дәууд, Сунна, 5.

## 18. Бір тесіктен екі мәрте шақтырмас

Бухари мен Муслимнен жеткен бір хадисте Пайғамбарымыз:

«Мұсылман өзін бір тесіктен екі мәрте шақтырмайды», – деп үмбетін ескертеді[1].

Болашақтың саясатшыларына тікелей қатысты осы хадис жайында көп сөйлемей, тек ишарат ретінде кейбір нәрселерге ғана тоқтала кеткім кеп отыр.

Келешекте Хақ жолына негізделген шынайы мәдениеті мен қайта қауышқан өз әлемін өзгеден емес, өзінен іздеген зиялы жандар бұл хадис жайында көп ойланып-толғанғаны жөн. Барлық ішкі және сыртқы саясаттарындағы ұстанымдарын осы хадиске негіздеу керек. Сол кезде ғана алдарынан табысқа апаратын маңызды жолды таба алады. Болмаса, саяси платформадағы алдану мен адастырулардан еліміз көп зардап шегеді.

[1] Бухари, Әдәб, 83; Муслим, Зухд, 63.

## 19. Адамдар кен тәрізді

Болашақтың тәлім-тәрбиешілері де Бухари мен Муслимнің риуаят еткен мына хадисі жайында ойланып осыны зерттеулері қажет. Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Адамдар – құдды алтын мен күміс кендеріндей. Қараңғылық дәуірдегі игі-жақсылар Исламға кіріп, тереңіне бойлағанда да игі-жақсы атанады», [1] – дейді.

Бұл сөздерімен Пайғамбарымыз бейне бір барлық педагог пен психологтардың алдына шығып, былайша үлгі-насихат айтқандай:

Адамдарды тәрбиелегенде, олардың мінез-құлқын білудің маңызы зор. Себебі, адамның физиономиясы олардың жан-дүниесін айқындап береді. Әуелі әрбір адамның жан-дүниесін зерттеу қажет. Содан соң барып оны өз қазанына салып қайнату қажет. Тәрбие, былайша айтқанда, оған түр-түс беру деген сөз. Түр-түс беру тек адамның белгілі бір қалыпта ерітілуі арқылы мүмкін болады.

Білмей тұрып, анықталмай жатып, асығыс берілген тәрбиенің пайдасыз, тіпті үлкен зиянға жол ашуы да ықтимал. Сол үшін де Аллаһ бұл істе көсемдік еткен жандарға қарата:

«Менің жолым – осы. Мен және маған ергендер адамдарды парасаттылықпен Аллаһқа шақырамыз» де», – деуде. (Юсуп, 12/108).

Иә, адамды дінге және ойға шақыру үшін көрегенділік қажет. Көрегенділік – істелген істің жай-жапсарын біліп, анық-қанығына барлау жасау, кімге не айтатыныңды оймен саралап барып айту деген сөз.

Демек, Аллаһ расулы дінді насихаттауда өзіне саналы жолды таңдап, үмбетіне де осындай жолды таңдауға кеңес береді. Негізінде, мұны әмір еткен де тікелей Аллаһтың өзі болатын.

Кімді қай қазанға салып қайнату қажет? Ол қанша градууста балқиды? Яғни кімнің көңілін қалай тауып, жүрегін қалай жібіту керек? Бұлардың бәрін тек көрегенділіктің арқасында ғана білуге болады.

Қараңғылық дәуірдегі адамдардың арасында саналы, көргенді, шыншыл және адамдық қасиеті барлар Исламға кіріп, ақиқатты таныған соң да ізгі адам болып саналды. Өйткені алтын өз қазанында қайнап шыққаннан кейін де сол алтын, күміс пен мыс та өз қазанынан шыққаннан кейін сол күміс, сол мыс болып қалады. Ешқашан балқытылған нәрсе басқа нәрсеге айналмайды. Қараңғы дәуірде құрамы алтын болғандар Исламға кірген соң да алтын болады, бірақ бір шарт

арқылы ғана. Міне, «егер дінді қабылдап терең түсінсе» сөзі осыны айтуда. Яғни, тек дінді терең түсініп, оған терең бойлағанда ғана алтынға айналамыз.

Олардың осы күйге келуі үшін де, әлбетте, мұғалім, жол көрсетуші және былайша айтқанда, химик оларды қолға алып, тигельдерде ерітуі қажет. Жүректеріне Исламды осылайша дарытуға болады. Олар сонда ғана дінге терең бойлай алады.

[1] Бухари, Мәнакиб, 1; Муслим, Бирр, 160; Муснәд, 2/539.

## 20. Зұлымдық жазасыз қалмайды

Бір хадисте Пайғамбарымыз былай дейді:

«Аллаһ залымға мерзім береді. Егер жазалаймын десе, ол ешқайда қашып құтыла алмайды». Содан кейін Аллаһ елшісі сөздерін мына бір аятпен аяқтады: «Міне, Раббыңның қолға алуы осылай. Ол залым елдің жазасын осылай береді. Өйткені Оның азабы жан түршігерлік өте қатты» (Һуд, 11/102).

Аллаһ залымға белгілі бір мерзім береді. Зұлымдық жасағанды өзіне қарсы бас көтергенді үнемі белгілі бір уақытқа дейін мұрсат беріп, жолын ашып қояды. Бірақ жазалаймын десе, барар жер, басар тауы қалмайды. Демек, олардың басбұзарлықтары Жаратқанның «ашуын» келтіріп, қаһарына душар етеді.

Әлемде орнатқан Аллаһтың белгілі бір заңдары бар. Бұлар ешқашан өзгермейді. «Аллаһтың жаратқанында өзгеріс жоқ» (Рум, 30/30) аяты бізге осыны меңзейді. Бұл заңдардың бірі – залымның Аллаһтың қылышы болуы. Пайғамбарымыз осы жайында былай дейді: «Залым – Аллаһтың әділеттігі. Аллаһ залыммен басқалардан өшін алады. Қайта айналып кеп сол залымның өзінен өш алады»[1].

Залым – сайфуллаһ. Яғни, ол – Аллаһтың қылышы. Өзінің кім екенін танымай шектен шыққандарға Аллаһ залым арқылы өзінің кім екенін танытады. Содан соң залымнан да өшін алады. Бұған сіздер де таңырқайтын боларсыздар. Залымдардың бұл күнде тасы өрге домалап тұр. Бірақ сіздер осыған қарап, үміт үзбеңіздер. Азғын елге Аллаһ белгілі бір мерзім беріп, бейне бір оларға «жеңдер, ішіңдер, өмірдің қызығын татыңдар» дегендей. Алайда Аллаһ көп ұзатпай оларды жермен-жексен етіп отырған[2].

Айналаңызға бір көз салып қараңызшы! Осы айтқан көріністерге өз көздеріңізбен куә боласыздар. Тарихтағы Содом, Гоморра және Помпей қалалары осылардың бірер мысалы ғана. Өмірде біз білмеген қаншама ғибрат алатын, ой салатын мысалдар көп. Бұлардың барлығы Жаратқанның өзгермес заңын растауда.

Және өзгермейтін заң: «Міне, Раббыңның жермен-жексен етуі осындай!». Нағыз тарихшы, нағыз қоғамтанушылар Аллаһтың осы өзгермейтін заңдарынан көп ғибрат алады. Бұл, әлбетте, олардың ғасырлар бойы өмір сүруіне, құлдырамауына жағдай жасайды. Біз тағы да ой-өрісімізді өрбіткен оның сөз жақұтына көп мәселені тапсырып, басқа бір хадиске көшейік.



## 21. «Арыштың» көлеңкесіндегі жеті топ

«Аллаһ жеті топты өз көлеңкесінен өзге ешқандай қалқа жоқ қиямет күнінде өз панасына алады. Олар: алғашқысы – әділ басшы, екіншісі – өмірін ғибадат етумен өткізген жас, үшіншісі – жүрегі мешіттермен байланыс-ты пенде, төртіншісі – Аллаһ үшін бір-бірін жақсы көріп, Аллаһ үшін бас қосып, Аллаһ үшін айырылған кісілердің екеуі де, бесіншісі – сұлу әйел шақырғанда, құмарлығын тежеп, «Мен Аллаһтан қорқамын» деген адам, алтыншысы – сол қолының берген садақасын оң қолы білмейтіндей, жасырып садақа берген адам, жетіншісі – жалғыз қалғанда Аллаһты еске алып көзі жасқа толған жан»[1].

Міне, бұлардың әрқайсысы адамның еркі жағынан өз алдына бөлек маңызды мәселелер. Бұлардың кейбіріне адамның шама-шарқы келмей қалуы мүмкін. Олардың әрбіреуі адамға құрылған тұзақ. Адам осы тұзақтың бірінен құтылса да басқасының торына түсуі ықтимал. Бірақ Аллаһтың қамқоры мен көмегі арқылы осы тұзақтардан құтылады және адамның күші жетпейтін аса ауыр жауапкершіліктерді де Аллаһтың көмегімен игере алады...

Ыстықтан адамның миы қайнап, бойынан аққан терге тамағына дейін малшынатын, еш нәрсе адамды жақтамайтын, қайта қарсы болатын кез келеді. Сонда Хақтың қамқорлығы мен көмегінен басқа ешқандай көлеңке болмайды және бола да алмайды. Арыштың көлеңкесі ме немесе басқа бір нәрсенің көлеңкесі ме, ол маңызды емес. Маңыздысы – біздің қазіргі білетін жүйенің өзгеріп, жер мен көктің астаң-кестеңі шығатыны.

Осы бір аса қорқынышты сұрапыл шақта біреудің біреуге көмегі тимейтіні сөзсіз.

Иә, міне, осындай қысылтаяң шақта жан сақтайтын жалғыз орын – Аллаһтың қамқорының көлеңкесі. Мыналар осы көлеңкеге кіре алатындардың қатарына жатады:

- а. Мойнына алған аманаттарға асқан жауапкершілікпен қараған, шындық пен әділеттілікті ту еткен лидерлер мен мемлекет басшылары.
- ә. Азғындық жайлаған заманда күнәдан бойын аулақ салып, Аллаһқа құлшылыққа берілген жастар (мейлі бозбала, мейлі бойжеткен болсын).
- б. Күнәдан гөрі құлшылыққа бар ынтасы ауып, жүрегі мешітті аңсап тұратын ғибадатқа үйір жан.
- в. Бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көрген, бас қосарда Аллаһ үшін жиналған, қоштасарда Аллаһ үшін қоштасқан, Хақтың разылығы мен сүйіспеншілігін мақсат еткен сүйіспеншілік қаһармандары.

г. Өмірін тақуалықпен өткізген, ар-ұяты мен намысын қорғап, сақтық танытқан, нәпсісі іштей күнәға тартқанда «Аллаһтан қорқам» деп, еркін тежей білген нағыз ерлер.

ғ. Аллаһқа деген беріктігінің белгісі ретінде аузынан жырып, Хақтың разылығы үшін садақа еткен дүниесін Аллаһтан басқа ешкімнің білуін қаламай, сол жағындағы адамның өзіне білдірмей, оң жағындағы адамға беруге ұмтылған жомарттық қаһарманы.

д. Жалғыз қалған шақтарында мынау ұшы-қиыры жоқ шексіз әлемге көз тастап, осынау ғаламды жаратқан Ұлы Жаратушының құдіретіне тамсанған адам. Мына әлемде өзінің кім екенін, сарқырап аққан өмір-өзен өзін қақпақылдап қай жаққа алып бара жатқанын, яғни, осынау өткінші фәни дүниеде өзін жолай өткен жолаушы секілді сезінген жан. Өзінің мәңгі отаны – жәннатқа дайындығын жасап, «Аллаһқа лайық құл бола алдым ба?» деп терең ойға шомып, көзінен жас парлаған адам. Содан кейін жан сарайындағы осы көңіл-күйін көз-жасымен жуып-шая алған, әрқашан Аллаһтан толайым қуат алып, өмірдің жал-жал толқындарына қарсы тұрып, алға, тек алға қасқая тартқан кемедей күнә дауылына бой бермеген, нәпсісін өз ырқына көндіре білген иман ерлері.

Басқа хадистерде де айтылғандай, қол астындағыларын әділетті басқарған басшы ақыретте нұрдан жасалған таққа отырады. Хақтан тоқтаусыз келіп жатқан ілтипаттардан бейне бір таң алдында, ескен саумал самалды сіміргендей тынысы кеңіп, айрықша ләззат алады. Жас шағында-ақ жастығын аттап өтіп, Хақтың разылығына бөленеді. Өмірін мешіт, үй, жұмыс арасын шілтердей өре білген ғибадат қаһарманы иләһи қамқорлыққа алынады. Әлемге «бауырластық бесігі» деп қарап, ғұмырын Аллаһ үшін жақсы көріп, ел сүйіспеншілігіне бөленіп өткендерге махшарда иләһи махаббат жүлдесі беріледі. Жалған өмірін Аллаһтан қорқумен өткізген ақыретте қорықпайтынына сенімді болады. Садақаны баяндылықтың белгісі ретінде берген ер ақыретте үш ұйықтаса түсіне кірмеген сыйлыққа ие болады. Және ең соңғысы сыртқы әлемі аса мағыналы, ішкі әлемі тым терең болып, жұртқа өзін таныған жақтарымен тамаша үлгі болады. Осылайша Хақ досымен жалғыз қалған шағында Оған ішкі сырын ақтарған сол бір адамының барлық белдер мен асулардан аман өтіп арманына жетуі – бұл хадисте ақыреттік жүлделер есебінде айтылған. Мінсіз қоғамның негізі саналған осындай көріністер арқылы ғажайып бір ел болудың үлгісі ұсынылып, адамдарды соған жетелейтін оның негіздері келтірілген.

Бірнеше томға жүк боларлық осынау аса терең мағыналарды бірнеше қатарға сыйдырып, бейне бір дарияны тамшымен бейнелеп жеткізген осы сөзді тағы да қайталап жату мүлде артық болар, сірә.

[1] Бухари, Әзән, 36; Муслим, Зәкәт, 91; Тирмизи, Зухд, 56.

## 22. Дүние бір көлеңке

Басқа бір хадисте Пайғамбарымыз:

«(Жалған) дүниеге менің не қатысым бар?! Мен бұл (фәни) дүниеде бар-жоғы бір ағашты саялап, тыныққаннан кейін жолын қайта жалғастырған жолаушы секілдімін»[1], – дейді.

Дүние деген не? Адам осы бір фәнидегі өткінші өмірін қалай бағалауы тиіс? Адам баласы осы дүниеге не үшін келді және қайда кетіп барады? Міне, күні бүгінге дейін философияның негізгі тақырыбы саналып, сан ғасырдан бері айтылып келе жатқан осы мәселені Аллаһ расулы қанатты жалғыз ауыз сөзбен түсіндіріп айтып кеткен. Өзге жандар сөре толы кітап жазса да түйіндей алмаған осыған ұқсас мәселелерді Хақ пайғамбар бір-екі ауыз сөзбен-ақ айқындап кеткен. Иә, барлық адамзат оның сөздеріндегі ғажап тіркестерге еріксіз бас шайқап таңданумен, тамсанумен келеді.

[1] Тирмизи, Зухд, 44; Ибн Мәжә, Зухд, 3; Ахмәд, Муснәд, 1/301.

## 23. Бұрынғыларға берілмеген бес нәрсе

«Маған менен бұрын ешкімге берілмеген бес нәрсе берілді: Айшылық жердегі дұшпанның жүрегіне қорқыныш ұялату арқылы (иләһи) жеңіске ие болдым. Жер жүзі маған мешіт пен тазаланатын мекен етілді. Сондықтан да үмбетімнен кімде-кім намаз уақытының кіргенін көрсе дереу намазын оқысын! Ғанимет[1] менен бұрынғы өткендердің ешбіріне адал емес-тін. Міне, сол маған адал етілді. Әрі маған шафағат (хұқы) берілді. (Ақырғысы) Әрбір пайғамбар өз еліне ғана жіберілген болатын, ал мен күллі адамзатқа елші етіп жіберілдім»[2].

Аллаһ әрбір үмбетке, әрбір пайғамбарға қалауынша рақымдылық пен қамқорлық жасаған. Адам ата мен балаларына жүрек пәктігі мен Жаратқанның сипаттарына айна болу; Нұхқа (а.с.) күрескерлік, қайсарлық, өжеттік; Ибраһимге (а.с.) көптеген пайғамбарларға әке болу мен тәухид ғашықтығы; Мұсаға (а.с.) тәлім-тәрбие, қоғамдық білімдер мен қоғамды басқара білу; Исаға (а.с.) адамдармен қатынаста мейрімділік, сабыр, төзімділік, кеңпейілділік және махаббат; әлемнің ұлы тұлғасы Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пен үмбетіне келсек, пайғамбарларға берілген ерекшеліктермен қоса, хикмет, тепе-теңдік, терең ғылым, т.б. әлемдік дін болудың ерекшеліктері берілген. Ең соңғы Ислам дінінің жауапкершілігі өте ауыр болса да, ол адам баласы қиналмай емін-еркін көтере алатын берекеті мол жеңіл дін. Бұл да әлемдік ерекшелегінің бірі саналады.

Жоғарыда айтылған хадисте осы әлемдік діннің өткен діндерден қаншалықты ерекше екендігін әр түрлі тәсілдер арқылы алдымызға жайып салған.

Осы әлемдік дінді оның алғашқы өкілдері (пайғамбар мен сахабалар) шартарапқа жайған кезде міндеттері мен жауапкершіліктерін терең сезінетін. Барша әлемге Жаратқанның жарлықтарын жеткізу жолында бар ықыласын, күш-жігерін салып, Аллаһ жолында күресетін, тіпті жанын да беретін. Олар осы күш-жігерлері арқылы жәннатқа кіріп, Аллаһтың дидарын тамашалауға лайық екендігін дәлелдейтін. Осы дағуа жолында өз өмірлерін де қиюға әркез дайын болуы өзгелердің өмір сүруге құштарлығы секілді Аллаһты көруге ынтызар болып, жер жүзіне бақыт орнатуға тырысатын. Міне, сондықтан да ақыретпен байланысты орбитада жүрген қаһармандармен ешкімнің де соғысуға батылдары бармайтын. Өз өмірлерін қатерге тігіп, оларға қарсы шыққандар айшылық жерден қорқып, жарты жолға жетпей жатып, іштей жеңіліске ұшырайтын. Әсіресе, Аллаһ деп соққан жүректерінің дүрсілі артып, имандары ақиқат шыңына жеткен мұсылмандар үшін: (Айшылық жердегі

дұшпанның жүрегіне үрей салу) неткен ғажап қару, неткен алынбас қамал десеңізші?!

Жер бетінің мұсылман баласына мешіт болып, қалаған жерде ғибадат жасау мүмкіндігі, жиһаттың қияметке дейін жалғасуы үшін соғыс олжасының адал етілуі, ақыретте Пайғамбарымыздың «ең үлкен шапағат» жасап, үмбетін қауіпсіз жерге апаруы – Ислам дінінің әлемдік қырын байқататын ерекшеліктерге жатады. Және әрбір пайғамбар өз халқына ғана елші болғанда, оның барлық адамзатқа жіберілуі де осы істің өзгешелігін аңғартады.

Мұнымен қоса, осы хадистен ешқандай ауыртпалықтарға түспей-ақ, мына қорытындыларды шығаруға болады:

а. Пайғамбарлық және сол арқылы келген хабар айрықша иләһи рақымдылыққа жатады.

ә. Осы бес ерекшелік толығымен Пайғамбарымызға ғана тән болып, басқа ешқандай пайғамбарға берілмеген.

б. Айшылық алыстан дұшпандарының жүректеріне үрей салу – пайғамбарлықтың белгісі. Бұл – тек сол атмосферада болған жандарға ғана берілетін иләһи сыйлық.

в. Ғибадаттың мінәжатхана мен дін адамдарына байланысты болмауы[3] – осы діннің әлемдік ерекшелігін көрсетумен қатар, барлық жерде, әр уақытта, әрқашан Аллаһпен байланысудың жеңілдігін білдіреді.

Осы жерде Ислам хабарымен келген басқа бір ерекшелікке де тоқтала кету керек. Ол топырақтың да су секілді тазартушылық қасиетке ие екендігі. Исламдағы жуынудың маңызы және су мен топырақтың тазартушылық қызметін әр мұсылман біледі.

г. Әу бастан ғаниметтің өзі тікелей харам болмаған, ол заманға байланысты сынақ еді. Пайғамбарымыздың заманында, тыйым салуға негізделген мәселелердің шешілуі-не байланысты адал болды. Әрі маңызды болғаны үшін де уәжіп болмаса да, мұбаһ етілген. Сонымен бірге дағуаның ең маңыздысы саналған ықыласқа да кедергі емес.

ғ. Пайғамбарымыздың ақыретте кең көлемде шапағат етуінің растығы. Бұған әр мұсылман үміт артады. Ол – біз үшін үлкен мақтаныш.

д. Бұрынғы өткен пайғамбарлар өз қауымына, тайпасына келсе, Пайғамбарлардың Сұлтаны барлық адамзатқа, тіпті барлық болмысқа елші болып жіберілуі осы алып пайғамбарлықтың қияметке дейін жалғаса беретініне ишарат етеді.

Мазмұны мен сөздеріндегі қуаты һәм ауқымы жағынан қоғамдық өмірге тығыз қатысты нұрдан тағы бір сөз алқасы мінекей осындай.

[1] Соғыста қолға түскен олжа

[2] Бухари, Тәйәммум, 1, Салат, 56, Муслим, Мәсажид, 3.

[3] Хадистен ғибадаттың мінәжатханалар мен дін қызметкерлеріне байланысты емес екенін байқаймыз.

## 24. Жауапкершілік жүгі

«Әрбірің шопандай жауапкерсіңдер. Баршаң да қарамағыңа жауаптысыңдар. Ел басшысы – қарамағына жауапты. Ер адам – отбасына жауапты. Әйел – отбасы, ошақ қасына, ерінің меншігіне жауапты. Қызметші – мырзасының мал-мүлкіне иелігіне жауапты. Әрқайсысың жауапкер, әрбірің қарамағыңа жауаптысыңдар»[1].

Хадистегі «Ра'й» сөзі бір нәрсені бағып-қағушы, қорғаушы, қамқоршы дегенді білдіреді. Өзіне аманат етіп тапсырылған малға қиянат етпей ең шұрайлы жерлерге жаятындықтан, оларды жыртқыш аңдардан қорғап, керек кезде көмекке ұмтылатындықтан, ыстығына күйіп, суығына тоңып, малға жанашырлық танытатындықтан малшыны да «Ра'и» деп атаған.

Міне, бір мағынада елбасы мен ел арасында осындай байланыс бар. Елбасы мен мәртебесі әр түрлі билік өкілдері – қарамағындағыларды бағып-қағуға, олардың қайғы мен қуанышын бөлісуге, олардың қиыншылықтарын шешуге міндетті...

Үй егесі мен отбасындағы жандар арасында да дәл осы тәрізді етене байланыс бар. Үй басшысы азық-түлік, киім-кешек және оларды лайық бір жерге орналастыру секілді мәселелерде ең басты жауапкер болумен қатар, тәлім-тәрбие, жақсы қарым-қатынас, осы әлем мен ақырет әлемінде бақытты болуға жағдай жасау мәселелерінде де жауапты.

Дәл осындай жағдай әйелдің ерімен қарым-қатынастарында да болуы тиіс. Әйел үй шаруасында ерінің дүниесін, ар-намысын қорғауда отарына жауапты шопаннан кем емес.

Қызметшілердің өз мырзасының мал-мүлкін, баланың өз әкесінің байлығы мен абыройын сақтаудағы жағдайлары, бәрі осы «ра'й» мен «ра'йә» ойымен байланысты. Тіпті дін бойынша ра'й (басшы) мен мәр'й (басқарылушы) болмаған еш нәрсе жоқ деуге де болады. Иә, әркім өзін, ақылы мен сезімдерін, барлық мүшелерін өз алдына дербес аманат секілді қорғауға міндетті.

Ислам – біз білетін барлық қоғамдық жүйелер мен діндерді қамтыған және мемлекет басшысынан үйлеріміздегі қызметшілерге дейін сонау демократия түсімізге де кірмеген заманда барлық жанның мәселесін бүге-шігесіне дейін анықтап, жария еткен біртұтас өмір жүйесі. Бұл тақырыпта оған тең келетін басқа бір жүйе көрсету мүмкін емес.

Ислам Пайғамбары «елбасы жауапкер» дей отырып, оның жауапкершілігін, жауапкерлік шектерін, міндеттерін тізіп береді. Әйел мен ердің жауапкершіліктерін еске салып, екеуіне де осы ауыр жүкті артып, әкенің балаға, баланың әкеге деген жауапкершілігінен де сөз етіп, екі жағына да назар аударады. Тіпті бұл тақырыпқа қазіргі әлемдік даму тұрғысынан қарайтын болсақ, Ислам сонау ерте заманда-ақ қызметші мен жұмысшылардың құқы және жауапкершіліктері туралы сөз қозғап, адамзат тарихындағы қоғамдық дағдарыстардан әлдеқайда бұрын қоғамдық проблемалардың шешімін ұсынған.

Міне, сіздерге елбасы мен елінің бір-біріне деген құқынан (мұның көпшілігі Исламдық заңда айтылған) бала мен ата-ананың құқына, одан ерлі-зайыпты және жұмысшы мен іс берушінің құқыларына дейін ғық[2] кітаптарында, тәлім-тәрбие жазбаларында, заң туындыларында маңызды орын алған мұнша мәселені бір-екі ауыз сөзбен түйіндеп жеткізген пайғамбарлық ерекшелігінің тағы бір дәлелі.

[1] Бухари, Жум'а, 11; Муслим, Имарә, 20.

[2] Ислам құқығы



## 25. Кейбір харам мен мәкрүһтер

«Аллаһ сендерге аналарыңа қарсы келуді, қыз балаларды тірідей көмуді, (орындалатын құқық пен борыштардың) орындалмауын, (лайықсыз нәрселердің) алынуын харам етті. Әрі сендердің өсек таратып, орынсыз сұрақ қоюларыңды және текке мал шашуды (ысырап етулеріңді) жек көрді»[1].

### Анаға қарсы келу

Анаға қарсы келуді «уқуқ-у уммәһат» сөзімен берген. Бейне бір анасына қарсы шыққан бала онымен арасындағы барлық құқықтық қарым-қатынасын үзіп, оны жападан жалғыз тастайтын секілді мағынаны ескерткендей. Әкеге қарсы келу де дәл осы тәрізді харам болса да, бұл жерде тек ананың айтылуы бекер емес. Таратып айтар болсақ, әйелдер қамқорлыққа мұқтаж, олардың әлсіз жақтары көп, мейірімділік жағынан еркектен жоғары тұрады, жаратылысы нәзік, болмашы нәрсенің өзі оған ауыр тиіп, көңіліне тез алады. Сонымен қатар, бұл сөз әкеге қарсы келудің де күнә екенін, бірақ анаға деген қарсылық әкеге деген қарсылықтан әлдеқайда үлкен екенін ескертеді.

### Қыз балаларды тірідей көму

Қараңғылық дәуірде қыз балалардың тірідей көмілуінің әр түрлі себептері болатын. Осы бір тағылық әдетті кейбіреулері қыз баланы ар санап, қор көріп, енді біреулері бағып-қағу қиыншылығынан қашып, қыз байлығымды басқаға тасиды деп қорқып, не болмаса руына кір келтіреді деген жалған намыс үшін жасайтын. Қалай айтсаң да, бұл ақтауға келмейтін барып тұрған надандық әрі жабайылық еді. Әрине, мұндай надандық сөзсіз тоқтатылуы керек еді.

Иә, Құран мен Сүннет арқылы кейіннен адам бойындағы осы жат қылықтар тоқтатылып, адамзат үлкен бақытқа кенелді.

### Аманатқа қиянат

Айтылған хадистің астарына үңілсек, орындалуы тиіс құқық пен борыштардың өтелуін (мән'ан) сөзімен, ал алынатын, сұралатын нәрселерді әр түрлі жолдармен алуды да (һәт) сөзі арқылы берген. Яғни, берілуі қажет болған нәрсені бермеу, алынбауы тиіс нәрсені алу – харам.

Осы қысқа, бірақ мағынасы терең хадисте балалардың ана-аталарымен қарым-қатынасты үзуі: ата-аналардың да бойларында туа біткен мейірімділік пен шапағатты елемей, тіпті оны жоққа шығарып, балаларына мейірімсіз әрі қатыгез болуы жайында айтылған. Ең үлкен отбасы саналған қоғамда кейбір сараң,

өзімшіл адамдардың өздерінің жеке бас пайдаларын өмірлік мұрат етіп, хақ пен әділетті жойып, қоғамдық жүйені құлатуға әкеліп соғатын мәселелерден сөз қозғаған. Хадисте және мынадай үш мәселе жайында баса айтылған: «өсекшілдік», «орынсыз сауал қою», «малын текке шашу».

### **Өсекшілдік кеселі**

Өсек не бұл дүниелік, не ақыреттік пайдасы жоқ бос сөзді білдіреді. Ол – мылжыңдық болсын, мейлі керексіз жайтты әңгімелеу болсын, мейлі ғайбатқа жақын әңгімелер болсын, өсек айтушылардың қоғамдық деңгейі мен өсектің таралу аясының кеңдігіне қарай (газет, журнал, радио, теледидармен таралу секілді) адамы өресіз, болашағы жоқ елдің қоғамдық кеселі. Ислам екі еріннен туатын қанша жамандықты атаса, соның барлығы да осы турасында айтқан үш нәрсенің қатарына сөйлеуді не сөйлемейді де қосып былай дейді:

«Аллаһқа және ақырет күніне иман еткен адам көршісіне жамандық жасамасын! Аллаһқа және ақырет күніне сенген әрбір жан қонағын жақсылап күтсін! Аллаһқа және ақырет күніне иманы бар әркім не жақсы сөз айтсын не үндемесін!..[2]

### **Мағынасыз сауал**

«Мағынасыз сауал» сөзін орынсыз сұрақ сұрау немесе қажет болмаса да қайыр сұрау, тіпті тіленуді әдет ету деп те түсіндіруге болады. Екеуі де ұят, екеуі де зиянды әдет. Құран Кәрім мен сүннет мұқтаж жағдайдан өзге жағдайда тіленуді ұят санаумен қатар, көпшілік арасында анадан бір, мынадан бір әр нәрсені сұрап, олардың мазасын алуға тыйым салып, адамдардың сана-сезімдерін әрқашан пайдалы нәрселер үйренуге бағыттаған.

Мұнымен қатар, Құран Кәрімде орынды және орынсыз деп сұрақтардың екіге бөлінгенін көреміз. Орынды сұраққа мысал ретінде: «Сахабалар сенен Аллаһ жолында не беретінін сұрайды»[3] аятын, ал орынсыз сұраққа «Сенен рухтың ақиқаты жайлы сұрады»[4] аятын жатқызуға болады.

Сұрақ сұрау немесе сұрамау, тілену немесе тіленбеу қандай да бір зәрулікке немесе қажеттілікке байланысты уәжіп, харам немесе мүбаһ болады. Бұл тұрғыдан алғанда да, екі бөлек боп көрінген осы екі мәселені жоғарыда айтып өткен «бірлік» айналасында қарастырып, бірлестіре отырып жорамалдаудың өте тиімді болатыны тағы бар.

«Малын текке шашу» сөзін заттық һәм рухани, дүниелік не ақыреттігіне байланысты қандай да бір пайданы көздемей, байлығын ана жерге бір, мына

жерге бір ысырап етіп, шашып-төгу деп түсіндіруге болады. Бұл – сырт қарағанда адамның жеке басына қатысты зиян сияқты көрінсе де жалпы әрі қоғамдық індет.

Бүгінгі таңда өте маңызды, болашақта да маңыздылығы арта түсетін экономикалық әрі қаржы бөлу мәселесін түйіндей келе, сөз Сұлтанының қолданған сөздері мен сөз тереңдігін еске сала кеткіміз келеді.

[1] Бухари, Тәфсирус сұра (11) 5; Муслим, Әқдия, 12.

[2] Бухари, Рикақ, 23; Муслим, Иман, 75.

[3] Бақара, 2/215

[4] Исра, 17/85

## 26. Ихсан

«Ихсан – көріп тұрғаныңдай Аллаһқа құлшылық жасауың. Себебі, сен Оны көрмесең де, Ол сені көруде..»[1].

Иманның Исламмен бірігуі, Исламның да ихсан деңгейіне жетуі – кәміл мұсылмандардың символы, рәмізі. Мұсылманның иман мен Исламда ең биік шыңға жетіп, соған лайық болуы – ихсанды білдіреді. Ал, жақсылықтан жақсылық туу қағидасы бойынша осы ықыластың қарымы ретінде «Көз көріп, құлақ естімеген, адамның қиялына да келмеген»[2] тосын сый-сияпат жасау Аллаһтың ихсанына жатады. Негізінде, «ихсанның қарымы тек ихсан ғана». Бірақ пенденің ихсаны – иман, әдеп, тақуалығының тереңдігіне қарай дәрежесі арта түскен ыстық ықыласы. Ал, Аллаһтың ихсаны өз ұлылығы мен қазынасына қарай және мыңдаған ырыс-берекетімен, құлының жанарын сеніммен толтырып, шабытпен толқыту. Көзінен пердені сылып тас-тап, құбылыстардың түпкі өзегіндегі ақиқатты көрсету. Аузын бос сөздерден сақтап, тіліне даналық үйіру және жаман сезімдерін тыйып тастап, оны өз есімдерінің шағылған әлемінде саяхат еттіру түрінде болмақ. Жаратылыстың перде тасасындағы биігіне жеткен мұсылман, бейне бір Оны көргендей болады. Бірақ Ол «Көздер Оны көре алмайды» (Әнғам, 6/103) ақиқатының иесі болғандықтан, өзін көріп тұрғанын иманының тереңдігімен сезіп біледі. Сондықтан да, Оны көріп тұрғандай ләззатқа бөленіп, әрі Оның көріп тұрғанын өте терең сезінгендіктен тақуалығы артып, өз-өзін ұмытатын дәрежеге жетеді. Яғни, Оған деген шексіз берілгендік, ықылас, тақуалық самала сезімдері Хақты айдай анық көруге асыққандықтан, тұла бойында бой бермес арғымақ аттардай, жал-жал асау толқындардай буырқанып, толқып тасиды. Бейне бір ораза тұтқан жанның ауыз ашу сәттерінің рахатын жан-сарайында сезінгендей дүние оразасының санаулы күндерінде Ұлы досымен кездесу сәттерінің қуанышын жүрегінің тереңінде сезініп, бір күндік ғұмырда мың жасағандай хал кешеді.

Иә, салихалы құл бастауы мен соңы жоқ, мәңгі-бақи бар Ұлы Жаратушысын көруден әрі Оның көріп тұрғанын білуден терең нәр алады. Яғни, Мырзасының қызметінде Хақтың бақылап, қадағалап қарағанынан мол қуанышқа бөленеді. Қуанышқа бөлене отырып, жасайтын істерінің ең ұсағын да ынталы ғибадат сезімімен жасайды.

Міне, сіздерге пайғамбар сөздерінен алған кішкене бұлақ көзі – осы. Сөз Сұлтанынан алынған асыл тас секілді мүбәрак бір-екі ауыз лебіз. Бұл – том-том кітаптарға сыя алмайтын терең мазмұн!

Міне, дариядан бір тамшы, күннен бір сәуле һәм жұлдыздардың әлемінен алынған бірнеше ұшқын!

Оның нұрлы сөздерін барлық тереңдіктеріне бойлап түсіндіру біздің өреміз жететін нәрсе емес. Бірақ осыған қарамастан, тағы да батылдық көрсетіп, кейбір хадистердің кейбір тұстарына талдау жасадық. Негізінде, батылымыз барып талдаған мәселелер хадистің сол бір шексіз әлемінен алынған тек бірнеше сөз ғана еді.

### **Баршаны қамтыған дұға**

Мұнда Пайғамбарымыздың бір-екі дұғасына назар аударуды жөн көрдік. Дұғаларында қолданған асыл сөздер мен баталарындағы тереңдік те айрықша. Оған басқалар қол жеткізе алмайды. Сондай-ақ, Аллаһ елшісінің әр дұғасы бір кітапқа жүк боларлықтай кең ауқымды екенін батыл айта аламын. Оған тиісті дұғалар барлық адамдардың дұғаларынан әлдеқайда терең әрі мағынасы өте бай. Өйткені Ұлы Аллаһты ең жақсы білетін, Одан ең қатты қорқатын – хазірет Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) еді. Ендеше, ең терең және жоғары дәрежелі дұғаны да сол жасайды. Оның дұғасы – аса ғажайып дұға.

Пайғамбарымыз бізге былай деп дұға үйретеді:

«Түнде жатар уақытыңда намаз дәреті секілді дәрет ал. Содан кейін мына дұғаны оқы:

«Аллаһым! (рақымдылығыңнан) үміт етіп, (азабыңнан) қорқып өзімді Саған тапсырдым, жүзімді Саған қараттым, ісімді Саған аманат еттім, арқамды Саған сүйедім. Сенен басқа сиынатын, Сенен басқа сүйенетін ешкім жоқ. Түсірген кітабыңа, жіберген Пайғамбарыңа иман еттім»[3].

Иә, мұндай сұлу сөз маржандарына танданбасқа шара жоқ. Алдағы тараулардың бірінде Аллаһ елшісінің дұғалары жайында арнайы сөз қозғаймыз. Сондықтан мұнда сөздің көркемдігіне ғана назар салғаныңыз жөн.

Және бір дұғасы былай:

«Аллаһым! Мені мен күнәларымның арасын шығыс пен батыстың арасын алыстатқаныңдай алыстат. Аллаһым! Мені қателіктерден, ақ киімнің кірден арылғаныңдай арылт!»[4]

Мына дұғадағы сөздерді шынайы ислами һәм ғылыми еңбектермен ғана түсіндіруге болады. Иә, дұға етудің Төресі де өзі.

«Аллаһым! Сенен білгенім бар, білмегенім бар, дәл қазір беріліп жатқан, алда да берілетін барлық жақсылықтарды тілеймін. Аллаһым, білгенім бар, білмегенім бар, дәл қазір басыма келіп жатқан, алда да келетін барлық жамандықтардан Саған сиынамын»[5].

Міне, тағы да Пайғамбарымыздың «жәуәми'ул-кәлим» дұғаларынан бірнеше інжу-маржанды сыйға тарталық:

«Аллаһым, бергеніңе кедергі болар ешкім жоқ. Кедергі болғаныңды да ешкім бере алмас. Ешбір байлық иесіне пайда бере алмайды, барлық қазына Сенде»[6].

«Аллаһым, Сен қаламай тұрып, ешбір сөзім, берген антым, берген уәдем немесе ешқандай да істеген ісім жоқ. Нені қаласаң, сол болды, болмауын қалаған нәрселерің болмады. Күш пен қуат тек Сенде ғана. Шәксіз, Сенің барлық нәрсеге күшің жетеді. Аллаһым, еткен әр дұғам Сен рақым еткен, әр лағынетім де Сен лағынет еткен жандарға арналсын. Сен дүние мен ақыретте менің Досым әрі Қамқоршымсың. Мұсылман етіп менің жанымды ал, салихалы құлдарыңның қатарына қос!»[7].

«Аллаһым, зиянды нәрсеге, жолдан тайдыратын бүлікке тап болмауды, тағдырға риза күйде өлімнен соң нұрлы дидарыңа қарап ләззат алып, Өзіңе қауышуды қалаймын. Зұлымдық жасаудан немесе зұлымдыққа ұшыраудан, дұшпандық жасаудан яки дұшпандыққа душар болудан, қателік жасаудан немесе кешірілмейтін күнә жасаудан Саған сиынамын»[8].

«Мені нәпсіммен оңаша қалдырсаң, онда мені әлсіздікке, мұқтаждыққа, күнәға және қателікке тастайсың. Мен тек қана Сенің рақымдылығыңа сенемін. Күнәларымды кеш, өйткені күнәларды тек Сен ғана кешіре аласың. Тәубемді қабыл ет, өйткені Сен тәубелерді Қабыл етуші әрі өте Рақымдысың»[9].

«Аллаһым, еске алуға ең лайықты Сен ғанасың. Ғибадат етуге Сен ғана лайықсың. Жәрдем сұрағандарға жәрдем етуші, күш пен патшалық иелерінің ең мейірімдісі Сенсің. Есігіңде тіленушілердің ең жомарты мен берегендердің ең кең пейілі және барлық нәрсенің иесі мен сұлтаны да Өзіңсің. Сенің серігің жоқ. Сен теңдесі жоқ Жалғызсың. Сенен басқа барлық нәрсе жоқ болуға лайық. Саған тек Сенің рұқсатыңмен ғана бағына алады, тек Сенің білуіңмен ғана Саған қарсылық білдіре алады. Саған бағынады, Сен қарымын бересің, Саған қарсы шығады, Сен кешіресің. Барлық нәрсеге ең жақын куәгер Сенсің, ең жақын қорғаушы да Сенсің. Сен нәпсінің құмарлығын тежейсің әрі желкелейсің. (Адамдардың) амалдарын жазып, ажалдарын белгілейсің. Жүректер Сені қалайды, сырлар Саған

ғана аян болады. Адалды адал еткен, харамды харам еткен де Сенсің. Дін – Сенің белгілегендерің. Өмір – Сенің үкім еткендерің, жаратылыс – Сенің жаратқаның. Құл – Сенің құлың. Сен – Рауыф әрі Рахим Аллаһсың. Көктер мен жерді нұрландырған дидарыңның нұры үшін, Саған тиіс әрбір хұқ құрметі мен Сенен тілеген құлдарың үшін, Сенен мені мына атқан таң менен батқан кеште кешіруіңді және құдіретіңмен оттан сақтауыңды тілеймін»[10].

«Аллаһым, пайғамбарың Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сұраған әрбір жақсылығын Сенен сұраймын және пайғамбарың Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сиынған әрбір жамандығынан Саған сиынамын»[11].

«Аллаһым, пайда бермейтін білімнен, үрейленбеген жүректен, тоймайтын нәпсіден, қабыл болмайтын дұғадан Саған сиынамын»[12].

«Аллаһым, ісімде тұрақтылық сұраймын. Тура жолда табандылық тілеймін. Сенен ырыс-берекеңе шүкір ету мен Саған жақсы ғибадат етуді тілеймін. Турашыл тіл, салауатты жүрек сұраймын. Өзің білген нәрселердің кесірінен Саған сиынамын. Өзің білген нәрселердің жақсылығын Сенен тілеймін және білген нәрселеріңнен де Сенен кешірім сұраймын. Күмәнсіз Сен – барлық ғайыптарды Білушісің»[13].

«Аллаһым, Сенен жақсылық жасауды, жамандықтарды тастауды, жарлыларды сүюді, мені кешіруіңді, маған рақым етуіңді және адамдардың бүлігін қалағаныңда оған мені душар етпей, жанымды алуыңды тілеймін. Сенен Сенің жақсы көруіңді және Өзің сүйген жандардың сүйіспеншілігін, жақсы көруіңе мені жақындататын істерді ұнатуды сұраймын»[14].

«Аллаһым, Сенен жақсылықтың басы мен соңын, аса кең ауқымдысын, алғашқысы мен ақырғысын, жариясы мен құпиясын және жәннатта ең биік дәрежелерді тілеймін, Әмин!»[15].

«Аллаһым, Өзіңе зікір, шүкір ету әрі жақсы ғибадат ету үшін бізге жәрдем ет!»[16].

«Аллаһым, Сенен һидаят (тура жол), тақуа, ар-ұят және (жүрек) байлығын тілеймін»[17].

«Аллаһым, барлық істеріміздің ақырын жақсылықпен бітір, бұл дүниеде маскара болудан, ақыретте азаптан сақта!»[18].



Қарап отырсаңыз, бұл сөздер арасынан бір сөзді де алып тастау мүмкін емес. Сөздің құрылу жүйесі өте ғажап. Дұғаның тереңдігін түгел қамту мүмкін емес.

Иә, Аллаһ елшісінің дұға мәселесінде де теңдесі жоқ.

Барлық үлкен әулиелер өз дұғаларына Хақ пайғамбардың дұғаларынан бейне бір бақтағы гүлдердей үзіп алып қосып, жандандырып, гүлдендіруге тырысқан. Аллаһтың рақым қақпасын ардақты елшінің дұға қолымен қаққан. Пайғамбарымыздың дұғаларының өзіндік ерекшелігі – оны өзге сөздердің арасында көре қалсаң, дереу жазбай танып, «Бұл Мұхаммед Мұстафаның сөзі ғой» дерсің.

Мен өз басым Хасан Шазәли, Ахмет Бәдәуи, Ахмет Руфайй, Шах Гәйлани секілді адамдардың дұғаларын оқығанда қатты толқимын, тіпті кей тұстарында бір орында байыз таппай кетемін. Барлығының дұғасы ғажап! Бірақ олардың қай-қайсысы да Пайғамбарымыздың кейбір дұғаларынан ала отырып, өз дұғаларын терең мағыналы, мол берекелі еткен. Негізінде, біздер де осы алыптарға тән дұғаларды өз дұғаларымызға қосып, Рақым есігін осы дұғалардың қабыл болу үмітімен қағамыз.

Иә, ойымызды түйіндесек, Аллаһ елшісінің сөздерінің барлығы – оның фәтәнатына дәлел. Кейбір сөздері болса, «жәуәмиул-кәлим» болуы жағынан бөлекше даралық сипатқа ие. Оның дұғаларындағы сөз бен тәсіл де осы топқа кіреді. Олай болса, әрі сөздері, әрі дұғалары оның пайғамбар қисыны, яғни зердесінің ақырет әлемі мен иләһи шабыт қайнарына байланысты екенін көрсетеді.

Сондықтан да ол – анық пайғамбар һәм барша пайғамбарлар Төресі.

### **Пайғамбарымыздың мейірімділігі**

Аллаһ расулының жанашырлығы мен мейірімі де фәтәнатының басқа бір қырын аңғартады. Оның мейірімінде ұшқырлықтың өзгеше тереңдігі жатқандай. Аллаһтың рахмандығы мен рақымдылығының жер бетіндегі теңдессіз өкілі ретінде Пайғамбарымыз осы қасиеті арқылы көпшіліктің көңілінен шығып, құрметіне бөленген. Негізінде, адам баласын ел сүйіспеншілігіне бөлеуде осы мейірім мен ыстық ықыласқа, жұмсақмінезділік пен шынайылыққа жетер ештеңе жоқ.

Міне, Аллаһ расулы осы мейірбандығын, ғажап қабілетін фәтәнатының бір қыры ретінде көрсетіп, өз орнымен қолдана білген. Бұл да оның пайғамбарлығының ерекше бір дәлелі саналады.

...Аллаһ оны күллі әлемге рақым етіп жіберген. Ол түп-тұнық Хақ рақымын паш етті. Ол бейне сахарадағы мөп-мөлдір бұлақ, кәусар хауыз секілді. Ыдысын қолына ұстаған әркім сол хауызға барып, әрі қанып ішіп, әрі ыдысын қалағанша толтыруда. Иә, көңілі құлаған әрбір пенде одан мейірі қанғанша сусындай алады...

Ол өзінің ғажайып фәтәнаты арқылы бойындағы осы рақымдылығын, сол рақымдылыққа мұқтаж жандарға бейне бір жәннатқа апаратын нұрдан тоқылған ау етіп құрған. Кім сол аудың арбайтын ауанына елітсе, өзінің шырқау биіктерге шыққанын бір-ақ байқайды.

...Міне, «мейірім» Аллаһ елшісінің қолындағы осындай сиқырлы кілт еді. Ол тот басып, ашылмастай көрінген барлық құлыптарды сол кілтпен ашып, әрбір көкірекке бір-бір иман шырағын жаққан. Аллаһ осы кілтті барлық адам баласының арасынан таңдап алған асыл рухты Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қолына тапсырған. Өйткені адамзат арасында аталған қасиетті кілтті алуға ең лайығы сол еді. Аллаһ тағала әрқашан да аманатты ие бола алатын жандарға береді. Адамдарға аманат етіп берген жүрек кілттерін де сол істі ең жақсы білетін екі әлем Сардарына берген. Хақ тағала Ахметті (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) әлемдерге рақым етіп жіберіп, ол осы рақымдылықты өзіне лайықты түрде ұстап, өте орынды бағалаған...

Екі әлем Сардарының мейірбандығы кең еді. Тіпті адамзатты ғана емес, барлық болмысты қамтыған әрі қамти берер сүйіспеншілік еді. Аллаһ елшісі паш еткен мейірімге әуелі мұсылмандар бөленді. Өйткені Ол – мұсылмандарға «рауф» әрі «рақымды» (Тәубе, 9/128). Ісінде шынайы, жұмсақжүректі һәм өте жанашыр. Сардардың мейірімділігі мұсылмандармен қатар кәпір мен мұнафықтарға да (екіжүзді) шарапатын тигізді. Тіпті осы рақымдылықтан Жәбірейіл де өз үлесін қармады[19]. Бұл көл-көсір мейірбандықтың кеңдігін байқағанда тіпті шайтанның өзі еріксіз үміттенген-ді[20].

Оның мейірбандығы санаулы адам мен жамағатты ғана қамтыған жоқ. Ол бәз біреулердей оны бас пайдасы үшін де қолданған емес.

## Гуманизмнің алдауы

Бүгінгі таңда белең алып жатқан кейбір жайттардың адамды алдауды ғана мақсат тұтатыны ешкімге жасырын емес. Шағу үшін ирелендеп денеңізге қарай жақындаған жылан не өрмелеп қойныңызға кірген шаяннан мұның қандай айырмашылығы бар? Аллаһ елшісі паш еткен сүйіспеншілікті мұндай нәрсемен теңеу жөн емес. Исламдағы сүйіспеншілік ұғымы барлық мәселедегідей өзіне тән дүние мен ақырет тепе-теңдігін қамтиды.

Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) әкелген ізгі хабарының көрінісі етіп, күллі әлемді қамтыған сүйіспеншілігімен адамдарды да дәл солай бауырына басқан. Бірақ оның осы орасан мейірімі мен терең мейірбандығы өзімшілдердің кітап беттерінде ғана қалған жанашырлық ойларындай таяз емес еді. Ол небәрі қысқа уақытта іске асырып, сүйіспеншіліктің барлық тереңдігін байқатты. Негізінде, пайғамбарымыздың іске асырылмай қалған бірде-бір ой-пікірі жоқ. Ол ойларын түгелдей іске айналдырған істің адамы еді.

Аллаһ елшісі күллі ғаламды қамтыған сол бір шексіз рақым түсінігін шын жүрек, ыстық ықыласпен жеткізгендіктен айтқандарының ешбірі жерде қалмаған. Сондықтан да не айтса да барлығы іске асқан болатын.

Мысалы, ол жан-жануарларға мейірімді болуды мынадай ғибратты мысалмен түсіндіреді:

«Аллаһ бір итке бола арсыз әйелді кешіріп, жәннатты нәсіп етті. Қатты шөлдегені сонша – ит бір құдықтың қасына келіп, тілі салақтап жатыр еді. Дәл осы кезде сол жерден өтіп бара жатқан әлгі әйел итті көріп, қатты жаны ашыды. Дереу белінен белдігін шығарып, аяқ киіміне байлады да, құдыққа тастап, су алып, итке берді. Осылайша иттің беті бір өлімнен қайтты. Міне, әйелдің итке деген осы бір жақсылығы оның кешірілуіне себеп болды да, Аллаһ оны жәннатқа кіргізді»[21].

Керісінше, екінші мысалда Аллаһ расулы былай дейді:

«Бір әйел бір мысық үшін жәһәннамға тасталды. Өйткені нәр татырмай қамап қойып, мысықты аштан өлтірді. Әлгі әйел осы қатігездігі үшін жәһәннамға тасталды»[22].

Аллаһ елшісі осы бір шексіз рақымға толы тәблиғ міндетімен келген-ді. Ол – «Мәнһәлу’л-азби’л-мәуруд». Яғни, кәусар судың қайнар көзі. Кімде-кім оған ақыл-ой шелегін батырса, одан рақым табады да, қолынан абылхаят ішкендей, мәңгілік рухани өмірге бет алады.

Әттең-ай, осы кәусардың басына Жаратқанның өзі мейірімімен жинаған жандар оның қадірін білсе ғой, шіркін!

Айтқан сөзімізді жалаң етпеу үшін бірнеше нақты мысал келтіруді жөн көріп отырмын. Бірақ одан бұрын мына мәселені айтпай кетуге болмайды.

### **Пайғамбарымыз барлық істің шыңында**

Кей мамандықта адамдар арасында алдына жан салмайтындар, басқа іске келгенде, керісінше, көп артта қап жатады.

Мысалы, қолбасшы майдан алаңында дұшпанды он орап алатын әккі, айлалы болғанмен былайғы өмірде қарапайым ғана игі қасиеттерді игере алмай жатады. Тіпті мұндай адам бара-бара қатігез, нағыз қанішер адамға айналуы мүмкін. Өйткені оның адам өлтіруден әбден еті өліп кеткен.

Бір саясаткер саясатта өте жолы болғыш делік. Бірақ ол кез келген уақытта шындықтан жалтарып, біреудің құқына қол сұғуы мүмкін. Яғни, саяси алаңда табысқа жету үшін туралықты, мәрттікті қажет ететін сәттерде де бір бармағын ішіне бүгіп қалуы ықтимал. Мұнан шығатын қорытынды: адамдар бір жерде көкке шарықтаса, басқа жерде төмен құлдырауы кәдік.

Ал позитивизмді жақтап, барлық мәселені тәжірибе арқылы шешуге ұмтылатын адамға көз салсаңыздар, жүрегі мен рухани өмірі нөлден де жоғары көтеріле алмағанын байқайсыздар. Тіпті зерде, қисын жағынан Гималай шыңын артқа тастаса да рухани ғұмыры Лұт көлі секілді шыңырауда жатады.

Барлық нәрсені материямен түсіндіруге тырысып, ал уахи қисынына келгенде, рух әлеміне сенбейтін көкірегі соқыр қаншама адам бар.

Бұдан аңғаратынымыз: пенделер үшін ең қиын нәрсе – өмір таразысының екі басын тең ұстау. Яғни, адамдардағы кейбір қасиеттер, бір-біріне қайшы келіп жатады. Бір сипаты өсіп көркейіп жатса, келесі бірі мұқалып, мүжілуде.

Алайда Аллаһ елшісінен мұндай кемшілік көру мүмкін емес. Ол – кемел стратег болумен қатар, әлемді құшағына алып тербете білетіндей өте мейірімді адам. Әрі ерекше бауырмал жан. Ол былайғы өмірде тәжірибеге сүйене отырып, шырқау биіктерге шықса, өзінің ішкі рухани өмірінде ешкім көтеріле алмайтын шыңдарға қол жеткізіп, өзіне тән туын тіккен.

...Ухуд соғысынан осының ең жарқын мысалдарын таба аламыз. Сол жерде Аллаһ елшісінің жанындай жақсы көрген сүйікті немере ағасы және сүт бауыры

Хамза (р.а.) шейіт болады. Шейіт болып қана қоймай, денесінің сау-тамтығы қалмай тілгіленеді[23]. Әпкесінің ұлы Абдуллаһ ибн Жаһш да соңына дейін беріспей, жабылған дұшпандардың қылышына туралып өлген-ді[24]. Тіпті өзінің қасиетті басы да жарылып, тістері сынды. Ақ тәні қанға боялды[25]. Азуын айға білеген дұшпандары өлтіруге жанталасқан сәтте сүйікті елшісінің қаны жерге таматын болса, Аллаһ оларды жермен-жексен ететіндігінен қорқып: «Аллаһым, елімді кешір, өйткені олар (мені) білмейді!» – деген еді[26].

Бұл неткен көл-көсір мейірім десеңізші! Өзін өлтіруге тырысқандарға қарғыс айтудың орнына қайта, керісінше, Аллаһқа дұға етіп, оларға кешірім тілеп жалбарынуда.

...Мекке азат етілгенге дейін дұшпандарының оған көрсетпеген қорлығы қалмаған еді. Өзіңіз ойлап қараңызшы! Сізге қарсы байкот жариялап, сізді үйіңізден, отырған жеріңізден түртпектеп, шөлдің ортасына апарып қамайды.

Жаулары мұнымен де тоқтамай ауыр бір келісімшартты Қағбаның дуалына іліп қояды. Соның бір шарты мынау:

«Елінен, жерінен аластатылған мына адамдармен сауда-саттық жасауға, олардан қыз алып, қыз беруге қатаң тыйым салынады..»

Сізді осы бір ауыр жағдайдан үш жыл бойы бас көтертпей ұстайды. Жақындарыңыздың өзі көмектеспей, сіз айдалада ағаштың қабығын, шөп-шаламды талғажу етіп күн кешесіз. Балалар мен қарттар аштықтан шыбындай қырылып, сіз өзге жұрттан ешқандай жылылық, жанашырлық көре алмайсыз. Бұл аз болғандай өз жеріңізден қуылып, басқа жаққа жер аударыласыз. Тіпті сол жерде де тыныштық көрмей, әр түрлі қулық пен сұмдыққа душар болып, күнде қоқан-лоққыдан көз ашпайсыз. Содан кейін Бәдірде, Ухудта, Һандакта соғысқа түсіп, ылғи өмірдің тауқыметін тартасыз. Тіпті Қағбаны зиярат ету секілді елдің бәріне ортақ құқықтан мақұрым қаласыз. Бұдан да жаманы: өзіңізге ауыр тиетін шарттарға амалсыз көніп, келген ізіңізбен кері қайтасыз. Артынан Аллаһ жарылқау жасап, үлкен бір әскердің қолбасшысы болып Меккені алып, сол жерге ие боласыз, сірә, сол кезде олармен ара-қатынасыңыз қалай болатын еді? «Барындар, бәрің де азатсындар, бүгін сендерге тағар кінә жоқ» дей алатын ба едіңіз? Мен өз басым, егер одан осы тамаша үлгіні алмағанымда, ешқашан бұлай кешіріммен қарай алмас едім. Сірә, барлығыңыз да осы ойды бөлісетін шығарсыздар деп ойлаймын. Бірақ ол үстінде сауыты, басында дулығасы, қолында қылышы, қорамсақта жебелері – бес қаруын асынып, астындағы атын қамшылап Қағбаға қарай жол тартып бара жатқан сәтте де мейірім-шапағат

қаһарманы болатын. Меккеліктерден: «Менен қандай нәрсе күтесіндер?» – деп сұрады. Барлығы да бірауыздан: «Кеңпейілді жанның баласы болғандықтан сенен тек кешірім күтеміз!», – деп жауап қатты.

Оның осы сөзі Жүсіп пайғамбардың бауырларына айтқан: «Бүгін сендерге тағар кінә жоқ. Аллаһ сендерді кешірсін. Ол – рақымдылардың ең Рақымдысы», – сөзімен дөп келген еді[27].

Ол өмірінде жоспарсыз іс жасамайтын. Тәуекелге бара отырып әрекет етті, әрекет ете отырып, тәуекелге бара білді. Ақылы мен амалын тең қолданған ондай жанды дүниені төрт айналсаңыз да таппайсыз.

...Бәдірге шығар сәтте сахабаларын сынап көріп, іштей риза болды. Себебі, олар жарылуға шақ атом бомбасы секілді бір сахабаның өзі бір қол әскерге қарсы тұра алатындай күш-қуатқа ие еді.

Сағд ибн Муаз:

«Пайғамбарым, Бәркул-Ғыматқа[28] дейін атыңмен жол баста, бізден бір адам да ермей қалмайды», [29] – деген сөздері – соған дәлел. Әсіресе, бір сахаба: «Пайғамбарым! Жанымыз да, малымыз да мінеки, еркіңе бердік, қалағаныңша алып, қалағаныңа бер», – деген ұлы сөзін жиі қайталаушы еді[30].

Әскер дайын. Олардың әрбіреуі бейне бір Сағд ибн Муаз тәрізді еді. Бірақ оған қоса, Аллаһ елшісі тиянақты шаралар қарастырып, соғыс үшін қажетті нәрселерді түгелдей дайындап қойды. Ол осындай іс-әрекет дұғасынан кейін қол жайып, жүрегіндегі ыстық ықыласымен жалбарынып, Аллаһқа дұға ете бастайтын. Ол тіпті талып құлап түсерліктей терең дұға ететіні сонша – үстіне жамылған шапанының да жерге түскенін байқамай қалатын. Осындай көріністі сырттай бақылаған Әбу Бәкір (р.а.) шыдай алмай, жанына таяп келіп, шапанын үстіне жауып тұрып: «Тоқтатшы, Пайғамбарым. Хақ тағала Сені мұнайтады деймісің?! Мұншалықты жалбарынып жалынғаның да аздық ете қоймас», – дейтін еді[31].

Иә, бір жағы осыншалықты мұқият дайындық, бір жағы Рабқа нық тәуекел ету осы заңғар тұлғаға ғана тән өзгеше бір қасиет еді.

### **Ғаламдық мейірім**

Сөз басында айтып кеткеніміздей, Хақ пайғамбар мұсылманға да, кәпір мен екі жүздіге де мейірімін аямайтын. Мұсылман одан шет қалмайтын. Өйткені ол «Мен мұсылмандарға өздерінен де жақынмын», – деген еді.



Негізінде, тәпсіршілер «Пайғамбар мұсылмандарға өздерінен де жақын», – аятына сүйеніп: «Аллаһ елшісі мұсылмандарға өз жандарынан да артық», – дейді. Бірақ дұрысы бұл жердегі екі мағына да бір-біріне жақын. Біз оны өз жанымыздан да артық жақсы көреміз. Аллаһ елшісі терең сүйіспеншілік көрсеткендіктен бізді де дәл өзін сүйгеніміздей сүйеді. Иә, ол – адамдықтың асқарындағы жан.

Бұл – ақыл-ой таразысы мен қисыннан туған сүйіспеншілік. Бұл сүйіспеншіліктің сезім жағы болса да, мағрипат ерекшелігі мен қисын тереңдігі анағұрлым басым. Егер адам осыны бойға сіңірсе, тұла бойы шымырлап, ерекше күйге бөленер еді. Бара-бара күйіп-жанып Ләйласын іздеген Мәжнүңдей жүрген жерінің бәрінен Аллаһ елшісін іздеп тұрар еді. Қашан да көңілі соған алабұртып, есімі ауызға алынған сайын жанары жасқа шыланатын еді. Онсыз өткен өмірін қасірет санап, ғұмыр бойы сыбызғыша сыңсып, қобызша күңіреніп өтер еді.

Иә, Рақым пайғамбары бізге жанымыздан да жақын. Қалайша жақын болмасын, біз көбіне өз қылығымыздан кесір тартамыз, ал сүйікті пайғамбарымыздан ылғи да жақсылық, мейір, адамгершілік қана көреміз. Ол – Аллаһтың рақымдылығына өкілдік жасаған жан. Әлбетте, оның бізге бізден әлдеқайда жақын болуы заңды.

Ол: «Мен мұсылмандарға өздерінен де жақынмын», – дейді.

Мына аятқа көз салып көріңіз: «Пайғамбар мұсылмандарға өздерінен де артық тұрады» (Ахзаб, 33/6) деген соң сөзін әрі қарай жалғастырды: «Кімде-кім артына дүние-мүлік қалдырса, ол ағайын-туысына. Бірақ кімде-кім артына қарыз тастаса, менің мойнымда»[32].

Бұл хадистің астарына үңілу үшін мына оқиғаны айта кетейік.

Бір күні мұрде шығарылып жаназа намазы оқылу керек еді, Аллаһ елшісі сол мезет: «Мұның қарызы бар ма?» – деп сұрады. Жиылған халық: «Иә, ол көп қарызы бар адам!» – деп жауап қайтарды. Бұны естігенде Пайғамбарымыз: «Онда бауырларыңның жаназа намазын өздерің оқыңдар, мен қарызы бардың намазын оқи алмаймын», – деді. Бірақ бұл өзіне ауыр тиді. Сол кезде Аллаһтан осыған байланысты жоғарыда өткен аят түсті. Кейіннен Аллаһ елшісінің жағдайы түзелген кезде: «Оның жақыны менмін. Қарызы барлар маған келсін», – деді[33].



Әз елшінің дүние мен ақыретте мұсылмандарға өздерінен де жақын болуы – рақымдылық. Оның осы бір жақындығы мен рақымдылығы мәңгі-бақи жалғаса бермек.

Ол мұнафықтарға да жанашырлықпен қарады. Соның арқасында мұнафықтар дүниеде қорлық көрмей өтті. Мешітке барып, мұсылмандармен қоян-қолтық араласып, олар көрген игіліктерге ортақ болды. Аллаһ расулы олардың ішкі пиғылын бес саусақтай білетін. Тіпті кімдердің екіжүзді екенін Хузәйфаға (р.а.) сыр ғып айтқан да болатын[34]. Риуаят бойынша сол үшін де хазірет Омар Хузәйфаны бақылап, ол оқымаған жаназа намазын өзі де оқымайтын[35].

Ислам екіжүзділердің кім екенін әшкерелеп, жұртқа жария етпеді. Әрқашан мұсылман арасында жүргендіктен, олардың ту бастағы ащы күпірліктері келе-келе жұмсарып, күдікке айналды. Сондықтан да татқан дүние ләззаттары да түгелдей ащы болмады. Өйткені, өлісімен құрып жоқ болып кететініне сенген адамның дүниеден ләззат алуы мүмкін емес. «Кім білсін, ақырет бар шығар» деген дүдәмалмен күпірлері күдікке ауысқанда ғана, сірә, өмір түгелдей ащы болмайтын шығар. Міне, осы жағынан Аллаһ елшісі мұнафықтарға да белгілі бір деңгейде жанашырлықпен қараған.

Ардақты елшінің мейірбандығының шарапаты кәпірлерге де тимей қалған жоқ. Күпірлікке басып, қарсы шыққаны үшін Аллаһ тағала бұрынғы өткен қауымдарды түгелдей жер бетінен қырып жіберсе, Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пайғамбардан кейін шектен шыққандары болмаса былайғыларын тұтастай жермен-жексен етуді тоқтатты. Сондықтан да адамдар осындай жалпылама азаптың түрінен құтылды. Бұл да кәпірлер үшін дүниедегі үлкен рақымдылық еді.

Бұл жөнінде Хабибіне[36] Аллаһ былай дейді:

«Сен олардың арасында болған кезде Аллаһ оларға азап етпейді. Және олар кешірім сұрап, жалбарынып жатқанда да, Аллаһ оларға азап етпейді» (Әнфәл, 8/33).

Пайғамбарымыздың құрметіне Аллаһ бәрін тегіс жойып жіберуді тоқтатты. Иса (а.с.) кезінде «Егер азап ететін болсаң, олар – Сенің құлдарың» (Мәйда, 5/118) деген еді. Ал сіз Пайғамбарымыздың қадір-қасиетіне көз салыңыз! Жаратушы ие оған: «Сен олардың арасында болған кезде Аллаһ оларға азап етпейді», – дейді.

Яғни, сен жүректерінде тұрған кезде Аллаһ оларға азап етпейді. Сен жер бетінде еске алынып, ауызға алынған кезде, яғни адамдар сенің ізіңнен таймаса Аллаһ оларды жермен-жексен етпейді.

Аллаһ елшісінің мейірбандығынан кәпірлердің де шарапат көруі әз Елшінің: «Мен лағынет етуші емес, рақым етуші етіп жіберілдім», – деген жүрек жарды сөзінен байқалады[37]. Яғни, барша жұртқа Аллаһтан рақымдылық әкелгенім болмаса, мен ешкімге қайғы-қасірет тілеу үшін жіберілмедім. Аллаһ расулы ең азулы Ислам дұшпандарының да тура жолға түсуін тілеп, көп күш жұмсаған.

Хақ пайғамбар әкелген нұрға Жәбірейіл де малынған. Бір күні Пайғамбарымыз Жәбірейілден: «Құранда сен үшін де рақымдылық бар ма?», – деп сұрағанда, ол: «Иә, Аллаһ расулы! Өйткені мен де соңымның не болатынын ойлап қатты қорқатын едім. Тек қана «Көкте оған мойынсұнылады, уахилер оған аманатқа беріледі» аяты түскеннен кейін көңілім орнына түсіп, жаным жай тапты»[38], – деп жауап берген еді.

Басқа бір хадисте екі дүние Рақымы былай дейді:

«Мен Мұхаммедпін, мен Ахметпін, мен Муқаффи (ақырғы пайғамбармын), мен Хашырмын. (Менен кейін хашыр туады, ешқандай пайғамбар келмейді). Мен тәубе және рақым пайғамбарымын»[39].

Тәубеге қияметке дейін жол ашық. Өйткені Аллаһ расулы – тәубе пайғамбары. Оның үкімі де қияметке дейін жалғасады.

... Ол кейде жылаған бала көрсе, жанына барып қосыла жылайтын. Зарлаған ананың қасіретін жүрегімен сезетін. Міне, Әбу Һурәйраның риуаят еткен хадісі мен оның аңызға айналған мейір-шапағаты: «Мен намазға тұрғанда, оны ұзақ уақыт оқығым келеді. Сол сәт бір баланың жылаған даусын естісем, анасының жаны сыздамасын деп, намазды тез оқып бітіремін»[40].

Аллаһ елшісі намаздарын өте ұзақ оқитын. Тіпті сахабалардың өзінің бұған көп сабыры жете бермейтін. Міне, ол осындай ниетпен асықпай намазға тұрғанмен, намаз кезінде жылаған баланың дауысын естісе, дереу намазын тәмамдауға тырысатын. Өйткені сол уақыттарда әйелдер де намаз оқу үшін Аллаһ елшісінің артындағы жамағатқа қатысатын. Жылаған баланың анасы мешітте болуы мүмкін деген оймен Пайғамбарымыз намазды тездетіп аяқтап, әйелдің алаңдаулы көңілін тыншытатын. Ол барлық мәселеде осындай мейірімділіктің жаршысы еді. Бірақ оның осы бір шексіз мейірім-шапағаты тепе-теңдікті сақтауына, діни жазаларды

іске асыруына кедергі келтірмейтін. Хақ пайғамбар жазаның түрі қандай болса да, оны сөзсіз іске асыратын.

Бір күні Майз атты сахаба Аллаһ елшісіне келіп: «Пайғамбарым, мені тазарт!» – деп өтінді. Рақым елшісі теріс қараған күйі: «Бар, тәубе ет», – деді. Бірақ Майз тілегінен қайтпады. Өзін тазартуын қалап тұрып алды. Ол сөзін төртінші рет қайталаған кезде, Аллаһ елшісі одан: «Сені қандай күнәдан тазартайын?» – деп сұрады. Майз: «Зина күнәсынан, Пайғамбарым», – деп жауап берді.

Майз үйлі-жайлы адам болғандықтан күнәсінің жазасын тартуы тиіс еді. Екі әлем сардары қияметке дейін ғибрат болатын осы оқиғаны адамдардың есінде біржолата қалдырғысы келгендей жанындағылардан: «Мұның ақыл-есінде ауытқушылық бар ма?» – деп сұрады. «Жоқ, Майз – ақыл-есі түзу адам», – деп жауап қатты сол жердегі сахабалар. Аллаһ елшісі қайтадан: «Әлде, Майз мас па?» – деді. Сахабалар: «Жоқ, Майз мас емес», – деп жауап қайырды.

Бұдан кейін ол жанында тұрғандарға: «Олай болса мынаның тиісті жазасын беріңдер!» – деп әмір етті.

Майзды алаңқайға апарды. Бір кезде ол қашуға әрекет жасады. Бірақ біреу өкшелей қуып, қолындағы сүйекпен Майздың басынан ұрды. Майз сол жерде тіл тартпай кетеді. Біраздан кейін осы жағдайды Аллаһ расулына айтқан кезде ол көз жасына ие бола алмады: «Әттең-ай, оны еркіне жібере салғандарыңда ғой. Мүмкін айтқандарынан бас тартар ма еді», – деді. Дәл сол кезде бір сахаба Майзды меңзеп: «Жасырын күнәсын өзі әшкерелеп, ит құсап өлді», – дейді. Бұл сөзге Аллаһ елшісі қабағын түйіп: «Бауырларыңды ғайбаттамаңдар. Аллаһ атымен ант етейін, Майз өте терең тәубе етті. Оның осы тәубесі жер жүзіндегі күнәһарларға таратылса, бәріне де жететін еді», – деді[41].

Бірде Муқаррин тайпасынан біреу өз қызметшісін таяққа жықты. Қызметші әйел жылап Аллаһ елшісіне келеді. Пайғамбарымыз қызметшінің қожайынын шақырып алып: «Жазықсыз ұрғаның үшін оны азат ет не еркіне жібер», – деді[42]. Иә, егер бұның жазасы ақыретке қалдырылса, онда ол жердің таяғы бұдан да оңбай тимек еді. Сондықтан да қожайынына ақыретте жәһаннам азабынан құтылуы үшін қызметшісін еркіне жіберіп, азат етуі тиіс еді.[43]

## Балаларға бауырмалдық

Пайғамбарымыздың әсіресе өз балаларына деген әкелік мейірімі мүлдем өзгеше еді. Көбінесе сәбиі Ибраһим сүт еметін жанұяға келіп, оны құшағына алып, өбектеп ұзақ сүйгіштейтін.

Аллаһ елшісінің Хасан мен Хусейнді (р.а.) құшақтап алып, аймалағанын көрген Акра ибн Хабис таңырқап: «Менің он балам бар. Осы уақытқа дейін ешқайсысын сүйіп көрген емеспін», – деді. Сонда Аллаһ елшісі: «Мейірім танытпағанға мейірім жоқ», – деді[44].

Басқа бір хадисте: «Жердегілерге рақымдылық жасандар. Сонда көктегілер де сендерге рақымдылық жасайды», – делінеді[45].

Басқа бір риуаятқа жүгінсек, Аллаһ елшісі Акра ибн Хабиске: «Аллаһ жүрегіңді мейірімнен жүрдай етсе, мен қайтпекпін?!» – деген еді[46].

Аллаһ елшісінің тұла бойы тек туыс-ағайындарына ғана емес, сонымен бірге алыс-жақын достарына да махаббат пен рақымдылық сезіміне толы болатын.

Айша анамыз (р.а.) айтады:

Бірде Са'д ибн Убәда науқастанып, төсек тартып жатып қалды. Аллаһ елшісі жанына ерген сахабаларымен осы адал досының көңілін сұрап барды. Са'д ибн Убәданың ауыр халін көргенде, қатты аяп, шыдай алмай жылап жіберді. Оның жылағанын көріп, жанындағылардың да көңілі босады. Осы көңіл күйін басқаша жорамалдамауы үшін Пайғамбарымыз: «Аллаһ ешқашан да көздің жасы мен жүректің мұңы үшін азап етпейді. Бірақ мынау үшін азап етеді», – деді де тілін көрсетті»[47].

Иә, Аллаһ адамды көз жасы үшін азап етпейді, қайта керісінше, кейбір көз жасы үшін азапты алып та тастайды. Аллаһ елшісі басқа бір хадисінде:

«Екі көз бар: Жәһеннамның оты оларға ешқашан тиіспейді. Аллаһтан қорыққанынан жылаған адамның көзі мен түнін Аллаһ үшін (шекара немесе жауды) күзетумен өткізген көз», – дейді[48].

Бұл көздердің бастапқысы тақуаға, соңғысы ереуіл атқа ер салып ел күзеткен ерге тән. Түнде өзін терең ғибадатқа арнап, көз жасын төккен, күндіз болса арыстандай айбаттанып, күндей күркіреп күпірмен алысқан адамның көздері, яғни, нағыз мұсылманның көздері... Негізінде, сахабаларды біз осылайша танимыз.

Иә, олар түнде Аллаһқа көз жасын төгіп ғибадат етіп, күндіз әрбірі жауына арыстандай атылып, күндей күркіреген баһадүр болатын.

Аллаһ елшісі Осман ибн Маз’унның қайтыс болғанын ести сала оған жетуге асықты. Ол Аллаһ елшісінің өз бауырындай санаған атақты сахабасы еді. Жаназасында егіле жылағаны сонша – бейне бір жаназасы Аллаһ елшісінің көз жасымен жуылғандай болды. Дәл сол кезде бір әйел Осман ибн Мазу’н жайында: «Құс болып жәннатқа ұшты», – деді. Сол сәтте Аллаһ елшісі дереу қабағын түйіп: «Мен Аллаһтың елшісі бола тұра біле алмаймын, сен оның жәннатқа кеткенін қайдан білесің?» – деді[49].

Иә, ол расында да тепе-теңдікті қатты сақтаған адам болатын. Мейірімі де, жүрегімен езіле жылауы да ешқашан қателікті түзетуге кедергі болмайтын. Еңіреп жылап бауырым деп құшағына басып, көз жасымен бейне бір жаназасын жуып тұрған шақта да осы секілді орынсыз сөздің иесіне ескерту жасауды ұмытпайтын. Адалдық басқа, ақиқат басқа. Ухуд шейіттерін апта сайын зиярат ететін,[50] бірақ «Ұшып жәннатқа кеттіңдер» демейтін. Біз «Егер олар да жәннатқа кетпесе...» десек те, бұл мәселе осылай.

Жетімдерді паналатып, қамқорлық еткендерге берген бағасы оның қаншалықты мейірім-шапағат тұлғасы болғанын көрсетуге жетпей ме?

Қараңыздар, не дейді: «Мен және жетімге қамқорлық көрсетуші жәннатта мынау секілдіміз», – деп, саусағын біріктіріп жетімге қамқорлық жасаған жандардың ақыретте өзіне қаншалықты жақын тұратынын көрсетті[51].

### **Жан-жануарларға деген мейірім**

Оның дархан мейірімі жан-жануарларды да айналып өтпеген. Жоғарыда бір әйелдің мысық үшін қалай жәһәннамға кіргенін және әдепсіз бір әйелдің итке су беруі арқылы жәннатқа кеткенін айтып өткен едік. Мына бір оқиғаны да еске салып, осы мәселені тиянақтайық.

Бір жорықтан қайтып келе жатқанда бел жазып, аяқ суыту үшін оңаша жерге ат шалдырады. Сахабалардың бір-екеуі сол жерден құстың ұясын байқап, ондағы балапандарды алақандарына салып, қызық көріп тамашалап тұрған. Дәл осы кезде құстың анасы келіп қалады. Балапандарын көріп, сол маңда айналсоқтап ұшып кетпей қояды. Аллаһ елшісі осыны көрісімен, қатты ашуланып, балапандарды дереу ұясына қоюын сахабаларына әмір етті[52].

Иә, оның рақымы барлық жан-жануарларды да қамтитын. Негізінде, Аллаһ бұрынғы өткен пайғамбарлардың біріне құмырсқа ұясы үшін қатты ескерту жасаған жоқ па еді?

Өйткені бұл пайғамбар әдейі ме, әлде байқаусызда ма құмырсқаларды өртеген еді. Бірақ артынша дереу Аллаһтан сөгіс естіген-ді[53]. Осы секілді оқиғаларды бізге жеткізген Аллаһ елшісі өзіне жараспайтын әрекет жасауы мүмкін бе? Кейін оның үмбетінен «құмырсқаны да баспайтын мейірім қаһармандары» атанған ұрпақ өсіп жетілгенді. Өйткені олар жолдағы құрт-құмырсқалар аяқ астында қалмасын деп сақтық жасап, жүрген кездерінде аяқтарына қоңырау тағып жүретін еді.

Ғажап-ай десеңізші! Оның рақым кеңістігінен құмырсқалар да құр қалмаған. Құмырсқаны да баспаған бұл адамдар басқа жандарға қиянат жасауы мүмкін бе? Әлбетте, ондай ізгі жандардың зәредей де қатыгездік жасауы әсте мүмкін емес! Ибн Аббас былай дейді:

«Аллаһ елшісімен бірге бір жаққа жол жүріп бара жатқан болатынбыз. Бір адам соятын малының аяқтарын байлап, көзінше пышағын қайрап жатқанын көрдік. Сол кезде Аллаһ елшісі оның қасына барып: «Оны бір емес бірнеше рет өлтіргің келді ме?»[54]– деді. Бұл оған айтылған ескерту еді.

Абдуллаһ ибн Жәғфар (р.а.) былай дейді:

«Аллаһ елшісі бірнеше сахабамен бірге бір бауға кірді. Баудың бір шетінде сүйегі ырсиған арық бір қатпа түйе тұрған еді. Ол түйе Аллаһ елшісін көрісімен жанарынан мөлтілдеп жас аға бастады. Екі әлем Рақымы дереу түйенің жанына барып біраз уақыт қасынан кетпеді. Содан кейін түйенің иесін шақырып алып, түйеге жақсылап қарауын қатаң ескертті»[55].

Бүгінгі таңдағы гуманистердің арман еткен сүйіспеншілік пен мейірімділіктерінен әлдеқайда терең мейірім-шапағатқа ие болған Аллаһ расулы осыншалықты ғаламды қамтыған рақымын фәтәнаты арқылы асыра сілтеушілікке де, немқұрайдылыққа да бой алдырмай, тепе-теңдікті сақтау арқылы көрсеткен.

Ол керекті жерінде кеңпейіл, кешірімшіл болды. Жамандықтың кез келген түріне аяусыз күрес ашты. Оның бітіспес жауы болды. Өйткені ол қылмыскерге, не болмаса қатыгез бір тағыға кеңшілік көрсететін болса мыңдаған кінәсыз жандардың обалына қалатынын жақсы білетін.

Осы арада бір шындықты айта кетейік, бүгінгі таңда жасалып жатқан түрлі әділетсіздіктер өткен барлық дәуірдегі жасалған әділетсіздіктерден асып түспесе



кем түспейді. Дұшпандарға кеңпейілділік көрсетеміз деп, неге ұрынғанымызды бәріміз де тарихтан жақсы білеміз. Сүйіспеншілік пен мейірімділік орнымен жұмсалмаса, жеке адам үшін де, қоғам үшін де қауіпті зардаптарға апарып соқтыруы мүмкін. Алайда, Аллаһ елшісінде мұндай солқылдақтықты немесе ертең қателікке ұрындырып, опық жегізетін осалдықты байқамайсыз.

Ол адамдарды елден ерек сүйетіні соншалық – өзін құрбан етердей жанын салатын. Құран Кәрімнің оның аптыққан, асыққан көңілін басып отыруы – соның айғағы.

Құран: «Олар Құранға сенбеді деп, таусылғаның сонша – күйзелістен өзінді жеп бітіре жаздайсың» – дейтін (Кәһф, 18/6).

Пайғамбарлық келерде ол елден жырақтап, үңгірге бармап па еді? Адамзаттың жайын ойлап, онашада күйзелмеп пе еді? Уахи да алғаш рет оған сол жерде келді. Иә, оның жалпы адамзатқа деген сүйіспеншілігі жаратылысымен біте қайнасқан болатын.

### **Сабырлылық сипаты**

Ол сабырын да фәтәнатымен дәл өз орнында қолдана білді. Осы арқылы асуы мүмкін еместей көрінген қаншама биіктерді бағындырды, қаншама қатып-семген жүректер мен мұзға айналған рухтар сол бір Сабыр Күнінің алдында еріп, жүректеріне мейірім мен иман шуағын теліп, тура жолға түсті. Егер оның мұншалық сабыры мен шыдамы болмаса, Әбу Суфиян, Икрима және басқа да көптеген жандар Исламға кіре алатын ба еді?

Хақ пайғамбар шын мәнінде күллі әлемге жіберілген рақым болатын. Ал, рақымдылығында да тепе-теңдіктен ауытқымауы пайғамбарлық парасатының (фәтәнатының) басқа бір дәлелі.

### **Пайғамбарымыздың биязылығы**

Алдыңғы бөлімдерде Пайғамбарымыздың Аллаһ тағаланың Рахман және Рахим сипатының жарқыраған айнасы екенін айтып жеткізуге тырыстық. Оның бойындағы рахмандық пен рақымдылықты және мұны фәтәнатымен қалай іске асырғанын терең қаузамасақ та, қысқаша айтып, ой тастауға тырысқан едік. Бұл бөлімде Пайғамбарымыздың бойындағы рахмандық пен рақымдылықтың өзгеше бір ерекшелігі саналатын биязы мінезін түсіндіріп көрейік.

Биязылық Хақ пайғамбарға берілген маңызы айрықша құпия кілт іспетті. Ол осы кілттерімен көптеген көңіл-сарайларды ашып, төріне тақ орнатқан. Егер осы бір



биязылығы болмаса, көңілдерін күдік жайлаған көптеген жандар мүлдем теріс қылықтарға жолығып, мұсылман болудың орнына, керісінше, Исламға қарсы шығып, иманнан біржола алшақтап кетер еді. Аллаһ расулының биязылығы мұндай келеңсіздіктердің тууына жол бермеді.

Биязылық – Аллаһтың Хабибіне (Сүйіктісіне) берген ең таңдаулы сипаттардың бірі болатын. Ол осы арқылы адамзатқа рақымдылығын танытты.

Осы мәселе жайлы Аллаһ тағала Құранда былай дейді:

«Сол кезде сен оларға Аллаһтың рақымымен жылы шырай таныттың. Егер тұрпайы, қатал болғаныңда сөзсіз олар айналаңнан тарқап кетер еді. Сондықтан кешірім етіп, оларға жарылқау тіле де, іс жөнінде олармен кеңес. Бір мәмлеге келіп, қаулы қабылдаған кезде Аллаһқа тәуекел ет. Негізінде, Аллаһ тәуекел етушілерді жақсы көреді» (Әли Имран, 3/159).

Осы аяттан биязылықтың рақымдылықтан туындайтын қасиет екенін аңғарамыз. Егер Аллаһ елшісі қатаң болғанда (әлбетте, олай емес), оның айналасында ешкім қалмас еді. Аллаһтың шексіз рақымдылығы екі әлем Сардарын биязы етті. Сондықтан да жанына жақын келген әрбір жан одан түсі суық ызғарлықты сезбеді. Тіпті оны аяздай көріп, мұз құсанып барғандардың өзі жеміс-жидегі мол жазға тап болып жатты. Ендеше, оның биязылығынан нәр алып нұрланған жақын достары қалай оған реніш білдірсін?

Жоғарыда аталған аят Ухуд соғысына байланысты түскен болатын. Аллаһ елшісі сахабаларына соғыс тәсілдерін егжей-тегжейіне дейін түсіндіргеніне қарамастан кейбіреулері оның мән-мағынасын терең сезіне алған жоқ. Сондықтан да берілген қорғаныс шебін бұйрық келмей тұрып тастап кетіп, мұсылмандар уақытша жеңіліске ұшырады. Алайда оны толық жеңіліс деуге де болмайтын еді.

Аллаһ елшісінің өлтірілгені жайлы жалған қауесет тарап, мұсылмандардың көпшілігі не істерін білмей, дағдарып қалды. Бірақ сол жерде Әнәс ибн Надыр секілді парасатты адамдар да бар болатын.

Олар сахабаларға: «Аллаһ елшісінің өлген жерінде сендер неге өлмейсіңдер?»[56] – деп айқай салып, дұшпандардың арасына қойып кетіп, жанын Аллаһқа тәслим еткен еді. Негізі, нағыз сара жол да осы болатын. Аллаһ елшісінің жолында олар да жандарын құрбан ету керек еді.

Егер пайғамбардың әмір еткен бағыты бойынша жүргендерінде мүмкін жол ашылып, жеңіс туын желбіретер ме еді, қайтер еді? Алайда болмашы қателік олардың бағытын өзгертіп, тығырыққа тіреп кетті. Егер осы жамағаттың көшбасшысы Аллаһ елшісі емес, басқа бір адам болғанда, бұйрықты орындамай, кереғар іс-әрекет еткен осы адамдарға қалай қарайтын еді? Оларды ештеме болмағандай кешірер ме еді? Әрі ол олардың қоғамдық һәм рухани көшбасшысы болса.

Иә, олар барлық ізгілікті екі әлем Сардарынан үйренген болатын. Сахабалар өз өмірлерінде өз көздерімен Сардардың жүзден астам мәселеде дөп басып, мөр басқанына куә болған еді. Мінеки, осынау көреген тұлға істің басында-ақ оларға берілген орындарын тастап кетпеулерін баса айтып, қатты ескерткен болатын. Оны көңіл қойып тыңдамағандары үшін өз жазаларын өздері кескен болатын. Көптеген адамдар шейіт болып, жараланбаған жан қалмады. Аллаһ елшісінің де басы жарылып, тісі сынып, денесі канға боялды. Аллаһ елшісінің орнында басқа біреу болғанда ең жұмсақ мінезді дегеннің өзінде қатулы қабақ танытып, «Мен сендерге былай істендер деп айтпап па едім?» деп, кіжінер еді. Осы қысылтаяң шақта Құран Пайғамбарымыздың көкейіне келуі мүмкін ойларға тосқауыл қойып, жоғарыда аталған аятты мәлім еткен болатын. Жағдайдың қысылтаяң болғаны сонша – көсемнің бойынан титтей бір кемшілік сезілсе немесе мүлт кетсе бұл кемшілігі бірден көзге түсіп, психологиялық жағынан басқаларға кері әсер етеді. Оларды ренжітетін болмашы қимылдың өзінен аулақ тұру керек екені қажет болған осындай бір қысылтаяң шақта Құран Аллаһ елшісіне: «Сол кезде Сен оларға Аллаһтың рақымымен, жылы раймен қарадың. Егер тұрпайы, қатал болғаныңда, сөзсіз, олар айналаңнан тарқап кететін еді», – деді (Әли Имран, 3/159). Қандай қысылтаяң шақ туса да сахабалар оған деген адалдығынан айнымады. Бәрі де Аллаһ елшісін көлегейлей қоршап, айналасында тарап кетпей көбелек секілді ұшып жүрді.

Оның мінез-құлқы Құран еді[57]. Негізінде, Құранның бізге айтқандары да, міне, осындай бір иләһи мінез болатын. Айналаңызға көз салсаңыздар, осы иләһи мінез ап-анық көрініп тұрған жоқ па?! Ұлы Жаратушыға қарсы шығып, Аллаһқа «ұлы бар, әйелі бар» деп серік қосып жатса да, оларға шексіз мейірімін төгіп, сансыз қайырымдылық жасауда. Көктегі күн де тәулік сайын жылуы мен жарығын, бұлт жауын суымен елді рызықтандырып, жер жасыл желегін төгіп, жемістерін дастарқанға төгіп, құшағын жаюда. Ал жұмыр басты пенделер осы ырыс-береке үшін Аллаһ тағалаға шүкір етудің орнына, теріс іс-әрекеттерімен алдына келген асты аяғымен теуіп, қадірін білмей жатыр.

Иә, адамдар өздеріне берілген осыншама ырыс-берекенің миллионнан біріне де шүкір етпеуде. Бірақ сонда да Халим, биязы Аллаһ оларды жазаға тартпай, жасаған қателіктері үшін иләһи заңын өзгертпей, ырыс-берекесінен айырған жоқ. Хазірет Мұхаммед аләйһиис-сәлам да Аллаһтың осы есімімен нұрланып, осы мінез-құлықтан үлгі-өнеге алғандықтан Аллаһтың сипаты мен есімдерінің айнасы болды.

Ол ғана емес, атасы Ибраһим (а.с.) әрдайым биязылығымен еске түседі.

Һуд сүресінде ол жайында: «Шынында, Ибраһим аса сыпайы, биязы жан, Аллаһқа шексіз берілгеннің бірі еді», – деген жолдар соның айғағы (Һуд, 11/75).

Ибраһим (а.с.) биязылықтың аса заңғар биігіндегі адам болатын. Өзін отқа тастаған адамдардың да басына бәле келеді-ау деп, солар үшін абыржып, солар үшін қатты қорқатын. Ол таңға дейін көз жасын төгетін өте тәубешіл жан еді. Әр сәт сайын түлеп, қайта құлпырып, қайта жаңарып, ерекше бір жанқиярлығымен, жандануымен Аллаһқа қауышу үшін бір сәт көзін алмай, лүпілдеген нәзік жүрегімен Рабтың рақым есігінде көз жасын көл етіп, жалынып-жалбарынатын.

Аллаһ елшісі өзін әрқашан Ибраһим пайғамбарға ұқсататын[58]. Шындығында, ардақты пайғамбарымыздың биязылығы да, сыпайылығы да атасы Ибраһимнен (а.с.) аумайтын.

Биязылық барлық Хаққа дос болғандар үшін өте маңызды қасиет. Адам өмірдің қалтарыс-бұлтарысында өзін торуылдағандардың алдында да биязылығынан, әдептілігінен жазбау керек. Ол осылайша биязылықтың қандай биікте болғанын көрсеткен-ді. Әттең-ай, кейіннен келгендер де биязылықтың не екенін ұғына білсе ғой, шіркін!

Қайтадан Ибраһимге (а.с.) оралайық, дұшпандары оны отқа лақтырғанда, Аллаһ отқа былай деп әмір етеді: «Ей, от, Ибраһимге салқын және сәлем бол!» (Әнбиә 21/69) яғни, мұз да болма, от та болма, екеуінің ортасындағы «сәлем» бол. Өйткені Ибраһим әлемге дәл осылай қарайтын. Адамдарға мұздай суық та, өрттей ыстық та емес еді. Ол нағыз «Сәлем» адамы болатын. Аллаһта та оған осылайша қарады. Ибраһим (а.с.) Аллаһ мінезінен үлгі алып жатса, Аллаһ оған басқаша қарайды дейсіз бе?! «Сәлем» тікелей Аллаһтың есімі еді. От та Ибраһимге «Сәлем» болып, «Сәлем» етті.

Ибраһимнің (а.с.) бастаған осы биязы мінезін Аллаһ елшісі көкке шығарды. Дұшпандарын жермен-жексен етіп, қамалының алаңын кеңейтіп, байрағы желбіреп тұрған шақта да Пайғамбар осы мінезінен танбады. Әйтпесе, ол

жазықтыларды жазаға тартқысы келсе оған кім қарсы шығар еді? Жоқ. Сөзсіз, Омар (р.а.) секілді Ислам байрағын желбіреткен дара тұлғалы жүздеген жандар, ардақты Пайғамбарымызды ренжіткендерге қарсы тұрып, арыстандай айбаттанып, басын алу үшін рұқсат сұрайтын. Алайда ол мұндай сәттерде сахабаларына басу айтып, сабыр сақтау керек екенін биязы, сыпайы болуын үнемі насихат ететін.

Бір күні біреу оның арын таптатпайтын адал жарына күйе жаққан еді. Кез келген мұсылманға қас-қабағымен белгі берсе, көптеген мұнафықтардың басы кететін сол сәтте де ардақты Пайғамбарымыз сабыр сақтады. Аллаһ елшісі болса, көп күн бойы тікен жұтқандай осы сөздерден жаны қиналып, ар-ожданы азап тартқанымен, ләм-мим деп үн қатқан жоқ. Сіріңке тартып кеп қалсаң от шығайын деп тұрған осы ауыр жағдай Айша анамызды (р.а.) Құран ақтағанға дейін созылды. Барлық сахаба ардақты пайғамбарымыздың аузынан шығатын екі ауыз сөзді күткен еді.

Кейде оның алдында аузына келгенін айтып тіл тигізген кісілер де болды. Пайғамбарымыз ымдап белгі берсе жүздеген қылыш бірден сол оспадар адамның басында ойнар еді. Бірақ сүйікті пайғамбарымыз дөрекі әрекеттерге барып, әдепсіз қылық көрсеткендерді де кешіре білді. Хақ пайғамбар өзінің алдында қандай адам, кім тұрса да оларды өзінен бездіріп алмаудың қамын жасап, бауырына тартатын. Алдына келген адамды үркітіп алмау үшін әрдайым сақ әрекет ететін. Сондықтан да біреуге қылыш немесе пышағын ұсынса, сап жағымен беретін. Мұндай адам қалайша нақақтан қан төгеді?

Ол аса нәзік жан болатын. Алдындағы адамның дөрекі әрекеттеріне көңілі құлазып сала беретін. Бірақ Аллаһ елшісі мұндай оспадар жандардың дөрекіліктерінің өзін биязылықтың теңізіне тастап, сабыр сақтап, жылы қабақ танытатын. Оның сезім әлемі осыншама байтақ болатын. Сырқаттанған кезде оның сырқаты жәй пенденікінен екі есе қатты болатын.

Бір күні науқастанып жатқанда Абдуллаһ ибн Мәс'уд (р.а.) оған: «Пайғамбарым, бейне бір жанған ошақтай күйіп тұрсыз ғой»[59],– деген болатын.

Иә, Аллаһ елшісі аса сезімтал еді. Оның саусағына кірген ине басқа жанға қадалған найзадан он есе ауыр тиетін. Бұл сезімталдық өзіне жүктелген міндетке өте сақ болу үшін берілген болса керек. Мұндай сезімтал адамның айналасындағы түгі түкірейген дөрекі әрекеттерден туатын көңіл кірбіңі де жай адамдікіне қарағанда әлденеше есе жоғары ғой деп ойлаймын. Оның биязылығының бір

қыры – тепе-теңдікті сақтау. Қандай да бір имансыздың күпірі оның жанына батып, жыландай шағып жылататын. Алайда әділдік үшін жазықты адамды жазасыз қалдырмайтын. Ардақты пайғамбарымыз өзіне қастандық жасап, қылмысқа барғандарды жазалап көрмепті. Қайта өзіне қарсы жасалған қылмыстардың кешірілмегені жоқ.

Діни өмірінде де дәл осылай әрекет ететін. Өзіне ұдайы ең ауырын таңдап, басқа жандарға жеңілін беретін. Тіпті үмбетіне ауыр келмеуі үшін сүннетті парыз секілді көрмесін деп, ылғи үйінде жалғыз оқитын. Оның үстіне ол нәпіл намаздарын ұзақ оқитындығы сонша бірде-біреуі оған ілесіп, аяғына дейін шыдаған емес. Кейде қатарынан бірнеше күн бойы ауыз ашпастан ораза тұтатын. Бұған «саум уисал» дейді. Ол осы бір өте ауыр және тек өзі ғана көтере алатын қиын істерге келгенде өзі жалғыз орындайтын. Негізінде Аллаһ оның өткен-кеткен және болашақтағы барлық күнәларын кешірген болатын. Мұның сыры – Аллаһ оның бойындағы күнә жасау қабілетін әуел бастан жоқ еткендігінде жатса керек. Негізінде, миғражға байланысты бір хадисте оған рухани «операция» жасалғаны айтылады[60]. Періштелер сүйікті пайғамбарымыздың көкірегінен бір нәрсені сөгіп алған. Бұл нәпсіге тиіс нәрсе болуы мүмкін.

Иә, мұның айғағы – бұл фәниде Аллаһ елшісі күнә саналатындай қандай да бір сөкет іске барған емес. Ол – өте қарапайым, мұрақәба (өзін қадағалаушы) және мухасәба (өзіне есеп беруші) адам еді. Ол Аллаһқа жақындай түскен сайын, марқайып кетпей, қайта бұрынғысынан да көбірек кешірім тілейді[61]. Яғни, әр күн сайын ардақты пайғамбарымыз кешегі өткенін истиғфармен еске алатын. Мұндай күнәдан пәк жанның жалған дүниенің қым-қуыт тіршілігінде күй кешкен адамдар арасында жүруге сабыр етуі – оның биязылығының шексіздігін көрсетсе керек. Алайда ол осы адамдар арасында қаншама әдепсіздіктерге куә болып, оларға биязылықпен, мейіріммен қараған.

Бухари және Муслим, Әбу Саид әл-Худриден риуаят етуі бойынша Зул-Хуәйсира деген біреу Аллаһ расулына келді.

Аллаһ елшісі сол кезде мал-мүлікті үлестіріп жатқан болатын. Зул-Хуәйсира Пайғамбарымызға өрескел тіл қатып: «Ей, Мұхаммед, әділ бол!» – деп саңқ ете қалады. Біреу бізге осылай деп айтса, кәдімгідей көңілімізге алып, тіпті, қызбалыққа салынып, әділетсіздікке баруымыз да мүмкін. Алайда бұл сөз дүниеге әділдік орнатуға келген соңғы пайғамбарға айтылған болатын.

Дәл осы кезде Омар (р.а.) оның мына ерсі қылығы мен сөздеріне шыдай алмай: «Пайғамбарым, жібер мені, мына екі жүзді мұнафықтың сазайын берейін»,– дейді.

Аллаһ елшісі Омар (р.а.) мен басқа да сабыр-тағатынан айырылған сахабаларды сабырға шақырған соң, әлгі адамға қарап: «Егер мен әділетті болмасам, басқа кім әділетті бола алады?» – дейді[62].

Басқа бір риуаятта мынадай:

«Егер мен әділетті болмасам, жандым, күл болдым», – дейді[63].

Өзге бір риуаятта бұл сөз тыңдаушыға арналған:

«Егер мен әділетті болмасам, онда сен жандың, күл болдың», – дейді .

Яғни, мен пайғамбармын. Сен болсаң маған бағынып, маған ілесуің керек. Егер менің бағытым тура болмаса, (Аллаһ сақтасын) онда сен жандың, күлге айналдың деген сөз. Өйткені ол кезде сен де тура бағытта бола алмайсың...

Аллаһ елшісі әлгі сөз иесінің сазайын бермекші болып ұмсынғандарға да әдеттегіше рұқсатын бермеді. Өйткені ол тұла бойы биязылыққа тұнған адам болатын.

Бірақ болашақта Зул-Хуәйсира секілді адамдардың үлкен бір бүлікті бастайтынын айтып, түрлерін суреттеп кетуді ұмытқан жоқ. Аллаһ елшісі бір қауымның болашақта бүлік шығаратынын, үмбетінің басына зауалды күн туғызатынын Аллаһтың білдіруімен білген еді. Айтқанындай-ақ, хазірет Әлидің заманында Хақ пайғамбардың хабар бергені айдай анық шықты. Нәһриванда хазірет Әлиге қарсы шыққан харижилердің[64] бір бөлігінің түр әлпеті осы адамға ұқсайтын еді.

Екі әлем Сардары, мінеки, осы адамға да ауыз ашқан жоқ. Егер иек қақса, яки Омардың (р.а.) ұсынысына бір сәт үнсіз қалғанда осы өрескел адам табан астында ажал құшар еді. Бірақ ол Аллаһтың өзіне үйреткені бойынша жүріп-тұрып, бұл тәрізді надандарға көңіл бөліп жатпайтын.

Өйткені Құран оған: «Надандардан жүзінді бұр», – деген еді (Ағраф, 7/99). Оларға бөгеліп қалма, яғни олардың істегендеріне көңіл аударма. Надан наданша әрекет етеді. Сен олардай емессің. Олай болса, олардың саған жасаған әрекеттері секілді оларға сен де дәл ондай әрекет жасама. Сен биязылық иесісің. Сыпайы, жұмсақ мінезді жансың. Сен осы биязылығыңмен көңіл сарайларының төрінен тақ орнатуға лайықсың. Аллаһ елшісі биязылығы арқылы ешқандай үміті болмаған адамдардың да көңіл сарайларының төрінен орын алып, тақ орнатқаны баршаға мәлім.



Әнәс ибн Малик айтады:

Хәйбар алынғанда бір әйел қой сойып, етін қуырып, арасына у қосып, Аллаһ елшісін тамаққа шақырады. Дастарқан басында отырған Бишр атты сахаба етті ауызына салар-салмас өліп кетеді. Яғни, бұл әйел осы уланған етпен Аллаһ елшісін өлтіргісі келген еді. Бұл мәселенің мұғжизалық жағы қазіргі тақырыбымызға байланысты емес. Аллаһ елшісі етті алып жей бергенде оның улы екенінен құлақтанып, дереу тамақты дастарқаннан алып тастайды да, әйелді алдына келтіреді. Қылмысын мойындаған әйел Аллаһ елшісін өлтіру үшін осылай жасағанын айтады.

Тіпті риуаяттарда әйелдің: «Егер сен шынымен-ақ Аллаһтың жіберген пайғамбары болсаң, бұл у саған әсер етпейді. Ал егер пайғамбар болмасаң, адамзатты сенің кесіріңнен құтқаруды қаладым»,– деп жауап бергені айтылады.

Сахабалар дереу бұл әйелдің өлтірілуін талап етеді. Бірақ Аллаһ расулы өз атынан әйелді кешіреді. Бірақ өлген сахаба Бишр (р.а.) үшін еш нәрсе демейді.

Бұл әйелдің өмірінің соңы жайлы екі риуаят бар. Біріншісі, Бишрдің мирасқорлары қысас жасап әйелді өлтіреді дегенге сайса, екіншісі, әйел иман етіп, мұсылмандығы құтылуына себеп болады дегенге келеді[65].

Бұл жерде айтпағымыз: оның биязылығына қатысты нәрсе. Екі дүние Шамшырағы өзін өлтіргісі келген яһуди әйелді кешірді. Хақ пайғамбар биязылықтың көгіндегі таңғажайып үлгі еді. Иә, кәміл мағынада Ибраһимнен (а.с.) басталған биязылық дәуірі Пайғамбарлар Сұлтанымен шыңға шыққан еді.

Әбу Дәууд және Нәсаи Әбу Һурәйрадан риуаят етеді:

Бірде Аллаһ расулы мешітте сахабалармен сұхбат құрып, соңында бөлмесіне кірер кезінде бір бәдауи Аллаһ елшісінің шапанының етегінен тартып:

«Ей, Мұхаммед! Менің ақымды бер. Екі түйемді де қос. Өйткені сен не өз малыңнан, не әкеңнің малынан берейін деп жатқан жоқсың», – дегенін құлағы шалады.

Мұны естіген сахабалар ашуға мінеді. Әлбетте, Омардың (р.а.) даусы бәрінен басым түсті. Ол: «Жібер мені, басын ұшырайын мынаның», – деді. Бірақ Аллаһ елшісі сахабаларға: «Бұл адамға сұрағанын беріңдер»,– деп әмір етті[66]. Омарды (р.а.) сахабалар сабасына түсіреді.



Ойлап қарасаңыздар, Хақ пайғамбардың естіген жанды адамзаттың шыңына жетелейтін сол бір ғажайып сұхбатынан кейін әлгі адамның мұндай бір қылық көрсетуі оның қандай адам екенін танытуға жеткілікті. Өйткені Аллаһ елшісінің сұхбаттары не әулиенің, не пірдің сұхбатына ұқсамайды. Бірақ әркімнің білетін бір ақиқаты бар; Аллаһ елшісі сұхбаттарында өз болмысының түңлігін ашып, ар-ожданымен, жүрегімен Хақтан келген сәулелерге айна болған айрықша тұлға. Алдында отырғандарды дем арасында көз жетпес биіктерге шығарған.

Өте аз мерзім ішінде оның айналасында топталғандар адам баласы қол жеткізген ең асқар биіктерді бағындырған.

Оның алдында зерде түйіндей алмайтын бір кеңістік (инсибағ) бар еді. Өйткені оған таяған жанның көкіректерінде жамандықтың көлеңкесі қалмай, бейне бір періштеге айналғандай күй кешетін.

### **Мың мысалдан бір мысқал**

Ешбір әулиенің сахабаларға жете алмауының ең маңызды сыры да, міне, осы кеңістікте жатыр. Бұл кеңістікке қатысты ғасырымыздың ең кемеңгер ойшылы:

«Мен өз-өзіме Мұхиддин ибн Араби секілді кісілер сахаба дәрежесіне неліктен жете алмайды деп ойлайтын едім. Бір күні намаз оқып жатқан кезімде Аллаһ маған сахабаның сәждесі секілді «сәжде» нәсіп етті. Сол кезде ғана сахабалардың дәрежесіне жету мүмкін еместігін аңғардым», – дейді.

Сірә, осы заңғар ойшыл үшін әлемдердің терезесі ашылып, сол сәттегі сәждесі сахабаның сәждесі секілді екенін сезген шығар. Бірақ бұл жерде маңызды болған сөз түйіні төмендегіше. Бұл адам осындай бір рәкәт намазға барлық ғибадаттарын беруге әзір екенін айтады. Алайда осы кісінің тәрбиелеген шәкірттерінің намаз оқығандарын көрген кезімде өз оқыған намазымнан ұялған болатынымын. Міне, сахаба деген Пайғамбарымыздың сұхбатындағы осындай бір биік шыңның аты. Біздің бір рәкәт намазына да жете алмаған намазды олар үнемі сол тереңдікте оқып жүрген.

Себебі, олар дәрістерін тікелей Аллаһ елшісінен алатын. Әрі ол дәуірде діннің барлық принциптері әлі толық қалыптасып үлгермеген болатын яғни, олардың құлағына алғашқы азан дауысы келсе, сол азан көпке дейін оларды толқытып, айрықша әсерге бөлейтін еді. Басқа бір күні де айрықша иләһи дастарқанмен діннің жаңа бір үкімі алғашқы көктемнің мәуелі жемісіндей алдарына қойылып, осы үкім оларға жаңа қарқын беріп, бойында жойқын қарғын жүре бастайтын еді.

Осылардың бәріне қарамастан осы ерекше кеңістікте жібімейтін жүректер де бар болатын. Тас жүректі бұл адамдар Аллаһ расулына өрескелдік жасайтын-ды. Бірақ сол бір нәзік жан мұндай әрекеттерге кеңпейілділікпен, кешіріммен қарайтын. Оның биязылық мұхитында ерімейтін мұз қалмайтын еді.

Иә, ол бүгінді, ертеңді, болашақты есептеп соған қарай қам жасайын. Егер ол қатқыл мінез көрсетсе, Құранның сөзімен айтсақ, айналасындағылардың бәрі де тарап кететін еді. Демек, олардың кетпеуі бір жағынан алғанда, Аллаһ елшісінің ерекше биязылығынан болатын. Ол адамдарды қырып жою немесе қоғамды тарату үшін емес, керісінше, барлық адамзатты дүние мен ақырет бақытына жеткізу үшін келген болатын. Адамзат мәңгілік өмірге оның көрсеткен жолы арқылы ғана бара алатын. Оның келешегінде мәңгілік бар еді. Оның әрекеттері белгілі бір уақытқа, ортаға тән емес. Яғни оның әрекеттері уақыт пен кеңістік ұғымынан тыс.

...Халид ибн Уәлид Ухудта мұсылмандарға үлкен зияны тиген адам еді. Алайда ол Аллаһ елшісінің алдына келіп, мұсылман болған сәтте Пайғамбарымыздан бөлекше бір жылылық көрген болатын. Оған осы бір жылылықтың әсер еткені сонша – ол өзін Аллаһ елшісінің бір бөлігі санаған еді. Тіпті оны мұсылман болғаннан кейінгі ең алғашқы соғысқа шақырмағаны ауыр тиіп, таңға дейін көз жасын көл қылып жылаған болатын. Бұл да оның Аллаһ елшісімен бір сәтте-ақ біртұтас болып, бірігіп ажырамастай болғанының айқын дәлелі.

Сахабалардан Амр ибн Ас және Икрима екеуі де бұрын Аллаһ елшісіне көп жамандық жасаған жандар болатын. Хақ пайғамбардың биязылығы оларды да әп-сәтте ерітіп жіберген еді. Кейіннен олар Исламның батырларына айналды. Егер Пайғамбарымыз олардың болашақта осы дәрежеге жететініне көңіл аудармағанда бұларды ешқашан сахабалар қатарынан көрмес едік.

Ибн Хишамды жұрттың бәрі таниды. Әбу Жәһилдің бауыры Икриманың қайын атасы болған осы сахаба Пайғамбарымыздың көз жұмуына аз қалғанда мұсылман болған. Мұсылман болғанға дейін, күпірдің алдыңғы қатарынан орын алған Ибн Хишам Исламға кіргеннен соң, әрқашан алдыңғы саптарда көрінді. Ең соңында Иермукта бейне бір туралған ет секілді кескіленіп, шейіт болып Раббысына қайтқан. Соңғы сәттерінде оған Хузейфету'л-Адәуи су беру үшін торсықты аузына апара бергені сол еді жақын бір жерден су сұраған дауыс естіледі. Ибн Хишам дереу торсықты кері итеріп, әлгі су сұраған адамға апаруын ишарат етеді. Екінші адам суды енді ішкелі жатқан сәтте басқа жерден «су» деп ыңырсыған дауысты естиді. Сол кезде екінші адам да суды үшіншіге апаруын ишарат етеді.

Суды сол айтылған адамға апарамын дегенше ол өліп кетеді. Кері қайтып келгенше, үшеуі де бір жұтым су іше алмай, бұл дүниеден өткен еді[67].

Өзгелер үшін өмір сүру, бұл – Аллаһ елшісінің ең таңдаулы мінезі. Сахабалар да Хақ пайғамбардың сұхбат атмосферасы арқылы осы дәрежеге жеткен. Иә, ол өзгелердің бақыты үшін өмір сүріп, ғажайып ерлік жасайтын. Одан үлгі алған сахабалар да осындай еді. Жоғарыда келтірген мысалдарымыз, осы мінездің мыңнан бірі ғана.

Зәйд ибн Санан айтады:

«Аллаһ елшісі менен қарыз алған болатын. Мен ол кезде әлі мұсылман бола қойған жоқ едім. Келіскен күннен бұрын келіп, қарызымды сұрадым. Тіпті Оған: «Абдулмутталибтің ұрпағы болған сендер қарыздарыңды беруге ерінесіңдер», – дедім. Менің осы сөзіме Омар қатты ашуланып: «Ей, Аллаһ дұшпаны, егер яһудилермен арамыздағы келіссөз болмағанда, сенің басыңды ұшырар едім! Аллаһ елшісімен дұрыстап сөйлес», – деді. Аллаһ елшісі маған қарады да, жымыды. Содан кейін Омарға бұрылып: «Омар, мына адамға қарызын бер және қорқытқаның үшін де оған жиырма са'[68] қос», – деді» .

Оқиғаның қалғанын хазірет Омар баяндайды:

Аллаһ расулының әмірі бойынша тұрып, Зәйд ибн Сананға қарызын беру үшін онымен бірге жолға шықтым.

Ол жолда маған күтпеген жерден:

«Ей, Омар! Менің қылығыма ашуланғаныңды білемін. Бірақ мен Тәуратта соңғы пайғамбар жайлы айтылған нәрсенің бәрін одан көрдім. Тек Тәуратта ғана: «Оның биязылығы білімсіздігінен әлдеқайда басым. Надандардың өрескелдіктері оның тек биязылығы мен сыпайылығын арттырады» – деген аят бар. Мен, апыр-ай, оның биязылығы Тәуратта айтылғандай ма екен деп, білу үшін әдейі айтқан едім. Енді мен оның Тәуратта келетіні сүйіншіленіп, хабар берілген адамның дәл өзі екеніне толық сендім. Қазірден бастап мен оның ақырғы пайғамбар екеніне куәлік етемін»[69], – деп мұсылман болғандығын жария етті.

Аллаһ елшісі яһуди ғалымы Зәйд ибн Сананың көңілін де осы биязылығымен жұмсартып, оның хақ дін Исламға кіруіне себепші болған еді.

Иә, Аллаһ елшісі басқа жан көтере алмайтындай салмақты болуымен қатар, жұмсақ әрі өте биязы да еді. Бірақ оның биязылығы да тепе-теңдіктен ауытқыған жоқ және тура бағытта болды. Өзіне жасалған әр түрлі әдепсіздіктерге

сыпайылықпен қараған Аллаһ елшісі басқа жанға көрсетілген қиянатқа келгенде арыстандай қаһарын шашып, ақиқат өз орнын тапқанға дейін ашуы басылмайтын. Әсіресе, діни әмірлерге немқұрайды қарағандарға қатты ашуланатын. Бұл да оның тепе-теңдіктен ауытқымауының айқын белгісі. Бір-біріне қарама-қарсы көрінген осы екі қасиетті оған Аллаһ тағала берген. Біз сөз еткен осы мәселеге нақты бір-екі мысал келтіре кетейік.

Бухари және Муслим, Әбу Мәс'уд әл-Бәдриден:

«Бір күні Аллаһ елшісіне бір сахаба келеді. Бұл сахаба мешітке келе алмай, алыста тұрғандарға имам болу үшін жіберген Аллаһ елшісінің адамы жайлы шағым айтады. Өйткені бұл адам таң намазын сарылтып өте ұзақ оқитын. Шағым айтуға келген сахаба Аллаһ елшісіне: «Пайғамбарым! Пәленшеге бола мешітке барғым келмейді. Өйткені ол намазды өте ұзақ оқиды», – деп, мәселенің тоқетерін бір-ақ айтып салады.

Оның осы сөзінен кейін Аллаһ расулы қабағын шытып, ашуланған бойда мінбеге шығып, сол жердегілерге: «Уа, халайық! Сендер адамдарды жиіркендіріп, (мешіттен) бездіресіндер. Араларыңнан кім имам болса, намазын қысқа оқысын. Өйткені араларыңда ауру жандар мен кәрілер бар..»[70] – дейді.

Жеке басы да осыған бағынатын. Кейде намазды ұзақ оқыса, кейде жамағаттың жағдайына байланысты өте қысқа қайыратын.

Аллаһ елшісі Муаз ибн Жәбалды айрықша жақсы көретін. Бірақ оның құптан намазын өте ұзақ оқығаны жайлы шағым айтылғанда да ашуланып, сүйікті сахабасына: «Сен бүлікшімісің, сен бүлікшімісің?» – деп ұрысты»[71].

Усама ибн Зәйд қолбасшы болған бір соғыста «Сабату»[72] деп, мұсылман болғанын айтқысы келген адамды қорыққанынан осылай айтты деп, өлтірген болатын. Басқа бір риуаят бойынша бұл адамның тілін кәлимаға келтіргені айтылады. Бірақ алғашқы сөзді айтқан болса, онда ол мұсылман бола алмаған. Яки тілін иманға келтірсе, мұны қорыққанынан айтқан еді. Усама (р.а.) осылайша ойлады, бірақ қайтарда бұл оқиға Аллаһ расулына жеткен кезде екі әлем Сардары, Усаманы шұғыл шақыртып алып, істің мән-жайын сұрады. Усама да еш нәрсені жасырмай, болған жайды баяндап береді.

Сол кезде Аллаһ расулы: «Жүрегің жарып қарадың ба?!» – деп, әрі ашуланады, әрі қынжыласын білдіреді. Тіпті осы сөзді көп қайталағаны сонша, Усама (р.а.): «Өттең-ай, мына сөздерді естігенімше бүгінгі күнге дейін мұсылман болмағаным

артық еді»[73] – деп, ол да қиналды. Алайда Усама Аллаһ расулының құшағында өсіп, хазірет Хасан мен Хусейндей (р.а.) жақсы көрген адамы болатын.

Бір күні Әбу Зәһр Біләлға (р.а.): «Ей, қара әйелдің баласы», – деп көңіліне қаяу салады. Біләл жылап барып, Аллаһ расулына шағым айтқанда ол Әбу Зәһрге ашуланып: «Сенде әлі де қараңғылықтың белгісі бар», – деп қатаң ескерту жасаған еді[74].

Әбу Бәкір (р.а.) мен Омар (р.а.) арасында орын алған елеусіз тартыста Әбу Бәкірді ренжіткен Омар пайғамбарымыздан сөгіс алып, сөз естіген еді. Алайда екі әлем Сардары Омарды да жанындай жақсы көретін[75].

Осы және осыған ұқсас мысалдардан Аллаһ елшісінің биязылығы да басқа сипаттары секілді тепе-теңдікте болғанын аңғарамыз.

Иә, өзге мәселелердей ол осы мәселеде де тура жолдан ауытқыған жоқ. Өзіне жасалған әдепсіздіктерге биязылығынан жазбай кеңпейілді бола білген екі әлем Шырағы басқа жанға көрсетілген зәредей қиянатқа кінәлі кім болса да, сөзсіз, оның әділ жазасын беретін.

### **Жомарттық һәм кішіпейілділік**

Тақырыпты бастамай тұрып, алдымен, мынадай ескерту жасағым келіп отыр. «Аллаһ елшісінің ғажайып фәтәнаты» жайлы айтып өткен болатынбыз. Осы тұста тағы қайталап айтамын: Фәтәнат бұл – ең кәміл ақылдың өзін шаң қаптыратын иләһи уахиды басшылыққа алған пайғамбар қисыны деген сөз.

Барлық қисындар межесіне жете алмаған көштей жарты жолда бөгеліп қалуы мүмкін. Ғылым да белгілі бір асудан аса алмай, тосылып қалып жатады. Бірақ аталмыш пайғамбар қисыны мен фәтәнаты көгершін құстай қанат қағып, асуы мүмкін еместей көрінген асқақ шыңдарға шығады. Бұл – оның пайғамбарлығының ерекше бір дәлелі.

Негізінде, айтылған мәселелердің бәрінде оның пайғамбарлығын ұғынуға тырысудамыз. Сабырын көріп тұрып, оның Аллаһ елшісі екенін растамау мүмкін емес. Осынау сабырға бейне бір «Мұхаммед – Аллаһтың елшісі» ақиқаты алтын қаріппен жазылғандай. Ынсаппен ойлап қараған жандардың барлығы осы жазуды оқуда. Аллаһ елшісі ғана қауіп-қатерге басын тігіп, қарсы тұрып, бәлелерге терең сабыр ете алады.

Оның рақымдылығына қол созған кезімізде алдымызға күн секілді дәл сол ақиқаттың нұрлы бейнесі шығады. Өйткені Аллаһ елшісі шексіз мейірімге ие. Мейірім-шапағаты ел аралап, нәсерлеткен бұлттардың рақымынан әлдеқайда басым. Ол жай адам емес, әлемдерге жіберілген рақым еді.

Оның рақымы адамзатпен ғана шектеулі емес. Барлық әлем осы мейірімділіктен шөлін қандырған. Әлі де пайдалану үстінде. Бұл қияметке дейін жалғаса береді.

Иә, біз де ар-ожданында бейне бір балапандарын жоғалтқан көгершін іспетті қамығып, осы бір шексіз мейірім иесіне қайта-қайта бұрыла қарап, сіздерге оның жүзінен пайғамбарлығын көрсетуге тырыстық.

Оның биязылығын айтып көрдік және оны рақымдылықтың бір ерекшелігі ретінде еске салып өткен болатынбыз. Бірақ бұлардың бәрі де оның фәтәнатының өзгеше бір қыры болатын. Фәтанат осылай жеке-жеке ерекшеліктерімен айтылса ғана ұғынықты бола түседі.

### **Жомарттық жолдары**

Аллаһ расулының жомарттығы бір жағынан рақымдылығының, екінші жағынан фәтәнатының өзгеше бір қыры еді.

Жомарттық – қайырымдылық жасау, сыйлау, сый-сияпат көрсету.

Арабтарда жомарттық – аса жоғары бағаланған сипат. Тіпті қараңғылық кезеңдегі поэзияға көз салсақ, ол дәуірдің өзінде жомарттықты айрықша жырлағанын байқаймыз. Әсіресе қолы ашық адамдарды аспандата мақтауды әдетке айналдырған болатын: Біз қонақтарымызға пәлен қой, пәлен сиыр сойып, ақ түйе жығып ардақтап күттік. Иә, қонаққа көрсетілген жомарттық олардың мақтануына арқау болды. Сондықтан да тайпа, рулар бір-бірімен жарысқа түсетін. Әлбетте, олар осы жақсылықтарды бас пайдалары үшін жасайтын еді. Міне, жомарттық осылайша жарысқа түскен заманда нағыз жомарт кісі пайда болды. Оның жомарттығын көргендердің барлығы тынысын ішіне тартып, тілін жұтты. Ол тек Аллаһ үшін жасап, біреуге үйіп-төгіп бірдеңе берсе де онысын мақтан тұтпайтын немесе міндетсінген емес. Тіпті оның жомарттығын шабытпен жырлаған шайырлар да өздерінің осы өлеңдері арғымақтың қасындағы есектей қораш екенін сезіп, олар сөздерін «Әкрәму’л-әкрәмин» (Жомарттардың Жомарты) болған Аллаһқа тапсыратын.

Ол кіршіксіз таза да пәк, мөп-мөлдір айна болатын. Сондықтан да Аллаһтың «Кәрим» (Жомарт) есімі оған шағылысып көрінетін. Ол барлық мәселедегі секілді



бұл мәселеде де Аллаһтың ең биіктегі халифасы еді және жер бетінде одан асқан мырза одан өткен мәрт жоқ болатын.

Ал жомарттық – жәннатқа төте апаратын жолдардың бірі. Құранның «Шух» деген сөзі, яғни сарандық – адамды жәһәннамға апаратын жол. Екі әлем Сардарын алыстан көзі шалып қарағандар да, оны сипаттарынан бірден танып, мынау сол адамның өзі ғой дейтін.

Ол жоғарыда айтып өткен сипаттарымен баурай алмаған көңілдерді осы жомарттығымен баурап алған. Бейне бір мейірімі бұлт секілді буланып, көкке көтеріліп барып, жомарттық жаңбыры болып жауған. Осынау дарқан жомарттығы жер бетінде көл болып көлкілдеп, күллі әлемнің қат-тоңын жібітіп, мұз-мұңын ерітіп, барлық жердің жасыл желек жамылып, көкорай бәйшешектердің құлпыруына арқау болды. Яғни, биязылығымен бірге көңіл сарайларын камалдай қорғап, өзіне баурап алған соң жомарттығымен осы көңіл сарайларының төріне тақ орнатқан. Осы екеуін бірге алып қарамасаң, оның маңыздылығын түсіне қою да оңайға түспес.

Ол қаласа, әлемнің ең бай адамы болатын еді. Негізінде, пайғамбарлығын жария еткен алғашқы күндерінде Құрайыш тайпасы дағуасынан бас тартқызу үшін оған осындай бір ұсыныс жасаған жоқ па еді?![76] Кейіннен барлық мұсылмандардың Аллаһ жолында беретін нәрселері үнемі оның қолына келетін. Патшалардан келген сыйлықтардың да есебі жоқ еді. Бірақ ол бұларды иеленген емес, иеленгісі де келмейтін.

Ол өзін үнемі жақында басқа жаққа көшкелі жүрген жолаушыдай сезініп жүрді. Ол үшін бұл дүние жолаушы тынығып алу үшін тоқтаған саясы бар ағашпен тең еді.

Ол осы ұзақ жолда адам үшін маңызды мәңгілік мәселелермен айналысты. Әрі адамдарға адамдық қасиетке апаратын жолдарды үйретуі қажет еді. Қалағанынша осы ағаштың астында қалып, содан кейін жолын ары жалғастыратын[77]. Оның діттеген мақсаты Аллаһқа жету және адамзатты да дәл осы мақсатқа жеткізу еді. Міне, осы үшін толғанып, бір орнында тұра алмайтын. Хал-күйі осындай болған адамға өте шығатын фәни дүниеде мал-мүліктің не маңызы бар дейсің?

Ол өзінің жеке өмірі үшін жарлылықты таңдаған еді. Бұл барша үмбеттің жұпыны өмір сүруі тиіс деген сөз емес. Бірақ ол ешбір жанның тән құмарлығының құрсауында қалуын жөн көрмейтін. Негізінде, осынау дара тұлғаның арқасында



мұсылмандар аз уақыт ішінде әлемдегі ең дәулетті ел болып шыға келді. Өз араларында садақа мен зекет беретін адам таба алмайтын қоғам құрды. Иә, жеке адам басына шаққанда түсетін табыс өте жоғары болды. Бірақ олардың арасында тақуалықпен өмір кешкен адамдар да бар еді. Олар бір күндік азығы болса, соны қанағат етіп, артығына ұмтылмайтын.

Бұл өзгелердің бақыты үшін өмір сүру құштарлығы және рухтың асқақтығын білдіреді. Яғни, өзгелердің бақытын ойлау махабаты. Өмір сүру ләззатын тәрк ету идеясы. Мұны терең сезіне алмаған жандардың бұл идеяны жетік ұғынуы да мүмкін емес.

Бірде ауызашар дастарқанында Әбу Бәкірге (р.а.) суық су берілді. Ол судан бір-екі жұтым ішкеннен соң кенет кемсең қағып иығы солқылдап жылай бастады. Жанында отырғандар мұның мәнісін сұрағанда, Әбу Бәкір: «Бір күні Аллаһ елшісі өзіне берілген бір кесе суды ішті де, артынан көзінен жас сорғалады: «Сол күні ырыс-берекелерден сұраласындар» аятын оқып, міне, осы ырыс-берекеден есепке тартыламыз, – деген еді. Осы сөзі есіме түсіп кетті», – деп, жылауының мәнісін түсіндіреді[78].

Алайда Әбу Бәкір (р.а.) өте қарапайым жан болды және өте жұпыны тірлік кешті. Соған қарай беретін есебі де жеңіл. Халифа болған кезінде ұзақ уақыт бойы басқа жұрттың қойларын сауып, отбасының нәпақасын тауып отыратын. Біраз уақыттан кейін оған айлық беріле бастады, ол осы айлығының өзін көп көрді. Ол Мәдинаның ең кедей адамының күн көрісін өзіне өлшем етіп алды. Сондықтан да артылған ақшаны бір құмыраға салып жинай берді, жинай берді. Екі жарым жылдық халифалық кезінде жалақысын осылай үзбей жинап отырды. Қайтыс болар алдында «өзімнен кейін келетін халифаға беріңдер» деп, осы құмыраны табыстап кетті. Омар (р.а.) халифа болып, осы құмыраны сындырғанда, ішінен ұсақ-ұсақ теңгелер және хат шықты.

Бұл хатта жаңа халифаға былай депті:

«Мына ақшалар маған берілген айлықтан артылып қалғандар. Мен Мәдинаның ең кедейін өзіме өлшем етіп, артылған ақшаларды осы құмыраға салып отырдым. Сондықтан да бұлар қазынаға тиесілі. Сол жерге қойыңдар»

Омар (р.а.) хатты оқып бітер-бітпес көз жасына ерік берді: «Өзіңнен кейінгіге зіл батпан, нар көтере алмас жүк тастадың, Әбу Бәкір», – деген болатын[79].

Әбу Бәкір (р.а.) тақуалықпен өмір сүруді ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафадан (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) үйренген болатын. Өйткені Аллаһ елшісі тірлікте осылайша өмір сүрудің мүмкін екенін өз ғұмыры арқылы сахабаларына да үйретіп кеткен.

Мұсылмандардың қолына тиетін олжаның бестен бірі (кейбір ғұламалардың пікірінше жиырма бесте бірі) пайғамбарымызға тиесілі болатын және мұны өз қалауынша жұмсауына болатын. Бәрінен бұрын бұл үкім Аллаһтың әмірі еді. Алайда Омар (р.а.) бір күні пайғамбарымыздың халін көріп, тамағына өксік кептеледі. Хақ пайғамбар неге жылағанын сұрағанда, Омар:

– Пайғамбарым! Әлемнің би-патшалары қазына мен байлыққа кенеліп шалқып жүргенде, сенің төсенер көрпешен де жоқ. Бар болғаны ши ғана. Ол да тәңіңе батып іздері қалып қойыпты. Алайда әлем сен үшін жаратылған емес пе еді?!– дейді.

Аллаһ елшісі сонда: «Омар, мына дүние олардың, ал ақырет біздікі болуын қаламайтын ба едің?!»– деп керемет жауап айтады[80].

Аллаһ елшісі бұл сөзін бекер айтқан жоқ немесе тұр-мысы нашар бір жарлының шарасыздықтан айтқан сөздеріне де жатқызуға болмайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ол қаласа әлемнің ең бай адамы бола алар еді. Қараңыздар, ой сала кету үшін мынаны келтіре кетейік. Хунейннен оның үлесіне түскеннің бестен бірінің мөлшері төмендегіше:

40.000 қой, 24.000 түйе, 6.000 тұтқын, 4.000 оққа күміс (Бір оққа – 1.248 келі)[81].

Басқа соғыстарда қолға түскен олжа мен ел билеушілер тарту еткен сыйлықтарды есепке алсақ, пайғамбарымыздың шалқып өмір сүруіне болатын еді. Бірақ ол сілкіп салар сырмағы жоқ жарлы адамша өмір сүрді. Қолына түскеннің бәрін сол сәтте халыққа тарататын. Өйткені ол адам бейнесіндегі жомарттықтың өзі еді. Мұншалықты асқан жомарттық тек Аллаһ елшісінің бойынан табылар болса керек...

Аллаһ елшісі іші қандай болса сырты да сондай болатын. Оның сыртқы көрінісі қандай тақуа және көрген жанды қайран қалдыратындай ажарлы болса, ішкі жан сарайы да дәл сондай тақуа болып, дәл солай адамдардың есін алатын.

Әнәс (р.а.):

«Аллаһ елшісі, адамдардың ең сұлуы еді», [82] – дейді.

Иә, әрі мінсіз мінезімен, әрі ойлы кескінімен ол адамдардың ең көркемі болатын.

Жабир ибн Самурәның (р.а.) осыған байланысты:

«Бір күні мешітте отырған болатынбыз. Айдың дәл он төртінші жұлдызы болатын. Төбемізде Ай нұрын төгіп тұр еді. Сол кезде мешітке Аллаһ елшісі кіріп келді. Мен айға бір, Аллаһ елшісіне бір қарадым. Аллаһ атымен ант етейін, Аллаһ елшісінің жүзі айдан да нұрлы еді» дегені бар[83].

Айша анамыз (р.а.) да оған деген құштар сезімін:

«Мысыр әйелдері Жүсіпті көрген сәтте махаббат азабына шыдай алмай қолдарын кесті. Егер олар менің пайғамбарымды көрсе ғой, онда қолдарындағы пышақтарын жүректеріне сұғатын еді», – деп білдірген болатын.

Нәдим: «Ыстамбулдың бір кесегіне бөгде елдің бүкіл мүлкі құрбан», – деген еді. Егер екі әлем Сардарын терең танығанда ғой, онда ол сөзсіз былай дейтін еді: Аллаһ елшісінің бір тал шашына барлық әлем құрбан...

Ол адамдардың ең көркемі еді. Әнәс сөзін әрі қарай жалғастырады: «Ол адамдардың ең жомарты еді». Көрік жағынан адамдардың ең көркем сұлуы болған Аллаһ елшісі көңілі мен еркі жағынан да адамдардың алды, ең жомарты болды[84].

Ибн Аббастың айтуынша, әсіресе, Рамазан айында ол жолыққанның бәрін баурап алар жанға жайлы самалдай желдей жомарт болатын[85]. Яғни, қолында қалған ең соңғы бұйымына дейін таратып жіберетін. Бұл – көңіл мен ерікке байланысты мәселе. Ол өзі үшін емес, өзгелер үшін өмір сүретін. Үнемі басқалардың бақытын ойлаумен күн кешіп, өзін ойлауға мұршасы болмай өмірден өтті. Негізінде, оны адамдардың бақытындай қуандыратын басқа бір ләззат та жоқ еді. Ол өз отбасын, өз жақындарын ең соңынан ойлайтын. Олжаны бөліскен кезде, алдымен Бәдір мен Ухудта шейіт болғандардың отбасына көңіл аударды. Үнемі өз отбасына: «Мен оларға бермей жатып, сендерге еш нәрсе таттыра алмаймын», – дейтін[86].

Хақ пайғамбар адамдардың ең батылы, жау жүректісі болатын. Себебі, өмірінде Аллаһтан басқа ешқандай нәрседен қорқып тартынған жан емес-тін. Керісінше, адамдар жаудан қаймыққанда ол арыстан секілді айбаттанып, жалғыз өзі аттан салатын[87]. Алда осы мәселеге қайта ораламыз.

Иә, оның биязылығы және басқа да асыл қасиеттерінің шуағымен ашылмаған қаншама көңіл сарайлары оның осы жомарттығы арқылы еш қиындықсыз ашыла кететін.

Міне, Сафуан ибн Умеййә де (р.а.) осылардың бірі.

Әнәс (р.а.) айтады:

«Аллаһ елшісі Хунейнге кеткелі жатқанда осы адамнан қарызға қару алған еді. Хунейнде қолға түскен олжаға Сафуан қызыға, тесіле қарап тұрған болатын. Оның осы сезімін Аллаһ елшісі байқап қалды. «Ұнатқан түйелерің сенікі болсын», – деді. Оған қосып, тағы көп нәрсе бергізді. Сафуан оның осы жомарттығына қатты қайран қалды. Бұған дейін Аллаһ елшісін атарға оғы жоқ болған осы адам аяқ астынан күрт өзгеріп шыға келді.

Иә, Аллаһ расулының осы жомарттығы оны өшпенділіктен сақтады, екі әлем Сардары ол үшін адамдардың ең сүйіктісіне айналды. Сафуанды өзіне тарту, әлбетте, мыңдаған түйе, сиырдан да қымбат еді. Аллаһ елшісі осылайша маңызды қадамға барды. Айтқандай-ақ, Сафуанға көрсетілген осы сый-сияпат нәтижесіз қалмады. Сафуан дереу қауымына барып: «Уа, халқым, жаппай Исламға кіріңдер! Өйткені хазірет Мұхаммед өте жомарт. Мұны тек кедейліктен қорықпайтын және Аллаһқа толық сенген адам ғана бере алады!» – деп жар салды[88].

Ол өзінен бір нәрсе сұраған жанға қолында бар болса беретін, жоқ болса уәде ететін. Қонақжайлылықта алдына жан салмайтын. Кейде үстіне киген жалғыз көйлегін де сұрағандарға шешіп бере салатын.

Бір бәдауи келіп, одан бір нәрсе сұрады. Аллаһ елшісі оған сұрағанын береді. Әлгі адам тағы сұрайды, ол да оның бетін қайтармады. Үшінші рет беретін нәрсесі болмағаны үшін Аллаһ елшісі сұрағанын тауып беруге уәде етті. Яғни, мал-мүлік қолына түскен кезде, алдымен оған беретін болды.

Бұл жағдайға Омар (р.а.) күйініп, Аллаһ расулына былай деді. «Сұраған нәрсесін бердің. Қайтадан сұрады оны да бердің. Тағы да сұрап еді, бере алмай уәде еттің. Өзіңді мұншама қинама, Аллаһтың елшісі!» – деді.

Бірақ бұл сөздер Аллаһ елшісінің көңілін көншітпеді. Қабағының қатуланғанын байқап қалған Абдуллаһ ибн Хузафету'с-Сәһми орнынан түрегеліп: «Бер, Аллаһтың елшісі, Аллаһ сені жарлы етеді екен деп қамықпа, ырысың кемиді деп те ойлама!», – деген болатын.

Екі әлем Сардары аздап үнсіз қалды да, былай деді: «Міне, маған дәл осылай болу әмір етілді», – деді[89].

Фараздақ қандай тамаша айтқан:

«Ол кәлімә шәһадаттан басқа ешқашан «жоқ» демеді.

Егер шәһадат болмағанда, оның «жоқ» сөзі де «иә» болатын еді».

Ол, «иә» деген сөзбен тұтасып кеткен-ді. Шарифат шеңберінде одан не сұраса, дереу жауап беріп, сұрағанын беретін.

Иә, пайғамбарлар Сұлтанының кеңпейілділігіне келсек, оған тең келер жоқ еді. Дара болатын. Мұндай жомарттық тек пайғамбардың ғана қолынан келеді.

Оның үстіне, жомарттық Аллаһқа жақындататын мінездің бірі болса, Аллаһ елшісі қалайша жомарт болмасын? Алайда ол Аллаһқа жақындау тұрғысынан Жәбірейілдің өзін артқа тастаған болатын.

Бұл туралы өзі былай дейді:

«Жомарттық Аллаһқа, жәннатқа және адамдарға жақындататын, жәһәннамнан алыстататын қасиет. Сараңдық Аллаһтан, жәннаттан және адамдардан алыстататын жәһәннамға жақындатын әдет»[90].

Кітаптарда Туба ағашы[91] тамыры жоғарыда, бұтақтары төменде болатын ағаш секілді бейнеленген. Шындығында Туба ағашы сондай ма, бұл жағын білмеймін. Аллаһ елшісін жәннаттан біздің төбемізге төгіліп тұрған «Жомарттық» ағашы десек те болады. Мұндай екеніне зәредей күдігім жоқ. Сол ағашты паналап, бұтақтарынан ұстағандар көгершіндей қалықтап жәннатқа қарай бағыт түзейді.

Осыған байланысты Аллаһ елшісі:

«Ей, адамдар! Аллаһ сендер үшін дін ретінде Исламды таңдады. Олай болса, Исламдағы бауырларыңмен жомарттық және көркем мінез арқылы біртұтас болыңдар», – дейді.

Ислам – көркем мінез бен жомарттық. Кемелдікке лайық басқадай болмысыңыз жоқ болса, көркем мінезіңізбен-ақ заңғар шыңдарды бағындыруға болады.

Жомарттық – көркем мінездің ажырамас бөлігі. «Жомарттық арқылы Исламға жақындаңдар! Жомарттық – тамыры жәннатта, бұтақтары дүниедегі ағаш тәрізді. Кімде-кім бұл ағаштың саясында өмір сүріп, жомарттық жасаса, ертелі-кеш сол бір ағаштың бұтағынан ұстап жәннатқа жол тартады»[92].

Сараңдық – теңсіздікке, орынсыз мырзалық ысырапшылдыққа алып келеді. Пайғамбарымыз жомарттықты Ислам дінін жаю үшін қолданды.

Хадиша анамыз (р.а.) – Ислам дінін қабылдаған алғашқы әйел. Негізінде, «Хадиша» сөзінің төркіні «ерте келген» деген мағынаны білдіреді. Ол Пайғамбарымыздан он бес жыл бұрын дүниеге келіп, Исламды да бәрінен бұрын қабылдаған жан. Меккенің ең бай адамдарының бірі болған бұл әйел бар дәулетін Аллаһ пен оның елшісі үшін хақ дінді жаю жолына жұмсады. Тіпті дүние салар кезінде кебін сатып алатындай да ақшасы қалмады. Сірә, оны кебіндеу үшін Аллаһ елшісі қарыз алған болуы да бек мүмкін[93].

Бұл да ерекше бір тура жолдың үлгісі еді. Өзінің ұлық парасатының арқасында Аллаһ елшісінің әрбір жомарттық әрекеті текке кетпей, Исламға үлкен олжа болып қайта оралған еді.

### **Кішіпейілділік келбеті**

Оның қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі де фәтәнатының өзгеше бір қыры. Оның бойындағы бұл қасиеттер де жұлдыздай жарқырап, басқаларға үлгі болды. Оның даңқы артып, барлық жанның сүйіспеншілігіне бөленген сайын қарапайымдылығы да тереңдей түсті. Кішіпейілділік пен қарапайымдылығы бейне бір онымен бірге туғандай еді. Өмірінің соңына дейін жетіліп жалғаса берді. Пайғамбарымыз «Кім кішіпейілділік көрсетсе, Аллаһ оның мәртебесін өсіреді»[94], – деген еді және дегендерін де табандылықпен іске асырды.

Ол әрқашан өзін адамдардың арасындағы жай бір қарапайым пенде санап, ешқашан өзін олардан бөлектеп көрмеген. Пайғамбарымыздың Әлиге (р.а.) «Ел ішінде көпшіліктің бірі бол!» деген ұлағатты сөзі бар. Осы сөздерді ол өмірлік ұстанымына айналдырды.

Иә, адам мансаптан, атақ пен даңқтан мастанып тура жолдан ауытқымауы тиіс. Әрі өзіне сын көзбен қарап, жүріс-тұрысын қадалағаны жөн. Адам елбасы да, қыр қарауылы да болуы мүмкін. Маңыздысы – адам болып қалу. Ендеше, адам өзіне берілген міндетінің маңызын басқа бір болмысқа айналдырып өзін өзгелерден бөлектемегені абзал.

Егер демократия деп аталған жүйе кейбіреулер ойлағандай жер бетіндегі ең жетілген бір жүйе десек, Ислам бұл заңғарға сан ғасыр бұрын ие болған. Алайда Исламды демократиялық жүйенің нақ өзі деп те айтуға болмайды.



Міне мұндай жүйенің кемел үлгісін мына мысалдан байқаймыз.

Әли (р.а.) бір зыммимен[95] соттасу үшін сотқа келеді. Қазы Шурейх оған орын ұсынады. Әли (р.а.) оның бұл әрекетіне қабағын шытады. Өйткені қарсыласы түрегеп тұрғанда, әдепсіздік көрсетіп, отырғысы келмейді. Ал сол кезде Әли (р.а.) алып мемлекеттің халифасы, яғни, елбасы болатын[96].

Аллаһ елшісі тумысынан қарапайым жан еді. Көбінесе оның мешітіне келгендер қайсысы пайғамбар екенін ажырата алмай, тек сахабалардың қимылдарынан яки ол сөйлей бастағанда ғана барып, Аллаһ расулы екенін айыра алатын. Хижрәт заманында Хақ пайғамбарды көрмеген мәдиналықтардың көбісі сол күні Әбу Бәкірдің (р.а.) қолын сүюге ұмтылған еді. Бірақ ол қолына желпуіш алып Пайғамбарымызға қарай желпи бастағанда ғана барып, Аллаһ расулының кім екенін аңғарған-ды. Міне, осылай болған. Өйткені Аллаһ расулы өзін Әбу Бәкірден (р.а.) ерекшелеп көрсететін әрекетке бармайтын[97].

...Меккені алып, қалаға кірген кезінде де, қандай кішіпейілділік көрсеткені жұртқа дастан. Сәл еңкейсе ерге басы тиетіндей басын иген даңқты Пайғамбар үлкен басын кішірейтіп қақпадан кірген еді[98].

Айша анамыздан (р.а.) риуаят етілген бір хадис бізге төмендегідей жайтты баян етеді:

«Аллаһ елшісі үйде өзін қарапайым бір жан ретінде ұстайтын. Өз киімін өзі жуып, аяқ киімдерін де өзі тазалап, үй шаруасында да әйелдеріне көмектесетін»[99].

Ол қарапайымдылығынан жазбай жұпыны тірлік кешсе де бүкіл әлемге аты жайылып, оның әкелген діні баршаның тіліне тиек болды. Ол уақытын өте орнымен пайдаланатын. Сондықтан да маңызды істердің арасында үй шаруасына да уақыт табатын. Хақ пайғамбар ізгі қасиеттер мен сипаттардың шыңында отыруға лайық тұлға және солай болды да.

### **Адамдар арасында**

Ұлылардың ұлылығының белгісі – әдептілік пен қарапайымдылық. Санасыздықтың белгісі – менмендік. Аллаһ елшісі – адамдар арасында ең ұлы адам. Ендеше, кішіпейілділік те солай болуы тиіс.

Мешіт салып жатқанда жұрт бірден ол екіден кесек таситын[100], ор қазу кезінде жұрт қарнына бір тас, ол екі тас байлайтын[101], алдына келіп, тақуалық сұсына шыдай алмай дірілдеген бір адамға: «Қорықпа, бауырым, мен де анасы қатқан нан



жеген сен секілді бір адаммын»[102],– деген Аллаһ елшісі сөзсіз адамдардың ең кішіпейілі болатын.

Оның әрбір әрекеті әдептен аспайтын. Ол ұлылығын маңдайын сәждеге тигізу арқылы көрсететін.

«Кім кішіпейілділік көрсетсе, Аллаһ оның мәртебесін өсіреді. Кімде-кім көкірек қақса, Аллаһ оны мұрнымен жер сүзгізеді»[103].

Кішіпейілділік пен әдептілік адамды көктегі ұлы әлемдерге ұшырып әкететін қос қанат секілді. Аллаһ елшісі кішіпейілділік арқылы ешкім шыға алмас шыңдарға шығып, мәңгі-бақи адамзаттың Сардары болып қалды. Заман мен мекеннің шегінен шыққан осы бір таңдаулы Сардардың алдына адамдар емін-еркін кіріп шығып, айтқысы келген нәрселерін қысылмай еркін айта алатын. Өйткені өзі де еркін адам болатын.

Қады Ияз мына бір оқиғаны бізге жеткізеді:

«Бір күні ақыл-есі кемістеу бір әйел келіп, Аллаһ елшісінің жеңінен тартты да, оған: «Шұғыл менімен бірге үйге жүр, бір ісім бар еді, соны істеп бер»,– дейді. Сөйтті де қолынан тартып, үйіне ертіп әкетті. Сахабалар да қалмай олардың артынан ерді. Аллаһ елшісі әйелдің айтқанын орындап, үйіне оралды»[104].

Бұл үй сыпыру, бәлкім, жуылған кірлерді сығу секілді жұмыс шығар. Бұған назар аударып жатудың қажеті жоқ, маңыздысы Хақ пайғамбардың осы істі орындағаны. Өйткені ол – ақ пейіл, көңілі кіршіксіз таза жан. Оның осы әрекеті қорланатын қылық емес. Қор санау оның түсіне де кірмеген. Қалайша кірсін, ол күпір мен теріс іс-әрекеттерге қарсы күндей күркіреп, бейне бір атылған арыстандай еді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ол адамдардың ең батылы болатын.

Әли (р.а.): «Біз соғыста жаудан қаймыққан кездерімізде Аллаһ расулының артына өтіп, қатерден сақтанатынбыз», – деп айтады[105]. Тіпті оның кеңістігі айналасындағыларға қауіпсіздік пен сенімділік сәулесін себелейтін. Олай болса, мұндай адамның осылайша қарапайымдылық көрсетуін оның кішіпейілділігінен ғана туындаған қасиет деп білуіміз керек.

## **Пайғамбарымыздың боямасыз болмысы**

Кішілік қорлық емес, менмендік байсалдылық емес. Аллаһ елшісі кішіпейілділіктің де өлшемдерін қатаң сақтап, тепе-теңдіктен ауытқыған жоқ. Оның бұл сипаты бізді еріксіз «Мухаммаду’р-Расулуллаһ» дегізеді.

Мысалға, сот үкім шығарар кезде өзін байсалды ұстап, сезімталдыққа берілмеуі керек. Бірақ дәл осындай әрекетті үйіне келіп, балаларына көрсетсе, онда өркөкіректік болар еді. Өйткені адам өз үйінде отбасындағы шаңырақтың бір уығындай болуы керек. Бұлар – Құранның қағидалары. Бұларды ең кәміл түрде іске асырған да Аллаһ елшісі. Кейінгілер – оған ілесіп, ұқсауға тырысқандар.

Пайғамбарымыз ұлы адам. Ал оның өзі не дейтініне зер салсақ: «Ешкім өз істеген істерімен жәннатқа кіре алмайды» дейді, «Сен де ме?» – деп сұрағандарға: «Иә, мен де. Егер Аллаһтың рақымдылығы болмаса»,– деп жауап береді[106].

Міне, оған осы сөзді айтқызған шынайы табиғи жаратылысы болатын. Өзін адамдардың арасында қарапайым ұстап, әрбір әрекетінде де осы қасиетінен жаңылмады.

Бір күні Омар (р.а.) Аллаһ елшісінен умра үшін рұқсат сұрады. Сахабалар умра үшін де Пайғамбарымыздан рұқсат алатын. Өйткені олар тәртіпті қатаң сақтап Аллаһ елшісінің айтқанымен жүретін. Үйінде бойжетіп отырған қызы жайлы да оған келіп: «Үйімде бойжеткен қызым бар. Оны кімге үйлендіруді қалайсыз, әмір етіңіз», – дейтін. Басқа бір адам бау-бақшасын бағыштағысы келсе, ойын, алдымен, Аллаһ елшісімен ақылдасатын. Иғтиқафқа[107] кіргісі келген адам да, жолға шыққысы келген жан да әрқашан Аллаһ елшісіне келіп, рұқсат сұрайтын. Омар (р.а.) келіп, умра үшін рұқсат сұрайтын. Аллаһ елшісі оның осы талабын кері қайтармай, қайта хазірет Омарға өмір бақи есте қаларлық өтініш айтты: «Бауырым, дұға мен батаңа бізді де қос». Осыған байланысты Омар (р.а.) бір күні: «Сол күні бүкіл дүние маған берілсе, мұншалықты қуанбас едім», – деп, жүрек-жарды сырын ақтарды[108].

## **Құлдық қасиетінің тереңдігі**

Ол осы кішіпейілділігімен, қарапайымдылығымен адамдарды өзіне тартып, баурап әкететін. Ол осылайша үмбетінің қолынан жетелеп, оларды нұрлы сатылар арқылы рухани ұлылықтың шыңына бастайтын. Омар (р.а.) алғашқы сәтте-ақ өз «үлесін» алған болатын. Бірақ Аллаһ елшісі олардың тоқтап, тоқмейілсіп қалуына жол бермей ол шыңнан да биік, басқа сеңгір шыңдарға шығаруды қалайтын. Солай жасады да. Бәдәуи қоғамнан адамзатқа тәлімгер болып, жол көрсетуші,

мәдениеті биік жамағат шығарды. Ол тар жол тайғақ кешіп жүріп, адамдарды жетелеп алға бастап, шыңға шығарып жатты. Өзі де көкке тік көтерілумен болды, бірақ ол көкке көтерілген сайын кішілігі мен қарапайымдылығы тереңдей түсті. Басқалар секілді өзін Хақтың бір құлы сезініп, осы ойынан қанағат тауып, қатты толқитын еді.

Ахмәд ибн Ханбәл Әбу Нурәйрадан (р.а.) риуаят етеді:

«Жәбірейілмен (а.с) сұхбаттасып отырған Аллаһ елшісі қатарынан бірнеше күн бойы нәр татпаған болатын. Жәбірейіл оның ең жақын досы еді. Зайыф (әлсіз) бір риуаятқа жүгінсек, ол Аллаһ елшісіне: «Мен сенен кейін жер бетіне тек бірнеше мәрте ғана түсемін» – дегені баяндалады. Өйткені Жәбірейілге хазірет Мұхаммед алейһиссәламсыз өткен өмір қасіретке толы болатын. (Жылдар бойы бұл әлем бізге де қасірет болды). Пайғамбарымыз Жәбірейілге «бірнеше күн бойы нәр татпадым», – деп жағдайын айтты. Кенеттен бірден аспан күркірегендей дауыс естілді. Көктен бір періште түскен еді. (Табәрани оның Исрафил аләһиис-сәлам екенін айтады). Жәбірейіл Пайғамбарымызға бұл періштенің жерге алғаш рет түскенін хабарлайды. Ол Жаратқанның сәлемімен пайғамбарымызға қарата: «Аллаһ былай дейді: «Патша пайғамбар ма, әлде құл пайғамбар ма, қайсысы болуды қалайсың?» – деп сұрайды.

Пайғамбарымыз белгілі-бір кезге дейін Аллаһты тануда дәріс алып жүрген Жәбірейілге таңдана қарады. Миғражда Пайғамбарымыз Жәбірейілдің Аллаһқа деген жақындығын көріп, қайран қалған еді. Иә, Аллаһты Жәбірейіл періштенің танығанындай тану мүмкін емес.

Жәбірейіл Аллаһ елшісіне: «Аллаһтың елшісі! Раббыңа өте кішіпейіл бол!» – дейді[109].

Жаратушы да, елшісін «Саған ерген мұсылмандарға кішіпейілдік қанаттарыңды жайғаныңша кең жай» (Шұғара, 26/215) – деп, мейлінше кішіпейіл болуға шақырмайтын ба еді?! Құранда осы секілді көптеген аяттар бар. Аллаһ елшісінің де тілегі осыған дөп келіп: «Құл пайғамбар болуды қалаймын», – деді.

Ол құлдықты таңдаған соң Аллаһ та оған құлдықты оған тәж етіп кигізді. Құран бірнеше жерде оның құлдығы жайлы айтады. Мұсылмандар да кәлимә шәһадат (иман келтіру) айтқан кезде оның Аллаһтың құлы және елшісі екеніне куәлік білдіреді. Иә, ол әуелі Аллаһтың құлы, содан кейін елшісі. Құлдық әрдайым пайғамбарлықтан бір адым алда тұрады.

Кей адамдар жаратылғанға құл болуы мүмкін. Ал хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) әрқашан Аллаһтың құлы. Ол өмірінің мейлі жайма-шуақ жазы болсын, мейлі қиын-қыстау кездерінде болсын, ешқашан басқаларға иіліп бел бүкпеген. Құлдық оның негізгі сипаттарының біреуі болып саналады. Оның осы сипаты күнде бес уақыт мұнаралардан барлық әлемге пайғамбарлығымен бірге паш етілуде. Өйткені жоғарыда айта кеткеніміздей, оның құлдығы пайғамбарлығынан бұрын айтылады.

Ол – Жаратқанның құлы. Аллаһ Құран Кәрімде оның осы құлдығына зер салады: «Аллаһтың құлы (Расулы) намазға тұрғанда жындар оның құлшылығына ынтазар болып бір-бірін басып кетердей ентелеп айналасына жинала қалды» (Жын, 72/19). Аллаһ елшісінің қасына жиналған жындар болсын, мейлі Мекке мүшріктері болсын, біз үшін маңыздысы – оның Құранда «Абдуллаһ» деген негізгі атағымен айтылуы.

Құранның Аллаһтың сөзі екені және бұл туралы күдігі барларды күреске шақырған мына аятта да оның шынайы «құл» екендігі айтылуда.

«Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де осыған ұқсаған бір сүре әкеліңдер. Егер сөздерің рас болса, Аллаһтан өзге көмекшілеріңді де шақырыңдар. Егер оны істемесеңдер, қазір әкелмесеңдер, келешекте әсте істей алмайсыңдар. Ендеше, отыны адамдар мен тастардан болып кәпірлер үшін әзірленген оттан қорқыңдар!» (Бақара, 2/23-24).

Құран Кәрім оның ең биік шыңға көтерілгенін айтқан кезде құлдығын алға тартады:

«Құлын бір түнде өзіне аяттарымызды көрсету үшін Мешіт Харамнан (Мекке) Мешіт Ақсаға апарған Аллаһ әр түрлі кемшіліктерден пәк. Шексіз, Ол – естуші, білуші» (Исра, 17/1).

Меккелік пұтқа табынушылардың қарсылығынан (Байкот оқиғасынан) кейін Хадиша анамыз (р.а.) бен Әбу Талибтің қайтыс болуы Аллаһ расулын мұминдердің арасында қорғансыз, тірексіз қалдырғандай болды. Себептер түгелімен тоқтап, арқа сүйер тірегі қалмады. Осындай ауыр кезде себептердің тізгінін қолында ұстаған Аллаһ «ахадият» көгінде кәміл рақымдылығымен көрінді. Ғасырымыздың заңғар ойшылының сөзімен айтсақ, Тәухид Нұры «ахадият» көгінде көрінді де, Аллаһ расулы Раббысын, Иесін, Жаратушысын тікелей көру үшін көк жүзінің арғы бетіне асып, сол жердің ең абыройлы қонағы болды.

Бұл жерде негізгі мақсатымыз миғражды айту емес, миғражды айта отырып, басқа бір мәселеге назар салу. Ол: Аллаһ мұндай маңызды бір мұғжизаны айтқанда, Пайғамбарымызды Құран және Інжіл мен Тәураттағы есімдерімен емес, яғни, Мұхаммед, Ахмет және Аһиәд деп еске алмай, оның құлдығы жайлы айтып, «Абдиһи» дейді. Пайғамбарымыз бейне бір: «Мен құл болдым» деген кезде Аллаһ былай дегендей: «Ақыры сен құл болдың. Ендеше, Мен құлдықты баға жетпес қадірлі еттім. Және жер бетінде құлдықты аса бағалы етемін. Сол үшін қай жерде сенің қадірің мен бағанды айтпақшы болсам, сол жерде сенің құлдығың жайлы айтамын. Ерекшелігі сол – әр мұсылман кәлимә шәһадатында сенің пайғамбарлығыңнан бұрын құлдығыңды айтады, әлем осы дауыстардан дүр сілкінетін болады».

Иә, төрткүл дүние сенің Жаратқанның шынайы құлы екеніңді паш етуде.

- [1] Бухари, Тәфсир сүре (31) 2; Муслим, Иман, 5-7.  
[2] Бухари, Тәухид, 35; Муслим, Жәннәт, 2-4.  
[3] Бухари, Да'уа, 6; Муслим, Зәкәт, 56-57.  
[4] Бухари, Өзән, 89; Муслим, Мәсәжид, 147; Ибн Мәжә, Ду'ә, 4.  
[5] Ахмәд, Муснәд, 6/147.  
[6] Бухари, Өзән, 155; Муслим, Салат, 205; Әбу Дәууд, Салат, 139.  
[7] Ахмәд, Муснәд, 5/191; Мәжмәу'з-зәуәид, 10/113.  
[8] Ахмәд, Муснәд, 5/191; Мәжмәу'з-зәуәид, 10/113.  
[9] Ахмәд, Муснәд, 5/191; Мәжмәу'з-зәуәид, 10/113.  
[10] Мәжмә'з-зәуә'ид, 10/117  
[11] Тирмизи, Да'уад, 88.  
[12] Муслим, Зикр, 73; Әбу Дәууд, Уитр, 32.  
[13] Тирмизи, Да'уа, 23; Нәсә'и, Сәһу, 61, Мәжмәу'з-зәуәид, 10/173.  
[14] Тирмизи, Тәфсирус сүрә, (38) 2; Муатта, Құран, 40.  
[15] Мустәдрак, 1/520.  
[16] Мустәдрак, 1/520.  
[17] Ибн Мәжә, Ду'ә, 2; Муслим, Зикр, 72; Тирмизи, Да'уа, 72; Муснәд, 1/416,434,437.  
[18] Ахмәд, Муснәд, 4/181; Хаким, Мустәдрак, 3/591.  
[19] Қады Иад, 1/17.  
[20] Һәйсәм, Мәжмәу'з-зәуә'ид, 10/216; Кәнзу'л-уммәл, 4/244.  
[21] Һәйсәм, Мәжмәу'з-зәуә'ид, 10/216; Кәнзу'л-уммәл, 4/244.  
[22] Бухари, Мусәкат, 9; Муслим, Сәләм, 151; Дәrimi, Рикак, 93; Ахмәд, Муснәд, 2/507.  
[23] Бухари, Мәғаз, 23.  
[24] Ибн Һишам, Сирә, 3/103.  
[25] Бухари, Мәғаз, 24; Муслим, Жиһад, 100-101.  
[26] Бухари, Өнбиә, 54; Муслим, Жиһад, 104-105.[27] Ибн Һишам, Сирә,4/55; Ибн Кәсир, әл-Бидайа 3/344.  
[28] Бәркул-Ғымаһ – Ливандағы бір жердің атауы. Бұл жерде «жердің түбі» деген мағынада қолданылған.  
[29] Ибн Кәсир, әл-Бидайа, 3/321-322; Сирә, 2/266.  
[30] Ибн Кәсир, әл-Бидайа, 3/322.  
[31] Муслим, Жиһад, 58; Тирмизи, Тәфсир сүре, (8) 3; Ахмәд, Муснәд, 1/32; Сирә, 2/2279; әл-Бидайа, 3/332.  
[32] Бухари, Кәфәлә, 3; Муслим, Фара'ид, 14.  
[33] Бухари, Истикрад, 11; Муслим, Фара'ид, 14; Ахмәд, Муснәд, 3/311.  
[34] Бухари, Фәда'илул әсхаб, 20; Ибн Әсир, Усду'л-ғабә, 1/468.  
[35] Ибн Әсир, Усду'л-ғабә, 1/468.  
[36] Сүйіктісі. Ақырғы Пайғамбар.  
[37] Муслим, Бирр, 87.  
[38] Қады Иад, Шиға, 1/17.  
[39] Муслим, Фәда'ил, 126; Муснәд, 3/395.  
[40] Бухари, Өзән, 65; Муслим, Салат, 192.  
[41] Муслим, Худуд, 17-23; Бухари, Худуд, 27; Муснәд, 1/238, 2/450.  
[42] Муслим, Әймән, 31-33; Әбу Дәууд, Әдәб, 123; Ахмәд, Муснәд, 3/337.  
[43] Муслим, Әймән, 30.  
[44] Бухари, Әдәб, 18; Муслим, Фәда'ил, 65.  
[45] Тирмизи, Бирр, 16, Әбу Дәууд, Әдәб, 58.

- [46] Бухари, Өдәб, 18; Муслим, Фада'ил, 64; Ибн Мәжә, Өдәб, 3; Муснәд, 6/56.
- [47] Бухари, Жәнә'из, 45; Муслим, Жәнә'из, 12.
- [48] Тирмизи, Фәда'илу'л-жиһад, 12.
- [49] Бухари, Жәнә'из, 3.
- [50] Бухари, Мәғәзи, 27; Муслим, Фада'ил, 30; Нисә'и, Жәнә'из, 103; Табақату'л-кубра, 2/205; Сирә, 4/300.
- [51] Бухари, Талақ, 25, Өдәб, 24; Муслим, Зүһд, 42.
- [52] Әбу Дәууд, Өдәб, 164, Жиһад, 112; Муснәд, 1/404.
- [53] Бухари, Жиһад, 103; Муслим, Сәләм, 148.
- [54] Мустәдрәк, 4/231-133.
- [55] Мәжмау'з-зәуә'ид, 9/9; Суюти, әл-Хаса'ису'л-кубра, 2/95.
- [56] Ибн Һишам, Сирә, 3/88; Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 4/36.
- [57] Муслим, Салату'л-Мусәфирин, 139; Ибн Мәжә, Ахкам, 14; Муснәд, 6/91.
- [58] Бухари, Өнбиә, 24; Муслим, Иман, 272.
- [59] Бухари, Мәрда, 3, 13; Муслим, Бирр, 45; Муснәд, 1/381.
- [60] Бухари, Таухид, 37; Муслим, Иман, 261; Нәсә'и, Салат, 2.
- [61] Бухари, Да'уа, 3; Тирмизи, Тәфсирус сүрә (47) 1; Ибн Мәжә, Өдәб, 57; Муснәд, 2/241, 282.[62] Бухари, Өдәб, 95; Мәнакиб, 25; Муслим, Зәкәт, 142; Муснәд, 3/56.
- [63] Муслим, Зәкәт, 148; Муснәд, 3/354.
- [64] Бухари, Мәнакиб, 25; Муслим, Зәкәт, 132.
- [65] Хәзірет Алиге қарсы шыққан бүлікшілдер тобы.(ауд).
- [66] Бухари, Һибә, 27; Әбу Дәууд, Диәт, 6, Ибн Кәсир, 4/237.
- [67] Әбу Дәууд, Өдәб, 1; Нәсә'и, Қасәма, 24.
- [68] Мустәрдак, 3/242.
- [69] са' - мың дирхемдік дән өлшемі. (ауд).
- [70] Ибн Хәжәр, Исабә, 1/566; Мустәдрәк, 3/604; Суюти, Кубра, 1/26.
- [71] Бухари, 'Илм, 28, Өзән, 61, Өдәб, 75; Муслим, Салат.
- [72] Бухари, Өзән, 63, Өдәб, 74; Муслим, Салат, 179; Нәсә'и, Ифтитах, 71.
- [73] «Сабату» деу арқылы адам Исламды қабылдағанын айтады.
- [74] Бухари, Мәғәзи, 51, Диәт, 2; Муслим, Иман, 158; Әбу Дәууд, Жиһад, 95.
- [75] Бухари, Иман, 22; Муслим, Иман, 38-40.
- [76] Бухари, Тәфсир (7) 3.
- [77] Ибн Һишам, Сирә, 1/285.
- [78] Бухари, Рикақ, 3; Тирмизи, Зүһд, 44; Муснәд, 391.
- [79] Әбу Нуайм, Хилиә, 1/30.
- [80] Табари, Тариху'л-Умәм, 4/250-252.
- [81] Бухари, Тәфсир сүрә (66) 2; Муслим, Талақ,
- [82] Ибн Са'д, Табақатул Кубра, 1/152.
- [83] Муслим, Фәда'ил, 47; Бухари, Мәнакиб, 23.
- [84] Кәнзу'л-Уммәл, 6/168.
- [85] Бухари, Жиһад, 24; Муслим, Фәда'ил, 48.
- [86] Бухари, Саум, 7; Муслим, Фәда'ил, 50.
- [87] Бухари, Да'уа, 11; Әбу Дәууд, Өдәб, 100; Муснәд, 1/136.
- [88] Бухари, Жиһад, 52; Муслим, Жиһад, 78, Фада'ил, 48.
- [89] Муслим, Фәда'ил, 59; Ибн Хәжәр, Исабә, 2/1887, Муснәд, 6/465; Кәнзу'л-Уммәл, 10/505; Ибн Һишам, Сирә, 4/137.
- [90] Ибн Кәсир, 6/63.
- [91] Тирмизи, Бирр, 40.
- [92] Жәннат ағашы.
- [93] Кәнзу'л-Уммәл, 6/571.
- [94] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 3/158; 'Умар Рида, А'ламу'н-Ниса, 1/326-331.
- [95] Муснәд, 3/76, Мәжмау'з-Зәуә'ид, 10/325. Кәнзу'л-Уммәл, 3/113.
- [96] Мұсылман мемлекетінде өмір сүрген өзге дін өкілдері (ауд).
- [97] Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 8/5.
- [98] Ибн Һишам, Сирә, 2/137.
- [99] Мәжмау'з-Зәуә'ид, 6/169. Сирә, 4/47-48.
- [100] Тирмизи, Шәмә'ил, 283; Муснәд, 6/256.
- [101] Муснәд, 2/381; Сирә, 2/141.
- [102] Тирмизи, Зүһд, 39.
- [103] Мәжмау'з-Зәуә'ид, 9/20; Ибн Мәжә, Өт'има, 30.
- [104] Кәнзу'л-Уммәл, 3/113; Мәжмау'з-Зәуә'ид, 10/325; Муснәд, 3/76.
- [105] Қады Иад, Шифа, 1/131.
- [106] Ахмәд, Муснәд, 1/86.
- [107] Бухари, Рикақ, 18, Мәрда, 19; Муслим, 71-76.
- [108] Рамазан айының соңғы он күнінде тұтастай құлшылыққа берілу
- [109] Тирмизи, Да'уа, 109; Әбу Дәууд, Уитр, 23; Ибн Мәжә, Мәнасиқ, 5.
- [110] Ахмәд, Муснәд, 2/231; Мәжмау'з-Зәуә'ид, 9/18-19.



## ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕСІ МЕН ОТАҒАСЫЛЫҚ ҮЛГІСІ

Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) – Аллаһ тағала-ның «Раб»[1] есімін байрақтай желбіретіп ең жоғарғы деңгейде алып өткен жан. Ол – Хақ тағаланың бұл есімінің күллі адамзат арасындағы таңдаулы өкілі әрі бүкіл болмысы да сол міндетке сай ерекше жаратылған тұлға. Әлбетте, оның тәрбиесін көргендер рухани дәрежесімен барша адамзат ішінде пайғамбарлардан кейінгі қасиетті мәртебеге ие болған. Хазірет Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли (р.а.) сынды пайғамбардың үзеңгілес жансеріктерінен асқан дара тұлғаларды көрсету де, арнайы жетілдіру де мүмкін емес. Сонымен қатар, өзге жандардың Әбу Бәкірден (р.а.) басқа сахабалардың дәрежесіне көтеріле алуы да неғайбыл. Өйткені олар тікелей Аллаһ елшісінің өзінен, оның даналық тәрбиесінен нәр алған. Сахабалардан кейін де Пайғамбарымыздың өнегелі ғұмырынан үлгі алып өсіп, кейінгі ғасырларға шашудай шашылған қаншама інжу-маржандар бар. Олар да оны өнеге тұтып, одан тәрбие алып өскен. Әрине, барша адамзаттың мақтанышына айналар абзал кісілерді тәрбиелеп шығару – екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін бақ екені түсінікті жайт. Фузайл ибн Иаз, Бишр Хафи, Бейазид Бистами, Жүнейіт Бағдади, Әбу Ханифа, Шафиғи, Имам Мәлік, Ахмәд ибн Ханбәл, Имам Раббани, Имам Ғазали, Мәуләна Жәләлиддин Руми, Шах Гәйләни, Шазәли, Нахшибәнди, Ахмет Руфағи секілді тағы басқа бірқатар ғұламалардың барлығы да оның тәрбиелік ұстанымдарын негізге ала отырып жетілген. Мағынасы терең, хадис деп те айтылатын мынадай сөз бар: «Менің үмбетімнің ғұламалары Израйыл ұрпақтарының пайғамбарлары тәрізді». Бұл сөзді Пайғамбардың аузынан шықты деуге болмайды. Дей тұрсақ та, бұл сөздің мағынасы өзінің түп негізіне тартпай қоймайды. Пайғамбарлардың биігіне ешбір пенде шыға алмайды. Ол әсте мүмкін де емес. Алайда кейбір жекелеген қасиеттерінде ұқсастық болуы мүмкін. Міне, аталмыш кісілер және солармен деңгейлес өзге де жандар солардың қатарына жатады. Олар жер бетіне тек адамзаттың бақыты үшін келген тәрізді. Егер олардың орнын басқа біреулер басатындай мүмкіндік болса, сірә, көктегі періштелердің жерге түсуіне тура келетін болар. Өйткені, олардың орнын тек күнәдан пәк періштелер ғана баса алады.

Бұл – хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ғана тән ерекшелік. Иә, сол арқылы ғана осындай жемістер өнген, мәңгілікке дейін де дәл осылай өніп-өсе бермек. Қазіргі мына қуаңшылық заманнан кейін жер беті қайта гүлденіп, әлі де талай таңдаулы адамдар өсіп жетілер. Менің де бар үмітім соларда. Өзім ес біліп,



оң-солымды танығалы, ешқашан үмітімді жоғалтпай, әрдайым сол бір тақуа жандарды күттім. Бұдан кейін де ақырғы демім шыққанша күте бермекпін.

Аллаһ елшісінің әз тәрбиесі туралы сөз қозғамас бұрын, оның отбасындағы тәрбиелік өнегесін сөз етіп көрейік. Ол – бала, жар, немере сүйген. Қасиетті шаңырақтың отағасы.

[1] Раб: Жаратқан ие; Тәрбие етуші, Хақ тағаланың бір сипаты.

## 1. Пайғамбардың отағасылығы

Сөз жоқ, бұл отбасы әлем әлем боп жаратылғалы жер бетінде бұрын-соңды теңдесі болмаған һәм одан кейін де болуы әсте мүмкін емес, ең бақытты, құт-береке дарыған отбасы екені белгілі. Оның отбасын гүлзарға теңеуге болады. Бұл отбасы жұпыны ғұмыр кешті. Өйткені, айлар бойы бұл шаңырақтың қазанында сылдыр сорпа да қайнамайтын. Жарлары қуықтай бөлмені місе тұтты. Қиындықтың тігісін жамап-жасқап күн кешті. Сөйте тұра, бұл ардақты жандар аптасында бірер сағат Аллаһ елшісімен жүздесуді дүниедегі барлық нәрседен артық санайтын. Олар аса бақытты, көңілдері де күн шуақты көктемдей еді.

Ақиық Пайғамбардың кіндігінен тараған балаларының барлығы да өзінен бұрын өмірден озған-ды. Жалғыз хазірет Фатима ғана көз нұры, көңіл қуанышы боп аман қалды. Ол да ғұмырын таршылықпен өткізді. Яғни, Аллаһ елшісі оған да рахат ғұмыр кешетін жағдай жасаған емес. Сөйте тұра, жарлары да, бірегей үміті Фатима да оны өте қатты жақсы көріп, оны бәрінен де артық санайтын. Аллаһ елшісі олардың жүрегінен терең орын алған-ды. Әрине, мұндай тереңдікті өзгелер түйсіне де, сезіне де алмайды.

Хазірет Фатима әкесі қайтыс болғанда бірнеше күн қатарынан көз жасын төкті, әлемді күңгірентіп, естігеннің жан-жүрегін сыздатар жоқтау айтумен болды. Асқаралы әкесінің жоқтығына ол небәрі алты ай ғана шыдай алды. Ішқұсалық-пен алты айды әрең өткерді, артынша әкесіне қарай құстай ұшып, өмірден озды. Ешбір перзент нақ хазірет Фатимадай әкесін ыстық ықыласпен жақсы көре алмаған. Ешқандай әке де балаларын дәл Пайғамбарымыздай емірене сүймеген. Оның жарлары хақында да дәл осылай айтуға болады. Ешбір әйел Аллаһ елшісінің жарларының оны сүйгеніндей ерлерін сүйе алмаған. Оның отбасындағы мұншалықты сүйіспеншіліктің әлбетте өзіндік себебі бар. Хақ пайғамбар отбасындағы жақындарына көрсеткен тәрбиесімен олардың жүректеріне өзіне деген сарқылмас құрметпен сүйіспеншілік дәнін еге білді. Кейін осы

сүйіспеншілік ұлғая келе күллі ғаламды қамтыды. Міне, бұл да екі дүние Сардарының фәтәнатының тағы бір ерекше қыры.

Аллаһ елшісі қайтыс болған кезде жарларының жеке баспаналары болмаған. Олар өмір бойы құжырадай тар бөлмелерде ғұмыр кешті. Тарихшылар олардың еншісіне сүтін сауып ішерлік бір-бір ешкіден ғана тигендігін жазады. Бірақ Аллаһ елшісінің асыл жарларының ешбірі де өмірінде осы жағдайына шыдамсыздық танытып, бір ауыз шағым айтып көрмеptі. Аллаһ елшісінің көзі тірісінде кейбіреуіне мұндай ой келгенмен, Құранның ескертуімен тез естерін жинап, сабасына түсетін. Аллаһ елшісі өмірден озған соң олар мемлекет қазынасынан Әбу Бәкір (р.а.) бөлдірген қаржымен күнелтті. Бұл әркімге шақтап берілетін болмашы ғана қаржы болатын. Пайғамбардың дәстүрін бұзғысы келмеді. Алайда Омар (р.а.) халифа болғанда Ақиық Пайғамбардың жарларына бірінші дәрежелі айлық бергізді. Оның көзқарасына тоқталсақ, Пайғамбардың жарлары алғашқы Исламға кіргендермен дәрежелері тең болмағанмен, Аллаһ елшісінің ең жақындары һәм қияметке дейінгі мұсылмандардың аналары ретінде алғашқы қарлығаштардың қатарынан саналуы тиіс. Хазірет Омар осы тоқтамға келіп, шешім шығарған. Бірақ біздің негізгі тоқталмақ мәселеміз бұл емес. Біз Аллаһ елшісінің өз жарларын екiнiң бiрi оңайлықпен қол жеткізе алмайтын шырқау шыңға шығара білген қасиетін сөз қылмақпыз. Ол қамшының сабындай аз уақыт қана бірге тұрған жарларының жүректерi мен рухтарына терең бойлай білді. Ендеше, онда өзгеде жоқ, басқаның бойынан табылмайтын бiр тартымдылық, адамды өзіне тартатын ерекше күш бар деген сөз. Ол осы тартымдылығымен айналасындағыларды өзіне үйіріп, тез баурап алатын. Бұл да хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пайғамбарлығының өзге бiр бөлекше қырын танытатын дәлел.

Аллаһ елшісінің бiрнеше әйелмен отау құруы оның пайғамбарлығына ап-айқын бiр дәлел екендігін орны келген кезде айтамыз. Бұл тақырыпты әзірге қозғамаймыз. Алайда, осы жерде мына ерекшелікті айта кету керек. Пайғамбарымыздың мүбәрак шаңырағы әйелдерге қатысты діни үкімдерді үйрететін медреседей еді. Отбасылық өмірге қатысты үкімдердің тоқсан пайызы бізге Аллаһ елшісінің пәк жарлары арқылы жеткен. Сол себепті оның шаңырағында дәреже жағынан әр түрлі әйелдердің болуы заңдылық. Ақиық Пайғамбар дін үкімдерін көпшілікке жаю мақсатымен ғана жанқиярлық танытып, елу үш жасынан кейін бiрнеше әйелмен үйленуге бел буады.

Иә, Аллаһ расулының шаңырағында көп әйелдің болуы ауадай қажеттілік еді. Өйткені ер кісілер әрқашан мешітте отырып, Пайғамбарымызды тыңдай алатын.

Егер біреуі бір күн келмей қалып, сұхбатын тыңдай алмаса, достары арқылы сол күнгі мәселелерді түгелдей біліп алатын. Өйткені сахабалар тыңдағандарын өңін өзгертпей қаз қалпында жеткізе білетін. Бірақ, әйелдердің басым көпшілігі мұндай мүмкіндіктен жұрдай еді. Өйткені әрдайым Аллаһ елшісін тыңдауға жағдайлары келе бермейтін. Мұндай кездері оларға, әсіресе, әйел затына ғана қатысты мәселелерді кім түсіндіре алмақ? Ақырғы елшінің жеке өмірі мен табиғи болмысына тән халдерін және үйдегі тұрмыстық өміріне қатысты әдептілігі мен мінезін үмбетіне кім жеткізбек? Дінді және оның барлық ұстанымдары мен күллі негіздерін тұтастай жеткізуге жалғыз әйелдің шамасы келер ме?

Табиғи болмысына қарай әйелдің өзіне тән жағдайы һәм ерлі-зайыптылардың арасындағы құпия нәзік жағдайлар болады. Осыған қатысты мәселелерді Пайғамбарымыздан жалғыз әйелдің түгелдей үйреніп, өзгелерге ұқтыруға шамасы қайдан келсін?!

Ендеше осындай мәселелерді бізге жеткізу үшін оның ішкі өмірімен етене араласқан бірнеше әйел қажет болды. Осы қажеттілік әсте Пайғамбарымыздың өзіне қатысты емес. Бұл – тұтастай діни зәруліктен туындаған қажеттілік. Ақиық Пайғамбардың да осы қажеттілік үшін ғана осындай ауыр міндетті көтеруіне тура келді.

Бұл абзал әйелдер өз рулары мен тайпаларының Аллаһ елшісімен туыстық байланыс орнауына арқау бола отырып жүздеген, мыңдаған хадистің сақталуына да ең басты себепкер болды. Осы жерде Аллаһ расулының жарларына бүкіл әйел атаулының борыштар екендігін айта кеткен орынды. Барша әйел қауымы олардың мүбәрак аяқтарының астына түкті кілем болып жайылса да, борыштарын өтей алуы неғайбыл. Иә, олардың дінге деген қызметі мен ерен еңбектері ұшан-теңіз. Негізінде, апталап сылдыр сорпа да іше алмаған, иіні бүтін киім кимеген оның әйелдеріне адами болмыстарынан аспай күңкілдеп, наразылық танытуына да болар еді. Алайда, олай болған емес. Олардың ақырғы Пайғамбарға ризалық танытудан өзге бөтен ойлары болмады. Тарихи деректерге зер салған кісі бұған көз жеткізе алады.

Ол пайғамбарлығының рухындағы байсалдылық пен салмақтылығына қарамастан әйелдерімен әзілдесетін. Әркез етене араласып, емен-жарқын күн кешкен. Араларында бар-жоғы нәзік бір перде ғана қалатын. Ол – Пайғамбарымыздың Хақ тағаламен байланысынан туындаған, тек өзіне ғана тән рухани ерекшелік. Өйткені, ол – пайғамбар, жарлары болса оның үмбеті еді.

Аллаһ расулының адал жарларына Ақиық елшісіз өткен өмірдің ешбір мәні жоқ еді. Онсыз өткен бір күннің орнын күллі ғұмырды құйсаң да, толтыру әсте неғайбыл болатын. Сол себепті жарлары онсыз өткен өмірді бос санайтын. Тіпті ондай ойды саналарына сыйдыра алмайтын.

Аллаһ елшісінің екінші жары Сәудә анамызбен Пайғамбарымыз Меккеде жүрген кезінде некелескен-ді. Бірақ қандай жағдайға қатысты екені белгісіз, бір күні Ақиық Пайғамбар анамызбен ажырасуды қалайды. Жары осыны естіген кезде не істерін білмей, есеңгіреп қалады. Дереу Аллаһ елшісіне: «Пайғамбарым! Сенен ешқандай дүниелік нәрсе сұрамаймын. Маған бөлген бір күнді де Айшаға қидым. Қаласаң, өмір бойы халімді сұрап жаныма да келмей-ақ қой. Тек бір тілегім: менімен ажыраспа! Мен ақыретке сенің жарың болып кетуді қалаймын. Одан өзге ешбір ойым жоқ»[1] – деп жүрекжарды өтініш тілегін білдірді. Сәудә анамыздың қалауына Аллаһ елшісі құлақ түріп, өтінішін жерге тастамайды. Ол пәк жарлардың бірі болып қалады.

Міне, Аллаһ расулы олардың жүректерінен осылай орын алған. Егер олардың біреуімен ажыраса қалса, ол оның есігін күзетіп, қияметке дейін күтер еді.

Бірде Хафса анамыздың (р.а.) беймаза күй кешкенін сезгенде, «қаласа, оған жол ашайын» деген мағынадағы сөз айтты. Осы сөздің өзі Хафсаның өмірін селдей бұзды. Ортаға адамдар түсіп, Хафсаның көп намаз оқитындығы мен нәпіл ораза тұтатын әйел екенін Аллаһ елшісіне жыр қылып айтып, тауыса алмай жатты. Олар оның осы ерекшеліктерін айта келе, оған жалынып, Хафсаны жіберме деп өтінді[2]. Пайғамбарымыз да осы ең берік жарын шаңырағынан шығарудан бас тартып, райынан қайтты.

Олар Рақым елшісінен ажырасуды ауыр қасірет санайтын. Иә, асыл жарларының барлығының да тілегі бір еді. Ешбірінде өзгеше ой болмады. Ол сол бір мүбәрак, жұп-жұмсақ һәм боямасыз өмірін олармен бөліскені сонша – одан айрылысулары да мүмкін емес-ті. Егер одан жырақтап кетсе, қайраңда қалған балықтай өліп кетер ме еді, кім білсін?!

Ол көз жұмғаннан кейін қайғының қара бұлты төніп, нағыз қасірет басталды. Әбу Бәкір (р.а.) мен Омар (р.а.) Аллаһ елшісінің жарларына барған сайын, олардың көздері жасқа толып, жылап отырғандарына куә болатын[3]. Тіпті олар өмірден озғанша көздерінен жас, көңілдерінен шер тарқамады. Аллаһ елшісі олардың саналарында өшпес із қалдырды. Олармен бірге сүрген өмірі қысқа бола тұра екі жаһан Сардары олар үшін бейне бір ғұмыр қайнары болған-ды. Біздің айтқымыз

келген ерекшелік те осы. Иә, оның отағасылығы да Хақ тағаланың елшісі екендігін паш етуде.

Тоғыз шақты жарын бір шаңырақтың астында және ешқандай келеңсіздікке жол бермей басқара білген.

Көз жұмуынан бірнеше күн бұрын: «Құлға Раббысы мен дүние екеуінің біреуін таңдауына тура келді де, ол Раббысын қалады», – деді. Сүйегі асыл, үлкен парасат иесі Әбу Бәкір (р.а.) осы сөзді естігенде көз жасына ерік берді[4]. Аллаһ елшісінің науқасы көпке созылған жоқ. Күн өткен сайын дерті меңдеп, басы ауырып, қатты қиналып жатса да, ол жарларына деген ыстық ықыласы мен нәзік әдептілігін сақтай білді. Зайыптарын алма-кезек аралайтын шамасы жоқтығынан бір бөлмеде қалуды жөн көріп, олардан рұқсат сұрады. Оның бұл қалауын барлығы бірауыздан мақұлдады. Аллаһ елшісі ақырғы күндерін хазірет Айшаның бөлмесінде өткізді[5]. Ең ауыр шақта да ол жарларының құқықтарын құрметтеп, әділеттіліктен танбады.

[1] Мәжмәуз-Зәуәид, 9/246; Муслим, Рада, 47.

[2] Нәсаи, Талақ, 76; Мәжмаууз-Зауаид, 9/244.

[3] Ибн Хишам, Сирә, 4/305.

[4] Бухари, Салат, 80; Фәдәилул-Асхаб, 3.

[5] Ибн Сад, Табақат, 2/231; Ибн Хишам, Сирә, 4/298.

## 2. Жұбайларына деген құрметі

Аллаһ елшісінің әйелді бағалап, қадірлеуі сол заманға дейін де, одан кейінгі заманда да салыстырмалы түрде алғанда өте биік деңгейде екендігі әмбеге аян. Ол түнде тұрып, жарларының біреуінің хал-жағдайын сұраса, дереу өзге зайыптарының да бөлмелерін аралап, олардың да көңілдерін аулайтын. Сондықтан да олардың барлығы да өздерін Рақым елшісінің ең сүйікті жарына балайтын. Бұл да оның теңдессіз мәрттігінен туындаған. Алайда жүректің біреуді өзгеден артығырақ жақсы көруіне ешбір адамның шамасы жетпейтіні рас, «адамның көтере алмайтын жүгін» одан да күтудің қажеті жоқ. Аллаһ расулы қолынан келмейтін осы жүректің біреуді артығырақ жақсы көруі секілді өте шетін мәселеде Хақ тағалағадан кешірім тілеп: «Байқамай біреуін өзгелерінен артық жақсы көруім мүмкін. Оным әділетсіздік болар. Сол үшін, уа Раббым! Қолымнан келмейтін осы мәселеде Сенің рақымыңа сыйынамын..»[1] – дейді.

Оның осы нәзіктігі жарларының жан дүниелеріне ұмытылмас терең із қалдырса керек. Өйткені ол өмірден өтіп, уақытша айырылысқан кезде жүректерінде бітпес сағыныш қасіреті қалып қойды. Шамасы, Ислам адамның өз-өзіне қол салуына тыйым салғандықтан, жандарын өлімге қимады. Бірақ Аллаһ елшісінен айырылғаннан кейінгі өмірлері оларға бітпес зар, көңілдері құлазыған қу медиенге айналып, ғұмыр бақи жалғыздық тақсіретін тартты. Негізінде, Аллаһ елшісі барлық әйел затымен сыпайы қарым-қатынас жасады әрі осылай етуді үмбетіне де үйретіп кетті. Елге айтар сөзін алдымен өзі іске асырып, өнеге көрсеткен. Оның осы әдептілігін Бухаридың сахих кітабынан көруге болады: болған жайтты Сад ибн Әбу Уаққас Омардан (р.а.) бізге жеткізеді. Омар (р.а.) былай дейді: «Бір күні Аллаһ елшісінің жанына бардым. Қарасам, Хақ елшісі күлімсіреп тұр екен. Мен: «Пайғамбарым, Аллаһ тағала сені мәңгілік шаттыққа бөлесін, бірақ осы күлімсіреуіңіздің сыры неде?», – деп сұрадым. Ол: «Мына әйелдердің іс-әрекеттеріне күлкім келгені. Әлгінде ғана қасымда дауғырып сөйлесіп отыр еді. Сенің дауысыңды ести сала басылып қалды», – деп жауап қатты. Пайғамбардың осы сөзін ести сала, даусымды көтеріп: «Ей, нәпсілерінің дұшпандары! Хақ пайғамбардан қорықпай, менен қорыққандарың ба? Осы қылықтарың әдепсіздік емес пе?» – дедім. Олар: «Сен қатал адамсың», – деп жауап берді»[2]

Асылында, Омар (р.а.) да қатал жан емес. Ол да әйелдерге жібектей есіліп тұратын. Міне, бұл жерде Омардың нәзіктігін де Аллаһ елшісінің нәзіктігімен ғана салыстырып, байқауға болады. Олардың әлгі пікірлері хазірет Омарды



Ақырғы Пайғамбармен салыстырудан туған. Десек те, ешкімді онымен салыстырып бағу мүмкін емес екендігін білгеніміз абзал.

Иә, олар Хақ елшісінің биязылығы мен нәзіктігін бойларына толықтай сіңіріп алған. Сондықтан да Омардың (р.а.) жүріс-тұрысы оларға қатал адамның жүріс-тұрысындай көрінетін. Алайда, хазірет Омар болашақта пайғамбарлыққа тиіс халифалық жүгін толықтай арқалай алатын күшке ие еді. Аса тақуалық шыңында ғұмыр кешіп, пайғамбарлардан кейінгі ең үлкен өнегелілердің бірі болатын. Кезі келгенде, дәл солай болды да. Ол әрбір іс-әрекетінде ақиқаттың шылбырынан берік ұстанып, бұрысты бұрыс, дұрысты дұрыс етіп көрсетуге бар қажыр-қайратын жұмсай білді.

Оның бойында халифалыққа жеткізетін алабөтен рухани күш болды. Осы күш өзгелерге сырттай қатал көрінуі де мүмкін. Бірақ Омар (р.а.) келешектегі дін дағуасын осындай рухымен ғана арқалай алмақ. Ұлы мақсаттың нәтижесі де солай болып шықты.

[1] Тирмизи, Никах, 41; Ибн Сад, Табақат, 2/231.

[2] Бухари, Әдәб, 68.



### 3. Жарларымен ақылдасуы

Аллаһ елшісі Құдай қосқан қосақтарымен жиі кеңесетін. Тіпті, жақын достарындай кейбір мәселелерді бірге талқылаған. Әлбетте, Хақ пайғамбар олардың ой-пікіріне аса мұқтаж емес екені түсінікті. Ол әркез уахимен қуатталған. Алайда, бұл жерде екі әлем Сардары үмбетіне адамдармен санасудың маңыздылығын көрсетіп отыр. Осынау мәселенің маңыздылығын сол күнге дейін төмен саналған әйел затын ең жоғары орынға қоюы арқылы санамызға құйып берді. Әрі бұл ұлы тәрбиенің бастауын өз шаңырағынан бастап, гүлдендіріп отыр. Соның бір мысалы:

Худайбия келісім-шарты мұсылмандарға өте ауыр тиді. Тіпті, орындарынан қимылдауға шамалары келмей қалды. Сонда Аллаһ елшісі өзімен бірге кіші қажылыққа ниеттеніп келген сахабаларға құрбандарын шалып, ихрамнан шығындар деп бұйрық береді. Бірақ сахабалар «қабылдаған шешімінде бір өзгеріс болып қалар» деген оймен іштей тынып, жайбарақаттылық танытты. Хақ пайғамбардың бұйрығы тағы қайталанды. Бірақ сахабалар әлі де үмітті көздерін Пайғамбар тұрған жаққа қадап, қимылдар емес. Бұл әсте Аллаһ елшісіне деген қарсылық емес. Олар бар болғаны басқа бұйрық беріп қалар деп үміттенді. Өйткені олар Қағбаны тауап етеміз деп ниет қылып, жолға шыққан болатын.

Әлі де болса, Худайбиядағы келісім-шарттардың кейбір баптарына өзгеріс енгізу мүмкіндігі болған.

Екі жаһан Сардары сахабалардың осы хал-ахуалын сезісімен, дереу шатырына кірді де, жары Умму Сәләмә анамызбен ақылдасты. Осы парасатты әйел ақылдасудың да маңызды екенін өнеге етіп көрсету үшін көкейіндегі пікірін айтты. Өйткені ол Аллаһ елшісінің мұның ақылына ешқандай мұқтаж еместігін жақсы білетін. Хақ елшісі жарымен ақылдасу арқылы бізге сол жерде тағы бір өнеге көрсетті.

Анамыз Аллаһ расулына: «Ей, Аллаһ тағаланың елшісі! Бұйрығыңды енді қайталаушы болма. Өзіңе қарсылық білдіріп, құрдымға кетіп жүрер. Бірақ сен өз құрбандарыңды шалып, оларға ләм-мим деместен барып, ихрамнан шық. Олар бұйрығыңның айқындығын сонда ғана аңғарып, қаласа да, қаламаса да, саған бағынады», – дейді. Аллаһ елшісі де осылай ойлаған. Дереу қолына пышақ алып, шатырынан шықты да, өзіне тиісті құрбандарды шала бастады. Ол бір-екі құрбан шалғаны сол еді, сахабалар да өздерінің құрбандарын шалуға кірісті. Берілген бұйрықтың өзгермейтіндігіне сол кезде ғана олардың толық көздері жетті[1].

Осы жерде ортаға сауал тастамай кете алмаймын: қайсымыз әйелдерге мұншалықты зор ілтипат көрсете алдық? Ең қысылтаяң шақта жарларымен ақылдасқан қанша елбасы бар? Қанша адам отағасы ретінде қара шаңырағының астында қабырғасымен кеңесуге ризалық білдірді? Сауалды ары қарай өрбітіп, барлық қоғамдық ұйымдарға осындай сұрақтарды қоюыңызға болады. Ислам әйел затын күң етті деп шулаған барлық бейпіл ауыз жандардың құлақтары тұнсын!

Иә, қабырғасымен кеңесу де, ақылдасу да қайырлы іс саналып алғаш рет пайғамбар шаңырағында басталды. Біз болсақ, әлі күнге шарқ ұрып мұны жете түсіне алмай келеміз. Тіпті оның қай жақта екендігін де таба алмай келеміз. Иә, бүгін «біз әйел затының құқығын қорғаушылармыз» деп ойлаған жандардың ой-санасы әйел затын әлі күнге дейін төмен санаудан арыла алған жоқ. Алайда біз әйел затын бір бүтіннің жартысы деп бағалаймыз. Екі жарты бір бүтін болуы үшін екі жарты бір-біріне тірек, сүйеніш бола білуі керек. Екі жарты қосылғанда ғана адамзаттың бір бүтінге айналатындығына сенеміз. Ол жоқ жерде адамзат та жоқ. Пайғамбарлар да, әулиелер де жоқ. Исламият та, ұлт та жоқ.

Пайғамбарымыз өз әйелдерімен ыстық қарым-қатынас жасап, үмбетін де өзіндей болуға шақырған.

Бір хадисінде:

«Мұсылмандардың имандылық тұрғысынан ең жақсысы – мінез-құлқының ең көркем болғаны. (Адам баласы көркем мінезі арқылы ешбір құлшылықпен жете алмайтын шыңдар мен көктерге өрлейді). Сендердің ең көркем мінезділерің – әйеліне ең жақсы қарағандарың»[2], – дейді.

Иә, егер әйел заты адамзат тарихында бір рет іздегенін тауып, абыройға жетсе, бұл да хазірет Мұхаммед алейһиссәләм заманында болған.

[1] Бухари, Шурут, 15.

[2] Әбу Дәууд, Суннәт, 15; Тирмизи, Рада, 11; Дарими, Рикак, 74.

#### 4. Тахийр оқиғасы

Тахийр – Аллаһ елшісінің жарларының Пайғамбарымызбен бірге тұру, яки тұрмауына қатысты таңдау. Осы таңдау мәселесі тікелей Ақиық Пайғамбарға Хақ тағаланың әмірі арқылы берілген. Тақырыпқа байланысты аятта былай делінеді:

«Ей, пайғамбар! Жарларыңа айт: «Егер дүние өмірі мен оның қызығын қаласаңдар, келіңдер, сендерге мол дүние беріп, жарылқайын. Егер Аллаһ тағаланы, пайғамбарын және ақырет елін қаласаңдар, мынаны жақсы біліңдер; Аллаһ тағала жақсы қарым-қатынас жасағандарға үлкен сауап әзірледі» (Ахзаб, 33/28-29).

Шамасы, Пайғамбарымыздың әйелдерінің кейбіреуі жұпыны да ауыр тұрмыстарынан қажып: «Біз де өзге мұсылмандар тәрізді аз да болса жақсы ғұмыр кешіп, күніне бір уақыт сорпа ішсек болмай ма? Киімімізді түгендеп, жыртығымызды бүтіндеп, өзімізге қарасак, оның несі айып?» – десе керек. Бір қарағанда, шариятқа қайшы келмейтін мұндай тілектер жөн саналуы мүмкін. Алайда олар қияметке дейінгі барша мүміндердің шаңырақтарына үлгі-өнеге болатын отбасында ғұмыр кешуде еді. Бұл тұрғыдан Пайғамбардың жарлары қай жағынан алғанда да, қауымның негізгі тіректері болды. Сондықтан да оларға өзге мұсылман әйелдері секілді жүріп-тұруға болмайтын. Өйткені олар – «мұқаррабин», яғни аса дара жандар. Өзгеге сауапты, қайырлы іс-әрекеттер Аллаһ елшісінің жарларына күнәмен бірдей көрінуі тиіс.

Аллаһ елшісі мұны естігенде көңіл-күйі пәсейіп қалды. Олармен көріспеуге ант етіп, оңаша қалды. Болған жайт жұртқа лезде желдей тарап кетті. Барлығын мұң басып, мешітке жиналып, көз жастарына ерік берді. Өйткені Хақ елшісінің көңіліне тәп-тәуір кірбің түсірген кішкене мәселенің өзі мұсылмандардың да көңіліне қаяу салатын. Исі мұсылмандар Аллаһ елшісімен осылайша біртұтас болған.

Аллаһ расулының бұл іс-әрекеті «Иғла оқиғасы» деп те аталады. Осы жайтқа басқаша қараған адамдар да болды. Әбу Бәкір (р.а.) және Омар (р.а.) осы топқа жатады. Өйткені қыздары осы оқиғаға тікелей қатысты еді.

Суыт хабардай құлаққа жайсыз тиген осы жайды естісімен, хазірет Әбу Бәкір мен Омар да кідірмей мешітке келеді.

Олар Хақ пайғамбар құзырына кіруге рұқсат сұрап көріп еді, рұқсат берілмеді. Олар да өзгелердей мешітте демдерін іштеріне алып күте бастады. Алайда ол

екеуі қол қусырып отыра бермей үшінші мәрте рұқсат сұрап, ішке кірді де қыздарын сұрақтың астына алды. Ұлы Жаратушының ақырғы елшісі алыстан бұларға қарап тұрды. Бар айтқаны: «Бұлар менен қолымнан келмейтін нәрсені сұрайды»[1], – деу ғана болды.

Алайда Құран оларға: «Ей, Пайғамбар жарлары! Сендер жай әйелдердей емессіңдер! (Ахзаб, 33/34) – деуде. Өзге жандар парыздарды өтеумен ғана ақыретте азаптан құтылуы мүмкін, бірақ қасиетті ақ ордада ауыр жүкті арқалап, ақиқаттың дәмін татқан жандар осы ұлы іске жан-тәнін пида етуі қажет! Пайғамбардың айналасы қандай да бір осалдық танытпауы тиіс. Иә, пайғамбардың жары болудың өзіне тән үлкен артықшылықтары бар. Сол себепті де олардың нартәуекелділігі де сондай үлкен және ауыр болмақ. Аллаһ елшісі оларға ең алдымен осы дүниеде ақиқаттан ауытқымай, таза өмір сүруді барлық үмбетіне өнеге ету мақсатында үйленген болатын. Ақыретке қатысты нығметтерді бұл дүниеде жеп бітіру (Ахзаб, 46/20) аятының тоқпағына душар болмасын деп, олар жайлы көп ойлап, қатты қорқып, қос жанарындай сақтауға тырысты. Сондықтан да пайғамбар шаңырағы таршылықтың тауқыметін тартты. Жарларының кейбіреуі ауыртпалықтардан белдері қайысып, қиналған кездерінде осалдық танытып, Пайғамбарымыздың көңіліне қаяу түсірді. Алайда олардың орны өзгелерден мүлдем өзгеше еді. Дәрежелеріне сай кейбір жауапкершіліктері де ауыр болды. Иә, олар жұрт тәрізді күліп-ойнап еркін жүре алмайтын. Расында да, олардың үлкендері өмірінде бір-екі мәрте ғана күлген. Кейбіреулері өмір бойы тойына ас ішпей өмірден өтті...

Фузаил ибн Ияздың езу тартқанын ешкім көрмепті. Бірде оның күлгенін көріп қалған жұрт мұның себебін таңырқай сұрайды. Ол да күлуінің (негізі оның күлуі жәй ғана күлімсіреу) себебін: «Бүгін маған ұлым Әлидің өлгенін естіртті. Аллаһ тағала мені сүйеді екен деп сүйініп, сол үшін күлдім»[2], – деп түсіндіреді.

Үлкен кісілердің халі осындай болса, күллі үлкендердің үлкені һәм үмбеттің аналары болған Аллаһ елшісінің пәк жарлары, әлбетте, дара әрі дана болуы тиіс.

Дүние мен ақыретте Аллаһ расулымен бірге болу анау айтқандай оңай шаруа емес. Аяттың меңзегеніндей, осы ерекше әйелдер ерік сынағына кірді. Аллаһ елшісі я оларға өзінің кедей, қырық жамау қара шаңырағын, я дүниенің көл-көсір дәулетін таңдау еркіндігін берді. Егер дүниені таңдаса, екі жаһан Сардары оларға қалаған дүние-байлығын беріп, қоя бермек. Жоқ, егер Аллаһ тағаланы және Аллаһ елшісін таңдаса, онда осы тұрмыстарына ризашылық білдіруі тиіс. Өйткені, бұл осы шаңырақтың өзгешелігі болатын. Осы өзгешелікке орай оның тұрғындары да

айрықшалануы тиіс. Отағасының айрықша жаратылған жан екендігі айтпаса да түсінікті. Олай болса, жары да, балалары да отағасы ұстанған барлық құндылықтарға сай ғұмыр кешуі қажет.

Ақиық елші, ең алдымен, Айша анамызды шақырып алып: «Сенімен бір мәселе жайлы сөйлескім келеді. Бірақ ата-анаңмен сөйлеспей тұрып, шешім қабылдауға асықпа», – деді. Сосын әлгі аталмыш аятты оған оқиды. Хазірет Айшаның жауабы дәл «сыддық» – шыншыл әкенің сыддық қызына жарасарлық жауап болды: «Пайғамбарым! Мен ата-анаммен бұл жайлы несін сөйлесем? Аллаһ куә, мен Аллаһ пен елшісін таңдаймын».

Одан ары қарай анамыз былай дейді: «Аллаһ елшісі қай әйелімен сөйлесе де, бәрінен бірдей жауап алды. Бұл мәселеде де ешкімде бұра тартатын өзгеше ой болмады. Мен не десем, олар да дәл солай жауап қатты..»[3].

Барлығының да сөзі бір жерден шықты. Өйткені бәрі де түгелдей Аллаһ расулымен етене араласып, бір адамға айналып кеткен-ді. Егер ақырғы Пайғамбар оларға: «Өмір бойы ораза ұстайсындар», – десе, бұған да қуана-қуана келісіп, төзімділік танытар еді. Задында, төзімділік танытты да. Шыдамдылық көрсетіп, осы ұзақ ұстаған оразаларының ауызашары Әзірейіл періштенің ұсынған өлім шәрбаты болды.

Оның жарларының арасында сарай өмірін көргендер де бар. Сафия анамыз (р.а.) – солардың бірі. Хайбарда әкесі мен ерін жоғалтты. Бұлардың екеуі де Хайбардың лауазымды кісілері болған. Сафия соғыс тұтқындарының арасында жүрген-ді. Абыройлы әйелге бұл қаза өте ауыр соқты. Аллаһ елшісін көргенге дейін, шамасы, дүниедегі ең жек көрген адамы сол болды. Бірақ оны көрісімен, өзгеріп сала берді[4]. Иә, ақиық елшінің құтты шаңырағында тоя ас ішпей осы бір ауыр сынақ өмірге төзе білген Сафия секілді сарайдан келген әйелдер де болды. Әрине, өзге әйелдер тәрізді олар да тіршілік тауқыметіне төтеп беріп, ыстық-суықты бірге бөлісіп жатты. Иә, Хақ тағаланың елшісі аса нәзік болмысымен олардың жан сарайларына терең бойлағаны соншалықты оның жары болудың жауапкершілігі қанша ауыр болса да, онымен бірге болудан асқан мұрат жоқ болатын.

Сафия анамыздың нәсілі – яһуди. Әйелдердің бірі оның осы нәсілін көзге шұқып, оған: «Ей, яһуди қызы», – дейді. Ол осы жайтты Хақ пайғамбарға жеткізіп, мұңын шағады. Пайғамбарымыз болса, Сафия анамызды: «Тағы бір рет айтатын болса, сен де оған: «Менің әкем – Харун, көкем – Мұса, ерім де өздерің көріп жүрген – Мұхаммед Мұстафа. Ал, сен маған нендей ерекшелігіңмен мақтанбақсың?» – деп

жауап бер»[5], – деп жұбатты. Сафия Аллаһ елшісінен осы жауапты естігенде, жабырқаған көңілі жадырап сала береді. Өйткені оның ері – Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм). Шамасы, бұдан кейін әлгі айтылған сөздер оның аузынан түспейтін болса керек.

Сөз түйініне келсек, Аллаһ елшісінің отағасылығы тіл жетпес аса ғажайып құбылыс еді. Мұншама әйелдерді парасатпен басқаруы һәм барлығының аса терең сүйіспеншілігіне ие болуы, тіпті олардың жүректерінің сүйіктісі, ой-саналарының ұстазы, рухтарының тәрбиешісі болуы һәм осылардың бәріне көңіл бөліп жүріп, негізгі уазипасынан бір сәт те болсын қалыс қалмай, мемлекет пен қоғамдық істерді қалт жібермей түгелдей қадағалауы – оның пайғамбарлығының бір дәлелі. Егер басқа дәлел болмаған күннің өзінде тек отағасылығының өзі оның пайғамбарлығының ең үлкен айғағы болар еді.

[1] Муслим, Талақ, 34-35.

[2] Әбу Нуайым, Ғилия, 8/100.

[3] Муслим, Талақ, 35.

[4] Мәжмәуз-Зәуәид, 9/252; Ибн Сад, Табақат, 2/108.

[5] Тирмизи, Мәнәқиб, 64.



## ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ ӘКЕЛІК МІНБЕРІНДЕ

Ұлы Жаратушының ақырғы Пайғамбары барлық істе ұлылықтың асқан үлгісін көрсете білді. Пайғамбарымызды тану барысында оны адамзаттың өткен-кеткен алып тұлғаларымен салыстыру ешбір ұтымды нәтиже бере қоймайды. Себебі шектеулі таным көкжиегімізбен хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) болмысына бойлау әсте мүмкін емес. Өйткені Аллаһ тағала ерекше сый ретінде оған әр салада оқ бойы озық болуды нәсіп еткен.

Адамзаттың мақтан тұтар Тұлғасы өзіне сай мақтан тұтарлық тұлға болып ғұмыр кешті. Мұның дәлелі адамзат әлі күнге дейін оған деңгейлес құбылысты білмейді. Тіпті Пайғамбарымыздың қасында жүрген кейбір адамдардың өзі оның қадірін түсіне алмады. Сәт сайын күн шуағынан нәр алып келген гүл кенеттен күн көзінен тасаланып қалса, күйі не болмақ. Күннің шын мәнісіндегі қадірін сол кезде ғана түсінбей ме?.. Сол секілді Пайғамбарымыздың кейбір замандастары оны тану тұрғысынан келгенде, қолдарын кеш сермеп, қапыда қалды. Дей тұрғанмен, үмбетінің арасында оны танып, құрмет көрсеткендер қашанда жеткілікті болған.

Арада он төрт ғасыр өтсе де, біз әлі Хадишаға (р.а.), Айша (р.а.) мен Умму Сәләмаға (р.а.), Хафсаға (р.а.) «анам» деген сәтте, іштей ғажайып қуанышқа бөленіп жатамыз. Әлбетте, бұл сезім сол заманда әлдеқайда терең һәм әлдеқайда шынайы болатын. Бұлардың барлығы Пайғамбар үшін еді. Хазірет Әбу Бәкір өзінің қызы Айшаға «анашым» дейтін. Онсыз да «Пайғамбарларыңның әйелдеріне келсек, олар да мұсылмандардың анасы» (Ахзаб, 33/6) аяты да осыны айтпаушы ма еді? Міне, хазірет Әбу Бәкір де осы себепті құшағында мәпелеп өсірген қызы хазірет Айшаға «анам» дейтін еді. Бірақ, амал қанша, осыншама көрсетілген құрметтің қай-қайсысы да Пайғамбарымыздың жоқтығынан туған қайғы-қасіретке шипа бола алмады. Иә, кейінгі жылдары осы қасіреттен көз ашпады, көкіректерінен оны жұлып тастауға шамалары келмеді. Қашан да қасірет сағынышын баса алмай, мұңайып, ой үстінде күй кешті. Бас қоса қалса шерін ақтарып, жылаумен болды.

Ол ғажап отағасы болумен қатар, ғажайып әке, сол әкелігінің тереңдігіне лайық теңдессіз ата да болды.

Ол балалары мен немерелеріне ыстық ықыласпен мейірім-шапағатын төгетін. Оларды ақырет пен шынайы хақ ілімге баулуды ұмытпайтын. Сөйте тұра, олардың ақыреттік мәселелерге немқұрайлы қарауына жол бермеді. Оларға кеңпейіл болса да, Аллаһ тағаламен арасындағы байланыс-ты сақтауда



байсалдылыққа баулыды. Бір жағынан, оларды емін-еркін ұстап, өмір сүру жолдарын үйретсе, екінші жағынан, олардың боркемік, бойкүйез болып өсуіне жол бермеді. Жол бермеуі былай тұрсын, бар ынты-шынтысымен көңіл бөліп, оларды әрдайым асқақ һәм ақыреттік өмірге дайындады. Бұл да оның асқақ даналығы мен ұлық парасат пайымының бірден-бір дәлелі.

## **1. Балалары мен немерелеріне шапағаты**

Муслимнің жинаған хадис кітабында Аллаһ расулының он жыл бойы қызметшісі болған Әнәс ибн Мәлік: «Бала-шағаға деген мейірім-шапағатқа келгенде, хазірет Мұхаммедтен (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) асқан ешкімді көрмедім»[1], – дейді.

Иә, Пайғамбардың асқар таудай әкелік мейіріміне еріксіз бас шайқайсыз.

Бұл мойындау бізге ғана тиісті болса, әрине, маңыздылығы шектеулі болар еді. Алайда, құмырсқа екеш құмырсқаны да басуға дәті бармайтын миллиондаған рақымшыл да мейірімді жандар Аллаһ елшісінің күллі болмысты мейірім-шапағатымен қамтуда ешбір теңдесі жоқ адам екендігін мойындап, жар салуда.

Иә, өзгелер тәрізді ол да адам болып жаратылды. Бірақ Хақ тағала адамдармен етене аралассын деп оның жүрегіне күллі жаратылысқа деген сүйіспеншілік, ізгілік дәнін септі. Сондықтан да Рақым елші отбасына да, өзге адамдарға да ерекше рақым-шапағатпен мейірлене қарайтын.

Ұлдары жастай кетті[2]. Мәрия анамыздан көрген кенже ұлының да ғұмыры тіптен келте болды. Хақ елшісі осыншама маңызды істерінің арасында уақыт тауып, сүт анасының қолындағы баласына барып, оны бауырына басып, маңдайынан иіскеп, басынан сипап қайтатын[3]. Баласы көз жұмғанда бейкүнә сәбиді ыстық құшағына басып, қос жанары жасқа толып қайғырған еді. Оның бұл халіне таңырқағандарға: «Көңіл мұнайып, жанардан жас ағады. Бірақ, Аллаһ тағаланың дегені мен оның разылығынан өзгені айтуға құқымыз жоқ» деп, артынша тілін нұсқап: «Аллаһ мынамен жазаға тартады»[4], – деді.

Хазірет Хасан мен Хұсейінді арқалап көшеге шығатын. Осылай жасау арқылы Пайғамбарымыз олардың болашақтағы асқар таудай салмақты абыройын меңзегендей еді. Бір күні хазірет Хасан мен хазірет Хұсейінді арқалаған бақытты шаңырақтың табалдырығынан ішке хазірет Омар енеді. Олардың мынадай абыройлы тұғырда тұрғандарын көріп: «Қандай ғажап аттарың бар!» – деді. Сонда Аллаһ елшісі дереу: «Иә, қандай тамаша атты әскерлер бұлар!»[5] – дейді. Олар

бұл мәселені ұғына қоярлық жаста еместін. Бірақ Хақ елшісі оларды осылайша қадірлейтін. Тағы бірде хазірет Хасанға: «Мінгенің неткен әсем!» – дегенде, Пайғамбарымыз: «Ол неткен сымбатты мінуші!» – деп бірден түзету енгізді[6]. Иә, ол қияметке дейін келетін барлық әулиелердің әкесі және күллі әулиеге тиісті абырой мен беделінің дақылдарын бойларында алып жүрген Әһли-бәйттің[7] осы екі маңызды имамына ерекше көңіл аударып, жиі-жиі оларды мойнына мінгізетін. Оларға көрсеткен осы ерекше құрметтің астарында өзін өкілдік ететін Әһли-бәйт пен барлық әулиелердің де үлесі бар еді. Сондықтан да Әһли-бәйттен келген алып ғұлама Абдулқадыр Гәйләни аталарының Аллаһ елшісінің иығында болғандығын меңзеп: «Аллаһ елшісінің мүбәрак аяқтары менің иығымда, ал менің аяғым барлық әулиенің иықтарында», – дейді. Бұл қасиетті дәстүр дәл осылай қияметке дейін жалғаса бермек.

Кейде немерелерін арқалап сыртқа шығып: «Астарыңдағы мінгендерің қандай ғажап, үстіндегі сендер де неткен ғажап жүксіңдер!»[8] – деді. Ол балалары мен немерелерін осылай әзиз тұтып, қастерлеп, олардың жүректерінен терең орын алып, әке һәм ата болудың асқан үлгісін көрсетті.

Аллаһ елшісі әр саладағыдай бала тәрбиесінде де үнемі орта жолды ұстанды. Барлық балалары мен немерелерін жанындай жақсы көретін. Осы сүйіспеншілігін оларға сездіретін әрі оған селкеу түсірмеуге барын салатын. Онсыз да оның балалары мен немерелерінің арасында мұндайға бара қоятын ешкім болмады. Бірақ білмей қателікке қадам басқан кезінде түсін суытып, артынша жылы шырай танытып, оларды күмәнді істерден қақпайлап отырды. Мысалы, бірде балдырған кезінде хазірет Хасан яки Хұсейін садақадан келген құрмаға қолын созады. Аллаһ елшісі: «Бізге садақа құрмасы харам»[9] – деп оның қолын қағып үлгереді. Осылайша Пайғамбарымыз оларды жастайынан ақ пен қараны, адал мен харамды, бір-бірінен ажырата білуге үйретті.

Мәдинаға кірген сайын балаларды көлігіне мінгестіріп алатын[10]. Рақым Елшісі өз немерелерін ғана емес, жол-жөнекей кездескен барлық балаларға мейірім-шапағатын төгіп, бауырына басып, олардың да жүректерін баурап алатын.

Иә, оның мейірімділігін ұлдары мен немерелері ғана көрген жоқ. Ол Хасан мен Хұсейінді (р.а.) қалай жақсы көрсе, немересі Уамәні де солай сүйетін. Оны жақсы көргені сонша – кейде оны иығына отырғызып алып, жұртшылықтың алдында жүргенін көпшілік талай рет көрді. Тіпті кейде нәпіл намаз оқыған кезде де, Уамәні мойнына отырғызып алатын. Тек сәждеге барғанда, оны жерге қойып, сәждеден тұрған кезде, қайта иығына отырғызатын[11].

Хақ елшісі Умамәге деген мейірімі арқылы кешегі күнге дейін қыз балаларын тірідей жерге көміп келген қоғамға үлгі көрсетті. Міне, Аллаһ елшісі қараңғы дәуірдің керітартпа дәстүрін жойып, немере қызына айрықша мейірімділік танытуы арқылы тың дәстүр енгізді. Бұл бұрын-соңды болмаған жаңаша бір әрекет еді.

[1] Муслим, Фәдәил, 63; Муснәд, 3/112.

[2] Ибн Кәсир, әл-Бидая, 5/328.

[3] Мәжмауз-Зауаид, 9/161; Муслим, Фәдәил, 62.

[4] Бухари, Жәнәиз, 44; Муслим, Фәдәил, 62,63; Жәнәиз, 12; Ибн Мәжә, Жәнәиз, 53; Муснәд, 3/194; Әбу Дәууд, Жәнәиз, 24.

[5] Мәжмауз-Зауаид, 9/181.

[6] Кәнзул-Уммал, 13/650.

[7] Әһли-Бәйт – пайғамбарымыздың қызы Фатима және хазірет Алиден тараған пайғамбар үрім-бұтағы

[8] Мәжмауз-Зауаид, 9/182; Кәнзул-Уммал, 13/663.

[9] Муснәд, 2/279; Муслим, Зәкәт, 161.

[10] Хаятус-Сахаба, 3/182.

[11] Бухари, Әдәб, 18; Ибн Сад, Табақат, 8/39.

## 2. Фатимаға деген сүйіспеншілігі мен құрметі

Исламда әйел-еркек деп алалау жоқ. Мұны Аллаһ елшісінің өзі тікелей көрсетіп кетті. Алалау қайдан болсын, егер бірі – хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм), бірі – Хадиша болса. Бірі Адам ата, бірі – Хауа ана болса. Бірі Әли, бірі – Фатима болса. Фатима (р. анһа)– Аллаһ елшісінің қызы, қияметке дейінгі күллі Әһли-бәйттің анасы әрі біздің де анамыз. Ақиық пайғамбардың қызы Фатимаға деген әкелік мейірімі алабөтен еді. Қызы келген кезде, дереу орнынан тұрып, қолынан ұстаған күйі өз орнына отырғызатын. Үнемі қал-жағдайын сұрап, жақсы көріп, маңдайынан сипап, кетер кезінде де әлгіндей ілтипат көрсетіп, шығарып салатын[1].

Бірде Әли (р.а) Әбу Жәһилдің қызына үйленгісі келеді. Негізі бұл мүбәрак әйел де ағасы Икритма секілді мұсылман болып, мәңгілікке жол тартқан бақыт керуеніне барып қосылған-ды. Бірақ Әлидің бұл қылығы Фатиманың қабағына кірбің түсіріп, көңілін құлазытты. Шамасы, Әли бұл некеге Фатима ренжиді-ау деп ойламаса керек. Фатима Аллаһ елшісіне келіп жағдайын айтып, мұңын шақты. Оның мұңайғанын көрген екі әлем Сардарының да көңіл-күйі бұзылып сала берді. Артынша мінберге шығып мына хұтбаны оқыды: «Мен Фатимаға қоса Әлидің тағы бір әйел алғысы келгенін естідім. Егер Әлидің шешімі нақты болса, онда алдымен Фатимамен ажырассын. Өйткені, оның мына қылығы Фатиманың жанына қатты батты. Фатима – менің бір бөлшегім. Оны ренжіткен адамның мені де ренжіткені. Оны қуантқан адамның мені де қуантқаны»[2].

Сол сәтте көпшілік арасында Әли де бар еді. Дереу райынан қайтып, сүйікті жары Фатимаға қайта оралды. Өйткені оны көзінің қарашығындай қатты аялайтын[3].

Мұны білетіндіктен Фатима да оны сыйлап, жанындай жақсы көретін. Негізі осы бір жаны нәзік, талдырмаш қана әйелдің болашақта өзінен тарайтын әулиелерге ана болудан басқа міндеті жоқтай еді. Үнемі әкесінен, әкесінің дінге деген ынтасынан көзін алмай, жіті қадағалап жүретін. Аллаһ елшісі ақтық сәтінде оны қасына шақырып, көп өтпей көз жұматындығын айтқанда, Фатима еңіреп жылап жіберіп еді, алайда өзінен кейін алғаш көз жұматын, өзіне қауышатын жанның, сол екендігін айтқанда қуанғаны сонша төбесі көкке бір елі жетпей қалып еді[4]. Иә, әке мен қыз бірін-бірі қатты жақсы көретін. Бірақ Аллаһ елшісі Фатиманы қанша сүйгенімен де, тепе-теңдіктен ауытқымай, орта жолды сақтап, қызын көтерілуі тиіс рухани биікке жетелеп, оны ақыреттік өмірге дайындайтын. Өйткені сол жақта ғана мәңгілік бірге болмақ. Ал мына өмірде олар бар-жоғы жиырма бес жыл ғана бірге өмір сүрді. Иә, Фатима (р.анһа) Аллаһ елшісі қайтыс болғанына алты ай толғанда, бұл дүниемен қоштасып әкесінің артынан кетті. Көз жұмғанда, бар-жоғы жиырма бес-ақ жаста еді[5].

[1] Муслим, Фәдәилул-Сахаба, 98; Бухари, Мәнәкиб, 25; Мәжмәуз-Зауәид, 9/203.

[2] Муслим, Фәдәилул-сахаба, 93-96.

[3] Сонда.

[4] Муслим, Фәдәилул-Сахаба, 98-99; Бухари, Мәнәкиб, 25.

[5] Мәжмәуз-Зауәид, 9/211; Ибн Сад, Табақат, 8/29; Ибн Хажар, әл-Исәбә, 4/379.

### 3. Балаларын мәңгілік өмірге әзірлеуі

Аллаһ елшісі мәңгілік бақытты өмірді, яғни адам жаратылысы аңсайтын нәрсесін қалайтын. Иә, адам мәңгілік үшін жаратылған. Адам баласы мәңгілік өмір мен сол өмірді жоқтан бар еткен, әуелі мен ақыры жоқ Ұлы Жаратушыдан өзге еш нәрсеге қанағаттана алмайды. Одан басқа еш нәрсені қаламайды да. Таныса да, танымаса да әркез оны іздейді де тұрады. Демек, адамға мәңгілік ғұмыр берілгенге дейін оның көңілі қанағат тауып, жұбануы әсте мүмкін емес екен. Иә, адам баласының үміт-тілектері шексіз. Оған не берсеңіз де, қанағаттанбайды. Онсыз да барлық діндер мен пайғамбарлар әкелген хабарлардың негізі де осы о дүниелік, яғни ақыреттік сенім жайлы болатын. Сондықтан Аллаһ елшісі, бір жағынан, адамдардың көңілін көктемге бөлесе, екінші жағынан, оларды мәңгілік тыныштық пен мәңгілік бақытқа әзірлеуді өмірлік мақсатына балайтын. Мұның елең еткізерлік мысалдарының бірін мына оқиғадан көруге болады. Фатима анамыз бірде мойнына алқа тағып, Аллаһ елшісінің жанына барады. Бір мәлімет бойынша Аллаһ елшісі (Нәсәидің хабары) Фатима анамыздың мойнынан алқаны алады. Басқа бір мәліметке жүгінсек, алқа Фатима анамыздың қолында болады. Оны көрген Аллаһ елшісі: «Жұртқа (жұрт сөзі бұл жерде адамдар, рухани әлем иелері, періштелер бәрін қамтиды) «Пайғамбардың қызы қолына жәһаннамның бір шынжырын ұстап жүр» дегізгің келе ме?» – дейді. Иә, бір жағынан қызын аялап, соншалықты қадір тұтқанымен иләһи өлшемдерге келгенде, қандай да бір сезімге беріліп, осалдыққа әсте жол бермейтін. Осы сөз Фатимаға жеткілікті еді. Өйткені бұл асыл жанның жүрек-жарды сөзі еді. Фатима (р.анһа.) былай дейді: «Дереу алқамды сатып, ақшасына бір құл сатып алдым. Құлды дереу азат етіп, Аллаһ елшісіне бардым. Істегендерімді түгелдей баян еттім. Ол әңгімемді естіген кезде қатты қуанғанын жасырмай, қолын көкке жайып:

«(Қызым) Фатиманы жәһаннамнан сақтаған Аллаһ тағалаға хамд әрі мадақ болсын», – деп шүкіршілік етті[1].

Әлбетте, Фатиманы (р.анһа.) мойнына алқа тағуы харам емес еді. Бірақ Аллаһ елшісі оны «мұқаррабиндіктің» өресінде ұстауға тырысқан. Яғни, пайғамбарымыздың ескертуі – тақуалық пен Аллаһқа ең жақын құлдардың мәртебесі еді. Бұл, бір жағынан, дүниеге көңілін салмау, Фатиманың тұрған тұғыры мен қияметке дейін өкілдік ететін жамағат тұрғысынан, «Әһли бәйттің» анасына тән байыптылық пен аса сезімталдықтың үлгісі еді. Иә, Хасан мен Хұсейнге, сондай-ақ кейіннен келетін Зәйнәлабидин сияқты тақуаларға асыл ана болу, әлбетте, оңай емес. Ақырғы елші оны, алдымен, Әһли бәйтке, одан кейін Шах Гәйләниға, Мұхаммед Баһауддин Нақшибәндилерге, Ахмет Руфағиларға, Ахмет Бәдәуиға, Шазалиларға және басқа да қаншама саф алтындай жандарға ана

болуға дайындады. Бейне бір оған: «Қызым, сен мүбәрак шаңырағынан алтын шежірелі ұрпақ тарайтын ердің үйіне қадам басып, сол шаңыраққа келін болуға кетіп барасың. Сен мойнындағы мына алтын алқаны тас-тап, оларға ана болуды ойлан!» – дегендей, Нақшибәндилердің, Руфағилардың, Шазалилардың, басқа да жүздеген дара тұлғалардың алтын шежіресін меңзегендей. Иә, әулие, асфия, әбрәр және мұқаррабиндерге ана болу оңай емес. Сол үшін Аллаһ елшісі осы мәселеге келгенде, өз отбасына аса сақтық пен қатқылдық танытты. Иә, ол осы арқылы мейірім-шапағат танытуымен қатар, олардың назарын ақыреттік әлемдерге аудару тұрғысынан да, тура жолдың басқа бір қырын танытып, үлкенді-кішілі күллі жамандық атаулыға қарсы түнлігін түрді. Олардың назарын ақыретке ғана аударып: «Сендерге Аллаһ тағала керек, Аллаһ!» – деуде еді. Осы тұрғыдан да Аллаһ елшісі шынайы сүйіспеншіліктің белгісі ретінде ең жақын туыстарын дүниелік барлық кірлерден арылтып, тозаңның жұғуына да мүмкіндік бермей, олардың назарын асқақ әлемдерге аударып, сол жақта бірге болуға дайындап жатты. «Адам сүйгенімен бірге болады»[2]. Хазірет Мұхаммедті (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сүйсеңіздер, жолымен жүруге тиіссіз, сол жолда болғандар ақыретте онымен бірге болады. Міне осы бірге болуға әзірлік жолында Аллаһ елшісі, бір жағынан, оларды жақсы көріп бауырына басса, екінші жағынан, осы сүйіспеншілігіне зор мәнмен қараған. Қызына былай деп еді: «Сені жақсы көріп, бауырыма бастым, ардақты еттім. Аллаһ сені үмбеттің ардақты анасы етті. Сен адамзаттың Мәриямы тәріздісің». Бір әлсіз хадисте Мәриямның (р.а) биік абыройы жайында Аллаһ елшісі былай деп еді: «Әйелдер арасынан пайғамбар шықса, Мәриям пайғамбар болар еді. Сен де сондай биікке жеттің. Ендеше, тым болмаса, сол сияқты дүниені елемей, арадағы тепе-теңдікті сақтауың қажет». Мейірім де, мейірбандық та болуы тиіс. Құшақ жайған кең пейіл де. Бірақ ақыреттік мәселеге келгенде, ешқандай босандыққа жол берілмеуде. Міне, нағыз Сират мұстақим, орта һәм тура жол! Бұл – Аллаһ елшісінің өзі тікелей жол бастаған жол...

[1] Нәсәи, Зинәт, 39.

[2] Муслим, Бирр, 165.



#### 4. Фатиманың қызметші сұрауы

Пайғамбарымыздың тәрбие жүйесінің тағы бір қыры Бухари мен Муслимнің риуаяттарында кездеседі. Олар Әлиден (р.а.) жеткен жайтты баян етеді: «Үйімізде қызметші жоқ еді. Үйдің барлық шаруасын Фатиманың өзі істейтін. Бар-жоғы бір бөлмелік шағын үйде тұратынбыз. Сол үйде Фатима өзі от жағып, қазан қайнататын. Ошақтан ұшқан от ұшқындары киімін шұрқ тесік ететін. Шаруасы бұнымен ғана шектелмейтін. Нан жауып, үйге су тасу да соның тірлігі еді. Сонымен қатар, диірменді тарта-тарта қолдары күс, су таси-таси иықтары жауыр болды.

Бірде соғыстан қайтқандар Мәдинаға тұтқындар әкелді. Аллаһ елшісі осы тұтқындарды көмекке мұқтаж Мәдина халқына тарата бастады. Фатиманың да әкесіне барып, көмекшілікке бір қызметші сұрауын жөн көрдім. Ол көп кешікпей барып көмекші сұрады...»

Енді оқиғаның қалғанын Фатима (р.а.) анамыздың өзінен тыңдалық: «Әкеме бардым. Барсам, үйінде жоқ екен. Айша: «Келген соң бұйымтайынды айтайын», – деген соң, қайта үйге оралдым.

Төсекке енді бой созғанымыз сол еді, бір кезде Аллаһ елшісі кіріп келді. Мен де, Әли де дереу төсектен тұруға ыңғайланып едік, бірақ ол тұрғызбай, қолымен басып, арамызға отырды. Тіпті көкірегіме тиген аяғының салқындығын бірден сездім. «Не бұйымтайың бар?», – деді. Мен жағдайымды түсіндірдім. Сөзімді бітіргенде, Аллаһ елшісі қабағын түйіп: «Қызым! Құдайдан қорық! Құлдығыңа қылау түсірме! Аллаһ тағала мойныңа жүктеген парыздарды толықтай орында. Ерің де әрдайым адал бол, айтқанын екі етпе! Оның алдындағы борышыңды атқар! (Яғни сенің екі міндетің бар: Аллаһ тағалаға деген құлшылық қылуың, еріңге бағынуың) Саған тағы бір нәрсе айтайын. Жатар кезінде отыз үш рет «Субханаллаһ», отыз үш рет «Әлхамду лиллаһ», отыз үш рет «Аллаһу әкбар» де[1]. Міне, бұл сен үшін қызметші ұстаудан әлдеқайда қайырлы», – деді. Бұл сөздің мағынасын былайша таратып түсіндіруге болады: Мен сенің назарыңды ақырет әлеміне аударамын. Ол жерде менімен бірге болудың екі жолы бар: «Әуелгісі, Раббыңа деген құлшылық міндетінді мүлтіксіз орындауың. Екіншісі, еріңнің алдындағы міндетің мен жауапкершілігіңді атқаруың. Егер қызметші еріңге деген міндеттеріңді алып, сен орындайтын істі ол тындырса, онда өз міндетінді мінсіз орындай алмай қалуың мүмкін. Алайда, сен екі қанатты болуың қажет. Бір адам қайтіп толық құл болып, Аллаһ тағалаға деген құлшылығын



толықтай орындай алады? Бір адам қалай ең кәміл адам болып жүктелген міндетін кемшіліксіз орындай алмақ? Міне, сен осыны ойлан.

Сен әуелі Раббыңа деген ғибадатыңды кәміл деңгейде өтеп, тамаша құл бол! Сосын Әлидей (р.а.) кейінгі ұрпағынан қияметке дейін әулиелер шығып отыратын адамның алдындағы жауапкершілігіңді орындап, ізгі адам бол! Сонда сен ғажап мекен-жәннатта менімен бірге бола аласың!

Осы тұста Әлиге (р.а.) қатысты тағы бір мәселеге тоқтала кетпеуге болмас. Әли (р.а.) Аллаһ елшісіне барып қызын сұрағанда, ол ойланбастан берген еді. Өйткені ол Фатимадай (р.анһа) Пайғамбардың қызына күйеу болуға лайық жан болатын, әулиелердің пірі еді. Әрі әулиелерге әке боларлықтай негізде жаратылған. Тіпті, оған бір күні Аллаһ елшісі: «Әли! Әрбір пайғамбардың ұрпағы өзінен жалғасқан. Ал менің ұрпағымды сен жалғастырасың» – деген еді. Яғни, менің шежіре ағашымды сен мәпелеп, сен өсіресің. Жеміс жинаушылар менімен бірге Әһли бәйттің арасында сені де еске алады. Мәселеге осы тұрғыдан қарасақ, Әлиге (р.а.) бағыну – дәлме-дәл Хақ пайғамбарға бағыну. Ал, Аллаһ елшісіне бағыну Аллаһ тағалаға мойынсұну деген сөз.

Ер адамдардың құқығы жайлы сөз еткенде Пайғамбарымыз: «Егер Аллаһтан басқаға сәжде етуге болатын болса, әйелдердің ерлеріне сәжде етулерін бұйырар едім»[2], – дейді. Егер мұндай нәрсе жөн болғанда, Әли (р.а.) әуел бастан бұған лайық еді. Фатиманың (р.анһа) екі қанатты болуына Әли (р.а.) мен оған деген қызметі мұншалықты маңызды рөл ойнағандықтан, Фатиманың (р.анһа) қызметші ұстауы – оның бір қанатының сынуы деген сөз. Бір қанаты сынған халімен Хасан мен Хұсейін (р.а.), Шах Гәйләниге және қияметке дейін барлық ақтаба, мүжәддидтерге, мүжтәһидтерге ана бола алмайтын еді. Осындай ана болу үшін Аллаһ елшісі оның дүниеге көз салмауына, ақыретке дайын болуына айрықша ден қойды. Өйткені, Аллаһ Пайғамбарын осылай өсіріп, тәрбиелеген. Иә, ол анасының құрсағында жатқанда-ақ, Хақ тағала әкесін алды. Ол дүниеге келіп, көзін ашқанда, әкесін көре алмады. Алты жасында, анасынан айырылды. Осылайша ғұмырының бастапқы кезінде-ақ Жаратушы оған «тәухид нұры» мен «ахадият сырына» баратын жолдарды ашты. Негізі біршама уақыт Абдулмуталиб Хақ тағаланың ұлылығына себеп-перде болып, бағып-қағу абыройын иеленіп, оны қамқорлыққа алған-ды. Бірақ мұның бәрі ол үшін түкке тұрмайтын. Ол өзінің қашан да Хақ тағаланың қорғау-қамалында болғандығын жақсы сезінді. Әбу Тәліп те оған немере ағалық жағынан басқа ешбір жақындығы жоқ еді. Осы жақындығының арқасында ол Әлиді жанына алып, өсіріп, «айбарлы арыстан», «әулилер шахы» мәртебесіне шығарды. Аллаһ оған осылай қарап, себептерді

түгелдей алып тастап, оны барлық болмысымен Өзіне тартқан еді. «Сен себептер әлемінде жүре алмайсың, сен әр сатыда «Уа, Ұлы Раббымыз! Саған ғана тәуекел еттік, Саған ғана бетбұрдық, соңында Сенің алдыңа барамыз» (Мумтахина, 60/4) ақиқатының өкілі болып, Аллаһ тағалаға сеніп, оған арқа сүйеуің қажет» деген еді.

Фатима Пайғамбардың қызы еді. Екі Жиһан Сардары Хақ тағаланың өзіне нәсіп қылғанның барлығын қызына да беруді қалады. Себебі оны Хасан мен Хүсейіннен бас-тап ақырғы әулиеге дейінгі барша әулиелердің, тақуа ізгі жандардың анасы болу бақыты күтіп тұрған болатын-ды. Сол себепті ол осы мүбәрак жемістерге дән болуға лайық негізде өсуі тиіс еді. Осыны білген Пайғамбарымыз, қызына бір жағынан, бөлекше мейірімін төгіп, жүрегінің төрінен орын берсе, екінші жағынан оның назарын үнемі ақыретке аударып отырды.

[1] Бухари, Фәдәилул-асхаб, 9; Муслим, Зикр, 80-81; Әбу Дәууд, Әдәб, 100.

[2] Әбу Дәууд, Никах, 41.

## 5. Бақытты шаңырақтағы тәрбие

Пайғамбарымыздың бақытты шаңырағында үнемі Жаратқаннан қорқудан туған бір үрей сезілетін. Ол тіпті әрбір жүріс-тұрыстан байқалатын. Ақиық пайғамбардың көзқарасын байыптағандар оның қарасынан жәннаттың тартымдылығын, яки жәһаннамның қорқынышын сезетін. Намаз оқыған кезде, оның үрейге берілуі кейде алға, кейде артқа жылжып, жәһаннамның қорқынышынан теңселіп кетуі, яки жәннаттық бақытпен көгершін құсындай көкке өрлеп қанаттануы сол шаңырақтың тіл жетпес ерекшелігі болатын. Үйінде таңғажайып жайттар жиі орын алатын. Иә, оған қараған жан әрқашан Аллаһ тағаланы еске алатын. Имам Нәсәи: «Намаз оқыған кезде Аллаһ елшісінің көкірегінен қазан қайнап жатқандай бұрқылдаған дауыс естілетін»[1] деген деректі жеткізеді. Ол әрдайым намазын көзіне жас толып, іштей егіле оқитын. Айша анамыз талай рет, оның бойы дірілдеген күйі Раббысының құзырында сәждеге бас қойған кезін көрген[2].

Әлбетте, оның бұл халі шаңырақтағыларға айрықша әсер етіп, өнеге болды. Аллаһтан көп қорыққан осы Пайғамбарлар Сұлтанының жарлары мен балаларында да дәл сондай қорқыныш пен тақуалық болды. Өйткені Аллаһ елшісі қашанда істегенін ғана айтып, айтқандарын алдымен өзі іске асыру арқылы үлгі көрсетіп, сол шаңырақта ғана сөз нақты іске айналып, айқын жеміс берді. Жер бетіндегі ұстаз атаулы бас қосып, бар білген-тергендерін бірге іске асыруға қанша тырысқанмен, бәрібір сол шаңырақтағыдай әсерлі де мәнді бола алмайды. Болуы мүмкін емес.

Иә, Аллаһ елшісі іске асырмақ не түсіндірмек болған нәрселерін, алдымен, өзі істеп көрсетіп, содан кейін барып қана насихаттаған. Аллаһ тағаладан қалай қорқып, қалай өзін Соған пәни ете алады? Сәжделер қайтсе терең жасалады, руқұтты қалай жасап, түн ішінде қалай көз жасын көл етіп төге алады? Міне, осының бәрін Аллаһ елшісі үйінде жасап, дос-жарандарымен сұхбаттасқан кезінде: «Адамдар былай жасауы керек. Балаларына былай қарауы тиіс. Ақиқатты былайша таныту қажет», – деп айтып отырған. Әлбетте бұл өсиеттер өз отбасына да, сырттағы ел-жұртқа да ықпалын тигізді.

Бәрінен бұрын ол теңдесі жоқ әке һәм ата еді. Өмірде бізге жай ғана көрінген осы мәселе, негізінде, әр адамның асуы аса қиын болған кедергілерінің бірі. Осы кедергіден Аллаһ елшісі оп-оңай аттап өтіп, ең үлгілі әке мен ата бола білді.

Әрі Ол балалары мен немерелерін қалай тәрбиеледі десеңізші?! Осы ұрпақтан тараған алтын шежірелердің барлығы да адамзаттың көгінде ғасырларға шашылған күн, ай, жұлдыздар тәрізді. Бұл – Аллаһ елшісіне ғана тән ерекшелік.

Аллаһ тағала осы ерекшелікті соған ғана берген. Арасынан бірде-бір дінсіз шықпаған дара ұрпақ һәм саны миллионнан асқан нәсіл – Хақ пайғамбардың ұрпағы.

Өз ұлдарына ұлылығы дарымаған қаншама ұлы тұлғалар бар. Көбісінің балалары, яки немерелері тура жолдан тайып, азғын жолға түсіп кетті. Қазіргі заманнан да осындай жүздеген мысал келтіруге болады. Алайда Аллаһ елшісінің балалары мен немерелерінің ешбірі өскен шаңырағы мен шыққан тегіне опасыздық жасамаған. Керісінше, олар сәт сайын тектілік пен жанқиярлықтың мінсіз үлгісін көрсеткен.

Иә, бұл да Аллаһ елшісінің пайғамбарлығының бір дәлелі. Өйткені, адам қанша данышпан болса да, мұнша-лықты дәрежеде тәрбиеші болуы әсте мүмкін емес.

[1] Нәсәи, Сәһу, 18.

[2] Ишратун-Ниса, 4.

## ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ АДАМДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҰСТАЗДЫҒЫ

Пайғамбарымыздың кең мағынадағы ұстаздығын қозғамай тұрып, тақырыпты ашатын мына аятты қысқаша талқылап көрейік. Өйткені Аллаһ елшісінің қандай жағдайда және қай деңгейдегі адамдарды тәрбиелегенін білмей тұрып, оның тәлім-тәрбие берудегі шыққан шыңын толық түсіну мүмкін емес. «(Ол Аллаһ) уммилер арасынан өздеріне аяттарды оқып, оларды тазартқан әрі оларға кітап пен хикметті үйреткен бір пайғамбар Жіберуші. Алайда олар бұрын ап-анық адасуда еді» (Жұма сүресі, 62.2).

Аяттағы кейбір жекелеген сөздердің мәні ерекше. Аятта Ұлы Жаратушының аты тікелей аталмай «Жіберуші» деп қана айтылған. Өйткені сол заманның адамдары Аллаһты білмейтін. Аллаһ тағала олар үшін құпия, жасырын еді. Олар қараңғы, бәдәуи, тағы мінезді болатын. Олардың жүректері Аллаһ тағала деген сөзден де мақұрым еді. Сондықтан аятта олардың ой-санасының түңлігі жабық, жүректерінің жартастай міз бақпайтындығы, сөз тыңдауға да лайық еместігі айтылады. Сосын «Уммилер» дейді. Олар – умми, сауатсыз болған. Кітап, ілім дегеннің не екенін білмейтін. Хақ тағаланы да танымайтын һәм пайғамбарлардан да хабарсыз еді. Осындай мейірімсіз, тасбауыр, опа-жақсылық күту қиын қоғамға ерік-жігері мықты, рухы өткір жүрегі түкті жаужүректі жіберіп, Аллаһ тағала олардан небір кемеңгерлер мен данышпандар шығарған. Әлбетте, рухани өлшем тұрғысынан Аллаһ елшісі қараңғы адамдардың қатарына жатпайтын. Бірақ хат танымау тұрғысынан, уммилердің қатарынан еді. Бір жағынан алғанда, осылай болуы заңды да еді. Өйткені оның ұстазы – Аллаһ тағала болатын. Оны тікелей өз құзырына алу арқылы, жүйелі білім, арнайы тәлім-тәрбие алмаған пайғамбарын өзгелерден даралап, умми қоғамға болашақта ұстаз жасамақ еді.

Пайғамбар аяттарды түсіндіріп, сол арқылы тәрбиелеп, рухтандырып, оларды толық адам дәрежесіне лайық мүмін етуді мақсат еткен-ді.

Аллаһ елшісі келгенге дейін, адасу мен азғындықтан, Аллаһ оларды нашар қылықтардан тазартып, тәрбиелемек еді. Тәрбиеледі де. Иә, бұлардың барлығы умми пайғамбар арқылы жүзеге асты. Тағылымды кітабы – Құран болды. Бұл кітап кешегі жамағаттың адами құндылықтарын биіктеткені сияқты болашақ жарқын ұрпақты да ту биікке, семсер-сеңгірлердің ұшына шығармақ. Қазіргі кездегі жаңаша көрінген тың идеялардың барлығыуақыты келгенде тез өшпек. Құран ғана өз нұрын сөндірмей ұстамақ. Әлем көкжиегінде байрағы желбіреп, барлық ұрпақтар өздерін шырмаған шынжырлардың бұғауын үзіп, Құранға

ұмтылатын болады. Талпыныстың алғашқы нышандары әлден-ақ көріне бастағандай... Әлемге көз салсаңыз, жығылмайтындай көрінген не бір қағанаттар іріген матадай бірінен соң бірі ыдырап жатыр. Ал Құран барлық ауыртпалық кезеңдерді басынан өткізгеніне қарамастан, маздап тұрған шоқтай сөнбек емес. Осылайша алып бір тәухид әлемі қайтадан жандануда. Мұншалықты зұлымдық пен нәубетті бастан кешіргеніне қарамастан, Ислами рух бойындағы шынайы тазалығы арқылы шартарапқа жайылып адамдардың шөліркеген жан сарайын Құранның кәусар-зәмзәмімен қандырып, көңілін нұрға малуда.

Иә, аяттың және бір қырына келсек, бұл кітаптың нұрлы аясында адамдарға нәпсіге тоқтамды үйретсін, адамдық құндылықтарды дәріптеп, толық адам болу жолдарын көрсетсін, өзі шыққан миғражға сүйреп, әркімге өз жүрегі мен рухының тереңдігінде миғраж жасатсын деп, Аллаһ тағала Пайғамбарына Кітапты үйреткен. Иә, оның үмбеті адасқан, азғын адамдардың арасынан шықса да бұл осылай болған. Құдай тағала қаласа, көмірден алмас, тас пен топырақтан алтын жасайды. Айталық рухы көмірден қара адамдарды жарқыраған алмасқа айналдырды. Иә, сол дәуірдің «Алтын ғасырының алтын ұрпағы» әлі күнге көз қарықтырып келеді. Аллаһ тағала мұны бағалы бұйым зергері, кісітанығыш Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қолы арқылы жасаған. Осы тұрғыдан алғанда адамзатты кәміл адам шыңына шығарып, адами сеңгірдің ұшар басында тұрған бірден-бір тұлға – Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) болған.

Одан кейінгі адамзат әулиелік арқылы тақуалық шыңдарының ұшар басына шықса да қай биікке табан тіресе де, онда Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) байрағының желбіреп тұрғанына куә болған. Қай жаққа қадам басса да, сол жерден хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) өткенін байқап, «бәрәкаллаһ деп ризашылықпен тілек жаудырған. Бұдан кейін де осылай жалғаса бермек.

Пайғамбар тәрбиесінің түп мәнін тек нәпсіні тыю деп ұғыну қателік болар еді. Ол әлемдік тәрбие жүйесін әкеліп, барша жүрек, рух және күллі ақыл мен нәпсінің тұғырын биіктететін түпкі хабар ұсынды. Иә, Құранның әлемдік ақиқаттары осыны көрсетуде. Ол адамдардың ой-санасына жөн көрсетіп, ақылын ширықтырып, уахи арқылы ең асқар шыңға шығарды. Сосын кісі тәрбиелеуде ұстаз болып жүргендерді шаң қаптырып, олардың өзін асқақ ілімге қарай бағыттады. Жүректі де ынтық болған әлемдерге һәм сол әлемдердің жап-жасыл жәннат тәрізді бақтарында серуендетеді. Сондай-ақ адамдардың ішкі сезімдерін қолға алып, оларды көгершіндей қанаттандырып, ұшқыр қиялдың өзі жете

алмайтын қияндарға қарай самғатады. Осылайша рух, жүрек, сезім арқылы көкке шығарған шәкірттеріне, сонымен қатар, экономикалық, қоғамдық, басқару, әскери, саяси, ғылыми салалардың барлық есіктерін айқара ашып, осы дүниеге шақырған шәкірттерін ең мықты басқарушы, ең таңдаулы экономист, ең сұңғыла саясатшы және ең мықты әскери кемеңгерлер етіп өсіретін хабарлармен келген. Иә, Ақырғы елші әлемдік дінмен келіп, бір жағынан экономика, бір жағынан, басқару, екінші жағынан, тәлім-тәрбие, тағы бір жағынан, құқықтық, т.б. дәрістер берді. Ол әкелген хабарда бүгінгі өркениеттің барлық негізі қамтылған еді. Иә, бүгінгі күнді, яғни болашақты негіз етіп алатын адамзатқа ұсынылған осындай кең ауқымды тәрбиелік ұғымында саңылаудай ғана кемістік болғанда, оның келу мақсаты толықтай жүзеге аспайтын еді. Алайда ол: «Бүгінге дейінгі келген пайғамбарлардың қай-қайсысы да мына ғажап ғимараттың өзіне берілген жерін қалады. Бірақ осы ғимараттың ең соңғы қалған бір кетігі бос тұр еді. Жолай өтушілер «мына ғимарат қашан бітер екен» дейтін. Міне, соны бітіруші менмін. Менен кейін бұл ғимараттың ешқандай кетігі қалмайды»[1], – деп бізге астарлы ақиқатты меңзегендей...

Құран Кәрім осы тақырыпқа қатысты Пайғамбарымызды растап: «Бүгін сендердің діндеріңді толықтырдым» (Маида, 5/3), – дейді. Яғни, бүгінге дейін келген барлық пайғамбарлар, әулие, асфиялар «мына ғимарат қашан толықтырылады» дейтін еді. Міне, сені толықтырушы етіп жібердім. Ендеше, сол ғимараттың бітпей қалған жерін сен аяқтайсың. Мен бұл діннен тек разы болып қана қоймай, барлығының жанын жай таптыратындай негізбен оны әсемдедім... »

Иә, Аллаһ елшісі кемістіктерді бүтіндеу үшін келген. Оның иләһи ілімінен кемшілік іздегендер оны өздерінің боскеуделерінен іздесе, әлдеқайда қисынды болар еді. Ол толықтырушы һәм кәмілдендіруші еді. Барлық қыңыр-қисық нәрселерді түзеп, кем-кетігін бітеп, сол күнге дейінгі бітпей қалған жерлерін толықтыруы қажет болатын және солай етті де.

[1] Бухари, Мәнәкиб, 18; Муслим, Фәдәил, 20-23; Муснәд, 2/257, 398.



## 1. Рух, нәпсі және ақылды биіктетуі

Біріншісі: Хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) жаратқанның құдіретімен адамдардың рухын, нәпсісін және санасын барынша жетілдіріп, адам мүмкіндігі жететін ең биік шыңға шығара білді. Өз шәкірттері мен ізбасарларын Хақ тағаланың көмегімен осындай табысқа жеткізгеніне тарих куә.

Құран Кәрім жамандыққа итермелейтін нәпсі хақында айтады. Сол нәпсі адамның мойнына қамыт кигізіп, қалаған жағына сүйреп, үнемі бұғауда ұстайды. Жүсіп (а.с.) міне осы жамандыққа итермелейтін нәпсінің кесапатынан Аллаһ тағалаға сиынып: «Сөзсіз нәпсі жамандықты әмір етеді. Аллаһтың рақымы түскен адам ғана одан құтыла алады» (Жүсіп, 12/53), – деген. Бірақ сол нәпсіні ауыздықтау арқылы адам асқақ шыңдарды бағындыра алады. Міне, Құран нәпсінің осы халі хақында: «Ей, көңілі жайланған нәпсі! Сен Раббыңнан, Ол да сенен разы болған күйде, Раббыңа қайт!» (Фәжір, 89/27-28) дейді. Мұнымен қатар, нәпсінің жамандыққа итермелеу қылығынан арылып, өзін сынайтын нәпсіге айналуы жайын да Құран айтады. Тіпті, бұл халді мәртебе етіп қабылдағандықтан, осындай нәпсіге ант етеді: «Өзін кіналаған нәпсіге ант етейін» (Қиямет, 75/2).

Бұған қоса, саф таза нәпсі де бар. Бұл – мұқаррабиндерге ғана тән қасиет. Бойында осындай қасиеті бар жандарға қараған адам қашанда Аллаһ тағаланы еске алады. Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) нәпсісі, міне, осындай нәпсі. Ол дарынды адамдарды өз дәрежелеріне сай, һәм қабілеттерінің шамасына қарай нәпсісін саф таза күйге жеткізген. Иә Аллаһ елшісі нәпсіні тәрбиелеу арқылы оған шыға алатын ең шырқау биікті көрсетті Хақ тағаланың шарапаты арқылы оны сол мәртебеге көтерді. Бұл оның ұстаздықта да теңдесі болмағандығын көрсетеді. Мұхаммед аләйһис-сәләмнің таңғажайып ғасырына көз жіберсек, оның ақыл, нәпсі, жан мен рухты тәрбиелеуде қылаудай кінәрат жібермегендігіне көз жеткіземіз.

## 2. Дін жаю ісінің әлемдік әлемдік ауқымды қамтуы

Екіншісі, тәрбиешінің кемелдігі – дін насихатының кеңдігі және ізбасарларының саны мен сапасы арқылы өлшенеді. Хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) көзі тірісінде-ақ оның тәрбиелеп өсірген мүбәрак ұстаздары мен мүршіттері Мароккодан Өкюз[1] өзеніне дейінгі ұлан асыр аймақта дінді жаюға қай жағынан алғанда да лайық деңгейде еді. Назар салсаңыз, сол кезеңде осы ұлан асыр аймақта әрі бірегей тәблиғшы әрі ұстаз һәм тәрбиеші Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ғана еді. Осындай бір-бірінен өзгеше әр түрлі елдерден жиналған жамағаттар оның әкелген иләһи жүйесі арқылы дерттеріне дауа тауып, ирандық, тұрандық, қытайлық тәрізді әр түрлі өлке мен әр түрлі дәстүрде өскен адамдар оған ұмтылып, оны асқан шынайылықпен қабылдап жатты. Ендеше, Ақиық елшінің әкелген тәрбие негіздері күллі адамзаттың дерті мен жан-жараларына шипа болғандықтан, шартарапқа жайылды. Сондай-ақ, әрбір ұстаздың ұлылығын – оның тәрбие негіздерінің өміршеңдігі танытады. Оның ұсынған тәрбие негіздері қаншалықты баянды әрі тұрақты болса, соғұрлым ұзақ қолданылады. Енді қараңыз, арада ауыз толтырып айтарлық едәуір заман өткеніне қарамастан, хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) тәрбиесін көріп өскендер әлі күнге дейін тіпті, періштелердің де қызыға қарайтын тақуалық деңгейінен түскен емес. Ол белгілеген тәрбие негіздерімен қазіргі уақытта да дәл сондай ұрпақты өсіріп жетілдіруге болады.

Иә, ол қараңғы қоғамнан ғасырымыздағы мемлекеттердің ешбіріне де ұқсамайтын мәдениеті өркендеген қоғам құрды. Сондықтан да шындықты жасыра алмай, Мольер былай дейді: «Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) келмей тұрып, қараңғылық ықпалында қалған, түзелуден кеткен басқа бір қоғамды көрсету мүмкін емес. Жиырма үш жылды ғана құрайтын аз уақыттың ішінде тұтас бір қоғамды түзету мүмкін емес қиын іс. Бұл Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ғана қолынан келген». Басқа бір еуропалық былай дейді: «Адамзат биікке көтерілудің жиырма пайызына өзінің жаратылған күнінен бастап хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) заманына дейін ғана қол жеткізсе, оның заманында бұл сан бірден артып, елу пайыздың үстіне шықты. Сол күннен бері жұмсалған күш-жігер бұл деңгейді жетпіс пайызға дейін ғана көтере алды». Осы шынайы мойындауға қарасақ, Адам атадан Аллаһ елшісіне дейін келген барлық пайғамбарлар мен философтардың және барлық алып мемлекеттер мен ғалымдардың ортақтаса жұмсаған күш-қайратының жемісі Ақиық Елшінің жиырма үш жылдық мерзімде қол жеткізген нәтижесіне жете алмады. Яғни, осыншалықты техникалық өркендеуге қарамастан, он төрт ғасырда адамзат баржоғы оның қол жеткізгенінің небәрі жиырма бес пайызындай ғана деңгейге қол жеткізе алған. Қалған жиырма бес пайызына егер тіршілік тоқтап қалмаса,

болашақта қол жеткізбек. Міне, Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) осындай пайғамбар! Оның адамзатқа қызметі осыншалықты ауқымды да пәк әрі ар-ождандарға ашық. Британдық энциклопедияда осы тақырыпқа қатысты былай делінген: «Адамзат тарихында көптеген дара жол салушылар, жөн көрсетушілер келген. Бұлардың арасында пайғамбарлар да бар. Бұлардың кейбіреуі жетістіктерге қол жеткізді. Бірақ бұлардың ешбірі хазірет Мұхаммедтің көтерген биігіне қол жеткізе алған жоқ». Олардың арасында ғылымдағы еңбекқорлығымен көзге түскен Уәһил былай дейді: «Әрбір алып тұлға артында сөзсіз бір із қалдырған. Пайғамбардың қалдырған ізі, ағартушының қалдырған ізі және басқарушылардың артта қалдырған өздеріне тән іздері бар. Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) те өзіне тән із қалдырған. Тіпті «із» дегенде ойға оралатын тек соның ізі. Һәм ол басқаларымен салыстыруға келмейтіндей жоғары дәрежеде». Осы сөзді айтқан адам – ғылыми ортада досы да, дұшпаны да мойындаған кісі. Дос мойындайды, дұшпан да мойындайды. Ал бірақ кейбір көрсоқырлардың қылығы «көрмес – түйені де көрмеспен» барабар.

«Әнғам» сүресінде Аллаһ Өзін «Ол – өліден тіріні, тіріден өліні шығарушы. Міне – Аллаһ осы. Ал енді қалайша хақтан бұрылып бара жатырсыңдар» (Әнғам, 6/95) – деп танытады. Жаратқанның құдіретімен топырақ – тіршілікке, көмір алмасқа айналады. Аллаһ тағала ғажайып, ұлы сипаттары арқылы бейне бір хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) жігерін жанып жатқандай... Аталмыш жабайы сахарадағы бәдәуи адамдар арасынан хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қолына тас пен топырақ және көмір мен бақырды алып, олардан Әбу Бәкір, Омарлар, Османдар, Әлилер, Халидтер, Уқбә ибн Нафилер, Тарық ибн Зияд (р.а.) секілді сом алтындар шығарған (Аллаһ тағала мәңгілік олардан разы болсын).

Ақырғы елшіге пайғамбарлық келіп, замандастары оны танығанға дейін, әлбетте, олардың да өзіндік санасы, жүрегі, рухы мен ар-ожданы бар еді. Аллаһ елшісі бұлардың ешбірінің түбіріне балта шаппады. Қайта оларды түзеп, қанаттандырып, оларды одан да күшті тіректер етті. Бір алып ойшылдың: «Исламнан бұрынғы Омар, Исламнан кейінгі Омар» деген сөзі осыған тамаша мысал ғой деймін. Исламнан бұрын Омар алып тұлға болуға лайық адам еді. Балалық шағында қатарымен жарысуы, күресуі тіпті түйелерді мойнынан бұрап, жерге жығуы – оның тұла бойының түрлі қасиеттерге ие болғандығының дәлелі. Исламнан кейінгі Омар құмырсқаны да басуға дәті бармайтын, шегірткені өлтірмейтін жүрегі жұмсақ, аса сезімтал адам болды. Оның жүрегіндегі аяушылық, мейірбандықтың тереңдігі сол: «Евфрат өзенінен өтіп бара жатқан бір қой суға батып өлсе, Аллаһ оның есебін Омардан сұрайды» – деп қорқатын[2]. Міне, Омар

(р.а.) және сол сияқтылар Аллаһ елшісінен алған тәрбие арқылы осы деңгейге жетіп, бүкіл адамзатқа өнеге болған.

Сөзіміз нанымды болу үшін шағын бір мысалмен тақырыбымызды кеңейте түселік. Темекі тарту тәрізді кішігірім нашар қылықтың өзін тыю үшін мемлекет барлық мүмкіндіктерін сарқа жұмсағанымен еңбектері еш кетіп жатыр. Тоқтату былай тұрсын, тіпті осы жаман әдеттің белең алу қарқынын аз-кем болса да бәсеңдете алмай отырмыз. Бұған қатысты бүкіл әлемде ұдайы үгіт-насихат жүргізіліп, симпозиумдар ұйымдастырылып, конференциялар өткізілуде. Ғылым мен медицина тізе қосып, темекінің өңеш, ауыз іші және таңдай қатерлі ісігіне себепкер болатындығын айтып дәлелдеуде. Статистикалық мәліметтер бұл деңгейдің тоқсан бес пайызға өскенін ескертсе де, бәрібір адамдар осы дерттен арыла алмауда. Ал Пайғамбарымыз өмір сүрген қоғамда шылымқорлық тәрізді мыңдаған жаман әдеттер бойларына әбден сіңіп кеткен еді. Сөйте тұра Аллаһ елшісі бір серпінмен-ақ түбірімен қопарып тастап, олардың орнын ең көркем мінез бен ең әсем қасиеттермен толықтырды. Тіпті сол бір сүйкімсіз әдеттерінен арылған жандарды көргендер: «Құдая тоба! Мыналар періште емес, бірақ періштеден де жоғары жандар ғой» деп таңдай қағысты. Алайда олар періште де, пайғамбар да емес еді. Тек хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) үмбеті болатын. Соның тәрбиесімен өскендер еді.

Абдуллаһ ибн Мәсғұд (р.а.) Уқба ибн Әби Муайттың қойларын бағатын[3]. Аллаһ елшісі оны дәріс алқасына қосып, осы қой баққан адамнан алып ұстаз шығарды. Тіпті Куфа мектебі осы атақты сахабаның еңбегі деуге болады. Ойлап қараңызшы, Алқамалар, Нәхәилар, Хаммадтар, Сәурилер, Әбу Ханифалар барлығы да осы мектептің шәкірттері болған. Өз саласын бес саусақтай білетін жүйріктер іргесін қалаған ілімдердің басым көпшілігін Ибн Мәсғұд қайнарынан алған. Ибн Мәсғұд түйеші болатын (жанымыз сол түйешіге құрбан болсын). Міне, Аллаһ елшісі түйешіден осындай кемеңгер данышпандар тәрбиелеп шығарған.

Еуропа ғалымдарын қызықтырған Исламның бірнеше үлкен ғұламалары бар. Олардың әрбіреуі том-том кітаптарға арқау болған. Солардың бірі – құқық саласында даңқы артқан Имам Ағзам Әбу Ханифа. Солон[4] мен Хаммурапи[5] оның шәкірті ғана бола алады... Осындай алып тұлғалы Әбу Ханифа – Аллаһ елшісі тәрбиелеген түйеші Ибн Мәсғұдтың (р.а.) шәкіртінің шәкірті ғана. Құдай куә, бұл жерде Әбу Ханифаны төмендеткім келіп тұрған жоқ. Ең үлкен ұстаздың ұлылығын білдіру мақсатымен айтып отырмын. Иә, хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) тәрбиелеп жетілдіруі арқасында жай адамдардан ұлы адамдар шыққан. Өліден тірі, көмірден алмас пайда болған.

Осы тәрбиенің арқасында әу баста тағылықтың шеңберінде жүрген құл анасынан жаңа туғандай екінші рет жаңа есімге ие болып, теңіздің арғы жағындағы елдерге сол күнге дейінгі естімеген жаңалықтарды айтып, олардың ұғым-түсініктерінен ғажайыптарды көрсеткен. Еуропа мұсылмандармен танысқанға дейін, өмірден шейіт болудың артықтығы мен өлімнен қаймықпай, жанпидалықтың не екендігін білмейтін. Сондықтан да сол күні Тарықтың Андалусияның жағасына өткен соң, кемелерін жағып жіберіп, бес мың қолмен тоқсан мыңдық Испания әскеріне қарсы тұруын және ең қиын-қыстау шақта да босаңсымағандарын түсіне алмай жағаларын ұстаған. Ол өзінен жиырма есе көп дұшпанға қарсы тұруға әзірленіп, әскеріне: «Сарбаздарым! Алдарыңда теңіздей дұшпан, арттарыңда да дұшпандай теңіз бар. Не жаудан қашып, оққа ұшып қорлықпен өлесіңдер, не болмаса жауға айбаттанып қарсы тұрып, күресіп жеңіске жетіп, Аллаһ тағалаға қауышасыздар!» – дейді.

Тарихшылар бізге былай дейді: «Бірнеше сағаттың ішінде Тарық пен әскерлері дұшпанның қалың қолын бұзып жарып, ар жағынан бір-ақ шықты». Тарық та көп өтпей-ақ Толейтоле королінің қазыналары сақталған сарайда отырды. Осы жерде сәл кідіріп, кеше ғана құл болып жүрген адамның осынау халіне қараңыз. Жақсылап қараңыз да, Исламның адам рухына сіңірген иләһи тәрбиесінің тереңдігін байқауға тырысыңыз! Корольдің қазынасын аяғымен басып тұрып, өзіне: «Ей, Тарық! Кеше сен қол-аяғы бұғаулы құл едің. Аллаһ тағала сені азат етті. Сосын қолбасшы болдың! Бүгін Андалусияны алып, корольдің сарайында тұрсың. Ұмытпа! Ертең Аллаһ тағаланың құзырында тұрасың!» – дейді. Міне, ғажап! Бұл неткен терең парасаттылық! Кейбір жандар қарадан шығып хан болып, қолы жеткен лауазымына мастанып жатады. Асқақтап, кісімсіп, ісініп-кебініп, жүрген жерінде ылғи да өзін мақтаумен болады.

Бұл неткен тәрбие десеңізші! Тәкаппарланып, көкірек қағудың орнына бұл құл қалайша абыройлы, ұстамды, өзіне есеп беруші адамға айналды?

Оның тәрбиесінде өскен Уқба ибн Нафи қалың қолымен көп жерлерді қаратып, ақырында Африканы да алып, Атлант мұхитын атымен кешіп тұрып, көкке қарап, Хақ тағалаға: «Аллаһым, алдымнан мына теңіз шықпағанда, Сенің ұлы есіміңді ұлықтап, теңіздің арғы жағындағы елдерге де жеткізер едім!» – дейді[6]. Абдулхақ Хамит осы сөз хақында: «Уқба ибн Нафидың сөзі ме, әлде көктегі періштелердің сөзі ме, қайсысы асқақ тұрғанын білмей тұрмын», [7] – дейді. Меніңше, періштелерде де дәл осындай ынта-жігер, ықылас, тілек бар. Бірақ Уқба

мүлдем басқа еді ғой. Ол хазірет Мұхаммедтен (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) тәлім-тәрбие көрген шәкірт болатын.

Ақырғы елші ақыл, жүрек, рух және ар-ождандық қасиеттерді қолға алып, олардың ешбірін жасытпай қайта жігерлендіріп, ең жаман ниетті адамдардан ең ғажап мінезді адамдар шығарды. Бұлардың бәрін толықтай іске асыруын оның пайғамбарлығы арқылы ғана түсіндіруге болады. Өйткені ол өз істерінде ешқашан мүлт кетпеген.

[1] Өкюз – Амударияның көне атауы; Орталық Азиядағы ең үлкен әрі сулы өзен.

[2] Табәри, Тарих, 5/195; Әбу Нуәйм, Һилия, 1/53; Ибн Сад, Табақат, 3/305.

[3] Муснәд, 1/379; Ибн Сад, Табақат, 3/150.

[4] Солон (шамамен б.э.д. 638-559 ж.ж.) – көне Афиндегі ұлы саяси қайраткер. Ол Афинаның мемлекеттік әрі және экономикалық құрылымдарын өрге сүйреген бірқатар жаңа реформалар жүргізген.

[5] Хаммурапи (б.э.д. 1792-1750 ж.ж.) – Вавилон патшасы.

[6] Ибн Әсир, әл-Кәмил фит-Тарих, 4/106.

[7] Абдулхак Хамит Тархан, Тарык Пиеси.



## КІТАП ЖӘНЕ СҮННЕТ АЯСЫНДА

### 1. Ізгі істерге белсенділік таныту

Аллаһ елшісі ізгі амалдарда қырағылық пен мұқияттылықты қатаң талап етіп: «Аллаһ өз ісінің шебері болған мұсылманды сүйеді», – дейді[1]. Иә, солай. Басқаша айту мүмкін емес. Өйткені Аллаһ тағала Құранда: «Қалаған амалдарыңды жасаңдар. Аллаһ, пайғамбар және мұсылмандар жасаған амалдарыңды көреді», – деп айт» (Тәубе, 9/105), – дейді. Яғни, істеген істерің белгілі бір өлшемдер арқылы бағаланады. Жасалған барлық амалдар мақшарда көрмеге қойылғандай қойылады да, жұрт келіп, бұл қандай іс деп, тексеріп қарай бастайды. Міне, адамдар осыны есепке ала отырып, амал етуі тиіс. Бір хадис шәріпте: «Аллаһ тағала істеріңнің кемшіліксіз жасалғанын ұнатады», [2] – дейді. Аталмыш аят, ғылымға ынталандыру тұрғысынан терең зерттеуді қажетсінген мұғжизалардың бірі. Меніңше, бұл – әр кітапқа үлгі етіп жазылар сөз. Бұның бір жағында да: «Аллаһ өнерлі еңбекқор мұсылманды сүйеді», – деген Аллаһ елшісінің сөзі тұрғаны да абзал.

Мұнан басқа әлсіз бір хадис бар. Иә, халықтың көпшілігі үйі мен дүкенінің төріне іліп қоятын бұл әлсіз хадис: «Еңбектеніп табыс тапқан жан – Аллаһтың сүйіктісі» – деген мағынаға саяды.

Иә, Аллаһ тағала жаратылыс заңына сәйкес адал еңбектенетін, бейнетқор жанды жақсы көреді. Задында, бұл мәселені «Асыр сүресінің» аясында да тереңнен қозғап көруге болады. Ақын Мехмет Акиф осы сүренің мазмұнын былайша өлең жолдарына төккен:

«Есінде ме, сахабалар қоштасар сәтте,  
Сөзсіз, «Асыр» сүресін неге оқыған?  
Өйткені сол ұлы сүреде (азаптан) құтылу сыры жасырынған.  
Әуелі нағыз иман келеді, сосын салиқалы амал,  
Сосын ақиқат, сосын табандылық,  
Міне, айналайын, адамзат,  
Осы төртеуі біріксе, сен әсте қасірет көрмейсің».

Иман, салиқалы амал, ақиқатқа беріктік, хақты насихаттау, сабыр, сабырға беріктік, сабырлықты насихаттау – бұлардың барлығы да үлкен күш-жігерді қажет ететін жеке амалға жатады. Осыларды жасаған жан Аллаһтың сүйген пендесі болмақ. Хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) әлемінде, оның ізгі амал ұғымы аясында еңбектену – Аллаһ тағаланың сүйіспеншілігіне бөлейтін ең абзал іс. Ол әсте «үйлерінді тәрк етіндер, ас ішуді қойып, дүниеден



безіңдер. Сонда барып Жаратушының разылығына кенелесіңдер» – деген. Адам бойындағы құмарлыққа дұрыс жол сілтеп: «Бір-бірлеріңді ұнатып қосылыңдар», [3] – деген. Басқа бір хадисінде де былайша ескертіп: «Үйленіңдер, көбейіңдер. Қиямет күні басқа үмбеттердің алдында мен сендердің көптіктеріңді мақтан тұтамын», [4] – дейді. Яғни, сендер көп болған сайын мені қуантасыңдар. Бұрылып артыма қараған сәтте, артымда рукуғ етушілерді, сәждеге бас қоюшыларды, «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар» – деп дауыстап, құлшына ғибадатқа терең бойлаушыларды көру – мен үшін үлкен мақтаныш. Аллаһ елшісі адамдардың өмірге деген құштарлығын, дүниеге қызығуын әсте тежемей, бар болғаны шарифат жолымен жүргізіп, осы арқылы үмбетіне Аллаһ тағаланың разылығына бөленетін жолдарды көрсетіп берген. Оның тәрбиесі – адамды өзінің әу бастағы жаратылыс болмысына сай жолға бағыттайтын иләһи тәрбие.

[1] Мунауи, Фәзул-Қадир, 2/290.

[2] Кәнзул-Уммал, 3/907.

[3] Әбу Дәууд, Никах, 3; Нәсәи, Никах, 11; Муснәд, 3/158, 245.

[4] Мунауи, Фәйзул-Қадир, 3/269.

## 2. Сауда, шаруашылық және дін насихаты

Пайғамбарымыз қандай да бір істе тепе-теңдікті сақтаудың керемет үлгісін танытқан. Бір хадис шәріпте:

«Сендер өздерінді «Инә» саудасына салып, егін шаруашылығымен айналысуды ғана жеткілікті санап, сиырларыңның артына түсіп (яғни тек мал шаруашылығымен айналасып), дін насихатын доғарған кездерінде, Аллаһ тағала сендерді қорқылады. Қайта діндеріңе оралғанға дейін осы қорлықтан құтыла алмайсыңдар,»[1] – дейді. «Инә» саудасы – құнын кейін өтеуге келісіп біреуден бір зат сатып алып, оны дәл сол адамға өте арзан бағаға сату. Сауда-саттықтың бұл түрі мейлі жасырған өсімқорлық, не басқа болсын, бәрібір шариғатта бұған тыйым салынған. Осы хадисте меңзеген мәселелерді шамасы біз өнеркәсіп төңкерісінен соң ғана ұқтық қой деймін. Онда да дұрыс түсіне алсақ... Дін насихатын да ұмытқалы қашан. Өнеркәсіп деп жүріп, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын да жетістірмей, арадағы тепе-теңдікті ұстай алмай дал болдық.

Алайда, аталмыш істің мәні жайында бұдан он төрт ғасыр бұрын Аллаһ елшісі хабар берген еді. Ол осы мәселе төңірегінде де өте орынды бағыт таңдап, тепе-теңдікті сақтай білді.

Әлбетте, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығына жеткілікті көңіл бөлу керек. Бұған ынталандыратын хадис-шәріп те бар. Бірақ, барлық күш-жігерді осыған ғана сарп ету біржақтылыққа ұрындырады.

Қала өміріне араласпай, бір таудың етегінде бей-жай күй кешіп, өз жайын ойлаған адамнан бастап, ісі кері кеткен егінші мен малшыға дейінгіні қамтыған бұл сөз маңызды экономикалық мәселелерді қозғап отыр. Сонымен қатар, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен тереземіздің теңесуіне арқау болған Исламға деген қызметті, яғни дін мен Хақ тағаланы елге танытуды ұмытқан тұста, Аллаһ тағала көтере алмайтын қорлыққа душар етіп, бодандық күй кешіп, масқара болатындығымызды ескертеді. Осы жағдай қайтадан дінге оралып, Исламды өмірдің тірегі еткенге дейін жалғасады. Айтылған мысал теңізден бір тамшы ғана. Ақиық елшінің бұдан басқа да қаншама сөздері бар. Бірақ осымен ғана шектелуге тура келеді. Пайғамбарымыз кісі бойындағы қарым-қабілеттің шыңдалуына шектеу жасамаған, тіпті хадистерінде күшті, қуатты болуға шақырған: «Әлсіз мұсылманға қарағанда әлді (денсаулығы мығым) мұсылман Аллаһқа анағұрлым ұнамды».[2] Аллаһ тағаланың жақсы көруін қалаған жандар жүрек, рух һәм он екі мүшесінің саулығына көңіл бөлуі қажет. Мұнан түйетініміз Пайғамбарымыз: «Диета ұстап, әлсіреп, дененің күшін жойыңдар. Сонда ғана Аллаһ сендерді

жақсы көреді» деп тұрған жоқ. Керісінше, христиандардағыдай монахтық өмір сүруге қарсылық білдіріп, әр нәрсенің өз табиғатымен санасуда әрі бізді де соған тәрбиелеуде.

[1] Әбу Дәууд, Буиу, 54; Муснәд, 2/84.

[2] Муслим, Қадәр, 34; Ибн Мәжә, Мукаддимә, 10; Муснәд, 3/366.

### 3. Ілім жайлы ой-толғаныс

Ой-пікір мен ілім аясын кеңейту тұрғысынан Пайғам-барымыздың қосқан үлесі ол жеткізген діннің ғаламдық сипатын аңғартады.

Құран: «Білгендер мен білмегендер бір бола ала ма?» (Зумәр, 39/9), – деу арқылы білімге ынталандырумен қатар, біліммен қаруланған жандардың мәртебесін биіктетеді.

Басқа бір аятта Аллаһ тағаладан шынайы қорқатындардың, оның ғалым құлдары екендігін ескертеді (Фатыр, 35/28). Әбу Ханифа арқылы бізге жеткен бір «шаз» қырағатта Аллаһ сөзінің ақырғы қарекеті басқаша оқылып, былайша мағына беріледі: «Аллаһ ғалым құлдарына ғана құрмет көрсетеді». Әлбетте, бұл құрмет Оның ұлылығына лайық түрде болмақ. Қырағат – шаз[1]. Бірақ мағынаны түрлендіру тұрғысынан, сөз қозғауға тұрарлық. Фахруддин Рази ғылыми мәселе талдап отырып осы турасында тамаша пікір білдіреді: «Итті Мәлики мәзһабынан өзге үш мәзһәб «айн нәжіс»[2] деп қабыл етеді». Яғни, ит тұрған бойы нәжіс, лас. Сондықтан үйде ұстауға болмайды.

Бірақ ит «қолдың иті» болса, яғни аң аулап, қой бағуға үйретілген болса, онда мәселе басқаша. Оның аузына ілінген аң мен құс желінеді. Жүрген жері мен сүйкенген жері таза деп қабылданады әрі үйде ұстауға болады.

Имам Фахруддин Рази[3] осы жерде бір сәт тоқталып: «Ит екеш иттің өзі аң аулауды үйреніп, осы үйрену арқылы «айн нәжіс» болудан құтылса, тіпті адамдар арасында отбасының бір мүшесіне айналса, ілім үйренген адамның қалай шырқау биіктерге жететінін салыстырып ойлап көріңдер», – дейді. Міне, шарифат ұстанымының көкжиегі, міне, Мұхаммед Мұстафамен (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) келген ілімнің кереметі! Аллаһ тағаланы білмегендер – қараңғы. Ал Құдай тағалаға мойынсұнып хикметін ұғынған әрбір адам – ғалым. Шарифат бойынша Аллаһ тағаланы танып, пайғамбарды білмегендерге «ғалым» деп айтылмайды. Аллаһты танып, пайғамбарды білгендер аз білсе де, ғалым саналады.

Аллаһ тағала да пайғамбарын, ақыретті, кітаптарды, қайта тірілуді, жәннат пен жәһаннамды білгендерге бізге беймәлім жолдармен құрмет көрсетеді.

Ал ойлануға қатысты айтқанда: «Бір сағаттық тәфәккүр[4] – бір жылдық құлшылықтан қайырлы»[5] деген жалғыз ауыз сөзбен шектелуді жөн көреміз. Еуропа әлі күнге дейін бұл биікке шыға қойған жоқ. Бір сағат жүйелі ойланып, жаңалық ашып, адамдарға ұсынасыз. Не болмаса, жүрекке терең бойлап, ақырет пен мәңгілік бақыт туралы терең ойға батып, содан соң осыдан түйгендеріңізді ақырет пен дүниеге пайдаланасыз. Иә, міне осылай әрекет еткенде ғана бір жылдық құлшылық сауабын ала аласыз.

Көп жылдар бойы біз терең ойланып әр нәрсенің хикметін пайымдаудан, құлшылықтан қаштық немесе әдейі аластатылдық. Бұл жерде кінә Исламда емес, мұсылмандарда. Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ой түңліктері мен есіктерін айқара ашып: «Сол жерге бейбіт түрде кіріңдер» (Хижр, 15/46), – деген.

Иә, Аллаһ елшісі адамдарға дұрыс тәрбие беріп, олардың адамдық қасиеттерін арттыру үшін келген еді. Алайда, ол бұл істі адамдардың жаратылысына сай іске асырды. Оның тәрбие жүйесінде адамның табиғи болмысына кереғар келетін, қайшылық туғызатын ұғым жоқ еді. Әрбір әрекеті адамның ерік-жігерін ынталандырып отыратын. Һәм ол осы мақсатын адамгершілік пен кісіліктен ада қауымның арасында жүзеге асырды. Енді Аллаһ елшісінің даналық тәрбиесін жете ұғындыруға мүмкіндік беретін бірқатар мысалдарға көңіл бөлейік.

[1] Қуртиби, 14/22.

[2] айн нәжіс: лас екені анық нәрсе.

[3] Фахруддин Рази (1149-1209) – Ирандық мәшһүр дін ғалымы әрі ойшылы

[4] Аллаһ тағаланың жарату құдіреті жөнінде және жаратылыс туралы терең ойлану, ой-пікір өрбіту

[5] Ажлуни, Кәшфул-Хафа, 1/370.

## ПАЙҒАМБАРЫМЫЗҒА ТӘН ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ

### 1. Мешіттегі оқиға

Имам Бухари мен Муслим мына оқиғаны жеткізеді: «Бірде Аллаһ елшісі мешітте отырған кезде, ішке бір бәдәуи бас сұқты. Шамасы, Пайғамбарымыздан бір нәрсе сұрағалы келсе керек. Бірақ, ол күтпеген жерден мешіттің шетіне барып, түрегеп тұрып, дәрет сындыра бастады. Отырғандар бірден өретүрегеліп оған дүрсе қоя бергенде, Ақиық елші жай ғана: «Тиіспендер оған, бітірсін», – деді. Егер пайғамбарымыз жанындағыларды тоқтатпағанда, олар әлгі бейбақты ұруға шак қалған еді. Бірақ бәдәуиге мұндай қылық көрсетудің өзі бәдәиулік болмақ. Сахабалар әсте бәдәуи емес-ті. Сосын Пайғамбарымыз: «Бір шелек су әкеліп, дәрет сындырған жерге төгіңдер. Су ластықты тазартады», [1] – деді. Иә, алғашқылардың көпшілігі мешіттің ішіне дәрет сындырудан арланбайтындай қараңғы һәм бәдәуи еді. Міне, осындай бәдәуилерден Пайғамбарымыз үлгілі қоғам жасады. Кім білсін, ол бәдәуи мүмкін Тарық ибн Зиядтың (р.а.), Шураһбил ибн Хасанәнің (р.а.) яки Уқбаның (р.а.) әкесі болды ма екен...

1] Бухари Уду, 58; Муслим, Тахарат, 98.

## 2. Әйел затын бағалауы

Надандық кеулеген кезең келмеске кеткен-ді. Ендігі қайғымен не ащы әжуамен еске алатын. Иә, сол күндерді адамдар кейде күліп, кейде жылап еске алатын. Әйел адам-ның өмір сүру құқығы жоқтай еді. Әкесі көрсе болды тыжырынатын, олар әкелерінің көзіне түспей өмір кешуге мәжбүр еді. Ол уақытта статистикалық ғылым болмағандықтан бұған ешкім мән беріп қарамаған. Дегенмен, өмір сүрген әйелдердің елу пайызы әкелерінің көзінен таса, басқа жерде өмір сүрген болуы керек. Әбу Бәкір (р.а.) тәрізді кіршіксіз ақ пейілді жандар ғана қыздарын өлтірмеген. Мұсылмандықты білмеген өзге жандар қыздарының өліміне себепші болып, қылмыскер атанды. Міне, осындай қоғамға Аллаһ елшісі қыз баланы қадірлеуді үйретті.

Қараңыз, Нәсәидің Айша анамыздан бізге жеткізген хадисінде былай айтылады: «Аллаһ елшісінің құзырына бір қыз келіп: «Пайғамбарым! Мен қаламасам да, әкем мені немере ағамның баласына бергелі жатыр»,– дейді. Хақ елшісі дереу әкесін шақырып алып: «Қызыңды зорлықпен біреуге ұзата алмайсың»,– дейді. Әлгі адам: «Құп алдық, Пайғамбарым»,– деп, райынан қайтады. Онсыз да сахабалардың басқаша жасауы мүмкін емес. Әлгі адам, бәлкім, қызын беру арқылы туыс інісін басына түскен бір ауыртпалықтан құтқарғысы келген шығар. Бірақ Аллаһ елшісінің бұйрығы бәрінен де жоғары. Ол Пайғамбарға осылай жауап қайтарған кезде қыз орнынан тұрып: «Пайғамбарым! Менің негізгі мақсатым әкеме қарсылық білдіру емес еді. Бірақ Исламда осының үкімі қандай? Қызын ұзатуда әкенің құқы не? Мен осыны білгім келген еді»[1], – дейді. Күні кеше ғана құдыққа тасталып, қорланып, жерге тірідей көмілген қыз енді бүгін Пайғамбардың алдына келіп, өз ойын еркін айтатын халге жетті.

[1] Нәсәи, Никах, 36.

### 3. Арлылыққа тәрбиелеуі

Ауф ибн Мәліктен Имам Мүслім мен Ибн Мәжә жеткізген. Ауф ибн Мәлік (р.а.) былай дейді: «Бір күні Аллаһ елшісінің жанында отырған едік. Шамамен тоғыз-он адамдай болатынбыз. Бізге: – бият етіңдер» – деді. Бәріміз таңғалдық. Өйткені осы уақытқа дейін бірнеше мәрте бият (серт, ант) еткен едік. Біз: – Уа, Аллаһтың елшісі! Қандай нәрсеге бият етеміз? – деп сұрадық. Ол: – Аллаһ тағалаға құлшылық қылып, Оған ешбір ортақ қоспауға, бес уақыт намазды толықтай орындап, ешкімге қол жаймауға бият етіңдер! – деді».

Осы ақырғы сөзді айтқанда, ол даусын бәсеңдетіп, өзгелерге естілмейтіндей етіп айтты. Шамасы, басқа адамдардың естігенін қаламаған шығар.

Басқаларға естіртіп, мына сахабаларды ұятқа қалдырмайын дегені шығар. Аллаһ елшісі өте сезімтал адам болатын. Ол қашан да алдымен достарының хал-ахуалын ойлайтын.

Арада жылдар өтіп, әлгі адамдардың көпшілігі кедейленіп, таршылықтың тауқыметін тартады. Алайда қанша тарықса да, көршіден жарты күлше нан сұрамай, ғұмыр кешті. Тіпті ат үстінде кетіп бара жатып, қолынан қамшысы жерге түссе, сол жердегі адамдардың біріне «ана қамшыны әперіп жіберші» деудің өзін кіріптарлық санағандықтан, өзі түсіп алатын болды[1]. Аллаһ елшісіне сөз берген соң, елден бір жұтым су сұраудың өзін ар санайтын болды.

Имам Бұхари «Сахих» кітабында былай дейді: «Хаким ибн Хизам Аллаһ елшісіне келіп бір нәрсе сұрады. Хақ пайғамбар оған сұрағанын берді. Бірақ Хакимнің сұрауы таусылмады. Аллаһ елшісі әр сұраған сайын қалағанын берді. Сосын оған былай дейді: «Дүние деген тәтті, дәмі тіл үйіреді, өзі әсем. Көпшіліктерің осыған алданып қалуларың мүмкін. Бірақ сендерге сұраусыз берілсе, сендер үшін мүбәрак болмақ. Ал егер сұрап алсаңдар, мойындарыңа жүк болып, кіріптар боласыңдар. Сақ болыңдар! Ешкімнен еш нәрсе сұрамаңдар! Кейіннен әлгі адам қайыршы күйге түсті. Бірақ, арлыққа ден қойғаны сонша, Әбу Бәкір (р.а.) де, Омар (р.а.) да садақа мен зекет тұрмақ оны соғыстан түскен олжаны алуға да көндіре алмай қойды. «Алмаймын» деп алған бетінен қайтпады»[2].

[1] Мүслим, Зәкәт, 108; Ибн Мәжә, Жиһад, 41.

[2] Бұхари, Уәсәя, 9.



#### 4. Қараңғылық дәуірінен үзінді

Пайғамбарымыз қараңғылық дәуірінде қанға сіңген бірқатар жабайы әдеттерді қойдырып, «зұлмат ғасырды» бақыт ғасырына айналдырды.

Бұған мысал ретінде Жағфар ибн Әби Талиптің Нәжәшидің құзырында тұрып сөйлеген сөзін жеткізгім келеді: «Ей, Патша, біз қан ішіп, өлексе жеп, зина жасайтынбыз. Ұрлық қылып, кісі өлтіріп, қарақшылық жасайтынбыз. Мықты әлсізді езіп, адам айтқысыз басқа да небір нашар іс жасайтын едік»[1], – деген кезде, хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) дейінгі адамдардың қалай өмір сүргеніне назар аудартқан. Иә, бұл қоғамда болмашы нәрсеге бет жыртысып, қырқысып, әркім өзінікін жөн санап, бір-бірін өлтіруге дейін баратын. Бұл қоғамда зина кең етек алып, ұрлық-қарлық мақтанышпен айтылатын әдетке айналған. Шарап ішпеген адамдар кемде--кем еді. Міне, ол қысқа уақыт ішінде осындай жыртықшыл қоғамның барлық жаман қылықтарының түбіне балта шауып, орнына көркем мінез деп аталатын ең жоғары адами ерекшеліктер мен ең жоғары адами парасаттылықтардың дәнін септі. Көптеген грек философтары, басқа да утопист жазушылар, мысалы, Томас Мор әрдайым осындай қоғамды аңсаған-ды. Алайда Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сол идеал қоғамды әлдеқашан жүзеге асырған болатын.

Иә, Аллаһ елшісінің тәрбиелік жүйесі неткен ғажап десеңізші! Ол жабайы қоғамды мәдениетті қоғамға айналдырып, бәдәуилерді мәдениетті елдерге ұстаз етті.

Оның заманында Ислам Иран мен Тұранға дейін жайылды. Алайда Иранның мәдениеті бір басқа да, Тұранның мәдениеті бір басқа. Түркінің мәдениеті мен Римдіктердің мәдениеті мүлдем басқа еді. Соған қарамастан, оның хабары бұлардың әрбіріне арнайы тігілген киімдей шап-шақ келді. Міне, мұғжиза! Иә, оның жер бетін алақанына салып, барлығына сөзін өткізуі – үлкен мұғжиза. Һәм бұл мұғжиза да оның Аллаһ тағаланың жіберген елшісі екендігіне куәлік етеді. Яғни, Ол – Аллаһтың елшісі. Біздің айтқымыз келгені де осы.

Бір адам данышпандығымен өз заманының ерекше тұлғасы болуы мүмкін. Мысалы, Ескендір өз заманының дара тұлғасы атанған. Наполеон мен Цезарь да солай. Бірақ, жер бетіндегі түрлі ұлттар мен ұлыстарға даналық сөзін тыңдатуы, тек өз заманында ғана емес, оларға өзінен кейінгі ғасырларда да ұзтаздық етуі – Пайғамбарымызға ғана тән керемет. Біздің мұны мұғжиза керемет демеске шарамыз жоқ. Негізінде, осы ғажайып жетістікті басқа сөзбен айту да мүмкін

емес. Мәселен, Пайғамбарымыздан бес ғасыр кейін өмір сүрген Алпарслан[2], сегіз ғасырдан соң ғұмыр кешкен Фатих Сұлтан[3] сынды айбынды қолбасылар толықтай оның ілімін бойларына сіңірген жандар. Одан кейінгі ғасырларда келген небір бірегей тұлғалар да дәл осы қалыпты бұзбады. Алайда олардың, шамамен, бәрі де адамзаттың қаймағы һәм өз заманының кемеңгерлері еді. Бәрі де Аллаһ елшісінің сөзіне құлақ қойып, мойынсұна білді.

Жиырма бірінші ғасырдың табалдырығынан аттағалы тұрмыз. Он төрт ғасыр өтсе де еш нәрсе өзгере қоймапты. Хақ Пайғамбардың әкелген хабары қазірде де қаймағы бұзылмай, жүрегіміздің, рухымыздың, ар-ожданымыз бен ой-санамыздың қорегіне айналып отыр. Өйткені ол осы хабарларды жан сырымызды білетін, рухымызға қамқоршы болған және ар-ожданымызға өзін сездірген һәм өнер құдіретімен ой-өрісімізді байытқан Ұлы Жаратушыдан алып, бізге тәблиғ еткен. Болмаса, пенде ретінде барша дәуірдің қажеттілігін қамти алатын жүйені орнатып кету адам баласының қолынан келер іс емес.

[1] Муснәд, 1/201,201.

[2] Алпарслан (1029-1072) – Селжук тайпасының патшасы әрі қолбасшысы. Оның билігінің тұсында (1063-1072) Селжук мемлекеті бұрын-сонды болмаған жетістіктерге қол жеткізді. 1071 ж. Алпарсланның әскері Византияны алғаннан кейін, Анатолия аймағында Ислам кеңінен тарай бастады.

[3] Фатих – (1432-1481) түрік сұлтаны Мехмет II; Оның билігінің тұсында данқты Константинополь алынып, Осман мемлекеті әлемдік державаға айналды. Ол ғылым мен өнердің де үлкен жанашыры ретінде танылған жан.

## 5. Білім жүйесі

Пайғамбарымыздың тәрбиелік негіздері Құран Кәрім мен сүннетте егжей-тегжейлі айтылған. Задында, басқасын былай қойғанда, тек Құран Кәрімді адамдарға, олардың болмысына сіңдіруінің өзі аса ғажап. Тақырыбымыз Құран болмаса да, мынаны айтпай кетуге болмайды.

Адамзаттың ардақ тұтар Тұлғасы мектеп пен медресесі жоқ сауатсыз қоғамнан шыққан еді. Ол бұл дүниеден өткен кезде артындағы жұртта жас-кәрісі бар сауат ашпаған жан қалмаған болатын. Алайда қазіргі кезде осыншалықты мүмкіншілік пен қаншама күш-қайрат сарп етілсе де, сауаты жоқтар кездеседі. Аллаһ елшісі болса, небәрі, шамамен, жиырма жылдың ішінде баршаға иман келтіруге арқау болып, хат танытып, сауатын аша білді. Шамасы, ұлылардың Ұлысы ақырет әлеміне көшкенде, артында қалған серіктерінен Құран Кәрімді үйренбеген ешкім қалмады деп ойлаймын. Тіпті Мәдинаның жер жыртып жүрген қарапайым егіншілерінің өзі, Құран оқудың жеті түрлі (яки он «кәріпті») тәсілін білген. Бүгінде «ужуһ ілімі» деп аталатын Құран оқудың осы тәсілін меңгергендердің саны ат төбеліндей ғана.

Сөз жоқ, сол заманның адамдары өте зерек, есте сақтау қабілеттері де айрықша болатын. Бірақ осы жауапты істі олар алғырлықтары мен жадыларының мықтылығының арқасында ғана игерген жоқ. Бұл Аллаһ расулының оларды Құранмен біртұтас ете білген білім жүйесінің нәтижесі еді. Хақ пайғамбардың таңғажайып тәрбие жүйесі оларды тазартылып қайта құйылған сом алтындай етті.

Мысалы, Құран Кәрім оларға «Аллаһ үкімін берді. Одан өзгеге құлшылық етпейсіңдер және ата-аналарыңа да жақсылық жасайсыңдар» (Исра, 17/23), – дейді. Осы жарлық сол күнге дейін ата-анасын тыңдамай, тіпті оларға қатыгездік жасаған әлгі адамдарға қатты әсер етеді. Тіпті олардың бірі Аллаһ елшісіне келіп, әкесі баласына қарағанда, ол күлімдеп қарамаса, оған қандай жаза берілетіндігін сұрай бастайды.

Құран Кәрімнің «Жетімнің малына жақындамандар» (Әнғам, 6/152; Исра, 17/34) мағынасындағы аяты түскенде де, мұсылмандарға өте қатты әсер етті. Артынша бірнеше адам Пайғамбарға келіп, қолдарындағы аманат етіп ұстаған жетімнің мал-мүліктерін өздеріне қайтарып берсек қайтеді деп сұрады. Назар салсаңыз, аят «жетімнің малын жемендер» демейді, «ол малға жақындамандар» дейді. Осындай аса қиын мәселеге сахабалар сақ қарап, қолындағы жетімнің малынан құтылғылары келді. Енді қараңыз! Кеше ғана жетімге адам деп қарамай, дүниесін

тартып алуға тырысқан мына адамдарға бүгін не болған? Неге бірден аяқ астынан өзгеріп сала берді?

Зина кең етек алып, қоғамда үйреншікті әдетке айналған болатын. Мұндай жиіркенішті қылықты сол кездегі қоғамда жатырқайтын адам кемде-кем еді. Осы кезде Құранның: «Зинаға жақындамаңдар» (Исра, 17/32) деген жарлығы келді. Жарлықтың жария болғаны сол екен зинақорлық бірден пышақ кескендей тыйылып сала берді.

Ұрлық пен қарақшылық жарысқа түскендей өршіп тұрды. Ол ол ма, ел арасында мұндай істер батырлыққа баланды. Алайда, Құранның: «Әйел, яки, еркек ұрлық жасаса, қолдарын кесіндер!» деген (Маида, 5/58) жарлығы келгенде, дүние бірден өзгеріп сала берді. Менің білуімше, одан кейін қол кесуге тұратын жайт орын алмады.

Құран Кәрімде баскесерлерге: «бейкүнә жанды нақақтан-нақақ өлтіруге тыйым салған» (Исра, 17/33) бұйрығы түскенде, кісі өлтіру қылмысы да су сепкендей басылды. Иә, содан кейін бар-жоғы екі өлім оқиғасы орын алды: бірі қасақана, бірі қателіктің себебінен.

Енді қараңыз! Зер салып қараңыз! Ширек ғасырға да жетпейтін уақытта, яғни, Аллаһ елшісінің тірі күнінде өзі келіп мойындаған бір зинақорлық қылық, бір еврейдің өлтірілуі және, менің білуімше, бір әйелдің қолы кесілуі сияқты бірнеше оқиғаға куә боламыз. Бұрын да айтқам, қазір де айтамын: Бұл ел «өлексе жеп, қан ішетінбіз» деген қанішер қоғам болатын. Міне, осындай қоғамнан Аллаһ елшісі періштедей пәк адамдарды «хазірет» деп аталған Әбу Бәкір (р.а.), Әбу Һурәйра (р.а.), тіпті Майызды (р.а.), Ғамидияттық (р.а.) әйелді, басқа да қаншама бірегей тұлағаларды шығарды. Яғни балшық пен батпақтан нұрлы қоғам тұрғызғандай еді. Бұл мұғжиза емей немене?

Осы тақырыпты терең ашып көрсету мүмкін емес. Ендігі жерде жоғарғы адамгершілік мінездің үш-төрт ұстанымына қатысты бір-екі мысал келтіре кетіп, ардақты пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) жүзеге асырған істерінің қаншалықты пәрменділігін тағы бір рет бейнелегім келеді.

## 6. Жомарттықтың «исар» дәрежесі

Исламға дейінгі қоғамда бас пайда мен жеке мүдде ғана көбірек күйттелетін. Өзгеге қол ұшын беру, көмектесу деген ой олардың түсіне де кірмеген еді. Әсіресе, өзгені өзінен артық көру турасында бір сәтке ой жүгіртіп көрмеген. Оларды Аллаһ елшісі әдеттегідей тура жолға бастап, сараңдықтан арылтып, жомарттық пен исар қасиетін рухтарына сіңірді.

Бір күні Аллаһ расулының құзырына біреу кіріп келеді. Бұл Әбу Һурәйра (р.а.) болатын. Ол Пайғамбардың қасына тақап: «Пайғамбарым! Бірнеше күннен бері нәр татпадым. Күнде аш күйімде ауыз ашпай, ораза ұстап жүрмін», – дейді. Ақиық елші айналасына көз жүгіртті. Бірақ оны қонақ етуге ешкімнің шамасы жоқ еді. Бір уақытта Аллаһ елшісі-не жақын адамдардың бірі Әбу Талха (р.а.) орнынан тұрып: «Уа, Аллаһтың елшісі! Оны мен үйіме қонақ етейін», – деді. Одан кейін оны ертіп, үйіне апарды. Бірақ барлық дүниесін Ислам жолына сарп еткен мұның да үйінде тіске сыздық қылар азық қалмаған еді. Анда-санда ғана ошағында қара сорпа қайнайтын. Қонақ сондай күндердің біріне тап келіп еді. Жары Үммі Сүлейім балаларына ас қамдап жүрген. Бір мезет отағасы қонағын ертіп кіріп келеді. Қонақ төрге жайғасқан соң, ерлі-зайыптылар оңаша шығып: «Бұл түні сорпаны Аллаһ елшісінің қонағына ішкізейік. Өзіміз бүгінше ауыз ашпай-ақ, ертең де ауыз бекітіп, кешке дейін шыдай тұрармыз. Балалардың да көңілін аулап, жатқызалық. Таңертең бір жолын табармыз», – деп сөйлеседі. Одан кейін олар қонақ күтудің қамы бойынша кеңесіп, былайша келіседі: сорпаны әйелі әкеліп дастарханға қоя бергенде, байқамай сол жердегі шырақты сөндіріп алады. Сол кезде үй иесі қонаққа «асқа қараңыз» деп алдырта бастайды. Қонақ ортадағы тостақтан қасықтап алып ішіп отырғанда, үй иесі де қасығын тостаққа батырады да, бос күйінде қайта шығарып, алып отырған болып көрінеді. Өйткені сорпа бір адамның ғана қарнын тойғызатындай мөлшерде болатын. Ерлі-зайыптылар дереу келіскендерін іске асырады. Көп ұзамай таң да атып, намазға жамағат жиналып, Аллаһ елшісі намазға тұрғанда, бұл екеуі де сол жамағаттың арасында тұрады. Намаз оқып біткен соң, Хақ пайғамбар жамағатқа бұрылып, Әбу Талха мен Әбу Һурәйраға қарата: «Түнде өздерің жайлы аят түсетіндей нендей нәрсе істеп едіңдер? Сендер хақында мына аят түсті: «Өздері таршылық көріп отырса да, өзгелерді өздерінен артық санайды» (Хашыр, 59/9)[1].

Исламнан бұрынғы кезеңде өмір сүрген адамдардың кітаптарында «Исар», яғни өзгені өзінен артық санау, аш кісіні тамақтандыру, жалаңашты киіндіру, өзгеге өмір сыйлау жолында өз өмірін қию, бақыт беріп, өзі бақыттан бас тарту сияқты ерекшеліктер жоқ болатын. Жоқ еді, бірақ Аллаһ елшісі үйретіп, сөзін өткізді. Тас

ойған өнершідей осы қасиеттерді олардың бойларына өшпестей етіп, әшекейлеп өрнектеді. Осы өзгелер үшін өмір сүру қасиетін сіз сабырлық, төзімділік және мойынсұнушылық деп атасаңыз да болады. Ол осы мағыналардың бәрін де қамтиды. «Иман мойынсұнушылықты, мойынсұнушылық нартәуекелділікті, нартәуекелге бару дүние мен ақырет бақыттылығын тудырады» деген осы бір өшпес сөзді тағы бір рет қайталап өтейік. Сенім білдірсеңіз, Аллаһ тағалаға мойынсұнуыңыз тиіс. Ұлы Жаратушыға мойынсұнғанда, нартәуекел етіп, соған ғана арқа сүйейсіз. Міне, сонда бұл дүние мен ақыретте бақытты боласыз.

[1] Бухари, Тәфсир, (59) 6; Муслим, Әшрибә, 172; Аини, Умдәтул-Қари, 19/227, 228.

## **7. Хансаның қаһармандығы**

Ханса бауыры өлген кезде жоқтау айтып, естігеннің сай-сүйегін сырқыратқан болатын. Бұл – оның әлі қараңғылықтан шықпаған, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаны (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) тани алмаған және Құранның тіл жетпес ғажайып сөздеріне құлақ салмаған кезі. Сол бір алып тұлғалы әйел Құранды таныған кезде, бірден өзгеріп сала берді.

згергенде қандай! Бауырына жоқтау айтып, жыр жазған осы ұлы рухтың Қадисияда төрт ұлы бірдей шейіт болады. Естіген асқақ аналардың жүректерін қақ айырып, ана болып, еңіреп көз жасын төгеді. Бірақ ол сөйте тұра, терең мойынсұнушылықпен Хақ тағалаға тағзым етіп: «Аллаһым, Саған хамд, мадақ, сансыз шүкір!. Маған берген төрт ұлымды көзі тірімде Саған бағыштауды маған нәсіп еттің!» – дейді[1]. Міне, хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пайғамбардың адамдарды өзгертуі. Һәм оның істерінің мұғжизалық ерекшелігіне назар салыңыз! Бұл нағыз оның қараңғылықтан жарық, зұлматтан нұр шығаруы емес пе? Тағы да қайталап өтейін. Адамдарды аяқ астынан өзгерткен бұл ерекшелік мұғжиза емей не енді?

[1] Ибн Әсир, Усдул-Ғабә, 7/88-90; Ибн Хәжәр, әл-Исәбә, 4/287,288.



## 8. «Инсибағ» қаһармандары

### а. Икрима

Мекке алынған кезде, Икрима қашып кетіп, кейіннен әйелі іздеп барып, көндіріп, қайта әкелген еді. Аллаһ елшісінің ең адуынды дұшпаны оның құзырына кірген сәтте екі әлем Сардары оған жылы шыраймен: «Қош келдің, Ракибул мұхажир!» – дейді[2]. Осы сөз оның жүрегін баурап алуға жеткілікті болды. Ол осыдан кейін өз-өзіне сөз берді: өзі де, жалғыз ұлы Әмір де осы жолда барын сарп етіп, жандарын қиюға да дайын болмақ. Ярмукта ауыр жараланып, өлім аузында жатқан кезінде: «Ұлың шейіт болды», – деген хабар келеді. Икрима жаралы күйі бойын тіктеп отырды да, бейне бір алдында Аллаһ елшісі тұрғандай: «Пайғамбарым! Ұлымды да жолыңа қиямын деп саған сөз берген едім. Ракибул мұхажир[3] сөзінде тұрды» – дейді. Әбу Жәһілдің баласынан «Ракибул мұхажир» шыға ма? Осы бір Аллаһ елшісіне қарсы айқасып, оны өлтіруді ең үлкен арманы санаған адамнан, яғни зұлмат қараңғылығына оранған адамнан періштелерді басып озатындай «Ракибул мұхажир» шыға ма? Сөйтсек шығады екен. Шықты да. Ол – мұсылман болмай тұрғанда, аса бай, күші бойына сыймаған әрі өте мықты адам еді. Әрқашан қауқарсызды қанап, қарақшылық жасайтын. Қауқарсыз жанның онсыз да сол заманда өмір сүруге құқығы жоқ болған. Әсіресе, әйел затының әсте өмір сүруге құқы жоқ еді. Сәби бүлдіршіндер жазықсыз өлтіріліп кедейлер «менің де құқым бар» дей алмайтын. Заң күштіні жақтап, әлсіз бен қауқарсыздарға қарсы пайдаланылған. Аллаһ елшісі мұншама тағы, ақиқат пен әділдікті һәм тура жолды білмейтін қоғам арасынан жер бетінде әділдік рәмізі болатын періште тәрізді адамдар шығарды.

### ә. Хазірет Омар (р.а.)

Ол Омардың (р.а.) Йеменге, Өкюз өзеніне дейінгі аралықты алып жатқан мемлекеттің халифасы болған кезі еді. Бір күні Халифа Омар Үбей ибн Қағбпен сөзге келіп қалады. Үбей оған: «Ей, Аллаһтың Пайғамбарының халифасы! Сен қатты қателесіп тұрсың. Мұның жөн емес», – дейді. Ол сол кезде онымен бірге әділ қазыға барып, ақ-қараны сол жерде анықтайық деп ұсыныс жасайды. Сол кезде Зәйд ибн Сәбит даулы мәселелерге төрелік айтатын қазы болатын. Олар қазыға бірге барды. Сот сол жерде болмақ. Мәдинаның қазысы Халифаның ішке енгенін көргенде, ел басшысына ілтипат жасап жанындағы мінберді нұсқап: «Мұсылмандардың әміршісі! Мына жерге отырыңыз!», – дейді. Бұл сөзге бірден қабағын түйіп, қатуланған алып Омар тарихқа таңба басып: «Қазы! Сен төрелігің басталмай жатып әділетсіз қылыққа бардың», – деп ескерткен еді.[4]

[1] Инсибағ – Аллаһ расулының рухани атмосферасы және осы атмосферадан нәр алу

[2] Мустәдрәк, 3/241-243; Ибн Хәжәр, әл-Исәбә, 2/469; Мәжмәуз-Зәуәид, 9/385.

[3] Аттылы жолаушы

[4] Кәнзул-Уммал, 5/808.



## КӨШБАСШЫҒА ТӘН СИПАТТАР

### 1. Өзіне деген сенімділігі

Ибн Исхақ (р.а.) баян етеді: Құрайыштықтардың бетке ұстар үлкендері Әбу Тәліпке келіп, Пайғамбарымызбен келісім-шарт жасағысы келетінін айтты. Әбу Тәліп інісін шақырып алып: «Бұлар – Құрайыштың үлкендері. Сенімен келісім-шарт жасасуға келіп отыр», – дейді.

Аллаһ елшісі олардан не талап ететінін жақсы білгендіктен өзіне бек сенімді еді. Пайғамбарымыз: «Мен сендерден бір сөзді айтуларыңды қалаймын. Бұл сөзді айтсаңдар бүкіл арапқа ие болып, барша адамзаттың сый-құрметіне бөленесіңдер» – деді. Құрайыш бетке ұстар үлкендері қуанып: «Қандай сөз? Айт!» – деді.

Пайғамбарымыз оларға: «Лә илаһә иллаллаһ», осыны айтқан кезде, көп өтпей, болашақта арабтарға ие болып әрі барша адамзаттың ыстық ықыласына бөленесіңдер»[1], – деді. Айтқаны айдай келді....

Қазірге дейін қаншама мемлекеттер мен елдер оның рухынан нәр алды. Әсіресе, ақиқатты ерте тапқан түркілер осыдан он бір ғасыр бұрын хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пайғамбардың көкжиектен күндей көтерілгенін көргенде, уақыт өткізбей, дереу оған қарай құшағын аша ұмтылды. Иә, сол кезде бір жылдың ішінде мың шаңырақ бірден ерікті түрде мұсылман болған. Осы шынайылығының арқасында он ғасыр бойы осы ұлы дін-дағуасының байрағын әлемде желбіретіп келді. Иә, ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): «Ертең сендер күллі арабқа үстем боласыңдар. Қасиетті үй Қағба да күллі адамзаттың тауап ететін жеріне айналады», – дегенде де өзіне бек сенімді еді. Уақыты келгенде, айтқандары айдай келеді. Бүгін Қағба ғана емес, оның нұрлы қабірі мен мешіті де мұсылмандардың зиярат орнына айналған. Әр жылы миллиондаған адамдар көбелектер тәрізді сол бір нұр шеңбердің айналасында шыр айналуға.

Хақимнің Мустәдрак атты еңбегінде Адий ибн Хатам оқиғасына назар аударалық. Адий – ақ пейілді жомарттығымен аты шыққан Хатама Тайидың ұлы.

Адий бізге мына жайтты айтады: «Аллаһ елшісімен бірге отырған болатынмын. Ішке бір адам кіріп келді. Жол торушы қарақшыларды айтып: «Керуендерді талап, малдарды тартып алып жатыр. Һәм қуаңшылық та белең алып, адамдар аштан өлуде», – деп шағымданды.

Ол осылай деп тұрғанда, Аллаһ елшісі маған қарады да: – Ей, Адий, Сен Хираға барып па едің? – деді. Мен: – Жоқ, Пайғамбарым! Ол жерде болған емеспін. Бірақ қайда екенін білемін, – дедім. Ақиық елші сөзін жалғастырып: – Егер өмірің жетсе, жақында түйесіне мініп, бір әйел жалғыз өзі Хирадан шығып келіп, Қағбаны тауап еткенін көресің, – деді.

Мен ішімнен «Тай қарақшылары бола тұра, қалайша жолға шыға алады?» – дедім. Ол сөзін әрі қарай жалғастырып: - Ей, Адий, өмірің жетсе, бір күні Кисраның барлық қазыналарын менің үмбетімнің алатынын да көретін боласың, – деді. Мен таңырқап: – Һүрмүздің ұлы Кисраны айтып отырсыз ба? – деп сұрадым. Ол: – Иә, Һүрмүздың ұлы Кисра, – деді. Адий сөзін: – Аллаһ тағалаға ант етейін! Аллаһ елшісінің сол күні айтқандарының бәрін де көріп куә болдым. Және ақыретке қатысты бір нәрсе айтты. Оны да көруден үміттімін, – деп аяқтайды[2].

Аллаһ елшісі айналасындағы адамдарға сөзін аса сенімділікпен айтатын еді. Сөздерінің ешбірінде зәредей күмән сезілмейтін. Онсыз да айтқан сөздері уақыты келгенде, Аллаһтың шарапатымен айдай айқын көрініп жатты.

[1] Ибн Хишам, Сирә, 2/58,59; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/150-151; Муснәд, 1/362; Мустәдрәк, 2/432; Ибн Сад, Табақат, 1/202.

[2] Мустәдрәк, 4/518; Муснәд, 4/257.

## 2. Бай-дәулеттілердің талаптары

Исламның алғашқы жылдарында Аллаһ елшісінің айналасына кедейлер шоғырлана бастады. Бұлардың басым көпшілігі жастар болатын. Күпір ұйығына батқан қартаң кәпірлер Ақиық елшіні танымай, әрқашан қарсылық білдіретін. Бір күні «Аллаһтың дініне топ-топ болып кіреді» (Насыр, 110/2) сыры көрінген кезде, олар да Хақ елшіні мойындауды жөн көрді. Бірақ, алғашқыда оның айналасында тек жастар бар еді. Әрі олар кедей болатын.

Мекке мүшріктерінің арасында өздерін жоғары лауазымды санағандар осы кедей жастарды ә дегеннен-ақ жақтырмады. Жиі-жиі Хақ пайғамбарға келіп, өздерін ғана қабылдайтын бір күнді арнайы бөлуін талап етті. Әсіресе, Біләл, Аммар, Ясир, Хаббап сияқты кедейлердің бұлар отырған жерге келмеуін қалады. Олар осы жердің мансабы биік адамдары болғандықтан, кедей-кепшікпен бір дастархан басында отыруға арланды[1]. Бұлар сол күнге дейінгі үйреншікті салт-дәстүр болғандықтан, осы ұсыныстарын жөн санаған шығар. Бірақ мәселе олардың ойлағанындай емес болып шықты. Олар өз ойларын дұрыс санап, іштей пікірлеріне риза болып жүргенде, Хақ тағала Сүйікті Пайғамбарына былай деп ескертіп те қойды:

«Ертелі-кеш Раббыларының разылығын қалап, Оған жалбарынғандарды кума. Олардың есебінен саған ешқандай жауапкершілік жоқ. Сенің есебіңнен де оларға жауапкершілік жоқ. Оларды қуып, зұлымдық жасаушылардан болма» (Әнғам, 6/52).

Яғни, сен есебі үлкен адамсың. Жаныңнан кедейлерді қуып, мүшріктер тура жолға келеді деп үміт ететіндей болмашы есепке кіре алмайсың. Өйткені бұл – зұлымдық. Сен зұлымдықтан мүлде алшақсың. Иә, мүшріктер риза болсын деп қана кедейлерді қуу – ең үлкен зұлымдық. Осылайша Аллаһ тағала ең үлкен әділдік адамын әуел-бастан кепілдікке алды.

Осы маңызды тақырып «Кәһф» сүресінде де айтылған:

«Ертелі-кеш Раббыларының разылығын қалап, Оған жалбарынғандармен бірге сен де сабырлық қыл. Дүние-ғұмырдың әсемдігін қалап, көзіңді әлгі адамдардан айырушы болма. Бізді еске алуды ұмыттырған және ісінде тым шектен шығып, нәпсісіне ерген адамға еруші болма!» (Кәһф, 18/28).

Құран оған былай деуде:

Ертелі-кеш дін дағуасын ойлап, әрқашан «Аллаһ» деп көз жасын төккендермен бірге бол. Өзгелерге көз тас-таушы болма! Әрдайым олармен бірге тұрып, бірге

жүр! Өйткені Аллаһ тағаланың рақымдылығы олармен бірге. Сақ бол! Көзіңді олардан айырушы болма. Аллаһ адамзатқа рақымшылдық жасаған кезде Аммарға қарап рақым етер. Ясирге қарап рақым етер. Кішкене Әлиге қарап рақым етер. Хаббапқа қарап рақымшылдық жасар. Ибн Мәсғұдқа қарап та рақымшылдық жасар. Олар – жер бетіндегі Хақ тағаланың назар салар алқасы. Олар – бәле-жаланың келмеуіне себепкер жандар. Сен де солармен бірге болуды ойла!

Құран осы сөздерді айтқанда, Аллаһ елшісінің айналасында бес-алты кедейден басқа ешкім жоқ болатын. Бірақ ол сол кезеңнің өзінде де болашаққа толық сеніммен қарайтын. Тіпті перғауын тәрізді ешкімді өзіне тең көрмейтін тәкаппар адамдардың өзі Исламды қауышып, бек сенімді еді. Келешекте Исламды жаю үшін дәл қазір жанында болғандарды неге қусын?!

Һәм Аллаһ елшісі тікелей өзі: «Жәннат мына үш адамға құштар: Әли, Салман және Аммар»[2], – деген адамдарын қалай ғана қусын.

Иә, барша жан жәннатқа құмар болса, жәннат оларға құштар. Ғашықтың сүйгеніне, көздердің сұлулыққа, ар-ожданның көруге, жүректің тамашалауға құштар болғаны тәрізді құштар...

Екі әлем Сардары айналасына жинаған осы алғашқы топ, яғни кедей адамдардың бір күні жер-жаһанда төңкеріс жасайтын жамағат екендігін әуел бастан біліп, соған қарай қадам басқан еді. Жер дүниенің батысы да, шығысы да бір күні сөзсіз оның әкелген ақиқаттарына мойынсұнатындығына зәрәдей шүбәсі жоқ болатын. Хақ тағаланың уәдесіне көңілі тоқ, жүрегі сенімге толы еді.

Мүшріктердің талабына құлақ асқан да жоқ. Осы бір жарлы кедейлерді көзінің қарашығындай бағалап, оларды «инсибағ» нұрына оранған құзырының қадірлі тұрғыны етіп, әрқашан өз тұтты.

[1] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/129.

[2] Тирмизи, Мәнәкиб, 34.

### 3. Адам факторы

Аллаһ елшісі ешқашан адам факторына немқұрайды қарамаған. Тіпті жорыққа әскер жасақталған кезде, ғылым мен шұғылданатын жандарды тізімге қоспаған. Басқаша болуы да мүмкін емес еді, себебі Құран Кәрімде осыған қатысты: «Мұсылмандардың барлығы бірдей соғысқа шықпауы керек, әр көпшіліктен бір топтың дінді тереңірек үйрену, қайта оралғанда оларға ескерту үшін артта қалуы керек емес пе? Сонда ғана қателікке ұрынудан абай болады», - деп айтылған (Тәубә, 9/122).

Иә, мұсылмандар шайқаста жүргенде де артында арнайы біреулер қалып, дінді үйреніп, әскерлер қайтып оралғанда, оларға дінді үйреті тиіс. Иә, дін күресіне қатысу міндетті заман болса да, қоғамда білім мен ғылымға жол ашық болуы керек. Егер айналасын дұшпан қаумалаған сол заманда ғылым қақпасын жауып, бәрі бірдей соғысқа аттанғанда, соғыста жеңіске жеткенмен, ғылым мен мәдениет тұрғысынан көп нәрсе жоғалтар еді. Сондықтан Ислам осындай қиын кезеңде де кейбір адамдардың соғысқа аттанбай, артта қалып ғылыммен айналысуын әмір етуде. Ендеше, Аллаһ елшісі ғылым мен мәдениетті ең қиын-қыстау шақта да назарында ұстаған. Соғысқа аттанбағандар ғылыммен терең шұғылданушылар. Бұрын да айтып өткеніміздей, алғашқыда хат танитындардың саны санаулы ғана болса, жиырма жылдан кейін хат танымаған жан қалмады. Мұндай нәтижеге жету – Аллаһ елшісінің осы саладағы көрсеткен қажыр-қайратының арқасы еді.

Иә, ол ешқашан адамдарға немқұрайдылықпен қарамай, әр адамның барлық жағынан жақсы жетілуі мен қоғамның кең құлаш жаюын үйреткен. Үйретуін әмір етіп қоймай, тікелей өзі де мұғалім болып шәкірт тәрбиеледі. Осылайша өлі дүние мен өлілер арасынан жанды ілім мен иман қоғамын құра білген.

Алғашқы сәулетші мен құрушыдан кейін қоғам өз басшыларын өздері шығара бастады.

Иә, ғылымға терең бойлап, ой сауа білген қоғамды қашан да өздері тәрізді адамдар басқарады. Һәм осы басқарушылар сол қоғамның маңызы мен қаймағы іспетті. Сүттің қаймағы сүттен болғаны тәрізді түбінде қайнаған ғылым мен ой-пікір болса, бетінде соған лайық қаймағы болады. Аллаһ елшісі осыны меңзеп: «Өздерің қандай болсаңдар, басшыларың да сондай болады»[1], – деп өте ғажап айта білген.

[1] Кәнзул-Уммәл, 6/89.

#### 4. Келешек кепілі зиялы жандардың қолында

Адам факторымен айналысуға ынталандыратын бірнеше аяттар бар. Бұларға терең ой жіберсек, Ислам дінінің адамға үлкен мән бергені айқын аңғарылады. Біз бұл жерде осыған қатысты мәселені қысқаша баяндап, бір-екі аятқа ғана тоқтала кетейік:

«Іштерінде жақсылыққа шақырып, туралықты әмір еткен әрі жамандықтан тыйған бір жамағат болсын. Міне, табысқа қол жеткізгендер тек осылар ғана» (Әли Имран, 3/104).

«Сендер адамдар арасында ең қайырлы үмбетсіңдер. Жақсылықты әмір етіп, жамандықты тыйып, толықтай Аллаһ тағалаға сенесіңдер» (Әли Имран, 3/110).

Осы және осыған ұқсас аяттар Исламның адам мен ілімге берген маңыздылығын айқын көрсетеді.

Ислам жүрек, рух, сана-сезімді ең жақсы түрде тепе-теңдікті сақтай отырып, оларды жаратылыс мақсатына бағыттаған. Аллаһ елшісі осы мәселеге ешқашан немқұрайды қарамаған. Бұл жол көрсетуші үшін аса маңызды. Өмірде қаншама жолбасшылар бар. Олар қол астындағы әскері мен мүмкіндіктеріне сеніммен қараса да, күтпеген жерден жеңіліске ұшырап отырған. Жалпы тұрмыстық хал-ахуалын пайдаланып, елді көтеріліске шығарғандар, сөзсіз, олардың осы сезімдерін есепке алған. Бірақ ғұмыршаң істерде бұның ешбір маңызы жоқ. Аллаһ елшісі осы толқуларды пайдаланып, адамдарды өз жағына шығаруды ешқашан ойламаған. Өйткені мұндай бір сәттік сезіммен келгендер басқа сезіммен тарап кетеді де, ол жалғыз қалады. Алайда Хақ Пайғамбардың айналасындағы адамдар ең қиын шақтарда да оны жалғыз тастамаған. Тастау былай тұрсын, оның жолында өлуді негізгі мақсат санап, шейіт болуды арман еткен. Өткенге қайта оралайық: Иә, бір елдің өрісі кең болса, ол адамдары арқылы кеңейген. Міне, осыны хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пайғамбар жүзеге асырған. Шартарапқа жіберілген адамдардың барған жерлерінде мемлекет пен елді басқаруда, тіпті мектеп пен медресе ашуда ешқандай қателікке жол бермеуі Аллаһ елшісінің өз адамдарын аса жақсы тәрбиелегенін, бәрінен бұрын адамға үлкен мән беріп қарағанын көрсетеді...

## АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ҚАБІЛЕТТІҢ ДҰРЫС БАҒАЛАНУЫ

Аллаһ елшісі айналасындағы адамдарын асқан дәлдікпен өз қабілеттеріне қарай таңдай білген. Ол қандай да бір адамға белгілі бір міндет жүктесе, ол сол жауапкершілігін тиянақты атқарып шығатын. Яғни, сол істің адамын жаза баспай дөп таныған. Бұған оның өмірде жасаған барлық іс-әрекеттері куә. Тіпті, оның пайғамбарлығына ешбір дәлел болмаса, тек адамдарды қабілеттеріне қарай қолдануы, әр адамға өз орнына сай жауапкершілік жүктеу мәселесінде ешқандай қателеспеуі һәм кімді қай жерге қойса, өмірінің ақырына дейін әлгі адамның сол міндетін қалтқысыз атқаруы – Аллаһ елшісінің пайғамбарлығына ең үлкен дәлел болмақ.

### 1. Әбу Зәһр әл-Ғифари

Бірде Әбу Зәһр (р.а.) иман келтіріп, мұсылман болады. Осы бір көңілі толқымалы адамның ол кезеңде Меккеде болуы өзі үшін де, өзгелер үшін де қауіп туғызатындықтан, Хақ Пайғамбар оны руына қайтарып, сол жерде дін таратуды бұйырады. Сосын сөзін жалғастырып: «Біздің жеңіске жететін күнімізді күт. Міне, сол уақытта бізге кел», – дейді. Әбу Зәһр (р.а.) Хайбардың жеңісінен кейін Аллаһ елшісіне қайта келеді. Алайда ол Мекке кезеңінің алғашқы жылдарында мұсылман болған[1]. Әбу Зәһр (р.а.) тақуа, заһид жан еді[2]. Әбу Зәһр қазіргі заманның әлеуметтанушыларын таңғалдырған қоғамның әділдік жаршысы, тіпті социалист жазушылар оны ең алғашқы социализмге қатысты пікірді айтқан деп есептейді. Яғни, кедейлік деген не?

Кедейлікке қарсы қалай күресуге болады? Осы ойларды алғаш рет айтқан қаһарман Әбу Зәһр болатын. Сонымен қатар, ол – жәннаттың өзі құштарлық танытқан сахабалардың бірі[3]. Осыған қарамастан, ол бір күні Аллаһ елшісіне келіп: «Маған да бір басшылық бер, Пайғамбарым», – дейді. Яғни, бір жасаққа қолбасшы, яки бір жерге әкім болайын. Маған да бір жауапкершілік бер дегені. Хақ Пайғамбар оған: «Сен әлсізсің. Бұл істер саған ауыр келеді, Әбу Зәһр. Мұндай міндетті сұраушы болма. Бұл уәзипа сұрағанға берілмейді», – деп жауап қайтарады[4].

Ол Әбу Зәһрге осылай дегенмен, Әбу Бәкір мен Омарға (р.а.) бұлай деген. Қайта олардың басшылықтарын меңзеп, оң жағына Әбу Бәкірді, сол жағына Омарды (р.а.) ұстап тұрып: «Менің көкте екі, жерде екі уәзірім бар. Көктегілер: Жәбірейіл мен Микайыл болса, жердегілер: Әбу Бәкір мен Омар»[5], – дейді.



Ол осы сөздерін жай әншейін айта салмаған. Олардың болашақта халифа болатындықтарын ғайыптан білген. Оның басқа да сөздеріне назар салсақ, төрт халифаның да халифат басшысы болатындығын айтып өткен. Осман (р.а.) хақында «Сынағы ауыр» деп айтқан[6]. Айтқандай-ақ, Османның халифалығы тұсында бірқатар қиыншылықтар орын алды.

Иә, ол өз ұжымындағы адамдарды өте жақсы таныған. Жауапкершілік жүктелген адамдар өз міндетін қалтқысыз атқарып, ешқандай қателікке жол бермеген. Әбу Зәпп (р.а.) билікті қалағанда, ол өзін сол істі толықтай атқаруға шамам жетеді деп ойлаған болуы мүмкін. Бірақ Хақ елші Әбу Зәппді оның өзінен әлдеқайда жақсы танып: «Сен әлсізсің. Бұл – өте ауыр іс» деп оған билік бермеген.

[1] Муслим, Фәдәил, 132-133; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/45-47.

[2] Ибн Хажәр, Исәбә, 4/62.

[3] Мәжмәуз-Зәуәид, 9/330.

[4] Кәнзул-Уммал, 11/563, 13/15.

[5] Бухари, Фәдәилул-асхаб, 5-7; Муслим, Фәдәилус-сахаба, 29.

[6] Бухари, Фәдәилул-асхаб, 5-7; Муслим, Фәдәилус-сахаба, 29.

## 2. Амр ибн Абәса

Ахмәд ибн Ханбәл жеткізеді: «Амр ибн Абәса Аллаһ елшісіне келді. Бәдәуише дәрекілікке басып: «Сен кімсің?» – дейді. Аллаһ расулы өте қарапайым түрде: – Мен Аллаһ тағаланың пайғамбарымын, – деп жауап қатады. Өзінің дәрекі сөзіне жылы сөзбен жауап қайтарғанына Амр ибн Абәса қайран қалып, тас жүрегі бірден еріп сала береді. Ол тізе бүгіп: «Уа, Аллаһ тағаланың елшісі! Бұдан кейін мен саған бағыныштымын», – дейді. Бұл жайт Меккеде болған. Ол кезде мұсылман болғандардың саны аз болатын. Мұндай кезеңде тым құрығанда сырттай мықты көріну үшін адам санына деген зәрулік бар еді. Бірақ Аллаһ елшісі кімді қай жерге қойып, қалай пайдаланатындығын өте жақсы біледі. Амр ибн Абәсаға да дәл Әбу Зәппге айтқан сөзін айтып: «Сен әлсізсің. Қазір мұнда қалуға шамаң келмейді. Руыңа орал. Сол жерде дінді жаюға атсалыс. Қай уақытта біздің жеңіске жеткенімізді естісең, сол кезде бізге келіп қосыл!» – дейді.

Амр руына қайтып оралады. Арада жылдар өтеді. Бұл кездері Хақ пайғамбардың жеңістері бірінен соң бірі шартарапқа тарап, Амр ибн Абәса (р.а.) өзінің күткен мезгілінің келгенін ұғады. Дереу жолға шығып, Мәдинаға келеді. Ақиық елші мешітте отырған еді. Мешітке кіріп, Аллаһ расулының жанына барып отырады. Пайғамбар сол сәтте сахабалармен сұхбаттасып отырған болатын. Ол сөзін

бітірген кезде, Амр Пайғамбарға қарап: «Пайғамбарым! Мені таныдыңыз ба?» – деп сұрайды.

Екі әлем Сардары кідірместен: «Сен Меккеде маған келген пәленше деген адам емессің бе?» деп жауап қайтарып, алғаш жолыққан кездегі өз араларындағы әңгімені кеше ғана болған жайттай түгелдей айтып береді. «Мен сені кері қайтарып, былай деген едім», – дейді. Амр ибн Абәса осы жолы да оның сөзін растайды[1].

Осы өткен жайтты Амрдың ұмытуы мүмкін емес. Өйткені ол үшін бұл – өмірінде ең ұмытылмайтын оқиға. Бірақ Аллаһ елшісі үшін басқаша. Ол бұл уақытқа дейін мұндай талай жайтты бастан өткерген. Әрі осы жылдар ішінде көрген қиыншылықтары мен басқа түскен ауыртпалықтары бірнеше жыл бұрын кездескен адамы тұрмақ, өзінің ең жақын достарын да ұмыттырып жіберетіндей қиын соғып еді. Алайда Пайғамбарымыз өзімен жүздескен ешбір адамды ұмытпаған. Бәлкім, Амр яки Әбу Зәрр оған келмегенде, Пайғамбарымыз Меккені алғаннан кейін оларға адам жіберіп шақырып алар еді. Өйткені нағыз жеңіс Меккені алғанда ғана болған...

Иә, ол өзінің қарамағындағы жандарды өз балаларымызды танығаннан әлдеқайда артық танитын. Өйткені, айналасындағы әр адамның Аллаһ елшісінің жүрегінде өз орны бар еді. Сондай-ақ осы тануы олардың қабілеттеріне қарай жауапкершілік беру тұрғысынан да аса маңызды болды.

Енді қараңыз! Әлем тарихында қарамағындағы адамдарын мұншалықты жақын танитын дәл Пайғамбарымыздай адам бар ма? Өз басым бар деп айта алмаймын. Өйткені, Аллаһ елшісі жолбасшы ғана емес, сонымен қатар, Пайғамбар. Задында, біздің негізгі тақырыбымыз да оның пайғамбарлығы жөнінде емес пе?!

[1] Муслим, Мусафирин, 294; Муснәд, 4/112.

### 3. Жүләйбиб

Жүләйбиб жайында бұрынырақта айтқан болатынбыз. Оның он-он бес жасында әйелдерге көзі көп түскендігі айтылады. Сонда Аллаһ елшісі ғибратты сөздерімен оған тоқтау салып, ол үшін арнайы Хақ тағалаға қол жайып, бата қылады[1].

Осыдан кейін Жүләйбиб Мәдинаның ең арлы, ұятты адамдарының біріне айналады. Бір күні Аллаһ елшісі оны бір үйдің қызына құда түсуге жібереді. Барған үйі текті отбасы болатын. Қыздарын ұзатуға дайын отырған үй еді.

Жүләйбиб есікті қағып, ішке енеді де, Аллаһ елшісінің сәлемін жеткізеді. Үй іші Пайғамбардың сәлемін естіп, қатты қуанады. Бірақ жас жігіт сөзін ары қарай жалғастырып, қыздарына құда түсіп, Хақ елшісінің айтқан сөзін сөзбе-сөз жеткізеді. Екі әлем Сардары: «Менің сәлемімді айт! Қыздарын саған берсін!» – деген болатын.

Қыздың ата-анасы бір-біріне қарап: «Жүләйбиб пе?» – деп ойланып қалады. Бірақ бұйрық Хақ елшісінен келген соң, қалайша екі ойлы болмақ. Олар қыздарын ойлап, екі ойлы болып тұрғанда, перденің артында тұрып сөздерін естіген қызы дауыстап: «Хақ пайғамбардың бұйрығын екі етпей келіп тұрған адамның алдында неге екі ойлы болып тұрсыңдар?» – дейді[2].

Жүләйбиб көп ұзамай үйленеді. Төрт-бес аптадан кейін бір ғазауатқа шығады да, сол шайқаста шейіт болады. Шайқастан соң шейіттер түгенделеді. Бір кезде Пайғамбарымыз: «түгелсіңдер ме?» – деп сұрайды. Сахабалар: «Түгелміз», – деп жауап қайырады. Сонда Ол: «Ал, менің жоғым бар», – деп, баласын жоғалтқан жүрегі жаралы әкедей Жүләйбибті іздей бастайды. Аздан соң бір жерден тауып алады. Үсті-басының бәрі қан-жоса, бірнеше жерден жарақат алған, қолында қылышы. Айналасында жеті кәпір өліп жатыр. Аллаһ елшісі: «Жеті кәпір өлтіріп, ғазауатшыл атанып, артынша шейіт болды», – дейді. Іле басын оның тізесіне қойып: «Аллаһым, бұл менен, мен де осыданмын», – деп елжіреді. Міне, Хақ пайғамбардың серіктеріне деген беріктігі![3]

[1] Муснәд, 5/256,257.

[2] Муснәд, 4/422.

[3] Муслим, Фәдәилус-Сахаба, 131.

#### 4. Жаратқанның сүйген құлы атану бақыты

Хайбарды алу керек еді. Бірнеше күн бойы қоршауға алғанмен, қамалдың ішіне кіре алмады. Бір күні Аллаһ елшісі: «Ертең мына байрақты өзі Аллаһ тағаланы сүйетін, Аллаһтың да оны жақсы көретін құлға беремін», – дейді. Ертеңіне бәрі алдыңғы сапта тұруға қызығып, ынталанып жатты. Аллаһ елшісі имамдыққа өтіп, таң намазын оқыды. Сосын жамағатқа қарай бұрылды. Бәрінің де көздері Аллаһ расулының көзінде. Бірақ оның көздері сол жерде жоқ біреуді іздеп тұр еді.

Сахабалар демдерін ішіне алып, үн-түнсіз Аллаһ елшісі кімді айтар екен, мүмкін мен болатын шығармын деген үмітпен оған қадала қарап қалған болатын. Хақ тағаланың сүйген құлы болуды кім қаламайды дейсіз? Адам жәннат үшін де «менің орныма бауырым кірсін» деп жанқиярлық жасауы мүмкін. Бірақ мұндай үлесте жанқиярлық болмайды...

Аллаһ елшісі адамның атын атауға оқталды. Сол сәтте бәрінің де демдері тұрмақ өмірлері бір сәтке тоқтап қалғандай болды. Ақыр соңында күткен сөз де шықты. Пайғамбарымыз: «Әли қайда?» – деді.

Әлидің (р.а.) сол кезде көздері қатты ауырып жатқан болатын. Ол байрақтың өзіне оның берілетіндігі ойына да кіріп шықпаған еді. Сахабалар: «Оның көзі ауырып жатыр», – деп жауап қайырады.

Пайғамбарымыз оны дереу шақыртып алды. Мүбәрак түкірігін алып, Әлидің (р.а.) көздерін сүртті. Әли (р.а.) ант ете отырып: «Одан кейін көзім еш ауырған емес», – дейді.

Әлидің көзінің ауырғаны басылып, жанары шайдай ашылған соң, Аллаһ елшісі оның қолына байрақты ұстатты. Алайда сол күні сахабалардың арасында Әбу Бәкір, Омар, Микдат (р.а.) тәрізді небір саңлақ сахабалар болған еді. Бірақ байрақ оларға емес, жас жігіт Әлиге бұйырды[1].

Көп ұзамай, Аллаһ елшісінің айтқаны келіп, Хайбар алынды. Задында, ол кімді қай жерге жіберу тұрғысында әр кез дөп түсіп көрегендік танытатын. Бұл да оның пайғамбарлығының бір дәлелі. Өйткені, Аллаһ елшісі – Ағзам фәтәнатқа ие пайғамбар.

Иә, Хақ расулы кімге қандай міндет берсе, өзіне жүктеген уәзипаны толық іске асырған.

Мысалы, Ол Халидке (р.а.) «Сайфуллаһ» (Аллаһтың қылышы) деген[2]. Халид жүрген жерінде Аллаһ тағаланың қылышы болып, ешқандай шайқаста жеңіліп көрмеген. Әбу Бәкір (р.а.) көп жылдардан кейін: «Аналардың ешбірі Халидтей ұл туған емес»[3] деуінде Хақ пайғамбардың дәлдігін растаушылық бар.

Аллаһ расулы Қағқағқа (р.а.) да жауапкершілік жүктеп, маңызды уазипалар берген. Қағқағ да дәл сондай табысқа жетіп, ол хақында Әбу Бәкір: «Арасында Қағқағ бар әскер әсте жеңілмейді»[4], – дейді.

Сондай-ақ, шамамен он жеті-он сегіз жасар Усамәні (р.а.) да бір жасаққа қолбасшы етіп, Мутә жағына жіберген. Усамә да өмірін өзінің осыған лайық екендігін дәлелдеумен өткізді.[5]

[1] Бухари, Фәдәилул-асхаб, 9; Муслим, Фәдәилус-сахаба, 34.

[2] Бухари, Фәдәилул-Асхаб, 25.

[3] Халид М. Халид, Рижалун Хәуләр-Расул. 386.

[4] Ибн Хажәр, Исәбә, 4/62.

[5] Муслим, Имәрә, 16,17.

## 5. Пайғамбардың пәк жарлары

Өзіне лайықты жар таңдай білуді, жар таңдауда қателеспеуі де пайғамбарымыздың кісі танығыштығын көрсетеді. Өйткені Аллаһ елшісі мұсылмандарға ана боларлық әрі осы ауыр жауапкершілікті арқалай білетін әйелдерді таңдап, бұл мәселеде де мүлт кетпеген. Осы әйелдердің бәрі де саф алтын болып шықты. Әсіресе, дінді үйрету тұрғысынан бәрі де бір-бір ұстаз болып, ғұламалар тәрбиелеп шығарып, Исламға үлкен еңбек сіңірді. Мәсруқ, Тауыс ибн Кәйсән, Ата ибн Әби Рабах тәрізді данышпан һәм тақуа адамдар иісі мұсылмандардың анасы атанған осы әйелдердің берекетті қайнарынан қанып ішіп, ілім алған.

Иә, Аллаһ елшісі ілгеріде үлкен ұстаз болатын әйелдерді таңдап, шаңырағында оларға ілім алу мүмкіндігін жасайды. Осылайша оларды болашақта пайғамбарлық дағуат-діннің мирасқоры етті. Осы бір мүбәрак әйелдердің арасында Пайғамбардың мақсатына сай қызмет атқармайтын бірде-бір әйел жоқ еді. Әуел баста Хадиша анамыз (р.анһа) барлық дәулетін оның жолына сарп етсе, одан кейінгі әйелдері де Исламды жаюда бар күш-жігерлерін салып, дәл сондай жомарттық жасады. Бұдан біз Хадиша анамыздан бастап (ол кезде әлі Пайғамбарымызға пайғамбарлық берілмесе де, пайғамбарлықтың нышандары бар еді) барлық әйелдерін парасаттылық пен пайғамбарлық нұрымен тани отырып,

таңдай білгендігін аңғарамыз. Задында, мұндай дәлме-дәлдікті басқаша түсіндіру мүмкін де емес.

## **УАХИДАН НӘРЛЕНГЕН ҰЛЫ КӨРЕГЕНДІЛІК**

Бір көсеге артынан ерген халқының жақсы баға беруі оның халықтың сенімінен шығуы, сол қоғамдағы адамдық, отбасылық, әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелерді шешуіне қатысты. Жолбасшы халқының осындай көкейтесті мәселелерін шеше білген жағдайда ғана жұртшылық оны ардақ тұтып, көкке көтереді, мәңгі-бақи жүрек түкпірлерінде сақтайды. Міне, хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пайғамбар, жаратқанның құдіретімен күллі адамзаттың мәселесін шешкен осындай жолбасшы болатын.

Қолында билігі барлар қоғамның шиеленіскен мәселелерін шешу жолында қысым жасап, жазалауы да мүмкін. Қасарысқанды қыспаққа алып, итжеккенге айдауы секілді түрлі тәсілдер қолданылып жатады. Азаматтық құқықтардан мақұрым етіп, зынданға салып, азаптап, сол жерде сүйегін шірітуі, әбден қинап, жапа шектіріп, арттарына жансыздарды салып қоюы да ықтимал. Бірақ бұндай амалмен ешқандай мәселені шеше алмайсыз. Шешу былай тұрсын, қайта отқа май құйғандай одан бетер құтыртып, ел арасында бүлікті көбейтіп, үрей туғызып, қоғам тыныштығын бұзуға жол ашасыз. Сондықтан да, бұлар – адамның ашуға ерік бергені тәрізді дәрменсіздіктен туған әлсіз амалдар. Сіз күрмеуі көп күрделі мәселені шештік деп қуанған кезіңізде, оның екінші жағынан көптеген нәрсені бүлдіріп жатқанын байқамай да қаласыз. Бүліктің басы бір қылтиса, оны жойғанға дейінгі жұмсаған күш-қайратыңыз әлгі мәселені шешу үшін жұмсаған күш-қайратыңыздан асып түседі. Алайда хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) бүлікке жол ашпай, түрмеге жаппай, адамдардың азат еріктерін ескеріп, оларға құрмет көрсете отырып, барлық мәселелерді майдан қыл суырғандай шеше білген. Оның басқа ғажайып іс-әрекеттеріне қарамай, мұғжизаларын есепке алмай, тек оған осы тұрғыдан қарасаңыз, сіз «Мухаммәдур-Расулуллаһ» дейтін едіңіз. Иә, хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) басқа емес, Аллаһтың елшісі. Егер ол пайғамбар болмағанда, мұншама қордаланған мәселелерді қалай шеше алар еді? Алайда ол мұз сүңгілеріндей қатып қалған қатпар-қатпар проблемасы бар болмашы нәрсеге бола айқай шығарып, бүлікке басатын, бес-алты теңге үшін бір-бірімен жауласқан, қараңғылыққа, қатігездікке булыққан ел ішінде өсті. Аллаһ тағала осы қоғам тәрізді ауыр жүкті оның мүбәрак иығына жүктеді. «Хашр» (59/21) сүресінде айтылғандай, пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) өте ауыр жауапкершілікпен келді. Егер сол жауапкершілік тауларға жүктелгенде, таулар көтере алмай, күйреп тас-талқаны шығар еді. Иә, оның міндеті



осыншалықты ауыр болды. Өйткені Хақ тағала оған өте тағы және тым бәдәуи һәм шектен тыс күпірлікке батқан қоғамды тура жолға салу уазипасын берген еді.

Һәм оларды өте идеал қоғамға айналдырғаны сонша – өзгелер бұны утопиялық шығармалардан ғана оқитын. Платонның «Республикасы», Томас Мордың «Утопиясы», Кампанелланың «Күн мемлекеті» – бәрі де идеал қоғамды іздеп, қолдарына қалам алған. Өзгелерге арман болып көрінген мұндай қоғамды Аллаһ елшісі өзі құрып, кейінгі толқындарға көктегі жарық жұлдыздардай өнеге етіп ұсынған.

Егер сол заманның адамдары қордаланған мәселелерін Аллаһ расулы арқылы шешпегенде сол бір қараңғылықтан адамзаттың ардақ тұтар тұлғалары шығар ма еді? Әлбетте, жоқ. Ал енді Аллаһ елшісі осы күрделі мәселелердің барлығын өз ақылымен шешті ме? Жауап белгілі. Аллаһ тағала оған пайғамбарлық парасат сыйлады. Ол осы арқылы барлық мәселелерді еш қиындықсыз шешті. Задында бұл да оның пайғамбарлығының дәлелдерінің бірі еді. Біздің тақырыбымыздың да негізгі өзегі, міне, осы.

## **1. Қара тасқа төрелік**

Енді осы мәселеге қатысты бірер мысал бере кетейік:

Сол заманда мәселелесіне дұрыс шешім айтатын жан іздегендер Пайғамбарымызға шешкізетін. Бір күні Қағба қайта жөндеуден өтті. Ол да осы күрделі жөндеуге ат салысқан еді. Қағбадағы қара тасты қою мәселесіне келгенде, рулар арасында дау туып, өзара жанжалдасып, қырқысуға дейін барды. Бұл мәселе сол сәтте шешуін таппайтын болса, рулар арасында бітпейтін соғыс басталуы сөзсіз еді. Жоғарыда бір мәселеге қатысты айтылғандай, Аллаһ елшісі осы Қара тасты қою проблемасын тамаша жолмен шешіп беріп, қаулағалы тұрған өрттің алдын алды. Ол Қара тасты орнына қою үшін бір мата әкелдіріп, оны алдымен соның үстіне қойдырды. Сосын әрбір рудан бір кісі шақырып, әрқайсысына матаның бір шетінен ұстауды өтінді. Олар бәрі бірге Қара тасты тиісті жерге апарғанда, Хақ пайғамбар оны өз қолымен өз орнына қойды.

Осы оқиғадан біз Аллаһ елшісінің пайғамбарлықтан бұрын да фәтанатқа ие екендігін байқай аламыз.

Өйткені ол осы тәрізді мәселелерді шешкен кезінде жасы, шамамен, жиырма-жиырма бесте ғана еді. Ол әлі пайғамбарлық келмеген, Хақ тағаладан әлі дәріс алмаған шағы болатын. Міне, ол әлі уахи түңлігі ашылмаған шақта да жүрегінің тереңінен шыққан шешімдері арқылы халықтың жүрегінен орын алған.



Сондықтан да Кұрайыш кәпірлері мешіттің есігінен оның кіргенін көрген кезде барлығы бірдей: «Мынау Сенімді Мұхаммед қой. Оның төрелігіне бәріміз де ризамыз!»[1] – деген еді. Ол келіп, көп ойланбастан, мәселені майдан қыл суырғандай оп-оңай шешіп береді. Бұл оған жеңіл болса да, ешкім наразылық білдірмеді. Өйткені, оны төреші еткен өздері еді, шешіміне бәрі ризашылық танытты.

Ол өмірде кері қадам жасап көрген емес өйткені Аллаһтан келгендерді терең түсінерлік бір фәтәнатқа ие болатын. Оның бойындағы осы фәтәнат гүлдей бүршік жарып, өскен сайын әр түрлі түрге боялып, адамдардың қанағатсыз көңілдерін тойдырып, томаға-тұйық, суық жүздерін жадыратқан. Осыны сырттай көргендер осымен тоқталады деп ойлайды. Алайда бұл тоқталмай, мәңгілік жалғасады. Фәтәнат бүршіктері ашылған сайын ашыла, көбейе түседі. Иә, оның алдында бұл ғұмырдан көз жұмғанға дейін, небір проблемалар шешуін тапқан. Алдына келген адамдардың ешбірі көңілсіз қайтпаған. Баста айтқандай-ақ, бұл ел жоқ жерден дау шығарарлық бұзық қауым болатын. Сондықтан шыққан дауды дер кезінде шешіп отырды.

Хижрәт өз алдына бір мәселе еді. Мұнда соғыс, бейбітшілік, жеке басының мүддесін ойлау және олжа бөлісу секілді мәселелердің барлығы бар еді. Егер Аллаһ елшісі осыларды уақтылы шешіп отырмаса, қызу қанды арабтардың арасында өшпес өрт туып кетуі әбден мүмкін еді.

[1] Ибн Хишам, Сирә, 1/209.

## **2. Хунейн олжасының бөлісі**

Хунейн ғазуатында қолға түскен олжаларды Исламға жүрегін жібіту мақсатымен Аллаһ елшісі кей кісілерге бөліп берген болатын. Бұл ансар[1] жастарының кейбірінің қызғанышын оятты. Қызуқанды кейбір жастар меккеліктерге дүние бөліп беріп жатқанын көре алмай: «Дұшпан қаны қылышымыздан кеуіп үлгерген жоқ, олжаның үлкенін соларға бергені несі», – десті. Үбәде ибн Самит атты мәдиналық сахаба Аллаһ елшісіне келіп, жастар арасындағы болған жайды баяндайды. Пайғамбар оған: «Сен қалай ойлайсың?» – деп сұрағанда, ол: «Мен де солардың бірімін», – деп жауап қатады. Іс насырға соғуға айналды. Тез арада бір шешімін таппаса, ақыры жақсылыққа бармауы әбден мүмкін.

Осы кезде Аллаһ расулы бұл мәселені ұшқыр фәтәнаты арқылы жеп-жеңіл шешкен болатын. Жоғарыда осы оқиғаның Әз елшінің пайғамбарлығына дәлел екендігі жөнінде айтқан болатынбыз.

[1] Мәдина қаласының тұрғыны болып табылатын сахабалар

### 3. Хижрәт проблемасы

Хижрәт оқиғасы өзімен бірге біршама қиындықтар-ды ала келеді. Бірақ Аллаһ елшісінің пайғамбарлық парасатының арқасында Эфиопия мен Мәдинаға хижрәт жасағандардың ешбірі таршылық көрмей, үлкен жетістіктерге жете білді. Әлем тарихында ешқандай хижрәт дәл екі әлем Сардарының қолымен жүзеге асқан осы хижрәттай жетістікке жеткен емес. Ал, осы ең үлкен мәселені Аллаһ елшісі қалай шеше білген? Енді осыған көшелік.

Мәдина шағын ғана жер болатын. Жергілікті халқы егін шаруашылығымен айналысатын. Сондықтан да Мәдинаның базары түгелдей яһудилердің қолында еді. Негізінде, меккеліктер сауда-саттықты өте жақсы меңгерген. Бірақ қолдарындағы болар-болмас мүмкіншіліктері арқылы яһудилерге төтеп беруі екіталай еді. Осы тығырықтан шығудың жолы қандай болмақ? Олар барлық дүние-мүліктерін Меккеге тастап кеткен болатын. Әрі хижрәт етіп, қоныс аударып келгендердің саны күн өткен сайын арта түсіп, адамдар көбейе берді. Күн сайын келген бұл адамдар қайда тұрып, қайтіп күн кешпек? Мәдина халқы онсыз да кедей болатын. Міне, бірінен соң бірі қабатталған осы мәселелердің барлығы Аллаһ елшісінен өз шешімін күтті. Ел-жұрт түгелдей оған сеніммен қарауда еді. Ол осы мәселелердің барлығын бір сәтте шешіп, жолын табатын еді. Айтқандай-ақ, солай болды.

Хақ пайғамбар Мәдинаға келісімен, ансар мен мұхажирлерді бір-бірлерімен бауыр етті. Осы бір бауырластық сезім оларға қатты әсер еткені соншалық – олар осы бауырластықты өз туған бауырларынан да артық санады. Тіпті араларында мирасқорлық та болып жатты. Ансарлар жаңа тапқан бауырларына ыстық ықыласпен қарап, өзінің барлық мал-мүлкін екіге бөліп, жартысын мұхажир бауырына берді. Осы жерде естігенді естен тандыратын мына оқиғаға куә боламыз:

Аллаһ елшісі Сағд ибн Раби (р.а.) мен Абдуррахман ибн Ауфты бір-бірлерімен бауыр еткен болатын. Осы бауырластықтың шынайылығы сонша – әлемде сол секілді бауырластықтың үлгісін көрсету мүмкін емес.

Сағд ибн Раби (р.а.) бір күні бауырының қолынан ұстап тұрып, оған: «Бауырым, сендер бар дүниелеріңді Меккеге тастап келдіңдер. Дәл қазір сенің басың бос. Ал, менің екі әйелім бар. Аллаһ үшін айтамын: сен осы әйелдеріме жақсылап қара! Қайсысын ұнатсаң, мен сонымен дереу ажырасайын, сен сол әйелді өзіңе жар етіп ал!» – дейді.

Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) сол сәтте қос жанары жасқа толып, оған: «Бауырым, Құдай тағала әйеліңді саған мүбәрак қылсын! Сен маған базардың жолын көрсет. Маған сол жетіп жатыр», – деп ризалығын білдіреді.

Кейіннен Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) тұрмысын түзеп, шаңырақ құрады. Осындай қарым - қатынастар барлық мәселені шешуге сеп болады. Кейіннен мұны бүкіл әлем естіді.

### **Кіріптар болмау және жомарттық**

Аллаһ елшісі бірде жалғыз отырған. Есік ашылып ішке мұхажирлердің үлкендері кірді. Араларында ансардан ешкім жоқ еді. Неге мұхажирлер келіп, араларында ансардан бірде-бір жан жоқ? Олар рұқсат сұрап, Аллаһ елшісіне өз өтініштерін былайша баяндады: «Пайғамбарым! Біз бұл жерге Аллаһ үшін хижрәт етіп келдік. Бар арман-тілегіміз Хақ тағала жолында сенімен бірге болу еді. Алайда мына ансар бауырларымыздың бізге қатты құрмет көрсеткені сонша – енді біз ақыреттегі сауабымызды осы жерде түгесіп аламыз ба деп қорқып отырмыз. Бауырларымыз бізге рұқсат берсін. Біз бұдан былай өз күнімізді өзіміз көрейік. Олардың бізге бөліп берген үлестерін түгелдей өздеріне қайтарайық. Болмаса, күн өткен сайын кіріптар болып, ұяттан өліп бара жатырмыз».

Олар осылайша ішкі сырларын айтып жатқанда бәрі көздеріне жас алады. Рақым Пайғамбар да көз жасына ерік береді. Шамасы, осы көрініске көктегілер де көз жастары көл болып жылаған шығар-ау. Бұл былайша алғанда, адам бойындағы басқаға кіріптар болып, қол жаймау үшін арын сақтау сезімі мен басқа адамның бақытын қара басынан артық көру сезімі секілді екі асыл да абзал қасиеттің бір-бірімен бетпе-бет келуі іспетті еді. Сол күнге дейін жер бетінде дәл мұндай екі асыл қасиеттің бір-бірімен бетпе-бет келіп, қарсыласуы болмаған-ды.

Өйткені аздан соң Аллаһ расулы ансарды құзырына шақырып алып, мұхажирлердің арыздарын айтқанда, олардың бәрі бірдей қарсылық білдіріп, ансардың көмегіне бас тартуына ризалық білдірмейтін еді. Олар үшін мұндай ұсыныстарды қабылдау – денелерін ортасынан қажет бөлуге ризалық білдірумен бірдей еді. Өйткені олар бауырларымен іштей жақын болып кеткені сонша – айырылысу өліммен тең болды. Аздан кейін ансардың барлығы Пайғамбардың құзырында отырды. Бірақ екі жақтың да көздері жасқа толы еді. Бір қалада тұрып, күніне, кемінде, бес уақыт мешітте бірге болып жүргендеріне қарамастан, бұдан кейін бір үйде тұрып, күнде бір дастарханнан бірге тамақтана алмауы оларға өте ауыр тиді. Бұл адам бойындағы асыл қасиеттердің өнегесі болатын. Бір кезде мұхажирлердің біреуі тұрып, сөз алып: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз Аллаһ үшін хижрәт етіп, Мәдинаға келдік. Өскен ел мен кіндік қанымыз тамған жерімізді Құдай тағала үшін тәрк еттік. Дінді асқақтатып, жалпақ жұртқа жаюдан басқа еш нәрсе ойламадық. Бірақ әнсар бауырларымыз бізге көп жәрдем етіп, асқан жомарттық жасады. Біз қазір ақыретке тән күллі табыстарымызды түгесіп аламыз

ба деп қорқып отырмыз. Пайғамбарым, әнсар бауырларымызға ұсынымызды қабыл еттіре алмадық. Сіз біздің атымыздан олармен сөйлесіп, бізді өз еркімізге қоя беруге көндірсеңіз. Біз бұдан былай өз күнімізді өзіміз көрейік. Бізге жәрдем беріп, киімін беріп, ас пісіріп алдымызға қоюды тоқтатсын. Біздің халімізді ойлап ешқандай алаң болмасын. Осы күнге дейін көрсеткен көмегі жетерлік», – деді. Көңілдері босап, жас баладай жылап отырды. Аллаһ елшісінің де көңілі босап, ансарға: «Мұхажир бауырларың: «Бұлар бізге көп көмек көрсетіп, не істерімізді білмей, қатты қысылып жүрміз. Жасаған істеріміздің қарымын алатын болсақ, Аллаһ тағаланың разылығы қайда қалды?», – дейді. Аллаһ елшісі олардың жүректеріне бауырластықты осыншалық сіңіріп, оларды осындай деңгейге жеткізген. Олар бір-бірлерімен бір адамның денесіндей біртұтас бола білген. Олар сөйлесе келе, ақырында, мынадай тоқтамға келеді: мұхажирлер ансардың егістіктері мен бау-бақшаларын ақыға істеп, өз еңбектерімен күндерін көретін болды. Өз үйлерінде еркін отырып, біреуге кіріптар болмайтын болды. Әлбетте, ансар да бау-бақшаларында оларға жұмыс беру арқылы көмектесіп, бір-бірлеріне деген бауырластықтары одан бетер арта түсетін болды[1]. Ақиық Пайғамбар Мәдинада құрған осы бауырластық арқылы, көштен туындаған қиындықты осылайша шешті.

Екінші мәселе – сауда-саттық еді. Пайғамбар алғаш келгеннен-ақ Мәдинадағы саудаға яһудилер мен христиандар қожайын болып отырғанын көрді. Ол дереу бұйрық беріп, мұсылмандардың базарын қаланың басқа жеріне салдырды[2]. Бұдан былай мұсылмандар сауда-саттықтарын өз базарларында жасайтын болды. Бұл әрі мұсылмандардың сау- да жасау арқылы күшеюіне һәм өз базарларын құруларына жағдай жасады. Осы арқылы өзгелердің базардағы үстемдігі жойылатын болды. Жаңа базар салынып, мұсылмандар бір-бірлерімен сауда-саттық жасай бастады. Тарихшылар: «Көп өтпей-ақ яһудилер Мәдина базарында сауда жасай алмайтын халге жетті», – деп жазады. Иә, мұсылмандар базарында бұдан былай мұсылмандармен ешкім бәсекелесе алмайтын болды. Задында, Аллаһ тағаланың да қалауы осы еді. Мұсылман – біреуге кіріптар болмауы қажет. Иә, бізге өзгелер бұйрық беріп, билеп-төстеп, өз еркімізбен өзгенің есігін қағып, өзгелерді паналаймыз. «Біздің мына мәселемізді шешіп бер» деп өзгеге жүгінеміз. Хақ тағала иман келтіргендердің өзгеге кіріптар болып, басын төмен салуына разы болмайды. Мұсылман өзіне-өзі ие болып, өз аяғымен жүре білуі тиіс. Өз аяғымен жүріп, өз қолымен ұстай біліп, өзінің қорытқан ойлары болуы ләзім. Ол өз ой-пікірлері арқылы өмір сүріп, сөзсіз өз болмысын қорғай білуі қажет. Мәдинада Хақ елші міне, осындай жағдай орнатқан еді.

## **Алғашқы ата заң**

Пайғамбарымыз Мәдинаға келісімен, бір мәлімдеме, қаулы (декларация) жариялады[3]. Құқықшылар Аллаһ расулының қысқа уақытта дайындалған бұл мәлімдемесін «Аллаһ елшісінің ата заңы» деп атайды. Кейіннен қаншама ғасыр өткенде осы заңның негізгі тұжырымдары «Адам құқығы туралы декларация»[4] немесе «Танзимат декларациясы»[5] ретінде көрініс тапты. Ол осы ата заңы арқылы яһуди мен христиандардың да құқықтарын қорғап, олар мен мұсылмандар арасында бейбітшілік жолын салып, әһли кітапты өзіне тартты. Ол һәм осы арқылы оларды мәңгілік дұшпаны болған Византия мен Сасанидтер, тіпті, құрайыштықтардан да бөліп, араларындағы қарым-қатынастарын үзді. Осылайша ұзақ уақыт бойы яһудейлер мұсылмандардың қанатының астында бейбіт ғұмыр кешті. Мәдина кезеңінің үлкен дұшпаны болған атақты мұнафық Үбей ибн Сәлүл құрайыштықтарға осыны меңзей отырып: «Біз үшін оның Мәдинаға келіп, дінін жаюы қауіпті емес. Ең басты қауіп – христиан мен яһудейлерді өзіне тартып, пұтқатабынушыларға қарсы қоюы. Сендерге ең басты қауіп те осы мәселе», – дейді.

Бейбітшілікке бейім осы жүйе мен ата заң ұзақ уақыт бойы (мұндай келісімді мұсылмандар бастап бұзбады) олар үшін де, мұсылмандар үшін де бейбіт өмірдің арқауы болды. Яһудилер көптеген мәселесін Аллаһ елшісіне шештіріп, оның берген үкімін әділетті санап, қабылдайтын еді.

Иә, хадис кітаптары олардың ұрлық, қысас, зина мәселесін Пайғамбарға айтқандықтарын жазады. Осыдан біз олардың өз мәселелерін өздері шешуге еріктері бола тұра, мұсылмандардың әділ екендіктерін білгендіктен (оның үстіне, бұл Аллаһ елшісі болса), көптеген мәселелерін шештіруге тырысқандықтарын байқаймыз. Болашақта жалпы адамзаттың қайнар көзі болатын осы қасиетті қайнар сол күндердің өзінде-ақ өз әсерін сездіре бастаған еді.

Иә, міне, осылайша бір бұйрықпен хижрәт мәселесі де шешіліп, мұсылмандар азат һәм жаны жайланып, әлемге жайылу жолдарын іздеп жатты.

## **Ухудтағы тәсіл яки жоспар**

Бұл жерде біз Бәдірдегі жеңісті емес, Хәндәқтағы стратегияны да емес, Мутә қаһармандарының жазған дас-таны да емес, тіпті Ярмуктағы батырлардың ерен ерліктерін де емес, бір жағынан алғанда жеңіліс саналған Ухудта туындаған мәселелерді қозғай отырып, Пайғамбарымыздың осы мәселелерге қатысты берген әділетті үкімдеріне назар аударуды жөн көріп отырмыз. Ухуд соғысында алғаш рет мүміндер жеңіліске ұшырады. Пайғамбарды жеңілді деуден Аллаһ сақтасын.



«Жеңіліске ұшырады» да дей алмаймын. Бұл жаратқанның бұйрығымен болған іс еді. Өйткені мұсылмандарға қарсы шыққан әскердің сапында Халид, Амр ибн Ас (р.а.) тәрізді әскери һәм саяси кеменгерлер болатын. Болашақта небір дұшпанның қайыспастай көрінген қалың қолдарын жермен-жексен ететін осы сахабалар сол күні мүшріктердің сапында еді. Алайда бұлар келешектің сахабалары болатын. Иә, болашақтың сахабалары сол кездегі сахабаларды жеңді. Екінші мәселе садақшылар Аллаһ елшісінің бұйырған стратегиялық тәсіліне қарай қимыл жасамаған еді. Тіпті кейбіреулері олжа алғылары келіп, кереғар әрекет еткен болатын. Задында, оларды сынау бізге жарасар қылық емес. Өйткені олар мұқаррабиндер қатарына жататын жандар. Ал мұқаррабиндердің біз түсіне бермейтін көзқарастары бар. Яғни, олар өз деңгейіне қарай амал еткен. Егер олардың сол амалдарын біз жасағанымызда сауап алған болар едік. Бірақ осы бір өзгешіл һәм Пайғамбарға қол беріп тұрып, дүниені тәрк етуге ант ішіп, бар өмірін Аллаһ тағала жолына арнап, ғұмыр кеше жүріп, періштелердің өзін басып озған жандар жеңіліске ұшырағандай күйге тап болған еді. Не болған еді? Жүздеген адамдардан есімдері жадымызда сақталған жетпіс адам шейіт болған-ды[6]. Жетпіске жуық адам ауыр жараланып, жүре алмастай халге жетті. Мүшріктер тағы бір рет шабуылдап ақырғы соққы беруге шамалары жетер еді, бірақ мұсылмандардың Ухуд тауын қорған етіп, қайта күш ала бастағанын білген кезде басын қатерге тікпей, дереу шайқас алаңын тастап кетеді. Иә, сол шақта Хақ тағаланың жәрдемімен мұсылмандар қайта естерін жиып, жеңілгелі тұрғанда жеңіске жетіп шыға келді. Олардың дереу қайта жиналып, Аллалап ұрандағандарын ұзақтан естіген кәпірлердің жүректерін үрей биледі. Осы қорқынышпен қайта шабуылдауға дәті бармай, іштей жеңілетіндерін сезген кәпірлердің бар тауып айтқан сөздері мынау еді: «Біз оларды жеңдік. Енді қайтып естерін жия алмайды. Ендеше, тез бұл жерден кетелік. Кім білсін?! Қайта соққы берсек, бұл жолы жеңіліп қалуымыз әбден мүмкін». Олар осы сөздері арқылы өздерін жұбатып, ат басын келген жағына қарай қайта бұрып, асығыс жөнөп берді.

Оларды қайта соққы беруге үгіттеген, кейіннен сахаба болған һәм қанша жаманшылық жасаса, мұсылман болғаннан кейін, одан әлденеше үлкен жақсылықтар жасаған бір сахаба еді. Құран оны сол кездегі мінезін білдіріп: «Шайтан кұрайышты азғырды», – дейді. Ол: «Кұрайыштықтар! Олар әлі есін жимай тұрғанда, ақырғы рет шабуылдап, римдіктердің Карфаген қаласын қиратқанындай сендер де Мәдина қаласын жермен-жексен етіндер. Бірде-бір тірі жан қалмасын. Түгел жойыңдар. Бір адам тірі қалса, күн ертең қайта көбейіп, басымызға бәле болып жүрер», – деп айқай салады. Хақ елшісі олардың осы ойларын біліп қойып, дереу: «Кеше Ухудта бізбен бірге болған барлық адамдар

ауыр жаралы да болса, түгелдей ертең пәлен деген жерде жиналсын. Дұшпанның артынан қуамыз»[7], – деп, жарлық берді. Кеше ғана қыспаққа алынып, Ухуд тауының етегін қорған еткен мына адамдар бүгін енді қайта ес жиып, жаңа бір қарқынды тойтарыс беретін болды. Бұл ауыр жарақат алып, кейбірі тіпті аяғынан тұруға шамасы қалмаған жаралы сарбаздардың шабуылы еді. Өйткені мұсылмандардың жабыққан көңілдері қайта жадырауы үшін осындай бір жойқын толқынды күш қажет болды. Біріншіден, мұсылмандардың көңілдері қобалжып, беттері қайтып қалды. Екіншіден, жан-жақтан кәпірлер жеңістен дәмеленіп, бұрынғыдан бетер күшейе бастады. Үшіншіден, мұнафықтар айқайға басып, жеңілді деп жариялап, мұсылмандардың мысын баса бастады. Мүшріктердің де «Басып кіріп, түгелдей жермен-жексен етелік» деген сөздері шартарапқа тарай бастаған. Осылайша мұсылмандардың басына «ауыздықпен су ішер» ауыр күн туды. Егер сүйікті елшінің пайғамбарлық парасаты болмағанда, мұндай қыспақтан шығу мүмкін емес еді. Иә, сол күні мұсылмандар ауыр соққы алып, көп адамынан айрылған болатын. Бірақ, дереу қайта ес жиып, бір байрақтың астына жиналып Аллаһ тағаланың шарапатымен жеңілісті жеңіске айналдыра білді.

Иә, осы қоғамға Аллаһ елшісі «жиналыңдар» десімен, бірінің қолы, енді бірінің аяғы жоқ, енді бірінің жүруге шамасы қалмаған - бәрі де шатырдан шығып, жиналу орнына қарай асығып бара жатты. Хақ пайғамбардың демі бейне бір оларды қайта тірілтіп, оған бірінші баруға жарысқа түскендей еді. Бусайри да: «Егер оның мұғжизалары өз даңқына сай болғанда, мүбәрәк есімі мазараттағы өлген, шіріген сүйектерге оқылғанда, өлілер де тірілетін еді», – дейді. Иә, тірілер еді. Міне, Ухудта оның атын естігендер біртіндеп тіріліп жатты.

Енді оқиғаны мына бір сахабадан тыңдалық: «Тұруға шамасы жоқ серіктеріміз бар еді. Оларды арқалап алдық. Олар: «Мені де көтеріп апарыңдар. Аллаһ елшісінің шақырғанынан қалмай, мен де шайқас алаңында болуым керек. Жаумен шайқасып, садақ ата алмасам да, қолыма найзамды ұстап тұра аламын. Тастамандар мені. Шамаларың жеткенге дейін арқалап апарыңдар. Өлсем, ұрыс алаңында өлейін», – деп жатты. Біреу біреуді арқалап бара жатты. Енді біреулері, одан ары жүре алмай құлап талып жатты. Кейбір жаралыны зембілмен көтеріп апарды. Енді бірін басқалай. Сөйтіп жүріп бәрі түгелдей «Хамра әсәд» деген межелі қойнауға жетті. Бұл жердің жаумен арақашықтығы мұсылмандардың жаққан оттарының түтіні көрінетіндей жер еді. Үсті-басы шаң болып, Аллаһ деп ұрандап сол жерге жеткенде, құрайыштықтар кеше ғана өлді деп ойлаған адамдары қайта тіріліп, көрден шыққандай алдарына шыққанда, не істерін білмей, састы да қалды. Назар салыңызшы! Соғыстан туған осыншалық проблемаларды



бір жарлықпен-ақ шешіп жіберді. Құран Кәрім осы жағдайды былайша баяндайды: «Кейбір адамдар оларға: «Дұшпандарың сендерге қарсы қол жинады. Олардан қорқыңдар» деді. Бұл олардың иманын арттырды да: «Аллаһ бізге жетіп асады. Ол неткен ғажап уәкіл» деді» (Әли Имран, 3/173)[8].

Иә, құрайыштықтар алды-артына қарамай, тым-тырақай қашты. Мұсылмандар күпті көңілдері жадырап, жеңіске ие болды. Сосын Аллаһ тағаланың шарапатымен ешқандай қиындық көрмей аман-сау кері қайтқан еді[9]. Кейбір «сияр», «мағазі» тарихшылары Ухудтың мұсылмандар үшін бір жеңіліс екендігін жазады. Иә, егер Ухудтың бір жеңілісі болса, ол да алғашында Аллаһ елшісін тыңдамай, Ухудтың бауырында шейіттік қанымен жуылып, ақыретке пәк болып кеткен кейбір сахабаларға қатысты нәрсе. Негізінде, Ухудтың жеңіс жағы да бар. Меніңше, тереңірек қозғайтын мәселе де осы. Бұл жеңіс Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) тиесілі. Иә, маңыздысы – жеңілісті жеңіске айналдыра білу. Пайғамбарымыз мұсылмандардың жүректеріне иман мен үміт шашады. Ал, мұнафықтарды қайтадан үмітсіздік ұйығына батырып тастайды. Тәбеті ашылған кәпірлердің ауызын құмға толтырып, жаралы жүректерді үмітке жетелеп, шаттандырады. Иә, міне, осылайша мұсылмандар тағы жеңіске жетіп, Мәдинаға қайтып бара жатты. Осыларды естіген соң жоқ жерден жол тауып, жеңіске жеткен Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) туралы не айтасыз? Әлбетте, «Мухаммәдур-Расулуллаһ» деп, еріксіз бас шайқайсыз.

### **Ақылдасу**

Аллаһ елшісі туындаған мәселелердің кейбірін ақылдасу арқылы шешетін. Задында, ол осы ақылдасу арқылы қоғамда аса маңызды бір мәселенің негізін қалауды көздеді. Өзі ешқандай кеңесуге мұқтаж емес. Бірақ өзінен кейін Ислам әлеміне өкілдік ететін адамдар әрқашан ақылдасуды қажетсінетін еді. Иә, ол иләһи нұсқау арқылы басқарылған адам болатын. Хақ тағала ешқандай мәселеде оны жалғыз қалдырмаған. Іші ауырса, шипасын періште келіп айтатын. Тісі ауырса, Жәбірейіл келіп, дереу дертінің дауасын сыбырлайтын. Ол періштелер әлеміне осыншалық жақын еді. Бірақ ол ақылдасуға да өте маңыздылықпен қарайтын. Бұл да оның пайғамбарлық парасат пайымының ерекше бір сыры еді.

Өзінен кейін бірнеше ғасыр өткен соң «шура» (кеңесу) мемлекет басқармаларында тұрақты жүйеге айналатын еді. Айналды да. Ислами басқарудың есігі шураға ашық болғандықтан, сол бір ғажап даналығы арқылы күллі дәуірдің жал-жал толқындарын бұзып-жарып бүгінгі заманға дейін жетті.

Міне, төменде ақылдасудың кейбір мысалдары:

1. Ол Әлимен (р.а.) де ақылдасып, ой-пікірін бөліскен. Негізі Әли (р.а.) «Ғайып пердесі ашылса, «яқин» (терең) иманым бұдан әрі артпайды» деген адам болатын. Сонда да болса, ол Аллаһ елшісінің алқа дәрісінде жай ғана бала еді. Міне, Хақ пайғамбар осы бала Әлимен де кеңесетін[10].

Мұнафықтар Айша анамызға (р.анһа) жала жапқан болатын. Иә, арлы, пәк екендігі аятта айтылған анамызға жиіркенішті жала жапқан осы оқиға «Ифк оқиғасы», яғни, «жала оқиғасы» деп аталады.

Негізі Хақ пайғамбар уахидың осы істі шешетіндігіне сөзсіз сенетін. Оның Айша (р.анһа) хақында зәредей де күмәні жоқ еді. Бірақ сөйте тұра, әркез сахабаларымен ақылдасуды жөн көретін. Өйткені ақылдасу адамды табысқа жетелейді. Ешқашан орға жықпайды. Негізінде, ол да әрдайым табысқа жеткізу үшін келген еді.

Осыған қатысты әлсіз хадис мына бір оқиғаны жеткізеді. Хақ елші Омарды (р.а.) шақырып алып, Айша (р.анһа) жайында не ойлатындығын сұрайды. Омар: «Пайғамбарым! Айша, күмәнсіз, кіршіксіз таза һәм пәк. Оған жала жабылған», – деп жауап береді. Ақиық елші одан «қайдан білесің, айғағың не?» – деп сұрағанда, ол былайша жауап қатады: «Пайғамбарым! Сен бір күні намаз оқуда едің. Біз сенің кебісіңе лас бір нәрсенің жұққанын кейіннен білдік. Сен осыдан бейхабар намазға тұрған кезінде дереу Жәбірейіл (а.с.) келіп, саған мән-жайды айтып, «кебісіңді шеш» деген еді. Енді сенің кебісіңе жұққан болмашы ғана лас нәрсені Хақ тағала саған айтып, сені одан тазартады да, (Аллаһ сақтасын) күнә жасаған жарыңнан сені бейхабар етіп қояр деймісің? Жо-жоқ, Пайғамбарым! Сөзсіз Жәбірейіл (а.с.) келіп, Айшаның қаншалықты кіршіксіз таза, тұнық, мөлдір екендігін саған хабар береді».

Иә, Аллаһ расулы: «Ақылдасқан өкінбейді»[11], – деп Омармен ақылдасқан еді. Мұндай кеңестен ол еш нәрсе жоғалтпайтын еді. Жоғалтпады да. Тіпті, Омардың парасаттылығын арттыруға арқау болған еді. Иә, Хақ елшісі өз шәкірттерімен де ақылдасып, ой-пікірлеріне құлақ салушы еді. Әлбетте, бұл жерде бәрінен бұрын онымен ақылдасқан адамдар ұтатын. Өйткені Пайғамбар осы өнегесі арқылы оларға әдептілік хақында дәріс беріп жатты. Онсыз да өзі «ақылдасқан өкінбейді» деген жоқ па еді?

2. Бәдір ғазуатына шығатын кезде ансармен де, мұхажирмен де жеке-жеке ақылдасып, көзқарастарын білген еді. Мұхажирлердің атынан сөз алған Микдад сол күні ердің ері айтатын сөзді айтты: «Сен атыңды Бәрқ Ғимадқа дейін тарт! Біз артыңдамыз. Бізден бірде-бір жан артта қалмайды», – деді. Бірақ Аллаһ елшісі сол

кезде әлі ой-пікірін толықтай білдіре қоймаған ансардың не ойлайтындарын білгісі келді. Сонда бойында күш-жігері тау суындай тасыған Сағд ибн Муаз (р.а.) дереу орнынан атып тұрып: «Уа, Аллаһ тағаланың елшісі! Шамасы, бізді де ойлап бір жауап күтіп отырсың-ау. Жауабымыз әзір. Міне, малымыз да, жанымыз да сенікі. Бәрі де сенің жолыңда құрбан болсын. Қалағаныңды алып, қалаған жағыңа жұмса. Барша жан бұл жерде сенің жолыңда өлуге ұмтылып, арғымақ аттай тықыршып, бір орнында тұра алмай отыр»[12].

Кеңес болып, бәрінің ойлары бір жерден шығады. Ансар мен мұхажир бірауыздан келісіп, қаймықтастан өлімге бастарын тікті. Иә, алдарына көздеріне қан толған дұшпан ашу-ызаға булығып, қылыштарын қайта-қайта қайрап, найзаларын үшкірлеп, садақтарын керіп, қорамсаптарын жебеге толтырған шақта жасалар нәрсе, міне, осы. Аллаһ елшісі Хақ тағаланың, ақиқаттың һәм Ислами ар-намыс пен Ислам жұртшылығы дұшпанына шабуыл жасайды. Осы кезде ол сахабаларымен ақылдасады. Жиналыста ұлы ойын көкжиекке жайып, мықты тұғырға отырғызып, әркімнің сана-сезімдеріне аманат етті. Задында, оның ең негізгі мақсаты осы еді. Аллаһ тағала оған бұл істің жөн-жобасын әуелден-ақ білдірген еді. Ол Жаббар Иенің жол көрсетуіне қарамастан, серіктерінің ой-пікірлерін алып, бірге болатын осы маңызды жолда бірдей сезім мен бірдей ойды бөлісу үшін олармен осы мәселені ақылдасып жатты. Негізі, олар оның әр ұсынысына мойынұсынатын еді. Өйткені осыған уәде берген болатын. Бұл – иман деген сөз. Айтқандай-ақ, бір күні ол Қағб ибн Мәлікке: «Сен Ақабада маған сөз бермеп пе едің? Бейбіт шақта да, басқа күн туған сәтте де жанымда болатыныңа, тіпті қараңғы түндер бізді қуалап, яки, алдымызда күндіздер болса да, менен айрылмайтындығыңа сөз бермеп пе едің?!» – деген болатын[13].

Ақылдасу үлгісімен Аллаһ елшісі маңызды бір дін-дағуасын жалпақ жұртқа жайған еді. Барша мұсылман бейне бір табыт арқалағандай оны арқалауға ұмтылып, шамасы келгенше, сол бір гауһар қазынасына жәрдемдесіп жатты. Иә, ел-жұрт жұмылып, оған көмектесіп, оны арқалауды өмірінің негізгі мақсат-мұраты санап: «Осы жолда шейіт болу – біз үшін ең биік арман», – деп жатты.

3. Аллаһ елшісі Бәдір соғысына шыққанда, оған майдан алаңы белгілі болатын. Ол сол жерді әу бастан белгілеп, құдықтардың басы ұзақтан көзіне іліккен болатын. Қай төбеге жасырынып, шабуылға шыққан дұшпанды қай жерден қыспаққа алатынын келмей жатып ойлап қойған-ды. Бірақ сөйте тұра майдан өтетін жерге келіп, мәселені ашып, сахабаларымен кеңес құрды.

Сахабалар арасында есімі көп айтыла бермейтін Хұбаб ибн Мүнзір (р.а.) атты сахаба орнынан тұрып: «Пайғамбарым! Осы жерге ат басын тіреуің уахи арқылы

аян болды ма? Егер уахи арқылы болса, бір қадам тапжылмаймыз. Жоқ бұл өзіндік стратегиялық көзқарасыңыз ба?» – деп сұрайды.

Хақ пайғамбар: «өз көзқарасым» деп жауап қатқанда, Хұбаб ибн Мүнзір (р.а.) сөзін әрі қарай жалғастырып: «Пайғамбарым! Кейбір құдықтарды қалдырып, қалған құдықтардың бәрін түгелдей бітеп тастайық. Дұшпанды сусыз қалдырайық. Сіз әскеріңізді әр құдықтың қасына орналастырыңыз. Біз сізді ортамызға ала қалқалап тұрайық»[14], – дейді.

4. Сәлман Парсы (р.а.) ирандық бір құл болатын. Ол алдымен отқа табынушы, кейіннен христиан болған. Ақыр соңында, Исламмен танысып, мұсылман болған құл. Мұсылман болған кезде, ешкімі де, еш нәрсесі де жоқ болатын. Ол мұсылмандыққа көп қарыздар жан, өзі бұны былайша жеткізеді: Бір күні одан біреу кім екендігін сұрағанда: «Сәлман ибн Ислам» деп жауап қатады. Иә, ол шын тегін тапқан «Исламның ұлы Сәлман» – еді.

«Ахзаб» деп аталатын Ор соғысында Аллаһ елшісі тағы да сахабаларымен ақылдасады. Әркім сөз алып, өз ойларын бөлісіп жатады. Ақырында, сөз Сәлманға беріледі. Сәлман өз пікірін айтып: «Пайғамбарым, біздің елде бір әдет болатын. Қай уақытта елді жау шабуға әзірленсе, біз дереу қаланың айналасына ор қазып, жаудан қорғанатын едік. Егер осы іске жараса, Мәдинаның айналасына ор қазып, жаудан қорғанайық», – дейді.

Осы пікірді Аллаһ елшісі қош көріп, қабылдайды. Құр мақұлдап қана қоймай, өзі де ор қазысып, олардың іске деген ынта-жігерлерін арттырады.

5. Ол ер кісілермен ғана емес, сонымен қатар, әйелдермен де ақылдасатын. Айтқандай-ақ Худайбияда әйелімен кеңесіп, соның ақылымен әрекет еткен болатын. Ол жарының айтқанын істеуді ешқашан оғаш санамаған[15].

Ол өмір бойы осыдан танбай, ақылдасу арқылы шешілместей көрінген күрмеулерді шеше білген. Біз мемлекеттік тұрғыдан ақылдасудың қаншалықты маңызды екендігін осы күндері ғана ұғып жүрміз. Ақыл-кеңессіз қаншама диктаторлар елін тығырыққа тіреп, жазылмас жаралар салып кеткен. Алайда Хақ пайғамбар ақыл мен ой-санаға ең үлкен құрмет көрсетіп, шәкірттері мен кейінгі ұрпақтарына да осыны өнеге етіп қалдырған. Ақылдың бары рас. Олай болса, оның бір хикметі де бар. Ендеше, адамның ойлай білуінің де бір хикметі бар. Уахидан нәр алып өскен адамдар уахиға қатысты мәселелерде осыларды

пайдаланады. Бұлар оны жорамалдауда маңызды міндеттер атқарады. Белгілі бір ойы болмаған адамның жауапкершілігі де болмайтындығы дінімізде айтылған.

### **Сөз бен істің қабысуы**

Пайғамбарымызға тән тағы бір тереңдік – оның сөзі мен ісі ұдайы бір жерден шыққан. Ел-жұртқа айтқанын өзі де істей білген. Сондықтан да Хақ елшіге ерген жандар әрқашан оның айтқанын екі етпей орындаған. Ешқайсысы оған күмәнмен қарамаған.

### **Жоспар және оның орындалуы**

Жоспар бұл заманда ең маңызды мәселелердің біріне айналған. Мемлекеттер оны дамудың негізі етіп қабылдап, барлық істерінде «жоспарға» сүйенеді. Жоспар, бір жағынан қоғамды бақылаудың негізгі шарты тәрізді. Ал Аллаһ елшісінің арнайы зерттеу орталығы да, жоспар құратын кәсіптік ұйымы да болмағаны белгілі. Ол алдымен мәселенің шешімін дөп басар қаулы қабылдап, сосын істі бақылауға алатын. Ол жай емес, жүз жылдық, екі жүз жылдық, тіпті, екі мың жылдық мәселелерді шешті. Сондықтан да оның шешімдеріне ешкім де дау айта алмайтын. Өйткені мұнда оның тәблиғ мәселесі бар еді. Меккеде «сабыр түбі – сары алтын» деп сабырлық қылып, жаны қиналса да, күн туар шақты күту. Тымық көлдің түбіндегі тіршіліктей құпиялай «үнсіз қаракет» жасау. Бұл кезеңде Меккеде төзе алмайтын қауқарсыз жарым-жандарды жан-жаққа хижрәт еткізіп, олардың өмірін сақтап қалу. Қуаты мықты мүшріктерге сырттай әлсіз болып көріну. Ал, Мәдинада болса қарекеттің тәсілі өзгерді, дұшпанға қарсы тұра алатындай күш жинап, қай жағынан алғанда да, қарқынды қарекет жасау қажет еді. Негізінде, Мекке-Мәдинадағы және кейінгі кезеңдердегі стратегиялық өзгерістер өркендеп қанат жаюдың қажеттілігі еді. Яғни, өз жағдайына қарай Меккеде сырт көзге қарағанда абайлап, ал Мәдинада барынша батыл қарекет ету қажет болды. Егер Меккеде Мәдина кезеңіндей батыл әрекетке барғанда, бұл жоспаршыл һәм стратегияшыл адам үшін орны толмас қателік болар еді. Бірақ Аллаһ тағала оны мүлт кету үшін емес, нысанаға дөп тигізер нақты шешімдер қабылдап, адамзатты қараңғылықтан құтқару үшін жіберген.

Иә, Мәдинада Аллаһ елшісі әр түрлі тәсілдер арқылы алға қадам басты. Осылай қарекет ету қажеттілік болатын. Оның жасаған әрбір қадамы кейінгі қадамының бастапқысы, одан кейінгі қадамының нәтижесі болды. Ол өмірінде басқан қадамдарының ешбірінде кері қайтуды білмеген. Иә, Ухуд тәрізді жеңілістен де жеңіс шығарған Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қалайша кері қадам бассын? Ол әрқашан алға қадам басып, іздерінде әрдайым «Мухаммәдур-



Расулуллаһ» жазылған. Оның хижрәт мәселесі осының жарқын мысалы. Эфиопия хижрәты де, Мәдина хижрәты де Исламның жеңіс заманының сырлы есігі болған.

### **Нәсілшілдік мәселесі**

Біздің бұл күндері бас қатырып, шеше алмай жүрген көптеген мәселелерімізді Аллаһ елшісі сол кезеңде-ақ шешіп қойған. Болашақ – жаңа проблемалардың ордасы. Мысалы, келешекте адамзаттың басына үлкен пәлекет болатындардың бірі – қара және ақ нәсілділердің қақтығысы. Қазірден тартылған садақтың жебесіндей әзірленіп, мезгілін күткен осы үлкен проблема сезген жандардың қорқынышты түсіне айналған.

Неге дейсіз ғой? Өйткені ХХІ ғасырдың табалдырығын аттасақ та, кешегі күннің дағындай боп, бүгінгіге жарбиып жеткен мәселелердің бірі – қара нәсілділердің әлі күнге дейін адам деп саналмайтындығы. Оңтүстік Африкада түр-түсіне бола адамдар езгі көруде. Америкада оларды көбіне басшылық орындардан шеттейді. Франция мен Германияда қара нәсілділер жәбірленіп, ар-намыстары аяққа тапталуда. Алайда Хақ пайғамбар жұмсақ діні арқылы осы істі қолға алып, шешіп кеткен. Иә, ол оның әкелген ұстанымдары бойынша, адамдардың бәрі тең, тарақтың тістеріндей еді. Арабтың өзге ұлттардан, өзге ұлттардың да арабтардан ешқандай артықшылығы жоқ[16]. Елбасы эфиопиялық құл болса да, оған бағыну қажет[17]. Осындай ұстанымдар сахабалардың бойына терең сіңгені сонша – қара нәсілді құл Біләл (р.а.) – мырза дәрежесіне көтерілген. Халифа Омар (р.а.): «Біләл (р.а.) – біздің мырзамыз. Оны мырзамыз Әбу Бәкір азат еткен»[18], – дейді.

Зәйд ибн Харисә (р.а.) да қара нәсілді жан болатын. Хақ елшінің үйіне құл болып келген. Екі әлем Сардары оны азат етіп, көп ұзамай өзіне бала етіп алады. Бұл сол заман адамдарының үш ұйықтаса түсіне де кірмейтін, айтса, ұға да алмайтын төңкеріс еді. Адамзаттың ең абыройлысы бір қара құлды бала етіп алып, өзін оған, оны да өзіне мирасқор еткен еді...[19] Сосын оның баласын арасында Әбу Бәкір, Омар, Әлилер және қаншама асылзадалар бар бір әскерге қолбасшы етіп тағайындайды[20]. Бұдан да қызығы, кейіннен бір пайғамбардың әйелі болатындай ақсүйектің қызы Зейнеп бинт Жаһшты (р.анһа) Зәйдпен үйлендіреді[21]. Ол Зәйдке де, баласы Усамәға да терең баға беріп, өзгеден ерек жақсы көретін. Бір күні халифа Омарға (р.а.) баласы Абдуллаһ: «Әкешім, Усамәға неге көп айлық бересің. Одан менің қандай кемшілігім бар яки оның менен нендей артықшылығы бар?» – деп сұрағанда, халифа: «Балам, оның сенен қандай артықшылығын, немесе сенің одан қандай кемшілігің барын білмеймін. Бірақ білетін бір-ақ нәрсем бар. Аллаһ елшісі оның әкесін сенің әкеңнен және Усамәні де сенен артық жақсы көретін еді», – деп жауап береді. Яғни «мен де сол сүйіспеншілік үшін Усамәні (р.а.) сенен жоғары санаймын» дегенге саятын[22].

Жағфар ибн Әбу Тәлип Құрайыштың ең текті адамы бола тұра Зәйд ибн Харисаның (р.а.) қолбасшы болуы қандай ғажап жағдай! Көп сөйлеу маңызды емес, мәселені іске асыра білу маңызды. Жоғарыда қысқаша айтқанымыздай, болашақта адамзатқа қауіп төндіретін нәсілшілдік мәселесі және олар қауіп төндіре қалған жағдайда шарасын табудың жолы – тез арада Ислами ұстанымдар арқылы іске көшу. Іс насырға шаппай тұрып, адамзат қазірден осыған шара қолдануы қажет.

Адамдар аналарынан азат болып туылған. Ешкімнің де оларды құл қылуға құқылары жоқ. «Ардақтылық адамның түр-түстері мен тегіне қарай емес, тақуалық, яғни Аллаһ тағаладан қорқу және ең кәміл адам болуына қарай өлшенеді» (Хұжурат, 49/13).

### **Худайбия**

Хижра бойынша жыл санауының алтыншы жылында Аллаһ расулы рухани шаттыққа оранған сахабаларын кіші қажылық үшін Меккеге апаруға 1400-дей серіктерін алып жолға шығады. Аллаһ елшісі Худайбияға[23] жетіп қалған еді. Тоқтаған жерлерінде жалғыз ғана құдық болатын. Өкінішке қарай, оның да суы жоқ болып шықты. Көп ұзамай, сарбаздарды шөл қыса бастады. Ақырында, сахабалар Аллаһ елшісіне мәселені айтып, не істеу керектігін сұрады. Хақ пайғамбар қорамсабынан бір жебесін шығарып, садағын керіп тұрып, құдықтың түбіне атып кеп қалғанда, қадалған жерден су атқылап шыға бастады. Аздан кейін құдықтың суы көтеріліп, су жақыннан көлкіп көріне бастады. Бұл нағыз мұғжизаның өзі еді. Хақ тағала Пайғамбарының қолымен мұсылмандарға тағы бір мұғжиза көрсетті.

### **Елшілер**

Хұзаға руы мұсылмандықты қабыл етпесе де, мұсылмандармен бірге еді. Меккеліктердің соғысқа сақадай сай тұрғандарын олар да естіген болатын. Бірнеше кісі суыт келіп, Хақ пайғамбарға хабар айтты. Олардың арасында Бүдейіл ибн Уәрқа деген кісі де бар болатын. Бұл кісі Мекке алынғаннан кейін иман келтірген. Пайғамбарымыз осы кісіге сенген соң, оны меккеліктерге жіберіп, тек кіші қажылыққа ниет еткендіктерін жеткізуді тапсырады.

Бүдейіл меккеліктерге Аллаһ елшісінің хабарын жеткізеді. Уруә ибн Мәсғұд әс-Сақати да хабаршының сөзін естіді. Айтылған сөзді жөн санады. Сосын Пайғамбармен жүздеспек болып, ойын айтқан еді, меккеліктер осы адамды дұрыс көріп, міндет жүктеп, Аллаһ елшісіне аттандырды.

### **Өзгерген адамдар**



Уруә көп ұзамай Пайғамбарымызға келіп, қасына тізе бүгеді. Сөз арасында қолын созып, арабтардың ежелгі әдеттеріне салып, Аллаһ расулының мүбәрак сақалынан ұстамақ болады. Ол қолын созғаны сол екен, кенеттен бір соққы қолын қағып, кейін қайтарып жібереді. Ұрған Уруәнің өз жиені – Мұғира ибн Шубә (р.а.) болатын. Ол: «Лас қолыңды Пайғамбардың пәк сақалына тигізуші болма! Енді бір рет қайталасаң, қолыңды жұлып аламын!» – деді. Уруә не дерін білмей, састы да қалды. Бірнеше ай бұрын ғана Мұғираның жасаған қылмысының құнын бұл өтеп берген жоқ па еді? Мұсылман болған соң, жиені қалайша аяқ астынан өзгеріп сала берген. Сонымен қатар, сахабалардың Ақиық елшісінің айналасында пәруаналардай шыр айналып, зыр жүгіргендерін көріп, таң қалады. Меккеге оралған соң, ол осы танданысын былайша жеткізеді:

«Мен сасанидтердің, қайсарлықтардың және эфиопиялықтардың патшаларын көрдім. Бірақ бұлардың айналасындағы адамдарының дәл Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) көрсеткен құрметіндей құрмет көрмедім. Менің сөзіме құлақ ассаңдар, осы адамға тиісуді қоялық!», – дейді. Сөйтіп, осы кездесуден ешбір нәтиже шықпайды. Осыдан кейін Пайғамбар Құрайышқа Хыраш ибн Умәйяны жіберді. Бірақ құрайыштықтар оны тарпа бас салып, түйесін атып өлтіреді. Өзін де өлтіргелі жатқанда, жақтас бір руластары келіп құтқарып қалады.

[1] Бухари, Һибә, 35; Муслим, Жиһад, 70; Муснәд, 3/200; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/279-280.

[2] Ибн Мәжә, Тижарәт, 40.

[3] Ибн Хишам, Сирә, 2/147.

[4] «Адам құқықтары жөніндегі декларация» – 1789 жылғы француз революциясынан кейін жарияланған адам құқықтары мен бостандықтарын қамтитын декларация

[5] «Танзимат декларациясы» – 1839 жылы қабылданған Осман мемлекетінде қоғамды демократияландыру реформаларын қамтыған құқықтық құжат.

[6] Бухари, Мағазы, 26.

[7] Ибн Хишам, Сирә, 3/128.

[8] Ибн Хишам, Сирә, 3/128.

[9] Бухари, Мағазы, 25; Ибн Хишам, Сирә, 3/99; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/56-60; Ибн Сад, Табақат, 2/42/49.

[10] Муслим, Мусафирин, 201; Тирмизи, Дауат, 32. Бухари, Мағазы, 34; Ибн Хишам, Сирә, 3/313.

[11] Мәжмәуз-Зәуәид, 2/280.

[12] Муслим, Жиһад, 83; Ибн Хишам, Сирә, 2/266-267; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/332.

[13] Муслим, Тәубә, 53.

[14] Ибн Хишам, Сирә, 2/272.

[15] Бухари, Шурут, 15.

[16] Муснәд, 5/441.

[17] Муслим, Имәрә, 37.

[18] Ибн Хәжәр, Исәбә, 1/165.

[19] Ибн Хәжәр, Исәбә, 1/564.

[20] Муслим, Фадаилул-Сахаба, 63.

[21] Ибн Хәжәр, Исәбә, 1/564.

[22] Ибн Сад, Табақат, 4/70; Ибн Хәжәр, Исәбә, 1/564.

[23] Худайбия - Меккеден 50-60 шақырым қашықтықта жатқан бір жердің атауы. Негізінде, бұрын осы атау сол жердегі бір құдықтың атынан пайда болған. Кейіннен сол құдыққа жақын орналасқан бір ауылдың атына айналады

#### 4. Елші Осман

Осыдан кейін Құрайышқа тағы бір адамды жіберуге тура келді. Омарға (р.а.) ұсыныс жасалды. Бірақ Меккеде Омардың бірде-бір досы жоқ, керісінше, дұшпаны жетерлік еді. Бейбіт келісім жасауға оны жіберудің ешқандай пайдасы жоқ болды. Ол осы ойын Пайғамбарға айтып, ақыр соңында, Осман (р.а.) жіберілетін болып, шешім қабылданды.

Құрайыштықтар Османды (р.а.) ұстап алып, қамап тастайды. Көп ұзамай оны өлтіріпті деген де алып-қашпа сөз тарады. Оралар мезгілінен кешіккен соң, алып-қашпа сөз рас болды-ау деп жорамалданғаннан кейін Аллаһ елшісі мұсылмандарды «бият» етіп, сөз беріп, серттесуге шақырды. Өзі бір ағаштың түбіне отырып, мұсылмандардың сертін қабылдады. Кейіннен осы ағаш «Ридуан ағашы» деп аталды. Омардың (р.а.) кезінде бұл ағаш кесілді. Өйткені, Омар (р.а.) адамдар осы ағашты киелі санап, пұтқа айналдырып алады деп қорыққан болатын[1].

#### Өлімге серт

«Бият» сөзін естіген сарбаздар орнынан қарғып тұрды. Бәрі де бір ауыздан өлімге бас тігіп, серт берді. Өйткені бұл сәтте өлім үшін ғана серт берілетін еді. Иә, Аллаһ елшісінің мүбәрақ қолын алмаған ешкім қалмады[2].

Бір адам ғана қалған. Бірақ, ол Меккеде болатын. Өлі ме, тірі ме, беймәлім. Аллаһ елшісі осы кезде заман мен мекенді аттап өткендей көрінді. Бейне бір заман мен мекенді пердедей түріп тастап, шалғайдағы Османның (р.а.) қолын қысқандай күй кешті. Оң қолын көтеріп: «Бұл – менің қолым», – деді. Артынша сол қолын көтеріп: «Бұл – Османның (р.а.) қолы», – дейді де: «Куә болыңдар, мен Османның (р.а.) орнына серт етемін», – деді[3].

Аллаһ елшісінің өзі уәкіл болып, серт берген неткен ғажап «бият» десеңізші!

Бұл мәселе жай мәселе емес болатын. Бәрі де іштей қайнап, оқ болып атылып, арғымақ болып қарғуға дайын тұрды. Тек Аллаһ елшісі ғана бәз-баяғы қалпын бұзбай, өзін сабырлы ұстады. Негізі, оның ішкі әлемі алай-дүлей болып, жанартаудай қайнап жатты. Бірақ өз ырқымен өзін тежей білді. Ғажап! Бұл неткен мықты ерік!

Аттар тықыршып, тұяқтарымен жер тарпып, сарбаздар лап беруге даяр тұрған шақта Пайғамбар көз ұшында көтерілген шаңды байқап қалады. Аздан кейін шаң

арасынан Сүһәйіл көрінді. Ол Сүһәйілді өте жақсы танитын. Жанындағыларға: «Ісіміз жеңілденді. Құрайыш бейбіт келісімнен басқа еш нәрсе жасай алмайды», – дейді. Задында, Сүһәйілдің есімінің мағынасы да «жеңіл» болуы кездейсоқ емес шығар. Пайғамбардың адамдарды қалай танитынына көз салыңыз! Сүһәйілді көре сала істің немен аяқталарын айтып салды. Ол Уруэны көрісімен Құрайыштың бейбіт келісімге келетіндігін айтқан болатын. Бірақ Сүһәйілдің келуі осы келісімнің айқындығын көрсетті. Айтқандай-ақ, жағдай Аллаһ елшісінің айтқан сөзін растап, оңынан жүре бастады. Сүһәйіл бейбіт келісім жасауға келгендігін әуел бастан-ақ айтты. Мұндай ұсыныссыз да Аллаһ елшісі бейбіт келісімді іштей қалап тұрған болатын.

### **Бейбіт келісім**

Алғашқыда осы келісімдегі шарттар түгелдей мұсылмандарға қарсы бағытталғандай көрінді. Бірақ Құранда осы келісімге нәтижесі тұрғысынан жеңіс деп баға берілген.

Сүһәйіл Аллаһ елшісін өз дегеніне қаншалықты мақұлдатса, ол үшін соншалықты баға жетпес табыс еді. Сондықтан ең ұсақ мәселенің өзін дауға айналдырды.

Мысалы, бейбіт келісім шарттың басында жазылған «Рахман және Рахим болған Аллаһтың атымен» сөзіне қарсылық білдіріп, оның орнына «біздің Аллаһтың атымен» деп жазылу керек деп бетбақтырмай тұрып алды. Хақ пайғамбар да оның осы ұсынысын қабыл алады.

Сүһәйілдің екінші қарсылығы «Аллаһ елшісі» деген сөз болды. Ол: «Біз сенің Аллаһ елшісі екендігіңді қабыл ететін болсақ, мұндай келісімге барудың ешбір қажеті жоқ еді», – деді. Пайғамбарымыз хатшылық ісін атқарып тұрған Әлиге (р.а.) сол жерді өшіруін бұйырды, бірақ Әлиге әлгі сөзді өшіру ауыр келіп, бір сәт қимылсыз тұрып қалды. Осы кезде Аллаһ елшісі өз қолымен сол сөзді өшіріп, Әлиге (р.а.) ары қарай жаздыртты.

Келісім-шарттағы ережелердің, шамамен, бәрі дерлік дау-дамайға арқау болды. Сүһәйіл өз айтқаны болмаса, мұндай келісімге мөр баспайтындығын айтып қарсылық білдірді. Пайғамбарымыз да осындай келісімнің ақыры үлкен оң нәтижелер туғызатындығын байқап, сырттай пайдасыз көрінгендігіне қарамастан, көптеген қалауына «иә» деп жатты.

Осы бабтар бойынша:

1. Мұсылмандар осы жылы Меккені зиярат етпей, кері қайтады.

2. Зиярат келесі жылы ғана жасалады. Зиярат мерзімі үш күнге ғана созылады.

3. Қылыштан басқа қару асынбайды. Қылыштары қындарында болуы тиіс.

4. Меккеден Мәдинаға барғысы келгендер болса, қабыл етілмейді. Қайтадан Меккеге қайтқысы келгендерге де кедергі жасалынбайды. (Яғни, мұсылмандардың бірі Мәдинаға барса яки мұсылмандарды паналаса, ол дереу Құрайышқа қайтарылады).

5. Араб рулары қалаған жағымен бірлесуге ерікті болады.

### **Хазірет Омар және Худайбия соққысы**

Сырттай қарағанда, осы шарттардың түгелі дерлік мұсылмандарға пайдасыз көрінген еді. Әсіресе, келген мұсылман қайтадан Құрайышқа қайтарылады деген бап мұсылмандардың ашу-ызасын тудырды. Ашуға булыққан Омар (р.а.) Аллаһ елшісіне келіп: «Сен Аллаһтың елшісі емес пе едің?» – деді. Рақым Пайғамбар осы кезде де салмақты қалпын бұзбай Омардың (р.а.) сауалына салқынқандылықпен былайша жауап берді:

– Иә, мен Аллаһтың елшісімін.

– Біз хақ жолда емеспіз бе?

– Иә, біз хақ жолдамыз.

– Олай болса, мына масқаралыққа қалай төзе аламыз?

– Мен Аллаһтың пайғамбарымын. Аллаһ тағалаға қарсы келе алмаймын.

– Сен Қағбаны зиярат ететінімізді айтқан жоқ па едің?

– Иә. Бірақ биыл деп айтқан жоқпын.

Омар (р.а.) ет қызулықпен Әбу Бәкірге (р.а.) барып, оған да осы сауалдарды қояды. Ол да Аллаһ елшісінің берген жауабын қайталайды.

Кейіннен Омар (р.а.) осы оқиғаны есіне түсірген сайын іштей күйзеліп, өзегі өртеніп өкінеді. Шамасы, сол әрекеті үшін қанша садақа беріп, ораза ұстап, Хақ тағалаға жалбарынып, кешірім тілегені бір Аллаға аян...

### **Әбу Жәндал**

Тақырыпқа оралайық. Исламды жақында ғана қабылдаған Сүһәйілдің ұлы Әбу Жәндалдың сол кезде аяғындағы кісенін сылдырлатып, сүйретіліп келуі жанға ең қатты батқан іс болды. Әбу Жәндал жүруге әлі жоқ, әбден азып-тозған күйі зорға келді де, Аллаһ елшісінің алдына сылқ құлайды. Осы көрініске куә болған

сахабалардың көңілдері босап, көздеріне жас келеді. Сүһәйіл: «Келісім шарттың іске асуы үшін алғашқы шартым: ұлымды маған қайтарасыңдар», – дейді. Рақым Пайғамбарының да жанарына жас тұнды. Әлі келісімге қол қойылмағандықтан, Сүһәйілге Әбу Жәңдал мұсылмандардың арасында қалсын деп өтініш білдірді. Бірақ Сүһәйіл бұл ұсынысты қабылдамай, табандап тұрып алды. Пайғамбарымыз жанары жасқа толып, Әбу Жәңдалды қайтарып берді. Бірақ оның құлағына сүйіншілеп: «Аллаһ тағала сен және сен сияқтыларға көп кешікпей азаттық нәсіп етеді», – деді. Айтқандай-ақ, солай болды[4].

### **Әбу Басир және оның серіктері**

Худайбия келісімі аяқталысымен, көп ұзамай Меккеге қашқан Әбу Басир атты лақап есіммен танылған белгілі Утбә ибн Әсид келіп Аллаһ елшісін пана тұтады. Артынша Құрайыш Мәдинаға екі адамын жіберіп, Әбу Басирды қайтаруды талап етеді. Хақ пайғамбар оны да қайтарып береді. Алайда Әбу Басир жолда осы күзетшілердің біреуін өлтіреді. Біреуі қашып құтылып, жанын эзер дегенде аман алып қалады.

Әбу Басир қайтадан Аллаһ елшісінің құзырына келеді. Екі әлем Сардары: «Пайғамбар берген сөзінен танбайды», – деп, Әбу Басирды Мәдинаға қабылдамай қояды. Осыдан кейін Әбу Басир Мәдинадан шалғай жатқан Зулмәруәге жақын «Ыс» деген жерге орналасады. Сонда Меккедегі жапа шеккен мұсылмандар да паналар жер ретінде естіп, біртіндеп қашып, Әбу Басирға барып қосылады. Бұл меккеліктердің қорқынышты түсіне айналды. Әбу Басир мен оның серіктері сауда жасау үшін сол жерден өтуге мәжбүр болған Мекке керуендеріне үлкен қауіп төндірді.

Меккеліктер тікелей өздері Аллаһ елшісіне келіп, мұсылмандарды Мәдинаға қабылдауын өтінеді. Осылайша Худайбия келісімінің мұсылмандарға ең ауыр тиген бабы тікелей осы бабты ұсынғандар тарапынан күші жойылады. Бұл айқын жеңіс ұшқыны іспетті болатын[5].

Оның үстіне Худайбиядан қайтар жолда «Фатх» сүресі түсіп, осы келісімнің айқын жеңіс екендігін білдірген болатын[6].

Аллаһ елшісінің қуанышы қойнына сыймады. Ойындағысының бәрі уақыты келгенде күрмеуі жеңіл тарқатылған түйіндей шешіле бастаған еді. Негізінде, ол жеңіскер қылышын дұшпанына сонау Худайбияда сілтеп, түйін сол кезде-ақ шешілген болатын. Бірақ сырт көз бен пәни әлем тұрғысынан келсек, түйін енді шешіліп жатты. Бір күні Сифул-Бахр төбесінің жалынды жастары Аллаһ елшісінің «Уәда төбесінен» өтіп Мәдинаға келгеніндей қалаға кіріп келді.

Алдында Аллаһ елшісі Мәдина халқы да оларды «Уәда төбесі» әнін айтып қарсы алып жатты. Адуынды кәпірлер өз қолдарымен өз шарттарын бұзған еді. Кейіннен: Аллаһ расулының қол астына кірген бір руды шауып, онымен қоймай, Пайғамбардың қариларын өлтіріп, өз сөздерін өздері түгелдей бұзатын да күн жақындап келе жатты[7]. Осылайша Хақ пайғамбар Худайбия арқылы негізі салынған үлкен жеңісті тікелей Меккені алу арқылы іске асыратын еді.

### **Худайбия келісімінің жетістігі**

Сіздерге аталмыш оқиғаны егжей-тегжейіне дейін тәптіштей айтып, маңызды бір мәселенің кіріспесін әзірлеуге тырыстық. Бұл – Худайбиядағы қол жеткен жетістік. Худайбия қандай табыс әкелді? Аллаһ елшісі бейбіт келісім жасаған болатын. Мұсылмандарға осы бейбіт келісімнің нендей пайдасы тиді?

Әуелі осы бейбіт кезеңде Исламның қылышы – Халид ибн Уәлид (р.а.) мұсылмандықты қабылдады.

Халид ибн Уәлид шайқаста тізесін бүтетін адам емес. Кейін мұсылман болғанда айбынды абыройға айналатын бойындағы осы бір ешкімге бас имейтін қайсар рухы тұрғанда қылыштың жүзімен Исламға кіруі әсте мүмкін емес болатын. Болашақтағы мұсылман елінің теңдессіз қолбасшысын Хақ тағала шапағатымен қорғап, оның өз абыройымен иман келтіруіне жағдай жасаған-ды. Исламға шақырудың төте жолы болып саналатын мұндай бейбіт тәсіл қолданылмағанда, Халидтың мұз болып қатқан жүрегінің жіби қоюы екіталай еді.

Келісімге қол қойылғаннан кейін Меккеде алданыш қылар шаруасы қалмаған Халид бір сәт ойлануға мүмкіндік алды. Худайбия келісіміндегі мұсылмандардың сағы сынуы және келесі жылы келіп жасаған кіші қажылығындағы бір-біріне деген ыстық-ықыластары мен мінез-құлықтары Халид пен оның серіктеріне ой салды. Иә, бейбітшілік орнаған осы бір уақыт аралығы оған ақ пен қараны ажыратуға толық мүмкіндік берді. Көп кешікпей өз еркімен келіп, Аллаһ елшісіне мойынсұнғандығын жария етті[8]. Осы мойынсұнушылық оның «Сайфуллаһ» (Аллаһтың қылышы) атануына сеп болды. Асылында, Хақ пайғамбар да осыны күтуде болатын. Амр ибн Ас (р.а.) та осы кезеңде мұсылман болғандардың бірі[9]. Худайбия келісімінен кейін орнаған бір сарынды өмір мен күйбең тірлік соғыс майдандарында күндей күркіреген осы қаһарман жігіттерді жалықтырып жіберді. Ақырында, олар қайнаған қозғалыс ордасын таңдап, Аллаһ елшісімен бірге болуды құп көрді.



Өмір бойы Қағбаның кілттерін арқалап өткен Осман ибн Талха (р.а.) да осы кезеңде иман келтірген дара тұлғалардың бірі. Ол мұсылман болысымен Хақ пайғамбар әлгі кілттерді өзіне қайтарып берді. Әскери және саяси біліктіліктерімен орда бұзған бұл жандар бейбіт кезеңінің күн шуағына бойлары жылығанда ғана өздерін жете тани алды.

**Екіншісі:** Сол кезеңге дейін Құрайыштықтар өздерін үстем санап: «Қағба біздікі» деп ешкімді маңына жуытпайтын. Зияратқа келгендер салық төлеп қана Қағбаны тауап ете алатын. Басқа жолмен Бәйтуллаһты тауап ету әсте мүмкін емес еді.

Алайда Аллаһ елшісімен жасалған келісімде мұндай шарт қарастырылмаған еді. Бұл Құрайыш үшін орны толмас қателік. Мұсылмандар келесі жылы Қағбаға салық төлемей, тауап қылғанда,[10] өзге қауымдар мен рулар бастарын көтеріп, ояна бастады. Демек, тек Құрайыш қана Қағбаның иесі емес. Әйтпесе Мәдинадан келген мұсылмандар салық төлемей, Қағбаға қалай зиярат ете алар еді? Ендеше, неге біз де мұндай құқыққа ие болмасқа?! Жалпақ жұрт осылай ойлады, Қағбаның жалғыз сақшысы құрайыштықтар еместігі айқындала бастады. Осылайша, мұнан соң кез келген адам бөгетсіз келіп, қалауынша Қағбаны тауап етіп, рәміздерін жария ете алатын болды.

**Үшіншісі:** Бейбіт келісімнің шарттарына сәйкес құрайыштықтардың он жыл бойы мұсылмандармен соғысуға құқықтары жоқ болатын. Осы он жыл мұсылмандарға аса маңызды еді. Аллаһ елшісі осы уақыт ішінде өсірген шәкірттерін шартарапқа жіберу мүмкіндігін алды. Бұл дегенің – күллі Араб түбегіне Исламды жаю деген сөз. Иә, шындығында да нәтижесі көп күттірмей-ақ жер-жерге Хақ діннің иләһи нұры шашырап, естіген жұрт Ислам дініне ұмтыла бастады. Құран Кәрімнің: «Топ-тобымен Аллаһ тағаланың дініне кіреді» (Наср, 110/2) деп сүйіншілеген сәт, міне, осы сәт болатын. Он жыл – жаңа бір ұрпақтың өсіп-өркендеуі деген сөз. Құрайыш мұсылмандарға қандай мүмкіндік бергенін байқамай да қалды. Егер әу баста білгенде, мұндай келісімді әсте жасамайтын еді. Осы аралықта мұсылмандар сан жағынан да, сапа жағынан да едәуір толысып, жетіліп іргесін нығайтып алды. Исламға жаңа кіргендердің үміті шынайы сенімге айналды, Исламның әскери күш-қуаты артты. Міне, осы күш-қуаттан нәр алған әрі барлық сән-салтанатымен мұсылмандар Меккенің қақпасының алдына келгенде құрайыштықтардың ауыздары аңқиып қалды.

**Төртіншісі:** Осы бейбіт келісім арқылы туған тағы бір мүмкіндік – Худайбияға дейін екі жақ бір-бірлерімен қарым-қатынас жасай алмайтын. Кездесе қалса, қындарынан қылыштарын суырып алып барып қана тілдесетін. Ондай текетірес сәттерде кім сөз тыңдасын? Ал келісімнен кейінгі мамыражай кезеңде бір-



бірлерімен етене жақын араласа бастады. Сол күнге дейін Исламға тән кереметтерден хабары жоқ адамдар иманмен нұрланып, діннің қадір-қасиетіне танданып, қуаныштарын айтып жеткізуге сөз таппай жатты. Мәдинадағы өмір жәннатты еске салғандай, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кез еді. Осыны сырттай көргендер әлдебір ғажап әлемге сапар шеккендей күй кешті. Дәрет, азан, жамағатпен оқылған намаз, адамдардың намаздағы тақуалықтары меккеліктердің жүрегін баулап алды. Худайбия бейбіт келісімінің арқасында Ислам үні алысқа тарап, көптеген шаңырақтарда естілетін болды. Сол себепті Худайбия келісімі Исламның Мекке жеңісіне дейінгі жеңісі болып саналады.

### **Исламның ресми танылуы**

Бесіншісі: Барша қауымдар мен рулар осы бейбіт келісім арқылы Пайғамбарымызды жете танып, ол құрған мемлекеттің жат жұрттықтармен келісім-шарт жасай алатын биік деңгейге жеткендігін мойындай бастады. Бүгінде тәуелсіздік алған бір мемлекетті өзге мемлекеттер танып, олар осы таныстығын өзге мемлекеттермен жасаған қарым-қатынастарында кепілдеме етіп жатады. Аллаһ елшісінің уақытында да дәл солай болды. Көптеген жаңа қауымдар бірінен соң бірі Аллаһ елшісінің дінін танып жатты. Оны Құрайыш танығанда, Тайыф қалайша танымасын? Иә, сөйтіп олар бірінен соң бірі ресми түрде тануды бастап та кетті.

Жаббар Иенің пайғамбары Худайбия келісімі тәрізді ең ауыр жағдайдан жеңіспен шыққан ғажап адам еді. Ойланбастан шешім қабылдауға тура келген қысылтаяң сәттерде ақылға сыймайтын жеңістерге жетуін, сөзсіз, адам ойынан жоғары мұғжизалыққа жатқызуға болады. Бұл да оның Хақ пайғамбар екендігіне айқын дәлел.

### **Сүйеніші Жаратушы Жаббар ие болатын**

Иә, өте күрделі мәселелердің шешімінің мәніне үңілген жан Хақ пайғамбардың әрбір ісінен – күллі ғаламзатқа билігін жүргізген Шексіз Құдіреттің қолдауын бірден аңғарады.

Біз де оның Қап тауынан да ауыр мәселелерді оп-оңай шеше білуінің сырынан Жаратушы Жаббар Иенің «Бұл – Менің пайғамбарым» дегенін түйсініп, еріксіз «Мухаммәдур-Расулуллаһ» деп жар саламыз. Иә, Аллаһ елшісі шұғыл шешім қабылдап, дереу іске кірісіп, барлық істі кәміл атқара білетін. Иә, ол тым болмаса өмірінде бір рет мүлт кетпеген. Бұған тарих куә. Жеңілістер оның қолымен жеңіске, қараңғылық жарыққа айналды. Алайда мұндай билік тек Аллаһ тағалаға тән: «Сендерді және сендердің істеріңді де жаратқан – Аллаһ» (Саффат, 37/96)

делінеді. Демек, Хақ тағала өз істерін ең кәміл, ең абыройлы, ең абзал пендесінің қолымен жаратуда. Не үшін десеңіз? «Бұл – Менің құлым, бұл – Менің пайғамбарым. Осыны жақсы білiндер» деу үшін. Мен барлық жағынан оны қуаттаймын. Сендер миллион, миллиард болып, Менің құлым жалғыз болса да, бәрібір сендерді жеңеді. Неге? Өйткені Мен оны құзырымдағы барлық қуатты қазыналарыммен бірге қолдап, демеймін.

Олай болса, артында Аллаһ тағала тұрған адамға қарсы соғыс жариялау – тікелей Аллаһ тағалаға қарсы соғыс жариялау деген сөз. Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) жеңілмеді. Ешқашан жеңілмейді де. Оны жеңемін деп балта қайрау – өз ақылдарына қисынсыз, жүрек үніне қарсы қарекет ету деген сөз. Турасын айтқанда, өздерін шыңырау құздан тастап, аман қаламын деп ойлаған бақытсыз бейбақтар. Мұндайларды Хақ тағала дер кезінде ескертіп: «Естеріңді жиындар, шектен шықпаңдар!» дейді. Егер осыны ұға алмаса бәрін де жермен-жексен етеді.

Иә, хазірет Мұхаммедпен (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) соғысуға болмайды. Оған қарсы шығуға да болмайды. Себебі оның қуаттаушысы – Ұлы Жаратушы Жаббар Ие. Тіпті бірде әйелдерінің бір сәт сырт бергенінің өзінде де оның көңілін жұбатып: «...Пайғамбарға қарсы бір-біріңе болысқандар, оның иесі Аллаһ және Жебрейіл де, игі мүминдер де, періштелер де оған болысады» (Тахрим, 66/4) деген еді. Яғни күллі көгілдір көктер әлемінің рухани тұрғындары сені желеп-жебейді. Сенің әскерлерің арасында бұлар тұрғанда, миллион болса да, саған қарсы тұра алмайды. Қарсы шыққан өз басын өзі тасқа ұрып жармақ. Иә, Аллаһ тағала ондайларға ақыретте айтар сылтаулары қалмасын деп, бәлкім, он рет, жиырма рет тіпті одан көп мерзім беріп, оларға: «Жақсылап қарап, ойланып тура жолға келiндер. Күні ертең ақыретте ешбір сылтауларың болмасын», – дейді. Бірақ, хадистің сөзімен айтқанда, бір рет қаһарын төкті ме, ешқашан құтыла алмайды[11].

[1] Ибн Сад, Табақат, 2/100.

[2] Ибн Хишам, Сирә, 3/330.

[3] Сол жер.

[4] Ибн Хишам, Сирә, 3/321-333; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 4/188-193.

[5] Ибн Хишам, Сирә, 3/337-338.

[6] Ибн Хишам, Сирә, 3/334.

[7] Ибн Хишам, Сирә, 4/32-37.

[8] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 4/272.

[9] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 4/269.

[10] Ибн Хишам, Сирә, 4/12.

[11] Бухари, Тәфсир, Сурә, (11) 5.

## АҚЫРҒЫ ПАЙҒАМБАРДЫҢ АМАНАТЫ

Аллаһ елшісінің алдын ала алыс-жақын болашақты қатар білуі – өзіне ғана тән ерекшелік болатын. Худайбия келісімінен алған үлкен дәрісіміз де, міне, осы. Хақ пайғамбардың қойған ұстанымдарының ерекшелігі сол – талай су ағып, талай заман өтсе де, өзінің көкейтестілігін жоғалтпай, күн өткен сайын жаңара түсуінде. Ақырғы елші Хақ тағала тарапынан кейбір діни заңдар мен ұстанымдарды алып, оларды өз ғасырының адамдарына тәблиғ етіп үйретті. Олар да бізге дейін осы мәселелерді жеткізуде үлкен рөл ойнаған. Бізге дейінгілерге Хақ тағала мәңгілік разы болсын! Өткенге салауат тұрғысынан Құран бізге мынаны үйретеді: «Аллаһым, бізге кешірім ет! Аллаһым, дін ісіне бізден бұрын ықылас танытқандарды, қиындығына шыдағандардың, барлығын кешіре гөр! Және иман келтіргендерді нақақтан жазғырудан, оларды өсектеуден біздерді сақтағайсың» (Хашр, 59). Бұл – сахабаларға барғанға дейінгілерге арнаған біздің салауатымыз. Әр мазараттың басында тұрып, Фатиха оқыған кезде оларға деген осы құрметімізді білдіреміз. Бізден бұрынғылар бүгінге дейін Аллаһ елшісінен кейін бірінен соң бірі жалғасып бірнеше мемлекет құрған. Бір еуропалық ойшыл: «Хазірет Мұхаммед – жер бетіндегі ең ұлық адамдардың ішіндегі ең ұлы адам еді», – дейді. Неге? Өйткені оның белгілеген ұстанымдары мен заңдары арқылы жүзге жуық мемлекет құрылып, қаншама мәдениеттің негізі қаланған. Төрткүл дүниеге ғылым отауларын құрған. Бағдат пен Орта Азия жерлерінде дұшпандарымызды жермен-жексен еткендеріне қарамастан, әлі күнге дейін Ислам өркениетінің ғажайып ошақтары бар.

Сол жауһарларға нағыз шығармашылық талғаммен не кәсіпқой эстетикалық көзбен үңіле түссе шіркін! Сонда небір тылсым сырлар мен қаншама таңғажайып кереметтердің түңдігі ашылмақ!

Иә, одан кейін оның ізі арқылы мыңдаған ғылыми орталықтар құрылып, жүз мыңдаған ғалымдар мен ақын-жазушылар, сан-саланың мамандары жетіліп, оның әкелген жүйесі арқылы Омияттар, Аббаситтер, Селжүктер, Хорезмдер мен Қараханиттер және Осман мемлекеті секілді жүздеген мемлекеттер пайда болды.

Исламды христиан дінімен салыстыруға болмайды. Христиандық наным ешқашан шіркеуді аттап өте алмады. Ал Ислам болса, терең де бесаспап, әрқашан жаңаруға лайық қасиетті Құранның қағидаларына негізделген. Оның кеңістігінде заман өзгеріп, сыртқы пішін алмасса да, мән-мағынасы мәңгілікке жалғасып жатты. Бұл дүниеде мәдениеттер мен мемлекеттердің бірі күндей көкжиекке құлап батар-батпас артынша басқа бір мемлекет атқан таңдай жарқырап шығып, бірінен соң

бірі алмасып жатады. Бірақ, сол шырмауықтай шиырланған ғұмырда имани ұстанымды басшылыққа алғандардың әркез асығы алшысынан түседі. Оған тарих куә. Иә, олар бейне бір жібек құрты көбелекке, көбелек көгершінге айналып, көгершін тауыс құсына айналып, Мұхаммеди көктерде қанат жайып, жаратылыспен тіл қатысып, Аллаһ тағаланың жер бетіндегі халифалығын тіршілік заңдылықтарына сай толықтай атқарып кетті. Осы мән-мағынаға сай үлкенді-кішілі жүздеген мемлекет хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сол бір иләһи дастарханынан дәм татып, әрқашан оны өнеге тұтып, жарқын болашаққа бет алғаны хақ...

### **Исламның аясында өскен кемеңгерлер**

Ақиық пайғамбар уахимамен қуатталған кең ой-өрісінің арқасында мемлекетке дінгек боларлық бірегей тұлғаларды танып, қабілеттерін аша білген. Ол – дара стратегтер мен ғылым адамдарына негізгі өмірлік ұлы мақсаттарын көрсеткен теңдессіз адам. Хақ елшісі өз заманында көптеген қолбасшылар тәрбиелеген. Халид, Уқба, Ахнаф, Тарық және Мұхаммед ибн Қасым тәрізді қолбасшылар Хақ Сардардың тәлім-тәрбиесін алып өскен. Тек сол қолбасшыларға қарап-ақ, Аллаһ расулы тек қана әскери іспен айналысқан ба деп қаласыз?! Қазіргі заманның Аққад секілді көптеген зерттеушілері «Алтын ғасырды» ұлылар мен даналардың қоймасындай көреді. Иә, «Мұхаммед медресесі» – дарындылардың санасын оятып, ой-өрістерін кеңейткен бірегей медресе. Сол медресеге барған барлық жан өз қабілеттеріне сай ой-санасы мен жүрегін һәм рухын тереңнен қозғап, кемелдендіріп, даналық деңгейіне дейін жеткізген. Әбу Бәкір (р.а.) – әскери басқарушы және ғұлама кемеңгер. Омар, Осман, Әли де (р.анһум) өз алдына бір төбе кемеңгер тұлғалар. Халид, Сағд, Әбу Үбәйда, Алауул-Хадрами, Қағқаға – әскери кемеңгерлер. Басқа да жүздеген адамдар сол жарқын шақтың кемеңгерлік сипатын көрсеткен. Басқалай айтқанда, сол бір құтты кезең – адамдардың қабілет дақылының бір дәні де жоғалмай бағаланып, бүршік жарған алтын шағы. Африканы аз уақытта түгелдей Ислам қанатының астына алған Уқба ибн Нафи кемеңгер болмағанда, кім болмақ? Уқба он бес жасында ат құлағында ойнап, халифалар кезеңінде үлкен жауапкершілікті алып жүрді. Атлант мұхитына дейін бүкіл Африканы қол астына қаратты. Оның мына сөзі де ел есінде жақсы сақталған. Ол ат ойнатып арабтардың «Қараңғылық теңізі» деп атайтын мұхитқа дейін барып, теңізді кешіп тұрып: «Аллаһым, мына теңіз алдымнан шықты. Егер шықпағанда, Сенің ұлы есіміңді теңіздің арғы жағалауындағы елдерге жеткізер едім»[1], – дейді. Сол медреседен тәлім алған Тарық ибн Зияд деген құл да кемеңгер қолбасшы болған. Жүз мыңға жуық Испан әскерін он екі мыңдық сарбаздарымен түске дейін шабуылдап, қалың қолын бұзып-жарып, ар жағына

бір-ақ шығады да, Толедо патшалығының сарайына жетеді[2]. Өйткені кемеңгер еді. Алаул-Хадрами да үлкен кемеңгерге жатады. Омар (р.а.) кезеңінде: «мұншалықты көп кемеңгерлерді пайдаланатын жеріміз жоқ» деп те айтылған еді. Мұның да бізге өнеге болар өзіндік тағылымдары бар. Тарихшылар «Халид пен Аляның орнын ауыстырып қойсаңыз, одан ешқандай өзгеріс болмайды» деп жазады.

Қалайша? Шындығында, қалайша бір заманда мұншалықты кемеңгерлер бірден шығады? Сағд ибн Әбу Уаққас та, Әбу Убәйда да, Шурахбил ибн Хасана да, Язид ибн Әбу Суфиян да кемеңгерлерге жатады[3]. Бұдан басқа Аллаһ елшісінің артында қаншама кемеңгерлер бар. Осындай кемеңгерлер арқылы ғана Өкюз өзеніне, Синдабадқа, Қытай қорғанына, Тарық тауына жетіп, ширек ғасырда осы аймақтарға дін таратылған. Болмаса бұл аймақтың Ислам қанатының астына топтануы мүмкін емес еді. Солай болған күннің өзінде ұзақ тұра алмайтын еді. Әсіресе, ескі діндердің жасаған зұлымдықтарына қарсы төтеп бере алмас еді. Ішкі және сыртқы дұшпандардың соққысына осы құрылған жүйе он екі ғасыр бойы шарықтау шыңында тұра да алмайтын еді. Иә, олар пайғамбарлық қайнардан нәр алған кемеңгерлер болатын. Сан ғасырлар бойында сол күші арқылы ғана әлемді басқаруда ұдайы табыстарға жетіп отырды. Иә, бейне бір Аллаһ елшісі бұл өмірден көз жұмып, күндей батып бара жатқанда, артында қалғандарға жарығын бөліп кеткендей. Оның барлық шәкірттері сол бір Мұхаммеди фәтәнәт арқылы әлемдегі үлкен істерді атқарып жатты. Осындай ғажайып заманға барабар кезеңді қиялдай аламыз ба, ол жағын білмеймін? Ондай берекетті кезеңді қайта көру былай тұрсын, тіпті түсімізге кірер ме екен? Біз мұндай жүзден астам кемеңгерлерден бірен-сарандарын ғана атадық. Олардың Аллаһ елшісінің пайғамбарлығымен қатысты ерекшеліктерін ғана қозғадық. Бұлар – жеке тақырыпқа арқау, бір кітапқа жүк болатын салмақты тұлғалар.

Болашақта ғалымдар осы жаңалығы мол тақырыптарды тереңдеп зерттейді ғой деген үміттемін. Сол кезде Пайғамбар медресесінің біз білмеген басқа да сырлары ашылып, сол саланың тілімен «Мухаммадур-Расулуллаһ» дейтіні айдан анық.

[1] Ибн Әсир әл-Кәмил фит-Тарих, 4/107.

[2] Ибн Әсир әл-Кәмил фит-Тарих, 4/562.

[3] Ибн Сад, Табақат, 4/127.



## Құқық саласы

Фықыһ саласында да Пайғамбарымыздың мыңдаған шәкірттері болған. Солардың арасында Әбу Ханифаны мысалға алалық.

Әбу Ханифа кім? Ең алдымен, Әбу Ханифа – біздің мәзһәб имамымыз. Ислам елдерінің басым көпшілігінің мәзһәб имамы – осы Имам Ағзам. Ол ілім мен мәдениет ауызша тараған заманда айналасына кемеңгер адамдарды жинап, өз ойларын қисынмен дәлелдеп, жаздыра білген. Ол сол ғасырдың «Шейхулисламы» атанған Имам Әбу Жүсіпті, Имам Мұхаммедті, Имам Хасан Шәйбәниды, Имам Зүфәрді және имам Шафиғидың ұстазы – Уақиды өсірген ұстаздардың ұстазы еді. Ол сонымен қоса, заманынан оза шауып, өзінен кейінгі ғасырларға да ойы мен сөзін өрнектеген жүз миллиондаған халықтың ұстазы. Оның алғашқы шәкірттеріне, әсіресе, Имам Мұхаммедке жаздырған қолжазбаларын кейіннен Шәмсул-Әиммә Сарахси қолға алып, отыз томдық атақты «Мәбсут» атты түсіндірмені құрастырады. Әрі оны жаймашуақ бейбіт кезеңде емес, зынданда жатып жаздырады. Күнде шәкірттері зынданның айналасына жиналып, қолдарына қалам, қағаз алып отырады да, ұстаздарының айтқан ойларын жаза бастайды.

Оның мынадай тамаша сөзі бар. Күндердің бір күнінде оған шәкірттері: «Имам Шафиғи үш жүз жинақ хадисті жатқа біледі екен» дейді. Сонда шын мәнісіндегі дана имам кішіпейілділікке толы бәсең даусымен: «Демек, менің жадымдағылар хадистің зекеті екен»[1], – деп жауап береді.

Имам Шафиғи да өз алдына жеке бір кемеңгер. Бейне бір Гималай шыңы тәрізді. Имам Мәлік те жеке бір сеңгір. Ахмәд ибн Ханбәл да солай...

Жоғарыдағы сауалға қайта соғалықшы. Сонымен, Әбу Ханифа кім еді? Әбу Ханифа Аллаһ елшісінің сахабалары: Ибн Мәсғұд (р.а.), Алқама, Язид пен Әсуәдтің шәкірті ме? Жоқ. Шәкіртінің шәкірті. Яғни, Хаммад ибн Әби Сүлейменнің шәкірті. Негізі Хаммад та жеке бір фықыһ кемеңгері еді. Бірақ ол Аллаһ расулының шәкіртінің шәкірті еді.

Иә, әлемді қараңғылық басып, жаһанның батысы мен шығысында жалған шапақтың елесі де болмаған бір заманда адамзатпен қоса жер бетін түгел жарыққа бөлейтін осы ғұламалар жеке-жеке хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) медресесінде өсіп, ілім алған еді. «Әлемді нұрға бөлейтін осы ілім мен мағрипаттары арқылы қадірі артқан аталмыш жандар көптіктеріне қарамастан, аса қадірлі еді». Қадірлілігі ілуде бір кездесер даралығынан емес еді. Тек қана Әбу Ханифа заманында Куфада елуге жуық кемеңгерлерді атап өтуге болады. Уа,

шіркін десеңізші, топырағы неткен құнарлы, заманы да неткен мүбәрак еді сол уақыттардың. Иә, асылында, бұлар Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) нұрынан төгіліп, мағрипат теңізінен шалқып, арнасынан асқан жал-жал толқындар. Дәлірегі, Пайғамбарымыздың адамзатты он төрт ғасыр жарыққа бөлеген һәм қияметке дейін де Аллаһтың қалауымен бөлей беретін ілім сәулесі дүниені нұрға толтырды.

[1] Усулус-Сарахси, 1/5.

### Тәпсір саласында

Тәпсір – өз алдына жеке бір ауқымды сала. Сол теңіздің бір тамшысы болған кешегі Әли, Ибн Аббастар (р.а.), одан ары Мұжаһид және Сейіт ибн Жүбейірлер (р.а.), одан ары Ибн Жәрир, Фаһруддин әр-Рази, Ибн Кәсирлер болса, оларға бертіндегі, яғни қазіргі замандағы тәпсіршілерді де қосыңыз. Бәрі де кемеңгерлер. Пайғамбарымыздың адамзаттың ұлысы болғандығына басқа дәлел болмаған жағдайда, осы кісілердің оның ізін басып, ілім алғандары толықтай айғақ бола алады.

Мәселен, Ибн Жәрир – өз алдына бір таңғажайып жан. Оның аят пен хадис негізінде жазған тәпсірінде көктің жеті қабаттан тұратындығы хақында пікір айтылады. Ғалым әу баста жер мен көктің біртұтас болып, кейіннен бөлінгендігіне назар аударады. Жауын мен желдің жаратылуының негізгі қағидалары тәрізді мың жылдан кейін ғана ұға алатын жаңалықтарды сол кезде білдірген осы тәпсірші, әлбетте, өз алдына дара бір ғұлама. Ғұламаның шығармашылығын зерттегенде оның өмірінің әрбір күнінде он бес беттен еңбек жазғандығы белгілі болған.

Ибн Жәрирден Фахруддин әр-Разиға, жүздеген тәпсірлерді зерттеп том-том кітап жазған Имам Суюти мен бүгінгі заманның тәпсіршілеріне дейін хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) медресесінде тәпсір саласында ілімін жетілдірген көптеген ғұламалар бар. Егер осылардың біреуі ғана Еуропалық нәсілден шығатын болса, онда оны заманның асқан ғұламасы ретінде танытып, жаһанға жар салар еді...

Сонымен қатар біздің ғылымның бірқатар саласында оның теңдесі жоқ Имам Ғазали секілді алыбымыз бар. Ол туралы еуропалықтар аздап та болса шынайы айта білген. Көңіл көзі нұрланған бір сәтінде Гибб те Имам Ғазалиді қолына сиқырлы таяғын ұстаған күйінде адамдарды өзіне баурап алушы таңғажайып рухты адам ретінде бейнелеген. Бұдан басқа да Имам Ғазалиден Имам Раббани



мен Бәдиуззаманға дейінгі Аллаһ елшісінің жүздеген ғұлама шәкірттерін атап өтуге болады.

### **Хадис саласында**

Ал хадис саласының саңлақтары: Имам Бұхари, Имам Мүслім, Әбу Даут, Тирмизи, Нәсәи, Ибн Мәжә, Имам Ахмәд ибн Ханбәл, Даракүтни, Байхақи, Дарими секілді ғұламалар. Бәрін қамтып айту мүмкін болмағандықтан, Имам Бұхарида ғана сөз етеміз. Ол бір миллион хадисті жаттаған. Солардың арасынан тек төрт мыңға жуығын ғана «Сахих» кітабына кіргізген. Оның хадис жинаудағы кірпияздығы – өзінше жеке бір дастан. Ғұлама бір хадисті кітабына жазғанға дейін сан түрлі саралаудан өткізген. Ақыр соңында, бәрі дайын болғанда, сол хадис үшін арнайы дәрет алып, одан кейін екі рәкат намаз оқып, содан кейін ғана жазатын болған. Бірде имам Бұхари бір хадисшіден бір хадис алу үшін бірнеше күн жол жүріп барады. Алайда ол өзі алыстан арнайы іздеп келген хадисші кісінің қашқан атын қолына жем ұстаған боп алдап шақырған қылығын көріп, ләм-мим демей, дереу келген ізімен кері қайтады. Неге олай істедің деп сұрағандарға: «Жануарды алдаған адамның мені де алдамасына кім кепіл», – деп жауап қатады. Өмірін тақуалықпен өткізген, ақ пен қараның ара жігін ажыратуда және басқа да әрекеттерде аса сақтық танытқан қаншама кемеңгер хадисшілер бар. Міне, дініміздің алтын қанатты қорғаушылары да, біздің түп-тура жолымыз да осы.

### **Жаратылыс ілімдері**

Мұсылмандықтың алғашқы кезеңдерінен қазіргі күнге дейін шын мәнінде таңғажайып терең қисынды еңбектер жазылды. Мұсылмандардың «алтын ғасырында» медицина, математика, т. б. жаратылыс ілімдері, құқық, тәпсір, хадис және кәләммен бірдей өрлеген еді. Әл-Жәбир (алгебраның ұстазы) Ибн Синаға, одан ары Ибн Батута және Хarezмге, одан ары медициналық кітаптары он ғасыр бойы Еуропада оқытылған Зәһрауиге дейін қаншама ғалымдар болған. Бір ғылыми басылым «Он ғасыр өмір сүрген ғалым» деген атпен Зәһрауи хақында мақала жариялады. Осылар секілді мыңдаған ғалымдар хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) мектебінің шам-шырақтары болатын.

Бірақ, өкінішке қарай, аталмыш ғұламалар есімі әлі де тасада қалып келеді. Бізде неліктен осындай дара тұлғалар шықпайды? Неге әлі күнге дейін көптеген адамдар танылмай жүр? Егер олар батыстан шыққанда, әлбетте, зор құрметке бөленер еді. Ал біз болсақ, оларды қадірлей де, қастерлей де алмадық. Біз бұл күндері осындай мүшкіл халге жеттік. Керісінше, батыс солардың еңбектері арқылы алып өркениетке айналып, шарықтап жатқан кезде, біз құрғақ қиялдардан

арыла алмадық. Кінәрат әркез алғашқыларда емес, бізде. Кінәрат теңіздің ішінде жүріп теңіздің қадірін білмегендерде.

### **Рух әлемінің қаһармандары**

Оның асқақ рух әлемінің басқа бір кеңістігі – әулиелік. Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қаншама жандарды тақуалыққа тәрбиелеп, кәміл адам шыңына шығарған. Олардың кейбірі «ғайып пердесі ашылса, яқин иманым (терең) артпайды» деген терең мағыналы сөздер қалдырған. Олардың кейбірі бізге жұмбақ метафизикалық ғайып әлемге саяхат жасап, Хақ тағаланың құдіреті мен ұлылығын тамашаласа, енді бірі Құран мен сүннеттің тылсым сырларына терең бойлап, сол тылсым сырларды ишарат, нышан арқылы ғана білдіріп кеткен. «Жәлжәлутия», «Нәһжул-Бәләға», «Мәснәуи», «Футухул-ғайып», «Фусус» пен «Футухат» кітаптары осындай сырларға толы. Есімі әйгілі Эдисон да бірде «Мен электр тоғын Мұхиддин Ибн Арабидың «Футухатул-Мәккия» атты кітабынан таптым», – деп мойындаған. Құранда ишарат етілген тақырыптарды сөз ететін сол бір сырға толы кітап әлі күнге дейін қолымызда. «Біткен іске – сыншы көп» деген. Құранның сырлы сөздерінен электр, электрон, ампульдердің мағынасын шығару сынға алынса да, заман өте келе айқындалған ақиқатты тағы да сынға алу менмендіктен туындаса керек. Біз жете алмасақ, мәселе ойдың саяздығында, жүректің батылсыздығында, ерік-жігердің әлсіздігінде жатыр. Ибн Араби, Имам Раббани, Мәуләнә, Бәдиуззаман тәрізді асқан ойшыл жандарды түсіну былай тұрсын, олардың ашқан жаңалықтарын терең ұғыну мүмкін емес. Шах Нақшибәнди, Мағруф Кәрһи, Шазали, Шах Гейләни, Ахмет Бәдәуи, Шейхул-Харраниларды біздер қай деңгейде түсініп жүрміз? Бұлардың бәрі де хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) мектебінің шәкірттері ғана. Біз үшін кеменгер саналған бұл дарындар хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) медресесінің түлектері ғана. Олар – әрқашан жарықтың айналасынан кетпеген жарыққа ғашық көбелектер. Олардың көкірек көздері Аллаһ елшісінен үйрену арқылы ғана ашылған.

Болашақта да, иншаллаһ, оның мектебінен жаңа тақуа-әулие жандар шықпақ. Сол бір күндер әлі-ақ туып, көптеген жандардың көкірек көздері ашылып, мені растайтынына сенемін.

Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қандай ғажап мүршіт-ұстаз десеңізші?! Оның шәкірттері бүгінгі мистицизм мен йоганың бояуларын өшіріп, адамдарды нағыз рухани әлемдерге жетелей білген. Сондықтан да кенеттен келеңсіз жағдай тумаса, бүгіннен бастап «болашақ әлемі біздікі» деуге әбден болады. Иә, Мұхиддин ибн Араби бүгінгі таңда еуропалықтарды қатты

таңдандыруда. Неміс ұлтынан мыңдаған мұсылмандар Мұхиддин және соған ұқсас ғұламалардың жазған кітаптарының арқасында хазірет Мұхаммед(саллаллаһу алейһи уәсәлләм) деуде. Егер бір жерде Мұхиддин ибн Араби мен Имам Раббанилар адамдардың жүрегін хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қарай бұрып жатса, бұл түгелдей олардың ұстаздарына тән қасиет.

Мәуләна да ұлы тұлға. Ол – шексіздікке қарай қанат қағып, метафизикалық рухани әлемді шарлай алған дара тұлғалардың бірі. Ғұлама – ғашықтық, күйзелу, толқу, шынайылық арқылы нағыз ақиқатқа жетуге ең үлкен жол салушылардың бірі. Мәуләна Жәләләддин Руми, сонымен қатар, сөз өнерінің хас шебері болған. Онымен жолыққан адам жіпсіз байланып қалатын болған.

### Сөз шеберлігі

Аллаһ елшісі – араб тілінің сөз шебері. Бұл салада оның көптеген куәсі бар. Хасан ибн Сәбиттен бастап Қағб ибн Мәлік, Абдуллаһ ибн Рәуәһа, Қағб ибн Зухәйір ибн Әби Сулмә, Ләбид, Ханса ибн Зухәйраға дейін. Одан әрі Аббасит, Омият, Селжүктердің әдебиетшілеріне дейінгі барлық сөз зергерлері ең қадірлі сөздерін Пайғамбарымыздың сөздерімен байланыстырып айтып, оны айрықша қастерлей білген. Әсіресе, Иран шайырлары. Хайдар Хаммадтың айтуынша, Гете бір күні принц Миллерге былай деген: «Ислам тарихында, әсіресе, Селжүктер, Аббаситтер мен Иранда әр түрлі замандарда көптеген ұлы ақындар өскен. Бірақ Ислам әлемі бұлардың тек төрт-бесеуінің ғана ақындығын мойындайды».

Тағы бірде өзінің «Фауст» атты шығармасы арқылы неміс әдебиетіне соны леп әкелген Гете ақын: «Бұл елде әр түрлі замандарда ұлы адамдар өскен. Бірақ, Ислам әлемі олардың бесеуін ғана мойындайды: Мәуләнә Жәләләддин Руми, Хафыз, Фирдауси, Әнуәри, Низами. Бұлардан басқаларын түгелдей жоққа шығарған. Яғни, ақын деп мойындамаған. Әдебиетші ретінде танымағандардың арасында небір мықтылары бар. Мен олардың қолдарына су құюға да жарамаймын», – деп бір-ақ түйеді.

Ал Хафызға еліктемейтін еуропалық ақын жоқтың қасы. Осман әдебиетінің басым көпшілігі Хафыздың стилімен тығыз байланысты. Міне, Иран әдебиеті де, Тұран әдебиеті де хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) мектебінің түлектері. Олар – Хақ пайғамбардың қалдырып кеткен құралын пайдаланған шеберлер.

## БЕЙКҮНӘЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ МАҒЫНАСЫ

### 1. Пайғамбарлардың күнәдан пәктігі

Пайғамбарларға тән ерекшеліктердің бірі – күнәдан пәктік. Діни терминде ол «исмәт» деп аталады.

Араб тіліндегі «исмәт» сөзінің қазақша баламасы «кедергі жасау, яки, қорғауға алынған, қорғалған» деген мағыналарға келеді. Терминдік мағынасына келсек, пайғамбарлар үлкенді-кішілі барлық күнәлардан (Хақ тағаланың шарапатының арқасында) қорғалған деген сөз. Яғни, Аллаһ тағала пайғамбар етіп жіберетін құлына әсте күнә жасау мүмкіндігін бермейді. Хақ тағала оларға күнә жасатпаған.

Осы сөз Құран Кәрімнің көп жерінде кездеседі. Бұған бірнеше мысал келтіруге болады:

Хазірет Нұх (а.с.) ұлына дауыстап: «Кел, балам, сен де бізбен бірге кемеге мін» дегенде, ұлы: «Бір тауға шығамын, ол мені судан қорғайды» деп жауап қатады. Міне, осы аятта өткен етістік «а-с-м» түбірінен шыққан. «Исмәтпен» мағынасы бірдей. Сақтану деген сөз. Нұх (а.с.) ұлының сөзіне берген жауабында да бірдей түбірден шыққан сөз айтылады: «Бүгін Аллаһтың әмірінен сақтаушы жоқ» (Һүд, 11/43). «Асим» бұл жерде мейлі өз мағынасында болсын, мейлі «масум» мағынасында болсын, араларында аса айырмашылық жоқ. Екеуінде де бірі – «сақтаушы», келесі – «сақталған». Екеуі де «исмәт» сөзінің түбірінен шыққан.

Зылиха Жүсіптің күнәсіздігін айтқанда, «Расында, оның көңілін қалағанымда, ол абыройын сақтап қалды» (Жүсіп, 12/32) дейді. Аяттағы «истаъсама» «сақтанды, аулақ тұрды» деген мағыналарға да саяды.

«Әли Имран» (4/103) сүресіндегі «истаъсама» деген сөз «қол үзіп қалмау үшін мықтап ұстап, айрылмау» деген мағынаға саяды. Бұл да Аллаһтың жібiнен бекем ұстау жарлығы. Сол жіптен мықтап ұстанған жан құлаудан аман қалады.

«Аллаһ сені адамдардың жамандығынан сақтайды» (Маида, 5/67) аятындағы «йаъсимука» етістігі де әлгідей мағынада айтылған.

## 2. Әрбір пайғамбар бейкүнә

Барлық пайғамбарлар күнәсіз. Олардың өмірінде бір рет болсын күнә жасаулары әсте мүмкін емес жайт. Олар – арнайы таңдалып, киелі етіп жаратылған бөлекше жандар. Олар тек ізгі жақсылар ғана емес. Сол ізгі жақсылардың ішіндегі ең таңдаулы жандардың ең таңдаулылары (Хаж, 22/75)[1]. Олар өздерінің осы ерекшеліктері мен қасиеттіліктеріне зәредей тозаң жұқтырмаған.

Пайғамбарлардың жаратылысы пәк, рухтары ұлы, ерік күштері мықты, көңіл-сарайлары жап-жарық. Аллаһ тағаладан келген мағынауи шағылдарды айқын көре алады. Олар күнді қаз қалпында көрсететін айна мен бұлақтан аққан жылғалар тәрізді. Оларға түскен сәуленің түсі бұзылып, басқаша көрінуі әсте мүмкін емес.

Иә, нақ солай. Ақылға салып көрсек те, өзі солай болып шығады. Өйткені, пайғамбарлар дінді жеткізу үшін келген. Олардың жаратылыс мақсаты – тек дінді түсіндіру. Яғни, олар Хақ тағаланың жарлық пен бұйрықтарын алғашқы тындаушылар. Алған әмірлерін адамдарға саф күйінде жеткізеді. Егер пайғамбарлар мұндай пәк рухқа ие болмағанда, келген иләһи хабарларды дәл сол күйі жеткізе алмас еді. Әрі иләһи уахи олардың қараңғылық тұмшалаған көңілдері мен дақ жұққан ар-ождандарына соғылып, күл-паршасы шыққан әйнектей шашырайтын еді. Олай болған жағдайда уахидың да өңі өзгеріп шыға келеді. Осыдан барып Хақ тағаланың жарлығына тән маңыздылықтан да жұрдай болмақ.

Пайғамбарлар сонымен қатар, Жаратушы Жаббар Иеге тән сырларды бізге жеткізу үшін «айна» міндетін атқарады. Ал ақиқаттардың айнымай тура жетуі үшін сол айнаның кіршіксіз таза болмағы қажет.

Адам иман, сенім және амалдарға тиісті барлық діни үкімдерді пайғамбарлар арқылы үйренеді. Адам баласы оларға толық бағынуы әрі екі дүниенің бақытына қол жеткізуі үшін олардың дінді ең кәміл түрде ұстанғандарын көруі қажет. Ал егер жолбасшылардың өзі күнәға бой алдыратын болса, онда олардың соңынан ілесудің нендей маңызы болмақ? Себебі оларға бағыну адамның туралықты іздеуінен туындайды. Айтып кеткеніміздей, барлық пайғамбарлар бейкүнә. Олар зәредей күнә жасамаған. Бәрі ең көркем мінезін жаһанға паш етіп, тура ғұмыр кешкен. Өзі жәннатқа лайық болмай тұрып, өзгені жәннатқа жетелей аламын дегенге кім сене алады? Иә, алайда Хақ тағала оларды бүкіл адамдарды жәннатқа лайық етсін деп жіберген.

Пайғамбарлардың күнәсіздігі, діннің құдайлық хабарға сүйенуі тұрғысынан оны адам жасаған жүйе, теориялармен салыстырсақ, дінің артық тұрғанын байқаймыз. Бұлай болмағанда, нәтижесі де басқаша болар еді.

Әлбетте, пайғамбарлардың, әсіресе, пайғамбарлықтан бұрын іштей түйген өз идеалдары болды. Мұндай идеалдардың болуында ешқандай ағаттық жоқ. Мәселен, Аллаһ елшісінің пайғамбарлықтан бұрын Нұр тауында терең ойға батып, толғануы, шамасы, осындай бір идеалдан туындаса керек. Иә, Хак пайғамбардың идеалы мен мақсаты – адамзатты қараңғылықтан құтқару еді. Бұл идеал мен мақсат болудан ары асып кетпейді. Асылында, адамзатты құтқару шарасы өз ойының туындысы емес. Ол шара тікелей уахи жолы арқылы Хак тағаладан келуі қажет еді. Идеализм мен уахи мүлде екі айрық жол. Бірі адами болса, бірі тұтастай иләһи. Ендеше, Жаратқанның жіберген жүйесін мойнына алатын пайғамбар, идеалистерден айрықша жаратылысқа ие болуы керек еді, солай болды да.

Мынаны айта кету керек, пайғамбарлар идеалистерге жатпайды, олар өте таза, қиындыққа мойымайтын әрі күнәсіз жандар. Олардың ізінен ерген үмбеттері де сондай қасиетті бойға сіңіруі тиіс. Пайғамбар үмбетін басқа топтардан даралайтын ерекшелік, меніңше осы.

Әркімнің іштей өз аңсары бар. Аңсарсыз адам – қанаты жоқ құспен тең. Сондықтан да бір данышпан: «Идеал мен аңсар болмаса, яки ұмытылса, ой-сана менмендік пен эгоизмге айналады», – дейді.

Пайғамбарлардың бейкүнәлілігі олардың табиғатына айналған. Ай мен күннің жүзін қара дақтар шалуы мүмкін, бірақ пайғамбарлардың рухтарында күнәның көлеңкесі де болмайды.

Құдайдың бір сүйген әулиесі абайсызда аңдамай жалған сөйлесе, өмір бойы өкініштен өзегі өртеніп, ішкі ар-ожданы шыдатпай, күйзеліске түсіп ғұмыр кешеді. Ал ондай қателікті пайғамбар жіберсе, оның ар-ожданындағы азап мақшарда да жалғаспақ.

Сондықтан да Ибраһим (а.с.) өмірінде үш «тағрид»[2] сөзі үшін мақшарда қатты күйзеліп, өзіне шапағат сұрап келгендерді Мұса пайғамбарға (а.с.) жібереді[3].

Иә, Мұхаммедтің де (саллаллаһу алейһи уәсәлләм), басқа пайғамбарлардың да ар-ождандары күнә атаулыға өте сақ һәм аса сезімтал келеді. Құдды алынбайтын қамал, ашылмайтын қақпа тәрізді.



Осы тақырыпты қозғаудағы басты мақсатымыз – Пайғамбарымыздың күнәсіздігін айту еді. Бірақ барлық пайғамбарлар ақырғы Елшінің сөзімен айтқанда «Әбнәу әлләт»[4], яғни барлығы бір әкенің тәлім-тәрбиесін алып өскен балалар тәрізді. Сондықтан да біз де күллі пайғамбарлардың бейкүнәлығына қысқаша тоқтала кетуіміз қажет. Құран жарығы аясында өзгертіліп бұрмаланған кітаппен бұрынғы өткен пайғамбарларға жабылған жалалардың жалғандығын көрсетуге тырысамыз. Алайда негізгі тақырыбымыздан ауытқымай, көбіне Жаратушы Жаббар Иенің ақырғы елшісі Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) бейкүнәлігінен көбірек сөз етеміз.

Иә, әр пайғамбар кіршіксіз пәктігімен, күнәсіздігімен ерекшеленеді. Хазірет Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сол күнәсіздердің ішіндегі ең бейкүнәсы. Өйткені оның болмысы иләһи шағылдарды иеленіп, Оның көңіл айнасынан Хақ тағаланың ұлылығы мен құдыреті шағыл тасқа түскен күн сәулесіндей шағылысып көрінген.

Мұндай болмыс пен жүрекке ие ұлы тұлға, әлбетте, күнәсіздердің күнәсізі болмақ.

[1] Муслим, Фәдәил, 1; Тирмизи, Мәнәкиб, 1.

[2] «Тағрид» өтірік сөзге жатпайды. Ол адамның айтқан тура сөзін, тыңдаушының басқаша түсінуі. Мұндай сөзді біз жиі айтып жатамыз. Тағридқа қатысты мәселеге Ибраһим пайғамбардың бейкүнәлігі бөлімінде тоқталамыз.

[3] Муслим, Иман, 326

[4] Бухари, Әнбиә, 48; Муслим, Фәдәил, 144; Әбу Дәууд, Суннә, 13.



### 3. Пайғамбарлардың үлкенді-кішілі күнәлардан пәк болуы

Ислам ғұламаларының бірегей көзқарасы бойынша пайғамбарлар күнәның кішісінен де, үлкенінен де арнайы қорғалған. Ал кейбір пайғамбарлардың болмашы ағаттықтары мен қателіктеріне келсек, біріншіден олар күнәға жатпайды. Екіншіден, олар осы болмашы ағаттықтарды өздеріне пайғамбарлық міндеті жүктелмес бұрын жасаған. Олай болса, ол екі жағдайда да пайғамбарлық тұрғысынан күнәдан пәк болып шығады. Әрі «зәлләт» деп аталған осы болмашы ағаттықтар тек пайғамбарлардың дәрежелерінің биіктігі мен жағдайларына қатысты. Яғни, олардың осы болмашы ағаттықтары қарапайым адамдар үшін әсте қателік емес. Олар Хақ тағалаға өзгелерден әлдеқайда жақын болғандықтан, қателік боп саналған.

Сондықтан да олардың дәрежесіне қатысты осы болмашы ағаттықтарды кәдімгі біз білетін ағаттық деп қарау үлкен қателікке жатады.

Олар қалай ғана күнә жасай алсын! Ол тұрмақ, біздің өзіміз осы дүниелік істерде бір міндет жүктеп, біреуді бір орынға қойғымыз келсе, сол адам жайында егжей-тегжейлі сұрастырып, мәлімет жинап жатамыз. Ал жүктелетін міндет пайғамбарлық міндет болса ше? Дүниелік істердің өзінде адам таңдау мәселесіне осыншама маңыз берілген болса, онда екі дүниені қамтыған қасиетті міндет мәселесіне қаншалықты сақтықпен қарау керектігін пайымдай беріңіз.

Ойлап қараңызшы, Пайғамбарға уахи әкелетін Жәбірейіл періштенің өзі жай періште емес. Қай жағынан болсын басқалардан озық, таңдаулы, сенімділердің сенімдісі болғандықтан, оған осы қасиетті міндет жүктелген. Құран Кәрім Жәбірейіл (а.с.) хақында «Сол жерде оған бағынады, ол сенімді» (Тәкуир, 81/21) деп айтылуда. Ол һәм Аллаһ тағалаға құлдық ұра бағынған һәм уахи апаруға ең сенімді. Уахиды Пайғамбарға жеткізуші періште де, уахиды адамдарға жеткізуші пайғамбар да дәл осындай сипатқа ие болуы қажет.

Иә, Аллаһ тағала қасиетті әрі ұлы міндетті нәпсімен арпалысып жүрген қарапайым жанға бермейді. Ал, тіпті, құлқынына ерік берген адам болса, кіршіксіз пәктік пен мөлдір тазалықтың өкілі бола алмайды. Негізінде, пайғамбарлардың санасы күнәсіздікті қажет ететін сипатқа ие.

Бейкүнәлық аса маңызды. Негізі күллі пайғамбарлар өз өмірлерін бәйкүнәлықпен өрнектей білген. Бұрмаланған кітаптардағы кейбір санасыздардың оларға жапқан жалаларын былай қойсақ, былайғы жұрттан пайғамбарларға күнә таңған ешкім

жоқ. Құран Кәрім оларды өз дәрежелеріне сай қолға алып, рухани пәктіктерін басқаға өнеге еткен.

Көкте Жәбірейіл, Өзірейіл, Микайл мен Исрафил қандай болса, жерде де пайғамбарлар нақ сондай. Бір өкініштісі, біз осы ұлы тұлғаларды тек Құран аяттары арқылы ғана біліп, осылардың ғана есімдерін атай аламыз. Пайғамбарға арналған өлеңінде ақын Ибраһим Хаққы олардың аттарын тегіс атап шыққан[1].

Осы пайғамбарлардың барлығы да түгелдей кіршіксіз таза, үстіне тозаң да жұқпаған, жазылмаған ақ парақ тәрізді. Аллаһ тағаланың қалауы бойынша олардың пешенесіне рухани қолбасшы болу жазылып, адамзатқа үлгі-өнеге көрсеткен.

Кейбір ғалымдар олардың пайғамбарлықтан бұрын болмашы ағаттықтар жасауы мүмкін деулері олардың өздеріне тән көзқарастары ғана. Болмаса, олардан басқа барлық Ислам ғұламалары пайғамбарлардың балалық кезеңінде де күнәдан қорғалатындықтарын айтады. Осы көзқарасты қуаттайтын көптеген аяттар да бар.

[1] Адам ата, Ыдырыс, Нух, Худ, Салих, Ибраһим, Ысхак, Исмайл, Яқуб, Жүсіп, Шұғайп, Лұт, Яхья, Зәкәрия, Харун, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен, Илияс, Әиуб, Иса, Зулқифл, Юнус, Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм), Құранда бұдан да басқа Ұзайр, Лұқман, Зұлқарнайынның (а.с.) аттары аталған. Бірақ олардың пайғамбарлықтарында талас бар.

#### **4. Пайғамбарлардың бейкүнәлігіне қатысты дәлелдер**

Хақ тағала Мұса пайғамбарға (а.с.): «Әй, Мұса, көз алдымда өссін деп, сені сүйкімді еттім», – дейді (Таһа, 20/39).

Осы аяттан мынаны ұғамыз: Аллаһ тағала Мұсаны (а.с.) Перғауынның сарайына орналастыру арқылы Өзі тәрбиелеп, мұндай тәлімгерлік ісін Перғауынға да, Мұсаның (а.с.) анасына да бермеген. Оның санасы жат пікірлермен шырмалмасын деп, тікелей Өзі ғана тәрбиелеген. Осындай бақылауға алынып тәрбиеленген пайғамбар бейкүнә болмағанда кім бейкүнә болмақ? Мұса (а.с.) балалық шағынан ол Аллаһ тағаланың әзәли қамқорлығында болып, ең көркем түрде тәлім-тәрбие алған.

Пайғамбарымыздың бір хадисінде: «Иса (а.с.) мен анасынан басқа жаңа туған баланың барлығын шайтан иектейді»[1], – делінген.

Иса (а.с.) інгәлап дүниеге келгенде де, Хақ тағаланың тікелей қорғауында болған пайғамбар. Ендеше, мұндай пайғамбар хақында күнә жасады деп ауызымыз барып қалай айтуға болады?!

Аллаһ елшісі ғұмырында екі рет тойға баруға ниет қылған. Бірақ екеуінде де Хақ тағала жолда ұйықтатып тастаған[2].

Тойға барса еріксіз көзі харамға түсуі мүмкін еді. Аллаһ тағала оны күмәнді жерге барғызбай, саф күйінде сақтаған. Бұл кезде ол әлі пайғамбар емес болатын.

Бала кезінен ақ Мұхаммед пайғамбарымыз Қағбаны жөндеу жұмыстарына елмен бірге бір кісідей ат салысты. Көкелеріне қолынан келгенше тас, кірпіш тасыды. Бірақ бірде иығына қойып тасығандары терісін сыдырып, ашытқан еді. Оның ауырсынғанын көргенде Аббас (р.а.) оған көйлегінің етегін көтеріп, иығына төсеуге кеңес айтады. Ол кезде мұның ешқандай сөкеттігі жоқ еді. Пайғамбарымыз Аббастың айтқанындай жасайды, бірақ тізесі аздап ашылғаны сол екен бір қадам баспай жатып, шалқасынан құлайды. Елес көргендей көзін бір нүктеге қадап, қимылсыз қатып қалады. Өйткені Жәбірейіл оған: «Бұлай жасау саған жараспайды», – деп ескерткен еді[3].

Неге десеңіз, оған күндердің бір күнінде етегін жабу міндеті жүктеліп, адамзат одан ар-ұят пен әдептілік дәрісін алатын еді. Ол күндері кішкене бала болса да, Хақ тағаланың арнайы тәлім-тәрбиесін алып, өсіп жатты. Иә, Аллаһ тағала бала да болса, Хабибін күнәдан, тіпті ең ұсақ күнәдан да қорғады.

Болашақта қолбасшы болатын адамдар жастайынан-ақ өздері оқыған әскери мектептерде қатаң бақылауға алынады. Иә, қырық жылдан кейін жоғары мансапқа иелік ететін адамның қырық жыл бойы жүріс-тұрыстары бақылауға алынса, әлбетте, адамзатқа тура жол көрсететін қолбасшыларды Хақ тағала балалық шағынан бақылауға алып, қорғап, оларға күнә жасатпайды. Ислам ғұламаларының басым көпшілігінің көзқарастары осындай.

Олар – адамзаттың ең ізгі жақсылары және адами ізгіліктің де өзегі мен қаймағы. Сүттің ішінен сүзіліп алынады. Құран Кәрім тілімен айтқанда «Ізгі жақсылар арасынан таңдалған» (Сад, 38/47) деген сөз. Яғни, пайғамбарлар – әуел бастан адамзаттың ең ізгі жақсылары. Бірақ ең ізгі жақсылардың бәрі пайғамбар емес. Пайғамбарлар олардың арасынан да таңдалып алынады.

[1] Бухари, Әнбия, 44; Мунәд, 2/288.

[2] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 2/350-351.

[3] Бухари, Хаж, 42; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 2/350.

## 5. Қарапайым жандардың бейкүнәлігі

Пайғамбарлардан басқа адамдар күнәсіз бола ала ма? Яғни, пайғамбарлардан өзге кейбір таңдалған адамдарды да Аллаһ тағала күнә жасаудан қорғай ма? Ғұламалардың басым көпшілігінің пікірлері «Пайғамбарлардан өзге жандар бейкүнә бола алмайды» дегенге тоқтайды. Әркім үлкен кіші күнә жасауы мүмкін. Бейкүнәлік пайғамбарларға ғана тән. Пайғамбарымыздың мына бір хадисі бұл пікірді қуаттайды: «Барлық адамдар қателік жасайды. Қателік жасаушылардың ең жақсысы – тәубе етіп, қателігін жөндегендері»[1].

Бірақ осы жерде мына бір мәселеге назар сала кету қажет. Бір адамның күнә жасауы мүмкін деу, іс жүзінде ол күнә жасады деген сөз емес. Сондықтан да, пайғамбарлардан өзге адамзатқа өнеге һәм имам болатын діни көшбасшылар мен алып тұлғаларды да Хақ тағала күнәдан сақтайды деп айтуға болады. Бұл «Имам бейкүнә» деген шииттердің ұстанымдарынан мүлде бөлек. Мысалы, Имам Раббани күнә жасауы мүмкін бе? - деген сауалға бәріміз «Иә, жасауы мүмкін» деп жауап қатамыз. Өйткені, Имам Раббани пайғамбар емес. Сондықтан да күнә жасауы мүмкін. Бірақ сол Имам Раббани өмірінде күнә жасаған адам ба? Міне, осы сұраққа аталмыш жауапты қайталай алмаймыз. Өйткені ешбір адам Имам Раббаниды кішкене бір күнә жасаған деп айтып, сосын ол сөзді дәлелдей алмайды. Ендеше, оның күнә жасауы мүмкін деген сөз ол күнә жасаған адам деген мағынаны білдірмейді. Хақ тағала осы тұрғыдан, әулие, асфия және өзіне жақын мұқаррабиндерді қорғап, оларға да күнә жасатпауы мүмкін.

Абдулқадир Гәйләни – әулиелердің шахы әрі барлық алып тұлғалардың тәжі. Аллаһ тағала осы алып Ислам көшбасшысын да қорғаған. Айтқандай-ақ, оған қатысты мынадай әңгіме бар: Ораза айының ақырғы күнінде халық ораза бітті ме, бітпеді ме, деп күмәндана бастайды. Ақырында, осы мәселені бір әулиеден сұрайды. Ол оларға: «Гейландағы пәлен үйге барыңдар. Сол шаңырақта осы түні бір ұл дүниеге келді. Сәресі кезінен кейін әлгі нәресте анасынан сүт емген болса, айттаңдар. Егер ембесе, оразаны әрі қарай жалғастырыңдар», – дейді. Халық әлгі шаңыраққа барса, нәрестенің анасы: «Мына балаға не болған, неге ембей жатыр?» – деп абыржып отырады. Сонда жұртшылық: «Анасы, уайымдама, бұл бала науқас емес. Сен әлемге әкелік жасайтындай бала тудың» - дейді де, оразаларын ары қарай жалғастырады. Бұл – аңыз әңгіме. Сондықтан да мұны шариғи тұрғыдан сынға алудың қажеті жоқ. Сондай-ақ осы кісі өзін тонаған қарақшылардың өзіне жалған сөйлемейді үшін ақшасының қай жерде тұрғандығын айтқан екен деген де әңгіме бар.

Аллаһ тағала өз жолында жүргендерді қорғап, қолдайды. Олардың күнә жасауларына тосқауыл болады. Себебі, Құранда: «Ей, мұсылмандар! Егер Аллаһтан қорықсандар, Ол сендерге жақсы-жаманды айыратын қабілет береді әрі жамандықтарыңды жойып жарылқайды. Аллаһ – зор кеңшілік иесі» (Әнфал, 8/29) делінген.

Мұнымен қоса: «Өлі кезде оның жүрегін тірілтіп, адамдардың ішінде жүргенде Біз оның жолын жарық қылатын нұр сыйлаған адамның жағдайы, ол қараңғылықтарда қалып, одан шыға алмайтын біреу секілді бола ма? Осылайша кәпірлерге істеген істері әдемі боп көрсетілді» (Әнғам, 6/122) деп айтылады.

Аллаһ тағаланың дініне көмектесіп, оның әлемге паш етілуін ғұмырының мақсаты санаған адамдар осы байласқан уәделерінен таймайынша: «Сендер Маған берген сөздерінде тұрыңдар. Мен де берген уағдамды орындайын» (Бақара, 2/40), – деген иләһи қағида тұрғысынан есептеліп, Хақ тағала оларды қорғайды. Өйткені Хақ тағала: «Сендер Аллаһ тағаланың дініне көмектессендер, Хақ тағала да сендерге көмектесіп, аяқтарыңды бекем етеді» (Мұхаммед, 47/7), – дейді.

Міне, осындай кепілдік арқасында (иншаллаһ) шынайы және ыстық ықыласпен Құран мен иман қызметінде өз міндетін ойдағыдай атқарғандар үлкен күнәға кірмейді. Тіпті кейде кішкене күнәлардан да қорғалады. Бірақ олардың осы кепілдігі келісімшарттарына қатысты. Ешбір пендеде (пайғамбарлар бұдан тыс) айқын кепілдік болмайды. Бірақ, осы қорғау мен қолдау жүзеге асқанда ғана адамдар хақындағы күнәсіздік жайлы: «Пәленшені Хақ тағала күнә жасаудан сақтады», – деп айта аламыз. Иә, пайғамбарлардан өзге ешбір пенденің болашақта күнә жасамаймын деген кепілдігі жоқ. Пайғамбарларға келсек, олардың қорғалуы өткені мен келер күніне, өзі өмір сүріп отырған уақытына да қатысты.

Бұдан өзге тәжірибе арқылы жемісін беретін бейкүнәлік бар. Бұл Хақ тағаланың салиқалы құлдарын қорғауы мен қолдауы арқылы білінеді.

Өзіміздің өмірімізге назар салайықшы! Қитұрқы күнә тұзақтарынан құтылудан үміт үзген сын сағаттарда Аллаһ тағаланың қорғап күнәлар шұқырынан қалайша аттап өткенімізге таң қалып, таңданысымызды жасыра алмай жатамыз.

Сондай-ақ сахабалар және сахаба жолымен жүргендердің бұрын жасаған үлкен ізгіліктері алдынан шыққан тау тәрізді оларды күнәлардан сақтаған, тек ізгі ісін жалғастыруына, алға қарай талмай жылжуына арқау болған. Әрі «Аллаһ өткен әрі

келешектегі күнәнді кешіру үшін...» (Фәтих, 48/2) деген аяттың аясына олар да кіруі әбден мүмкін. Бұларды бұрын жасаған ізгі-жақсылықтары үшін Хақ тағала оларды келешекте өз қорғауына алады. Мысалы, күмәнді бір жерге бару үшін жолға шығады. Аллаһ тағала оны майып қылып, күнә алаңына жібермей, ұстап қалады. Көзімен күнә жасайтын жерде кенеттен көзі көрмей, ал қолымен істейтін жерде аяқ астынан қолы сал болып қалмақ. Осындай сан қилы уақиғалар мен сәтсіздіктерге тап болып, Аллаһ тағаланың сүйікті құлын қорғап-қолдағанын көрсетеді. Осы өмірде көрген азабы ақыретіне пайдалы болғандықтан, ол осы халіне мың мәрте шүкіршілік етеді.

Бір құдси хадисте тақырыбымызға қатысты былай айтылады:

«Құлым Маған өзіне парыз еткен құлшылықтардан артық нәрсемен жақындай алмайды. Құлым нәпілдермен[2] Маған жақындай түседі. Түбінде Мен оны жақсы көремін. Ал оны жақсы көрген сәттен бастап, оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы боламын»[3].

Мұның мағынасы төмендегіше:

Мен оған жақсылық пен әсемдікті көрсетіп, оны қашан да түрлі жамандықтан сақтаймын. Көретін көзі болғанымда, оның көргендерінің бәрі де жақсылық болады. Жан-жүрегіне мағрипат тамшылап, әлемге көкірек көзімен қарайды. Үнемі Хақ тағаланы ойлап, осындай ой оның ішкі әлеміне жаңа келген көктем болып жайқалады. Ол әрқашан жақсылықты естиді. Еркі қашан да ізгілікке бағытталып, сол жаққа қарай бейімделіп тұрады. Жүрген жолында ізгілікке тосқауыл барлық кедергілерді алып, жолын жеңілдетемін. Ол Маған жақын. Күнәлардан жүрегінің жараланғанын қаламаймын.

Бір хадис құдсида: «Егер ол Менен бір нәрсе сұраса, дереу екі еткізбей беремін. Және бір нәрсенің кесапатынан Маған сыйынса, оны қорғап, сақтаймын» деп кепілдік береді.

Ендеше, Хақ тағала пайғамбарларының барлығын күнәдан сақтаса, сонымен қатар, салиқалы құлдарынан да қалағанын сақтап, оларға күнә жасатпауы әбден мүмкін.

Омар (р.а.) кезеңінде әрдайым мешіттен шықпайтын бір бозбала болған еді. Бейне бір мешіттің құсы дерсің. Құлшылықтарына мұқият қарауынан, нәпіл ғибадаттарға тақуа екендігі аңғарылатын. Бір күні Омар (р.а.) әлгі бозбаланы мешіттен көре алмайды.



Негізі жамағатпен намаз оқу кейбір мәһабтар бойынша парыз, кейбіріне намаздың бір рүкні (негізі), тіпті кем дегенде, қуатты сүннет екендігінің, имамның артында намаз оқудың хикметтерінің бірі де осы емес пе? Имам артына қарап, жамағатын көзбен шолып, келмеген адамдарды түгелдеп, олардан не болғанын сұрамақ. Әсіресе, бұл имам Омар (р.а.), жамағаты сахабалар болса... Омардың жамағаты көп болғанмен, бәрін жақсы танып, оларды күнде бақылайтын. Намаз уақытында әлгі жас жігітті көре алмаған соң: «Пәлен деген жігіт қайда? Бір нәрсеге ұшырап қалған жоқ па? Бір-екі күннен бері көре алмай жүрмін», – деп сұрайды. Жамағаты тым-тырыс. Бастарын төмен салып, имамға тіктеп қарай алмауда. Омар (р.а.) ұшқан шыбынның ызыңы естілердей жамағаттың мына үнсіз тұрысына таңырқап, түк түсінбей қайта сұрайды. Бір кезде барып жамағат арасынан әлдебіреуі басын көтеріп: «Уа, мұсылмандардың әміршісі! Оны арға дақ салар бір ұятты жолда өліп жатқан жерінен тауып алдық. Сен қайғырып жүрмесін деп, дереу жаназасын шығарып, жерлеп тастадық» дейді.

Омар (р.а.) істің мән-жайын ұғады. Көз алдына ғайып әлемі ашыла кетіп, жас жігіттің негізгі болмысын көргендей селтиіп тұрып қалады. Оқиға, асылында, былайша болған еді:

Әлгі жас жігіт әдеттегідей мешітке келе жатқанда, жолда бір әйел жабыса кетеді. Жас жігіт бойдақ еді. Әлгі әйел оны жолдан тайдыру үшін түрлі түлкібұландық қылықтарға барады. Алайда жігіт оған мойнын да бұрмайды.

Бірақ, амал нешік, әр пенденің қашан да бір осал тұсы болады. Міне, сол күні әлгі жігіт осалдыққа берілді. Әлгі әйел барынша жасанып, сыланып, алдынан шығып, бар жылы сөзімен сиқырлап өзіне шақырады. Төзімі таусылған жігіт оның үйіне қарай бір-екі қадам басады. Сол сәтте бірден аузына бір аят түсе кетеді. Тал қармағандай жігіт еріксіз осы аятты тоқтамай қайталайды. Бірақ капелімде қай аят екенін аңғара алмайды. Аздан соң әлгі аяттың мағынасына бойлағанда, қатты қорыққандықтан жүрегі тоқтап қалады. Ол ғажап аят мынау еді:

«Тақуаларға шайтан тарапынан бір сыбыс тисе, олар Аллаһ тағаланы еске алады да, қырағылық танытады» (Ағраф, 7/201).

Бозбала бейне бір осы аят көктен жаңа түскендей жан-жүрегімен сезінеді. Жауапты сәтте сыр беріп қойғандығы үшін Раббысынан ұялып, жерге кіріп кете жаздайды. Раббысының өзіне төккен мұншалықты шарапатын ұмытып, бір сәтке осалдық танытып, күнә жасамаққа ниеттенгендігін аңғарып, жаны қатты түршігеді. Әсіресе, қателік жасар алдында да Раббысының оны нәпсісімен жалғыз қалдырмай аузына аят салып, оның есін жиғызуы осы мұмин жанды толқытып жібереді. Одан арғысы белгілі: ол бұл дүниеден ақырет әлеміне жүріп кетеді.



Омар (р.а.) жас жігіттің басынан кешкен оқиғасын ести сала, оның қабіріне қарай асығады. Қабірдің басында тұрып: «Ей, бозбала! Раббысынан қорыққандар үшін екі жәннат бар», – деп айқай салады. Дәл осы кезде Омардың (р.а.) айқай салған дауысына ұқсас бір дауыс: «Ей, мұсылмандардың әміршісі! Аллаһ маған сен айтқанынан екі есесін нәсіп қылды»[4] – деп жаңғыра кетеді. Бұл дауыс мейлі жас жігіттің дауысы, мейлі періштенің дауысы болсын, әлгі тақуа жігітке Аллаһ тағаладан шынайы қорыққаны үшін екі есе сый берілгендігі басы ашық мәселе еді.

Осы оқиғаның біздің тақырыпқа қатысты жағы мынау: Егер осы жас жігіт күнә жасап құздан құлайтын болса, күнәсы тек өзімен ғана шектелетін еді. Өйткені көшбасшылық етіп, жолбасшы болатындай ауыр жауапкершілігі жоқ. Алайда, пайғамбар күнә жасайтын болса, дүние төңкеріліп сала береді. Өйткені олар жер бетіне өнеге көрсету үшін жіберілген жандар. Енді қараңыз! Бір жас жігітті күнәдан сақтаған Аллаһ тағала, күллі әлемге жіберген елшілерін қорғай алмай ма?!

Пайғамбарымыз бір хадисінде иманның дәмін татқан адамдар жайлы: «Күпірлік қылуы жәһаннамға кіруден әлдеқайда ауыр соққан адам иманның дәмін тата алады»[5]– дейді. Жай бір қарапайым адамды ойлап қараңыз! Сол адамның Аллаһ тағала күпірліктен құтқарғаннан кейін, қайта кері қайтуы жәһаннамға кіруден де ауыр саналып тұр. Ал енді пайғамбарларға күнә таңған санасыздар пайғамбардың иманын жай қарапайым адамның иманындай да көрмегені ме сонда? Қалай ғана олар бұлай жала жаба алады? Құдай сақтасын! Пайғамбарлардың иманы жай адамның иманынан әлдеқайда жоғары ғой.

Бұл тақырыпты тереңірек білгісі келгендер «Нәфәхатул-унс» яки Шаранидің Табақатына қараса, сол жерден пайғамбарлар тұрмақ жүздеген әулиелердің күнәлардан қалай қорғалғандықтарын ап-айқын мысалдардан көре алады. Мысалы, бір әулиенің алдына ас қойылады. Бірақ асқа харам араласқан еді. Әулие бір түйір алып аузына салғанымен, жұта алмайды. Лезде харам араласқанын аңғарады. Міне, Аллаһ тағала әулие құлының өзін бір түйір харамнан сақтағанда, Пайғамбарын қорғай алмай ма?!

Иә, «Бейкүнәлік» пайғамбарлардан әсте ажырамас, олардың болмысымен біртұтас қасиет. Әрбір пайғамбар осы сипат арқылы дүниеге келді. Дәлірегі, осындай сипаты болмаған жан пайғамбар да бола алмайды.

Пайғамбарымыздан кейін сөз алатын басқа пайғамбар жоқ. Өйткені, ақырғы пайғамбар айтылатын барлық мәселені айтып кеткен. Иса (а.с.) да сөзді оған беріп: «Әлемдердің Мырзасы келу үшін мен кетіп барамын», – деген еді.

[1] Тирмизи, Қиямат 49; Ибн Мәжә, Зухд 30

[2] Орындау парыз емес, алайда сауабы мол құлшылықтар

[3] Бухари, Рикақ 38; Ахмад ибн Ханбал, Мүснәд, 6/25

[4] Ибн Кәсир, Тәфсирул-Құрани-азим, 2/280.

[5] Бухари, Иман 9, Әдәб 42; Мүслим, Имам 67,

## Бейкүнәлік және өзге пайғамбарлар

Тақырыпқа қатысты аяттарды қозғамай тұрып, кейбір ерекшеліктерге тоқтала кетелік:

### 1. Зәллә, яғни ағаттық мәселесі

**Біріншісі:** Пайғамбарлар «жақсыдан да жақсы» мен «жақсы» нәрсенің бірін таңдауға тура келген сәттерінде оның жақсысын таңдаса, бұл олар үшін ағаттық «зәллә» болып саналады. Бірақ бұл ағаттық, яки қателік біздің өлшемдеріміз аясындағы ағаттық, яки қателік емес. Өйткені таңдағаны – жақсысы. Бірақ пайғамбар мұндай таңдауға келгенде, мұқаррабин (Аллаһқа жақын болу) тұрғысынан аса жақсысын таңдауы қажет. Олар осыны өз дәрежесінде күнә санағанмен, біз олай айта алмаймыз. Ешбір жан осыны таңдағаны үшін күнә болды деп айта алмайды.

Енді бір мысал келтіріп, осы мәселені айқындай түсейік. Бір адам Құран Кәрімді бастан-аяқ оқып, хатым жасағысы келді делік. Бірақ ол мұны қанша күнде іске асыруы қажет? Міне, осы тұрғыдан, бұл жерде екі пікір туындайды. Біріншісі, Құранға терең мән беріп, ойлана, он күнде оқуым абзал. Мен сонда оның әрбір мағынасына назар аударып, Құранға терең бойлаймын. Екіншісі, Құранды жеті күнде хатым етуім қажет. Өйткені бұл – Раббымыздың сөзіне деген ынтызарлықтың белгісі дейді. Ақырында, ол Құранды он күнде оқуға бел байлайды.

Енді осы жерде Хақ тағаланың разылығы оның Құранды жеті күнде оқып, хатым етуінде деп ойлап көрейік. Бірақ әлгі адам өз ақыл-пайымына салып, он күнде оқуды жөн көрген. Алайда, Хақ тағаланың разылығы ең абзалы саналған «аса жақсысында» еді. Бірақ бұл адамның таңдауы «жақсы» түрі ғана. Осы тұрғыдан алғанда, бұл жерде ешқандай күнә жоқ. Ендеше, бұл адамға ешкім «сен күнә

жасадың» дей алмайды. Көп болса, оған «аса жақсысы тұрғанда, жақсы тәсілді таңдағаныңа не жорық?» деп айтылады. Күнәға келсек, әсте олай емес.

Міне, пайғамбарлардың өз ижтиһадтарымен[1] таңдаған істерінің бағасы да дәл осылай. Ендеше, осы істеріне қарап, оларды күнәлі санау ақымақтық болар?! Алда сәті туғанда бұл мәселеге қайта ораламыз.

**Екіншісі:** Бәрінен бұрын пайғамбарлардың мүжтәһидтердің мүжтәһидтері екенін жақсы білуіміз қажет. Олар Хақ тағала үкімін білдірмеген кейбір мәселелерде өз ойларымен ижтиһат етіп, үкімін шығарады. Бұл кейде құқыққа, кейде жеке өміріне, кейде қоғамдық өмірге қатысты мәселе болуы мүмкін. Олардың осы ижтиһат үкімдерінің кейбірі иләһи мақсатқа сәйкес келіп жатса, кейбірі сай келмеуі мүмкін. Бірақ, олардың барлық ижтиһат үкімдері иләһи мақсат шеңберінде болып жатады. Егер ижтиһаттары иләһи мақсатқа дәл сай келмей қалса, өз деңгейлері тұрғысынан қателік жасаған болып саналады. Өйткені олар қашан да иләһи мақсатқа дәлме-дәл келуі қажет. Бірақ, ижтиһат үкімдеріндегі осы жаңсақтық әсте қателік емес. Осы қылықтары үшін есеп беретіндей, бейкүнәлік сипаттарына ешқандай зиян да келтірмейді. Солай болды деген күннің өзінде бұл мәселе біз секілді жай адамдардың ісі емес.

**Үшіншісі:** Осындай ағаттықтар олардың пайғамбарлықтарынан бұрын болған. Бұл жердегі ағаттық құлау, жығылу деген сөз емес. Маңдайы қашанда сәждеде болғандар әсте жығылмайды. Һәм болмашы ағаттық күнә болып саналмайды.

Енді осы мәселелерді арнайы мысалдармен жалғастырайық. Алдымен, назарларыңызды адамзаттың әкесі Адам алейһиссәләмға салғым келіп отыр:

Адам ата (а.с.)

Құран Кәрім бір жерде Адамның (а.с.) халін былайша баяндайды:

«Адам Раббысына қарсы келіп, жолынан адасты. Сосын Раббы оны тандап тәубесін қабыл етті де, оған тура жолды көрсетті» (Таһа, 20/121-122).

Аятта «ижтиба» сөзі берілген. Ижтиба – тартылып жабысқақ болудан, көпіріп тасудан сақтау түрі. Хақ тағала Адам атаны (а.с.) осындай халге түсуден құтқарғанын білдіруде. Аудармада «бас көтеру» деген мәселені алда жеке талдау жасап, осы іс-әрекетке бас көтеру деп айтылмайтындығын дәлелдейміз.

Мойынсұнудың қалай болу керектігін Адамнан (а.с.) үйрену қажет. Ол әлі сүрінбей жатып, сүрінуден қорғап қалған Раббысына бет бұрып: «Раббымыз,

екеуміз де нәпсімізге зұлымдық жасадық. Егер Сен бізге кешірім етіп, рақым қылмасаң, біз қасіретке ұшырағандардың бірі боламыз» (Ағраф, 7/23).

Бұл – «зәллә», яғни, болмашы ағаттық. Бірақ Аллаһ тағала оны осы болмашы ағаттықтан кейін тура жолға жеткізіп, һидаят берген. Осыдан біз Адам атаның (а.с.) болмашы ағаттығы «ижтибадан» бұрын болған. Бұл – Адамның (а.с.) аздап қазан ұрып, жапырақтары сарғайған кезеңі. Бірақ әсте жапырақтары түспеген. Ол, шамасы, егіндей жел өтінде жатқан. Жел тұрғанда, бұрынғыша қаз тұрып, саф рухымен қауышқан. Негізі, Аллаһ расулы мұсылманды егінге ұқсатады. Ал кәпірді шынар ағашына теңейді. Алдымен жайқалып көрінеді. Бірақ бір құласа, қайта тұрмайды[2]. Міне, үшінші көзқарасқа тоқталатын болсақ, Адам атаның (а.с.) осы халі пайғамбарлықтан бұрын болған. Басқаларын да осымен салыстыруға болады.

Һәм Адам атаның (а.с.) бұл қылығы ұмытып қалудан туындаған. Хақ тағала ант ете отырып, Адамның (а.с.) осы халін баяндай келе: «Ант етейін, бұрын Адамға үкім берген едік. Алайда ол ұмытты. Оны (қателігінде) тұрақты көрмедік» (Таһа, 20/115).

Басқа бір жерде Аллаһ: «Адаммен тілдестік. Мен оған «қалағандарыңша бәрінен жеңдер, бірақ мына ағашқа жақындамандар. Егер жақындасандар, залымдар мен шектен шыққандардан және нығметтерімнен мақұрым қалғандардан боласындар» деген едім» (Бақара, 2/35, Ағраф, 7/19). Бірақ ол осыны ұмытты. Негізі ұмыту – пенделіктің белгісі. Пайғамбарымыз осы тақырыпты талдағанда: «Адам (а.с.) ұмытты, ұрпақтары да ұмытты», – дейді. Адам жаратылысын ең жақсы танитын Пайғамбарымыз осыны аталмыш сөздерімен тамаша түсіндірген. Адам ұмытады. Адам ата (а.с.) адам ғой. Ендеше, ол да ұмытпақ. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз да аталмыш сөзінде адам баласы қанына тартатындығын айта кеткен. Ендеше, ұмыту бізге бабамыздан келген. Аллаһ тағала Адамның (а.с.) болмысына осыны қойған. Біз оны жаратылысымыздан алып тастай алмаймыз. Хақ тағала «ұмытты» деу арқылы хазірет Адам хақында жаман ойға тосқауыл жасап, артынша «Біз оны күнә жасауда бірбеткей көрмедік» (Таһа, 20/115), – дейді.

Осы тыйым салынған жеміс не өзі? Бұл туралы ғұламалар көптеген пікірлер айтқан. Арпа, бидай, күріш, құрма, жүзім, т.б. Негізі қайсысы болса да бәрібір. Ең маңыздысы – осы тыйым салынған жеміс оқиғасынан кейін орын алған мәселе. Сонымен қатар, осы жерде біздің көзқарасымыз бұрынғылардан өзгеше болмақ.

Тыйым салынған жеміс – хазірет Адам (а.с.) үшін ырық бермейтін оның құмарлық сезімі. Осы сезім арқасында адам баласы көбейіп, ұрпағын жалғастыра алады. Дәл

осы сезім Хауа анамызда да бар. Ең дұрысын Аллаһ біледі. Аяттағы «Шәжәрәға» (ағашқа) тию – ұрпақ жалғастыруға арқау боларлық қарым-қатынас деген сөз.

Сонымен қатар, «ең дұрыс көзқарас осы» дей алмаймыз. Бірақ осы күнге дейін көзқарастар арасында осы көзқарастың да пайдасы болады ғой деп ойлаймыз. Егер тура болса, Раббымыздың шарапаты, қателік болса, Оның шексіз рақымдылығына сыйынамыз.

Ұмыту мен қателіктің үкімі жайлы сөз қозғамай тұрып, осы жерде бір мәселені де еске сала кеткім кеп тұр. Құран Кәрімде әңгімелер айтылғанда, үзік-үзік оқиғалар арқылы беріледі. Осы жерде де дәл сондай. Бір заманда Адам (а.с.) мен Хауаға тыйым салынған жеміске жақындамаулары айтылған. Бірақ оларға осы әмір берілген соң қанша уақыт өткені белгісіз. Ең анығы мынау: Адам (а.с.) осы бұйрықты алған соң, арада көп уақыт өткен. Осы тыйым салынған жеміске қол созу әмірі ұмытылған соң болған.

Ұмытуға келсек, ол қаламның жазбайтын жағдайы. Аллаһ елшісі осы мәселеге қатысты:

«Мына үш нәрсеге қалам жазылмайды: ұмыту, қателік және зорлықпен істелген іс»[3]. Негізі Құран да бізге осындай жағдайларда жасағандарымыздан кешірім тілеуді үйретпейтін бе еді? Аят былай дейді: «Раббымыз, егер ұмытсақ яки қателессек, бізді есепке тартпа» (Бақара, 2/286). Осы дұға түнде жатарда оқып жүрген зікіріміз емес пе?

Адам ата (а.с.) ұмытып, қателесіп сол бір тыйым салған жеміске қол созған. Бұған бір жағынан әйел адамның табандығы да сеп болды. Аталмыш хадисте айтылғандай, егер ұмытып жасаған болса, оның ешқандай ағаттығы жоқ. Ендеше, Адам (а.с.) күнә жасады деп қалай ғана айта аласыз.

Жай қарапайым адамдардарың өзі Аллаһтың зұлымдық санаған нәрселерінен бойын аулақ салғанда, Хақ тағаланың пайғамбар еткен таңдаулылары мұндай жолға баруы мүмкін емес. Белгілі мұсылман ғалымдары жоғарыдағы «Адам Раббысына қарсы келеді» (Таһа, 122) деген аятты олай жорамалдамаған. Бір адам осы аятты оқып, мағынасын талдай алады. Бірақ мақсатсыз, орынсыз, жаман ойға жетелейтіндей етіп арнайы қайталауға болмайды. Өйткені Адам (а.с.) – пайғамбар. Негізі бір пайғамбар жайлы сөз еткенде, оларға жай адам тәрізді қарап, өздігінше тон пішпеу керек.

Сондай-ақ Құранның олар жайлы әңгімелегенде мәселені іс-әрекеті үшін емес, Аллаһ тағалаға деген жақындықтары тұрғысынан қолға алады. Бұрынғылар осыны «Жақсылардың ізгіліктері мұқаррабиндер үшін жамандық саналады»[4] деп бағамдаған.

Иә, адам баласы қойған заңдардың өзінде мемлекет қызметкері қылмыс жасаса, жай адамға қарағанда әлдеқайда қатаң жаза беріледі. Ал егер қылмыскер сот, прокурор яки адвокат тәрізді құқықты жақсы білетін құқық қорғау қызметкері болса, жазалары одан да қатаң болады.

Ал, пайғамбарлар – Хақ тағаланың қызметкерлері. Олар күнәнің не екенін бәрінен де жақсы біледі. Ендеше, әлбетте, осындай жоғары дәрежесі бар жандардың жасаған күнәлары да өзгелерден әлдеқайда үлкен болмақ.

Мұның үстіне Қағбада жасалған күнә басқа жерде жасалған күнәдан әлдеқайда үлкен болмай ма? (Хаж, 22/25). Сол секілді Құран Кәрім пайғамбардың жарларына қатысты да, егер күнә жасаса, жазасы екі есе болатындығын да айтпайтын ба еді? (Ахзаб, 33/30). Өйткені Қағба – Аллаһ тағалаға жақындықтың рәмізі. Сол жерде адам Аллаһтың қонағы саналады. Пайғамбардың жары болу да Хақ тағалаға жақын болудың бір белгісі. Өйткені пайғамбар шаңырағы – Жәбірейіл жиі кіріп-шығатын, әр сәт уахи келуі мүмкін құтты мекен. Осындай қасиетті жер мен шаңырақта күнәнің жазасы, әлбетте, кәдімгіден әлдеқайда ауыр болады.

Пайғамбарлардың да жағдайы дәл осылай. Олар – Хақ тағаланың таңдаулы құлдары. Уахи періштесі әр сәт олармен кездесіп, жүректері қашан да уахиды қабылдауға әзір. Міне, жағдай осындай болған соң, әлбетте, олардың болмашы ағаттықтары да күнә тәрізді көрінеді. Өйткені дәрежелері осындай. Бірақ, қайталап айтайын! Осы күнә мен оның жазасы біздің немесе тіпті әулие құлдың пайымдауындағы күнә мен жаза секілді емес. Бұл – тұтастай пайғамбарлардың өз деңгейіне қатысты болмашы ағаттық. Ендеше, оны күнә деп санаудың өзі дұрыс емес.

Аллаһ тағала Адам атаға барлық заттардың атауын үйреткен. Ол осы есімдерінің сырлы әлемінде ғұмыр кешті. Мұндай адамның күнә жасауы әсте мүмкін емес. Оның үстіне жеміске қол созуға тыйым салуы уақытша ғана еді. Адам (а.с.) да осыны жақсы білетін. Бірақ ижтиһат етіп, жеміске мезгілінен бұрын қолын созды да, оразасын бұзды. Иә, бұл күнде шарифат шеңберінде жасалғанда сауап жазылатын осы қарым-қатынас[5] сол заманда Адамға (а.с.) уақытша тыйым



салынған еді. Яки, сол тыйым оның Аллаһ тағалаға деген жақындығына қатысты болды. Сондықтан да оның осы іс-әрекеті «зәллә» саналды.

Адам (а.с.) хақында айтқан осы өлшем өзге пайғамбарлардың жағдайын айтқанда да бізге бағдар болады. Иә, пайғамбарларда «исмәт» бейкүнәлік сипаты бар. Олардың жасаған қателіктері де ешқашан біздің ұғымымыздағыдай күнә емес.

### **Нұх пайғамбар (а.с.)**

Нұх пайғамбар (а.с.) ұлын құтқару үшін Раббысына жалбарынғанымен, ескерту алады. Алғаш қарағанда, бұл да бір пайғамбар үшін болмашы ағаттықтай көрінеді. Енді адамзаттың екінші әкесі Нұхтың (а.с.) жағдайына назарымызды аударып, Құран аясында осы ұлы тұлғаны да тым болмаса осы уақиға төңірегінде жақыннан тануға тырысалық:

Құран Кәрімде Нұх пайғамбардың (а.с.) дұғасы, Хақ тағаланың оған берген жауабы мен ескертуі былай айтылады:

«Нұх Раббысына дауыстап: «Раббым! Күдіксіз, ұлым менің отбасымнан ғой. Сөз жоқ, Сенің уәдең хақ. Сен ең тура үкім етушісің», – дейді» (Һуд, 11/45).

Нұх пайғамбар (а.с.) көп күткен топан суға өз үмбеті тап болғанда, қатты абыржиды. Әсіресе, ұлының мүшкіл халін көргенде, не істерін білмей, күйзеліске түседі. Бұл жерде ол ұлының суға батқаны үшін қайғырды ма, әлде кәпір болып өліп бара жатқанын көріп қайғырды ма? Шамасы, мәңгілік бақыт пен мәңгілік азапты және Аллаһ тағаланың азабы мен рақымдылығын көрген Нұхтың (а.с.) уайымы баласының осы дүниеде суға батып бара жатқанын көргендігінен тумаса керек. Сондай-ақ қандай әке баласының суға кеткенін көріп тұрып, жүрегі сыздамайды дейсіз. «Раббым, маған отбасымды жермен-жексен етпеймін деп уәде беріп едің. Алайда мына кемеге мінбеу – нағыз қасірет. Ұлым да мінбегендердің арасында кетіп барады». Міне, Нұхтың (а.с.) бар айтқаны осы ғана.

Оның осы жалбарынған сөзін Хақ тағала жауапсыз қалдырмайды, істің мән-жайын білдіріп, оны былайша жұбатады.

«Ей, Нұх! Ол сенің отбасыңнан саналмайды. Өйткені оның амалы дұрыс емес. Ендеше, білмейтін нәрсеңді Менен тілеме. Бұл – саған насихат. Надандардан болма» (Һуд, 11/46).

Ол сенің отбасыңнан емес. Иә, ол сенің ұрпағың, сенің әйеліңнен дүниеге келген. Құндақталып бесікке жатып, әлдіңмен өскен. Бірақ сенің нағыз отбасың – сенің жолыңда болған жандар. Өйткені ол салиқалыққа жатпайтын іс істеп, күпірлік қылды. Саған қарсы шықты. Кәпірлердің қатарына қосылды. Олар оны суға



батуға, суға бату да оны мәңгілік тұншығуға жетеледі. Жақсы білмейтін нәрсе хақында менен сұраушы болма! Надандардан болмасын деп, саған насихат айтып отырмын. Сен жүрегі махаббат пен мағрипатқа толы адамсың. Сен Аллаһ тағаланы таныған жансың. Сендей Маған жақын пайғамбарға мұндай талап пен дұға жараспайды.

Міне, 950 жылдық өмірінде Нұх пайғамбардың (а.с.) жасаған болмашы ағаттығы осы ғана. Ұлы батып бара жатқанда, Хақ тағалаға оны құтқар деп жалбарынғаны. Десек те, Нұх (а.с.) неліктен дұға қылып, жалбарынды екен?

**Біріншіден:** Аятта да айтылғандай, Хақ тағала оған отбасы мен иман келтіргендерді кемеге мінгіз деп бұйырған. Аятта осы мәселе былайша суреттеледі:

«Ақыр әміріміз келген заманда, тандырдан су қайнады. Нұхқа: (а.с.) «Ол кемеге әр нәрседен бір жұп және бұрын үкім етілгеннен басқа отбасың мен иман келтіргендерді де ал», – дедік» (Һуд, 11/40).

Бұл – Нұхтың (а.с.) Хақ тағаладан алған уәдесі. Міне, ол осы уағдаға байланысты Ұлы Жаратушыдан тілек тілеген. Ол сол кезге дейін ұлының күпірлік құрдымға кететіндігіне үкім шыққанын білмеген еді. Сондықтан да Нұхтың (а.с.) тілегі Жаббар Иенің уәдесінен басқа еш нәрсе емес.

Ол осы кемені уахи арқылы жасап, адамдарды сол кемеге Аллаһ тағаланың әмірімен шақырған. Шақырғандар арасында, әлбетте, өз отбасының мүшелері де бар. Аятта оған жанұясын да кемеге алуы жайлы айтылады. Өкініштісі, ұлы көз алдында жал-жал толқындармен алысып, батып бара жатты. Барлық жолдар жабылған сәтте ол күллі түйіндерді шеше алатын Ұлы Жаратушыға қол жайып, ұлын құтқар деп жалынды. Задында, дұғадан басқа ешқандай шарасы да қалмаған еді.

Ұлының өз отбасынан еместігін естіген сәтте соққы тигендей теңселіп кетеді. Өйткені оны балам деп бауырына басып, өз отбасынан санап жүрген. Ескертуді естісімен, дереу тәубе етіп, Раббысына бет бұрды да: «Раббым! Білмеген нәрсемді Сенен тілеуден Өзіңе сыйынамын. Мені кешіріп, рақымдылық етпесең, қасіретке ұшырағандардың санатынан боламын» (Һуд, 11/47).

Нұх (а.с.) тілек тілегенде, істің мән-жайын білмейтін еді. Білісімен, дереу қалауынан бас тартып, кешірім тіледі. Ендеше, оның осы іс-әрекетін қателік деп айтуға бола ма?

**Екіншіден:** Нұх (а.с.) не тілеген еді? Егер ол Аллаһтан ұлының тура жолға келуін тілеген болса, әкенің осы бір ісін жөнсіз дей аламыз ба? Тіпті, ол – жай ғана әке емес, сонымен қатар пайғамбар. Сондықтан да күллі адамзаттың тағдырын ойлап жаны ауырып тұр. Мейірімді шексіз адамның өз баласына жаны ашып, дұға қылып, оның мәңгілік өмірін құтқаруды қалауы нағыз ізгілікті іс емес пе?

Иә, осы жерде пайғамбардың рақымдылығына куә болудамыз. Олардың осы рақымдылығы біздің өлшемдерімізден әлдеқайда жоғары деңгейде. Олар ерекше болмағанда, пайғамбарлық жүгін арқалай алмас еді. Кез келген анаға баласын бауырына басып, оның көңілін табу үшін өте терең мейірімділік берілген. Ол күллі адамзатты бауырына басып, олардың екі дүниеде бақытты өмір сүруі үшін бар өмірін сарп еткен пайғамбар, тіпті пайғамбарлардың үлкендерінен болса ше...

Құран Кәрім Пайғамбарымыз жайлы айтқанда, оның иманға қарсылық білдірген адамдарға деген халін былайша баяндайды:

«Осы сөзге (Құранға) сенбейді деп, аз қалса, өзіңді жеп бітіре жаздайсың» (Кәһф, 18/6).

Аллаһ расулы да өз халін мынадай мысалмен суреттейді:

«Мен және үмбетімнің мысалы от жаққан адамға ұқсайды. (Отты көрген) шыбын-шіркей мен көбелектер сол оттың басына үймелей бастайды. Иә, мен сендердің етектеріңнен тартамын, ал сендер болсаңдар, отқа түсуге құмбылсыңдар»[6].

Егер пайғамбар рақымы осы болса, Нұх (а.с.) та пайғамбар. Оның жүрегінде де осындай рақымдылық бар.

Амал қанша, ол ескертуді естісімен, шұғыл Аллаһ тағалаға тәубе етіп, дұғасынан бас тартты да, Раббысынан кешірім тіледі.

Енді Нұх пайғамбардың (а.с.) дұғасы мен Адамның (а.с.) дұғасының арасында айырмашылық бар ма? Екеуі де ағаттық жасағандарын түсінісімен, Раббысына бас қойып, екеуі де бірдей тәсілмен дұға қылған. Өйткені екеуінің де қайнар көзі мен болмысы бір. Бір медреседе оқып, бір Ұстаздан дәріс алған. Сондықтан да, қателіктерін жөндеуі де бірдей болмақ. Құран осы екі кісінің тәубелерін әр түрлі сөздермен болса да, бірдей тәсілмен берген.

**Үшіншіден:** Дінде: «Біз сыртқы көріністерге қарай үкім береміз» деген ұстаным бар. Осы ұстанымға қатысты Аллаһ елшісі мұнафық болғанын біле тұра, Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлүлдің жаназасына қатысқан. Басқа да көптеген

мұнафықтардың қандай жандар екенін біле тұра, бетіне айтып, мысын баспаған[7]. Өйткені олар сырттай намаз оқып, ораза ұстап, шарифатпен өмір сүрген.

Міне, Нұхтың (а.с.) ұлының жағдайы да дәл осындай болуы мүмкін. Шамасы, ол да сырттай мұсылман, іштей мұнафық болған шығар. Яки, екіжүзділігі сол сәтте көрінсе керек. Нұх (а.с.) да оның сыртқы көрінісіне қарап үкім беріп, оны отбасының толыққанды өкілі ретінде қабыл етті. Сырттай іс-әрекетіне қарап, баға беру әсте күнәға жатпайды. Осы тұрғыдан келсек, Нұх (а.с.) әсте күнә жасамаған. Ол өз міндетін атқарған. Ойлап қараңыздаршы, 950 жыл бойы елін дінге шақырып, сол үшін талай таяқ жеп, келемежелсе де, жігері жасымаған. Сонша жыл ішінде аз ғана адамның иманға келгенін Құран Кәрім: «Өте аз адам ғана онымен бірге сенген еді» (Һуд, 11/40) деп білдіреді.

Нұх пайғамбар (а.с.) жайлы білгісі келгендер «Нұх» сүресін оқысын. Ұлы тұлғалы пайғамбардың күнә жасаудан мүлде пәктігі бірден аңғарылады. Хақ тағала бізге Пайғамбарымыздың шапағатын нәсіп етсін!» (әмин).

### **Ибраһим пайғамбар (а.с.)**

Пайғамбарлар әкесі Ибраһим Халилуллаһ[8] – жүрегі селт етіп, қорқып көрмеген адам. Отқа лақтырылған кезде, жанбай, саябақта отырғандай күй кешкен алып тұлға. Жан-сарайы жәннатқа толы һәм жүрген жерін жәһаннам болса да, жәннатқа айналдырған таңдаулылардың таңдаулысы. Барлығы Аллаһ елшісіне үмбет болғандығына қуанса, ол хазірет Ибраһимге ұқсағандығы үшін қуанып «Мен Ибраһим атама ұқсаймын» деуде[9]. Енді оның «исмәтінің» күнәсіздік әлеміне саяхат жасап көрелік.

Бейкүнәліктің қандай екендігін содан байқалық.

Ибраһим (а.с.) өмірінде ешқашан жұлдыздарға табынып, күпірлік жасап көрмеген. Оның жұлдыздарға, ай мен күнге қарап қайта-қайта «Уа Раб» (менің Раббым) деуінің, ортақ қосумен, ширк, яки табынумен ешқандай да қатысы жоқ. Енді уақиғаның мәнін тағы да Құран аяттарына үңіле отырып, қарастыралық: «Қас қарайған шақта ол бір жұлдызды көріп: «Міне, мынау – менің раббым», – деді. Жұлдыз жоғалған сәтте: «Мен батқан күйі жоғалып кеткендерді жақсы көрмеймін», – деді. Туған айды көрсетіп: «Міне, мынау – менің раббым», – деді. Ол батып кетісімен: «Раббым мені тура жолға салмағанда, серт етейін, адасушылардан болатын едім», – деді. Шыққан күнді көрсетіп: «Міне, мынау – менің раббым, бұл әлдеқайда үлкен», – деді. Ол көп ұзамай, батып кеткен сәтте:

«Ей, халқым! Сөздің турасы, өз басым ортақ қосушылардан әлдеқайда алшақпын», – деп жар салды» (Әнғам, 6/76-78).

Ибраһим (а.с.) дүниеге ханиф болып келді. Аяттағы жұлдыз, ай мен күнге ол тікелей «Раббым» деп айтуы әсте мүмкін емес. Егер осылай деп жорамалдайтын болсақ осы аяттың басында тұрған мына аятты жоққа шығарған боламыз. Аятта: «Ибраһим әкесі Азарға: «Пұттарды тәңірі деп ойлаймысың? Расында, мен сені және халқыңның ашық күнде жол таппай, адасқанын көріп тұрмын» (Әнғам, 6/74).

«Осылайша Ибраһимға сенушілерден болу үшін көктер мен жердің (ғажайып) мүліктерін көрсеттік» (Әнғам, 6/75).

Осындай терең ойлы және метафизикалық әлемді көре білген пайғамбардың жұлдыздарға уақытша да болса, «Раббым» деп айтуы мүмкін емес. Іші ертегіге толған кітаптар не айтса да, біздің осы пікірімізді өзгерте алмайды. Һәм Ибраһимге (а.с.) мүлік әлемі (физикалық әлем) ғана емес, метафизикалық әлем де көрсетілген. Ол осы арқылы терең иманға жеткен. Тіпті ол терең иманның ең биігі саналған «хаққал-яқин» мәртебесіне жеткен пайғамбар. Сондықтан да алғашқы екі аят хазірет Ибраһимның ақиқатпен қалайша біртұтас болғандығын, яқин иманға қалай жеткендігін айтқан соң келесі аяттар Оның халқына ақиқатты қалай жеткізгендігін суреттейді. Ендеше, мәселенің осы жерінен бастап талдау жасауымыз қажет.

Бірінші: Ибраһим пайғамбардың (а.с.) қауымы жұлдызға табынатын. Айтқандай-ақ, Исламнан бұрын арабтар да «Шира» деп аталатын жұлдызға табынған. Сол заманның астрономиялық мәліметтеріне сүйенсек, өте жарық болғандықтан, жұртшылық Шира жұлдызына құлшылық қылатын. Көне Вавилонда да жұлдызға табынған. Ибраһим (а.с.), алдымен, сонау қашықтан жылт-жылт еткен бір жұлдызға қарады. Жұрттың назарын сол жаққа аударды. Қисынды сөз арқылы оларға болмашы ескерту жасады. Айтқан сөзі өте орынды шықты. Бір ауыз жалған сөз айтпады. Тіпті дәлел келтірген сайын олардың көктегі табынған бір құдайын және жердегі сол құдайының өкілі саналған бір пұтын құлатып жатты. Иә, Ибраһим (а.с.) ақыл мен қисынға сүйеніп, пұттарды біртіндеп жықты. Ол осы пұттарды құлату үшін келген еді.

Кейбір тәпсіршілер «Менің Раббым» сөзінің басында жоққа шығару сауалын қояды[10]. Ендеше, бұл мағына «Менің Раббым осы ма?» яғни, «Жоқ, мүмкін емес» деген сөз. Бұл да осы мәселедегі жорамалдардың бірі. Бірақ айтпақ болған жорамалымыз мынау:

Ибраһим Халилуллаһ қисынды сөзі арқылы бейне бір олардың пұттарын қадірлеген болып, оларды пікірталасқа тартты. Оларды басқаша қарату мүмкін емес еді. «Біздің құдайларымыз жайлы айтып жатыр» деп оған құлақ салып тыңдады. Олар пікір таластыра келіп, ақырында, Ибраһимның (а.с.) уәжіне қалай жығылғандарын білмей де қалды. Бұл да иманның күпірді жеңуінің бір түрі еді.

Иә, жұлдыз, ай мен күн жайлы айтып, көк әлеміне олардың назарларын аударды. Бірақ, бәрінің де ақырының болатындығын айтып ескертті. Яғни, бәрі де келді, көкке көтерілді, ақырында, батып жоғалып кетті. Сондықтан да белгілі бір заңдылыққа бағынып туған, батқан, бар болғаннан кейін қайта жоғалған нәрселер ғаламзатқа үстемдігін жүргізе алмайды. Келіп-кетушілер өздеріндей келіп-кетушілерге қалай үстемдігін жүргізбек?

Алғашқы сөзінде жұлдыздардың батқанын көрсетіп, «Батып кетушілерді сүймеймін» деп алғашқы ескертуін айтады. Батып кетуші фәни нәрселер жүректе орын алмауы қажет. Маған мәңгілік сүйіспеншілік қажет. Өзіме жанымнан да жақын, жүрегімнің барлық қалауын білетін біреу ләзім.

Сосын алға тағы бір қадам аттайды да, айды көрсетеді. Алайда, көп ұзамай ол да жоғалып кетпек. Олардың зұлымдықтары мен надандықтарын елге төбелерінен дүңк еткізбей, шамдандырып алмай, тікелей айтпай, жанамалап «Егер Раббым маған һидаят бермегенде, мен де залымдардың бірі болар едім» дейді.

Ол келесі кезекте күнге қарайды. Олардың сенімінде күннен артық құдай жоқ. Алдымен, шағындауынан бастап екі пұтты құлатады. Ендігі кезек ең үлкеніне келді. Ол да батып кеткенде, сол жерде тұрғандардың ар-ождандарына қарата: «Мен сендердің серік қосқандарыңнан мүлде пәкпін» дегісі келеді. Иә, ендігі кезек ақырғы сөзге келді. Ибраһим (а.с.) жан-жүрегімен шынайы ағынан жарылып: «Расында, мен жүзімді жер мен көктерді жаратқан Жаратушыға ханиф түрде қараттым. Мен әсте мүшріктерден емеспін» (Әнғам, 6/79) дейді.

Осы ақырғы сөйлемді әуел баста айтқанда, Ибраһимді (а.с.) ешкім тыңдамайтын еді. Алдымен, олардың ұғым-түсініктеріне қарай амал жасады. Олар да оны зейін қойып тыңдай бастады. Шамасы, ол айтар ақиқатын жіңішкелеп жеткізбегенде, мұншалықты табысқа жете алмайтын еді.

Ибраһим (а.с.) «Аллаһтан басқа құдай жоқ» ақиқатын әрбір жүрекке жеткізе білу үшін фәтәнатының қажеттілігіне сай осындай бір әдісті пайдаланды. Ибраһимның

(а.с.) осы әдісі, негізінде, Құранның қисынына толықтай сай келеді. Неге сай келмесін? Ол да уахидың қайнарынан қанып ішіп, сол шындықты жеткізуде.

Осы жерде бір мәселеге назарларыңызды аударуды өтінемін. Ибраһим «Мен сендердің ортақ қосқандарыңнан пәкпін» дейді. Араб тілінде бұл есімді сөйлем болып табылады. Есімді сөйлем тұрақтылық пен ұдайылықты білдіреді. Демек, мұның мағынасы: Мен әуел баста да, қазіргі іс-әрекеттерімде де сендердің серік қосқандарыңнан аулақпын. Ендеше, Ибраһим (а.с.) ешқашан шірк мұңкіген сөз айтпаған. Осы айтқандары – пайғамбарлық парасатын ұқтырады. Иә, осы сөздерде оның күнәдан пәктігін былғайтындай дәнеңе де жоқ.

### **Өлілерді тірілту**

Ибраһимнің (а.с.) екінші зәлләсына оның Аллаһ тағаладан өліні тірілтуін сұрауы жатады. Құран Кәрім осы оқиғаны былайша суреттейді: «Ибраһим: «Раббым, өлілерді қалай тірілтесің, маған көрсетші?» – деді. Аллаһ: «Сенбейсің бе?» – дегенде, «Жоқ, сенемін, бірақ көңілім жайлансын», – деді» (Бақара, 2/260).

Ибраһим (а.с.) – Хақ тағаланың мағрипатына тоймайтын қаһарман. Иә, жүрек түңлігі қашан да мағрипатқа ашық осы алып пайғамбар Хақ тағаланың өлілерді қалай тірілтетінін көру арқылы мағрипаттың жаңа бір сатысына көтерілуді қалап: «Болған үстіне бола берсін», – дейді.

Ибраһимнің (а.с.) өлілерді тірілту мәселесінде күмәні болғаны ма? Әсте олай емес. Негізі, ол Хақ тағаланың өлілерді қалай тірілтетінін көргісі келеді. Бар-жоғы осы. Болмаса «Өлілерді тірілтуге сенің күшің жете ме жетпей ме?» – деп тұрған жоқ.

Хақ тағала оның тілегін қабыл етіп, аятта айтылғандай, төрт құсты өзіне үйретіп, сосын оларды бөлшектеп, әрбір бөлігін әрбір таудың басына апарып тастауды әмір етеді. Сосын оларды өзіне шақырғанда, төрт құс та бәз-баяғы қалпында ұшып келетіндігін айтады.

Негізінде, осы жерде Хақ тағала әр көктем сайын қайталанатын қайта тірілту мұғжизасының бірін ғана көрсетуде. Хақ осы ұлы пайғамбарына ілтипат жасап, ішкенде көңілді жадыратар кесені арнайы ұсынған. Ибраһим (а.с.) сол кеседен шәрбатты ішкен сайын ынтызарлығы артады. Осы тұрғыдан алғанда, күмән мен күдіктен ада болған Ибраһим (а.с.) өлілерді қалай тірілтетінін көргісі келіп сұрайды. Болмаса «Қане көрсетші, өлілерді қалай тірілтесің, әлде тірілтуге күшің жетпей ме?» – деп күмәнданып сұрап тұрған жоқ. Бұл бір адамның өзі ұнататын бір суретшіге «менің қасымда тұрып бір сурет салшы, қалайша ғажап



салатыныңды тамашалағым келеді» дегені тәрізді. Қайта суретшінің өнерінің ғажаптылығын паш ету мен мойындау бар. Өйткені оның тілегінде үсті-үстіне ынтызар бола бергісі келетін мән жатыр.

**Екіншісі:** Хақ тағаланың Халим, Сәлим, Әууаһ, Халил тәрізді ерекше қасиеттерімен танытқан Ибраһим пайғамбар (а.с.) сол бір Ұлы Шебердің шеберлігіне қарап ағыл-тегіл жылағысы келеді[11]. Бейне бір осы досына: «Аллаһым, көктемді қайта тірілткеніңде, көз алдымда өлілерді де тірілтші. Мен Сенің осы ұлылыққа толы ісінді көріп, тамашаға батайын» дегендей.

Сондай-ақ, Ибраһимнің (а.с.) өзі қанағаттанатын деңгейге шыққысы келеді. Жай біреу мағрипат шыңына шыққанда, одан жоғары биіктік жоқ деп ойлайды. Алайда оның шыққан шыңы пайғамбарлар шыққан шыңдардың жанында жай төбе ғана. Міне, Ибраһимнің (а.с.) шыққан шыңы да осындай ұлы шың. Біз тәрізді жандар бір кесе суға шөліміз қанады, олардың шөліркеуі мың кесе кәусар ішсе де басылмайды. Ішкен сайын, іше бергісі келеді. Сондықтан ол Ұлы Жаратушының құдіретін көріп балаша жылайды.

Ибраһим (а.с.) Хақ ісінің ғажаптылығына тоймайтын адам еді. Сондықтан да оның қалауы күмәннің белгісі емес, қайта «Тағы да болса, Аллаһым, мағрипатыңды бере түс» дегенінің белгісі еді. Бухари мен Муслимдегі бір хадисінде Пайғамбарымыз: «Егер Ибраһимнің (а.с.) осы қылығы күмән болса, сол күмәнға оған қарағанда біз әлдеқайда лайықпыз»[12], – дейді. Яғни, егер бізде өлілерді тірілтуге қатысты ешқандай күмәніміз жоқ болса, мұндай күмән Ибраһимде (а.с.), әлбетте, жоқ деген сөз.

### **Ибраһимнің (а.с.) үш «тағриды»**

Ибраһимнің (а.с.) «исмәтін», яғни күнәдан пәктігін айтқанда, оған қатысты үш «тағридты»[13] айта кетуді жөн санап отырмыз. Өйткені тақырыбымыз – жалпы мағынадағы пайғамбарлардың бейкүнәлігі. Алайда, жалған – үлкен күнә. Сондықтан да пайғамбардың жалған сөйлеуі – оның күнәдан пәктігі мен сенімділігіне қайшы келетін нәрсе. Иә, «жалған – кәпірдің сөзі». Сол себепті жалғандық иман тұрған жүректерден ешқашан орын ала алмайды.

Бір хадисте Пайғамбарымыз: «Ибраһим өмірінде үш рет бұрыс сөз сөйледі», – дейді[14]. Осы хадистегі «кәзиб» сөзі жалған емес, «тағрид» мағынасында айтылған. Бұл сөздің сөздіктегі мағынасын ғана алып қарасақ, бұл мағынаға келмейтін тәрізді көрінуі мүмкін. Бірақ, нәтижеде дұрыс болып шығатынын

тақырыпты талқылаған кезде көз жеткізуге болады. Оның осы сөздері хақында айтылғанда, мәселе ап-айқын білінеді.

Әрбір сөзге айрықша назар аударған дұрыс. Хазірет Ибраһимнің осы үш сөзі сырттай қарағанда, жалған тәрізді болып көрінгенмен, аздап назар аударып қарайтын болса, сөздерінің өтірікке жатпайтындығы аңғарылады. Біз осындай сөздерді «тағрид» деп атаймыз.

Пайғамбарымыз да әзілдеген. Бірақ айтқан сөздері қашан да шындық болған. Мысалы, Әнәске (р.а.) «Ей, екі құлақты!»[15] деген. Әлбетте, Әнәс (р.а.) екі құлақты. Бір әйелге: «Ей, ерінің көзінде ағы бар әйел» дегенде, әлгі әйел «Пайғамбарым, менің ерімнің көзінің ағы жоқ», – дейді. Аллаһ елшісі сонда: «Әр адамның көзінің ағы бар» деп айтқан сөзінің өтірік еместігін меңзейді. Және бір қартаң әйел келіп: «Пайғамбарым! Дұға етші! Жәннатқа кіргім келеді» дегенде, Хақ елшісі әзілдеп, «кәрілер жәннатқа кірмейді», – дейді. Қартаң әйел сөздің астарын түсінбей қатты қайғырады. Тұрып кетіп бара жатқанда, Пайғамбарымыз сөзінің астарын түсіндіріп, оны қуантады. «Кәрілер жәннатқа кәрі күйінде емес, жас болып кіреді», – дейді[16].

Пайғамбарымыз әзілдеген кезде де, сөзді абайлап айтудың қажеттілігін айтады. Иә, олардың мәртебелері әзілдеп болса да, жалған айтуды көтере алмайтын еді. Олар адамдардың көшбасшылары болғандықтан, бар іс-әрекеттері арқылы өнеге көрсетуі қажет. Олардың әзілдерінің арасына бір ауыз жалған сөздің қосылуы өзгелердің кәдімгідей жалған сөйлеуіне жол ашады.

Ибраһим (а.с.) – тумысынан ханиф әрі пұттардың дұшпаны. Пайғамбарлық міндет жүктелместен бұрын пұттармен де пұтқа табынушылармен де күрескен. Тіпті бір күні өзі бел байлап, үлкенінен басқа барлық пұттарды қиратып тастайды.

Сол заманның адамдары жұлдыздарға қарап, күнделікті қылықтарына баға беретін. Өйткені олардың ұғымдары бойынша құдайлар көк пен жердің арасында. Ал көктегі жұлдыздар адамдардың тағдырына үстемдігін жүргізеді деп сенген. Ибраһим (а.с.) көктегі жұлдыздарға қараған болып, халқына өзінің түпкі ойын жіңішкелеп, бірте-бірте жеткізуге ниеттенеді.

Жұлдыздарға қараған соң: «Мен науқаспын мағынасында «инни сәхиим» (Саффат, 37/89) дейді. Бұл алғашқы оқиға, алғашқы «тағрид» еді. Неге екендігін сәл кейінірек түсіндіреміз. Екінші тағриды мынау: Пұттарды қиратып, ең үлкенінің мойнына балтаны іліп қояды. Одан: «Құдайларымызды кім қиратты?» – деп сұрағанда, ол үлкен пұтты көрсетіп: «Бәлкім, мынау шығар! Үлкендері осы ғой, содан сұрандар!» – дейді (Әнбия, 21/63). Үшіншісі, Құранда тікелей айтылмайды. Жарына «Сенен кімсің деп сұрағанда, менің қарындасым екенімді

айт»[17] – дейді. Ибраһимнің (а.с.) айтқан үш тағриды, міне, осы. Енді осы оқиғаларды талдау арқылы оның күнәдан пәктігін саралап көрейік.

### **«Мен науқаспын!»**

**Бірінші** оқиға Құран Кәрімде былайша айтылады: «Күдіксіз, Ибраһим де Нұхтың даңғыл жолында. Өйткені Ибраһим Раббысына ынталы жүрекпен келген еді. Сол уақытта әкесіне де, еліне де: «Неге табынасыңдар?» – деді. «Аллаһтан өзге жалған тәңірлерді қалайсыңдар ма?» «Әлемнің Раббысына байланысты не ойларың бар?» Сонда Ибраһим жұлдыз жаққа назар аударып: «Мен науқаспын», – деді. Сонда елі оған ту сыртын беріп кете барды» (Саффат, 37/83-90).

Ибраһим (а.с.) осы «Мен науқаспын» сөзімен өзінің мазасыз халін меңзеген еді. Ол тумысынан пұттарды жек көретін. Олардың көзін жоймайынша, бұл дертінен айығу қиын еді. Ол «мен мазасызбын» деді. Жанындағылар болса, оның бір жері ауырып тұр екен деп кетіп қалады. Болмаса, оны қояр да қоймай, діни рәсімге апармақ болады. Негізінде, пұттарды қиратушы Ибраһим (а.с.) неге мазасызданғандығын көрсетті. Бірақ ол тағрид арқылы олар басқаша түсінетіндей сөз айтты. Асылында, сөзінде зәредей жалған жоқ. Алайда көпшілік Ибраһимнің (а.с.) негізгі мақсатын білмегендіктен, оның сөздерін басқаша ұқты. Негізі, олар саналы болғанда, Хаққа құлақ қойып, оны ұғатын еді. Иә, олар өмір-бақи қасарысып, бір сәт болсын ақиқатқа назар салғылары келмеді. Міне, нағыз қателік те осында жатыр еді.

Ибраһимнің (а.с.) сөзі тағрид еді. Бірақ Ол өзінің осы тура сөзі үшін махшарда да іштей мазасызданып, өздерінен шапағат сұрап келгендерге: «Мен өмірімде үш рет жалған сөйледім. Сондықтан да шапағатшы болуға лайық емеспін»[18], – дейді.

Ибраһимнің (а.с.) өмірінде бір рет айтқан («Мен мазасызбын») тәрізді тағриді қазіргі кезде «дін қызметкерлерінің» (өзгелерді айтудың қажеті жоқ) күніне бірнеше мәрте кейде амалсыз, кейде білмей айтқандарымен салыстырсақ, Ибраһимнің (а.с.) тағридында қаншалықты күнәдан пәк екендігі айқын аңғарылады.

Иә, ақиқатқа өкіл болған мұсылмандар мейлі қоғамдық, мейлі жеке өмірінде болсын, әсте жалғанға ермеуі қажет. Бұл – сенімділіктің алғашқы шарты. Туралықтың туын ұстаған пайғамбарлардың қаншалықты сақтық жасайтындарын байқаған боларсыздар. Әсіресе, сол бір пайғамбар тікелей хазірет Мұхаммед алейһиссәләмнің атасы Ибраһимнің өзі (а.с.) болса...

«Бәлкім, қайратқан сол шығар»

**Екіншісі:** Осы оқиға Құран Кәрімде былайша айтылады:

«Сол уақытта ол әкесі мен еліне: «Сендер табынған мына мүсіндерге қалай табынасыңдар?» – деді. Олар: «Аталарымыз да осыған табынатын», – деді. «Рас, сендер де, аталарың да адасып жүрсіндер», – деді. Олар: «Сен бізге шын сөйлеп тұрсың ба? Әзілдеп тұрсың ба?» – деді. «Дұрысы, Раббыларың – көктер мен жердің Раббысы. Барлығын сол жаратты. Мен де осы шындыққа куә болушымын», – деді. «Аллаһ тағалаға ант етемін! Сендер бұрылып кеткеннен кейін, әлбетте, пұттарыңды жоямын» (деді). Кейін барлығын қиратып, шамасы, осыдан сұрасын деп үлкен пұтқа тиіспеді. Олар: «Бұны тәңірлерімізге кім істесе де, анық залым екен», – десті. «Ибраһим деген бір жігіттің осыларды сөз қылып жүргенін естідік», – десті. «Оны көруі үшін адамдардың көз алдына алып келіндер», – десті. «Әй, Ибраһим! Осыны тәңірлерімізге сен істедің бе?», – десті. «Бәлкім, олардың үлкені істеген шығар? Егер сөйлей алатын болса, олардан сұраңдар», – деді (Әнбия, 21/51-63).

Халқы Ибраһимнен (а.с.): «Ей, Ибраһим! Мына тәңірлерімізді қиратқан сен бе?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Бәлкім, мынау жасаған шығар?», – дейді. Алғашқы сөзі осы жерде аяқталады. Негізі, Құран Кәрімде де «Бәлкім, мынау жасаған шығар?» сөзінен кейін тоқтау бар. Осы аятты оқығанда, аздап кідіріс жасау қажет.

Ибраһим (а.с.) «һуә», яғни «ол» деп өзін меңзейді. Бірақ, сөзін шешендетіп олардың назарларын пұтқа аударады. Негізінде, осы жерде екі бөлек сөйлем айтылған. Бірақ айтылғанда, осы екі сөйлем бірігіп кеткен. Сондықтан да тыңдаушылары оның айтқан сөздеріне жете мән бермеген. Бірінші сөйлем «Бәлкім, мынау жасаған шығар?», екінші сөйлем «Міне, үлкендері». Енді екі сөйлем қосылғанда: «Міне, үлкендері, сол жасады» деген мағынаға келіңкірейді. Мұны арабтың шешендік өнерінде «тағрид» дейді. Сонымен қатар, осы жерде күпір мен пұтқа табынушылықты келеке ету де бар. «Үлкендері мынау» дегенде, Ибраһим (а.с.) олардың саналарының таяздығын келемеждеген. Бірақ олардың саналарына пұтқа табынушылық әбден сіңіп кеткендіктен, мән-жайды терең түсінуге шамалары жетпеді. Олардың пұттарына «үлкен» деу арқылы Ибраһим (а.с.) нені меңзеп тұрғандығы олар үшін беймәлім күйде қалды.

### «Бауырым»

**Үшінші** оқиғада жалғандықтың тозаңы да жоқ. Тіпті оны «тағрид» деп те айта алмаймыз. Айтқан сөзі айқын және тура. Егер Нәмруд[19], яки оның адамдары сұрайтын болса, Сара анамыз да: «Мен оның бауырымын», – деп айтпақ. Яки, Ибраһимнен (а.с.) сұрайтын болса, Сараны «бауырым» деп таныстырады. Өйткені

Ибраһим (а.с.) өзінің жары екендігін айтатын болса, Сара анамызға жамандық жасауы мүмкін еді. Сонда жары мен Ибраһим (а.с.) қиыншылыққа душар болмақ. Бірақ Ибраһимнің (а.с.) осы мәселеге қатысты айтқан сөзі де шындық. Өйткені Хақ тағала мұсылмандарды тұтастай бауыр санайды (Хұжырат, 49/10). Иман келтірген жандардың алғашқы бірліктері иманға қатысты. Осы арқылы бір-біріне жақын болмағандар бір ата-анадан болса да, бауыр саналмайды. Алайда заман мен мекен алшақтығы имани бауырластыққа тосқауыл емес. Иман келтіргендер – бір-біріне бауыр. Бұл тұрғыда әйел-еркек деп бөліп-жаруға болмайды. Өзге жақындықтар осы бауырластықтан кейін келеді. Ер кісі әйелімен ажырасса, араларындағы ерлі-зайыптылық қарым-қатынасы жоғалады. Бірақ имани бауырластық сақталады. Ибраһим (а.с.) осы ең ұлық жақындыққа назар салып, Сара анамызға «бауырым» деген. Бұл – оның жүрегінен жарып шыққан шынайы пейілі, тура сөз. Тереңірек үңілсек, бұл «тағрид» та емес. Бірақ көңілдері тұмшаланған бейбақтар мен құлақтары мұндай нәзік жоралғыны ести алмайтындар мұны ешқашан түсіне алмайды. Осы тақырыптың бізге беретін дәрісі мынау: 1) Ибраһим (а.с.) әсте жалған айтпаған. 2) Пайғамбарлардың жолымен жүрген мүміндер де қашан да бойларын жалғаннан аулақ ұстауы қажет. Негізі нағыз мұсылман байқаусыз бір харамға қарағаны яки бір ауыз жалған айтқандығы үшін өмір бақи азап шегіп, көз жасын төгеді. Қандай деңгейде болсын, тек рухани дәрежесі биік жандар ғана жолбасшы бола алмақ.

### **Әкесіне дұға жасауы**

Енді Ибраһимнің (а.с.) әкесі үшін жасаған дұғасына қатысты айтылатын «зәлләге» назар аударайық:

Ибраһим (а.с.) адасқан әкесі үшін неге Хақ тағаладан кешірім тілейді? Жаратушыдан жеткізген хабарларын қабылдаған жандармен шектеліп, тоқтауы қажет емес пе еді? Неге сонша иман келтірмеген әкесінің кешірілуі үшін шыр-пыр болып, Аллаһ тағалаға мұнша жалбарынып, дұға етті. Бұл қателік пе? Қателік болса, қателіктен пәк саналған пайғамбарға мұны қалай жарастыруға болады? Мұнысы осындай болса, басқа мәселелерде де қателік жасамағандығын біз қайдан білеміз? Қалай ғана біліп, толықтай сеніп, соңынан ілесе аламыз? Міне, кешегі дінсіздер мен бүгінгі кәпірлер және күмәнданушылардың таусылмайтын сауалдарының негізі осы!

Ибраһим (а.с.) дұғасында: «Әкемді де кешір. Сөзсіз, ол адасқандардан»,– дейді (Шұғара, 26/86). Ибраһимді (а.с.) осы дұғаға итермелеген іс-әрекетті де Құран Кәрім былайша баяндайды: «Ибраһимнің әкесі үшін жарылқау тілеуі, оған берген бір уағда бойынша ғана еді. Өзіне оның Аллаһтың дұшпаны екені білінген кезде, одан безді. Расында, Ибраһим қажырлы әрі жұмсақ мінезді еді» (Тәубе, 9/114).



Ибраһим (а.с.) әкесіне сөз берген еді. Құран мұны:

«Расында, сендерге Ибраһим және онымен бірге болғандар бір көркем өнеге болды. Сол уақытта олар елдеріне: «Сендерден де, Аллаһтан өзгеге табынғандарыңнан да бездік. Сендермен арамызға мәңгілік дұшпандық, өштік басталды. Сендерге Аллаһ тағаланың бірлігіне иман келтіргенге дейін қарсымыз» деген. Бірақ Ибраһимнің әкесіне: «Әрине, сен үшін жарылқау тілеймін. Алайда, Аллаһтан келетін нәрсеге шамам жетпейді» деген болатын» (Мұмтахина, 60/4).

Құран Кәрім Ибраһимнің (а.с.) әкесінің адасқан жан екендігін танытады. Әкесінің мұндай болуы Ибраһим (а.с.) үшін әсте кемістік емес. Пайғамбарымыздың ата-бабалары арасында да толық тәухидке жете алмағандардың болғандығын айтуға болады. Әбдулмуттәлиб, Хәшім, Луейлердің қандай тәухидтік түсініктері бар екендігін білмеймін. Бірақ «фәтрәт»[20] заманында өмір сүргендіктері үшін «фәтрәт» заманының адамдары тәрізді есеп беретіндігін нық сеніммен айта аламыз. Сонымен қатар, оларда болуы мүмкін кемшіліктер Пайғамбарымыздың пайғамбарлық міндетпен жіберілуіне кедергі емес.

Иә, алдымен, мынаны жақсы біліп алайық. Азар Ибраһимнің (а.с.) әкесі болса, Ибраһим (а.с.) оның адасқандығын ашық айтқан болса, мұнан Ибраһимнің (а.с.) пайғамбарлығына келіп-кетер ешқандай зияндығы жоқ. Кейде Хақ тағала Азардан Ибраһимді (а.с.), ал кейде Нұх (а.с.) тәрізді ұлы рухтардан Кенан сияқтыларды жаратады. Халықтың тілімен айтқанда, жақсыдан жаман, жаманнан жақсы да туады. Аллаһ тағала өліден тіріні, тіріден өліні шығарады. Оның құдіреті бәріне жетіп асқаны тәрізді ешкім де Одан есеп сұрай алмайды. Иә, Ол Азар тәрізді өліден Ибраһимдей (а.с.) басқаларға өмір сыйлайтын, бір тіріні жаратуы мүмкін. Осылайша жаратып, оны екі алтын шежіренің қайнар көзі жасауы мүмкін. Иә, Ибраһимнің (а.с.) екі ұлы да пайғамбар. Ысқақтың (а.с.) нәсілі Иса алейһиссәләмға барып тірелсе, Исмайыл алейһиссәләмның нәсілі де екі әлем Сардары арқылы әлем жаратылысының мәніне айналды.

**Екіншісі:** Ибраһимнің (а.с.) әкесіне дұға етуі – табиғи нәрсе һәм адамгершілік белгісі. Айтқандай-ақ, Пайғамбарымыз да көкесі Әбу Тәліпті бар ықыласымен дінге шақырған. Кейіннен тіпті: «Егер тыйым салынбаса, сен үшін үнемі кешірім тілеймін»[21], – деген. Әбу Тәліп оны қырық жыл бойы бауырына басып, қиын сәттерде оның жанынан табылған. Оның барлық қиыншылықтарын бөлісіп, тіпті құрайыш бойкот жариялағанда да, оны жалғыз тастамаған. Аллаһ елшісіне өмір-бақи мұншалық қызмет еткен көкесін жатпай-тұрмай дінге шақырып, оның мұсылман болуын қалауы қаншалықты қисынды болса, Ибраһимнің (а.с.) жасаған



дұғасы да соншалықты қисынды. Өйткені оның дүниеге келуіне әкесі арқау болған. Кемеліне келгенге дейін оны өсіріп-тәрбиелеген. Сондай-ақ, пікірлері алшақ болса да, Ислам діні ата-анаға «уһ» деп те айтуға тыйым салған (қараңыз; Ибра, 17/23).

**Үшіншісі:** Тәблиғ – пайғамбардың жаратылыс мақсаты. Тура жолға салу олардың қолынан келер іс емес. Олардың міндеті – ақиқатты үнемі айтып түсіндіру және осы жолда барлық адал тәсілдерді пайдалана білу. Ибраһим (а.с.) де осы мағынада әкесінің жүрегін жұмсартып, оның көңілін тура жолға әзірлегісі келген. Оның уәде еткен дұғасын да осы тұрғыдан ұғу керек. Өйткені дұға да тура жолға түсіретін көптеген себептердің бірі. Ешбір адам жайында ол иман келтірмейді деп, үмітсіздігіне салынбау қажет. Өйткені Бақара сүресінің алтыншы аятында айтылғандай, кейбір кәпірлердің тура жолға түсері неғайбыл болғанынан қарамастан, Хақ елшісі Әбу Жәһіл, Әбу Ләһәб, Ибн Әбу Муайт тәрізді қасарысқан жандарды тура жолға шақырған. Тура жолға салу Аллаһтың қолында. Ибраһим (а.с.) осыған терең сенгендіктен әкесіне осы дұғаны арқау етіп тура жолға келуін қалаған. Мұнда да Хақ тағалаға деген терең иман жатыр. Бірақ ол Жаратқанның қалауын білген кезде дереу дұға етуін доғарып: «Үстем ерік Аллаһ тағалаға ғана тән» деген.

Ибраһимнің (а.с.) міндеті елге дінді тәблиғ ету еді. Ендеше, әкесін бұдан тыс қалдырудың ешбір жөні жоқ. Сонымен қатар ет жақындығын ескерсеңіз, оның ұлы ретінде, әрі пайғамбар ретінде әкесін қалайша жамандыққа қисын?! Әкесінің бас имес дәрежелігіне қарамастан, Ибраһим пайғамбар «Әкешім, әкешім» деп оны ақиқат жолына шақыруын әсте тоқтатпады. Бұл мәселе Құран Кәрімде ап-анық баяндалған:

«Кітаптағы Ибраһимді есіңе ал. Негізінде, ол турашыл пайғамбар еді. Сол уақытта әкесіне: «Әй, әкетайым! Меңіреуге, сондай-ақ, өзіңе пайдасызға неге табынасың?» – деді. «Әй, әкетайым! Расында, сенде жоқ ілім менде бар. Сондықтан, маған ілес. Сені тура жолға салайын». «Әй, әкетайым! Шайтанға табынба! Өйткені, шайтан Аллаһ тағалаға қарсы болған». «Әй, әкетайым! Аллаһ тағала саған азап жіберіп, шайтанға дос болып қалуыңнан қорқамын» (Мәриям, 19/41-45).

Иә, Ибраһим (а.с.) өзгелерге айтқан иләһи хабарды әкесіне де жеткізді. Қандай бала өз әкесінің тура жолға түсуін қаламайды дейсің?! Әсіресе, ол адам Ибраһим (а.с.) тәрізді өте жұмсақ, биязы, ақ пейілді пайғамбар болса...

**Төртіншісі:** Кейбір тәпсіршілер араб тілінде «әбу» сөзінің «ата» мағынасына келетіндігіне назар аударады. Соған қарай Ибраһимнің (а.с.) «йә әбәти» деп атаған

адамның өз әкесі емес, атасы яки немере ағасы, я болмаса басқа бір жақыны болғандығын айтады[22]. «Әбу» сөзінің көпше түрі «әәбау» Құран Кәрімде де кездеседі. Бұл жерде «ата-бабалар» мағынасында берілген.

Мысал ретінде, Жүсіп пайғамбардың (а.с.):

«Ата-бабаларым Ибраһим, Ысқақ және Жақыпқа ұйыдым» дегенін (Жүсіп, 12/38) келтіруге болады. Міне, осы жердегі «әәбә-и» сөзі «аталарым» мағынасында берілген. Әсіресе, «әл-Әәбәу әууәлуунә» сөз тіркесі Құранда көп кездеседі. Бұл сөз «Алғашқы аталар» деген сөз[23]. Ендеше, Ибраһим (а.с.) – Азардың ұлы емес, оның немересі, яки, жиені. Айтқандай-ақ, бір риуаятта ол – Тарахтың ұлы[24]. Бұл мәселеде басқа да топшылаулар болуы мүмкін. Ендеше, Ибраһим (а.с.) әкесінің қыспағында қалған немесе оның адасқандығын білген соң ол үшін кешірім тілеген адам да емес. Құран Кәрім оның бір дұғасын бізге былайша жеткізеді: «Раббымыз, мені, ата-анамды және исі мұсылмандарды есеп күні кешірім ет!» (Ибраһим, 14/41). Осы жерде ата-ана мағынасында «уәлидәййа» сөзін берген.

Мәселеге осы жағынан қарайтын болсақ, Ибраһимнің (а.с.) биязы, күнәсіз, исмәт иесі ұлы пайғамбар екендігі айқын көрінеді. Ол – қашан да ақиқатты айтып, үнемі хақ туының астында болған аяулы жан.

Ибраһим (а.с.) – тәухидшіл әрі Жаратқанға терең мойынсұнған жан. Сондықтан да оған «дос» деген ерекше мәртебе берілген. «Аллаһ тағала Ибраһимді дос етіп алды» (Ниса, 4/125) мағынасындағы аят осы достықты баяндайды. Ол Хақ тағаланың әмірін басына қандай күн туса да, қалтқысыз орындаған. Оған «ұлыңды құрбандыққа шал» (Саффат, 37/102-103) деген әмір келгенде, бір сәт те кідірмеген. «Жарың мен ұлыңды шексіз шөлейтке таста»[25] деген әмір келгенде де, дереу жарлықты екі етпей орындап, артына бұрылып та қарамай кеткен. Өзі отқа тасталғанда да, селт етпеген. Ол ол ма, періште көмектеспек болғанда, Хақ тағаланың досы оның ұсынысын қабылдамай, «Ол – бәрін білуші» деп жауап қайтарған. Әлбетте, оның жансарайын жайлы еткен (бәрд уә сәләм) осы мойынсұнушылық жан шыдатпас оттың өзін салқын саяға айналдырған[26].

Ибраһим Халилуллаһ (а.с.), міне, осындай ардақты пайғамбар болатын. Осының бәрін ысырып тастап, оны күнә жасады деу, ашығын айтқанда, нағыз надандықтың өзі.

Асылында, барлық нәрсенің ақиқатын бір Аллаһ тағала біледі.

### **Абыройлы Жүсіп (а.с.)**

Қазіргі Тәурат – Жүсіп пайғамбар (а.с.) жайлы жалаға толы, бұрмаланған кітап. Онда Жүсіпті (а.с.) адамдардың ең жаманы етіп көрсеткен. Алайда ол түрі де, мінезі де пәк, жібектей есіліп тұратын нәзік жанды пайғамбар болған. Өзге пайғамбарлар тәрізді ол да «исмәт» күнәсіз сипатымен ерекшеленген.

Бірақ біздің кейбір тәпсіршілеріміз байқамай, Тәуратқа, яки, бұрынғы діндерге сүйеніп, ұлы Пайғамбарға жараспайтын және оның күнәсіздігіне күйе жұқтыратын сөздер айтқан. Біз басқа пайғамбарлар тәрізді Жүсіпке (а.с.) қатысты оқиғаларды Құраннан қарап, оның абыройы мен бейкүнәлігін Құран аяттары арасынан табуға тырысамыз. Әлбетте, осы зерттеудің мақсаты соларды көрсетіп беру ғана. Себебі, бұл мәселе Құранда айқын айтылған. Кез келген адам «Жүсіп» сүресінің мағынасына терең бойласа, сөзіміздің дұрыстығына көз жеткізеді. Әлбетте, онда да аталмыш аяттарды теріс топшыламайтын болса ғана.

Жүсіпті (а.с.) балалық шағында бауырлары алдап апарып, айдаладағы бір құдыққа тастайды. Оны сол жерден өтіп бара жатқан керуеншілер тауып алып, құлдыққа сатып жібереді. Оны Мысырдың бір уәзірі сатып алып, өз баласындай бауырына басады. Жүсіп балалық шақтан бозбалалық шаққа жеткенде, уәзірдің жары Жүсіпке ғашық болады. Құранда айтылғандай, күндердің бір күнінде үйінің есіктерін тарс бекітіп, оған жақындағысы келеді. Бірақ көңілі таза Жүсіп (а.с.) оның мына ұсынысынан шошып, есікке қарай ұмтылады. Бірақ, әлгі әйел оның артынан қуып жетіп, ұстап, жібергісі келмейді. Жүсіп (а.с.) жұлқынып қашпақшы болғанда, көйлегі жыртылып кетеді. Осы кезде есік ашылып, үй иесі уәзір кіріп келді. Осы сәтте Жүсіп (а.с.) тағы бір сынаққа тап болады. Өйткені, әйел күйеуін көре сала Жүсіпке жала жаба бастайды. «Әйелге жамандық жасағанның жазасы қандай? Зындан мен азап емес пе?» (Жүсіп, 12/25) дейді. Бұл – нағыз күйдіргі жала. Бірақ, әйел осы негізсіз жала арқылы өзін де ұстап беріп жатты.

Енді осы оқиғаны аяттардан қарап, Жүсіптің (а.с.) «исмәтіне», яғни, күнәсіздігіне дәлел болған ерекшеліктерге үңілейік:

«Жүсіп тұрған үйдің әйелі онымен көңілдес болуды қалап, есіктерді бекітті: «Қане, кел бері!» – деді. Жүсіп «Аллаһ тағалаға сыйынамын. Ол (ерің) қожайыным, мені жақсылығына бөледі. Сөз жоқ, залымдар құтылмайды», – деді (Жүсіп, 12/23).

Алдымен, осы жерде айтылар мәселе мынадай: Құран ғайбаттамайды. Әйелдің есімін де айтпайды. Тек оны шаңырақтың жары деп қана жеткізген.

Барлық есіктерді жапқан кім? Әлгі әйел. Алғашқы үн қатқан да әйел. Артынша сол бір абыройлы тұлғаның дауысы көтеріліп: «Аллаһ тағалаға сыйынамын», –

деді. Жүсіп (а.с.) осы тақуалығы арқылы қияметке дейінгі барлық жастарға үлкен ерік-жігерін көрсетіп, өнеге бола білді.

Аятта Жүсіптің (а.с.) әйелдің ұсынысына қарсы шыққандығы ашық айтылған. Жүсіп (а.с.) «Раббым» дегенде, шамасы, ол Хақ тағаланы меңзесе керек. Күнә жасау – Оның өзіне берген мұншама нығметтерге көз жұмып, ынсапсыз болу деген сөз. Ынсапсыздар ақыреттегі жазадан құтыла алмайды. Немесе осы жердегі «Раббым» деп, әйелдің ерін меңзеуі де ықтимал. Алдында айтылған «Оған жақсылап қара» сөзін ескерсек, шындығында, әйелдің күйеуі Жүсіпке үйіп-төгіп жақсылық жасаған. Осы жақсылықтарды Жүсіп аяққа таптап, қалай ғана ынсапсыздық жасай алады?

Осы жердегі назар аударарлық маңызды бір мәселе: Жүсіп (а.с.) мырзасының, яки Хақ тағаланың өзіне берген шарапаты үшін күнәдан қашқан жоқ. Бұл мәселенің негізгі бір жағы ғана. Әйелдің түсінігіне қарай айтылған сөз. Алайда, Жүсіптің (а.с.) күнәдан қашуының себебі – алғашқы сөзінде тұр: «Аллаһ тағалаға сыйынамын». Ендеше, оның күнәдан қашуы тікелей Аллаһ тағаладан қорқуына қатысты. Ақылға қонымды тақуалық та осы.

Күнәнің қайда апарып соқтыратынын Жүсіп (а.с.) жақсы біледі. Күнә – қиянат, шектен шығу деген сөз. Бұл дүниеде де, ақыретте де қасіретке душар етеді.

Жүсіп (а.с.) хақында үстірт қарағанға қате боп көрінетін бұл аят әлгі аяттың артынша айтылған «Расында, әйелдің оған ойы кетті және бұған тырысты да. Егер Раббының дәлелін көрмесе, Жүсіп те одан ой қылған болар еді» аят (Жүсіп, 12/24).

Аяттың мағынасын айтпай тұрып, кейбір сөздерге тоқтала кеткеніміз жөн. Аят мағынасын теріс түсінуге итермелеуі мүмкін сөз – «һәммә» сөзі. «һәммә» етістігі – өткен шақты білдіреді. Бұл сөздің әр түрлі мағыналары бар кісінің жағдайына қарай осы мағыналардың бірін таңдауымызға тура келеді. Тіл білімі заңдылығы бойынша сөздің негізгі және тура мағынасы алғашқы кезектегі мағына. «һәммә» сөзінің – алғашқы мағынасы – «Ақләқа», «хәзәнә» мағыналары. «Ақләқа» сөзі «күйзелу, қайғыру, ынтызар болу, күйіп-жану» мағыналарына саяды.

Осы етістікті Зылихаға қатысты алатын болсақ, «Зылиха Жүсіп (а.с.) үшін күйіп-жанды, күйзелді, аһ ұрып қайғырды» деген мағынаны білдіреді. Әлбетте, Жүсіп (а.с.) өз әлемінде аһ ұрып, күйіп жанып қайғырды. Өйткені, ол – осы шаңырақтың тұтқыны. Қашып та құтыла алмайды. Ұстап алады. Әйел оған жете алмадым деп

күйіп-жанса, Жүсіп (а.с.) күнә жасап қоямын ба деп, күйзеліп, күйіп-жанып жүр. Раббысы Аллаһ тағала оған дәлелін көрсеткенге дейін өзінің күнәдан қорғалатынын білген жоқ. Иә, Аллаһ тағала оны шапағатымен жебеп жүрді. Алайда, Жүсіп (а.с.) қандай да бір сынаққа тап болғанда, оның арты неге соқтырады деп күйзеліп бітетін еді. Меніңше, алдымен қозғайтын мәселе осы. Осы тақырыпқа қатысты тәпсірлер де дәл осы тұсты негізге ала отырып, қайтадан қаралғаны абзал.

Екіншісі: Зылиха жатпай тұрмай, күндіз-түні мақсатына жетуге асығып, сол жолда өзінің барлық қажыр-қайратын жұмсап әлек болды. Иә, ол өзінің алдына мақсат қойды. Жүсіп (а.с.) сөзсіз өзінікі болуы тиіс еді. Оның есіл-дерті – осы. Айтқандай-ақ, басқа бір аятта оның халін: «Ғашықтық жүрегін жарды» деп білдіреді (Жүсіп, 12/30). Жүсіптің (а.с.) халін: «Міне, оның бойын жамандықтан осылайша аулақ қылдық. Өйткені, ол біздің ықыласқа жеткен құлдарымыздан еді» (Жүсіп, 12/24) деп, абырой мен «ихсанға» толы сөздермен айтқан.

Аятта өткен «мухлас» сөзі де аса маңызды. Иә, «мухлис» бар, сонымен қатар «мухлас» та бар. Жүсіп (а.с.) «мухластан» саналған. Әрбір пайғамбар мухласқа жатады.

Мухлис – ықыласты адам деген сөз. Ол жасаған барлық ісін Аллаһ тағала үшін жасайды. Күллі амалдарын тек Хақ тағаланың разылығын күтеді. Осы тұрғыдан шынайы түрде әрқашан Аллаһ тағалаға беріктігін іздеген адамды «мухлис» деп атаймыз. Бірақ, байқағанымыз ол әлі іздену үстінде болатын. Әлі жолда жүр. Мухлас – күллі уайымнан құтылып, ықылас шыңына жетіп тақ орнатқан нағыз қаһарман. Ол «мухлистің» жолын әлдеқашан жүріп өтіп, ақырында сапарын «сәйір миналлаһпен» аяқтаған. Міне, осындай адам біздің жасайтын пенделіктерден мүлде ада болмақ. Жүсіп те (а.с.) осылардың қатарына жатады. Ендеше, мухлисқа да жараспайтын қылық қалайша мухлас болған абыройлы Жүсіпке (а.с.) жараспақ?

Сондай-ақ, Құран «Міне, біз «мухсиндерді осылайша сый-сияпатқа бөлейміз» (Жүсіп, 12/22) деп, Жүсіптің (а.с.) «мухсиндердің бірі екендігіне ишарат етеді. Біз иман жолы арқылы амалға, амал арқылы нағыз иманға жетіп, ақыр соңында ғана «ихсан» мәртебесіне жете аламыз. Біздің ең ұшар шыңымыз пайғамбарлар үшін ең алғашқы қадам болып саналады.

«Ихсан – бейне бір Аллаһты көріп тұрғаныңдай құлшылық етуің. Себебі, сен Оны көрмесең де, Ол сені көруде».[27] – хадисінде де айтылғандай, Аллаһ



тағаланы көріп тұрғандай, құлшылық жасау. Міне, біз үшін ең ақырғы мәртебе болған осы шыңға пайғамбарлар әуел баста иелік еткен. Ендеше, пайғамбарлар жайлы сөз еткенде мәселеге қашан да осы тұрғыдан қарау қажет. Ал оларды өзімізбен салыстыратын болсақ, қателікке ұрынып, шындыққа жете алмаймыз.

Зылиха мен Жүсіп (а.с.) – екі бөлек әлемнің адамдары. Бірі – ғашықтық дертіне шалдығып, өз-өзіне ие бола алмай, сезімге берілген адам, бірі – ақыретке көз тігіп, «ихсан» санасына жеткен һәм ықыласқа толы пайғамбар. Әлбетте, ол да өз әлеміне тоқтаусыз қанат қағып, діттеген жеріне тезірек жетуді қалайды.

Осылардың екеуіне де «һәммә» сөзі қолданылған. Бірақ, берілген осы сөздің мағынасын екеуінің мақсатына қарай талдасақ, екі түрлі ұғымға кезігеміз. Иә, «һәммә» сөзіне олардың өз өлшем, құндылықтарына қарай мағына берілуі тиіс. Негізі араларындағы айырмашылық одан кейінгі көріністен айқын аңғарылады. Жүсіп (а.с.) исмәт пен абыройлығына, Зылиха нәпсіқұмарлығы мен күнәға ұмтылуда. Екеуі де бір-бірімен өз әлем үшін жарысқа түскендей. Жүсіп (а.с.) қашса, Зылиха қуады. Егер Жүсіптің (а.с.) зәредей жаман ойы болғанда, Зылиха оны тықсырмас еді. Ендеше, Жүсіптің (а.с.) ниеті мен пейілі мүлде басқа. Ол сол бір ұлы мақсатқа қарай асығуда. Болған оқиғаға терең көз салсақ, екеуінің арасындағы айырмашылықтың жер мен көктей екенін байқаймыз.

Иә, Жүсіп (а.с.) оның шеңгелінен сытылуды көздеп, безе қашқанда, көйлегінің артқы жағы жыртылып қалады. Жүсіп (а.с.) есікті ашып, сыртқа ұмтылады. Әйел де оның артынан өкшелеп қалмайды. Осы кезде уәзір алдарынан шығады. Әйел не дерін білмей сасқанынан өзін ақтап, Жүсіпке (а.с.) жала жабады. Ол жаласына өзі де, ері де сенбейді. Әрі көзге ұрып тұрған дәлел бар. Айтарға тілі болмаса да, небір дүлдүл шешендердің өзін басып тастайтын бұл айғақ – Жүсіптің (а.с.) жыртылған көйлегі. Әйелдің туыстары да, тіпті тілі шықпаған бала да Жүсіптің ақтығын растайды. Жүсіптің (а.с.) күнәға пейілденбегені түсінікті. Өйткені, көйлектің арт жағы жыртылған. Егер Жүсіптің (а.с.) пейілі басқаша болып, әйел одан сақтануға тырысқанда, көйлектің алдыңғы жағы жыртылар еді. Жүсіп (а.с.) бұлтартпас айғақтардың бірін дереу сол жерде байқайды. Міне, Раббысы оны жыртық көйлекпен сақтап, ғажайып болашаққа қарай тағы бір қадам бастырды.

Осы тұрғыдан Жүсіптің (а.с.) «һәммә» ойы өз мақсатында, Зылиханың ойы да өз мақсатында болды. Хақ тағаланың рақымына бөленіп, соның әмірімен өмір сүрген пайғамбардың ойы мен көзі нәпсіқұмарлықтан басқаны көруден қалған әйелдің ойын бір таразыға қойып тартқанда, кімнің ақ, кімнің қара жүзді екеніне тағы бір мәрте куә боламыз. Екеуінің де ойы бірдей, тек нәпсіқұмарлық деп жорамалдаған



кейбір тәпсіршілер осы айырмашылықты біле алмағандықтан, қатты қателескен. Құран мен сүннеттің аясында болмаған осы топшылаулар қайта қаралуы тиіс. Бұл өз кезегінде ниеті түзу, бірақ «исрайлият»[28] құрбаны болған үлкендерімізді де риза етеді ғой деп ойлаймын. Өйткені, олар осы қателіктері үшін қаншама берекеттен мақұрым қалған шығар. Иә, пайғамбарға жай қарапайым пенде тәрізді талдау жасағандар оның рухани әлемінен хабары болмағандар.

«Жүсіп (а.с.) көңілі құлап, Зылиханың ұсынысына қол созбақ болғанда, Жақып аләйһиссәләмді көрді. Жүсіпке қатты таңырқап қарап қапты» деген тәрізді сандырақтар пайғамбардың исмәтіне мүлдем жараспайды. Бұлар – бұрмаланған кітаптарда кездесетін жалалар.

Абдулазиз Дәббәғ атты бір әулие кісі осы аятының тәпсірінде: «Зылиха өзінің санасы жеткен жеріне дейін қылық жасады. Жүсіп (а.с.) оны райынан қайтаруға тырысты. Бәлкім Зылиханы ұрып, оған қол көтеретін еді» деп «һәммә» сөзін осылайша түсіндіреді. Иләһи көмекке сүйеніп жалпының өресін кеңейтетін басқа да небір жауһарлары бар!

Һәм басқаша қалай ойлауға болады. Аллаһ елшісіне өзіне «Сен жомартсың» дегендерге: «Нағыз жомарт – Ибраһим Халилуллаһұлы, Ысқақұлы, Жақыпұлы Жүсіп»[29] деген. Оның үлкен атасы Ибраһим (а.с.), атасы Ысқақ (а.с.) және әкесі Жақып (а.с.). Міне, Жүсіп (а.с.) – осындай жомарт нәсілден. Аллаһ елшісі осы сөздерімен Жүсіпті (а.с.) біздің қиялымыз да жете алмайтын бір шыңға самғатып әкетеді.

Жай мұсылман адамның өзі мұндай күнәні ойлап көрмесе, күнәдан пәк сол бір үлкен пайғамбарды осындай нәрсеге барады деу – нағыз сандырақтың өзі. Бұл ақылға да, нақылға да сыймайтын сандырақтың нақ өзі.

Жүсіп (а.с.) өзіне – әйелдердің көзі түскенде, Раббысына: «Раббым, мен үшін бұлардың ұсыныстарына қарағанда зындан әлдеқайда артық» (Жүсіп, 12/23) деп, сарайдағы қызыққа толы өмірден баз кешіп, зынданның жан шыдамас қиыншылықтарына ризашылық білдірген пайғамбар. Иә, тоғыз жылдай қиыншылыққа толы өмірді тек исмәті мен абыройы үшін ғана көтере білуі оның бейкүнәлігін дәлелдейді. Әйелдер оны көрген кезде сұлулығына тәнті болып, өз қолдарын қалай кесіп алғанын байқамаған (Жүсіп, 12/31). Жүсіпті (а.с.) қиын жағдайға қалдыру мақсатымен, Зылиханың оған ғашықтығын жұртқа жайып, оны өздеріне тарту үшін небір жоспарлар құрған (Жүсіп, 12/30). Бірақ, осы бір асыл жанды өздеріне қарата алмаған.

Ол дұға жасады. Масқара болмау үшін Раббысына жалбарынды. Раббысы оның дұғасын қабыл етіп, зынданға салу арқылы күнәдан қорғады. Әрбір заманның біртуар ерлері азап шегуі үшін зынданның есігі ашық қалғандай еді. Зындандар мен қапастар иман мен Құран қызметшілері, ақиқат жаршылары үшін «Жүсіп медресесіне» айналды.

Ол асқан абыройлы жан еді. Тіпті оған бір күні «қапастан шық» дегенде, «Абыройымның ақтығы мен пәктігі ел-жұтқа аян болмайынша, қапастан шықпаймын» деп отырып алады (Жүсіп, 12/50). Абыройлы ғұмыр кешу басқа, ал оны дәлелдеу мүлде басқа. Екеуі де оның болашақтағы асыл мақсаты үшін аса маңызды еді. Ол зынданнан шықпады. Зылиха халықтың алдында өз қылмысын мойындады. Артынша оның өте абыройлы да күнәдан пәк екендігін айтып жария қылды (Жүсіп, 12/51).

Зылиханың өзі күнәсін мойындап, оның исмәті мен бейкүнәлігін жария еткенде, әлі күнге дейін сол бір ұлы пайғамбарды күнә жасады деп жүргендерге не дейсіз?!

[1] Діни дәлелдерге сүйене отырып үкім шығару

[2] Бухари, Мәрдә, 1, Тәухид, 31; Муслим, Мунафиқин, 58-59.

[3] Мунауи, Фәйзул-Қадир, 4/34; Хадистің басқа сөздермен айтылған хадистер үшін қараңыз; Бухари, Худуд, 22, Талак, 11; Әбу Дәууд, Худуд, 17; Тирмизи, Худуд, 1; Ибн Мәжә, Талак, 15,16.

[4] Кәшфул-Хафә, 1/428.

[5] Әбу Дәууд, Татауу-у, 12, Әдәб, 160,

[6] Муслим, Фәдәил,17; толығырақ мәлімет үшін қараңыз; Бухари, Әнбия,40; Рикак,26; Муслим, Фәдәил,18-19

[7] Бухари, Тәфсир (9), 12-13.

[8] Халилуллаһ – Аллаһ тағаланың досы

[9] Муслим, Иман, 271.

[10] Қараңыз; Қуртиби, 7/19.

[11] Сәйд Қутуб, Фи зилал, 1/301-302.

[12] Бухари, Әнбия, 11.

[13] Тағрид – астарлы мағынада айту

[14] Бухари, Әнбия, 8-9; Муслим, Иман, 327-328.

[15] Тирмизи, Мәнәкиб, 46; Әбу Дәууд, Әдәб, 84.

[16] Ибн Кәсир, Шәмәйл, 84-85 бет.

[17] Бухари, Әнбия, 8; Муслим, Фәдәил, 154.

[18] Бухари, Әнбия, 9; Муслим, Иман, 327-328.

[19] Нәмруд – Қасиетті кітапта айтылатын, өзін құдай санап, онысын Ибраһиге (а.с.) дәлелдемек болған патша (ауд)

[20] Фәтрәт – Жаратушыдан келген діннің ұмытыла бастаған, екі айғамбар арасындағы өліара кезең

[21] Бухари, Жәнәиз, 81; Мәнәкибу Әнсәр, 40; Муслим, Иман, 309. 388) Рази, Мәфәтихул-Ғайб, 13/37-40.

[22] Рази, Мәфәтихул-Ғайб, 13/37-40.

[23] (Қараңыз: 23/24-68; 37/17-126; 56/48; 26/26; 44/8; 28/36).

[24] Рази, Мәфәтих, 13, 37-40.

[25] Ибраһим, 14/37; Қуртуби, 9/242-243.

[26] Әнбия, 21/69; Қуртуби, 11/200-2001.

[27] Бухари, Иман, 37; Муслим, Иман, 57; Тирмизи, Иман, 4.

[28] Исрайлият: Әһли кітап деректері

[29] Бухари, Әнбия, 19; Мәнәкиб, 13; Муснәд, 2/96, 332.

## ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ КҮНӘДӘН ПӘКТИГІ

Барлық пайғамбарлар күнәсіз. Пайғамбарлардың Төресі Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) болса – ең бейкүнә жан.

Өйткені, Ол – пайғамбарлардың сұлтаны, мырзасы және күллі жаратылыс атаулының мақсаты. Пайғамбарлық жыр-дастанына бір ұйқас қажет болды. Аллаһ тағала ең сүйіктісін сол жырға ғажап ұйқас етіп жаратты. Пайғамбарлық көгінде қалықтайтын қыран құсы жоқ еді. Ол осы көктің қыран құсы болып қалықтады. Әрбір пайғамбар арнайы бір заман мен мекенге жіберілген болатын. Алайда оның жіберілген жері күллі ғалам мен мәңгілік заман болды. Тыңдаушылары – күллі болмыс[1].

Иә, ешбір пайғамбар дәл сол секілді жалпы мағынада ғалам жаратылысының ақиқатын түсіндіре алған емес. Негізі бұл олардың ең басты міндеттері де емес еді. Өйткені, сол замандарда ілім кеңінен дамымаған һәм терең зерттелмеген болатын. Ондай ұлық міндет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) заманында болатын еді. Айтқандай-ақ, болды да. Иә, оның айтқандарының ешбірі шынайы ғылым мен ғылыми жаңалықтарға қайшы келмеді.

Өзге пайғамбарлар – нұр шашқан жұлдыздар. Бірақ, күн шыққанда, жарықтарын жинап, көкіректерінде сақтады. Өйткені, келуші ең үстем күн әрі жаратылысқа себепші болған нұрдың иесі еді.

Бусайри:

«Ол – ерекше бір күн, өзгелері – жұлдыздар.

Жұлдыздар адамдарға жарықтарын түнде ғана көрсете алады», – деп әдемі кестелейді.

Иә, Ардақты елші – ең бейкүнә жан. Сондықтан да оның исмәті барлық күнәсіздерден, абыройы да күллі абыройлылардан жоғары тұрмақ.

Ең адуынды дұшпандары оның абыройы мен исмәтіне кір келтіретін бір ауыз сөз де таба алмаған. Оған бұл жағынан шаң жуыта алмайды. Өйткені, ол абырой рәмізі мен исмәт нұры еді. Ол ардақты нәзіктіктің өзегі ретінде «Мұстафа» жаратылса, қалай оған дақ жұқтыра алады.

Жаулары оған түрлі жала жапты: «жынды» да деді. Задында, ол Хақтың «мәжнүні» еді. Осы жолда ол барын сарп етті. Қалаған жанның қалағанынша алуға мүмкіндігі болды. Осы істің жемісі – жәннат пен Хақ тағаланың дидарын тамашалау еді...

Оған «сиқыршы» деп те жала жапты. Иә, ең қырсық адамдардың өзі оның құзырында күн астындағы мұздай еріп, жүректерінен күллі күпірлік атаулыны күресінге лақтырып тастады. Негізі оған «сиқырланып» өздерін оның жолында құрбан еткендердің саны шексіз еді. Санасыз кәпірлердің «сиқыршы» дегеннен басқа айтар сөз болмады. «Барлық осы пәруаналар сиқыр отын айналада» деп сандырақтап, өздерін жұбатты. Алайда оларды пәруанадай айналдырған иманның күші, кәмілдіктің белгісі һәм әсемдіктің «тартылыс күші» еді.

Оған сәуегей деп жала жапқандар да болды. Ол бір жерде отырып, қияметке дейінгі болатын барлық оқиғалардан хабар берді. Адамдар сол заманға дейін осындай сөздерді әрқашан сәуегейлерден ғана тыңдаған. Алайда, назар аударғандар сөздері жалғанға толы сәуегейлер мен оның ақиқатын оп-оңай ажырата алатын еді[2]. Иә, Пайғамбарымыз болса қашан да туралықты айтып, тек көргендерінен хабар берді.

Егер ол «жынды» болса, (ондайдан Құдай сақтасын! Бұлай дегендердің тіліне шок түссін!) әлемде саналы жан жоқ деген сөз. Өтірік пен сиқырлық тәрізді шындықтан шалғай көзбояушылық оның түсіне де кірмеген. Өйткені, оның түстері де өміріндей ақиқат. Өміріне басқа әлемнен соққан самал оның хабарының бір бөлігін құрайтын[3].

Иә, ақыл мен қисынға сәйкес келмейтін осындай сөздердің бәрін айтқанмен, ешбірі оның исмәті мен абыройына қатысты бір ауыз сөз айтып, жала жабуға батылдары бармады. Өйткені, осыған қатысты айтылған әрбір сөз айтқан адамның өзін масқара қылатын еді. Осыны досы да, дұшпаны да жақсы білген.

Күні бүгінге дейін мыңдаған адам, жүз мыңдаған кітап ол жайлы талай-талай сөз қозғады. Осылардың арасында сол оттың пәруаналары да, жарықтан мазасызданған жарқанаттар да болды. Бірақ, көзқарастары, тіпті діндері әр түрлі осы адамдар бір мәселеде түйісті. Ол Аллаһ елшісінің абыройы мен исмәтін растау мәселесі еді.

Көңілімізбен бірге ар-ождандарымыз да оның мәңгілік отауы. Сол бір отау неткен ұлы отау десеңізші! Өйткені, сол шаңырақта Пайғамбарлар Төресі отыр.

[1] Бухари, Тәйәммум, 1; Муслим, Мәсәжид, 3.

[2] Осы және осыған ұқсас лақаптар үшін қараңыз: Ибн Хишам, Сирә, 1/289-290; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/78 жалғасы.

[3] Бухари, Табир, 3-4; Муслим, Рух, 6-9; Әбу Дәууд, Әдәб, 88; Тирмизи, Рух, 1.

## 1. Құрандағы ескертулерден үзінді

Құран Кәрімде тікелей Пайғамбарымызға арналған ескертулер бар. Осы ескертулер сырттай қарағанда, оның исмәті мен күнәсіздігіне қатысты қате пікір тудыратындай көрініп, кейбір адамдар «қателік жіберілмесе, мұндай ескерту келмес еді» деп ойлауы мүмкін. Алайда осы ескертулер әсте қателік пен күнә жасағаны үшін емес, қайта күнә жасамауы үшін берілген. Пайғамбарымызға кейбір ижтиһаттарында ең жақсысын таңдау қажеттігі ескертілген.

Біз бұлақтың суы тұрғанда, кәдімгі суды ішіп, ескерту алғанымыз тәрізді, пайғамбарлар да кәусар тұрғанда, зәмзәм суды ішудің қателік екендігіне қатысты ескертулер алуы мүмкін. Біз аяғымыз тайып күнәға батқанымыз үшін (Аллаһ сақтасын) ескерту алсақ, олар көктерде қалықтап жүріп, орнын өзгерткені үшін ескерту алады. Сондықтан да қандай да бір пайғамбарды біздің өлшемдерімізге қарай бағалап, ол жайлы баға беруіміз дұрыс емес. Олар – сарайға алынып, Хак құзырына бөленген жандар. Сыртта қалып, баққа да жақындай алмаған адамдармен қалай ғана бір болып, тең таразыланбақ? Сырттағылардың күлім қаққаны да садақа. Іштегінің аздап езу тартқаны да белгі болуы мүмкін. Иә, өлшемдер мүлдем өзгеше. Сондықтан Құран Кәрімде Пайғамбарымызға қатысты ескертулер де осы тұрғыдан бағалауды қажет етеді.

Бұл қандай ескертулер? Пайғамбарымыз мұндай ескертулерді не үшін алған? Енді мәселелерді кезекпен қозғап, ескертудей көрінген осындай сөздердің астарындағы ілтипат пен күнәдай көрінген амалдағы сауап пен ерекшелікті бірге талдайық. Ақырында, оған: «Абырой мен исмәтте де сенің теңдесің жоқ» деп исмәт тұрғысынан пайғамбарлығын жария етейік.

## 2. Құрандағы ескертулер және Бәдір тұтқындары

Бәдір тұтқындарына қатысты мына аят Пайғамбары-мызға ескерту ретінде түскен:

«Ешбір пайғамбарға жер жүзінде жауға өктем келіп, жеңіске жеткенге дейін тұтқын ұстау жараспайды. Сендер дүниенің фәни пайдасын ойлайсыңдар. Аллаһ (сендерге) ақыретті қалайды. Аллаһ өте үстем, аса хикмет иесі. Егер Аллаһтан алдын-ала беріліп қойған үкім болмағанда, (тұтқындардан бодау) алғандарың үшін үлкен азапқа душар болар едіңдер» (Әнфәл, 8/67-69).

Пайғамбар тұтқын ұстай алмайды. Мұндай әрекет өзге пайғамбарларда да болмаған. Егер өзіне дейінгі пайғамбарларда кездеспесе, ол бұндай жағдайда қандай шешім қабылдау керектігін қайдан білмек?!

Пайғамбар ешкімге арқа сүйемей дін-дағуасы мен пікірлері арқылы өзін дәлелдегенге дейін бұлай жасамауы қажет болатын. Яғни тұтқындарды бодау алу арқылы босатып жіберуі керек еді. Керісінше, осы арқылы мұсылмандар күшейіп, мықты мемлекет болу үшін уақытты ұтымды пайдалану арқылы толықтай қуатты күш болуды көздеуі тиіс болатын. Негізі сенің ерекше болмысың да осы мақсатқа қызмет етеді. Өйткені, сенің осы дүниедегі көздеген жалғыз мақсатың дінді үстем ету еді. Айналаңдағыларыңның да ой-пікірлері де осындай. Яғни, сендердің жасағандарың ізгілік іс болса да, негізінде, одан да жақсысы бар. Аллаһ тағала да сендерден осыны талап етуде. Яғни жоғарыдағы аяттың мәні осында еді.

Алдын ала жазылып қойылған жазу мен осы істері үшін оларға азап келмейтініне қатысты тағдырдағы бұйрық болмағанда, мұсылмандар қасіретке душар болуы мүмкін еді.

Хақ елшісі Бәдірде жауларды жайпап, бетін қайтарып, мұсылмандардың рухын бір көтеріп тастады. Бұл олардың жүректеріндегі он бес жылдық өртті сөндіреді. Өйткені, осы он бес жылдың көлемінде кәпірлерден тартпаған азабы мен көрмеген зұлымдығы қалмаған еді. Әуелі ыстық мекені Меккеден айрылып, Мәдинаға келді. Бірақ, бұл да Мекке мүшріктеріне аз көрініп, айыздарын қандырмады. Енді келіп бұлардың жаңа отанына шапқыншылық жасай бастады. Мұсылмандар бәріне де көніп, қайғысын ішке жұтып қарсылық білдірмеді. Бәдірге дейін олар не істеп бақса да, мұсылмандардың бас көтеріп қарсы шығуына тыйым салынған болатын. «Ұрғанға қол көтермей, сөккенге сөз қайтармай, тіпті жүректерін тас-талқан еткендерге де ренжімеу қажет» деп, осы өлшеммен жүрді. Міне, Хақ тағала оларға рұқсат берді (Хаж, 22/39). Бұдан кейін



мұсылмандар да күшпен жауап беретін дәрежеге жетті. Тым құрығанда, өздерін қорғай алатын болды. Бәдір – алғашқы күрес. Мұсылмандар жеңіп, жауларын тұтқынға алады. Сонымен қатар, мұндай оқиға да алғаш рет көрінді. Осы мәселеге қатысты иләһи хабар болмағандықтан, Аллаһ елшісі сахабаларын жинап ақылдасты. Тұтқындардың тағдырына қатысты үкім осы ақылдасудан кейін белгілі болды.

Алдымен өзінің рух халі мен Құран үйреткен көркем мінезіне орай екі әлем Сардары осы тұтқындарға кешірім ету жағында болды. Өйткені, сол күнге дейін Құран Кәрім оған әрқашан: «Сен кеңпейіл бол» (Хижр, 15/85) және «Сен Раббыңның жолына хикмет және көркем насихат арқылы шақыр» (Нахл, 16/125) деп, оны осы жолға бағыттаған еді. Рақымшылдық жасау оның болмысына айналды. Аллаһ елшісі басқаша ойлап, кесіп-піше алмайтын да еді. Өйткені, Құран оған: «Сен ең көркем мінезді адамсың» (Қалам, 68/4) дейді. Әркімнің көркем мінезден алатын нәсібі бар. Ол болса, күллі көркем мінездің мұрагері. Өйткені, Пайғамбарымыз – Аллаһ тағаланың Өзінен тікелей үлгі алып, ең биік шыңға жеткен пайғамбар. Сол мінезді Құраннан үйренді. Осындай көркем мінезге толықтай өкілдік еткен адам – хазірет Мұхаммед алейһиссәләм[1]. Оның кешірімділігі мен рақымшылдығының тереңдігіне қараңызшы! Күндердің бір күнінде сәті келіп Мекке алынғанда, сол күнге дейін өздеріне қастық жасап келген жандарға ол бейне бір шәрбат ұсынғандай: «Бүгін ешкім айыпталмайды» (Жүсіп, 12/92) деп, артынша жалпыға бірдей рақымшылдық жасайды[2].

Пайғамбарымыз қашанда рақымшылдық жағында. Сонымен қатар, осы мәселені сахабаларымен ақылдасады. Алдымен Әбу Бәкірдің (р.а.) пікірін сұрайды. Ол: «Пайғамбарым, бұлар – сенің қауымың, руың, өз халқың. Негізі бұлардың саған да, мұсылмандарға да жасамаған қастандықтары қалмаған. Бірақ сен рақымшылдық жасап, өлтірмей азат етерсің. Сол арқылы олардың тура жолға кірулеріне арқау боларсың. Менің пікірім, міне, осы рақымшылдық жағында», – деп жауап қатады.

Аллаһ елшісі Омардан да (р.а.) пікірін сұрайды. Ол: «Пайғамбарым! Мына қолымызда тұрған тұтқындар – Меккенің беделділері мен бетке ұстарлары. Бұлар өлтірілсе, бұдан былай күпірлік есін жинай алмайды да, қайталап алдымыздан шықпайтын болады. Сондықтан да бұлардың өлтірілуі қажет. Тіпті әрбір мұсылман өз жақындарын өлтірсін. Ақилді Әли (р.а.) өлтірсін. Әбдірахманды әкесі Әбу Бәкір (р.а.) өлтірсін. Пәленше деген туысымды маған бер. Оны өз қолыммен өлтірейін», – деп жауап береді[3].

Аузы дуалы екі досының да ойлары белгілі болды. Сыддық тұтқындарды құнмен босатуды құп көрсе, Фаруқ олардың өлтірілуін жақтады. Аллаһ расулы, алдымен, Әбу Бәкірге (р.а.), содан кейін Омарға (р.а.) былайша тіл қатады: «Ей, Әбу Бәкір! Сен тура атам Ибраһимге (а.с.) ұқсайсың. Оған елі жамандық жасап, тіпті отқа тастады. Алайда, ол Раббысына былай деді: «Раббым! Кімде-кім маған ерсе, ол менің үмбетімнен саналады. Кімде-кім маған қарсы шығып, теріс айналса, Сен Кешірімді әрі Рақымдысың» (Ибраһим, 14/36).

Әрі Исаға (а.с.) да ұқсайсың. Ол елінен көп жапа шекті. Алайда, ол да: «Раббым! Азаптайтын болсаң, олар – Сенің құлдарың. Егер рақымшылдық етсең, Әзіз де, Хаким де Сенсің»(Маида, 5/118)[4].

Бір күні Аллаһ елшісі дәл осы сөздерді қайталап: «Хауыздың басында сол жерге келген бір топ адамның су басынан қуылған түйелердей қуылғанын көріп «Сахабаларым, сахабаларым» деп Аллаһ тағалаға жалбарынамын. Сол кезде маған: «Олардың сен жоқ кезде не бүлдіргендерін білмейсің ғой», – деп айтылады. Мен сонда салиқалы құлың Исаның (а.с.): «Раббым! Егер оларды азаптайтын болсаң, олар – Сенің құлдарың. Егер рақымшылдық етсең, Әзіз де Хаким де Сенсің»[5] деген сөзін қайталаймын.

Әбу Бәкір (р.а.) – Аллаһ елшісінің алғашқы шәкірті әрі досы. Ойы дәл Ақиық елшінің ойымен бір жерден шығады. Осы ұқсастықты шешімдерінен де байқауға болады.

Хақ Пайғамбар Омарды (р.а.) екі үлкен пайғамбарға ұқсатып: «Ей, Омар! Сен де Нұх (а.с.) тәріздісің. Ол: «Раббым, жер бетінде бірде-бір кәпірді тірі қалдырма» (Нұх, 71/26) деген еді.

Сен, сондай-ақ, Мұсаға (а.с.) ұқсайсың. Ол да: «Раббымыз! (Перғауын мен жақтастарының) мал-мүліктерін жермен-жексен ет, өйткені, олар жан қиналатын азап көрмейінше сенбейді»[6](Жүніс, 10/88).

Екі пайғамбар да елі мен Аллаһ тағаланың дұшпандарынан көп қорлық көріп, бәріне де сабыр ете білген еді. Бірақ, олардың күн өткен сайын өшпендіктері артқанын білген кезде екі пайғамбар да Аллаһ тағалаға жоғарыдағы аяттарда айтылғандай жалбарынған. Жаратушы Жаббар Иенің екі үлкен елшісі олардың күпірліктерінен кері қайтпайтынын, тіпті қайтпақ тұрмақ ұрпақтарын да залымдыққа тәрбиелегеніне көздері анық жеткен соң олардың жер бетінен

жоғалуын тілейді. Хақ тағала да әуел баста жазылған тағдыр бойынша қос пайғамбардың дұғасын қабыл қылып, оларды жермен-жексен еткен.

Ақырында, Аллаһ елшісі өзгермеген ұлы мінезіне сай кешірім етеді. «Бұларды тірі қалдырайық. Исламмен танысып, нағыз ғұмырмен қауышсын» деген тоқтамға келеді.

Оқиғаның қалған бөлігін Омардан (р.а.) тыңдайық: Бір шаруаммен Пайғамбардың қасынан кетіп қалдым. Ісімді тындырып қайтып келсем, Аллаһ елшісі мен Әбу Бәкір егіле жылап отыр екен. «Неге жылайсыңдар?» – деп сұрадым. Бірақ, олардың жауап беруге шамалары жоқ. Көздерінен парлап аққан жас беттерін жуып кетіпті. Мен сауалымды қайталап: «Айтыңдаршы, не болып қалды, неге жылайсыңдар?» – дедім. Сол кезде ол екеуі маған «Әнфәл» сүресінің 67-69 аяттарын оқыды. Міне, ескертудей көрінген аяттар осыған қатысты түскен болатын»[7].

Аллаһ тағала оған ижтиһад (ой түйю, үкім шығару) етуге рұқсатын берген еді. Ол осыған орай ижтиһад етіп, істің жақсысын таңдады. Бірақ, Аллаһ тағала ең жақсы құлына жақсыны лайық көрмей, «Саған ең жақсысы ғана жарасады» дейді. Ең жақсысы тұрғанда жақсысын ғана таңдағанды жөн көрмей, оған ескерту жасады. Бұл жерде ешқандай қателік те, күнә да жоқ. Аллаһ елшісі қашан да ең жақсылар арасында жүруші еді. Иә, мәселені осылай түсіну керек. Әрі аталмыш аяттың қалай айтылғанына көңіл аударсақ, Хақ елшісіне жұмсақ һәм жылы ескертілген: «Егер Аллаһтан алдын ала беріліп қойған үкім болмағанда, (тұтқындардан бодау) алғандарың үшін үлкен азапқа душар болар едіңдер» (Әнфәл, 8/67-69). Ендеше, аяттың мағынасына жіті назар аударған жөн. «Егер Аллаһтан алдын ала беріліп қойған үкім болмағанда» сөзі – әу бастан осы үкім беріліп қойған дегенді білдіреді. Осы үкімге орай сендер олжа алып, одан пайдаланасындар. Ендеше, жазмышта жазылған үкім уақыты келгенде, іске асқан.

Аллаһ тағала олжа мен тұтқындарды (тұтқындар да олжаға жатады) ижтиһаттан кейін де харам етпейтін еді. Бірақ, барлығы сынақ деңгейінде жүзеге асып жатты. Адам атаның (а.с.) басынан кешкеніндей кейіннен болатын уақиға уақытынан бұрын жүзеге асып, «өте жақсының» орнына «жақсы» таңдалған. Негізі Бәдірден кейін онсыз да осылай болатын еді. Шамасы, басқа бір аяттағы мына үкім де осы пікірді нықтай түседі: «Соғыста кәпірлермен кездессеңдер, оларды жеңгенге дейін мойындарын шабыңдар. Сонда берік байлаңдар (тұтқынға алыңдар) да сосын қамқорлық жасаңдар (қоя беріңдер). Немесе бодау алыңдар. Соғыс құралдарын қойғанға дейін (сөйтіңдер). Егер Аллаһ тағала қаласа, олардан өш алар еді. Бірақ

бірінді-бірін арқылы сынау үшін. Сондай Аллаһ жолында өлтірілгендер болса, Аллаһ тағала олардың амалдарын зая етпейді» (Мұхаммед, 47/4). Бейне бір Пайғамбарымыз сол сәтте Аллаһ тағаланың кейіннен білдіретін осы үкімін сезгендей екен. Бірақ, осы үкім кейіннен берілетін болғандықтан оны алдын ала жүзеге асырған абзал болса, ал оны күту – мұнан да абзал болмақ.

Сондай-ақ, Пайғамбарымыз өзгелерге емес, тек өзіне ғана берілген бес нәрсені санағанда, олардың бірі ретінде соғыс олжасының да адал екендігін айтады[8]. Бәдірге дейін және бұрынғы өткен пайғамбарларға да адал саналмаған соғыс олжасы сол күні мұсылмандарға адал деген үкім шығады. Дәл осы істің басы-қасында жүрген Пайғамбарымызға сырттай сөгіс тәрізді көрінген осындай ескерту келген. Бұдан басқа Хақ пайғамбардың ижтиһадына қатысты келуі де назар аударарлық мәселе. Жақсы үкімді де, өте жақсы үкімді де таңдау сауап болатын мұндай шешімде тікелей Хақ тағаланың аясында тәлім-тәрбие алған Аллаһ елшісі бұдан өзге үкім де бере алмайтын еді. Айтқандай-ақ, осыдан кейін келген үкім де оның осы ойына сай келген болатын.

Соғыстан түскен олжаның адал екендігі аят пен хадисте айтылған. Сондай-ақ, бұл бар ынта-ықыласымен Аллаһ жолында күресуге де ешқандай кедергі емес. Жауды жеңген соң олардың дүние-мүліктерін кәдеге жарату арқылы дұшпанды әлсіретіп, мұсылмандарды күшейтуде қандай әбестік бар. Бір жағынан, олжа Хақты толық тани қоймаған адамдар үшін ынталандыру болмақ. Бірақ, ешкім олжаны алуға мәжбүр де емес. Тіпті кез келгені Амр ибн Ас (а.с.) тәрізді: «Мен олжа алу үшін мұсылман болмадым»[9] деуі де мүмкін. Бірақ, жұрттың барлығын да осындай деуге және болмайды.

Осы тақырыпты қортындылағанда, Адамның (а.с.) тыйым салынған жеміске қол созу мәселесінде айтылған бір ерекшелікті тағы бір еске салсақ. Хақ тағала болашақта адал ететін тыйым салынған жеміс арқылы Адамды (а.с.) сынаған. Шамасы, соғыстан түскен олжа мәселесінде де осындай жағдай орын алған. Болашақта адал болатын олжа Бәдірден кейін сынақ құралына айналған еді, бірақ, артынша негізгі үкімдер білдірілген болатын. Осы жерде негізгі үкімге сай қарекет еткендіктен, бұл жерде ешқандай күнә жоқ. Тек адам болмысындағы дүниеге деген құмарлықтың қатеріне назар аударып, осыған тосқауыл қоюдың қажеттілігін білдірген.

Негізінде, мұндағы дәріс пен ескерту барлық мұсылмандарға қатысты. Аллаһ елшісіне келсек, оның өмірінде дүниеге деген құмарлығы болмаған. Ескерту дүниені қаламайтын Аллаһ елшісіне айтылып, үмбетіне ғибрат болды. Яғни,

мұсылмандар дәріс алып һәм мұнаймасын деп «қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» дегендей сөз Аллаһ елшісіне айтылған. Осындағы иләһи тәрбие тәсілінде бір адамға насихат айтқанда, қаншалықты сақтық таныту қажеттілігін де көрсетеді.

### **Тәбук уақиғасы**

Тәбук – сарбаздар соғысқа толық дайындалып шыққанымен, ұрыс болмаған жорық. Бұл Византияға қарсы жасалған арнайы жорық тактикасы болатын. Тәбукте қызу шайқас болады деген оймен Аллаһ елшісі мұсылмандарды ашық түрде соғысқа жаппай шақырып, жолға шығады. Алайда кей кісілер бара алмайтын себептерін айтып, соғысқа қатыспауға рұқсат сұрайды. Өз елші рұқсатын берді. Міне, Хақ пайғамбарға сырттай сөгістей көрінген аяттардың екіншісі осыған қатысты түсті. Аят былайша: «Аллаһ сені кешірсін, пайғамбар. Саған шын айтқандар анықталып, өтірікшілерді білмейінше, оларға неге рұқсат бердің?» (Тәубә, 9/43). Осы аяттағы бірінші сөйлемді «Аллаһ сені кешірсін» мағынасында түсінетін болсақ, ол күнәға жол бергендей сезілуі мүмкін. Бұл аудармалық мағынасында өте тұрпайы естіледі. Осы сөйлемді «кешірілгір», «кешірім алғыр» деп аударатын болсақ, Пайғамбарымызға қатысты аяттың шынайы өңін ашуға ептеп жақындайды.

Әуелі, Хақ тағаланың аятты осы сөйлеммен бастауы оған арнайы көңіл бөліп қарағандығын білдіреді. Екіншісі, ескерту білдірілетін сөйлем кейінге қалдырылған. Осылайша аяттағы сөйлем жылы шыраймен көмкерілген. Замахшариден[10] Сәккәкиге[11] дейін барлық сөз өнерінің ұсталары осы аятты Аллаһ тағаланың Пайғамбарымызға деген ескертуі емес, керісінше, бір ілтипаты деп түсіндірген[12].

Қандай да бір әке өз баласын еркелетіп, құлағын тартқанда, ауыртып алмайын деп абайлайды. Тіпті, баласы осы қылығын басқаша түсініп қалмасын деп оған күлімдеп қарайды. Мұнда да мейірім аясында ескертудей көрінген бір ілтипат бар. Бұл әсте Пайғамбарымызға берілген сөгіс емес.

Шамасы, осы аятта Аллаһ елшісіне мына мәселелер ескертілсе керек:

Келушілер рұқсат алып кетті. Сен болсаң, оларға ләм-мим демедің. Сол рұқсат сұрағандардың арасында мұнафықтардың да бар екендігін жақсы білесің. Бұлар – сырттай мұсылман болып көрінсе де, іштей барлық пәлекет пен жамандық ойлап жүргендер. Оларға неге рұқсат бердің? Сен рұқсат бермегеніңде, саған берілген жандар мен сөздерінде тұрмайтын, табанының бүрі жоқ һәм көкіректері қиянатқа толған мұнафықтардың арасы ашылып, олардың шынайы жүзін көретін едің. Сен



де сол кезде мұнафықтардың кім екендіктерін жақсы білетін едің. Сенің өзің «Мұнафық сөйлегенде, жалған сөйлейді, уағда еткенде сөзінде тұрмайды, өзіне аманат берілсе қиянат жасайды»[13] дегеніндей, олардың белгілері айқын еді. Сен осылайша жеке-жеке олардың кім екендіктерін жақсы білер едің. Пайғамбар оларды онсыз да білетін еді. Бірақ, рақымшылдығы мұндай істің түйінін шешуді сәл кешіктірді.

Осы сөздерде ескерту ғана бар. Әсте сөгіс жоқ. Сөгістің болуы былай тұрсын, қастерлеу сезіліп тұр. Осы жерде Аллаһ елшісін ең жақсысын таңдауға итермелегендігі көрініп тұр. Өйткені оған қашанда ең әдемісі жарасады.

Замахшари «кешірім жайлы айтылған жерде күнә да бар» дейді[14]. Бірақ, Фахруддин Рази мұндай жорамалды құп көрмей, «Біз үшін кешірімділік айтылған жерде күнәнің болуы мүмкін, бірақ пайғамбарларға кешірімділік тек ілтипат үшін айтылады»[15], – дейді. Ендеше, осы аят бастан-аяқ Пайғамбарымызға қатысты ілтипатқа толы.

Жоғарыда айтылғандай, Пайғамбарымыз ағзам фәтәнәтқа ие. Істің қалай жүзеге асатындығын, не істеу қажеттілігін өте жақсы білетін. Осы жерде де сол фәтәнәтына сай бір әдіс берілген. Ол: мұнафықтар мұсылмандардан іргесін ажыратып алғанға дейін рұқсат берілмеу қажет еді. Сонда мұнафықтар рұқсат алып, өздерін жасырып қала алмайтын еді. Өйткені, Аллаһ елшісі оларға рұқсат бермегенде, олар бәрібір соғысқа қатыспайды да, өздерін айқын танытады. Хақ тағаланың қалауы осы бағытта болды. Пайғамбарымыздан да талап етілген бағыт осы еді. Негізі Хақ тағала елшісіне мұнафықтарды білдіріп, Хабибіне барлық нәрсені хабарлап тұрды. Оларды осылай әшкерелеу мұсылмандар үшін әлдеқайда пайдалы.

Міне, Құранға қарай Аллаһ елшісі рұқсат беру арқылы мұндай мүмкіндікті жіберіп алды.

Негізі бұл Пайғамбарымыздың түпкі адамгершілігінің көрінісі еді. Мысалы, ол өмірінде ешқашан қатты кетпеген. Жеке адамның қателіктерін бетіне айтпаған. Адамның есімін атамай, ел алдында мысалдар келтіре отырып алыстан орағытып, жанамалап, жалпылама білдірген. Сонда кінәлі адамдар да өз қателіктерін іштей түсініп, бетіне басып айтпағандықтан, оған ренжімеген. Пайғамбарымыз олардың жанын жаралап алмауды көздеп, ишаралап жеткізген. Әсіресе, ол білуін білсе де, адамның кемшілігін бетіне басып айтып, жерге қаратуды қаламады. Мысалы, Аллаһ елшісі барлық мұнафықтар мен оларға басшылықта кімдердің жүргенін өте



жақсы білетін. Бірақ, мұны ешқашан елге әшкерелемеген. Әшкерелеу былай тұрсын, оларға да мұсылмандар сияқты қарайтын. Тіпті, мұнафықтардың бірі келіп, пұшайман болғандығын айтады. Артынша мұнафықтығынан із де қалмай, ықыласты мұсылманға айналды. Өз пұшаймандығын айтқан ол, Аллаһ елшісіне: «Пайғамбарым! Мен тәрізді қаншама адамдар бар. Шақырайын, олар да шынайы иман келтірсін!» дегенде, екі әлем Сардары өз мінезінен жаңылмай: «Жо-жоқ, олай жасама! Менің оларды білгенімді айтпа! Бірақ сен айтылуы тиіс нәрселерді айттың», - дейді.

Иә, ол ешкімнің бетіне басып айтып, оларды жерге қаратпаған. Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлүл Пайғамбарымыздың ең адуынды дұшпаны еді. Бірақ, амал нешік, ол ел арасында мұсылман болып көрініп жүрді. Аллаһ елшісіне де өзін солай көрсетуге барын салды. Ақиық елші ақырына дейін ол бір күні шынайы мұсылман болар деген үмітін үзбеді. Бірақ, Аллаһ оның һидаяттан нәсібін үзгендіктен, ол мұнафық болып өлетін болды. Ақтық сәтінде де мұнафықтығын жасырып қалу үшін Аллаһ елшісіне ұлын жіберіп, одан көйлегін сұраттырады. Мақсаты ел-жұртқа «егер мұнафық болса, Хақ пайғамбар оған көйлегін бермейді» дегізу еді. Рақым Пайғамбар мұны да бәрінен де жақсы білетін. Осыған қарамастан, көйлегін шешіп берді[16]. Жаназа намазына да қатысты[17]. Өйткені оның ұлы да, қызы да иман жүзді мұсылмандар болатын. Аллаһ елшісі солар үшін мұнафық әкелерінің барлық іс-әрекетіне төзімділік танытты.

Осы тақырыпқа қатысты ой сала кету мақсатымен мынадай шағын мысалды да айта кетуді жөн көріп отырмыз: Сахабалардың бірі құлын сататын болды. Бірақ, қамқоршылық құқының өзінде қалғанын қалады. Алайда Исламда қамқорлық құқы құлды азат еткен адамға тиесілі болатын. Діннің үкіміне қарсы амал ету күнә еді. Шамасы, құлын сатпақ болған сахаба дін үкімінің басқаша екендігін білмеген. Бұл оқиға Пайғамбарымызға баян етіледі. Аллаһ елшісі бұл жолы да тікелей айтпай, мінберге шығып, барша халыққа діннің осыған қатысты үкімін жария етіп: «Қамқоршы – азат етуші ғана болады», – дейді[18].

Аллаһ елшісінің кеңпейілдігіне қатысты осы секілді мың-сан мысалдарды келтіруге болады.

Алдында айтылып кеткен рұқсат мәселесінде де Хақ пайғамбардың осы кеңпейіл мінезі басымдық танытқан еді. Ол ат құйрығын үзіспеу мақсатымен, өзінен рұқсат сұрағандардың ішкі ниеттерін беттеріне айтпай, бәріне де рұқсат береді. Иә, оның пейілі тым кең еді. Ол: «Біз Сенің көкірегіңді ашып, рухыңды кеңейтпедік пе?» (Инширах, 94/1) сырына ие пайғамбар еді. Пайғамбарымыз олардың жалған

сөздерін елемей, пайғамбарға тән мінезін көрсетіп жатты[19]. Иә, ол мәртебесінің биіктігін Құран, Тәурат, Інжіл бір-бірімен жарыса жария еткен неткен ұлы пайғамбар десеңізші?!

### «Абәсә» сүресі

«Абәсә» сүресі алғаш қарағанда, Пайғамбарымызға жасалған ескерту не оған берілген сөгістей көрінеді. Бұл тақырыпты қозғағанда, алдымен осы сүренің түсуіне себеп болған оқиғаны жеткізейік. Сосын аяттардың мағыналарына назар аударып, Пайғамбарымыздың бейкүнәлігіне көлеңке түсірген осы тақырыпқа қатысты оқиғаларды талдап, Аллаһ елшісінің күнәдан пәктігінің күн тәрізді айқын екендігін көрсетуге тырысайық.

Ақиық елші Утбә мен Әбу Жәһил сияқты құрайыштың үлкендеріне дінді насихаттап отырған кезде, көз-көрмейтін Абдуллаһ ибн Умми Мәктум (р.а.) ішке енді де, Аллаһ расулының сөзіне килігіп: «Пайғамбарым, маған дінді үйрет», – дейді. Ол осы сөзін бірнеше мәрте қайталағанда, Хақ пайғамбар қабағын шытып, жүзін басқа жаққа бұрады. Сөйтті де әңгімесін ары қарай жалғастыра береді. Міне, осы жағдай «Абәсә» сүресінің түсуіне себеп болды.

Егер келген адам көр болмағанда, Аллаһ елшісі осы қылығы үшін ескерту алмайтын еді. Келген адамның көзі көр болғандықтан, Пайғамбарымыздың кеңпейілділік танытуы қажет еді. Қабағын шытып, жүзін басқа жаққа бұрғаны ескертуге себеп болды. Жалпылай қарау арқылы кейбір адамдардың түйген тұжырымы – осы. Тереңірек талдайтын болсақ, пышақтың екі жүзі болатыны секілді мың-сан қыры бар ақиқаттың басқа жағын да көруге болады. Сонда әлгі тұжырымның қаншалықты асығыс берілгендігі аңғарылады.

Жоғары лауазымды кісілердің алдына барғанда, әдептілік сақтағанымыз секілді Аллаһ елшісінің құзырына жай бір адамның алдына кіргендей баса-көктеп кіре салуға да болмайды. Құран Кәрім көптеген аяттарында Пайғамбарымыздың алдына қалай кіріп, қалай отыру керектігін (Ахзаб, 33/53; Нұр, 24/58), дауыс бәсеңдігіне дейін (Хұжырат, 49/2-3), т.б. білдіру арқылы осы тәрізді әдептіліктерді мұсылмандарға тікелей Хақ тағаланың өзі үйреткен.

Хақ тағаланың алдында әдептілік сақтау керек. Намаз оқыған жанның алдынан кесіп өтпеу – осының бір көрінісі. Бір мұсылман Хақ тағаланың құзырында намазға тұрғанда, өзге бір адам оның алдын кесіп өтуге тырысса, ханафи мәзһәбы бойынша намаздағы адам оған ескерту жасауы қажет. Малики мәзһәбы бойынша

тікелей әлгі адамға тосқауыл жасау қажет. Тіпті адам қайталап өте берсе, көкірегінен қағып жіберсе де болады[20].

Өйткені намаз оқыған адам – сұлтандардың Сұлтанының құзырында тұрып, Жаратушымен тілдесуде деген сөз. Әңгімелесіп отырған екі кісінің сөзін бөлу – қаншалықты әдепсіздік болса, намаз оқып тұрған адамның алдын кесіп өтудің қандай әдепсіздік екендігін шамалай беріңіз? Сондықтан да Пайғамбарымыз: «Егер намаз оқыған адамның алдын кескен адам қандай күнә жасағанын білсе, қырық жыл бойы күтсе де, әлгі адамның алдынан кесіп өтпес еді»[21], – дейді. Хақ тағаланың құзырында тұрудың өзіне тән әдептілігі мен қағидалары болса, елшісінің құзырына кірудің де өзіне тән ұстанымдары бар.

Пайғамбарымыз сол сәтте не істеп жатыр еді? Жүректері мұз болып қатқан адамдардың ар-ождандарына өзінің жан сарайынан сарқырап аққан кәусарларды құйып жатты. Ол адамдардың тура жолға түсуі үшін жанын пида етуге бар. Құранда осыған қатысты ол жайлы айтылғанда, «өзін өлтіру» (Кәһф, 18/6; Шұғара, 26/3) сөз тіркесі келтірілген. Иә, ол иманнан мақұрым адамды көргенде жан тәсілім етіп жатқан адамдай қиналған. Ол дәл осылайша ынты-шынтысымен беріліп айтып жатқанда, біреу келіп, сөзін бөліп, көңілін алаңдатады. Негізі оған келген адамның бір себебі болды. Өйткені оның көздері көрмейтін. Алайда Аллаһ елшісі қабағын шытып, жүзін басқа жаққа бұрған болса, оның, ең аз дегенде, он себебі болды. Ендеше, мұндай жағдайдағы оның іс-қимылын қателікке санау (пайғамбарды жамандамақ болғандарды айтамыз) – қателіктің нағыз өзі.

Оқиға осылай болса, шешімі мен жауабы – осы. Алайда Бухари, Муслим, Ибн Мәжә, Әбу Дәууд, Тирмизи, Нәсәи, Ахмәд ибн Ханбәлдің «Муснәді», Хакимнің «Мустәдрәкі» тәрізді хадис деректерінде осы оқиға тәпсірде айтылғандай жазылмаған. Тәпсірлерде сөз болатын қаһармандардың бірі – Пайғамбарымыз, екіншісі – Ибн Мәктум (р.а.) және екі адам бар: Әбу Жәһіл мен Утбә. Алайда нағыз тәпсіршілер Пайғамбарымызға келген адамның кім екендігі жайлы бірнеше адамдардың атын атаған. Тіпті, келген адамның көзі көр ме, әлде ауыспалы түрде айтылған ба? Бұл да белгісіз. Ендеше, осы тақырыпта жан-жақты ойлану қажет.

Ибн Мәктумнен (р.а.) басқа жеті адамның аттары да аталған. Ибн Мәктумнің (р.а.) бұл жерде өзгелерден басым түсетіндей қандай да бір дәлел жоқ. Тіпті, осы атақты сахаба Исламға алғаш кірушілердің бірі болған. Пайғамбарымыз оны екі рет Мәдинада өз орнына уәкіл етіп қалдырған. Кейін, шамасы, Қадисияда шейіт болған[22]. Негізі Хадиша анамыздың (р.анһа) жағынан Аллаһ елшісіне жақындығы да бар. Иә, Ибн Мәктум – Хадиша анамыздың (р.анһа) немере ағасының баласы. Осы тұрғыдан алғанда, оның сол жерде бөтен болатындай

ешбір орны жоқ. Көзі көрмегендігіне карамастан, Аллаһ елшісіне өкіл болғандығына қарағанда, жоғары парасатты адам. Сондықтан да, жоғарыда айтылғандардың соңында тұратын адам.

Кім білсін, бәлкім көзі көр адам мұнафық шығар. Аллаһ расулы да оның мұнафықтығын білген болуы мүмкін. Дінге шақырғанына немқұрайдылықпен қарап қана қоймай, сөзін бөле бергені үшін Хақ елші оған қабағын шытып, жүзін бұрған шығар. Ендеше, бұл – қалыпты жағдай. Мұнда ешқандай сөкеттік жоқ. Бірақ, осылайша топшылағанымызбен, оқиғаның қалай өрбігенін нақты айта алмаймыз. Басқаша да болуы мүмкін. Бірақ, уақиғаның қаһарманы болған Ибн Мәктүмді (р.а.) «келген көзі көр адам – осы» дейтін көзқарас біздің мына жорамалымыздан да әлсіз қисынға құрылған. Олай болатын болса, екі көзқарасқа объективті қарау керек.

Осы арада назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе мынау:

Кейбір тәпсіршілер «әбәсә уә тәуәллә» сөзі Пайғамбарымызды емес, Уәлид ибн Муғираға қатысты дейді. «Әбәсә» етістігі Құран Кәрімде екі жерде кездеседі. Біреуі – осы сүредегі «әбәсә» етістігі. Екіншісі – «Муддәссир» сүресінде кездескен «әбәсә» етістігі. Енді ойлап қараңыздар: Құран Кәрім осы сөзді «Муддәссир» сүресінде бір имансыз үшін пайдаланған. Мейлі ол имансыз Уәлид ибн Муғира болсын, мейлі басқасы болсын, айырмашылығы шамалы (Аққад «Муддәссир» сүресінде айтылған осы адамның Уәлид еместігін айтады). Өйткені аятта оған «Зәним» деп айтылған. Бұл «беделі төмен» деген мағынаны білдіреді. Алайда Халидтің әкесі кәпір саналғанымен, ақсүйек болатын. Сол жердегі адамды Уәлид дей қоятындай сүннетте де дерек жоқ.

«Қабағын шытты, тыржитты» тәрізді сөз тіркестері Құранда бір жерде кәпір үшін берілген (Муддәссир, 74/22). Ендеше, басқа бір аятта Аллаһ расулы үшін қалайша қолданылады? Аллаһтың елшісінің қашан да жүзінен нұр арылмаған.

«Тәуәллә» етістігі үшін де жағдай осылай. Құранда осы сөз Перғауын үшін де қолданылған (Таһа, 20/60). Негізі бұл етістік көбіне тек Перғауын үшін қолданылмаған. Бір анығы, Құранның осы тәсілі перғауындар үшін қолданылған[23].

Ендеше, Құран қалай ғана осы сөзді Хабибуллаһ үшін қолданбақ? Кәпірге кигізген қалпақты Пайғамбарымызға қалай кигізбек?

Осы көзқарасқа тоқтасақ, әдептілік шеңберінен аттаған – Пайғамбарымыз емес, көзі мән-мағынаны білмейтін көр болған кәпір. Көр адамдай келіп, Пайғамбарымызға қабағын шытып, артынша шығып кеткен. Ағзам пайғамбарлардың күнәдан пәктігін ескерсек, осылай да топшылауға болады.

Негізінде, дерек тұрғысынан осы пікірді қуаттайтын бірде-бір риуаят (дерек) кездеспейді. Десек те, қисынға сай келетіндіктен бұл топшылауды да жоққа шығара алмаймыз.

Біздің осы талдаудағы мақсатымыз – аяттың түсуіне қатысты себептерді алға тарту арқылы аяттарға немқұрайдылықпен қарап, Пайғамбарымыздың күнәдән пәктігіне нұқсан келтірмек болғандарға айқын жауап беріп, пайғамбарлардың Аллаһ тағаланың кепілдігінде екендігін тағы да бір паш ету. Болмаса, иман келтірген жандар Екі әлем Сардарының Аллаһ тағала алдындағы қадір-қасиетін өте жақсы біледі.

Иә, ол ерекше адам болатын. Аллаһ уахи етті, ол да осы иләһи хабарды алып, тәблиғ етті. Олай болса, оның осы ерекшелігі мен сенімділігін, күнәдән пәктігін Хақ тағала үнемі қорғады. Оны қорғау – мойнымыздағы борыш. Бірнеше мәрте қайталап айтуымыздың себебі де осы. Адамзаттың ардақ тұтар Тұлғасын жай бір адам етіп көрсетіп, сынағысы, сынау арқылы қаралағысы келетін сыртта да, ішімізде де ашық яки құпиялай жүрген небір адамдар бар.

Оның исмәті мен абыройын өз ар-намысымыз бен абыройымыздан жоғары қойып, қорғаштап отыруымыз міндетті. Бірақ күш-қуатымыздың да шектеулі екендігін де білеміз. Иә, кешеден бүгінге дейін Пайғамбарымыздың төңірегінде дау шығаруға тырысқан дін дұшпандары мен әдейі яки білмей оларға көмектескен адамдармен күресуге мүмкіндіктеріміз жеткілікті емес. Негізі ниеті бұзықтардың сауалдары мен жүректерге еккен күмән күдіктерінің бәріне жеке-жеке жауап бере алмаймыз. Асылында, бұл шарт емес. Үлкендеріміз осыған қатысты нақылдап: «Әр үргенге бір тас лақтырсам, жер бетінде ешқандай тас қалмас еді» деп өте жақсы айтқан.

Осы жерде тағы бір маңызды мәселені қайтадан еске салмай, өте алмаймыз.

Пайғамбарымыздың болашаққа қатысты айтқан сөздерінде мынадай хабар бар: «Ақырзаманда бір түтін шығады. Осы түтін кәпірлерді өлтіріп, мұсылмандарды да тұмауға ұшыратады»[24] дейді. Яғни, ақиқатты мойындағысы келмеген атеистік философия құдайын танымайтындарды рухани тұрғыдан өлтірді. Мұсылмандар арасында да күмән тудырды. Бүгін қолына бет орамалын алып, мұрнын қайта-қайта сүртіп жүргендердің халі, міне, осындай...

Араб тілі мен тіл заңдылықтарын терең білмегендіктен, осы надандықтарын бүркемелеуге тырысқандар «бізге Құранның аудармалық мәтіні жетеді, хадистің



қандай қажеті бар!» деп сандырақтап жүрген замандастарымыздың халін, одан артық қалай суреттеуге болады. Бұл жеңіл мәселе емес. Әбу Жәһил, Утбә, Шәйбәлармен басталып, еуропалық шығыстанушылармен жалғасып, Гольдциерлер[25] арқылы ғылымға айналдырылған, Вольтерлер[26] арқылы пьесаға айналдырылған, күшейтілген осы күпірлік сценарийін өз әлемдерінде әзірлеп, арамыздағы кейбір жандайшаптардың қолымен іске асыруға тырысуда. Не надандығынан яки мансап құмарлығымен немесе қолдарына ұстатқан бес теңгелік олжа арқылы оларға «ойнаңдар» деуде. Олар болса берілген жарлықты орындау үшін жаман кейіпкердің рөлін сомдауда. «Бізге Құран жетеді. Бәрін де аудармамен шеше аламыз. Араб тілінің не қажеті бар? Аударма оқып-ақ мүжтәһид болуға болады». Осындай сөздер арнайы әзірленген басқа да үлкен сценарийдің бір-екі көрінісі ғана. Осы арқылы имансыздық әлемі тәжірибе жасауда. Оңтайлы сәт тапқан кездерінде (иншаллаһ, таба алмасын) айтқан сөздері мұнымен ғана шектеліп қалмайды.

Осы тұрғыдан алғанда, сахабалардың Пайғамбарымызға көрсеткен құрметін қайта жаңғыртуға өзге замандарға қарағанда қазір әлдеқайда мұқтажбыз. Мұқтаж болған соң да осы мәселені санамызға терең сіңіріп, ажырамас мінезімізге айналдыру үшін Аллаһ елшісінің исмәт пен сенімділігіне зәредей күмәнмен қарамайтындай өте жақсы білуге тиіспіз.

Сахабалар: «Біз Аллаһ елшісін тыңдаған кезде, басымызға құс қонып, оны үркітіп алмауға тырысып, демімізді ішімізге тартып, өте мұқият тыңдайтын едік»[27] дейді. Әбу Бәкір (р.а.) мен Омар (р.а.) Аллаһ елшісімен асқан байыптылықпен тілдескен. Өйткені олар уахиден қуатталған Пайғамбардың құзырында отырғандарын терең ұғына білген. Оны тыңдау Ұлы Жаратушыны тыңдағанмен бірдей. Өйткені Жаратушыдан келген уахи әуелі Аллаһ елшісінің кіршіксіз таза ар-ожданы мен түп-тұнық көңіліне қонып, сол күйінде еш өзгермей халыққа жететін. Сондықтан танитындар оның құзырында үнсіз ғана айтқандарына құлақ қоятын. Сөз Сұлтанының жанында айтылған орынсыз сөздер – кім айтса да, мәні жоқ сөздер. Біз де ақиқатты сахабалардай ұққанда, солар секілді оның ғажап сөздеріне құлақ қоюмен боламыз. Сонда ғана ғасырымыздың дертіне дауа таба аламыз.

Оның сөздеріне әдепсіздікпен қарап, сүннетті жоққа шығару күпірлікке жол салғанмен бірдей. Сол көпірдің үстінде жүруді дағдыға айналдырғандар ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір күні хазірет Мұхаммед алейһиссәләмнің әлемінен қол үзіп, Әбу Жәһилдерге барып қосылады.



Мұндай күмәнді ойлардан арылып, қауіпсіздік шарасын қарастырудың жолы – Аллаһ елшісін жан-жақты тани білу. Оның ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – күнәдан пәктігі. Дін оның күнәдан пәктігімен тұтас бірігіп кеткен. Одан саңылау іздеу дінде орны толмас ең үлкен бүлікке жол ашады.

### **Сақифтіктердің ұсынысы**

Пайғамбарымызға сөгістей көрінген басқа бір аят: «Олар саған уахи еткенімізді тастатқызып, оның орнына жалған бір сөз құрастырып, Бізге жала жапқызуды ойау-да. Осылайша өздеріне сені дос тұтатындай. Егер біз сенің жігеріңді жанымасак (Егер сен Біз қорғап, қолдаған пайғамбар болмағаныңда), әрине, оларға бір табан болса да, жақындар едің. Мұндай жағдай орын алатын болса, саған тіршілікте де, қайтыс болғаннан кейін де, әлбетте, еселеп азап таттырар едік. Сосын бізге қарсы өзіңе жәрдемші таба алмас едің» деп келеді (Исра, 17/73-75).

Сакиф руы одан өздерінің мұсылман болғандарын бұлдап, қайтарымы ретінде өздеріне ерекше жағдай жасауын талап етті. Бұлар Аллаһ расулына мұсылман боламыз, бірақ кейбір парыздарды бізден алып таста деген талаптарын қояды. Оларда «егер басқалар: «сіздерге мұндай артықшылық қайдан берілді?» деп сұрай қалғанда Аллаһ елшісі: «Раббым, маған осылай жарлық берді» деп айтады деген балаша ойлары болды[28]. Аяттар олардың осы жағдайлары мен Пайғамбардың айқын ұстанымын білдіреді. Бұл аяттарда да Пайғамбарымыздың күнәдән пәктігіне көлеңке түсіретін бір ауыз сөз жоқ.

Олар Аллаһ елшісін айтқанымызға көндіріп, айдағанымызға жүргіземіз деп ойлады. Уахи мен пайғамбарлықтың не екенін білмеген осы надандар өздерінің тар түсініктері бойынша «адамдардың тура жолға түсуін жан-тәнімен қалаған адамның біздің Исламды қабылдаймыз деген ұсынымызға да «жоқ» демей, тура жолға түсетініміз үшін біздің мойнымыздан кейбір жауапкершіліктерді алып тастайды» деп ойлады.

Бұл өздеріне тән пікір еді. Хақ пайғамбарға келсек, ақылы тұрмақ оның қиялында да мұндай нәрсенің қылт етуі мүмкін емес. Дін – біртұтас дүние. Оны бөлшектеп, өз қалауымызға сай өңін айналдырып алатын болсақ, оған дін деп қарау да мүмкін емес. Ақиық елші пайғамбарлықтың алғаш күнінде өзін тыңдағандарға не айтса, өмірінің ақырғы сәттерінде де сол сөзді айтты. Ол – туралықты берік ұстанған адам. Ислам да негізі адамды туралыққа бастау үшін келген. Онда бір-біріне қарама-қарсы үкімдердің болуы мүмкін емес. Мұндай пікірдің шынайы ілімге қиысатын тұсы жоқ.

Мұндай ұсынысты Пайғамбарымыз тұрмақ Әбу Бәкір (р.а.) де қабылдамай тастаған. Діннен шығу (иртидат) оқиғаларында «намаз оқимыз, бірақ зекет бермейміз» дегендерге соғыс жариялаған[29]. Ендеше, осы аятта Пайғамбарымыз қателесті дейтіндей ешқандай сөз жоқ. Аятта айтылған жайт – кейбір ақылы келте адамдардың Аллаһ елшісіне ешқандай қатысы жоқ пікірлері мен қиялдары. Пайғамбарымыз олардың мұндай ойларынан ада һәм пәк.

Екінші аятта: «Егер Біз сені асқақ таулар тәрізді мықтамағанда, иә дәл таулардай ақиқатқа қазық болып қағылмағанда, аз да болса оларды мақұлдар едің» (Исра, 17/74) делінеді.

Айтылған осы сөзді Пайғамбарымыздың ұлылығын көрсету үшін пайдалануымыз керек.

Егер ол пайғамбар емес, қатардағы идеалистердің бірі болғанда, қол астына кіруді қалаған осы адамдарды өзіне қарату үшін олардың шартын орындап, ойларына көз жұма қарауы мүмкін еді. Өйткені, адам жаратылысының осындай осал тұстары болады. Бірақ, Аллаһ елшісі – күллі осалдық пен пенделіктерден қорғалған пайғамбар. Адамдарды өзіне емес, Аллаһ тағаланың дініне тартуға тырысуда. Дінді тұтастай қабылдамаған адамды Хақ пайғамбар не үшін қабылдап, сол үшін діннің үкімін өзгертсін? Ол тек Хақ тағаланың әмірі мен тыйымдарын жеткізуші елші ғана. Үкімді шығарушы, әмір мен тыйымдарды қоюшы – тікелей Аллаһ тағаланың өзі.

«Оларды мақұлдауың мүмкін еді» сөзінен де төмендегідей мағынаны пайымдауға болады:

Егер Біз сенің барлық іс-әрекеттеріңді уахи арқылы бақылауға алмағанда, сен де өзгелердей дінді тәблиғ етуде ақыл мен қисын жолын таңдағаныңда, сенің де «Мен бұларды мақұлдай тұрайын, сосын оларды біртіндеп дінге бойларын жылытып, толық мұсылман болуларына жағдай жасайын» деп ойлауың бек мүмкін еді.

Иә, сенің санаңда мұндай ойдың ұшқыны да болмады. Бірақ, мұндай ойға Біз барғызбадық. Сен мұндай әрекетке баратындай Біз сені бір сәт болсын назардан тыс қалдырған емеспіз.

Басқа мағынасын былайша түсінген жөн: Сен болмысыңа сай олардың тура жолға келуін қатты қалайсың. Олар иман келтірмеді деп жаныңды жегідей жейсің.

Сен – көңіл сарайы барша әлемдерге ашық адамсың. Оларға да құшағыңды айқара ашу сенің осы шексіз мейірім-шапағатыңнан өрбиді. Сен мейірімділігіңмен оларды тура жолға түсу үшін ұсыныстарын қабыл етіп, оларды хидаят есігінен кері қарай қайтармайтын едің. Бірақ, Біз сенің болмысыңды белгілі бір өлшемде жараттық. Осы арқылы сені астамшылық пен кемшіліктен сақтадық. Кімге қашан және қандай деңгейде мейірімділік көрсететініңді өте жақсы білесің. Сондықтан да сен рақымдылығыңды иләһи рақымдылықтан жоғары қойып шайтани ойға мойын бұратындай жан емессің.

Мәуләнаға қатысты: «Кел, кел! Кім болсаң да кел!» деген сөз бар. Осы сөздің түп-төркініне үңілсек, Ислам ғұламасының Пайғамбарымыздан үлгі алғаны көрініп тұр. Аллаһ елшісі – бір адамды да назардан тыс қалдырмай, тегіс тура жолға түсуін қалаған көңілі терең жан. Жер бетінде барлық жан мұсылман болып, бар-жоғы бір-екі адам ғана осы иләһи хабардан мақұрым қалса, Рақым Пайғамбар әлгі иманнан қалыс қалғандардың тура жолға келуі үшін барын салар еді. Иә, оның көк қақпалары тәрізді елдің бәріне айқара ашық кеңпейіл жүрегі бар. Егер иләһи сақтық болмағанда, шамасы «лә иләһә илләллаһ» дегендерді де өз қатарына алуға тырысар еді. Бірақ Аллаһ оның сезімдеріне өлшем мен тепе-теңдік қойып, Пайғамбарын қорғап, қолдаған. Осының арқасында ол әсте қателікке бармады.

«Аз да болса мақұлдар едің» деген сөз олардың ойын мақұлдаған деген мағынаға келмейді. Бұған жол ашатын қандай да бір жоқ бола тұра, Пайғамбарымыздан мұндай осалдық іздеу нағыз осал адамның ісі болса керек.

Аллаһ тағала әу бастан оның тірегін берік етіп сақтаған. Ол да өз ғұмырында әсте қателеспейді. Өйткені, оның болмысы ақиқатпен біте қайнасып, іс-қимылдарын уахи арқылы жүргізген. Жүрегі де Аллаһ тағаланың разылығына тола еді. Мұндай сұлтандар Сұлтаны көктерге тақ құрып отырғанда, оның тобығына лай жұғуы мүмкін деу – не лайдың, не көктерге тақ құрып отырудың не екендігін білмеу деген сөз. Не дейік, Аллаһ тағала мұндай ойлаған жандарға да туралық нәсіп қылсын!

Әсіресе, осы аяттардан кейін түскен мына аят Аллаһ елшісінің олардың имансыздығын құп көрмейтінін айқын көрсетеді. «Олар сені түртпектеп еліңнен куа жаздады. Мұндай жағдайда олар ұзаққа бармайтын еді» (Исра, 17/76).

### **Кедейлерге деген көзқарасы**

Пайғамбарымызға ескертудей көрінген ілтипатқа толы бұл аят та құрайыштықтардың мынадай талабына қатысты түскен. Құрайыштықтардың ығай мен сығайлары Аллаһ елшісіне келіп: «Сенің жаныңда кедей, міскін, құл-құтандар отыр. Біз олармен бірге отыра алмаймыз. Не бізге арнайы бір күніңді бөл немесе біз келген кезімізде оларды қасыңнан аластат»[30], – дейді. Осыған байланысты сонда мынадай аят түсті: «Таңертең және кешқұрым Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді қума. Олардан саған, сенен оларға да келіп-кетер зиян болмайды. Сондықтан, оларды қусаң, зұлымдық көрсетушілерден боласың» (Әнғам, 6/52).

Сондай-ақ «Кәһф» сүресінде де дәл осы мағынаға сай мынадай аят бар: «Таңертең және кешқұрым Раббыларына Оның дидарын іздеп, жалбарынғандармен бірге өзің де сабыр қыл. Дүние тіршілігінің сәнін қалап көзіңді басқаға аударма. Сондай-ақ, Бізді еске алуды ұмытқандарға, ісінде шектен шығып құмарлықтарына ергендерге бағынба!» (Кәһф, 18/28).

Аллаһ елшісіне пайғамбарлығы басталған күннен бері оған мойынсұнып, беріктігін танытқан адамдар бар еді. Бұлар кедей, міскін жандар болатын. Сол заманда кәпірлер кедейлермен тізе түйістіріп бірге отыруды ар санаған. Алайда Рақым Пайғамбар үстемдікті тек тақуалық пен Аллаһтан қорыққан жандарға лайық көрген бір дінмен келген (Хұжырат, 49/13)7. Сол дін бойынша байдың кедейден ешқандай артықшылығы жоқ.

Пайғамбарымыз «Жәннат төрт адамға ынтызар»[31] дейді. Осы төрт адамның төртеуі де кедей жандар: Аммар кедей, Салман кедей, Микдад кедей, ақырғысы Әли (р.а.) де кедей. Ел-жұрт жәннатқа, жәннат болса, осы адамдарға ынтызар. Келсін деп күн санап жатқандай. Олардың жүректері Аллаһ тағалаға деген қорқыныш пен құрметке толы жандар болған. Күндіз-түні Раббыларын еске алып, қашан да Оның құзырында тұрғандай ғұмыр кешкен. Хақ тағалаға жақындардан болуын мұрат еткен болса, пайғамбарымыз қалай ғана оларды жанынан аластатсын.

Бірде Әбу Зәһр (р.а.) Біләлге (р.а.): «Ей, қара әйелдің ұлы»,- деп қалады. Оның Біләлді кемсіткенін құлағы шалып қалған Пайғамбарымыз қабағын шытып: «Сенің бойыңда әлі де надандықтың қалдығы бар»,- деп ашуланып, оған: «Қол астыларыңда жұмыс істегендер – өз бауырларың. Оларға ішкендеріңнен ішкізіп, кигендеріңнен кидіріңдер. Шамасы келмейтін нәрселерді олардан талап етпеңдер. Егер талап ететін болсандар, өздерің де көмектесіңдер»[32], – деп насихат айтады.

Сонымен қатар Пайғамбар өте кішіпейіл болған. Құзырына кез-келген жан еркін кіріп-шыға алатын. Негізі Ислам дінінің рухында да осы ұстанымдар бар. Мұсылмандардың байы мен кедейі, құлы мен ақсүйегі, басшысы мен қызметшісі бір сапта тұрып құлшылық қылмаушы ма еді? Ендеше, осындай діннің өкілі Ұлы Пайғамбар кедей болғаны үшін кейбір адамдарды қалай құзырынан қумақ? «Аллаһым, мен жұпыны тіршілік ете-йін. Кедей боп өлейін, кедейлермен бірге қайта тірілт»[33], – деген тікелей өзі емес пе еді? Осындай сөзді айтқан адам кедей достарын жанынан қууы мүмкін бе? Жо-жоқ, әсте олай емес. Аллаһ елшісі ешқандай кедейді жанынан қумады. Мұндай ойдың өзін маңына жуытпады.

Сонымен қатар, ол пайғамбар еді. Барша жұрттың тура жолға келуін қалады. Дәрежесі хасан яки әлсіз бір хадисте Омардың (р.а.) Исламға кіруі үшін дұға оқып жалбарынғандығы айтылады. Тіпті, кейбір деректе өз есімі Амр ибн Хишам болған Әбу Жәһилді де осы дұғасына қосқан[34]. Аллаһ елшісі осы дұғасында: «Аллаһым, осы дінді Омар ибн Хаттаб (р.а.) арқылы қуаттандыр»[35] дейді.

Шамасы, Аллаһ тағала Хабибіне болашақта болатын оқиғаларды аңғартқанда, Омардың (р.а.) кейін көптеген жеңістерге қол жеткізетіндігін көрсетсе керек. Пайғамбарымыз осыны білгендіктен, оның Исламға кіруін қалап дұға еткен болуы мүмкін. Яки, Ақиық елші ерекше пайымдылығының арқасында Омардың (р.а.) келбетінен Исламға лайық екендігін аңғарып, дұға еткен.

Аллаһ елшісі Құрайыштың үлкендерінің де Исламға кіруін жан дүниесімен қалайтын еді. Оларды үйінде сан рет қонақ етіп, сый-сияпат көрсетіп, жүректерін жібітуге тырысқан. Бірақ, қашан да олар оның осы қалауына қитұрқы жауап қатып, бастарына қонып тұрған бақты ұшырып алды.

Олар Пайғамбармен кездесу жөнінде ұсыныс жасайды. Мына хабар Аллаһ елшісін үміттендірді. Омардың (р.а.) һидаяты үшін Хақ пайғамбар жатпай-тұрмай тілек тілеп, ол ақырында мұсылман болды. Омар мұсылман болған соң Ислам тарихында елеулі оқиғалар орын алып, Пайғамбарымыздың сонша тілек-тілеп жалбаруында қателеспегенін көрсетті. Егер бұлар да мұсылмандықты қабылдаса, Исламның кең таралуына көп септіктерін тигізбек.

Алайда, олардың ұсыныстары Ислам дінінің негіздеріне қайшы шықты. Рақым Пайғамбар олардың қисынсыз талаптарын естігенде, мұңайып, ауыр күрсінген шығар. Өйткені мұндай ұсыныс бұрынғы өткен барша пайғамбарларға да жасалған. Аллаһ елшісі олардың жөнсіз талаптарымен келіспейді. Әлбетте, мұның

оңайға соқпайтыны белгілі. Табалдырығына дейін келген осы һидаяттан мына адамдар түкке керексіз тәкаппарлыққа бола құралақан қалды[36]. Аллаһ елшісі олардың осы қасіреттерін көріп қайғырды. Аятта оның көңілін жұбату үшін, «Олардың алдынан өтгің Оларға қатысты жауапкершіліктен құтылдың» делінген.

Пайғамбарымыз кедейлерді қасынан тастамады. Бірақ, өзгелердің һидаяты үшін де шаралар қарастырды. Дереу осы шешімінің дұрыстығынан хабар беретін аят түседі. Өйткені, ол достарын аластатпауға шешім қабылдаған. Аят та оған кедейлерді жаныңнан қума деуде еді.

### **Бір ескерту**

Міндетті түрде назар аударылуы тиіс мынадай бір нәзік мәселе бар.

Құран Кәрімде Пайғамбарымызға әрі барша мұсылмандарға бірдей қатысты жүздеген нұсқаулар бар. Бұл нұсқаулар мен тыйымдар шариги заңдылықтарды құрайды. Ал оларды тікелей Аллаһ тағаланың әмірлері орындалмағандықтан айтылған сөздер деуге келмейді. Мысалы, Құран Пайғамбарымызға «Намаз оқы, ораза ұста, зекет бер» дейді. Бұлардың әрбіреуі өз алдына бөлек әмірлер болып табылады. Сондықтан да, бұларды Пайғамбарымыздың орындамауына қатысты келген ескертулер деп ойлау әсте дұрыс емес. Дәл осы секілді Құран Кәрімде Пайғамбарымызға: «Кедейлерді қума!» деген. Бірақ, бұл әсте «Неліктен кедейлерді жаныңнан қуып жатырсың, оларды қумауың керек еді ғой» деген сөз емес. Бұл Аллаһ елшісінің күнәдан пәктігіне қайшы. Бұл жарлық Пайғамбарымыздың іштей түйген шешімінің туралығын растау үшін келген. Әрі бұл жарлық оның фәтәнаты мен исмәтін де паш етіп, көкірегі соқырларға таяқ ұстатқандай ету үшін түседі.

Айтқандарымды «Кәһф» сүресіндегі аяттан айқын байқай аласыздар. Өйткені, Аллаһ тағала осы аятта екі әлем Сардарына: «Күндіз-түні Раббыларын еске алғандармен бірге сен де сабырлы бол» дейді. Сабырлық – өз қалпыңды сақтау деген сөз. Мысалы, бір адам құлшылық кезінде сабырлы болады. Құлшылықтан бір елі ажырамай терең ғибадат қылады. Өзге біреу қайғыға қарсы тұрып, сабырлы бола алады. Қайғы-қасірет оның қалпын бұза алмайды. Ол еш нәрсе болмағандай бәз-баяғы күйін сақтайды. Күнә алдында сабырлы болу да сол тәрізді. Күнә жасамау үшін де бұрынғы қалпын бұзбау ләзім. Пайғамбарымызға «сабырлы бол» деуі «бұрынғы қалпың мен түйген шешіміңді сақта» дегені. Бұл да Аллаһ елшісінің түйген шешімінің Хақ тағаланың разылығына лайық екендігін көрсетудің бір түрі. Осы тұрғыдан алғанда, Аллаһ елшісін мақтау бар. Оның іс-әрекетінің дұрыстығын Аллаһ тағаланың өзі растап, сүйіншілейді. «Сұм дүние үшін оларға мойныңды бұрма. Негізі Сен оларға көне қоятындай адам емессің.



Өйткені, оларға мойын бұру сенің рухыңды алай-дүлей етіп, қараңғылыққа түншықтырады. Алайда, сен пәк, таза жансың. Сенің ой-өрісінде иненің ұшындай да дақ жоқ» деп сүйіншіленіп жатқандай.

Ол – осындай пайғамбар. Раббысының құзырына да осылайша кірген. Күнә одан жер мен көктің арасындай қашық. Ол шыр етіп дүниеге келгенде, қандай пәк болса, көз жұмғанда да, дәл сондай таза да мөлдір еді.

- [1] Муслим, Мусафирин, 139; Әбу Дәууд, Татауу, 26.  
[2] Ибн Хишам, Сирә, 4/55; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 4/344.  
[3] Муслим, Жиһад, 58; Муснәд, 1/31-32.  
[4] Қуртиби, 8/31; Муснәд, 1/383.  
[5] Бухари, Тәфсир, (21), 2; Муслим, Таһарат, 37; Салат, 53; Тирмизи, Қиямәт, 3; Ибн Мәжә, Мәнәсиқ, 40, 76.  
[6] Қуртуби, 8/31; Муснәд, 1/383.  
[7] Муслим, Жиһад, 58; Муснәд, 1/31-32.  
[8] Бухари, Тәйяммум, 1, Салат, 56; Муслим, Мәсәжид, 3.  
[9] Муснәд, 4/197.  
[10] Замахшара Махмуд (1074-1144) – Орта Азиялық атақты мұсылман ғалымы, арабист, ақын әрі жазушы.  
[11] Сәккәки Әбу Яқуб (1166-1299) Фикһ пен филология саласында аты әйгілі, Орта Азия ғалымы, сүбелі ғылыми еңбектердің авторы.  
[12] Қараңыз; Қуртуби, 8/98-99.  
[13] Бухари, Иман, 24; Муслим, Иман, 107; Тирмизи, Иман, 20; Муснәд, 2/2, 291, 357.  
[14] Зәмәхшәри, Кәшшәф, 2/153-154.  
[15] Рази, Мәфәтихул-Ғайб, 16/73-74.  
[16] Бухари, Жәнәиз, 23; Либәс, 8; Муснәд, 2/18.  
[17] Бухари, Жәнәиз, 23.  
[18] Бухари, Кәффәрат, 9.  
[19] Бухари, Тәфсиру, (21), 2,5,14, Муслим, Тахарат, 17, Салат 53, Тирмизи, Қиямә, 3.  
[20] Қараңыз; Жәзири, Мәзәһиб, 1/272/273.  
[21] Бухари, Салат, 101; Муслим, Салат, 261; Әбу Дәууд, Салат, 108.  
[22] Ибн Хәжәр, Исәбә, 2/523-524.  
[23] Қараңыз; Бақара, 2/305; Таһа, 20/48; Нәжім, 53/33; Мағариж, 70/17; Ғашия, 88/23; Ләйл, 92/16; Алақ, 96/13  
[24] Муслим, Мунафиқин, 39; Муснәд, 3/178.  
[25] Гольдциер (1850-1921) – Венгриялық арабист, исламтанушы.  
[26] Вольтерлер (1694-1778) – Француз жазушысы, публицист. Қайта өрлеу дәуірінің энциклопедисті  
[27] Бухари, Жиһад, 37; Әбу Дәууд, Тыбб, 1; Нәсәи, Жәнәиз, 81; Ибн Мәжә, Жәнәиз, 37; Муснәд, 4/287-288.  
[28] Ибн Хишам, Сирә, 4/184; Ибн Сағд, Табақат, 1/312-313.  
[29] Бухари, Итисам, 2; Муслим, Иман, 32; Әбу Дәууд, Зәкәт, 1.  
[30] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/129.  
[31] Мәжмәуз-Зәуәид, 9/307; Әбу Нуайым, Хилия, 1/142; Суюти, әл-Фәтхул-Кәбир, 1/297-298.  
[32] Бухари, Иман, 22; Итқ, 15; Муслим, Иман, 40.  
[33] Тирмизи, Зухд, 37; Ибн Мәжә, Зухд, 7.  
[34] Тирмизи, Мәнәкиб, 18.  
[35] Мустәдрәк, 3/83.  
[36] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/83; Кәнзул-Уммәл, 14/39-40.

## Пайғамбарымыздың хазірет Зейнеппен үйленуі

Өткен-кеткен дін дұшпандары Аллаһ елшісінің Зейнеп анамызбен (р.анһа) некелескенін жамандыққа жорып, оған күйе жаққысы келді. Бірақ екі әлем Сардарының арына дақ түсіре алмай, сол күйеге өздері былғанды.

Осы оқиға Құран Кәрімде былайша баяндалады: «Сол уақытта өзіне Аллаһ та бақ берген, сен де бақ берген Зәйдке: «Жұбайыңмен ажыраспа, Аллаһтан қорық!», – деуде едің. Аллаһтың жариялайтын үкімін көңілінде жасыруда едің. Адамдардан корқасың. Негізінде, қорқуға Аллаһ лайық. Сонда одан Зәйд ажырасқан кезде, оны саған қостық. Бұл мұсылмандарға асыранды баласынан ажырасқан әйелдерге үйленудің кінәсі жоқтығын көрсету үшін осылай істелді. Аллаһ әмірі орындалады» (Ахзаб, 33/37).

Ақиық елші Зәйдті (р.а.) жанындай жақсы көретін. Өзгені емес тек соны ғана баласы етіп асырап алды. Барлығы оған Пайғамбарымыздың туған баласындай қарайтын. Иә, ол өзінің ғұмырын Аллаһ елшісінің жолында сарп етті. Рақым Пайғамбар да оған деген сүйіспеншілік құшағын айқара ашты.

Пайғамбарымыз Зәйдті (р.а.) құлдықтан азат етіп, өзіне бала етіп алды. Сол заманның әдеті бойынша Зәйд азат болған күннің өзінде сүйекке қара дақ болып түскен құлдық таңбасын өшіру мүмкін емес еді. Бұл сол кездегі араб қоғамының айықпас дерті болатын. Өйткені, біреудің құлы боп, өксікпен ғұмыр кешкен адам азаттық алғанымен, бәрібір қоғам ішінде төмен сатыдағы адам болып есептелетін. Осындай парықсыз ойдың түбіріне балта шауып, қоғамды аты жаман індеттен құтқару қажет болды. Хақ елшісі де өзін мықтап ойландырып жүрген осы мәселеге байланысты бір шара қолданатын кезді күтіп жүрді.

Бірақ бұл шара әуелі іске аспастан бұрын, халық арасында мақұлдануы қажет еді. Сондықтан да Аллаһ расулы маңдайларында құлдық мөрі басылған осы адамдарға ерекше бір әдісті пайдаланды.

Азаттық – өте маңызды мәселе. Бірақ, темірді қызған кезде соға білу, мүмкіндікті жіберіп алмау – одан да маңызды. Бостандықта болып көрмеген адам азаттыққа жеткенімен, бәрібір азат адамдай ғұмыр кеше алмайды. Айтқандай-ақ, Америкада құлдар азат етілгенімен, түпкі мақсаттарына көп жылдардан кейін ғана жете алған. Сол заманда азаттық алғандар еркіндікке бой үйрете алмай, бұрынғы

қожайындарына қайтып оралған. Өйткені, сол дәуірдегі қоғам азаттыққа дайын болмады. Сондықтан да, құлдар азат етілгенімен нәтижесі оң аяқталмады.

Аллаһ елшісі оларды бір жағынан азат өмір сүруге, екінші жағынан, темір бұғаудай тырп еткізбеген құлдық санадан арылтып, қоғамның толыққанды мүшесі болуға үйретті.

Әу баста айтып кеткеніміздей, ол алғы шепке ең алдымен өз жақындарын жіберсе, бұл жерде де дәл осы тәсілді пайдаланған болатын. Текті әйел, өз нағашы әпкесінің қызы, Абдуллаһ ибн Жахштың (р.а.) қарындасын азаттық алған құл Зәйдпен (р.а.) үйлендірмек болды.

Аллаһ елшісі нағашы әпкесінің шаңырағына бас сұғып тұратын. Осы шаңырақ та көп жылдардан бері Хақ пайғамбардан бір ұсыныс күтіп жүрген. Өйткені, Хақ елшісінің жары болу әрбір әйелдің аңсары еді.

Жоғарыда Пайғамбарымыз Сәуданы (р.анһа) талақ етпек болғанда, оның бар қалауы Пайғамбардың жары болып бұл өмірден өткісі келгендігін айтқанбыз. Бұл Аллаһ елшісінің жары болып қалу арманынан туындаған сезімдер еді[1]. Омар (р.а.) өмір-бақи осы шаңыраққа туыс болып қалуды аңсап, ақырында Фатима анамызға (р.анһа) құда түспек болған. Бірақ Хақ пайғамбар оны Әлиге (р.а.) қосқанда, Омардың (р.а.) Әлидің (р.а.) қызы Умму Гүлсімді күтуіне тура келді. Осы мүбәрақ әйел Омармен некелескенде өте жас болатын. Алайда осылайша Омардың (р.а.) оған үйленуі арқылы Ақырғы Пайғамбарға туыс болу арманы орындалады[2].

Сонымен Пайғамбарымыздың нағашы әпкесінің қызын жиеніне бермек болуы – әдеттегі нәрсе. Әрі Зейнеп те (р.анһа) пайғамбар жары болуға лайық еді. Шамасы, оның да көңілі Пайғамбарымызды қаласа керек.

Хақ пайғамбар бір күні нағашы әпкесінің үйіне барып: «Зейнепке құда түсемін», – дейді. Үй ішіндегілер қуаныштан төбелері көкке бір елі жетпей қалады. Жылдар бойы сарғайып күткен күн де туды. Хақ пайғамбар Зейнепке құда түсіп келіп отыр. Бұдан артық қуаныш бар ма?! Ұлы парасат Иесі өзінің кім үшін құда түсіп отырғандығын үй іші басқаша жорығандарын дереу түсіне қойып: «Мен Зейнепті Зәйдке қосу үшін құда түсіп келіп отырмын», – деп ашып айтты. Сол сәтте шаңырақта күміс боп шашылған шаттық су сепкендей басылды. Егер құда түсуші Пайғамбар болмағанда, олар бірден қарсылық білдіретін еді. Бірақ, Хақ пайғамбарға кім қарсылық білдіре алады?! Бәрі де Пайғамбар құда түсіп келіп

тұрған соң амалсыз мақұлдап, екі жас үйленіп, шаңырақ құрады. Кермек жусанның дәміндей болса да, қоғамдағы індетті жою мақсатымен қолға алынған бұл іс осылайша жүзеге асты.

Әйел текті тұқымнан еді. Мінезі де соған сай жібектей. Зәйдті (р.а.) Аллаһ елшісі жанындай жақсы көргенмен, сол заманда үстемдік еткен ұғым бойынша ол құл еді. Жұпыны, елеусіз отбасынан шыққан. Сондықтан да мінездері сәйкес келмеді. Анығырақ айтқанда, Зәйд (р.а.) бұл әйелдің өзіне тең еместігін сезеді. Зейнептің (р.анһа) өз қалауы мен еркі бар еді. Ол Пайғамбар шаңырағына лайық жауһар болатын.

Зәйд осыған қатысты ойын неше мәрте Аллаһ елшісіне барып айтып, әйелімен ажырасқысы келді. Хақ пайғамбар оған: «Әйеліңді берік ұста. Аллаһ тағаладан қорық» деп үнемі кеңес берумен болды. Пайғамбарымыз осылай отастыру арқылы қараңғылық дәуірге тән жансақ ойдың түбіріне балта шабуды көздейді. Ол осылайша жоспар құрып, екі жастың отасуына арқау болды. Бірақ сол жас отаудың ынтымағы жараспай, күннен-күнге берекесі қаша берді.

Аллаһ елшісі құл мен текті әйелдің үйленуге болатындығын іс жүзінде көрсетіп кетті. Хақ пайғамбар – жол көрсетуші. Жол көрсетуші айтатын нәрсесін, алдымен, өзі мен жақындары арқылы өнеге көрсетуі қажет. Бұл да Жаратушының рұқсаты мен бағыттауы арқылы болады. Алайда осы кезде уахи көгінде жүгі өте ауыр оқиғалардың белгісі де көріне бастады.

Аллаһ елшісі Хақ тағаланың білдіруімен күндердің бір күні Зейнептің (р.анһа) өз жары болатынын да білген еді. Елге жария қылу жарлығы болмағандықтан, осы хабарды жұрттан жасырып жүрді. Негізі Айша анамыздың (р.анһа) сөзімен айтқанда, Хақ елші өзіне келген уахилардан елден бір нәрсе жасырғысы келсе, осы үйленуге қатысты аятты жасыратын еді[3]. Иә, Зейнеппен (р.анһа) үйлену Аллаһ пайғамбарына өте ауыр тиді. Бірақ, «әзәлдә» қиылған некені кім теріске шығара алмақ?! Аллаһ: «зәууәжнәкәһә»: «Оны саған некеледік» дейді. Осы неке тікелей Хақ тағала жағынан қиылған. Бұл некенің куәлары да көктің тұрғындары болды. Осы жүгі ауыр неке арқылы Аллаһ тағала тағы бір заңдылықты білдірді: «Өгей бала адамның өз баласындай болмайды». Өгей бала әйелімен ажырасса, өгей әкесінің сол әйелмен үйленуге құқы бар. Алайда қараңғылық дәуірде өгей бала өз баласындай саналып, олар өлсе яки ажырасса, олардың әйелдерімен үйленуге құқы жоқ еді. Қараңғылық дәуірге тән осы әдеттің түп тамырымен жойылуы қажет болды. Ақырында жойылды. Бірақ, осы құлаған үйіндіні Аллаһ елшісі жалғыз өзі көтерді.

Осы ауыр сынақтың маңызды негіздері:

Зейнеп анамыздың (р.анһа) мына бақыттылығына қараңыз. Ол екі рет тұрмысқа шығу арқылы қараңғылық дәуірге қатысты екі бұзық әдеттің құлауына арқау болды.

Кейбір тәпсірлерде жалған оқиға орын алған:

Пайғамбарымыз бір күні Зейнеп анамызды (р.анһа) көріп қалыпты-мыс. Әрі – ол сол кезде оның тұрмысқа шыққан кезі. Пайғамбарымыз Зейнеп анамыздың сұлулығын көріп «Уа, Жаратушы – жүректердің Әміршісі» дегенде, бұл сөзді Зейнеп анамыз да естіпті-міс т.б. «Исраилияттан» туындаған осы жалған сөздер, өкінішке қарай, кейбір сүннит ғалымдарға да әсер еткен. Бір тәпсірші «Зәйд үйге келгенде, мән-жайды ұға қойды» деп жазады. Мұндай сөздер – тек дін дұшпандарына ғана тән. Мен ол тәпсіршіге әдепсіздік танытып «Жағың қарыссын» демеймін. Бірақ, осы сөздерді әдейі айтқан адамның, кім болса да, жағы қарысқай!

Ең алдымен Зейнеп (р.анһа) жастайынан өзінің көз алдында өскен қыз еді.

Екіншіден, егер Хақ пайғамбар Зейнепті (р.анһа) қаласа, онда неге әу баста оған өзі үйленбей Зәйдке (р.а.) қосты?

Үшіншіден, үй ішінің тегіс Зейнептің (р.анһа) Аллаһ елшісіне жар болуын қалағанын жоғарыда айтып өткенбіз. Ендеше, Аллаһ елшісінің оны Зәйдпен қосып, өзі алмайтындай араларында қандай кедергі болды дейсіз?

Аллаһ елшісі Зейнеп анамызбен (р.анһа) көктен келген бұйрық бойынша үйленді. Аллаһ жарлық берді, Пайғамбар сол жарлықты орындады. Қалған әңгімелердің бәрі де кешегі Вольтлерлер мен Гольдциерлердің, тағы басқа да дін дұшпандарының дайындаған сценарийлері. Жала мен жалғанға толы әңгімелер. Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) Хақ тағаланың пайғамбары, Зейнеп Зейнеп бола тұра, Зәйд те Зәйд бола тұра, олар өз жаратылысындағы мақсаттарынан қалай ғана аттап өте алады? Өкінішке қарай, осындай жалған әңгімелерді дін дұшпандары басын айналдырып қойған арамызда жүрген кейбір адамдар да айтып жүр. Амал не, һидаят Аллаһ тағаланың қолында. Раббым оларға тура жол нәсіп етсін!

Тақырыпты «әрбір пайғамбар күнәдан пәк, ал Аллаһ елшісі олардың арасындағы ең пәгі» деп бастап, мысалдар арқылы Хақ елшінің исмәтін көрсетуге тырыстық және оның пәктігін санамыздың жеткен жеріне дейін ғана айта алдық...

Осы жерге дейін Аллаһ расулының исмәт пен абыройын, яғни күнәдан пәктігін ғана айттық. Енді оның күнәден пәктігіне басқа тұрғыдан келіп көрелік. Оның тақуалығы мен Аллаһ тағаладан қорқуы, құлшылық санасы мен ғибадат түсінігі тұрғысынан екі әлем Сардарының күнәдан пәктігінің барлық қыр-сырын түсініп, оны танығысы келгендерге төмендегі ерекшеліктерді білген жөн.

[1] Муслим, Рада, 47.

[2] Ибн Сад, Табақат, 7/463-464; Ибн Хәжәр, әл-Бидәя, 4/492.

[3] Бухари, Тәухид, 22; Муслим, Иман, 288; Муснәд, 2/5.

## ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ТАҚУАЛЫҒЫ

Аллаһ елшісі өте тақуа, заһид (зүһд иесі) болатын. Тақуалықта оның теңдесі болмаған еді. Ол нені істесе де, нені ойласа да, іс-әрекеттерін осы өлшемге қарай құрды. Аллаһ тағаладан жүрегі тоқтап қалардай қатты қорқатын. Көз жасының жүзін жумаған сәттері некен-саяқ. Ол құлшылық еткенде, дариядай тасып, тоқтағанда, теңіздей тына қалатын.

Осы арада сәл шегініс жасайық.

«Зүһд» сөзі – «дүние өз бетімен үйіп-төгіліп келсе де қуанбау, бар дүниесі уысынан кетсе де өкінбеу» деген мағынаны береді. Аллаһ елшісі – осының ең ұшар шыңынан табылған жан. Барлық дүние өзінікі болса да, еш қуанбас еді. Барша байлық бір сәтте қолынан шықса, ине жоғалтқандай да қайғырмас еді. Ол дүниені жүрегімен тәрк еткен. Бірақ, бұл дүниені тұрмыстық тұрғыдан тәрк ету деген сөз емес. Өйткені, табыс көздерінің ең қисынды, тамаша жолдарын көрсеткен де хазірет Мұхаммед алейһиссәләмнің өзі болатын. Осының ең ғажап дәлелі – Аллаһ елшісі құрған Ислам мемлекетінің қысқа мерзім ішінде ең бай және ең мықты мемлекеттердің біріне айналуы. Еуропалық бір ойшылдың айтқанындай, Хақ пайғамбар құрған осы үлкен мемлекетінен кейін жиырма бес алып мемлекет пайда болған. Осман мемлекеті осылардың біреуі ғана. Иә, зүһдте негізгі ой осы болуы қажет.

Ақиық елші пайғамбарлық басталғаннан бастап, дүние салтанатты түрде оның аяғына келген кезде де ешқашан бұрынғы өз қалпын бұзбай сақтады. Тіпті ол өмірге шыр етіп келген кездегі ие болған дүниесіне көз жұмар кезде ие емес еді. Өйткені, барлық мал-мүлкін халыққа таратып жіберді. Оның бар-жоғы бірнеше ешкісі мен жарларының тұрған шағын бөлмелері ғана болды. Аналарымыз қайтыс болғанда, сол бөлмелердің бәрі мешітке қосылып, мүміндерге қызмет етті[1].

[1] Бухари, Фәрәид, 3; Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 5/306.



## 1. Ши үстінде жатуы

Омар (р.а.) бір күні Рақым елшінің бөлмесіне кіргенде, Пайғамбарымыздың ши үстінде жатқанын көреді. Бір бетіне шидің ізі түсіпті. Бөлмесінің бір бұрышында иленген тері, бір бұрышында бір уыс арпа салынған кішкене дорба жатыр. Хақ пайғамбардың бөлмесіндегі заттар осы ғана. Омар (р.а.) осыларға көзі түсіп, тұла бойы шымырлап, көзінен тарам-тарам жас аққанын байқамай қалады. Аллаһ елшісі одан неге жылағанын сұрағанда, ол: «Пайғамбарым! Дәл қазір патшалар сарайларында құс төсекте жатыр. Ал сен бар болғаны кураған ши үстінде жатырсың», – дейді. Осы кезде Рақым пайғамбар Омарға: «Омар! Бұл дүние солардікі ал, ақырет біздікі болуын қаламайсың ба?»[1] – дейді. Басқа бір риуаятта Пайғамбарымыз: «Бұл дүниеге менің қандай қатысым бар. Мен бар болғаны бір ағаш саясын көлеңкелеп, сәлдең соң сапарын қайта жалғастырған жолаушы секілдімін»[2], – дейді.

[1] Бухари, Тәфсир, (66), 2; Муслим, Талақ, 31.

[2] Тирмизи, Зухд, 44; Ибн Мәжә, Зухд, 3; Муснәд, 1/301.

## 2. Садақаға сақтығы

«Бірде таңға дейін ұйықтай алмай, түні бойы уһіліп шықты. Таңертең жары: «Пайғамбарым, түнде бір жеріңіз ауырды ма? Қатты қиналып шықтыңыз ғой», – деп сұрайды. Аллаһ елшісі: «Жатар алдында төсегімді қамдап жатып, жерге түсіп қалған бір құрманы алып жеген едім. Бірақ, кейіннен есіме түсті. Біздің үйде садақа мен зекет құрмалары да болып жатады. Ал осы құрма солардың бірі болса ше?! Осыны ойланып, таң ағарып атқанша кірпік айқастыра алмай шықтым» деп жауап қатады[1].

Садақа мен зекет Пайғамбарға харам етілген. Бірақ, осы құрма өзіне сый ретінде келген құрмалар болуы да мүмкін. Тіпті, мұның садақа мен зекетке қарағандағы сый құрмасы болуы әбден мүмкін. Өйткені, пайғамбар шаңырағында садақа мен зекет түнге қалмайтын, келе салысымен дереу таратылатын. Иә, Хақ пайғамбарымыздың рухы мен еркі қашан да алмастай таза болды. Солай ғұмыр кешіп, Хақ тағалаға да дәл сол саф күйінде көтерілді.

[1] Муснәд, 2/193.

### 3. «Мені «Һуд» сүресі қартайтты»

Әбу Бәкір (р.а.) Аллаһ елшісінен: «Пайғамбарым! Шашыңызға ақ түсіпті. Әпсәтте қартайып кетіпсіз ғой. Нендей себеп болды?» – деп сұрады. Екі әлем Сардары: «Мені «Һуд», «Уақиға», «Мүрсаләт» сүрелері қартайтып жіберді», – деп жауап қайырады[1]. «Һуд» сүресінде оған: «Әмір етілгеніндей тұп-тура бол!» (Һуд, 11/12) – деген. Осы туралық – Хақ тағаланың Хабибіне көрсеткен туралығы. Одан осы жолдың сақталуы талап етілді...

«Мүрсаләт» сүресінде адамдардың жәннат, жәһаннамға бөлінгені, олардың не істерін білмей сасқандығы жайлы айтылады. Осы сүрелерде айтылған жайттар Хақ пайғамбарды үрейлендіріп, қартайтып жібереді...

[1] Тирмизи, Тәфсир, 67.

### 4. Ақыретке сенімінің тереңдігі

Бір сахаба үйінде Құран оқып отырғанда, дауысы тыстағыларға естіледі. Сүренің «Расында, Бізде (олар үшін дайындалған) бұғаулар мен тозақ бар. Жеген кезде кеңірдегінде кептеліп қалып қақалатын тамақ әрі жан түршігерлік азап бар» (Мүзәммил, 73:12-13) аяты оқылғанда, сол жерден Аллаһ елшісі өтіп бара жатқан. Бірден түрі бұзылып сала берді де, тізерлеп жерге отыра кетті. Аяттар оған бейне бір өзін сілкілеп жатқандай әсер етті[1].

Негізінде, ақыретін уайымдамайтын бір адам болса, соның нақ өзі – Аллаһ елшісі. Бірақ, ол бізге әдептілік пен тәлім-тәрбие беріп, Аллаһ тағаланың алдында қандай болуымыздың керектігін үйретіп кетті.

[1] Кәнзул-Уммәл, 7/206.

### 5. Иләһи назар алдында

Абдуллаһ ибн Мәсғұд айтады: Бір күні Аллаһ елшісі маған: «Құран оқышы, мен тындайын», – деді. Мен: «Пайғамбарым! Құран саған түспеп пе еді, мен қалай саған Құран оқымақпын?» – деп сұрадым. Ол: «Құранды өзгеден тыңдаудың өзі ғанибет», – деп жауап берді. Осыдан кейін «Ниса» сүресін басынан оқи бастап, «Әр үмбетке бір айғақ келтіріп, сені де оларға куә етіп келтірсек, қандай болар еді?» (Ниса, 4/41) аятына келгенде, «Жеткілікті, жеткілікті!» – деді. Басымды

көтеріп қарасам, Аллаһ елшісі көзіне жас алып отыр екен. Тыңдауға жүрегі шыдамапты[1].

Аят оған ақыреттегі жан шыдатпас көріністі суреттеген болатын.

[1] Бухари, Тәфсир, (4), 9; Муслим, Мусәфирин, 247-248.

## 6. Толғануы

Қадірлі Айша (р. анһа) анамыз айтады: Бір күні түнде Аллаһ елшісі маған «Айша! Осы түні Раббыма құлшылық етейін. Маған рұқсат етесің бе?», – деп сұрады. Мен: «Сенімен бірге болуды мен де көксеймін. Бірақ, сенің жан қалауың мен үшін бәрінен артық», – дедім.

Аллаһ елшісі орнынан тұрды да, намаз оқи бастады. Ол сол түні таңға дейін «Көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күндіздің алмасуында, әлбетте, ақыл иелері үшін ғибраттар бар» (Әли Имран, 3/190) аятын оқып, көз жасын төкті. Таң рауандап атқанда, азан оқуға келген Біләл оған: «Пайғамбарым-ау, өзінді неге мұнша қинағансың? Хақ тағала сенің өткенің мен болашақтағы барлық күнәларыңды кешірді ғой», – дейді. Сонда Пайғамбарымыз: «Маған мұншалықты нығмет берген Раббыма шүкірлік еткен құл болмайын ба?»[1] – деп жауап қатты.

Аллаһ елшісі өз өлшемін сақтап, шүкірлік шыңын қорғай алмаудан қорқып жылауда.

Негізі ол сияқты ар-ожданына дақ түсірмей өмір сүруге ешкімнің де шамасы жетпейді. Жеке құлшылықтарында өзіне тән ұстанымы болды. Нәпсісіне бір сәт те ерік бермей, тізгіндеп ұстады. Оның барлық ғұмыры құлшылыққа сай жоспарланған тәрізді. Құлшылық қылмаған бір сәттік уақыты да жоқтай. Әлбетте, оның ғибадатын ораза, намаз, т.б. түрлерімен шектеуге болмайды. Ол істеген әрбір ісін құлшылық ниетімен жасайтын.

Біз оны «Заһидтер заһиді» деп атасақ, бұл өзге теңеу таппаған шарасыздығымызды ұқтырады. Әйтпесе, оның зүһдінің басқа сөз, басқа теңеумен жеткізіуіміз керек еді.

[1] Ибн Хиббан, Сахих, 2/386; Ибн Кәсир, Тәфсирул-Қуранил-азим 1/441-442, Қуртуби, әл-Жами ли аһкамил-Құран, 4/310.

## 7. Пайғамбарымыздың қайырлы іске асығуы

Бір күні мешітке келіп, жамағаттың алдына шығып, намазға тұрды. Артынша дереу намазын бұзып, бөлмесіне қарай асыға басып жөнелді. Асыққаны сонша – сырттан қараған адам оны өрт сөндіруге кетіп барады деп ойлап қалғандай. Сәлден кейін қайтып оралды. Аптығы толық басылған. Намазға тұрып, жамағатқа имам болды. Намаздан кейін сахабалар не үшін аптығып абыржығанын сұрады. Ол: «Бағана маған кедейлерге таратылатын заттар келген болатын. Мен оны таратуды ұмытып кетіппін. Дәл намазға тұрған кезде есіме түсті. Үйімде таратылар дүние тұрғанда, жайбарақат намаз оқығым келмеді. Айшаға (р.анһа) барып, тез арада мұқтаждарға таратып бер дедім»[1], – дейді. Міне, зүһді, тақуалығы һәм оның дүниеге қызықпауы...

Сан рет дүние көрініп, өзін қабылдатқысы келсе де, ол қолымен қағып, кері қайтарған[2].

[1] Бухари, Әзән, 158; Нәсәи, Сәһу, 104.

[2] Муснәд, 2/231.

## 8. Сан күндер аш қалу

Оның нәр татпай аш жүретін күні көп еді[1]. Арпа нанымен болса да, тойына ас ішкен кезі болған емес[2]. Кейде бірнеше ай өтсе де, Аллаһ елшісінің қазанында сулы суанды сорпа да қайнамайтын[3].

Бір күні нәпіл намазын оқып жатты. Әбу Һурәйра (р.а.) намаздан кейін: «Пайғамбарым! Сырқаттанып қалдыңыз ба? Намазды отырып оқығаныңыздың себебі неде?», – деп сұрады. Ол: «Әбу Һурәйра! Бірнеше күннен бері нәр татқаным жоқ. Аштық бойымды жеңіп, тұруға дәрменім қалмады. Амалсыз намазды отырып оқып жатқаным сондықтан», – деп жауап береді.

Әбу Һурәйра осыны естігенде, еріксіз көз жасына ие бола алмады. Аллаһ елшісі осы сәт өзін ұмытып, маған: «Жылама, Әбу Һурәйра! Бұл дүниедегі аштық ауыртпалығы кісіні ақырет азабынан құтқарады»[4], – деп жұбату айтты.

Ол – көшбасшы еді. Халқының арасында күн ұзаққа аш жүретіндер[5] болғандықтан, Хақ пайғамбар өз ғұмырын солар қатарлы ұстауға тырысатын.

Ел ішінде дүниелік тұрғыдан ең кедей болып өмір кешті. Әрі бұл күйді ол өз қалауымен таңдады. Қаласа, шалқып өмір сүруіне болатын еді. Өзіне берілген сый-сияпаттардың өзі ауқатты тұруға жететін. Бірақ, ол мұны ешқашан ойламайтын.

Бұл Пайғамбар мен жамағаты дүниені толығымен тәрк етті деген сөз емес. Кейбір қара ниеттілер солай етіп көрсеткісі келеді. Қалаған адам табыс тауып, бай бола алады. Аллаһтың әмір еткеніне қатысты зекетін беріп, қоғам үшін жақсылық жасай алады. Иә, ешкім бұған қарсы емес. Тіпті, адал табыс табу Исламда құндылық саналады. Сонымен қатар, Аллаһ елшісінің айналасындағы кейбір жақын достары, жоғарыдағы айтылғандай, ерекше өлшемді ұстауы қажет болатын. Болмаса күн сайын өркендеп, Мекке мен Мәдина аймағынан асып түскен осы жамағаттың алғашқы шынайылықтарын сақтап тұру мүмкін емес. Бұл жамағат тек дүниенің қамын күйттейтін жамағат емес. Осы жамағат, сонымен қатар, рух, жүрек, ерік, ар-ождан жамағаты.

Міне, Хақ расулы жамағатының осы рухани күшін сақтап қалуға тырысты. Олардың жасайтын қаһармандықтарын алдымен өзі жасап көрсетіп отырған. Мына оқиға соның бір көрінісі:

Түн ортасы. Аштық Хақ пайғамбардың бойын жеңіп, ұйықтаудан қалады. Ақыры аштық өз дегенін істейді. Ол үйінен шығып, аз-кем көшеде жүреді. Аздан соң алыстан біреудің сұлбасын көзі шалады. Жақындағанда, бірден тани кетті. Өмірінде бір сәт болсын қасынан ажырамаған, ой-пікірде, амалда қашан да өзімен бірге болып келген Әбу Бәкір (р.а.) екен. Екеуі түннің бір уағында Мәдинаның көшелерінде әдейі кездескендей. Аллаһ елшісі оған сәлем берді. «Әбу Бәкір! Түн ортасында далаға не себепті шықтың?» – деп сұрады. Әбу Бәкір (р.а.) Пайғамбарды көргенде, өз қайғысын ұмытып кетті. Негізі қашан да ол осылай еді. Меккеде Хақ пайғамбарды құтқарам деп жүріп есінен танып қалатын кездері болатын. Бірде тәулік бойы ес-түссіз жатты. Есін жиып көзін аша салысымен «Аллаһ елшісінің халі қалай?» – деп сұраған еді. Анасы Умму Умара бұған ашуланып: «Өзі өлгелі жатқанымен шаруасы жоқ, пайғамбардың халін сұрағаны несі?!»[6] деп еді. Алайда, анасы пайғамбарын ойламаған кезде Әбу Бәкірдің (р.а.) өліп кететіндігін білмейтін еді. Өйткені, Рақым елші – оның ғұмырының көзайымы еді. Бұл жолы да одан жырақ қалмай, түн ортасында әлдебір сезім оны осы жерге дейін жетелеп әкелгендей болды. Ол Пайғамбардың өзіне қойған сауалына: «Аштық», – деп жауап береді. «Үйде тіске сыздық болар еш нәрсе таба алмадым. Ұйықтай алмай, ақыры сыртқа шықтым». Неткен ұқсастық десеңізші! Артынша: «Ата-анам саған құрбан, Пайғамбарым, өзіңіз жайша жүрсіз бе?» – деп сұрайды. Жауап бірдей болды. Хақ пайғамбарды да үйде отырғызбай сыртқа алып шыққан жағдай аштық еді.

Дәл осы сәтте тағы бір қарайған шалынады. Бұл ұзын бойлы, сымбатты кісінің Омар (р.а.) екені анық. Негізі араларына енді бір кісі жетпей тұрған еді. Аллаһ елшісі оң жағына Әбу Бәкірді (р.а.) алса да, сол жағында әдеттегі адамы жоқ болып тұрған. Бейне бір ізгі жандар қатарын толықтыру мақсатымен осында жүгіріп келе жатқандай. Иә, бұл адам Омар (р.а.) болатын. Алдарынан шыққан адамдардың өзінің екі досы екенін көріп, ол да таңырқап тұрып қалды. Бір-бірлеріне сәлем берді. Сөз Сұлтаны Омардың (р.а.) түн ішінде не істеп жүргенін сұрады. Ол да: «Аштық, Пайғамбарым» деп жауап қатты.

Пайғамбарымыздың есіне Әбул-Хәйсам (р.а.) түсті. Үйі осы маңайда болатын. Күндіз бау-бақшасында көріп қалса керек. Тым құрыса, құрмасымен аштықтарын баспақ. «Жүріңдер, Әбул Хәйсамның үйіне барайық», – дейді.

Әбул-Хәйсамның (р.а.) үйіне барды. Әбул-Хәйсам (р.а.) әйелі екеуі жатып қалған болатын. Отбасында кішкене баласы бар еді. Жасы шамамен бес-алтыларда. Алдымен есікті Омар (р.а.) қақты. Ол жуан дауысымен: «Әбул-Хәйсам!» деп дауыстады. Әбул-Хәйсам да, әйелі де естімеді. Бірақ, тәтті ұйқыда жатқан



бүлдіршін төсегінен атып тұрып: «Әке, әке! Тұр, Омар келіп тұр», – деп әкесін оятты. Әбул-Хәйсәм (р.а.) баласын түс көріп жатыр деп ойлап: «Жат, балам. Түн жарымында үйге қайдан келсін Омар», – деп баласын жатқызады. Есік ашылмаған соң, бұл жолы Әбу Бәкір (р.а.) дауыстайды. Бала қайта орнынан атып тұрып «Әке, тұр! Әбу Бәкір келіп тұр», – дейді. Әкесі оны қайта жатқызады. Бірақ, ақырғы дауыс Аллаһ елшісінің зор дауысы болды. Ол «Әбул-Хәйсәм!» – деп дауыстағанда, бала орнынан бұл жолы оқтай қарғып тұрды да, есікке қарай ұмтыла жөнелді. Жүгіріп бара жатып «Әке, орныңнан тұр, Пайғамбар келді!», – деп айқайлайды. Ұйқылы-ояу Әбул-Хәйсәм (р.а.) әу баста не болғанын білмей қалады. Артынша ұйқысы шайдай ашалып, дереу есікке ұмтылады. Өз көзіне өзі сене алмады. Түн жарымында шаңырағына Хақ Сүйіктісі келіп тұр. Дереу оларды үйіне кіргізіп, төрге шығарды. Дем арасында лақ сойды. Мұндай абырой адамға, шамасы, өмірінде бір-ақ рет нәсіп болатын шығар. Өмірінің ең бақытты сәттерін тамашалады. Дастарханға құрма, сүт, ет қойып, қонақтарын күтіп, абыр-сабыр болды...

Іштеріне ел қонған соң, Аллаһ елшісінің жанары жасқа толып: «Аллаһ тағалаға ант етейін, біз мына нығметтерден ертең есепке тартыламыз», – деп терең ойға батты. Артынша: «Сол күні сөзсіз барлық нығметтерден есепке тартыласыңдар» (Тәкәсүр, 102/8) деген аятты оқыды.

Омар (р.а.) – Пайғамбарымызға жақын адамдардың бірі. Ол Әз елшінің зүһд өмірін: «Аллаһ тағалаға ант етейін, мен Хақ пайғамбардың таңнан күн батқанға дейін аштықтан азап шеккендігін білемін. Өйткені, қарнын тойдыру үшін кейде құрманың ең нашарын да таба алмайтын»[7], – деп жеткізеді.

Алайда, Пайғамбарымыз кімнің шаңырағына бас сұқса да, үй иелері құрақ ұшып, ең мол дастархан жаяр еді. Дастархан болмай-ақ өзіне келген сый-сияпаттардың өзі жанұясына жетіп артылмайтын ба еді? Бірақ, ол қандай дүние келмесін дереу таратып отырған[8].

Дүниенің қызығын не үшін көрмейсіз? – деп сұрағанда, ол: «Исрафил қолына «Сұрды» ұстап, Хақ тағаланың әмірін күтіп тұрғанда, қалай ғана дүниенің қызығын татайын? Осындай күй кешкен адам дүниеден қызық іздей ме?»[9], – деп жауап беріп еді.

[1] Муснәд, 3/213.

[2] Бухари, Әтимә, 23; Муслим, Зүһд, 22.

[3] Бухари, Рикақ, 17; Муслим, Зүһд, 28.

[4] Әбу Нуайм, Хилия, 7/109.

[5] Қараңыз; Бухари, Әтимә, 23; Муслим, Зүһд, 12; Мәжмәуз-Зәуәид, 10/322.

[6] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 340.

[7] Муслим, Әшрибә, 40, Кәнзул-Уммәл, 7/196.

[8] Бухари, Бәдул-Уахи, 5-6; Саум, 7; Муслим, Фәдәил, 50.

[9] Тимизи, Қиямет, 8; Ахмәр ибн Ханбал, әл-Мүснәд, 1/326, 3/7

## Пайғамбарымыздың кішіпейілділігі

Аллаһ елшісі өте кішіпейіл болатын. Негізі үлкендердің үлкендігінің белгісі – кішілік болса, кішілердің кішілігінің белгісі кісілік пен тәкаппарлық[1]. «Кімде-кім кішіпейіл болса, Аллаһ тағала оның мәртебесін өсіреді, кімде-кім көкірек қақса, Аллаһ оны қор қылып, төмендетеді»[2]. Барша жұрт Әз елшінің терең кішіпейілділігіне қарап, үлкендіктің не екенін ұқты.

Көкірек қағып, тәкаппарланғандарды Аллаһ тағала жер түбіне батырған. Қарун, Перғауын, Нәмруд – бәрі де соның кебін киген. Жаратушымыз кішіпейілділердің мәртебесін өсірген. Олар Мұса (а.с.), Иса (а.с.), Ибраһим (а.с.) және хазірет Мұхаммед алейһиссәләм.

Аллаһ елшісінен өткен кішіпейіл жан болмады. Ол Аллаһтың құлы әрі елшісі болатын. Күндіз-түні Жаратқанға жалбарынып құлшылығында қашан да орта жолды сақтап: «Туралықтан айрылмаңдар, орта жолды сақтаңдар, әрқашан туралыққа жақындауға тырысыңдар»[3], – дейтін. Ғибадаттың өзінде астамшылыққа, яки кемшілікке бару Аллаһ елшісінің жолы емес. Ол – түп-тура орта жол мен туралықты мықты ұстанған адам. Негізі, туралық мұсылмандардың бес уақыт намазында Хақ тағаладан тілеген жолы емес пе? Ол – пайғамбарлармен сыддықтардың, шейіттердің жолы. Ақыретте солармен бірге болуды қалағандар осы дүниеде олардың жүрген жолымен жүруі тиіс.

Діннің рухында жеңілдік бар. Оны ауырлатқан, адам ақырында өзі жеңіліп тынады. Алайда туралық шеңберінде жүзеге асқан дін – жеңілдіктің нақ өзі. Осы мәселе басқа бір хадисте: «Күмәнсіз, осы дін жеңіл. Кімде-кім оны қиындатса, дін оған ауыр соғады»[4], – дейді.

Хақ елшісінің дінді ұстануы қандай болса, адамның көтере алатын діни өмірі де сол болмақ.

Пайғамбарымыз хадисінде: «Мынаны жақсы біліңдер! Ешбірін амалдарың арқылы құтыла алмайсыңдар», – деген. Бір адам күндіз-түні құлшылық қылып, Әсуәд ибн Язид ән-Нәхәи, Мәсрук яки Тауыс тәрізді ғибадат етсе де, бұл амалдары оның ақырет қиындығынан құтылуына жетпейді.

Аллаһ елшісінен жоғарыдағы хадисті естігенде, сахабалар дереу ақыретте Пайғамбарымыздың өз жағдайы қалай болмақ деген ойға қалды. Өйткені, оларға Аллаһ елшісінің жағдайы иләһи өлшем мен сенімділікке толы еді. Іле іштегі ойларын жасыра алмай: «Сен ше, Хақтың елшісі?» – деп сұрайды.

Міне, Аллаһ тағаладан қорқып, құзырында қалай тұру керектігімен өзіне жарасар тереңдікпен берген жауабы: «Иә! Егер Раббым маған рақымдылық пен шарапатын төкпесе, мен де амалыммен құтыла алмаймын».[5]

Кішіпейілдік дедік.

Оның кішіпейілділігінің өнегесі ретінде құлшылықтағы тереңдігін айтпай кетпеске болмайды:

Ол бір хадисінде «Менің шапағатым үмбетімнің үлкен күнә жасағандарына тиеді»[6], – дейді.

Аллаһ оның шапағат ету құқығын ақыретте осылай бағалайды. Негізі, біздің барлық үмітіміз де осы емес пе?

Күнәһармыз. Бірақ өзгеге табынбадық. Тек Аллаһқа құлдық ұрдық. Мәуләнаның сөзімен айтқанда:

«Құл болдым, құл болдым, құл болдым!

Мен Саған қызметте қол қусырдым.

Азат етілген құлдар қуанар,

Ал мен саған құл болғаным үшін қуандым!»

Хақ тағала біздің жалбарынған дұғаларымызды естіп, қабыл еткені іспетті уақыты келгенде оның елшісі де бізге шапағат ететіндігіне сенеміз.

Хақ елшісі үлкен күнә жасағандарға шапағат етеді. Біз де осы дүниеде тұрып, одан бізге шапағат етуін сұраймыз. Оның шапағатынан мақұрым қалуды қалайтын ешкім жоқ деп ойлаймын.

Шапағатын осылай кеңейтсе де, Аллаһ елшісі басқа бір хадисінде ең алысынан бастап ең жақынына дейінгі елі мен руына: «Ей, Қағб ибн Мүррә руы! Нәпсілеріңді Аллаһтан сатып алуды (Ақыретте пайда беретін сауапты істер жасауды, Құдайдың кешіріміне бөленуді) ойлаңдар. Өйткені, мен ақыретте сендерге жәрдемдесе алмаймын», – деп дауыстайды.

«Ей, Әбдіманап руы! Нәпсілеріңді Аллаһтан сатып алуды ойлаңдар. Өйткені, мен ақыретте сендерге жәрдем қолын соза алмаймын».

«Ей Әбдімүтталіп руы! Нәпсілеріңді Аллаһтан сатып алуды ойлаңдар. Өйткені, мен ақыретте сендерге көмек көрсете алмаймын»[7].

Сол заманда ру-тайпалар өз руынан шыққан ақын мен батырлары арқылы өздерін мақтап жатқанда, Аллаһ елшісінің осы сөздері кішіпейілділік өнегесі үшін аса маңызды. Ол ақын да, батыр да емес. Ол – ғаламның Мырзасы әрі ақырғы Пайғамбары. Осыған қарамастан, ру мен тайпасына Аллаһ құзырында тұрғанда

көмектесе алмайтындығын айтып, «Бізден пайғамбар шықты» деп мақтануға жол бермей, олардың жауапкершіліктерін естеріне салды.

Өзіне ең алыс ағайынынан бастап, ақыр соңында ең жақындарына келіп: «Ей, нағашы әпкем Сафия! Сен де нәпсіңді Аллаһтан сатып алуды (Ақыретте пайда беретін сауапты істер жасауды, Құдайдың кешіріміне бөленуді) ойла. Өйткені, ақыретте саған жәрдемдесе алмаймын!»[8] дейді.

Сафия (р.анһа) – Хамзаның (р.а.) қарындасы. Ухудта Хамза (р.а.) шейіт болғанда, ағасының сүйегін көрмек болады. Алайда, Аллаһ елшісі жүрегі шыдамас деп рұқсат етпейді. Осы батыл әйел ақырында қоймай жүріп, оның күл-паршасы шыққан денесін көреді. Иә, ол өте өжет әйел болатын. Сафия (р.анһа) – Аллаһ елшісі «Хауариім» деп атаған Зүбәйр (р.а.) атты сахабаның анасы[9]. Сафия – қанқұйлы Хажжажға қарсы Қағбаны қорғаған, дар ағашында шейіт болған Абдуллаһ ибн Зүбәйрдің (р.а.) әжесі[10]. Одан қалса, Сафия (р.анһа) Аллаһ елшісінің нағашы әпкесі еді. Осыған қарамастан, екі әлем Сардары оған әлгіндей насихат айтқан...

Иә, Аллаһ елшісі – тепе-теңдікті сақтай білген адам. Кейбір шамасын қарамай көсіліп сөйлеушілер секілді ақыретте бәріне қол ұшын беретіндігін айтпаған. Тіпті, қол ұшын бере алмайтындардың арасында өз сүйікті қызы Фатима (р.анһа) да болды. Ол қызына да сол сөзді қайталап: «Ей, Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қызы Фатима! (Сен нәпсіңді Аллаһтан сатып алуды ойла) өйткені ақыретте саған да көмек көрсете алмаймын»[11], – дейді.

Фатима (р.анһа) – Әлидің (р.а.) жары. Жасы жиырма беске толмай, бұл өмірден көшіп кеткен. Артынан келген барлық әулие мен асфиялар – оның нұрлы ұрпағы. Ол һәм уахи нөсерлеп жауған Пайғамбардың шаңырағында өскен. Ол һәм Аллаһ елшісінің «Фатима – менің бір бөлшегім»[12] деген қызы. Пайғамбарымыз оған жәннат әйелдерінің бибісі болатындығын айтқан[13]. Бірақ осыған қарамастан, Аллаһ елшісі Фатимаға (р.анһа) «Өзіңді Аллаһтан қорғауға тырыс!» деген.

[1] Бәдиуззаман, Лемеат.

[2] Мәжмәуз-Зәуәид, 10/325; Кәнзул-Уммәл, 3/113.

[3] Бухари, Иман, 29; Муслим, Мунафикин, 78.

[4] Бухари, Иман, 29; Нәсәи, Иман, 28; Муснәд, 4/422.

[5] Бухари, Рикақ, 18; Мәрдә, 19; Муслим, Мунафикин, 71,73,75-76.

[6] Әбу Дәууд, Суннә, 21; Тирмизи, Қиямә, 11; Муснәд, 3/213.

[7] Бухари, Уасәя, 11; Тәфсир, (26), 2; Муслим, Иман, 348-352.

[8] Муслим, Иман, 349-350.

[9] Бухари, Жиһад, 40-41; Муслим, Фәдәилус-Сахаба, 48.

[10] Ибн Хәжәр, Исәбә, 2/309-311.

[11] Бухари, Уасәя, 11; Тәфсир, (26), 2, Муслим, Иман, 348-350.

[12] Бухари, Фәдәилул-Асхаб, 12, 16, 19; Муслим, Фәдәилус-Сахаба, 93-94.

[13] Бухари, Фәдәилул-Асхаб, 29; Тирмизи, Мәнәкиб, 30.

## Пайғамбарымыздың құлшылығы

Оның құлшылығына куә болған адамның арманы жоқ.

Тіпті, көз жасын төкпей оқыған намаздары жоқтың қасы. Сахабалар ол намаз оқығанда, айналған диірмен тасының дыбысындай көкірегінен дыбыс естілетінін айтады[1]. Оның құлшылыққа деген терең жауапкершілігі оның жүрегін қазандай қайнатқан.

Өмірдің ешбір ләззаты оның намаздан алған ләззатындай болмады. Сондықтан да бір күні: «Бұл фәниде маған мына үш нәрсені сүйдірді: Әйел, жұпар иіс және көзімнің нұры – намаз», – деп еді.[2]

Әйел адамның ер кісіге ұнайтындығы белгілі. Адам ата (а.с.) жаратылған кезде, осындай сезіммен жаратылған. Осы сезімнің жоғары түрі – нәпсіқұмарлық. Бұл – адамға ұрпағын жалғастыру үшін алдын ала берілген ақы. Мұндай құмарлық берілмегенде, ұрпақтың жалғасуы мүмкін емес. Аталмыш құмарлықтың адам табиғатында бас көтермей қоймайтындығын білген Пайғамбарымыз монахтар секілді әйел затынан жеруді құп көрмеген. Сондықтан да Аллаһ тағала ердің әйелге, әйелдің ерге құмартуы үшін шәһуатты жаратты. Адамға жаратылысында бар осы сезімді тұншықтырып ұстау мүмкін емес. Мүмкін болатын болса, Адам ата (а.с.) ол сезімді тежер еді. Пайғамбарымыз: «Аллаһ тағаланы ең жақсы біліп, Одан ең көп қорыққан адам менмін. Бірақ, мен ғибадат қылсам да, әйелдеріммен бірге боламын. Дем алып, түнде құлшылығымды да жасаймын. Ораза ұстап, тамақ та жеймін. Бұл – менің жолым. Менің жолымнан бет бұрған кісі менің үмбетімнен емес»[3], – дейді. Ол – нағыз тепе-теңдікті сақтай білген, оның әкелген принциптері де көңілге қонымды болды. Әкелген діні – кеңпейілді ханиф діні. Барша жұрт емін-еркін жүзеге асыра алатын жүйе атауы. Ол дінді ат төбеліндей адамдарға ғана емес, күллі адамзатқа лайықты етіп әкелді.

Хош иіске келсек, періштелер жұпар аңқыған иісті ұнатады. Аллаһ елшісінің жаны мен тәні аса сезімтал әрі нәзік болғандықтан, жаратылысы да періштедей еді.

«Рухият» басқа, «руханият» мүлдем басқа нәрсе. Осы екеуінің де тізгінін қолға алған адам – нағыз нәпсісін тазартқан адам. Сондықтан да «Сафият» (нағыз нәпсісін тазартқан адам) дәрежесіне пайғамбарлар ғана жете алады. Осы мәртебенің шыңында Пайғамбарымыз тұр. Оның тәні миғражда рухымен жарысып, рухы қайда барса, Пайғамбарымыздың тәні одан бір елі ажыраған емес.

Мен осы жерде миғражға қатысты тартысты қайталағым келіп тұрғаным жоқ. Ислам ғұламаларының басым бөлігі Пайғамбарымыздың миғражға рухы мен тәні

арқылы шыққандығын айтады[4]. Өзгелер рухтары арқылы, яки, түстерінде миғражға шығуы мүмкін. Бірақ, рухы мен тәні арқылы миғражға шығу тек Пайғамбарымызға нәсіп болған. Сол істің қаһарманы Ақиық елші ғана.

Хош иіс – періштелер мен руханилардың азығы. Аллаһ елшісі де олармен рухы әрі тәні арқылы біте қайнасқандықтан хош иісті өте ұнатқан. Жақсы иіс оны қуанышқа бөлейтін.

Аллаһ расулы «маған әйел мен хош иістер сүйдірілді» деу арқылы адамның рухы мен тәнінің қажеттілігін білдірді.

Үшіншісіне келсек, осы арада сәл шегініс жасап іркіле тұру қажет. Өйткені, Аллаһ елшісі «Намаз – менің көз қарашығым, құмарлығым» дейді.

Бізге «ең жақсы көретін адамың келді» деп сүйіншілесе, төбеміз көкке жетеді. Аллаһ елшісі де намазға тұрар алдында біздің осы қуанышымызды жүз есе орап алатын қуанышқа кенеліп, шаттанады. Мысалы, Фатима (р.анһа) ұзақ уақыт алысқа кетті делік, бір күні Пайғамбарымызға Фатиманың (р.анһа) келе жатқанын айтса, ол қалай қуанар еді. Намаз уақыты кіргенде ол бәрін ұмытып, көңілі лезде шаттыққа толатын. Өйткені, намаз – оның сүйіктісі, намаз оның көзінің қарашығы еді.

Төбаранидің жеткізген басқа бір хадисінде айтылғандай, Пайғамбарымыз:

«Аллаһ әрбір пайғамбарды өзіндік көңіл қалауымен, құмарлығымен қоса жаратқан. Менің құмарлығым – түнгі намаз»[5], – дейді.

Мұның мағынасы: «Сендер әр түрлі ләззаттарды іздейсіңдер. Әсіресе тән ләззатын. Ондай ләззаттар сендердің ақыл-естеріңді алып, тартып әкетеді. Маған келсек, мен ар-ождан деген азаншының «тұр, намаз уақыты кірді», – деген дауысын естігенде, есімнен танғандай күй кешемін. Түнде намазға тұрмаған кездерім – менің ең үлкен қасіретім. Менің ең бақытты сәттерім – намаз оқып тұрған сәттерім»

Аллаһ елшісінің құлдығы, Хақ тағаламен байланысы, сондай-ақ тәухид ұлылығын паш етуі аса терең болды, мұндай тереңдікке ешкім бойлап көрмеген. Аталмыш хадис те осының айқын мысалы.

Ардақты Айша анамыз (р.анһа) былай дейді: «Бірде түн жарымында ояна кетсем, жанымда Пайғамбар жоқ. Басқа әйелдерінің біріне кетті ме деп ойладым. Қолыммен қарманып, жан-жағымды сипалап көрдім. Бір кезде қолым аяғына тиді.



Рақым Пайғамбардың намазда тұрғанын аңғардым. Басы сәждеде. Құлақ тосқанымда, оның егіле жылап, былайша жалбарынып жатқанын естідім:

«Аллаһым! Азабыңнан разылығыңа сыйындым. Жазаннан – кешіріміңе сыйындым. Аллаһым! Өзге емес Сенен Саған сыйындым. (Қаһарыңнан – қамқорыңа, азабыңнан – рақымыңа, ұлылығыңнан – шапағатыңа сыйынамын). Өзіңді мадақтағаныңдай Сені мадақтауға осал екенімді мойындаймын»[6] «Сенің жақындығың ұлылық (Саған жақын болғанның мерейі үстем болмақ). Сенің мадақталуың ұлылық. Сенің әскерің даңқты. Сен берген уағдаңнан таймайсың. Сенен басқа құдай, Сенен өзге құлдық қылуға лайық ешкім жоқ»[7] .

Иә, оның намазға тұруы құмарлық тәрізді. Осыған ұқсас мысалды Әбу Зәррдан (р.а.) тыңдап көрейік. «Бірде таңға дейін намаз оқыды. Дұға аяттары келгенде, сол дұғаларды көп қайталап, намазды өте терең оқыды. Нәпіл намаздарында сәждеде, рүкуғда, қиямда оқылатын көптеген ұзақ дұғалар бар. Сол түні таңға дейін: «Егер оларды азаптасаң да, олар Өзіңнің құлдарың, егер оларды жарылқар болсаң, күдіксіз, Сен аса үстем, хикмет иесісің» (Мәида, 5/118) аятын оқып көз жасын тыя алмай қойды»[8]. Ол намазды қанша оқыса да тою дегенді білмеді.

Енді Ибн Мәсғұдқа (р.а.) құлақ салайық: (Ибн Мәсғұд Куфаның жауһары, атақты сахаба. Ханафи мәзһабы оған борыштар. Әлқама, Ибраһим Нахαι, Хаммад ибн Әби Сүлеймандар (Әбу Ханифаның ұстазы) – оның шәкірттері. Сахабалар оны әһли бәйттен деп ойлайтын. Иә, ол Аллаһ елшісінің шаңырағына өз үйіндей емін-еркін кіріп шығатын[9]. Пайғамбарымыз оған Құран оқытып тыңдайтын да: «Құранды жаңа түсіп жатқандай тыңдағыларың келсе, Ибн Умми Абдқа (Ибн Мәсғұд) құлақ қойыңдар»[10], – дейтін. Омар (р.а.) оны Куфаға жібергенде, ішкі сезімін білдіріп: «Куфалықтар! Егер сендерді өзімнен артық санамағанымда, Абдуллаһ ибн Мәсғұдты (р.а.) әсте қасымнан айырмайтын едім»[11], – дейді. Қысқа бойлы, аяқтары жіңішке болатын[12]. Бірақ, ілімге келгенде жатқан мұхит еді.

Осы Ибн Мәсғұд (р.а.) былай дейді: «Бір күні Аллаһ елшісімен бірге түнгі намаз оқуды қаладым. Түні бойы оның қасында болып, жасаған құлшылықтарын мен де жасамаққа ниеттендім. Намазға тұрды. Мен арт жағында тұрып, оған ұйыдым. Бірақ, рүкүғқа баратын ойы жоқ. «Бақара» сүресін бітірді. Енді рүкүғқа баратын шығар дедім. Ол ары қарай жалғастыра берді. Сосын «Әли Имран», одан кейін «Ниса» сүресін оқыды. Содан соң ғана рүкүғқа барды. Намаз кезінде шаршағаным сонша – басыма пендешілік ой келді. (Бұл пендешілік ой не болуы мүмкін. Бірден Сүлеймен (а.с.) тәрізді Аллаһ елшісі қиямда өліп кетпеді ме екен деген үрейлі ой келуі мүмкін). Мәсғұдты тыңдаушылардың арасынан біреу: «Не ойлап едің?» деп

сұрады. Ол: «Намазды бұзып, оны оңаша қалдырып кетіп қалғым келді»[13], – деп жауап қатады.

Абдуллаһ ибн Амр да мына уақиғаны былайша жеткізеді: «Бір күні түнде Аллаһ елшісімен намазға тұрдым. Ол мына аятты қайталап, егіліп жылады: «Аллаһым, сөзсіз олар адамдардың көпшілігін адастырды. Кімде-кім маған ерсе, ол менен. Кімде-кім қарсы шықса, Кешірімшіл және Рақымды сенсің» (Ибраһим, 14/36). Тағы бір күні мұңайып жүрді. Сол күні көзінен жас құрғамады. Жәбірейіл келіп, Аллаһтың сәлемін жеткізді. Хақ тағала «Мұхаммедім, неге жылайсың?» – деп сұрап жатыр дейді.

Жаратқан Аллаһ – күллі ғайыпты Білуші. Ілімі бүкіл жаратылыстың сырын қамтиды. Ешкім Оның ілімі мен құдыретінен тыс бола алмайды. Бірақ, солай бола тұра сұрайды.

Аллаһ елшісі өз-өзін тоқтата алмағандықтан, жауап бере алмады. Бар-жоғы «Үмбетім, үмбетім» деуге шамасы келді. Қайғысы белгілі. Үмбетінің жайы. Жәбірейіл мән-жайды біліп қайта кетті. Хақ тағала оны екінші мәрте сәлеммен жібереді де, оны мына сөздермен жұбатты: «Бар да Хабибіме: Сөзсіз үмбеті жайлы сені қуантады. Сені әсте мұңайтпаймыз» деген сөзімді жеткіз!». [14].

Ол ғұмырын құлшылықпен өткізді. Намаз оның ең сүйікті ісі болды. Күндіз-түні намаз оқумен өмір сүрді. Қалай ғұмыр сүрсең, солай өлесің деп өзі айтпап па еді?! [15] Әрбір фәни секілді ол да өлетін еді. Бірақ, ол намазбен ғұмыр кешіп, намазымен өмірден аттанды.

Ақырғы күндері. Кірпік қағуға қауқары да қалмаған. Үстіне бір шелек мұздай су төгіп жібергенде ғана көздерін ашты. Егер бір ауыз сөз айтуға шамасы келсе «Жамағат намаз оқыды ма?» деп сұрайтын. Бірақ, осы сөздің өзі ауыр тиіп, есінен танып қала берді. Су бүрку арқылы қайта есін жинағанда айтар сөзі «Жамағат намаз оқыды ма?» болды.

Жоқ, жамағат оны күтіп отырған. Бәрінің көзі оның есігінде. Қашан перде ашылып, мешітке қайтадан «Күн» шықпақ. Қалың қауым осыны күтіп тұрды. Жұрттың көбісі сол Күннің батуға айналғанын сезген. Бірақ, көңіл құрғыр осыған сенгісі келмейді. Осы кезде Аллаһ елшісі имам болуға шамасы келмейтінін сезіп, «Әбу Бәкір имам болсын» деп жарлық берді. Аздап өзіне келгенде немере ағасы Аббас (р.а.) пен немере ағасының ұлы һәм күйеу баласы Әлидің сүйемелдеуімен аяқтарымен жер сыза мешітке бет алады. Әр қимылынан намаздың аса маңыздылығын көрсетіп тұрды. Өзінен кейін имам болатын адамның артында

намазға тұрды. Намазын отырып оқыды. Ол осылайша екі рет намаз оқыды. Алғашында намазды Аллаһ елшісінің өзі оқыды. Әбу Бәкір (р.а.) арттағыларға оның сөзін жеткізіп тұрды[16]. Келесі намазын Әбу Бәкірдің (р.а.) артында тұрып оқыды[17]. Жамағатына өзінен кейін болатын имамға ишарат етті.

Тағы да бір рет ол намазбен жамағатымен бірге болды. Ақырғы сәтіне дейін жамағатынан айрылмады. Тіпті аяқтары жерге сүйретіле мешітке келіп, намазын жамағатпен оқыды...

Ахмад ибн Ханбәлдың пікірі бойынша, жамағат «айн парызға» жатады[18]. Өйткені, Аллаһ: «Рүкұғ еткендермен бірге рүкұғ жаса» (Бақара, 2/43), – дейді. Имамдардың кейбірі жамағатты намаздың парыздары қатарында санайды. Олар жамағатсыз намазды намаз деп қабылдамайды.[19] Имам Шафиғи бойынша жамағат «кифая парызға» жатады[20]. Ханафи мәзһабында болса, мүәккәд сүннет[21]. Осы имамдардың кейбірі жамағатты уәжіп санайды[22].

Біз осы жерде мәселені шариғат заңдылықтар тұрғысынан талдап отырғанымыз жоқ. Тек еске салуды көздедік. Негізгі тақырыбымыз – Аллаһ елшісінің құлшылығы, ғибадатындағы мұқияттылығы мен намаздағы тереңдігі.

Жай адамның өзі намазын ықыласпен оқыса, намаз оны жамандықтардан тыяды. Ал енді Хақ пайғамбардың намазына қараңыз. Ол намазын қалай ғана қаза қылсын. Жо-жоқ. Оған мүлдем жол берген емес.

Оның оқыған намазы жайлы Айша анамыз (р.анһа): «Қиямда тұрғанын көрсең, сен сұрама. Рүкұғын айтсаңшы! Сәждесіне қара! Айтуға тіл жетпейді»[23] деп, Аллаһ расулының оқыған намазының ғажаптылығын осындай таңданыс сөздерімен жеткізуге тырысқан.

Хақ тағаланың бар екендігіне еш дәлел болмаған күннің өзінде Аллаһ елшісінің оқыған намазы айғақ ретінде жетер еді. Өйткені, ол әрбір намазын Хақ тағаланы көріп тұрғандай оқитын.

Оның құлшылығы біртұтас болатын. Намазды аса терең оқу арқылы оған ерекше мән бөлгенімен, міндетті түрде құлшылықтың басқа түрін де ұмытпайтын, мысалы, оразаға осалдық танытқан емес. Аптаның бір-екі күнін ауыз бекітумен өткізетін, кейде бірнеше күн ораза ұстайтын. Қайта ауыз ашпайтындай көрінетін[24]. Кейде жұрт тәрізді ауыз ашатын. Бірақ, ауыз бекіткен күндері өте жиі еді.[25]

Ол көбінесе «Уисал» оразасын ұстайтын. Яғни, бірнеше күн қатарынан ауыз ашпай ораза ұстаған. Сахабалар оның ұстаған оразасына қызығып, еліктегісі

келетін. Бірақ, бұл өте ауыр еді. Рамазан айының ақырғы күндерінде Пайғамбарымыз «уисал» оразасын ұстауға ниеттенеді. Сахабалар да ниет қылады. Бірақ, ораза бірнеше күнге созылғанда, бәрінің де әл-дәрмені қалмайды. Міне, осы кезде айт күні туып қап, барлығы сүйінеді. Өйткені, айт бір күнге кешіккенде, тағаттары таусылғандай еді. Аллаһ расулы олардың осы хәлін көргенде, күлімдеп: «Егер айт кешіккенде, мен әрі қарай оразамды үзбей жалғастыра беретін едім», – дейді. Сол сөзін жалғастырып, өзінің шамасы жеткен осы құлшылыққа олардың тағаттары жетпейтіндіктерін айтты. «Өйткені Аллаһ сендер түсіне алмайтын түрде мені рызықтандырады»[26], – деді.

Әсіресе, рамазан айының ақырғы күндерінде Аллаһ елшісі күні бойы құлшылық қылатын[27].

Жаздың аптап ыстық күндерінде де Хақ пайғамбар ораза ұстайтын. Жауымен шайқасып жүріп те, майдан өтінде ораза ұстаған. Әсіресе, соғыстың жан берісіп, жан алысатын кездерінде онымен бірге Абдуллаһ ибн Рауаха (р.а.) ғана ауыз бекіткен[28]. Ол «Ораза – күнәдан қорғайтын адамның сауыты»[29], – дейтін. Яғни сауыттың ең мықтысымен өзін қорғаған.

[1] Нәсәи, Сәһу, 17; Ибн Мәжә, Мукаддимә, 3; Муснәд, 4/25.

[2] Нәсәи, Ишрәтин-Нисә, 1; Муснәд, 3/129,199,285.

[3] Бухари, Никах, 1; Муслим, Сиям, 73.

[4] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 3/140.

[5] Мәжмәуз-Зәуәид, 2/271.

[6] Муслим, Салат, 222; Әбу Дәууд, Салат, 148; Уитр, 5.

[7] Тирмизи, Даауат, 91.

[8] Муснәд, 5/149.

[9] Бухари, Фәдәилул-Асхаб, 27; Муслим, Фәдәилус-Сахаба, 110-111.

[10] Бухари, сол жер, Муслим, Фәдәилус-Сахаба, 116-117; Муснәд, 1/26.

[11] Ибн Сад, Табақат, 1/157.

[12] Муснәд, 1/320-321.

[13] Бухари, Тәһәжжүд, 9; Муслим, Мусафирин, 204; Муснәд, 1/385-396.

[14] Муслим, Иман, 346.

[15] Муслим, Жәннат, 83.

[16] Бухари, Әзән, 51; Муслим, Салат, 90-97.

[17] Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 5/254-255.

[18] әл-Жәзири, Мәзәһиб, 1/405.

[19] Айни, Умдә, 5/161-162.

[20] әл-Жәзири, а.а.е., 1/407.

[21] Мәргһинәни, әл-Һидәя, 1/55.

[22] Ибн Хуммәм, Фәтхул-Қадир, 1/300.

[23] Бухари, Тәһәжжүд, 16; Муслим, Мусафирин, 125.

[24] Әбу Дәууд, Саум, 53; Тирмизи, Саум, 43; Муснәд, 2/91.

[25] Бухари, Саум, 53; Муслим, Сиям, 178.

[26] Бухари, Саум, 49; Муслим, Саум, 59. Муслим, Итиқаф, 7.

[27] Бухари, Ләйләтул-Қадир, 5;

[28] Муслим, Сиям, 108-109.

[29] Бухари, Саум, 2; Тәухид, 35; Муслим, Сиям, 162-163.

## Аллаһ елшісінің дұға шуағы

Дұға – құлшылық[1], дұға – ғибадаттың өзегі[2], дұға – тікелей Жаратқанға бет бұрып жалбарыну. Құлшылық жайлы айтылғанда дұға туралы айтпау мүмкін емес. Негізі Аллаһ «Дұғаларың болмаса, қандай қадір-қасиеттерің бар?!» (Фурқан, 25/77) демеуші ме еді? «Дұға етіндер, қабыл етейін» (Мумин, 40/60).

Дұға – Аллаһ пен құл арасындағы асыл байланыс. Басқа сөзбен айтқанда, құл дұға арқылы ғана өз ойын Жаратқанға жеткізе алады. Құл шамасы келмейтін барлық ауыртпалықтың емін құдіреті шексіз Ұлы Жаратушыдан тілейді. Бұл тілектің атауы – дұға. Ол – құлдан Жаратушысына қарай қалқып көтерілген әуен.

Қазіргі кезде тек бес уақыт намаз яки кейбір құлшылықтардың соңында ғана айтумен шектеліп қалған дұға, негізінде, өмірдің басты қажеттілігі. Өмірді дұғасыз өткізу мүмкін емес. Ғұмырымыз бастан-аяқ дұғадан тұрады. Дұға – Хақ тағаланың разылығының, жәннаттің кілті. Дұға – «құлдан» бастап Жаратқанға қарай көтерілген құлдық рәміз, Жаратқаннан «құлға» түскен рақым мөрі[3]. Анығырақ айтқанда, ол – Аллаһ тағала мен құл арасындағы қатынастың түйіскен жері. Дұға – бір жағынан ғибадат, екінші жағынан, мүмкіндік әлемі (физикалық) мен метафизикалық (көк әлемі, ғайып) әлемді біріктірген, адамды бірте-бірте Хаққа көтеретін нұрлы саты.

Дұға Аллаһ тағаланың мейрім төгуіне арқау болады. Дұға, сондай-ақ, пәлекеттің бетін қайтарушы, алдын алушы. Иә, рақымдылық пен разылықты шақырып, азап пен пәлекетті қуатын әсерлі құлшылық – дұға. Көбінесе адамның мүмкіндігі түгесілген сәтте дұға басталады. Негізінде, оның бастауы мен ақырын анықтау мүмкін емес, яки, мүлде жоқ. Өйткені, адам ешқашан дұғаға тоқмейілси алмайды. Пенде Жаратушысының есігін дұғамен қағып, сол есіктен дұға арқылы тілдеседі. Рақымдылықты нөсердей өзіне тартқан – осы дұға.

Біздің пайымымызда дұға дегеніміз – тілек. Біз барлық қажеттіліктерімізді Раббымыздан тілейміз. Бірақ, өкінішке қарай, не сұрайтынымызды, қалай сұрайтынымызды да біле алмаймыз. Тілеп жатып та, Ұлы Жаратушыға әдепсіздік танытып қоямыз. Оның қалауын емес, өзіміздің қалауымызды көздейміз. Тілегіміздің дереу орындалуын қалаймыз. Орындалмаған тілекті қабыл болмады деп мұңаямыз. Мұның бәрі дұғаның өзіне тән әдептілігіне жат. Мұндай ниетпен жасалған дұғалар Аллаһ тағала мен құл арасындағы байланысқа жатпайды. Оның әдісі мен әдептілігіне бағыну – дұғаның қабыл болуының ең негізгі шарттары.



Дұға кейде іштей қалауға айналып, жүректен шығады. Осындай жағдайда құл ләм-мим демейді. Тіпті, еріндері де қимылдамайды. Бірақ ғайыпты білуші Жаббар Иенің халін білетіндігін сезіп, толық тәуекел етеді. Ақырында, Ибраһим алейһиссәламның отқа лақтырылған кездегі халі тәрізді тілегіне жетеді. Сырттай өзіңе көмектесетін мүмкіндік қалмаған сәтте: «Ей, от! Ибраһимге салқын әрі саламатты бол (Ибраһимді күйдірме)» (Әнбия, 21/69) деген иләһи жарлық оған күтпеген жерден көмекке келген.

Дұғаның екінші түрі – жүректегі сезімдердің тіл арқылы Жаратқанға жетуі. Ондайда құл тек хал-жағдайын айтады, бірақ қалауын ашық білдірмейді. Кейде халін де, қалауын да жеткізеді. Құран пайғамбарлардың дұғаларынан екеуіне де мысал етіп таңдаған. Біріншісі, Әйюб алейһиссәламның: «Я, Раббым! Маған зиян тиді. Сен – рақымдылардың ең Рақымдысысың» (Әнбия, 21/83) дұғасы арқылы, Жүніс пайғамбар: «Сенен басқа Құдай жоқ. Шынында, мен әділетсіздік етушілерден болдым» деген дұғасы тәрізді. Екінші жағдайға Зәкәрия пайғамбардан мысал берілген. Ол да Жаратушысына «Ей, Раббым! Маған игі ұрпақ бер. Сөзсіз, Сен тілекті естушісің» (Әли Имран, 3/38) деп дұға еткен.

Сондай-ақ, Құранда дұға мәселесінің терең қозғалып, Пайғамбарымызға тікелей үйретілуінен-ақ оның өте маңызды екендігін байқаймыз. Бұлай болмағанда, Құран Кәрім жүздеген аяттары арқылы дұға жайлы сөз етер ме еді? Бұдан басқа, Пайғамбарымыздан риуаят етілген жүздеген, тіпті мыңдаған хадис шәріптер де дұғаның маңыздылығын арттыра түседі. Ол өмірдің барлық сәтін құр жібермей, қажетті дұғаларды үмбетіне үйретіп кеткен. Адам баласы қашан да ішкі тілектерін ең көркем түрде аз сөзге көп мағынаны сыйдырып жеткізгісі келеді. Ең үлкен көмекшіміз – Құран Кәрім, келесі көмекшіміз –хадис шәріптерде айтылған дұғалар.

Мәселе айқын. Өйткені, бізге бәрін берген Жаратушы осы дұғалар арқылы қалай тілек тілеуді үйретеді. Дұғаларды терең үйренген жан, сөз жоқ, Хақ тағаланың елшісі еді.

Туралық – Өз елшінің айнымас тұғыры. Негізінде, құлшылық туралықты білдіреді. Хақ тағала «Маған құлшылық қыл. Тура жол – осы» (Иасин, 36/61) деп, дұғаның қасиетіне ишарат еткен. Аллаһ елшісінің барлық ісінде өлшем мен тепе-теңдік бар. Ол әскерлерін жорыққа аттандырғанда, құмырсқа екеш құмырсқаның өзіне қиянат жасаудың үлкен зұлымдық екендігін шегелеп ескерткен. Қандай жағдайда, қай уақытта болмасын, ол сыртқы жағдаяттарды назарға ұстағанмен дұғаны да бір сәт естен шығармаған.



Күндіз-түні көз жасын көлдете жалбарынған Аллаһ елшісінің 63 жылдық ғұмыры – тұтас мектеп. Осы мектептен адамзат дұғаның не екендігін, дұғаның әдебін, екі дүниелік пайдасын көріп ғибрат ала алады.

Ақиық елші дұғаларын ғұмырына бөліп, әрқашан осы нұр аясында жүрді. Дұға оның аузынан түспес жыры, жүрегіндегі күрсінісі болды.

Сахабалар да өмірлерін құлшылықпен өткізді. Алайда онымен иық теңестіруге ұмтылғанмен, бәрібір ілесе алмады. Ол шаршаудың не екенін білмей, әрқашан алда жүріп отырды. Өйткені, Аллаһ оны әрдайым алға қарай тура жүрсін, үнемі алда болсын деп жаратқан. Миғражда Жәбірейілдің өзі оған ілесе алмай, артта қалып қояды. Ол «Маған қарайлама, Пайғамбар! Бұдан былай жол сенікі» деді. Иә, ол бейне бір періштелермен жарысқа түскен адам тәрізді.

Ол құлшылық пен дұғаның ұшар шыңында болды. Аллаһ тағаланың ұлылығы мен құдіретін ең асқақ шыңнан тамашаласа да, тоя алмай: «Сені лайықты түрде тани алмадық», – деп күрсінеді. Әбу Бәкір (р.а.) де: «Жаратушыны ұғынуға қауқарсыз екендігін ұғынуы – пенденің нағыз ұғынуы болмақ», – дейді.

[1] Тирмизи, Тәфсирул-Қуран, 3, 16, 40; Ибн Мәжә, Дуа, 1; Муснәд, 4/267.

[2] Тирмизи, Дуа, 1.

[3] Дәйләми, әл-Фирдәус, 2/224.

## Дұғаларының бір шоғыры

Ақиық елшінің барлық дұғаларын бұл жерде талдап шығу мүмкін емес. Негізінде, біз дұға етуде де онымен теңдесетін жанның жоқтығын ғана айтуға талпынғанбыз. Оның дұға етудегі ықыласын терең ашып көрсете алмайтындықтан тақырыпты бірнеше мысалдармен айшықтап сөзімізді түйіндейміз.

### Ұйықтар алдында

Ұйқы – өлімнің бауыры[1]. Адам ұйықтағанда, осыны ұққан жөн. Өйткені, әр көз жұмуы ең соңғы кірпік ілуі болуы да мүмкін. Аллаһ елшісі жатар алдында: «Бақара» сүресінің бастапқы және ақырғы үш аятын оқитын[2]. Мұнымен қатар «Аятул-Курси»[3], «Иасин»[4], «Мүлк»[5], «Сәжде»[6], сосын үш рет «Ықылас» пен «Фәлақ», «Нас» сүрелерін және бір рет «Кәфирун» сүресін оқыған[7]. Сосын қолын жайып қос алақанына үпіріп, қолдарымен денесінің қол жеткен жерінің бәрін сипап шығатын.[8] Одан кейін бірнеше дұға оқитын. Бірақ, ол дұғалар көлемді болғандықтан, бұл жерде келтіре алмаймыз. Ол қасиетті дұға-тілектерді арнайы дұға жинақтарынан табасыз. Қалаған жан сол дұғаларды үйреніп, өмірін нұрландырсын.

### Ұйқыға бас қоярда

Ұйқыға бас қоярда отыз үш рет «субханаллаһ», отыз үш рет «әлхамду лиллаһ», отыз үш рет (бір деректе отыз төрт) «Аллаһу әкбар» деп, артынан бірнеше дұға оқыған[9]. Осы дұғалардың бірі мынау: «Аллаһым, өзімді Саған тапсырдым, жүзімді Саған бұрып, істерімді де Саған тапсырдым. Қорқып әрі үміт етіп, Саған арқа сүйедім. Сенен жалғыз Саған сыйына алады, басқа сыйынушы жоқ. Аллаһым, түсірген Кітабыңа, жіберген Пайғамбарыңа иман келтірдім. (Пайғамбар өз пайғамбарлығын растауы шарт). Аллаһым, құлдарыңды тірілтетін күні мені азаптан сақта. Мен тек Сенің атыңмен өліп, Сенің атыңмен тірілемін»[10]. Оң қолын самай тұсына қойып, тізелерін аздап бүгіп, оң жаққа қарап жататын[11]. Пайғамбарымыз осылайша көз іліп, осылайша оянатын, ұйқысы өте сергек еді. Өйткені, ол әр түні түнгі намазға тұруға асығатын.

### «Тәһәжжүдке» тұрғанда

Пайғамбарымыз «Тәһәжжүд» намазына тұрғанда, мына дұғаны оқыған:

«Аллаһым, Сені хамд-мадақ етемін. Сен көктер мен жерді және оның ішіндегілерді тік ұстаған «Қайюмсың». Саған хамд болсын. Сен – көктер мен жердің және оның ішіндегілердің бәрінің нағыз Иесісің. Саған хамд болсын. Сен – көктер мен жердің және олардың арасындағылардың нұрысың»[12].

Түн жарымында осы дұғаның оқылуы да тегіннен-тегін емес. Неге десеңіз, көктің қақпалары түнде ашылып, барлық әсемдігімен жарқырап көрінеді. Мысалы, жұлдыздар. Таңғажайып үйлесіммен бүкіл ғаламшарды жаратқан Аллаһ тағалаға осы дұғада ұлық-мадақ айтылады.

«Қайюм» көп ғұламалардың көзқарасы бойынша «ағзам есімге» жатады. Пайғамбарымыз Хақ тағалаға мадақ айтқанда, көбінесе осы есімді шапағатшы етіп мадақтайды.

Зат та, мүлік те Аллаһ тағаланыкі. Ендеше, Ие де, Патша да Өзі ғана.

Аллаһ елшісінің Хақ тағалаға адалдығына қайран қаласыз. Пайғамбарымыз жатар алдында Аллаһты ұлықтап, екі-үш сағат өтер-өтпестен қайта тұрып, оған деген серті мен антын тағы да жаңғыртады. Өйткені, ұйықтағанда, өзге әлемдерді аралайтындықтан, мына әлем сертін ұдайы жаңғыртып отырғанды жөн көреді.

Іле-шала, сол дұғаны ары қарай былайша жалғастырады:

«Саған хамд болсын, Сен Хақсың. Уағдаң хақ. Саған қауышу хақ. Сенің сөзің хақ. Жәннәт та, жәһаннам да хақ. Пайғамбарларың және Мұхаммед хақ. Қиямет күні де хақ.

Аллаһым, Саған берілдім. Саған иман келтірдім. Тәуекелім Саған және толықтай Саған жүзімді бұрдым. Тек Сенің көмегің арқылы күрестім. Тек Сенің үкіміңе бас идім. Сен менің өткен әрі болашақтағы күнәларымды кешір. (Келешекте маған күнә жасатпа, күнәға баратын жолдарды жауып таста). Ашық әрі жасырын істегендерімді ғафу ет. Бұдан басқа Сен менен де жақсы білетін күнәларымды да кешір. (Өйткені, мен жүрегімдегіні ғана біліп ой түкпірлеріндегіні біле алмауым да мүмкін, Сен соларды да кешір). Алға шығарған да, артта қалдырған да Сенсің. Сенен өзге Құдай жоқ. Күш пен құдірет Аллаһта ғана»[13].

«Хақ» дегенде, ең алғаш ойға Аллаһ тағала оралады. Пайғамбарымыз Хақ болған Аллаһтан келген барлық нәрсенің хақ екендігін осы дұғада кеңінен қамтыған.

Жатардан бұрын Хақ тағалаға мойынсұнғандығын білдірді. Ұйқыдан тұрысымен, дереу тағы да мойынсұнғандығын айтып, иманын жария етті. Күнделікті жаңа өмірді осындай иманмен, терең мойынсұнушылықпен бастайды. Осы дұғасын «Ләә хаулә уә ләә қуәтә иллә билләһ» деп бітіреді. Өйткені, адам Хақ тағаланың құдіретіне арқа сүйемесе, арқалаған жүгін көтере алмайды. Иман, тәуекел, мойынсұнушылық қашан да Аллаһ тағаланың қалауымен іске асады. Ол тілемей,

көмектеспей, қандай пенде Оны танып, Оған жете алады дейсіз? Ендеше әр пенде өз деңгейінде Аллаһ тағаланың құдіретіне сыйынуға мәжбүр.

Пайғамбарымыз осы дұғаларды оқыған соң намазға тұрады, бұл кезде түннің қара шәлісі оның көз жастарымен жуылып жататын.

Ол әсіресе жеке нәпіл намаздарында көп дұға етіп, намазды ұзағырақ оқитын[14]. Намазға тұрғанда, «Фатихадан» кейін мына дұғаны міндетті түрде жасайтын, бұл дұғадан кейін қосымша басқа дұғалар да оқитын: «Аллаһым, Сенің берген нәсібіңе ешкім кедергі бола алмайды. Сенің кедергі болған нәрсеңді де ешкім бере алмайды. Сенің берген үкіміңді кері қайтарушы да, өзгертуші де жоқ. Саған қарсы ешқандай бедел иесіне беделі пайда бере алмайды»[15].

Кейде осы дұғаға қосымша мынаны оқитын: «Аллаһым, мені мен күнәларымның арасын шығыс пен батыстың арасын бөлгеніндей бөле гөр».

«Аллаһым, ақ киімді кірден тазартқанындай Сен де мені күнәлардан тазарта гөр»[16].

Осыдан кейін «Субханәкәні» оқып, пәктеуден кейін «Фатихаға» өтетін. Бұдан басқа да Аллаһ елшісінің түнгі намазда оқыған көптеген дұғалары бар. Бірақ, бұл жерде біз оқырмандар назарын тағы да сол дұға жинақтарына аударғанды жөн санаймыз.

### **Таңғы дұға**

Ол таң рауандап атқанда, мына дұғаларды оқитын: «Аллаһым, мен мынаны растап таң атырдым: Сені, «аршыңның» көтерушілерін, періштелеріңді және күллі жаратылысты куә етемін: Аллаһ тағаладан өзге тәңір жоқ, Мұхаммед (aleyhissalam) – Сенің құлың әрі елшің»[17].

Куә қылып, оларға айтқызамын. Ағаштардың шуылын, жапырақтардың сыбдырын, сулардың сыңғыры мен сарқырауын өз куәлігіммен қосып, сахнадан шыққан әуендей әлемді күркіретіп, осыларды Саған ұсынамын.

Пайғамбарымыздың осы ұсынысы өзінің деңгейі мен хақпен қатысты өлшемінде жатыр. Пайғамбарымыз күллі болмысты, әсіресе, Аллаһ тағалаға ең жақын періштелер мен болмысты күзеткен көк тұрғындарын өзіне куәлік еткен. Хақ тағалаға ұсынар ұлық-мадағына солардың да демін қосып ұсынатын.

Аллаһ елшісінің таңғы дұғаларының арасында мына дұға да бар: «Ей, көктер мен жерді жаратқан, ғайып пен көзге көрінетін әлемді білген, құдірет пен жомарттық иесі – Аллаһым. Саған осы дүниеде беріктігімді жария етіп, Сені осыған куәлік етемін. Сен куәгер болуға жетіп асасың»[18].

Осы дұғаның «Фатыр» деп аталуының маңызы ерекше. Өйткені, сол сөзге мағыналас: «әл-жабил, әл-халиқ, әл-бари» тәрізді сөздер де бар. Ал дұғаның «Фатыр» деген атауынан мынадай мағынаны таратып айтуға болады: «Көктер мен жерді жаратылысына сай жаратып, оларды жаратылыс заңдарына лайық қылған Сенсің. Осы жаратылыс заңдылықтары арасында медицина, физика, химия, астрофизика және астрономияның өзіне лайық заңы бар. Бейне бір осы заңдар әр таңда жаңаланып, болмысқа ашылғандай. Осылар мен осы заңдылықтарды берген Сенсің!».

### **Ақшамда**

Таң рауандап атқанда, осы және осыған ұқсас жүздеген дұғаларды оқыған. Ал күн батып, айналаны қараңғылық басқанда, мына дұғаны оқиды. Оның осы дұғалары күн мен түннің шырағы тәрізді. Пайғамбарымыздың түні де, күндізі де әрдайым жап-жарық. Дұғалар оның түн көгінде ілінген нұрлы шырақтай. Ол осы шырақтарды жағуды ешқашан ұмытпаған: «Аллаһым, Сенен басқа тәңір, серік болмағынына, Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) Сенің құлың әрі елшің екендігіне, Сенің «аршыңның» көтерушілерін, періштелерінді және барлық жаратылысты куә қылып, күн батырдым»[19].

Хақ пайғамбардың әрбір намазы «Арышқа» көтерілген нұрлы саты тәрізді. Оның баспалдақтары да дұғадан жасалған. Намазға әзірлік үстіндегі көңіл-күй нұрының да намаз ішіндегі нұрмен тығыз қатынасы бар. Ол әжетханаға кірерде, дұға оқып кіріп, шығарда тағы дұға оқып шыққан. Дәрет аларда бір дұғасы болса, шайынып жатқанда басқа дұғаларды оқитын. Дәретті бітіргенде басқаша дұға ететін. Азаннан кейін оқитын дұғасы және бар. Намазға бастар алдында да басқа дұға, мешітке бара жатқанда, кірерде, мешіттен шығарда, әрдайым оқитын арнайы дұғалары болды.

Намазға тұрғанда, дереу «ифтитах» (бастау) тәкбірінен кейін дұға оқыған. Рүкуғында, сәждесінде, тік тұрғанда, екі сәжде арасында отырғанда, сәлем бергенде, жеке-жеке дұғалар оқыған. Аллаһ Пайғамбары қолынан келгенінше осы қасиетті дұғаларының арасын бір сәт сиретпейтін ...

## Намаз ішінде

Ифтитах тәкбірінен кейін:

«Мен жүзімді жер мен көктерді жаратқан Жаратушыға, Одан өзге барлық нәрседен теріс бұрылып, Оған ғана мойынсұндым. Мен әсте мүшріктерден емеспін. Сөзсіз, менің намазым, құлшылықтарым, өмірім, өлімім әрқашан әлемдердің Жаратушысы болған Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ. Мен осыны орындауға бұйрық алдым. Мен мұсылмандарданмын. Аллаһым, Сен Жаратушысың. Сенен өзге тәңір жоқ. Сен – менің Раббымсың. Мен – Сенің құлыңмын. Мен өзіме қиянат жасадым. Күнәларымды мойындаймын. Сен менің барлық күнәларымды кешір. Сенен басқа күнәні кешіруші жоқ»[20].

Рүкуғта оқылған дұғалардың бірі: «Аллаһым, Саған рүкуғ еттім, Саған сендім, Саған мойынсұндым. Құлағым, көзім, жұлындарым, сүйектерім, жүйке жүйелерім, аяқтарым, арқалаған барлық нәрсем әлемдердің Раббы Аллаһ тағалаға бас иіп, бағынған»[21].

Рүкуғтан тұрғанда:

«Аллаһым, хамд-мадақ Саған тән. Саған көктер мен жер және екеуінің арасын толтыратындай хамд болсын. Бұдан кейін де жарататын барлық нәрседей Саған хамд-мадақ болсын»[22].

Сәждеде:

«Аллаһым, Сен үшін сәжде еттім. Саған сеніп, Саған мойынсұндым. Өзін жаратқанға, келбет берген, құлақ пен көзімді жарып шығарғанға жүзім сәжде етті. Хақ тағала аса ұлы. Аллаһым, менің күнәларымның бәрін: кішісін де, үлкенін де, алғашын да, ақырғысын да, құпиясын да, жариясын да түгелдей кешір»[23]

Адам баласы құлшылықтан басқа кездерде не істейді? Ас ішеді, жатады, тұрады, күледі, жылайды, қуанады, мұнаяды. Үйленіп, бала-шағалы болады. Жаңа киім киеді. Жолға шығып, сапардан оралады. Бір-бірлерінен жақсы, яки, жаман хабар алады. Жақсы көретін досымен кездеседі. Науқастанып, дертінен айығады. Ұйықтайды. Ұйықтап жатып қуанышқа толы яки қорқынышты түс көреді. Басқа да көптеген істер жасайды. Мың түрлі жағдайды басынан өткізіп, мың түрлі құбылады. Аллаһ елшісі осы жағдайлардың бәріне қатысты дұға оқып, ғұмырын нұрға бөлеген.

Бұдан басқа адамның еркінен тыс болып жатқан құбылыстар да бар. Олар бұған сырттай қатысты. Мысалы, қуаңшылық, өрт, сел, дауыл тәрізді апаттар. Тікелей адамға зияны болмаса да, сырттай ең құрығанда салқыны тиеді. Міне, Пайғамбарымыздың осыған қатысты дұғалары да бар. Бұл дұғалар қоғамды, бір



жағынан, біріктірсе, екінші жағынан, олардың Раббыларына бет бұруына себепші болады.

Сондай-ақ, «Әһлі-Бәйт» арқылы келгендіктен суннит имамдары көп назар салмаған дұғалар бар. Әйтсе де осы дұғаларды барлық тақуалар жадыларынан шығармай, оқып келген. Бұл дұғалардың есімі – жәушән. Жәушәнға қараған адам Хақ пайғамбардың дұғадағы тереңдігін айқын көре алады.

Сөз басында айтқандай, Аллаһ елшісінің дұғаларын жеткізу мақсатымен осы тақырыпты қозғаған болатынбыз. Түпкі межеміз: дұғаның өзінде де оның теңдесі жоқ екендігін және өмірінің әр сәтін дұғамен өткізгендігін көрсету еді. Әлбетте, сол дұғалардың бәріне қарамай осы нәтижеге айқын жету мүмкін емес. Бірақ, ой салу үшін сол дұғалардың бірқатарын ұсынуға тырыстық. Біздің талпынысымыз су қайнарына дәлел боларлық жылғаны көрсету ғана.

Біз барлық парасаттылықта оның теңдесі жоқтығын растап, иман келтіреміз. Ол – барлық ұлы ерекшеліктердің ең шыңына шыққан жан. Біз де осы еңбегіміздің басынан аяғына дейін осы иманымызды дәлелдеуге тырыстық. Кемшілік кетсе, әрине, бізден кеткені. Хақ елші кемшіліктерден ада һәм кіршікіз таза. Өйткені, ол – Хақ сүйіктісі хазірет Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм).

Ғұмырының әр сәтін Жаратушыға бет бұру арқылы нұрландырған осы кісінің өмірінде қараңғылықтың бір сәтінің болуы мүмкін емес. Оның өмірі түгелдей дұға мен бата. Шыр етіп дүниеге келісімен, «үмбетім, үмбетім» деген. Күн ертең ғарасат майданында да солай демек[24]. Иә, оның бүкіл қайғысы «үмбеті» болды.

[1] Әбу Нуайым, Хилия, 7/90. Бухари, Фәдәилус-Сахаба, 9; Даауат, 11; Муслим, Зикр, 80.

[2] Дарими, Фәдәилул-Куран, 14.

[3] Тирмизи, Фәдәилул-Куран, 2; Дарими, сол жер.

[4] Мәжмәуз-Зәуәид, 7/97; Ибн Хәжәр, Мәталиб, 3/361.

[5] Тирмизи, Фәдәилул-Куран, 8; Ибн Хәжәр, Мәталиб, 3/358.

[6] Тирмизи, Фәдәилул-Куран, 8; Даауат, 22.

[7] Әбу Дәууд, Әдәб, 108; Тирмизи, Даауат, 22.

[8] Тирмизи, Даауат, 21-22.

[9] Бухари, Фәдәилус-Сахаба, 9; Даауат, 11; Муслим, Зикр, 80.

[10] Бухари, Даауат, 6-7; Тирмизи, Даауат, 16.

[11] Әбу Дәууд, Әдәб, Нәсәи, Сиям, 70; 98; Муснәд, 1/400, 414.

[12] Бухари, Тәһәжжуд, 1; Тәухид, 8, 35; Муснәд, 1/358.

[13] Сол жерлер.

[14] Бухари, Тәһәжжуд, 16; Муслим, Мусафирин, 125, 203-204.

[15] Бухари, Даауат, 18; Муслим, Салат, 94; Тирмизи, Салат, 108.

[16] Бухари, Әзән, 89; Даауат, 39; Муслим, Мәжәсид, 147.

[17] Әбу Дәууд, Әдәп, 101; Тирмизи, Даауат, 79.

[18] Муснәд, 1/412.

[19] Әбу Дәууд, Әдәб, 101.

[20] Муслим, Мусафирин, 201; Тирмизи, Даауат, 32.

[21] Муслим, Мусафирин, 201; Әбу Дәууд, Салат, 119.

[22] Муслим, Салат, 202-203; Мусафирин, 201; Тирмизи, Даауат, 32.

[23] Муслим, Мусафирин, 201; Салат, 216; Әбу Дәууд, Салат, 119; Тирмизи, Даауат, 33.

[24] Бухари, Тәухид, 36; Фитән, 1; Муслим, Иман, 326, 327.

## Қорытынды орнына

Хақ пайғамбар жайында жазылған кітаптар оның барлық ерекшеліктерін баян етеді. Ол – түр мен сипат жағынан қандай ғажайып адам болса, рух пен мінез-құлық жағынан да дәл сондай ғажайып жан.

Айша анамыздан (р.анһа) бізге жеткен бір сөз Аллаһ елшісін былай бейнелейді: «Аллаһ елшісі – қолы тым ашық, жомарттық жағынан адамдардың ең жомарты. Биязылық пен әдептілігінің кең болуы жағынан адамдардың ең зор кеуделісі. Әлемдей ауыр жүктерді арқалап, «үф» демей көтерген. Ойға келмейтін орасан зор істерді қиналмақ тұрмақ қабағын бір шытпай көтеріп, әр түрлі жапа мен зардапқа, азап пен надандыққа адамдықпен жауап қайтарған. Ол – сөйлесу жағынан адамдардың ең турасы». (Яғни, сөзі ең тура болғаны. Өзіл айтқан күннің өзінде сөзінің қырықтан бірі де жалған болмайтын. Түсінде де аузынан жалған шықпаған. Тура сөйлеп, тура жүріп, тура ойлап, адамзатты туралыққа шақырған). Пайғамбарымызға қатысты осы тақырыпты аяқтауды көңіл қимайды.

Бейне бір ол жайлы айтқанда, онымен бірге болып, бір ғұмыр кешкендей күйге түсесің. Енді міне, айрылысу сәті неткен ауыр. Бірақ қолдан келер не шара? Ақырын жылжып сөз соңына да келіп жеттік. Қорытындылауға тура келіп тұр. Сөзімнің ақыры жақсы болып, хош иісі аңқысын деп, бір Сөз Сұлтанының мына нұр мен мағына толған сөздерімен тәмәмдағым келеді: «Иә, сол дәлелдің рухани тұлғасына қара: «Жер беті – мешіт, Мекке – михраб, Мәдина – мінбер. Сол бір Раббысын айқын көрсетіп, Раббысына дәлел болған Пайғамбарымыз алейһиссәләм – барлық имандыларға имам, күллі адамзатқа – насихатшы, барша пайғамбарларға – басшы, жалпы әулиелердің мырзасы һәм пайғамбарлар мен әулиелердің жиналған зікір алқасының ұстазы.

Ол – нұрға тұнған таңғажайып ағаш. Пайғамбарлар – сол ағаштың нұр шашып, абылхаят ұсынған тамырлары, әулиелер болса, жаңа піскен жемістері. Әрбір дін-дағуасын пайғамбарлар мен әулиелер мұғжизалары мен кереметтері арқылы растап, мөр басуда. Өйткені, Ол «Ләә илаһә иллаллаһ» деп жар салғанда, барлық өткен мен болашақтағы күллі нұрлы жандар «тура сөйлеп, ақиқатты айттың» деуде. Ешбір пенде есепсіз мөр арқылы расталған осы дін-дағуасын жоққа шығара алмайды.

Ол сондай-ақ, Тәурат пен Інжілде жазылған жүздеген белгі және пайғамбарлықтан бұрын болған жүздеген сүйінші, сәуегейлердің куәліктері мен мыңдаған мұғжизалар арқылы қуатталуда. Сонымен қатар, әкелген дінінің ақиқаты да оны қуаттаған өзгеше бір дәлел. Сондай-ақ, көркем мінезі, жүріс-

тұрысы, тақуалығы, ғажайып құлшылығы, салмақтылығы мен төзімділігі діндағуасына шексіз берік екендігін күн сияқты айқын көрсетуде.

Көңілің қаласа, жүр, «Алтын ғасырдағы» Араб түбегіне барайық. Қиял арқылы болса да, оған барып сәлем берейік. Міне, қара: салмақты да ардақты, өмірі тұп-тура таңдаулы бір кісіні көріп тұрмыз. Қолында мұғжизалар көрсеткен бір кітап бар. Сол кітаптағы ақиқаттарды ғажайып сөздерімен түсіндіріп, күллі адамзатқа тіпті жын мен періштелерге жар салуда. Ғаламның жаратылыс сырларын паш етіп, адамзаттың ең күрделі «Кімсің?», «Қайдан келесің?», «Қайда барасың?» деген сауалдарына қанағаттандыратын жауап беруде...

Мінекей, назар сал: «Ана жердегі қараңғы қауымды барлық жаман қасиеттерінен арылтып, орнына адамгершілік мінез дарытып, мәдениеті биік елдерге, тіпті күллі әлемге оларды өнегелі ұстаз етті. Ол сананы ғана емес, сондай-ақ рух, жүрек, нәпсіні де тазартып қара қылды қақ жарды. Өзі ақырында жүректердің сүйіктісі, ақылдардың ұстазы, нәпсілердің тәрбиешісі һәм рухтардың сұлтаны болды!».

Уа, жанымыздың Сұлтаны! Сен рухтарымызға сұлтан болдың, рухтарымыз да Саған құрбан болсын! Шарапат етіп, қабыл ал»...

Оның бар болмысы боямасыз, табиғи. Жанында отырсаңыз, ешқандай жайсыздық сезбейсіз. Ең жақын досыңызбен отырғандай, көңіліңізді жай таптырады. Оның табиғаты мен рухы сондай – ешқандай адам оның дәрежесіндей дәрежеге жете алмайды. Ол секілді жүріп, ол сықылды ойлай алмайды. Яғни, ешқашан ол сияқты бола алмайды. Ол өзін әрқашан кішік көріп, көпшілікпен бірге отырған кездері олармен бірдей болып, төмен түсіп, жанындағыларға ешқашан арадағы көк пенен жердей айырмашылықты сездіріп, көңілін жайсыз етпейтін[1]. Бір жерде өзіне ілесе алмаған адам көрсе, онда ол ең әлсіз жанның жүрісіне салатын. Негізінде, осылай болуын әмір еткен өзі болатын. Хақ пайғамбар өмірінде осы ұстанымды қатаң ұстанып, бағытынан еш айнымаған.

Нәсіл жағынан да адамдардың ең тектісі еді. Оны таныған жанның бәрінің жүрегі оған деген сүйіспеншілікке толы болатын. Әсіресе, жанындағылар Пайғамбарымызды бәрінен де артық көріп, ардақтайтын. Әбу Бәкір (р.а.) ақырғы Елшіге ең жақын болып, өзгелерден әлдеқайда қатты жақсы көретін.

Адамзат тарихында дәл осындай шексіз сүйіспеншілікке бөленген жан болған емес. Болуы да мүмкін емес. Барша сенген халық шын жүректен төмендегі сөздерді ұдайы қайталауда. Әлбетте, бұдан соң да қияметке дейін дамылсыз қайталай бермек:

«Көңілдер жадырайды неге Сен деп?

Көркің де жарқырайды неге Күн боп?»

Иә, солай. Өйткені ол – Әлемдердің Раббысының ең сүйіктісі.

[1] Тирмизи, Шәмәил, 276-278;Тирмизи, Мәнәкиб, 8; Ибн Сад, Табакул Кубра, 1/121.